

Жарасбай  
СҮЛЕЙМЕНОВ



ШЫННЫҢ ЖҮЗІ

Жарасбай СҮЛЕЙМЕНОВ

# ШЫННЫҢ ЖҮЗІ

Күрмейші Әбеке!  
Еңбегіңіз жаңа берсін.  
Барой-бегеліңіз ардабыш  
бәлік болсын.  
Отбасыңызда ақсаулық-  
саулық, қызық-қуаныш  
тілеймін.  
Ізгі ниетпен,  
Жарасбай -

Алматы, 2012

1.11.13 т.  
Астана.

УДК 070  
ББК 76.01  
С 90

**Сүлейменов Жарасбай.**

**С 90 Шынның жүзі** – Алматы: “Асыл кітап” Баспа үйі. 2012 – 504 бет.

ISBN 978-601-7367-27-5


Журналист – жазушы Жарасбай Сүлейменовтің бұл кітабына төртінші сайланған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты болған кезде жазған мақалалары мен түрлі басылымдардың тілшілеріне берген сұхбаттары, Үкіметке жолдаған депутаттық сауалдары, алқалы жиындарда сөйлеген сөздері топтастырылған. Зейінді оқырманның қозғайтын мәселесі, көтеретін жүгі әртүрлі осы дүниелерге зер сала отырып, азаматтың келбетін, болмыс – бітімін, өмірлік ұстанымын аңғарары анық.

51179

УДК 070  
ББК 76.01

ISBN 978-601-7367-27-5

© Жарасбай Сүлейменов, 2012  
© “Асыл кітап” Баспа үйі, 2012



*Ет жүрексіз еріннің айтпа сөзін,  
Тіл үйренген нәпсінің қу мінезін.  
Тілде сүйек, ерінде жиек бар ма,  
Шымылдық боп көрсетпес шынның жүзін.*  
**Абай.**

## АЛҒЫСӨЗ

Дәм жазып, Мәжілістің депутаты болып сайланғаным, тәуелсіз қазақ елінің ең жоғарғы заң шығарушы органы – Парламентке келгеніме де бес жылдың жүзі болып қалыпты. Бес жыл бес күндей тез өте шықты дей алмаймын. Бұл кезеңнің де менің өміріме салған өрнегі аз емес. Өрісім кеңейді, көптеген жақсы адамдармен танысып, табыстым. Дос таптым... Біреуден ілгері, біреуден кейін дегендей, мұнда да қарбалас өмір кештім. Бір сөзбен айтқанда, бес жылда тағы бір үлкен өмір мектебінен өттім, біраз жайды бастан кешіп, көп нәрсені көңіліме түйдім.

Шынымды айтсам, сенім салмағы, жауапкершілік жүгі жеңіл болған жоқ. Өмір бойы жиған-терген тәжірибеге арқа сүйей жүріп, намысты қамшылауға тура келді. Сөйтіп, қатарымнан қалмай, біраз іс тындырдым деп ойлаймын. Бірнеше, атап айтқанда, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бұқаралық ақпарат құралдары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы», «Босқындар туралы», «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне босқындар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы», «Халықтың көші-қоны туралы», «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне халықтың көші-қоны мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» сияқты аса күрделі заңдардың жобалары бойынша құрылған жұмыс топтарына жетекшілік еттім, көптеген заңдардың жобаларын талқылауға жұмыс тобының мүшесі ретінде қатыстым. Депутаттар тобы құрамында «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» заң жобасына бастамашы болдым. Ел үшін, халық үшін маңызды деген мәселелерді депутаттық сауал ретінде көтеріп отырдым. Әйтеуір, жұмыстан бой тасалап, қарап отырған жоқпын. Қазір оның бәрін жіпке тізгендей айтып жатпаймын. Өйткені, назарларыңызға ұсынылып отырған осы кітапты оқыған адам оған өзі де көз жеткізеді.



Әу баста, менде осындай кітап шығарамын деген ой болған жоқ еді. Ежелгі әдетіммен ойымды да, қолымды да суытқым келмеді, қаламымды тастай алмадым, өзімнің журналист екенімді ұмытпауға тырыстым. Осылай негізгі қызметімді қаламгерлікпен ұштастырып, қолым қалт еткен сәттерде айналамда болып жатқан оқиғаларға, құбылыстарға үн қосуға, баға беруге талпындым. Өмір тәжірибемнен жақсы білемін, бабында болғың келсе, жаза беруің, жаза беруің керек. Әйтпесе, қарайып қалуың қиын емес. Кітапта жеңіл жазылған, бір сәттік ой ұшқынынан туған дүниелер де, кәдімгідей ізденіс пен қиналыс қылаң беретін шығармалар да бар. Бір сөзбен айтқанда, мұнда менің ойларым мен толғаныстарым, сырларым тоғысқан. Осылардың бәрін далаға тастай алмадым.

Кітапқа өзім жазған мақалалармен бірге, еліміздің түкпір-түкпірінде, түрлі басылымдарда еңбек етіп жүрген әріптестеріме берген сұхбаттардың да біразын енгізуді жөн көрдім. Сол сияқты, депутат ретінде жасаған сауалдарым да осында.

Бала емеспіз, біраз жайды бастан өткердік қой, «депутатпын» деп кеудемді керіп, ешкімді ренжіткен жоқпын, қайта кішірейіп жүрдім, кішіпейіл болуға тырыстым. Соның бәрін өзім араласқан адамдар, ел біледі.

Ол «құдайдың ұлы емес» деп, шалқайғанға шалқайған кездерім де болды. Әсіресе, Қызылжар мәселесін көтергеннен кейін жауларым көбейді. Астымдағы орынтағым шайқалып кетеді деді ме екен, жергілікті билік басындағыларға жақпай қалдым. Қорқытты, үркітті... Жасыған жоқпын. Қайта, баяғы мінезіме басып, ұлт мүддесіне қатысты мәселелерді көтеруді тіпті үдете түстім.

Не істесем де, атымды шығарайын, біреулерге жақсы көрінейін деген ой болған жоқ, жүрегіме жүгіндім, халқыма, еліме титтей де болса пайдам тиер ме екен деген мақсаттың жетегінде жүрдім. Ештеңеге өкінбеймін. Өмір – күрес екенін баяғыда-ақ түсінгенмін, содан бері күресіп келемін. Алла қуат берсе, күресе беремін!!!

Әзірше айтарым осы, жүрегімді өзіңе жайып салдым, қалғанына өзің төреші бол, қадірлі оқырман!

*Автор.*

*7 қазан 2011 жыл*

*Астана қаласы.*

Бірінші бөлім  
**МАҚАЛАЛАР**

## АУЫЛДАН КӨШПЕ, АҒАЙЫН!

Егер жағдай барлық жерде бірдей, халық қайда болмасын, қолын жылы суға малып отыр десек қателесер едік. Әлі де болса, әсіресе, ауылдық жерлерде шешілмеген проблемалар аз емес. Сол қиындықтарға шыдай алмағандар қалаға қарай үдере көшіп жатыр. Осының түбі неге әкеліп соқтыратынын ойлап, бас қатырып жатқандар шамалы ма деймін. Біреулер “Көш көлікті болсын!” деп ұзақ жылдар бір жердің суын ішіп, нанын жеген ауылдасын қол бұлғап, шығарып салып жатса, мұны қалыпты жағдай, “урбанизация”, нарыққа көшпелі кезеңге тән құбылыс деп бағалаушылар да бар. Мүмкін, солай да шығар?!

Бірақ, осыдан бірінші кезекте қазақ ауылдарының, өзіміздің бауырларымыздың зардап шегіп отырғаны баршамызды ойландыруға тиіс. Бұл үдерісті тоқтату керек. Оны жоғарыдан ешкім күшпен шешпейді, халықтың өзі ойланғаны, қалыптасып отырған жағдайды дұрыс бағалағаны жөн. Неге десеңіз, ауылдағы үйлерін сата алса сатып, сата алмаса тастап кетіп жатқан үлкен-кішінің бәрі бірдей қаладан лайықты орнын тауып жатқан жоқ. Оған көптеген мысалдар келтіруге болады. Өзім білетін бірнеше отбасы төрт-бес жылдан бері қалада пәтер жалдап тұрып жатыр. Осы уақыт ішінде олардың алды алты пәтер ауыстырды. Өйткені, жастары ұлғайғанмен әлі зейнеткерлікке шықпаған олардың тұрақты табыс көздері жоқ. Тиіп-қашып жұмыс істеген болады, одан түскен пайда тамақ пен киім-кешектен артылмайды. Ал, пәтер иелері түрлі желеулермен пәтерақының көлемін ұлғайта береді. Міне, осындай жағдайда бір пәтерден бір пәтерге көшпегенде не істейді. Мұндай тұрмыстың тағы бір келеңсіздігі – өмір бойы жиған-тергеннен айырылып қалу қаупі бар. Бұл да қазаққа оңай соққы емес қой.

Жастарға келсек, қалада олардың да шекелері шылқып жүрген жоқ. Өйткені, тиісті білімі жоқ, кәсіби даярлығы төмен, кешегі тракторшы, малшыға, болмаса мектепті әуірімдеп жүріп әзер бітірген, әлі оңы мен солын танып үлгермеген ауыл баласына қаладан жұмыс

оңайлықпен табыла қоя ма? Мұнда қос-қос дипломымен жұмыс таба алмай жүргендер де жоқ емес.

Әдетте, осындай жағдайға тап болғандарды әңгімеге тарта қалсаң, “ауылда жұмыс жоқ” дегенді көлденең тартады. Бұған жағдайды білмесең, бас шұлғыр едім, тап қазір келісе алмаймын. Ауылда жұмыс жетерлік. Ниет болса үлкен де, кіші де екі қолға бір жұмыс табады. Шал ақын ауданында мынадай бір қызық жайға тап болдым. Аралары он бес шақырымнан аспайтын қатар қонған екі ауылдың біреуінде тұрғындардың малын бағатын адам табылмапты. Содан не істеу керек? Үлкендер жағы ақылдаса келіп малшыны көрші ауылдан шақырыпты. Қазір қай ауылда болмасын көбірек мал ұстауға мүмкіндік бар, жайылым, шабындық кеңейген, бұрынғыдай ауыл іргесіне дейін жыртып, егін салып жатқан ешкім жоқ. Мая-мая шөп үйіп, малмен біраз мәселесін шешіп отырғандар, қай ауылда болмасын, бар. Осы өнімді дайындаумен кім айналысады? Өкінішке қарай, біз сөз етіп отырған ауылда бұл іске де бір адам білек сыбанып шыға қоймапты, үш жылдан бері көрші ауылдың жігіті ет, сүт, басқа да мал өнімдерін қалаға тасымалдап, отбасын асырап жүрген көрінеді. Ұят-ай! Намыс қайда?!

Тұрғындардың қатары сиреген, жастары бас сауғалап қала жаққа кеткен ауылдардағы мектептердің жағдайы тіпті аянышты. Орта мектептер негізгі мектепке, негізгі мектептер бастауышқа айнала бастаған мысалдар жетерлік. Ал бастауыш мектептер жабылып қалуда. Бұл – негізінен қазақ ауылдарына төнген қауіп. Осы арада баршаны ойландыруға тиіс бір мәселе, ол – туған тіліміздің тағдырына қатысты жайлар. Егер алтын бесігіміз деп жүрген ауылымызды сақтай алмасақ, ондағы мектептердің бірі қысқарып, бірі жабылып жатса, туған тілдің дамуы қалай жеделдемек? Бұл – бір. Екінші жағы – демографиялық маңызы бар, бұл – халқымыздың өсуіне кері әсер ететін үрдіс. Олай дейтінім, әлі қала мен ауыл тұрмысы арасындағы айырмашылық жойыла қойған жоқ. Әсіресе, қазіргідей өмірдің сапасы ғана емес, бағасы да өсіп отырған жағдайда ағайындарымызға әлі сарқылмаған ауылдың мүмкіндіктерін барынша ұтымды пайдаланып, тазы заманды түлкі болып шалу артық болмас еді.

Рас, кезінде қиындықтар болды. Бірақ сол қиындықтарды көшіп-конбай-ақ жеңгендер аз ба. Осыны бір сәт ой таразысына неге сал-

. Ауылда жүріп егін егудің, мал өсірудің орнына қалаға барып, окзал жағалап жүрген жастарға кім жөн сілтеп, жол көрсетеді. йбір ата-аналар сияқты “барсын, көрсін, жұрттың бәрі кетіп ой”, деп бас шұлғып отыра береміз бе?

*«Егемен Қазақстан» газеті,  
10 қараша 2007 жыл.*

## **СӨЗГЕ КЕЛГЕНДЕ КӨСІЛІП, ІСТЕ КІБІРТІКТЕЙ БЕРЕМІЗ**

Тіл мәселесі Мәжіліс қабырғасында аз көтеріліп жүрген жоқ. Осындайда бәріміз Елбасын алға ұстаймыз, ол кісінің айтқан сөздеріне арқа сүйейміз. «Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін», «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде», «Біз барша қазақстандықтарды біріктірудің басты факторларының бірі – еліміздің мемлекеттік тілін, қазақтардың ана тілін одан әрі дамытуға күш-жігер жұмсауымыз керек» деген сияқты талай тамаша тұжырымдарды топқа тастаған Нұрсұлтан Әбішұлы биылғы халыққа Жолдауында да мемлекеттік тілді одан әрі дамыту мәселесін орап өткен жоқ. Осылайша, Елбасы бізді нақты іске жұмылуға шақырды. Олай болса, бүгінгі таңда бізді қол жеткенді қалай баянды етеміз деген сауал көбірек мазалауға тиіс.

Тәуелсіздік жылдары қоғамның мемлекеттік тілге деген көзқарасы түбегейлі өзгерді, оны дамытудың белгілі бір жүйесі қалыптасты. Қазір тіл мәселесінде қолымызды байлап-матап отырған заң, сол сияқты қазақ мектебін ашпаңдар, сапалы қазақ тілі оқулықтары мен әдістемелік құралдарын шығармандар, балабақшаларда сабилерге ұлттық тәрбие бермендер, қазақ тілін оқытпаңдар, осы мақсатқа бұқаралық ақпарат құралдарын пайдаланбаңдар деп отырған ешкім жоқ. Нәтижесінде тәуелсіздік жылдары тұтастай еліміз сияқты, қазақтың тілі де жедел дамып, тұғыры биіктей түсті.

Десек те, Елбасының мемлекеттік тілге қатысты талаптарын жүзеге асыруға алаштың барлық азаматтары білек сыбана кіріссе, табыстарымыз бұдан да толымды болар еді-ау деген ой да көкіректе сайрап тұрғанын қалай жасырамыз. Өттеген-айы, барлық жерде бірдей осындай нысаналы жұмыстың жалауын желбірете алмай келеміз. Іс қағаздарын мемлекеттік тілге көшірудің жайына назар аударған адамның да осыған көз жеткізері анық. Президенттің 2006 жылғы 30 мамырдағы №127 Жарлығына сәйкес еліміздің барлық өңірлерінде іс жүргізуді, есептік-статистикалық, қаржылық және техникалық



құжаттаманы кезең-кезеңмен мемлекеттік тілде жүргізуге көшіру қолға алынып, жүзеге асырылуға тиіс болатын.

Сөйтіп, 2006 жылы Мәдениет және ақпарат министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Қарағанды облыстарының және Алматы қаласының жергілікті өкілді және атқарушы органдары; 2007 жылы республика Жоғарғы Соты, Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Орталық сайлау комиссиясы, Конституциялық Кеңес, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті, Әділет, Білім және ғылым, Денсаулық сақтау, Қоршаған ортаны қорғау, Энергетика және минералдық ресурстар, Индустрия және сауда, Ішкі істер, Экономика және бюджеттік жоспарлау, Туризм және спорт министрліктері, Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (Қаржы полициясы), Мемлекеттік қызмет істері, Қаржы рыногын және қаржы ұйымдарының жұмысын реттеу мен қадағалау, Жер ресурстарын басқару, Табиғи монополияларды реттеу агенттіктері, Алматы, Павлодар облыстарының және Астана қаласының жергілікті өкілді және атқарушы органдары іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізуге көшті... Қағаз жүзінде. Іс жүзінде осылай болып жатса, қол соғып қуанарлық-ақ жағдай. Мәселе, міне, осында болып отыр. Қағаз жүзінде бәрін тастай қылып қатырып тастағандар іске келгенде тасбақа жүрістен танар емес. Оған мысалдар жетерлік. Мемлекет басшысының Жарлығын 2006 жылы жүзеге асыруға тиіс Ауыл шаруашылығы министрлігі әлі күнге 25 пайыздық көрсеткішпен шектеліп отыр. Ал Алматы қаласындағы мемлекеттік тілдегі құжат айналымы 30-ақ пайыз. Сол сияқты, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Қарағанды облыстарының да көмбеден қашан көрінері белгісіз.

Енді іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізуге 2007 жылы көшу-ге тиіс министрліктерге ойыссақ, олардың арасында да топ жарып жатқандар шамалы. Білім және ғылым министрлігі – 45, Индустрия және сауда министрлігі – 36, Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі 30 пайыздан аса алмай отыр. Ол-ол ма, Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі мен Қаржы рыногын және қаржы ұйымдарының жұмысын реттеу мен қадағалау агенттігі әлі екі ойлы сияқты. Алғашқысында қазақ тіліндегі құжаттар айналымы бар-жоғы 6 пайызды құраса, соңғысында 2, 34 пайыз ғана.

Жоғарыда айтылғандардан қандай ой түюге болады? Біздің елімізде мемлекеттік тілді дамытудың мүмкіндіктері аз емес, алғышарттар жасалған, құқықтық база бар. Бірақ, өзіміз сөзге келгенде көсіліп, істе кібіртіктей береміз. Бұл ретте, министрліктердің өзі басқаларға жол көрсете алмай, үлгі бола алмай отырғаны қынжыларлық жайт. Мені мына мәселе мазалайды: жағдай осылай жалғаса бере ме, бол-маса Елбасының Жарлығының орындалуын қамтамасыз ете алмай отырғандарға талап күшейе ме?

*«Егемен Қазақстан» газеті,  
26 сәуір 2008 жыл.*

## ЖҰМЫЛА КӨТЕРГЕН ЖҮК ЖЕҢІЛ

Мәжілістің регламентіне сәйкес депутаттар үш айда бір рет аймақтарға шығып, сайлаушылармен кездесіп тұрады. Осы үрдіс биыл да жалғасты. Ақпанның 18-і күні “Нұр Отан” халықтық-демократиялық партиясының Мәжілістегі фракциясы төрағасының орынбасары Р. Мұқашев, Мәжілістің Аграрлық комитетінің төрағасы Р. Мәдинов бастаған жеті депутат Солтүстік Қазақстан облысына атбасын тіреген едік. Әдеттегідей, бұл жолы да сапар облыстық филиал активімен, облыстық, қалалық мәслихаттардың депутаттарымен кездесуден басталуға тиіс еді, алайда, Мәжіліс депутаттары келді деп естіген қарттар қаптап кетті. Сұрақтар қарша борады. Ардагерлерді зейнетақыдан басқа да толғандыратын мәселелер аз емес екен. Бәрінің де Елбасының үстіміздегі жылғы 6 ақпанда Қазақстан халқына арнаған Жолдауымен ықылас қоя, мұқият танысқаны аңғарылады. Осындай жағдай ауылдарға барғанда да анық байқалды.

– Биыл да Президентіміздің Жолдауын халыққа жеткізіп, түсіндіруге айрықша маңыз беріп отырмыз. Бұл ретте бұқаралық ақпарат құралдары, арнайы құрылған насихаттық топтар көп жұмыстар тындыруда, – деді Мағжан Жұмабаев ауданының әкімі Ержан Айнабеков.

– Елбасы өзінің биылғы Жолдауында, – деп бастады өз сөзін есімі осы өңірге белгілі еңбек ардагері Оралбай Сағындықов, – сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті барынша күшейту қажеттігін атап көрсетті. Осы орайда алда тұрған міндеттерге тоқталсаңыз.

– Сыбайлас жемқорлық, жең ұшынан жалғасу тек біздің ғана маңдайымызға жазған кесел емес, бұл – дүние жүзінің барлық елдерінде дерлік кездесетін құбылыс. Әрине, деңгейі әр елде әртүрлі. Ел дамып, өркендеген сайын оның өрісі де тарыла түседі. Солай екен деп, қол қусырып қарап отыруға болмайды. Сыбайлас жемқорлықпен күресуіміз керек. Бұл орайда ескеретін бір жай, кінәлілерді тек қылмыстық қудалаумен, жазалаумен іс бітпейді. Қылмыстың, оның ішінде сыбайлас жемқорлықтың, тамырына балта шабу үшін алдын алу шараларын өрістету, қоғамның әрбір мүшесінің бойына оған төзгісіздік

ахуалын қалыптастыру керек. Егер әр қазақстандық “Осы іске менің қосар үлесім қандай?”, “Мен келеңсіздіктерге неге көз жұмып қарауға тиіспін?” деген сауалдардың жетегінде жүрсе, қай қылмыстың болсын беті қайтары анық, – деп жауап қайтардым.

Жалпы, біздің халқымызға не жетпейді дегенде менің ойыма бірден “белсенділік” деген сөз оралады. Өкінішке қарай, біз 16 жылдан бері масылдық пиғылдан, “анау жоқ, мынау жоқ” деп аузымызды қу шөппен сұртуден арыла алмай келеміз. Мағжан Жұмабаев ауданындағы Сарытомар ауылында осыған тағы бір көз жеткіздім.

- Автобустың жолақысының құны неге қымбат? – дейді бір қария.
- Ауыл тұрғындарының дені жұмыссыз жүр, – дейді екіншісі.

Автобустың жолақысын арзандату үшін алдымен бәсекелестікті өрістетуге керек екенін, осы ауылда да жеке меншік көлігі бар азаматтар аз емес, бұл мәселені алдымен солар ойластырулары қажеттігін ескеріп жатқандар шамалы. Көпшілігі, әйтеуір, ызыңдай берсек, талабымыздың біреуі болмаса біреуі орындалады деген алдамшы үміттің жетегінде жүр.

Ал жұмыссыздыққа келсек, ауыл тұрғындарының қатары біршама сиреп қалған бүгінгі таңда бәрі керісінше болуы, жер-жерде жұмыс қолы жетпей жатуы керек. Егер ауылдықтар нарықтың заңы басқа екенін түсініп, кәсіпкерлікпен айналысса, жаңа жұмыс орындарын ашса, жақсылықты өздері тұрып жатқан жерден іздесе, жағдай сөзсіз өзгерер еді. Бұл орайда сол ауылдың жерін пайдаланып, астығын “көк қағазға” сытырлатып сатып отырған инвесторлардың да бір сәт ойланғандары, Президент Н. Ә. Назарбаев өзінің халыққа Жолдауында атап көрсеткендей, жергілікті тұрғындарға қолұшын бергендері жөн болар еді. Оған, әрине, қалтасы қалыңдардың бәрі бірдей бара бермейді. Демек, тұрғындар инвесторлармен келісім жасағанда олардың пайдаларынан жергілікті тұрғындарға да үлес тиюін қамтамасыз ететін тетіктерді де қарастырулары керек.

Таңертең Шал ақын ауданын бетке алып Қызылжардан шыққанда күн ашық еді. Жергілікті қазақтар Көбеш деп атайтын Николаевка ауылына жетер-жетпесте жел күшейіп, аспан мен жер тұтасып кетті. Осылайша синоптиктер бірнеше күннен бері ескертіп жатқан боранға да іліктік. Бірліктің тұсындағы тар қылтаны қар алып қалыпты, әрлі-берлі өгу мүмкін емес. Әйтеуір, кешікпей жол тазалайтын техника да

жетті-ау! Шал ақын ауданының әкімі Айдарбек Сапаровты осы жерде кездестірдік.

– Бүгін үшінші күн бораннан көз аша алмай жатырмыз, – деді ол. – Ауру-сырқау бар деген сияқты... Елді мекендермен қатынастың үзілмеуін қадағалап отырмыз, барлық бағыттарға жауапты адамдар бекітілді, қажетті техника бөлінді. Егер жол мен ауыз су мәселесін дұрыс шеше алсақ, ешкім ешқайда көшпес еді. Біз қолдан келгеннің бәрін істеп жатырмыз. Бірақ, бәрі бір күнде болмайды ғой, әлі кезегін күтіп тұрған істер де аз емес.

Аудан басшысының сөз астарынан әлеуметтік әріптестікті дамыту қажеттігі аңғарылып-ақ тұр. Олай болса, кәсіпкерлердің құлағына алтын сырға.

Жағдай барлық жерде бірдей емес. Заманның өзгергенін әу баста-ақ көңілге түйіп, өз күшімен, өз ұмтылысымен етек-жеңін жинап алған ауылдар да бар. Солардың қатарында Ақжар ауданындағы Алқатерек ауылын да атауға болады. Облыс орталығынан 360 шақырымдай жерде орналасқан бұл ауылда осыдан бес жылдай бұрын болғаным бар еді. Сол кездің өзінде-ақ “бір жағадан бас, бір жеңнен қол” шығара іске жұмылған ауылдықтардың іс-қимылына риза болып, “Алға ұмтылған – Алқатерек” деп мақала жазғаным есімде. “Қазіргі жағдайлары қалай екен?” – деген оймен жердің шалғайлығына, ауа райының құбылып тұрғанына қарамастан, Алқатерекке тағы келдік.

– Өз күшіммен үй салып жатыр едім, бітпей қалды, соған несие алудың жолын таба алмай жүрмін, – деді алдыңғы қатарда отырған жасы елудің үстіне еркін шыққан ауыл тұрғыны.

– Осы ауылда жұмыс істегісі келетіндер көп, несие алып, мал өсірсек дейміз.

Осы сөздерден-ақ Алқатеректің көп ауылдардан көш ілгері келе жатқанын аңғару қиын емес еді. Расында да, солай болып шықты.

– Халқымыз “Жұмыла көтерген жүк жеңіл” дейді ғой, біз де одақ ыдырап, шаруашылықтар тоз-тоз болған кезде қолда бардан айырылып қалмауға тырысқан едік, қазір соның игілігін көріп отырмыз, тұрмысымыз жақсы, – деген ауылдық округ әкімі Қайыркеш Жұматаев. – Ауылда әлеуметтік мекемелер түгелдей жұмыс істеп тұр. Жол бар, ауыз су мәселесі толық шешілген.

Ауылдастарының айтуларына қарағанда, осындай игіліктерге

ауыл әкімінің өзі ұйытқы болып жүрген көрінеді. Мәдениет үйін де, кітапхананы да сақтап қалған, ауылдың дәл ортасынан жастарға стадион салдырып берген де сол кісі.

– Ендігі бір арманым – ауылда балабақша болса, – дейді Қайрекеннің өзі. – Бұл оларды білімге баулуға, мектепке әріп танып, жақсы даярлықпен баруларына жол ашар еді.

Айта берсек, Алқатеректің басқаларға үлгі боларлық істері көп-ақ: малдан мұнда 1 мыңнан астам ірі қара, 700 жылқы, 2 мыңдай қой-ешкі бар екен. Тұрғындар мал жайылымынан, жемшөптен таршылық көріп отырған жоқ, әр үйде техника бар. Ең бастысы – Алқатеректе темірдей тәртіп бар. Мұнда үлкендер мен әйелдерді былай қойғанда, жастардың өзі арақтан бойын аулақ ұстайды, ұрлық-қарлық деген жоқ.

Ақжар ауданында болғанда өткен жылдың соңында пайдалануға берілген аудандық ауруханаға да соқтық. Шыны керек, мұндай аурухана облыс орталығында да жоқ.

– Бұл Елбасы Жолдауын жүзеге асырудың нақты көрінісі, – деді аудан әкімі Қайрат Пішембаев. – Биылғы Жолдаудың да жақсылығы мол болатынына сенімдіміз.

Петропавлдағы Шоқан Уәлиханов атындағы гимназия табалдырығын аттағанда көңіліміз тағы бір көтеріліп қалды. Өткен оқу жылында өз есігін бүлдіршіндерге айқара ашқан бұл гимназияда қазір 1100 бала оқиды. Бұл – облыста өткен жылы пайдалануға берілген 5 мектептің бірі.

Сөз жоқ, таяудағы он жылда әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына кіруді алдына айқын мақсат етіп қойып отырған еліміздің шабысы жылдан-жылға үдей түсуде. Десек те, шешімін күтіп тұрған мәселелер де аз емес. Қатысушылардың белсенділігі жағдайында өткен кездесулер барысында осы жайында да ашық әңгіме қозғалды. Сайлаушылардың ой-пікірлері, ұсыныстары мен сын-ескертпелері іске серпін беретініне сенім мол.

*«Егемен Қазақстан» газеті,  
3 шілде 2008 жыл.*

## **МАЛ ӨНІМДЕРІН САТЫП АЛАТЫН ҚҰРЫЛЫМДАР ҚАЖЕТ**

Азық-түлік қауіпсіздігі қай мемлекет үшін де маңызды. Бұл орайда біздің елімізде де айтарлықтай жұмыстар атқарылып жатыр. Дегенмен, жалпы цифрлардың көлеңкесінде қалып қойып жатқан түйінді мәселелер де бар. Мысалы, қорадағы малымен ғана күнін көріп отырған ауыл тұрғындарына қамқорлық жасалып жатқан жоқ.

Жуырда Парламенттегі Үкімет сағатында Ауыл шаруашылығы министрі А. Күрішбаев қолданыстағы заңнамаларда тұрғындардың жеке шаруашылықтарын дамытуға Үкімет тарапынан қаржы бөлу қарастырылмағанын, бұл мәселе олар біріктіріліп ірілендірілгенде ғана оң шешімін табатынын кесіп айтты. Барлық проблемаларды кооперативтер мен бірлестіктер арқылы шешеміз деу – бос әурешілік. Өйткені, оны жүзеге асыруға көп уақыт керек.

Жағдай осылай жалғаса берсе, оған дейін шалғайдағы ауылдарда (әңгіме нақ солар туралы болып отыр) жан да, мал да қалмауы мүмкін. Сондықтан ауылды қолдаудың басқа жолдарын іздестіру керек. Атап айтқанда, олардың басы артық өнімдерін сатып алуды жолға қою қажет. Осы мақсатта аудандарда ет, сүт, басқа да мал өнімдерін сатып алумен айналысатын құрылымдар ұйымдастырылғаны және олардың тұрақты жұмыс істегені жөн болар еді.

Соңғы жылдары ауыл тұрғындары мал өсіруге бет бұра бастады. Осылайша, көптеген адамдар өздерін жұмыспен қамтамасыз етуде. Өкініштісі сол, олар отбасынан артылған өнімдерін өткізе алмай, қиындық көруде. Жергілікті жерлерде бұл іспен айналысып жатқандар некен-саяқ. Екінің бірі қалаға бара алмайды. Барса да оларды базарға жолатпайды. Осылай амалы таусылған халық не істесін, маңдай терін моншақтатып, өндірген өнімін су тегінге беруде, алыпсатарларға жем болуда.

Бұл – кезек күттірмейтін мәселе. Оны “ұзын арқан, кең тұсауға” салмай шешу керек. Одан бүгінгі таңда азық-түлік саласында импортқа тәуелді болып, шикізатты шетелден тасып жатқан Үкімет

те, қосалқы шаруашылығын табыс көзіне айналдыра алмай жігері құм болып отырған халық та ұтады. Ауыл шаруашылығы министрлігі қозғалып отырған осы мәселеге тағы бір зер салса, мәселені оң шешудің жолдарын қарастырса, ауылда бәсекелестік ортаның қалыптасуына, бағаның аспандай бермей, көпшіліктің қалтасы көтерерліктей деңгейде болуына, ең бастысы, қолда бар мал басының сақталып, оның одан әрі көбеюіне жол ашылар еді.

*“Егемен Қазақстан” газеті,  
4 қазан 2008 жыл.*

51140



## АСЫЛ ПАРЫЗ

Әлемдік қаржылық дағдарыс біздің елімізді де айналып өткен жоқ, ол қазірдің өзінде талайлардың қақпасын қағып үлгерді. Дағдарыстан қалай қорғанамыз? Бүгінде осы бір сауалдың екінің бірін мазалап отырғаны анық. Міне, осылай халық алакөңіл болып отырғанда, Елбасының жыл сайынғы дәстүрлі Жолдауын жария етуі ел өміріндегі айтулы оқиға, қуанарлық құбылыс болды. Сөйтіп, Президент сенімді сөзімен көптің көкейіндегі күдікті сейілтті, әлемдік дағдарыс өткінші құбылыс, одан жаңарып шығамыз деген үміт отын маздата түсті.

Маған ерекше әсер еткен жай, Нұрсұлтан Әбішұлы бұл жолы да өзінің ұстанымынан айныған жоқ: қалыптасып отырған жағдайды шынайы бағалап, шындықты жайып салды, дағдарыс қиындықтарын еңсеруге жұдырықтай жұмылсақ қана іс нәтижелі болатынын баса айтты.

Тәуелсіздік жылдары талай сындарға тап болғанымыз, күрделі кезеңдерді бастан өткергеніміз баршаға мәлім. Елбасы Жолдауда атап көрсеткеніндей, осы жылдарда біз «лайықты тәжірибе жинақтап, ысылып, шыңдала түстік». Бірақ, осылай екен деп арқаны кеңге салуға болмайды. Әлемнің түкпір-түкпірінде ұйтқи сокқан дағдарыс дауылының бетін қайтару үшін сындарлы шешім, ұтымды іс-қимыл қажет. Міне, осындай ауқымды істерден бұқаралық ақпарат құралдары да шет қалмауға тиіс. «Қазір БАҚ адамдар үшін қиындықты қалай еңсеруге болады, мынадай қиын кезде қалай аман қаламыз, қалай төтеп береміз деген мәселелерде «кеңесші» ретінде көрінуге тиіс. Азаматтарды басқа адамдардың оң тәжірибесі арқылы үйрету керек» – деді Елбасы. Өте орынды талап. Бұқаралық ақпарат құралдары – үлкен күш. Олай болса, оны қазіргідей күрделі кезеңде дұрыс пайдалануға болмайды.

Жақында біз, Парламенттің депутаттары, аймақтарда болып, өз сайлаушыларымызбен кездесіп қайттық, жергілікті жерлердегі жағдайларды көзбен көріп, көп жайға қанықтық. Ең бастысы – халықтың көңіл – күйі қалыпты, олардың бар тілеуі – елдің тынышты-

ғы. «Қолы қимылдағанның, ауыз қимылдайды» деген сөздердің мәнін түсініп, қора-қора мал ұстап, дастарқанның сәнін келтіріп отырған, бала-шағасын оқытып жатқан отбасылары аз емес. Олардың арасынан, тіпті, қайдағы дағдарыс дейтіндер де табылып қалады. Бұл – шындық. Өйткені, халық кеш те болса, нарықтың талаптарын түсінді, жаңа өндірістік қатынастар жағдайында лайықты өмір сүру тәсілдерін меңгерді, мал өсіріп, егін егіп, табыс көзін тапты. Осындай жағдайды Қостанай облысын аралаған әріптесім Т. Қадамбаев та байқаған ғой. Байқаған да ауылдың дағдарыс жағдайында тарықпай отырғанына қуанған, сол қуанышын басқаларға жеткізген. Өкініштісі сол, кей басылымдар депутаттың осы сөздерін теріске шығармақ болды, кей жерлерде ауылдың еңсесін тіктей бастағанына күмән келтірді. Бұл арада тырнақ астынан кір іздейтіндей ештеңе жоқ. Өзіміз де көрдік: ауылдарда 10 сиыр сауып, 50-60 қой, 10-15 жылқы ұстап отырған үйлер аз емес. Айтыңызшы, дағдарыс оларға салқынын қалай тигізеді. Жұмыс орындары бар, олардың өнімдеріне сұраныс та кеміп отырған жоқ. Журналистер депутаттың сөзінен ілгешек іздеп, сынап-мінегеннен гөрі, осындай жақсы тәжірибелерге зер салса, оларды таратып, баршаның игілігіне айналдырса, ел үшін сол пайдалы емес пе.

Қазіргі таңда жұмыс орындарының қысқармауына, бағаның тұрақтылығын қамтамасыз етуге қол жеткізу аса маңызды. Солтүстік Қазақстан облысында осы орайда тындырылып жатқан игі істерге куә болдық. Атқарушы органдар қалыптасқан жағдайды бағалай отырып, ырғалып-жырғалмай, облыс орталығында жиырмадан астам «Шапағат» дүкенін ашқан. Іле осындай сауда орындары аудандарда да ашыла басталды. Бұл не берді дегенге келсек, «Шапағатта» бағаның төмен болуы, тұтынушылардың осы дүкендерге көп келуіне жол ашты. Демек, бәсекелестік жағдайында басқалар бағаны шарықтата алмайды. Осындай тың бастамалар газет беттерінде көрініс тапса, радио мен теледидар арқылы берілсе, нұр үстіне нұр болар еді.

Өмірдің өз даму заңы бар. Ол желкенін бірде біздің ыңғайымызға қарай көтерсе, бірде желге қарсы жүзуге тура келеді. Қалай десек те, біздің арамызда осындай жағдайларды күні бұрын ескеріп, тосын жайлардың алдын алып отыратын басшылар мен мамандар аз емес. Дәл қазір соларға көбірек сөз беру, солардың ойын, іс-қимылын халыққа жеткізу керек. Сөзіміз жалаң болмауы үшін, тағы бір

мысалға жүгінейікші. Солтүстік Қазақстан облысында «Зенченко и К командиттік серіктестігі» деген шаруашылық бар. Осы ұжымды ширек ғасырдан астам уақыт бойы Қазақстанның Еңбек Ері Г. И. Зенченко басқарып келеді, Кеңес заманында ортанқол шаруашылықтардың бірі болған осы серіктестік тәуелсіздік жылдары тасы өрге домалаған, төрт құбыласы сай ұжымға айналды. Қазір мұнда мал шаруашылығы да, егіншілік те табысты салаға айналған. Осындай жетістіктер өздігінен келіп жатқан жоқ. Ол үздіксіз ізденістің, нарық талаптарына икемделе білудің нәтижесі. Әріптестеріміз осы озық тәжірибені баршаның игілігіне айналдырса, кәнеки.

Ешкім де дағдарыстың қиындықтарын жоққа шығармайды. Оларды жеңуге сенімділік, жеке белсенділік, төзімділік, патриотизм, Отанға деген сүйіспеншілік секілді көңіл күйлерді орнықтыру оң ықпал етері сөзсіз. Олай болса, журналистер де Елбасының шақыруына үн қосуға, нақты істермен жауап беруге тиіс. Бұл қалам ұстаған қауымның ел алдындағы асыл парызы деп білемін.

*«Егемен Қазақстан» газеті,  
15 сәуір 2009 жыл.*

## ТАТУ КӨРШІ – ТУЫСТАЙ

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Қытайға сапары жайлы бүкіл әлем бұқаралық ақпарат құралдары жарыса жазып, сарапшылар ойларын ортаға салып жатыр. Солай болатын жөні де бар. Өйткені, бұл сапар, оның аясында өткен кездесулер мен келіссөздер басшылары қол алысқан, уағдаласқан екі тарап үшін ғана емес, дүниенің түкпір-түкпірінде ұйытқи соққан дағдарыс дауылынан қалай қорғанамыз, тығырықтан қалай шығамыз, жолды кім көрсетеді деп отырған барлық елдер үшін маңызды еді. Әлемдік геосаясатта ойып алатын орны бар Қытай қаржы дағдарысы жағдайында сыр бермей отырған бірден-бір мемлекет болса, Қазақстан да бүгінгі қиындықтарға жан-жақты, терең ойластырылған бағдарламасын қарсы қоя біліп, қаржы секторын тұрақтандыру, шағын және орта бизнесті, ауыл шаруашылығын дамыту, тиімді инновациялық жобаларды жүзеге асыру мәселелерін ойдағыдай шешуде.

Көрші жатқан екі елдің өзара қарым-қатынасының тарихы тереңде және ол серпінді дамуда. Оның жарқын мысалы ретінде біздің еліміздің сыртқы сауда айналымындағы Қытай Халық Республикасының үлесі 10 пайыздан асатынын, өткен жылы өзара сауда көлемі 17, 55 миллиард долларды құрағанын келтіруге болады. Демек, екі елдің де қол жеткенді баянды ете отырып, саяси, сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы екіжақты ынтымақтастықты жаңа сапалық деңгейге көтеруді ойластыруы – табиғи жай. Осы тұрғыдан алғанда, Елбасының Бейжің сапарының сәтті болғанын айту біз үшін зор сүйініш.

Аспан асты елін жақсы білетіндердің айтуларына қарағанда, әдетте, сәуірде жер көгеріп, сакура гүлдегенмен, ауа райы жүз құбылып, Бейжің беймаза күй кешеді екен. «Сарыарқаның самалындай емес, бұл өңірдің желі өзгеше, еттен өтіп, сүйекке жетеді», – деген осы елде алты жыл елші болған Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы Қуаныш Сұлтанов. Дегенмен, Елбасының мемлекеттік сапа-

ры басталған сәтте табиғат ерекше мейірленіп, Бейжіңге күн шуағын молынан төгіп тұрды. Осы бір көріністі жақсылыққа жорыған едік, екі ел басшыларының жылы шырайлы әңгімелері көңілімізді тіпті көтеріп жіберді.

Бейжіңде Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы үкіметтері арасындағы энергетика және несиелеу саласындағы кешенді ынтымақтастық туралы, Ауыл шаруашылығы министрліктері арасындағы өзара түсіністік туралы, екі елдің Көлік және коммуникация министрліктері арасындағы «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автокөлік дәлізін құру туралы меморандумдарға, Білім және ғылым министрліктері арасындағы білім саласындағы ынтымақтастық туралы 2003 жылғы маусымның 3-індегі келісімге өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы хаттамаға, «Самұрық-Қазына» ҰАҚ АҚ мен Қытай мемлекеттік даму банкі арасында қаржыландыру саласындағы ынтымақтастық туралы, Қазақстан даму банкі мен Қытайдың экспорттық-импорттық банкі арасындағы өзара несие алмасу туралы Негіздемелік келісімдерге, сондай-ақ «Қазақтелеком» АҚ пен «Huawei Technologies Co. , Ltd» арасындағы ынтымақтастық туралы келісімге, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ пен Қытай ұлттық CNPC мұнай-газ корпорациясы арасында мұнай-газ саласындағы ынтымақтастықты кеңейту және өзара несие алмасулар алуға жәрдемдесу туралы Негіздемелік келісімге, «МаңғыстауМұнайГаз» АҚ және «Central Asia Petroleum Ltd. » және «Mangistau Investments BV» арасында акциялар сату - сатып алу туралы сияқты екі ел үшін де аса маңызды ондаған құжатқа қол қойылды.

Әрине, кез келген мемлекеттік сапар алдын ала дайындалады, оның барысында көптеген түйінді мәселелер әр деңгейде талқыланады. Бұл жолы да солай болғаны анық. Десек те, көптеген мәселелердің Елбасы отырған келіссөз үстелі басында шешілгенін айтуға тиіспіз. Бір ғана несие мәселесін алайықшы. Қытай Қазақстанға 10 миллиард доллар несие беретін болды. Қазіргі дағдарыс жағдайында бұл, сөз жоқ, үлкен қолдау. Халықаралық сарапшылардың да нақ осы мәселеге айрықша назар аударуы тегін емес. Өйткені, қазіргідей дағдарыс жағдайында Еуропадағы дамыған елдердің өзінде жуан жіңішкеріп, қысқарған жіп күрмеуге келмей жатыр. Ешкімнің артық ақшасы жоқ, бар болса да ұстата салатын ниет байқалмайды. Атап өтерлігі сол, Қытай мұндай

мол қаржыны кез келген елге ұсынып жатқан жоқ. Қазақстанға берсе, ең алдымен Елбасына сенгендіктен, ежелгі көршісінің әлеуетін бағалағандықтан бөлді. «Бүгінгі таңда біз де елеулі қиындықтарға тап болып отырмыз. Импорт пен экспорттың көлемі едәуір кеміді. Жаңа жұмыс орындарын ашу мәселесі өткір қойылып отыр. Сіздер дағдарысқа қарсы тиімді шаралар қолданып жатырсыздар. Олардың нәтижесі қазірдің өзінде байқалуда. Біз оған шын жүректен қуанамыз. Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың дана басшылығымен Қазақстан халқының қиындықтарды жеңетініне, тәуелсіз мемлекет ретіндегі өрлеу жолын жалғастыра беретініне сенеміз». Күншығыс жақ беттегі алып елдің басшылары айтқан осы сөздердің өзі көп сыр ұқтырып тұрған жоқ па.

Кездесулер барысында Қытай басшылары «Біз сіздермен ынтымақтаса жұмыс істеуге әзірміз. Біздің ұмтылысымыз халқымыздың қалауына сай, стратегиялық әріптестігіміздің болашағы зор», – деп серпінді дамып келе жатқан Қазақстанның сенімді әріптес екенін, әсіресе, соңғы жылдары оның бәсекелестік қабілеті арта түскенін, әлемдегі инвестиция құюға неғұрлым тартымды 20 елдің қатарына қосылғанын баса айтып, өзара қолдау, ынтымақтастық еларалық іс-қимылға үдемелі сипат беретінін дәттеумен болды.

Сапар барысында Қытай басшылығының Қазақстанның Тұңғыш Президентіне деген құрметінің ересен екеніне сан мәрте көз жеткіздік. Қытай Халық Республикасының Төрағасы Ху Цзиньтао өзінің Нұрсұлтан Әбішұлымен қоян-қолтық жұмыс істеуге әркез мүдделі екенін жеткізіп, оның тыңнан төте жол табар көрегендігіне, батылдығына, жаңашылдығына, алға қойған мақсаттарға жету жолындағы ерік-жігеріне, халықаралық беделіне жоғары баға берді. Оған бәріміз де қуандық, кеудемізді мақтаныш сезімі кернеді.

Жоғарыда айтқанымыздай, Елбасының Аспан асты еліне сапары кезінде екі жаққа да тиімді көптеген құжаттарға қол қойылды. Бұл дегеніңіз, егемендіктің елең-алаң шағынан-ақ тонның ішкі бауындай араласып кеткен екі ел өзара бейбіт қатар өмір сүру, ортақ мәселелерді бірлесіп шешу ниетін тағы бір қуаттады, дәстүрлі ынтымақтастықты одан әрі нығайту бағытында нақты кадам жасады деген сөз. Міне, осылай кезінде ың-шыңсыз

Қытайдың Қазақстанға қауіпсіздік кепілдігін беруіне, шекаралық мәселелердің түпкілікті реттелуіне қол жеткізген Президентіміз қиыннан жол тауып, өз елінің әлем алдындағы абыройын тағы бір асқақтатты. Аспан асты еліне сапардың басты қорытындысы да осы болса керек.

*«Егемен Қазақстан» газеті,  
25 сәуір 2009 жыл.*

## МАҚТАН, ҚАЗАҚ!

Қолыма қалам алып, кәдімгідей жұрт таныған мерзімді басылым беттерінде материалдарым жариялана бастағанына қырық жылдан асып барады екен. Осы уақыт ішінде оқырмандарды өмірдің алғы шебінде жүрген, қоғамда ойып алар орны бар, өз саласындағы қолтаңбасы айшықты көптеген адамдармен, олардың тартымды да тағылымды тағдырымен таныстырыппын. Шыны сол, солардың бәрі бірдей күні бүгінгідей көз алдымда, ешқайсысын ұмытқан жоқпын. Олар да мені таниды, кездесе қалсақ, бейне бір туысын көргендей жылы ұшырап жатады. Өткен жылдың күзінде Солтүстік Қазақстан облысындағы Ақтас ауылында жаңа орта мектептің ашылуына арналған салтанат болды. Осы тойға белгілі ғалым, Мемлекет тарихы институтының директоры Бүркіт Аяғанның шақыруымен мен де бардым.

Халықтың қуанышында шек жоқ, той өте жақсы өтті. Кезінде қоралап қой өргізген, еңісінде егіні жайқалған Ақтас нарыққа да тез икемделіп алса керек, әйтеуір, тұрғындарының көңілдері мәрт, жүздері шат. Міне, осы сапарда бір емес, төрт бірдей кейіпкерім алдымнан шықты. Бір кездері комсомол-жастар бригадасының құрамында еңбек көрігін қыздырып, өз замандастары арасында көш бастаған шопан қыздар Гүлнәр Төлебаева мен Әйбат Кәкенова, әке жолын жалғастырып «темір тұлпардың» құлағында ойнаған Майра Тәттібаева қалың топтың арасынан көзіме оттай басылды. «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінің 1984 жылғы 5 қазандағы санында жариялаған «Жігер» деген очеркімнің кейіпкері Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, көптеген ордендер мен медальдардың иегері, механизатор Орал Тәттібаевпен де көп әңгімелестік. Жасы сексенге таяп қалса да, Орекең әлі тың екен.

Жадымда жатталып қалған осындай кездесулер аз емес. Кейде қызығынан шыжығы, зейнетінен бейнеті басым түсіп жататын журналистік қызмет мені талай тамаша адамдармен таныстырды,



табыстырды. Солардың ішіндегі Елбасының, тәуелсіз Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың орны бөлек.

Нұрсұлтан Әбішұлы Кеңес одағы кезінде Республика үкіметін басқарып тұрғанда Петропавлға жиі келетін. Ол кісінің біздің өңірден Жоғары Кеңеске депутат болып сайланғаны есімде. Ол кезде біз жас болдық, маңызды оқиғаларды жазу алдымыздағы кілең «сен тұр, мен атайын» деуге мүмкіндігі бар ағаларымыздан қалмайтын. Бәрі өткен ғасырдың 90-жылдарының басында өзгерді: кеңестік биліктің быт-шыты шықты, бұрынғы одақ құрамындағы республикалар бірінен соң бірі егемендік алып жатты. Нақ сол кезде Қазақстан да өзінің тәуелсіздігін жариялап, ел тізгінін Н. Ә. Назарбаевқа сеніп тапсырды.

Бұл ел адамдардың әлеуметтік күйзелісі мен бейжайлығы, психологиялық шиеленісі тәрізді әлеуметтік дерттердің сынағына түскен күрделі кезең еді. Президенттің өзі «Қазақстан жолы» (Астана, 2007 ж.) деп аталатын еңбегінде: «Біз талмау күйдің» өліара жағдайы соншалықты тұрақсыз және екіжақты болатынын, кез келген кешігу мен теріс шешім қабылдаудың зардабы «өліммен аяқталатынын» түсіндік» – деп жазғандай, кінәліні іздеп жатпай-ақ қоян-қолтық жұмыс істеу, қоғам ауыртпалықты қаншалықты қабылдайтынына көз жеткізе отырып, қолда бар күштерді ширықтыру қажет болды. Елбасы сол бір аумалы-төкпелі кезеңде осы ойды көңіліне түйіп, өңірлерді аралады, күн-түн демей халықпен кездесті, оларға қалыптасып отырған жағдайды түсіндірді, қиындықтарды жеңу жолдарын ұсынды. Осы ретте Нұрсұлтан Әбішұлы журналистер қауымынан да көмек, қолдау күткені сөзсіз. Олай дейтінім, Президент болып сайланғаннан кейін Петропавлға алғаш рет атбасын тірегенде, әуежай басында алдынан шығып, сұрақ қою ниеттерін білдірген журналистерді қасына ергендердің «әңгіме кейін болады» дегеніне қарамай мәртебелі меймандарға арналған бөлмеге бастай жөнелгені есімде. Сол арада бір сағатқа жуық бөгіліп, көптеген сұрақтарға жауап берді. Маған, әсіресе, Елбасының «Ескінің соңы – әрқашан жаңа бір дүниенің бастауы. Біз ел боламыз десек, даму туралы, алға басу туралы әңгіме қозғауымыз керек» деген сөздері ұнады.

Арада біраз уақыт өткеннен кейін Президент Петропавлға тағы соқты. Бұл жолы да біраз кәсіпорындарда, шаруашылықтарда бол-

ды, ел тұрмысын өз көзімен көріп, жағдайға қанықты. Мен ол кезде Солтүстік Қазақстан облыстық телерадиокомпаниясында қызмет істеуші едім, Елбасының аузынан шыққан әр сөзді қалт жібермей халыққа жеткізсек деген ниетпен уақытпен санаспай зыр жүгірдік. Екі күндік сапар аяқталуға таяп қалды. Сапар кестесіне сәйкес Елбасы Петропавл ауыр машина жасау заводында болғаннан кейін облыс активімен кездеседі, сосын іле Астанаға аттанады. Ол кезде жұрттың бәрі орысша сөйлейді, қазақ тілін керек қылып жатқан ешкім жоқ. Осы бір жай көңіліме орала берді де, оңтайы келген сол кезде Президенттің баспасөз хатшысы міндетін атқарып жүрген, қазір белгілі дипломат, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары Нұрлан Дәненовке Нұрсұлтан Әбішұлы қазақ көрермендері мен тыңдармандарына бір ауыз сөз айтпас па екен деген тілегімді білдірген едім. Нұрлан Жұмағалиұлы тыңдады да, не иә, не жоқ деп жауап қатқан жоқ.

Кешікпей актив жиналысы басталып кетті. Нұрсұлтан Әбішұлы алда тұрған міндеттер туралы қадау-қадау әңгіме қозғады. Жұрттың бәрі ұйып тыңдап отыр. Бір кезде біреу мені иығымнан түрткендей болды. Облыстық әкімдіктің баспасөз жөніндегі қызметкері Галина Райш екен, ақырын маған «Н. Дәненовке жолығыңызшы, сізге бірдеңе айтпак» – деді. Дәненов: «Операторыңызды алып тезірек әуежайға жетіңіз, сол арада Президент сізге сұхбат береді», – деді. Сенерімді де сенбесімді де білмей қалдым. Оператор Серік Майлин екеуміз әуежайға беттеп келеміз. Қатты кобалжи бастадым, «Президентке қандай сұрақ қоюым керек?» «Басқалар қайда, бізге ғана сұхбат бере ме екен?» деп Секең де күдігімді молайта түседі. Осылай ойымыз әр саққа жүгіріп, әуежайға да жеттік-ау. Келсек, Президенттің ұшағына от алдырып қойыпты. Соған қарағанда әуежай басында көп бөгелмейтін сияқты. Енді неде болса тосуға тура келеді. Сөйткенше болған жоқ, Президенттің кортежі де келіп жетті. Еріп келгендер абыр-сабыр, жүгіріп жүр. Жаутаң-жаутаң етіп біз тұрмыз. Президент ұшаққа беттеп келе жатыр, қасымыздан өте шығатын секілді. Жок, бізбен қатарласа бере сәл бөгелді. Сол-ақ екен баспасөз хатшысы «тез мұнда келіңдер» дегендей белгі берді. Құстай ұшып жеттік. Сәлемімізді алғаннан кейін Нұрсұлтан Әбішұлы: «Ал сұрағыңды қоя бер», – деді.

Ол бір күпті көңілде «Қайда келдік?», «Қайда барамыз?», Кім боламыз?» деген сансыз сауалдар сапырылысқан кез еді ғой. Елбасынан осы жайында сұрадым.

– Тәуелсіз ел болдық, бабаларымыздың сан ғасырлық арманы жүзеге асты деп жүрегіміз жарыла қуанып жатырмыз. Мұның өзі бүгінгі ұрпаққа – біздерге зор жауапкершілік жүктейді – деп бастады әңгімесін Нұрсұлтан Әбішұлы. – Ол жауапкершілік неден туындайды десеніз, әлемнің бірде бір елі қалыптасу кезеңінде дағдарыс құбылыстарын орап өте алмаған. Мұның алдымен экономикаға қатысы бар. Мен Петропавлдың ірі өндіріс орындарында, шаруашылықтарында болдым, осы салалармен біте қайнасып келе жатқан басшылармен, мамандармен әңгімелестім. Нарықтың салқыны байқалады. Ал алдағы уақытта ол одан әрі тереңдей түседі, дағдарысқа ұласуы ғажап емес. Сондықтан халыққа айтарым, «бір жағадан бас, бір жеңнен қол» шығарып іске жұмылайық, қиындықтарға бірге қарсы тұрайық. Жоспарлы – әкімшілік экономика, одақтық өндірістік тізбектер мен экономикалық байланыстар үзілген жағдайда бізге өз жолымызды іздеуге тура келеді. Бұл кезең – еліміз үшін, халқымыз үшін үлкен сын. Сондықтан белді бекем буып, белгісіз болашаққа батыл қадам жасайық.

Шынымды айтсам, Президенттен мұндай сөздерді күткен жоқ едім. Экономикалық күйзелістердің шытырман бұғауына іліккен, тығырыққа тірелген елді жұбатқан жоқ. Қайта алда бұдан да тосын жайлар күтіп тұрғанын айтып қайрай түскен сияқты. Кейін көзіміз сан мәрте жеткеніндей, жаңа дәуір, біз күтпеген жаңа өзгерістер иірімі шынында да күшті болып шықты. Сол кезде елге тарихтың күресінінде қалатындай қауіп төнгенін сезбеген де екенбіз. Бағымызға қарай Елбасы сол бір сын сағатта көрегендік танытып, жүргізіліп жатқан түбірлі өзгерістердің мәнін ой елегінен өткізіп, одан кейінгі даму тенденцияларын алдын-ала көре білді, ондаған миллион адамдардың мүддесіне сай келетін неғұрлым тиімді қайта құру стратегиясын ұсынды, оны неғұрлым қысқа мерзімде жүзеге асыру міндетін қойды. «Айқын мақсатсыз адам да, билік жүргізуші құрылым да, қоғам да өмір сүре алмайды. Саналы мұратсыз, асқақ армансыз өмір сүретін адамдарды ұсақ, тоғышарлық мүдде, жеке бастың бір сәттік материалдық пайдасын ойлау стихиясы сөзсіз

арбап алады. Сөйтіп, соның салдарынан қоғамдық азғындау басталады. Бүгінде біздің қоғамымыздың бағытын көруге, оқиғаны болжап білуге, түпкі мақсатқа қол жеткізуге әркімнің сенімді болуына мүмкіндік беретін Қазақстан қоғамы дамуының айқын да нақты тұжырымдамасы, міне, сондықтан да қажет». («Қазақстанның егемен мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы», 1992 ж.).

Осы тарихи құжатқа алтын арқау болып өрілген Президенттің ақыл-ойы, елімізді қысқа мерзімде дамудың даңғыл жолына алып шыққанына ешкімнің дауы жоқ. Бұл әлем мойындаған шындық. Осы ретте бірқатар шетел сарапшыларының пікірлеріне назар аударалық.

АҚШ конгрессмені Крис Кэннон: «Мен жас Қазақстанның дамуын үлкен ықылас қоя қадағалап жүрмін, 1991 жылы бұрынғы Кеңес одағынан тәуелсіздік алған сәтінен бастап, бұл ел таңғаларлық саяси және экономикалық жаңғыруларды басынан кешірді. Қазақстан қарыштап алға басып келеді, әрі дұрыс бағытта келе жатыр. Қазақстан қалыптасты, бұған оның басшысы Н. Назарбаевтың сіңірген еңбегі үлкен. Мен Қазақстан табыстарының сәулетшісі Президент Н. Назарбаевтың саяси көрегендігін жоғары бағалаймын, ол айтылып жатқан сынға қарамастан, елін қуатты экономикалық мемлекеттердің қатарына қосып, бұрынғыдан да ауқымды саяси реформаларға кірісті».

Франция сенаторы Франсуа Трюси: «Қазақстан басшысының өңірдегі биік беделі – табиғи нәрсе. Президент Н. Назарбаевтың елді жан-жақты дамытуға және оны халықаралық қоғамдастыққа дәйекті кіріктіруге бағытталған сан қырлы саясаты мұның жарқын көрінісі».

Мәскеу қаласының мэрі Юрий Лужков: «Бәрі құрдымға кеткен жағдайда қаптаған қайраңдардың арасындағы адастырмас жалғыз ғана жолды таба білу керек еді. Біз Ресейден Қазақстандағы реформалардың барысын байқап, Президент Назарбаевтың күшжігеріне іштей тілектес болып отырдық».

Сингапур үкіметінің аға министрі Ли Куан Ю: «Қазақстан таңданаарлық табыстарға жетті, өз басым мұны мүлде күтпеген едім. Сіздер өздеріңіздің барлық көршілеріңізден озық шықтыңыздар, әрі олардан ғана озып қойған жоқсыздар. Президент Назарбаев – түрлі республикалардың ішіндегі кесек тұлға. Қазақстан басшысы

– керегінше қатал, ұсынақты, қагілез әрі батыл кісі, өзіне тартып тұратын, талантты әрі табанды тұлға, ол бұрынғы одақтың басқа да республикалары таныған жетекші. Егер Назарбаев Республика ба-сында тұрса, Қазақстанның табысқа жету мүмкіндігі көп болмақ».

Осылай Елбасымыз туралы әлем қайраткерлерінің пікірлерін тізе берсек, тұлғасы биіктей түседі.

2005 жылдың ақпанында Президент Н. Ә. Назарбаев Қазақстан Республикасы Парламентінің қос Палатасының бірлескен оты-рысында өзінің кезекті халыққа Жолдауын жария етті. Бұл онын-шы Жолдау еді. Қазақстандықтар Жолдауды зор шабытпен қарсы алды. Мен де қойын кітапшама Жолдаудан алған әсерлерімді түртіп қойыппын. Кешікпей осы әсерлерге негізделген шағын мақалам «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланды. «Бұл Жолдауда да еліміздің бүгінгі тіршілігіне тыңнан тыныс беретін бастамалар көп-ақ. Жолдаудан қысқа мерзім ішінде серпінді даму жолына шығып, енді әлемдегі ең дамыған, ең дәулетті елдермен бәсекелесуге тал-пынып отырған халқымыздың берген сертке бекемдігін, береке-бірлікке, ынтымақты іске бас қойған ықылас-пейілін аңғарасың, көрініс тапқан тұжырымдар мен тапсырмалардың сөзсіз орындала-тынына сенесің.

Елбасының бұған дейін де халыққа арнаған жолдаулары уақыт жүгін еңсеріп, еліміздің алдында тұрған орасан зор міндеттерді ойдағыдай шешуге жол ашқанын білеміз. Десек те, биылғы Жолдаудың маңызы айрықша. Әр жолы жасампаздық рухқа толы, кең құлашты, еркін тынысты жаңа Жолдау өткеніміз бен ертеңімізді жалғастырып тұрған, дамуымыздың жаңа ырғағын қамтамасыз ететін бірегей құжат болып табылады. Мұндай батыл бастамаларға рухы күшті, өз ісіне сенімді, елін, халқын шын сүйетін, сол елдің ұлы мұраттары үшін басын бәйгеге тіккен адам ғана бара алады», – деп жазыппын.

Жолдау жарияланғаннан кейін Елбасы өзінің аймақтарға алғашқы сапарын Солтүстік Қазақстан облысынан бастады. Бұл жолы да бірнеше кәсіпорында болды, облыстық драма театрында өткен ак-тив жиналысынан кейін облыстық «Солтүстік Қазақстан» және «Северный Казахстан» газеттеріне сұхбат берді. Әріптесім Нико-лай Дроздецкий екеуміз әңгімені неден бастаймыз деген сауалдың

төңірегінде көп ойландық. Ақыры, 90-жылдардың басындағы жағдайды бір жаңғыртуға ұйғардық.

Президент біздің сауалымызға көп ойланбастан былай деді: - Өткенді ойға оралтқанда уақыт көзді ашып-жұмғанша өте шықты және есте қалмағандай, деп жиі айту әдетіміз. Мұндай сөзді тек бейғам адамдар ғана айта алады. Біз, қазақстандықтар олай дей алмаймыз. Себебі, біз өзіміздің барлық жетістіктерімізді үлкенін де, кішісін де білеміз әрі жадымызда. Бүгінгі таңда бүкіл әлемнің назарын өзіне аударып отырған жетістіктеріміз жасампаздық еңбекпен және көнбістігімізбен, біліммен, мақсаткерлігімізбен, ерлік- жігермен және топтасқандығымызбен қолымызға тиіп отыр.

Мұндай мүмкіндіктің бола бермейтінін түсініп, кезек-кезек сұрақ қойдық. Солардың бірде біреуі Президенттің назарынан тыс қалған жоқ. Ертеңіне осы көлемді сұхбат «Еліміз өңірлерімен гүлденеді» деген тақырыппен облыстық газеттердің 1-2 беттерінде жарияланды.

2005 жылдың тарихи оқиғаларға толы болғаны белгілі. Солардың ішіндегі ең маңыздысы 4-желтоқсанда өтетін Президент сайлауы еді. Сайлауға дайындық Солтүстік Қазақстан облысында да тұрғындардың белсенділігі жағдайында өтті. Бұл науқаннан мен де шет қалған жоқпын, Нұрсұлтан Әбішұлының кандидатурасын қолдаушылардың қатарында сайлаушылар арасында жиі болып, үгіт-насихат жұмыстарына өз үлесімді қостым. Сондай бір кезде-су есте қалыпты. 4-қараша күні Теміржолшылардың мәдениет сарайында өткен басқосуға халық көп жиналды. Шешендер мінбеге бірінен соң бірі көтеріліп жатыр, кезек маған да келді. 4-желтоқсан күні өзіміз үшін де, еліміз үшін де аса маңызды таңдау жасайтынмызды, сайлауға халқымыздың таралғылы тартулармен келіп отырғанын, күні кеше ғана тәуелсіздіктің тәуекелге толы жолын таңдап, нарыққа енгенде жұртпен бірге етекте тұрсақ, бүгін, міне, еңсеміз тіктеліп, дамыған елдердің өздерімен нық тірестіре алатын деңгейге көтерілгенімізді айттым. Осының бәрі Қазақстан деген алып елдің тізгінін нық ұстап келе жатқан дара тұлға Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың арқасы, ол жүргізіп отырған сан қырлы сындарлы саясаттың жемісі дей келіп, сол кездегі Ресей президенті Владимир Путиннің көкейіме қонып қалған «Атқарылған істің бәрі

көзге көрінбейді, жеңіл жасалғандай болуы мүмкін. Алайда бәрін басынан бастап, Қазақстанды бүгінгідей даму деңгейіне жеткізудің орасан зор міндетін орындау оңай жұмыс еместігі анық. Ал Назарбаев болса, бұл міндетті тамаша атқаруда» деген сөздерін келтірдім. Өркениет көшіне ілескен Қазақстан қол жеткеннің бәрін баянды ете отырып, жаңа биіктерге көтерілуге тиіс. Осы ретте біз өз үмітімізді қазіргі Елбасымызбен байланыстырсақ қателеспейміз дедім, жерлестерімізді дұрыс таңдау жасауға шақырдым.

Халық өз таңдауын жасады. Нұрсұлтан Назарбаев қарсыластарын айқын басымдықпен жеңіп, жаңа мерзімге Президент болып сайланды. Бұл баршаға ортақ қуаныш еді, 5 желтоқсанда Елбасының жақтастары қаладағы ең үлкен спорт кешеніне жиналып, бір-бірімізді құттықтадық. Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы облыстық бөлімшесінің төрағасы ретінде маған да сөз тиді. Алдымен жиналған халыққа ел үміті ақталып, жасампаздық пен тұрақтылықтың сақталып қалғанына қуанышымды жеткіздім. Мұндайда, мындаған адамдардың алдында қағазға үңіліп тұрмайсың ғой, осы арада сол салтанат үстінде Алла тағала аузыма салған бір-екі ауыз сөзді келтіре кетсем артық болмас. «Нұрсұлтан Назарбаевтың жаңа мерзімге Президент болып сайлануы – тарихтың нағыз жұлдызды сәті. Бұл он төрт жылдан бері тәуелсіз ел ретінде қарыштап дамып келе жатқан Қазақстан алдағы кезеңде де ұстанған бағытынан айнымайды, ұлтаралық келісімді, қоғамдық-саяси тұрақтылықты сақтай отырып, тек қана алға баса береді деген сөз.

Біздің Президентіміз жеңді. Сөйтіп, өзіне сенген халқының үмітін ақтап, абыройын асқақтатты. Ал халқы болса, Елбасымен бірге екенін айғақтап, Қазақстанның іргесі берік ел екенін бүкіл әлемге паш етті.

Президентіміздің сайлаудағы жеңісі бұл сындарлы саясаттың жеңісі, халық үшін жүзеге асырылған нақты істердің жемісі».

Қай заманда да кенен ойымен, кемел ұмтылысымен, дархан даналығымен халқын, елін ғасырлар төріне өрлеткен ұлы тұлғалар болады. Ұлтымыздың ұлыларының небір асыл қасиеттерін бойына жинақтаған Нұрсұлтан Назарбаев нақ сондай дара тұлға. Бүгінде бүкіл әлем ол кісінің кемеңгерлігіне, алыс болашақты болжай алатын көрегендігіне, ұлы істеріне, ғажайып қасиеттеріне тәнті. Оған

Қазақстан Республикасы Президентінің Қытайға сапары кезінде жүргізген келіссөздер барысында күншығыс жақ беттегі алып көршіміздің басшысы Ху Цзиньтао айтқан мына бір сөздер де дәлел бола алады: «Біз сіздермен ынтымақтаса жұмыс істеуге әзірміз. Біздің ұмтылысымыз халқымыздың қалауына сай, стратегиялық әріптестігіміздің болашағы зор, Нұрсұлтан Назарбаев - Қытай халқының үлкен досы, біз оның тыңнан төте жол табар көрегендігін, батылдығын, жаңашылдығын, алға қойған мақсаттарға жету жолындағы ерік-жігерін, халықаралық беделін жоғары бағалаймыз».

Осы сапарда Елбасына үзеңгілес болу бақытына бөленген біз Мемлекеттер басшыларының әр сөзін қалт жібермей тыңдадық. Талқыға ұсынған мәселелер аз емес еді. Солардың бәрі шешімін тапты. Сөйтіп, Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы үкіметтері арасындағы энергетика және несиелеу саласындағы кешенді ынтымақтастық туралы, Ауыл шаруашылығы министрліктері арасындағы өзара түсіністік туралы, екі елдің Көлік және коммуникация министрліктері арасындағы «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автокөлік дәлізін құру туралы меморандумдарға, басқа да екі тарап үшін де аса маңызды көптеген хаттамалар мен келісімдерге қол қойылды. Анығы сол, көптеген мәселелер Мемлекеттер басшылары отырған келіссөз столы басында шешілді. Қазақ елі басшысының әлемдік дағдарысты еңсеру жөніндегі ойларын ұйып тыңдаған Ху Цзиньтао да, халық өкілдері бүкілқытайлық жиналысының төрағасы У Банго да Қазақстан мен Қытайдың стратегиялық әріптестігінің болашағы зор екенін сан мәрте дәттеп, Қазақстанды инвестиция құюға неғұрлым тартымды да сенімді ел деп білетіндерін мәлімдеген.

Екі ел басшыларының арасындағы әңгіме Нұрсұлтан Әбішұлының құрметіне берілген қонақасы үстінде де бір үзілген жоқ. Өзара түсіністік, сыйластық, Мемлекетіміздің басшысына деген айрықша құрмет бәрімізді толқытты. Елбасы өзі тоқтаған мемлекеттік резиденцияға оралғаннан кейін жасанды көлдің жағасында біраз ойға шомып тұрды. Сәлден соң «Ертең Хайнаньге жүремін, онда Боао-Азия форумы өтеді, бірінші болып сөз сөйлеймін – деді. – Қытайдың данышпаны Конфуций: «Өзгеріс желі соққанда ақымақ адам желден қалқан болар қорғаныш тұрғызады, ал ақылды адам



жел диірменін салуға кіріседі» деген екен, қытайлықтардан біз көп нәрсені үйренуіміз керек. Әлемдік қаржы жүйесінің дағдарыстан кейінгі болашақ бейнесі дәл осы жерде айқындалады. Бұдан да қиын күндерді бастан кешкеміз, бәрін де жеңеміз, тек ынтымақ-бірлік, тыныштық болсын».

Кешікпей ымырт үйіріліп, төңіректі қараңғылық тұмшалай бастады. Бақ ішіндегі сансыз шамдар сәулесі суда дірілдейді. Президент демалуға асығар емес, тіпті, жүзінде шаршау белгісі жоқ. Өзіне еріп жүрген делегация мүшелерімен емен-жарқын сөйлесіп, көптеген мәселелер бойынша пікір алмасты, табыстарымыз қанша қомақты болғанмен, қол жеткенге тоқмейілсімеу қажеттігін ескертті. – Қазіргідей күрделі кезеңде бірлігі мықты, рухы күшті халық қана дағдарысқа төтеп береді, одан ширап шығады, экономиканы жаңғырту оңай іс емес, бұған төзім мен табандылық керек. Бүгінгінің бәрі елдің ертеңі үшін, болашақ ұрпақ үшін жасалып жатыр. Осы жолдан таймауымыз, алдымызға қойған ұлы мұраттарымыздан айнымауымыз керек, - деп түйді өз ойын Нұрсұлтан Әбішұлы.

Нұрсұлтан Әбішұлы сынды болмысы да, тұғыры да бөлек тұлғалардың бағасын тарих береді. Менің айтпағым - әрбір қарапайым қазақстандықтың көкейінде жүрген ой. Осы ретте жеткізіп айта алмағанымды да ішім сезеді. Ол мүмкін де емес. Өйткені, 1979-1990 жылдар аралығында Ұлыбритания үкіметін басқарып, елді экономикалық дағдарыстан шығарып қана қоймай, мемлекеттің орнықты дамуына берік негіз қалаған есімі бүкіл әлемге әйгілі саясаткер Маргарет Тэтчердің тілімен айтсақ, Нұрсұлтан Назарбаев қалыпқа сыймайтын тұлға, ол «Қазақстанды бүгінгі шыққан биігіне жеткізу үшін батылдық пен сақтықтың үйлесімін пайдаланды. Коммунизм бұғауын быт-шыт қылған ел өзінің ерекше қазақи қасиеттерін сақтап қалды. Президент Назарбаев экономика мен қоғамның ашықтығына, яғни оның кейбір көршілері қасарыса бас тартқан нақ сондай нәрселерге ұмтылды».

Көзі қарақты оқырман бұл мақаланың бір күнде, бір түнде, бір айда, тіпті бір жылда жазылмағанын өзі де аңғарған болар. Иә, көптен жүрек түкпірінде жатқан сыр еді. Елбасы туралы осындай ізгі ойларды миллиондардың аялап жүргенін де білемін. Ендеше, бүгін неге оны жалпақ жұртқа жария етпеске. Тіпті де Президентті

мақтау үшін емес, мақтану үшін! Сын сағатта мемлекет тізгінін қолға алып елін, халқын адастырмаған, бақытқа бастаған Ер үшін мақтану үшін!

Ендеше, сен де мақтан, сен де шаттан, бақытыңды бағалай біл, қазақ.

*«Егемен Қазақстан» газеті,  
6 шілде 2009 жыл*

## “СЫР – АЛАШТЫҢ АНАСЫ”

Парламент депутаттары тоқсан сайын заң шығарушылық жұмыстан бір сәтке қол үзіп, аймақтарға шығып тұрады. Бұл жолы біздің жолымыз Сырдың елі, жырдың елі – Қызылорда облысына түсті. Мақсатымыз – Елбасымыз Н. Ә. Назарбаевтың “Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері” деп аталатын Жолдауын халыққа жеткізу.

Жаңа Жолдаумен танысқан әр адам онда көтеріліп отырған мәселелердің тереңдігіне, күрделілігіне, таяудағы он жылда шешімін табатын істердің ауқымдылығына көз жеткізеді. Бұл – шын мәнінде теңдесі жоқ тарихи құжат. Өйткені, Президентіміз ұсынған “Қазақстан – 2030” бағдарламасына біз беліміз бекіп, бұғанамыз қатпаған шағымызда, қиындықтар аяқтан шалып, етек-тен тартып жатқан кезде кіріссек, қазір Қазақстан – бүкіл әлемге танылған, экономикасы серпінді дамып келе жатқан іргелі мемлекет. Осылай тәуелсіздік жылдары біз ғасырға пара-пар жолдан өтіп, басқалар қызыға қарайтын биікке көтерілдік. Соның бір жарқын көрінісі – Қазақ елі үстіміздегі жылдың бірінші қаңтарынан бастап Кәрі құрлықтың төріне туын тігіп, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастықтың ұйымына төрағалық етуде. Бұл – біздің елімізге, халқымызға көрсетілген зор сенім, керемет құрмет, елін, халқын қиындықтарға ұрындырмай, бүгінгі табыстарға алып келген Президент Н. Ә. Назарбаевтың еңбегі мен ерлігіне халықаралық қауымдастықтың берген жоғары бағасы.

Президент өзінің Жолдауында халықты қол жеткен табыстарды баянды етуге, жаңа биіктерден көріну жолында білек біріктіруге шақырып отыр. Ол үшін әрқайсымыз Жолдаумен ықылас қоя танысуымыз, қолға қалам алып, әр сөздің астын сызып отырып оқуымыз, сол сөздің астарында қандай ой, қандай іс-жоспар жатқанына көз жеткізуіміз, бір сөзбен айтқанда, Жолдауды жүрегімізден өткізуіміз, оны жүзеге асыру қоғамның әр мүшесінің қасиетті борышы екенін көңілге түюіміз керек. Өйткені, бұл Жолдауда бесіктегі баладан

еңкейген кәріге дейінгі қоғамның барлық мүшелерінің мүдделері қарастырылған.

Қуаныштысы сол, қызылордалықтар Жолдаудан туындайтын міндеттерді талқылауға қызу кірісіп кетіпті. Бұл орайда, әсіресе, “Нұр Отан” халықтық-демократиялық партиясы мүшелерінің, әр деңгейдегі мәслихаттар депутаттарының белсенділік танытып отырғаны айқын аңғарылады. Біз, Мәжіліс депутаттары – С. Әйімбетов, Ж. Асанов және осы жолдардың авторы, дарияны бойлай қоныстанған қалың елді аралай жүріп, осыған көз жеткіздік.

Ақ маржанның отаны – Сыр еліне тұңғыш рет табан тіреген мен үшін бәрі таңсық, бәрі қызық. Ең бастысы – халықтың депутаттармен кездесуге көп жиналатыны, жастардың да, ақсақалды қариялардың да қатарларының қалыңдығы таңғалдырды. Халықтың қабағы ашық, жүзі жылы, жанары отты. Оның да өзіндік себебі бар екен, бүкіл еліміз сияқты, Қызылорда облысы да соңғы жылдары серпінді дамып, табыс арнасын кеңейте түсіпті. Облыс әкімі ақпанның 10-ы күні өткен өзінің тұрғындар алдындағы есепті кездесуінде атап көрсеткеніндей, 2009 жылдың өзінде ұлан-ғайыр істер тындырылған. Оның ішінде “Жол картасы” бағдарламасының бұл өңірге әкелген игілігі мол екен. Кей сәттерге тоқтала кетсек, республикалық және жергілікті бюджеттерден осы мақсатқа 8, 4 миллиард теңге қаржы бөлініп, 231 инвестициялық жоба жүзеге асырылыпты, 11 мыңға жуық жаңа жұмыс орындары ашылыпты, 3 мыңнан астам тұрғын әлеуметтік жұмыстарға тартылып, 4 мыңнан астам адам қайта даярлықтан өтіпті.

Өнеркәсіп – Қызылорда облысында негізгі сала болып саналады екен, өндіріс көлемі айтарлықтай ұлғайып, бір мыңға жуық адам жұмыс істейтін 9 кәсіпорын іске қосылыпты, 587 миллиард теңгенің өнімі өндіріліпті. Елбасының қолдауымен қолға алынған облыс орталығының жылу қуаты көздерін және тұрғын үй секторын ілеспе газға көшіру жобасын жүзеге асыру барысында жеке тұрғындар үшін көгілдір отынды қосу бағасы бұрынғыдан 2, 5-3 есе арзандаған.

Ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің табысы да толымды: барлығы 33 миллиард теңгенің өнімі өндірілген, күріштің әр гектарынан 42, 9 центнерден өнім алынған, 2008 жылмен салыстырғанда асыл тұқымды ірі қара 39 пайызға, қой – 12, 7, жылқы – 45, 9, түйе 3, 8 пайызға көбейіпті.

Облыста құрылыстың кең қанат жаюы қуанарлық құбылыс екен, ауылда да, қалада да әлеуметтік нысандар, тұрғын үйлер көптеп салынууда. Сырдария ауданына қарасты Амангелді, Жетікөл, Айдарлы ауылдарында болғанымызда кездесуге қатысушылар осы жайларды мақтанышпен айтты. Мұндай жетістіктерге біз де шын көңілден қуандық. Өйткені, ауылда тұрғын үй, мектеп, балабақша, басқа да әлеуметтік нысандар салу халықтың болашаққа деген сенімінің, өңірдің әлеуметтік-экономикалық әлеуетінің зор екенін аңғартады. Халықпен кездесу үшін осындай бір нысанның – Жалағаш кентіндегі орта мектептің табалдырығынан аттадық. Өткен жылы іске қосылған, 1200 оқушыға арналған бұл мектеп жоғары оқу орнына бергісіз: неше түрлі компьютерлік сыныптар, үш спорт залы, кітапханасы, асханасы – оқушылар үшін де, ұстаздар үшін де не қажеттің бәрі бар. Шынтауайтына келсек, бұл мектепте оқыған да арманда, оқымаған да арманда.

Жекешелендіруден кейін жұмыссыз қалған ауылдардағы қиын жағдай туралы аз айтылып жүрген жоқ. Көп өңірлер тығырыққа тіреліп, амалы таусылғандар аудан орталықтарына, қалаларға көшіп кетті. Онда да шекелерінің шылқып жатқандары шамалы. Тұрғындардың өздерінің айтуларына қарағанда, мұнда да ондай көрініс байқалған. Бірақ, үдере көшіп, жұртын тастап кеткен ауыл жоқ. Ауылдықтардың көпшілігі малмен күн көріп отырған көрінеді. Басы артық өнімдерін сатып, едәуір ауқаттанып алғандар да бар. “Қолы қимылдағанның ауызы қимылдайды”, олардың жағдайы жаман емес. Өкінішке қарай, осындай ұмтылысты, игілікті көзіне ілгісі келмейтіндер де кездесті. Байқоңырдың дәл іргесіндегі бір ауылда болғанымызда жергілікті тұрғыннан “Мал ұстайсыз ба?” деп сұраған едік. “Қотыр лағым да жоқ”, деген орта жастағы жігіт ағасы неше түрлі сылтауларды жаудыра жөнелді. Ауылда тұрып мал ұстамау менің ақылыма қона қоймады. “Қаладағы сияқты, бәрін сатып аламыз”, дейді. Оған ақша шақ келе ме?!

Осы тұрғыдан алғанда Қармақшы ауданының Ақай ауылындағы жағдай біршама жақсы екен. Кешегі кеңес заманында жүз шақты үйі, мыңнан сәл асатын халқы болған ауылда қазір 4 мыңнан астам жан тұрып жатыр.

– Біздің ауылға халық басқа аймақтардан да көшіп келуде. Өйткені, оларға қолымыздан келгенше жағдай жасап жатырмыз, – деді ауылдық

округтің әкімі Райхан Байшораева. – Ақайда 2 балабақша, орта мектеп, фельдшерлік-акушерлік пункт, клуб, кітапхана, пошта, байланыс пункті, нотариалдық кеңсе, 3 наубайхана, кондитер, тігін, ағаш өңдеу цехтары, шаштараз, тіс емдеу кабинеті, 2 дәмхана, бірнеше дүкен бар.

Әрине, мұндай қалыпты тіршілігі бар ауылдардан ешкім ешқайда көшпейді. Қынжыларлығы, осындай оң өзгерістер облыстың барлық ауылдарына тән дей алмаймыз. Кей ауылдарда осыдан он-он бес жыл бұрын жекешелендірілген нысандар әлі күнге іске қосылмаған. Іскер адамдар табылып жатса, сол есік-терезелері аңғал-саңғал, қаңырап бос тұрған үйлерді дүкенге немесе шикізат өңдейтін цехтарға айналдыруға болатыны көзге ұрып тұр. “Бұған енді қанша уақыт керек?” – деген сауалыма ешкім тұщымды жауап бере алмады.

Бұл өңірдегі бұрынғы кеңшар, қазіргі ауылдардың дені күріш өсірумен айналысады екен. Күріш өсіру оңай шаруа емес. Ал жеке адамдардың онымен айналысуы тіпті қиын. Осыны түсінген ұсақ шаруа қожалықтарының алды біріге бастапты.

– Оның нәтижесі де жаман болып отырған жоқ, біздің ауданда күріштік алқаптың көлемі он мың гектардан асты, өткен жылы облыс бойынша бірінші орын алдық, – деді Қармақшы ауданының әкімі Биғали Қаюпов.

Қармақшы ауданында бұдан да басқа тілге тиек боларлық жақсы істер аз емес екен. Мәселен, аудандағы барлық елді мекендерде мектеп, балабақша, мәдениет мекемелері, кітапхана бар, ауыз су мәселесі толық шешілген. Шағын кәсіпкерлік те жақсы дамып келеді. Осыдан бес жыл бұрын олардың саны 1114 болса, қазір 1891-ге жетіпті.

– Елбасы өзінің Жолдауында шағын және орта бизнестің жаңа тобын дамыту есебінен тұрақты жұмыс орындарын ашу міндетін қойып отыр. Осыған орай біз тұрғындар арасында түсінік жұмыстарын жүргізіп, “Бизнестің жол картасы – 2020” бағдарламасының мүмкіндіктерін толық пайдалануымыз керек, – дейді аудан басшысы.

Жолдауда еліміздің құқық қорғау жүйесін реформалау бойынша байыпты жұмыс жүргізу міндеті қойылғаны белгілі. Президент атап көрсеткеніндей, ел халқы тиімсіз басқарудан, құқық қорғау органдары функцияларындағы жанжалдан, тиісті кадрлық жұмыстың болмауынан, сондай-ақ, құқық қорғау жүйесі қызметінде мөлдірлік пен бақылаудың жоқтығынан туындаған проблемаларды анық көріп

отыр. “Біз Президентіміздің құқық қорғау жүйесін оңтайландырып, әрбір мемлекеттік органның нақты құзыретін түзу, заңдарымызды ізгілендіру, сапасын арттыру туралы айтқан ой-пікірлерін қолдаймыз және оны жүзеге асыруға өзіміз де белсене қатысатын боламыз”, – деді облыстық ішкі істер департаментінде сегіз жүз қызметкердің қатысуымен өткен кездесуге қатысушылар. Осы кездесуді өткізуге тікелей ұйытқы болған, кейін бірнеше ауданға бірге шығып, Президент Жолдауын талқылауды ұйымдастырған облыстық ішкі істер департаменті бастығының орынбасары Бекбай Райымбеков өзін, әсіресе, қамау орындарынан босағандарды оңалту, жұмыспен қамтамасыз ету, қатарға қосу мәселесінің қатты алаңдататынын дәттеген. “Президент халықаралық стандарттарға сәйкес келетін жаңа құқық қорғау жүйесін құруды талап етіп отыр. Өте орынды талап”, – дейді Бекен.

Тереңөзектегі кездесуден кейін іле облыстың шалғай түкпіріндегі Арал ауданына аттанып кеткен Бекбай Тасболатұлымен арада бір күн өткеннен кейін Жалағашта қайта кездестік. Осылай Елбасының Жолдауын әр қызметкерге жеткізсем деген тілекпен жарғақ құлағы жастыққа тимей жүрген полиция полковнигі Б. Т. Райымбековке қатты риза болдым. Басшылардың бәрі осындай болса ғой деген ой да сол сәтте қылаң берген еді.

Осындай жақсы лебізді Қорқытата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің басшылары мен ұстаздарына да арнағым келеді. Мұнда біз университет оқытушыларымен, студенттермен кездестік. Жиналғандар Елбасының таяудағы он жылда білім саласын дамытуға қатысты айтқан ой-тұжырымдарын қызу қолдайтындықтарын білдірді. “Жоғары білім сапасы ең жоғары халықаралық талаптарға жауап беруі тиіс”, деген Елбасының сөзі бізге де, білім қуған жастарға да көп міндеттер жүктейді”, – деді ұстаздар.

Айтса айтқандай, тәуелсіздік жылдары елімізде бұл орайда қыруар жұмыстар атқарылды. Жоғары оқу орындарының материалдық-техникалық базасы нығайды. Бірақ, осындай оң мүмкіндіктерді жастардың бәрі бірдей пайдаланып отырған жоқ. Студенттердің арасында “еріншек бекер мал шашпақ” деп ұлы Абай айтқандай, білімге құштарлық танытпайтын, ізденбейтін, ойын-сауық қуып жүрген жас-

тар да аз емес. Жолдау осы мәселелерді де ұдайы назарда ұстап ел болашағы – жастар тәрбиесін барынша жақсартуды талап етеді.

Елбасының Жолдауында қоғам мүшелерінің жеке жауапкершілігі туралы да жан-жақты айтылды. “...Экономикалық өрлеу – әрқайсымызға қатысты бүкілхалықтық іс. Бұл – қоғамның әлеуметтік мәселелерін шешудің және баршамызды табысқа бастаудың кілті”. Осыны жұрттың бәрі көңілге түйіп, іске жұмылса, әрине, көп мәселе өзінен-өзі шешілер еді. Облыстық медицина орталығынан бір мысал келтіре кетейін. Аталмыш аурухана – еліміздегі ірі емдеу мекемелерінің бірі екен, мақтанарлық істер де бар көрінеді: көптеген осы заманғы жабдықтар сатып алынған, жүрекке ота осы жердің өзінде жасалады. Мұның бәрі, әрине, жақсы. Алайда, көңілімізге кірбің түсірген жайлар да кездесті. Аурухананың ота жасау бөлімінде болғанымда, жалғыз өзі бөлмеде қалың көрпеге оранып алса да, тісі-тісіне тимей қалтырап отырған кейуананы көрдім. Бөлменің іші суық, сырттан соққан желден терезенің пердесі қозғалады. Егер, сол учаскеге жауапты адамдар қойдың жасындай ғана ғұмыры қалған сол қарияға сергек қарап, терезені қымтаса, болмаса қосымша жылытқыш қойса, әрине, сырқат жан соншалықты күйзелмес еді. А. Макаренко атындағы мектеп-интернатта да ызып тұрған бөлмелерді, киімдері жұпыны, жүздері солғын балаларды көргенде көңілім пәс тартып қалды. Қазақ көнбіс халық қой, жағдай сұрай қалсақ, үлкені болсын, кішісі болсын, “бәрі жақсы”, дейді. Сірә, бізге өз кемшілігімізді өзіміз көру, түзеу жағы жетпей жатыр ма, қалай? Осы ойымды ашық айтқанымда кейбіреулер ренжіп қалған сыңай танытты. Мен оларға табысқа тоқмейілсімеу қажеттігін, қол жеткенді баянды ете отырып, жаңа биіктерге ұмтылғандардың озатынын, Елбасы да өзінің жаңа Жолдауында баршамызды осыған шақырып отырғанын айттым.

Осы сапарымызда атағы бүкіл әлемге жайылған жер кіндігі – Байқоңырға да соқтық, қазір қала халқының саны 60 мыңнан асыпты, олардың 37 мыңы өзіміздің кандастарымыз. Қалада 4 орта, 2 бастауыш қазақ мектебі бар екен. Оларда алты мыңнан астам бала білім алуда. Әттеген-ай, дегізерлік бір жай, осы балалар әлі күнге дейін Ресей бағдарламасы бойынша оқытылуда. Неге екенін кім білсін, Ресей Федерациясының Білім және ғылым министрлігі ұсынған орыс тіліндегі түпнұсқаны Қазақстан Республикасының Білім және



ғылым министрлігі қазақ тіліне аударып салған. Қолыма түскен бастауыш мектептің 2-сыныбына арналған “Бізді қоршаған әлем” деп аталатын оқулықты әрі ақтарып, бері ақтарып қазаққа, Қазақ еліне қатысты бір ауыз сөз таба алмадым. Алматыдағы “Просвещение – Қазақстан” баспасынан шыққан кітап “Біз қайда тұрамыз?”, “Табиғат”, “Қала және ауыл өмірі” деген үш бөлімнен тұрады.

Иә, біз қайда тұрамыз? Оның жауабы 6-бетте беріліпті. Біздің қасиетті мекеніміз – Ресей, астанамыз – Астана емес, Мәскеу. Оқушы осы беттен Ресей Федерациясының елтаңбасымен, жалауымен, әнұранымен танысады. Әрі қарай парақтасаңыз, Сережа мен Надяға ілесіп, Ресейдің тау-тасын аралап кете бересіз. Сонда қалай, біз Байқоңырмен бірге Ресейге Ата Заңымызбен қорғалатын қазақтың ана тілінде білім алу құқығын да ұстата салғанымыз ба?!

Байқоңырдан Қызылордаға қайтып келе жатқанда біз үлкен жолдың бойындағы Қорқытата кешеніне соқтық. Жергілікті азаматтар “тілек тілеуіңізге болады”, деді. Мен қасиетті бабамыздан ел-жұрттың, ағайын-туғанның, бала-шағамның амандығымен бірге, Байқоңырда тұрып жатқан ағайындарды үйірінен адастырмауын, осыған жауапты адамдарды ақылға шақыруын сұрадым.

Парламент депутаттары Қызылорда облысында болған күндері халықтың барлық топтарын қамтыды десем, артық айтқандық емес. Тасбөгет кентінде ардагерлермен кездестім. Кезінде шаруашылықтың әр саласында қызмет істеген асыл жандар Елбасының атына небір жылы-жылы лебіздер арнады, жаңа Жолдаудан туындайтын міндеттерге терең бойлап, ой толғады, әлемде тарихи қысқа мерзімде осындай биіктерді бағындырған басқа ел жоқ екенін мақтанышпен айтты. “Бүгінгідей ғажайып өмірді қазақ халқы бұрын-соңды басынан кешкен емес. Президент Н. Ә. Назарбаев көрегендікпен, көсемдікпен ұлы далада өте қысқа мерзімде бұрын-соңды болмаған жаңа мемлекет орнатты, мемлекеттіліктің, ел басқарудың өзіндік жаңа қазақстандық мектебін қалыптастырды, халқын сан ғасырлар армандаған мұратына жеткізді, өзі де әлем қауымдастығы мойындаған кемеңгерге айналды.

Тарихтың да, тағдырдың да сынынан абыроймен өтіп, осыншама игілікті жасап беріп отырған, ғаламдық құбылысты, кезеңдік сілкіністі елден бұрын, алыстан сезетін Қазақстан басшысының дағдарыстан шығару әдістеріне, мемлекет құрудағы тәжірибесіне бүгіндері

көптеген іргелі елдердің ерекше ден қойғанын біз мақтаныш етеміз.

Біздің елімізде ардагерлер қамқорлықтан тыс қалып жатқан жоқ. Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығы қарсаңында әрбір соғысқа қатысушы мен соғыс мүгедегіне бюджеттен 65 мың теңге мөлшерінде бір жолғы жәрдемақы төленуі, басқа да соғысқа қатысушылар мен соғыс мүгедектеріне теңестірілген адамдардың материалдық қолдаусыз қалмауы – үлкен қуаныш”. Ардагерлер сөзінің түйіні осындай.

Жолдауда Жеңістің 65 жылдығын кеңінен мейрамдауға байланысты соғысқа қатысушылар мен мүгедектерінің жеңілдікпен жол жүрулері үшін 383 миллион теңге қарастырылатыны айтылды. Осындай игі бастаманы жергілікті жердегі басшылар іліп әкетсе нұр үстіне нұр емес пе. Қызылорда облысының әкімі Б. Қуандықов тұрғындар алдындағы есебінде осындай бір жақсылықты жайып салды. “Жеңістің 65 жылдығына орай соғысқа қатысушылар мен мүгедектерге әлеуметтік қолдау көрсетіледі. Бұл бағытта біз де өз тарапымыздан облысымыздағы соғыс ардагерлеріне біржолғы қаржылай әлеуметтік көмек көрсетуді, ардагерлеріміздің тұрып жатқан үйлерін жөндеп беруді қолға аламыз”, – деді облыс басшысы. Жөн-ақ, деді залда отырғандар риза көңілмен.

Елбасымыз Қызылорда облысына атбасын тіреген бір сапарында: “Бүгінгі Сыр бойында серпінді серпіліс бар”, – деген екен. Біз де облыста болған он күнде тірлік пен бірліктің, құт пен берекенің, ынтымақ пен ырыстың қасиетті мекеніне айналған өңірдегі өркенді өзгерістерге қанықтық. “Кеңесті ел азбайды” деген ұлағатты сөздерді басшылыққа алып, Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың жаңа Жолдауынан туындайтын міндеттерді жүзеге асыруға бір кісідей жұмылған қалың елмен қимай қолдастық.

*«Егемен Қазақстан» газеті,  
12 наурыз 2010 жыл.*

## МЫЛТЫҚСЫЗ МАЙДАН НЕМЕСЕ ҚЫЗЫЛЖАР ҮШІН ҚИЫН КҮРЕС

*Құрметті «Абай» порталының елжанды, ұлтжанды азаматтары! Петропавлды Қызылжар деп атау туралы мәселеге қызу қолдау жасағандарыңызға ризашылығымды білдіре отырып, осы материалды Абай.кз сайтына жариялауды ұйғардым.*

*Құрметпен, Жарасбай Сүлейменов.*

Ерке Есілдің жағасында қанат жайған, үш ғасырдың сырын бауырына басқан осы қаланың бағы жанбай-ақ қойды. Қазақтар оны ежелден Қызылжар деп атайды. Оның астарында ел тарихына деген құрмет, туған жерге деген сүйіспеншілік, қалаға ежелгі атауын қайтарсақ деген арман-мақсат жатқаны анық. Бабаларымыз «Жердің аты – еліңнің хаты» деп бекерге айтпаған ғой. Бұл – бүгінгі ұрпақты елтануға жетелейтін ақ жол. Ел-жер атауларын жаңғырту, қалпына келтіру арқылы ғана ата-баба мирас еткен құндылықтарымызды түгендеп, ұлттық ой-санамызды өзіндік таным-түсінік биігіне көтере аламыз.

Көне қала өзінің төл атауына қашан ие болады, тарихи әділеттілік қашан орнайды? Шыны сол, ол күннің ауылы алыстамаса, жақындайтын емес. Өйткені, басқалар, негізінен орыстар, Петры мен Павелынан айрылғысы жоқ. Қызылжар деген аяқ астынан пайда болған немесе жер-су атауларын өзгертуге құмар кейбіреулер ойлап шығарған сөз емес, бұл – қаланың атам заманғы атауы. Рас, кеңес заманында оны қайтаруға талпыныстар жасалғанымен, мәселе түбегейлі шешілмей, орта жолда қалып қойды. Тәуелсіздік алғаннан кейін халық осы мәселеге қатысты өз көзқарасын ашық білдіре бастады. Ол орынды еді, өйткені ұлттық мүддені айшықтап көрсету арқылы біз еліміздің өткен тарихын бүгінгі ұрпаққа жеткіземіз. Сайып келгенде, бұл мемлекеттік саясаттың да бір көрінісіне айналып, ұлттық нышандар елді мекендердің, көшелердің, алаңдардың аттарынан

да көрініп тұрса, нұр үстіне нұр емес пе!? Президентіміз Н. Ә. Назарбаев «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясының кезектен тыс XII съезінде, ел тәуелсіздігінің 20 жылдығын мерекелеу кезінде бүкіл ел аумағында тарихи-ұстаным белгілерімізді нақтылау керектігін баса айтқан болатын. Олай болса, отаршылдық саясаттың көзіндей сақталып қалған атаулардан арылуды сағызша соза берудің не қажеті бар. Мемлекет басшысы: «Ұсыныстан қашпау керек», – деп отырғанда оны орындаудан неге бас тартамыз?

Алайда кей өңірде «баяғы жартас, бір жартас», өзгеріп жатқан ештеңе жоқ. Сонда қалай, миллиондаған адамдардың қалауы, орынды тілегі ескерусіз аяқасты болып қала бере ме? «Айтпаса сөздің атасы өледі» деген емес пе, осы мәселені Мәжіліс депутаты ретінде көтеріп, жұртшылықтың, биліктің назарын аударсам деген ой мазалағалы қашан. Кейбіреулер таяуда жасалған депутаттық сауалдан кейін мына кісі ұйқысынан шошып оянып, қаламына жармасты деп ойлайтын да шығар. Жоқ, олай емес. Журналист Өмір Есқали «Егемен Қазақстан» (9 қазан 2010 ж.) газетінде: «Петропавл шаһарының ежелгі атауын қайтару жайы өткен ғасырдың 90-шы жылдары қозғала бастаған болатын. Ол кездері негізінен ауыз екі деректерге, түрлі болжамдарға сүйеніп келсе, бүгінде бұлтартпас айғақтар, мұрағаттық құжаттар жеткілікті» деп жазғандай, бұл мәселе көтерілгелі жиырма жылдың жүзі болды. Сол кезде бізге ағаларымыз әлі ерте, есімізді жиып, етегімізді жауып алайық, қаланың аты қайда қашады дейсіндер, шыдай тұрындар деп тоқтау айтқан. Шыдадық. Тағы қанша күту керек?

Сауалымды кейбіреулердің кірпіше жиырылып қабылдайтынын сездім. Өйткені, Қызылжар атауына қарсылар аз емес, олар да қарап отырмайды, улайды, шулайды, бізді қысып жатыр, қуып жатыр дейді, әйтеуір, неше түрлі бәле-жаланы үйіп төгеді. Бұл – олардың ежелгі әдісі. Бірақ, «Қасқырдан қорыққан орманға бармайды» деген бар емес пе, қашанғы шыдай беруге болады, ойымды әріптестерімнің, өзім араласатын азаматтардың арасында ашық айта бастадым. Қолдағандар көп болды. «Қазір бәрі шулап шыға келеді, сау басыңа сақина тілеп алып жүрме» деушілер де табылды. Ол рас, кезінде Елбасының «...Еліміздің зиялы қауымы біраздан бері Петропавл, Павлодар секілді қалалардың атауларын өзгертсек деген ұсыныстар айтып жүр. Ленинград, Сталинград, Ульяновск секілді қалалар, басқа да жер ат-

тары өзгеріп жатқанда, бұл да орынды ұсыныс шығар. Жергілікті әкімдіктермен, мәслихат депутаттарымен ойласып көру керек. Бұл да – елмен бірігіп, ақылдасып шешетін мәселе» деген сөздерін әр саққа жүгіртіп, қарсы қол жинағандар, тыныш жатқан халықты дүрліктіруге жанын салғандар мені аяйын деп тұр ма. Өре тұра келеді, неше түрлі айла-шарғы жасайды. Оның бәрі мен өткен сабақтар. Сонда не істеуім керек? Біреулер қолдамайды екен деп қарап отыра береміз бе? Осының бәрі біздің адамгершілігімізге сын емес пе. «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ», «Бақаның бағынан сұңқардың соры артық» деген оймен, неде болса, осы мәселені жоғары деңгейде көтеруге, сауалымды 22 қыркүйек күні, сәрсенбінің сәтінде, Мәжілістің жалпы отырысында жария етуге бел будым.

Бұл менің жеке басыма қатысты мәселе емес. Қызылжар атауы үшін күрес мен үшін де, мен сияқты миллиондаған қазақтар үшін де тәуелсіздік үшін, елдің болашағы үшін күрес! Осы оймен белді бекем буып дегендей, таңертеңгі отырысқа келдім, сөз сұраушылардың кезегіне жазылдым. Қала тарихына қатысты нақты деректермен дәйектелген сауалым ұзақ еді, уақытты созып алам ба деп қысқаша мазмұнын ғана оқыдым. Петропавлдың ежелгі атауы Қызылжар болғанын дәлелдейтін деректер толып жатыр. Олардың бәрін тізіп шығуға көп уақыт керек. Сондықтан да сөзімді еліміз тәуелсіздік алғаннан бері өшкеніміз жанып, өлгеніміз тіріліп жатыр. Оған, әрине, тәубе дейміз. Алайда, әлі шешілмеген мәселелер де аз емес. Мысалы, Солтүстік Қазақстан облысының орталығы – Петропавл қаласына байырғы Қызылжар атауын қайтару туралы мәселе көтерілгелі көп болды, деп бастадым да нақты деректерге көштім.

Сауал оқылып бітті. Маған солай көрінді ме, мәселенің мәнін түсінген жұрт сілтідей тына қалды. Иығымнан бір ауыр жүк түскендей болып мен отырмын. Жақын отырған әріптестерім сауалды қолдаймыз деп қолдарын қоя бастады. Сол бес-он минуттың ішінде ғана менен басқа жиырма екі депутат қол қойды. Сол сәтте сауалды басқа әріптестеріме ұсынсам, олардың да қолдап, қолдарын қоятындарына сенімім зор еді. Айтқандай, кейін көпшілігі өздері іздеп келді.

Отырыстан шыға бергенімде, «Хабардың» тілшісі Жайна Сламбекқызы бүгін жария етілген сауалға байланысты бір-екі ауыз сөз айтуымды өтінді. Сол ақ екен, журналистер қаптап кетті. «Казин-

форм», «Қазақстан Тудэй» сияқты ақпарат агенттіктері Мәжіліс депутаттары Петропавлдың атын өзгертуді талап етті деген сияқты хабарды сол сәтінде ақ таратып жіберді. Оны басқалар іліп ала жөнелді.

Ертеңіне Сенат депутаты Тасбай Симамбаев журналистерді жинап алып, Петропавлдың атын Қызылжар деп өзгертуге үзілді-кесілді қарсы екенін мәлімдеді. Оның сыртында кім тұрғанын білемін. Тапсырма қатты болса керек, Тасекең біраз жерге барып қайтыпты. Сонда не айтты дейсіздер ғой. «Біз өзіміздің жерлестерімізбен зерттей келе, мұндай мәселені көтеруге әлі ерте деп айтқымыз келеді. Неге десеңіз, қалада 60 пайыз орыс халқы болса, украин, неміс секілді ұлт өкілдерін қосқанда 70 пайызға тартады. Олардың бәрі орыс тілінде сөйлейді. Соның бәрін есепке алып, қала атауын ауыстыруды көтеру әлі де ертерек деп ойлаймыз», – деп еңтігін бір басқан Тасбай қаланың байырғы, түпкі атауы қалпына келсе, сол жактағы басқа ұлттар өре түрегеліп, үдере көшуге әзір отырғанын, қозғай берсек, түбі миграцияға ұласатынын жеткізді.

Тасекеңнің бір сөзі бір сөзіне үйлеспей жатқан секілді. Тарихқа қатысты айтқан пікірлері тіпті күлкінді келтіреді. Тасбай “Жоңғарлар бізді жойып жіберуге шақ қалғанда, Ресей бізді аман алып қалды» деп соқты. Ақиқатына келсек, патша үкіметі Петропавл бекінісін жоңғарлардан қорғану үшін емес, қазақтардан қауіптеніп салған. Кейін бекініс тұрғызылғаннан кейін бұл маңайға қазақтарды жолатпай қойған. Абылайдың хат жазып, қазақтардың сауда-саттық жасауына жағдай туғызу жөнінде өтініш білдіретіні нақ осы кез. Бұл – бір. Екіншіден, бекініс салынған кезде бұл маңайда жоңғарлардың ісі де болған жоқ. Оларды Қабанбай батыр бастаған қазақ жасақтары 1751 жылы жеті қырдан асырып қуып тастаған болатын.

Тасбайдың қала атауын өзгертсек қазақтан басқалардың бәрі үдере көшіп кетеді деуіне де еш негіз жоқ. Осы заманда елді мекеннің атауын өзгерттіндер деп көшіп кеткен адамды кездестірген емеспін. Қай кезде де көшіп-қонушылар болады. Оның бәрі әркімнің өз жағдайына байланысты. Жалпы, бұл мәселеден саяси астар іздеудің, Тасбай сияқты жұртты қорқытып-үркітудің қажеті жоқ еді. Тәуелсіздік алған 20 жылдың ішінде жалпы саналық тұрғыда Қазақстанда тұратын этностардың көзқарасы өзгерді, қазір біздің елімізде тұрып жатқандардың басым көпшілігі Қазақстанды өз отаным деп санайды

деген сияқты әлеуметтік зерттеулердің қорытындыларына сенгенім соншалық, олардың мемлекет құраушы ұлттың тілегіне түсіністікпен қарайтынына еш күмәнданған жоқ едім.

Тасбай былайғы жұртқа ақылды, дана болып көрінгісі келеді. Үнемі ұлтаралық келісімнің, достықтың тасасына тығылады. Меніңше, бұл арада үрей болмауға тиіс. Егер біреулер осыны пайдаланып елдегі тыныштықты бұзуға әрекет жасаса, қоғамдағы келісімге көлеңке түсірмек болса, заң алдында өздері жауап береді. Тәуелсіз, достығы жарасқан елміз деп кеуде қағып жүргенде, осындай мәселелерде тұйыққа тірелсек, оң жолын таба алмасак, орыс-қазақ болып бөлінсек, мұның өзі елдігімізге сын емес пе?! Тәуелсіздік жылдары атқарылған істерді көргісі келмейтіндер, елдің болашағына сенбейтіндер осылай жалтақтайды. Соған қарағанда, кейбіреулердің жақ ашпағаны дұрыс па деймін. Қорқа қорқа болдық қой, осындай сұмжүректердің, сужүректердің сырын түсініп алған кейбір шовинистер достығымызға қауіп төнді деп бірінші болып айқайлайды. Көп жағдайда солардың сөзі өтіп те жүр. Өйткені, өзінің бүгінгі жағдайын ғана ойлайтындар солардың сөзін сөйлеп шыға келеді. Тасбай 1992 жылы казактар көшеге шыққан депті. Ол рас, бірақ Тасбай ол оқиғаның басы-қасында болған жоқ. Сол кезде Тасбай сияқтылар көшеге шығуға қорқып, әкімдіктердің терезелерінен сығалап тұрғанда, алаңға әріптесім марқұм Мәлік Мұқанов екеуміз барғанбыз, қылышын жалақтатқан казактарға басу айтып, сабырға шақырғанбыз.

«Ана тіліндегі» әріптесімнің орыстілді газеттер жайында айтқандарын да қос қолымды көтеріп қолдаймын. Олар ешқандай негіз болмаса да, Петропавлға ежелгі атауын қайтаруға ашықтан-ашық қарсы шықты. Бұл да бізге сабақ болуға тиіс. Бұл екі ұдайда орыстілді басылымдардың бәрі бірдей қазақтың сөзін сөйлемейді, оларға тілің де, ділің де, дәстүрің де, тарихың да керек емес деген сөз. Бір ғана мысал, үстіміздегі жылдың жазында Солтүстік Қазақстан облысында атақты жазушы Сәбит Мұқановтың 110 жылдығына арналған шаралар өтті. Оларды негізінен қазақ газеттері жазды да, орыстілді басылымдар бұған тіпті қатысы жоқтай сырт қала берді. Жасыратыны жоқ, басқа да көптеген шаралар осылай біржақты көрсетіліп келеді. Сонда бұлар қай елдің газеті, қай мемлекеттің радиосы мен теледидары, кімнің мүддесіне қызмет етеді деген ой келеді. Бұл ойланатын жай,

мұның түбі жақсылыққа апармайды. Депутаттық сауалдан кейінгі айт-тартыс осы жараның да аузын ашып берді.

Тасбайдың сөзі майдай жақса керек, Сенаттың Солтүстік Қазақстан облысынан сайланған тағы бір депутаты А. Башмаков журналистерге сұхбат беріп, бұл бастаманы қолдамаймын деді. «Бұл мәселені көтеріп жатқан азаматтар, оның арты не боларын жан-жақты сараптамаған сияқты. Халықтың барлығы қазір қаланың атауын өзгертуді құптайды деп айта алмаймын. Оның үстіне, Петропавл мен оның маңайындағы елді мекендер Қызылжар шатқалында орналасқаны туралы тарихи деректер бар, бірақ, Петропавлдың өзі ешқашан Қызылжар деп аталмаған», – дейді ол.

Башмаковтың тарихтан титтей хабары болса, мынандай сөздерді айтпас еді. Жарайды, оның сыры да, жайы да белгілі ғой, ішінде ит өліп жатқан шығар, ал Тасбайға не жоқ десеңізші. «Көкек өз атын өзі атап шақырады» дегендей, сайлау жақындап келе жатыр, сондықтан, Мәжіліс депутаттары осындай қадамға барып отыр деп танаурапты. Шынына келсек, бұл бос сандырақ, жаптым жала, жақтым күйенің кері. Өйткені, бүгін-ертең Мәжілістің сайлауы өтеді деген сөз жоқ. Ал Симамбаевтың депутаттық мерзімі келесі жылы аяқталатыны басы ашық мәселе. Олай болса, кімнің ұпай жинағысы келіп отырғаны өзінен-өзі белгілі болып тұрған жоқ па. Мен де сол өңірдегі халықтың ұлттық құрамын жақсы білемін. Егер жеке басыма қатысты басқа ой болса, бұл мәселені он айналып өтпеймін бе. Ал тіпті Мәжіліс сайлауы мерзімінен бұрын өтетін болғанның өзінде, мені дәл қазір осы арада қалай қалып қойсам екен деген ой мазалап отырған жоқ. Парламент қабырғасында он жылдан артық уақыт отырса да, беделіне-бедел, абыройына-абырой қосып, қайраткер биігіне көтеріле алмаған, сол баяғы бөлімше агрономы деңгейінде қалып қойған Тасбай жоғарыдағы сандырағын саясаттан хабары жоқ біреулерге айтса, мүмкін, сеніп қалар, ал оның шын сырын білетіндер үшін бұл сөздердің көк тиындық құны жоқ.

Тасбай туралы алда әлі де талай әңгіме айтылады, әзірше сауал жасалғаннан кейінгі ахуалға оралайық. Орыстілді басылымдардағылардың ар-ұятты белге буып қойып, орынды талапты неше түрлі қитұрқыға салғанын қайтерсің. Кейбіреулері саясатқа, ұлт мәселесіне тіремек пе қалай? Сары лента тағу, дауыс беру



сияқты бірдемелерді шығарды. Өздерінше, тұрғындардың 90 пайызы қарсы деп шықты. Ол өтіріктерінің арты ашылып қалды. «Время» газетінің 2 қазан (2010ж. ) күнгі санында жарияланған материалға түсініктемелерде Қызылжар атауын дауыс беруге қатысқандардың 78 пайызы қолдайтыны жазылды. Бір азамат осылардың бәрін пайызға шағып, «өрекпімей-ақ қойыңдар, Қызылжар атауын халық қолдап отыр» дегенді жеткізді.

Расында да қолдаушылар аз болған жоқ. Мысалы, «Абай» порталында бір күнде ғана 500-дей пікір жарияланды. Алматы, Атырау, Ақтау ... ақпарат еліміздің түкпір-түкпірінен ағылып жатыр. Жұрттың бәрі басқа мәселелерді сырып қойып, Қызылжар атауын қайтаруға білек сыбанып кірісіп кеткен сияқты. Жасырып қайтейін, жүзге, руға бөлінуге келгенде алдарына жан салмайтын қазақтар ұлттық мүдде төңірегінде ұйыса алмайтындай көрінуші еді. Қызылжар мәселесіне келгенде қандастарымыздың осылай бір қолдан жең, бір жағадан бас, бір жерден үн шығаруы менің күдігімді сейілткендей, ойыма шуақ, бойыма қуат құйғандай болды.

Телефонда маза жоқ, таңертеңнен кешке дейін дыр-дыр... Хабарласып жатқандардың арасында журналистер де бар.

- Мен айтарымды айттым ғой, басқа алып-қосарым жоқ деймін.

- Симамбаевқа не айтасыз?

- Не айтайын, оның бағасын уақыт, халық береді.

Халық көп күттірген жоқ, ғаламторда оның сыбағасын жақсылап тұрып берді.

- Тасбауыр тасбайлар кімнің жоғын, неге жоқтап жүр? Оны халық сол үшін депутаттыққа сайлады ма екен?

- Қызылжар атауына қарсы болған, ертеңгі сайлауда орыстардың даусын алу үшін қазақ мүддесін сатқан “тасмандай” тасбайларға қарсы соғыс жариялау керек. Симамбаевты сенаторлықтан қайтарып алу үшін қол жинау керек. Біздің “Жас қазақ үні” газетінде көктемде шыққан “Тасмандай елдің Тасбайлары көп болады” деген мақалада оның әкім кезіндегі 3 млн. долларды қалай жоқ қылып жібергені, т. б. жазылған. [kazybek\\_isa@mail.ru](mailto:kazybek_isa@mail.ru).

Нақ осы кезде облыстағы ақпарат құралдары маған қарсы мақалалар жариялап жатыр деген хабар құлағыма жетті. Қорыққан бірінші болып жұдырық ала жүгіреді ғой дедім де қойдым.

«Мәжіліс депутаттарының сауалына қарсы кейбір жергілікті орыс тілді басылымдар мен муниципалды телерадио арнасы (МТРК) өре түрегеліп, тыныш жатқан халықты алаңдай бұлдіруге бейім тұрды. Алайда, олар шындықтың өңін бұрмалап, қанша құбылтса да солтүстікқазақстандықтардан қолдау таппай, маңдайлары тасқа тигендей болды. Бір ғажабы, ұлттық мәселелер төңірегінде әңгімелер қозғала қалса, облыстық әкімдік тікелей қаржыландыратын МТРК-нің (директоры Евгений Сазанов), әсіресе, белсенді болып кететін әдеті бар. Бұл жолы да арна жанынан ашылған ОДК сайтында интернет-сауалдама жүргізіліп, әлдекімдердің атынан арзанқол, жілігі татымайтын пікірлер ұйымдастырылды. («Егемен Қазақстан» 6 қазан 2010 ж.)

Шулап жатқандар негізінен орыстілді ақпарат құралдары, қазақтар үнсіз. Жоқ, олай емес екен, кешікпей қазақ тілді басылымдар өз көзқарастарын білдіре бастады. Солардың ішінде маған ұлтжанды азамат Нұртөре Жүсіп басқарып отырған «Айқынның» сөзі салмақты көрінді. «Петропавл қаласының атауын өзгерту бастамасы бірінші рет көтеріліп жатқан жоқ. Мәжіліс қабырғасында көтерілген кезекті бастаманы депутат Жарасбай Сүлейменов жариялағалы бері кейбір жергілікті орыстілді сайттар ақпараттық соғысты қолдан тұтандырып, тіпті, белгілі бір деңгейде арандату әрекетіне барудан да тайсалмайтын сияқты. Бұл арада елдің ұлттық және ақпараттық қауіпсіздігін қорғайтын Ата Заңнан бөлек, “Интернет туралы” арнайы заңның барын да ұмытпаған абзал» деп әріптестерді сабырлылыққа шақырыпты.

Осы газетте сөз алған тарихшы Берекет Кәрібаев: «Солтүстік аймақтардағы елді мекендердің, кейбір кішігірім қалалар мен облыстық дәрежедегі ірі қала атауларының өзгертілмей жатқандығы – елімізде әлі де болса, отарсыздану саясатының жүргізілмеуінің салдары. Бұл – отарлық психологиядан толық арыла алмағандықтың көрінісі. Тәуелсіздік алғанымызға 20 жыл толды. Тәуелсіздік жылдары дүниеге келген балалар биыл 19-20 жасқа толып жатыр. Олар толыққанды азат елдің азаматы болуы керек... Халыққа керек атауы – Қызылжар» депті.

«Түркістан» газеті «Қызылжар үшін қиын күрес басталды» деген тақырыппен көлемді мақала жариялады. Иә, бұл шын мәнінде қиын

күрес, ол бүгін ғана басталған жоқ, ондаған жылдардан бері жалғасып келеді және шешімін тапқанша, бүгін де, ертең де тоқтамайды. Ел картасындағы қара дақты өшіріп тынбай қазақтың көңілі тыншымауға тиіс. Қарсы айғайлап жатқандар баяғы шовинистер, елге, қазаққа жаны ашымайтындар. Газет тілшісі осы ойымды дөп басқандай. «Дәл осындай ойлар осыдан жиырма жыл бұрын, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында да айтылатын. Ол кезде қанаты әлі қатпаған, буыны бекімеген жас мемлекеттің ішіндегі ұлтаралық араздықтан үрейленуші едік. Үстем ұлттың көңіліне жалтақтап, олардың сезіміне қылау түсірмеуді мақсат еткенбіз. Жылдар өте келе елдегі өзге ұлт өкілдері біздің осы жалпақшешейлігімізді түсінер, мемлекет құраушы ұлттың мүддесімен санасар, мемлекеттік тілді үйренуге де, ұлттық құндылықтарды ұлықтауға да қарсылық білдірмес деген ой болған ол кезде. Бірақ, тәуелсіздігіміздің жиырма жылдығы тұсында да ұлттық дербестікті мойындағысы келмейтіндер сол баяғы жырды әлі үзбей жырлап келеді... Бұл біздегі мемлекетшілдік сананың әлі де болса қалыптаспай отырғандығының салдары. Біз түгілі Ресейдің өзі кеңестік идеологияның сарқыншақтарынан арылу мақсатында – Ленинградты Санкт-Петербургке, Сталинградты Волгоградқа, Горькийді Нижний Новгородқа, Свердловскіні Екатеринбургке ауыстырып жіберген жоқ па? Тарихи атауы қайтарылған Ресей қалаларының тұрғындары ешқайда үдере көшкен жоқ. Олар мемлекеттің стратегиялық, ұлттық саясатымен санаса білді. »

Нақ осы кезде мен үшін зиялы қауымның пікірі маңызды еді. Олар баспасөз бетін жайлап кеткен әңгімеге үн қосар ма екен, қосылса не айтады? деген ой толғандырды. Белгілі қаламгер, ғалым Совет-Хан Ғаббасұлы («Айқын» (25. 09. 2010) өз ойын былай түйіндепті: «Қызылжар – деп қаланың яки сол жердің тарихи ежелгі атауын беруге қарсы болып тұрған бір-ақ нәрсе, ол – біздің құлдық психологиямыз... Тәуелсіздігіне 20 жыл толмақ елдің Петропавл мен Павлодар атауын өзгерте алмай отырғаны ұят-ақ! Орыс патшасы ол атауды қоярда Қазақ халқының пікірін қажет етіп пе еді. Бұл басқыншылықпен қойылған атауларды не үшін саудаға салып жүрміз? Сондықтан депутаттар дұрыс көтеріп отыр. Анау билік тағайындаған депутатсымақ Башмаковтың Қазақстан азаматы еместігі көрініп тұр. Омбы мен оның айналасындағы жер атаулары өзі айтып тұрғандай, ол баяғы Қазақтың

жерлері екені белгілі» десе, өзімнің әріптесім, тарихшы, ғалым Камал Бұрханов: «Жеке пікірім, Петропавл атауын ауыстыратын уақыт жетті. Оның үстіне ғалымдар мен деректанушылар Қызылжардың тарихи атау екенін нақты дәлелдеп қойды. Меніңше, бұл шешімді Мемлекет басшысы да қолдар еді. Себебі, ол кісі БАҚ бетіндегі бір сөзінде «Ленинград, Сталинград секілді қалалар атауын өзгертіп жатқанда, бізге неге болмайды?» деген сияқты пікір айтқан болатын. Ал жергілікті тұрғындардың тарапынан қарсылық білдіріп жатқандар болса, бұл да – қалыпты құбылыс. Дегенмен халқымыздың басым көпшілігі қала атауының өзгергенін қолдайтынына мен бек сенімдімін. » («Алаш айнасы» 24 қыркүйек 2010 ж. ) депті.

«Бұл – уақыты әбден пісіп-жеткен бастама. Біріншіден, бұл – қоғамдық сұраныс. Қазақстан тұрғындарының, зиялы қауым өкілдерінің, тіпті мемлекет басшылығында жүрген адамдардың да басым көпшілігі бұл бастаманы қолдайды. Петропавл қаласына тарихи атауын алып беру керек. Мұндай қадам жасауға тарихи негіз бар. Қызылжар деген атау сол аймақтың жер бедеріне, топырағының, жартастарының түсіне байланысты пайда болған. Петропавлдың бұрынғы атауы Қызылжар болғанын көптеген деректер дәлелдейді. Мәселен, Шоқан Уәлихановтың еңбектерінде, атақты ақын-жыраулардың өлеңдерінде, фольклорлық мұраларымызда көрініс тапқан. Тіпті өзімізді былай қойғанда, Ресейдің де жазба деректері осы өңірге қатысты Қызылжар атауы қолданылғанын дәлелдейді. Сондықтан біз тарихи әділеттілікті орнатуымыз керек. Ал тарихи әділеттілік дегеніміз жергілікті тұрғындардың ұлттық құрамымен есептелмейді». («Алаш айнасы» 24 қыркүйек 2010 ж.). Бұл филология ғылымдарының докторы, профессор Дихан Қамзабектің пікірі.

Ұлт мүддесі таразы басына тартылған нақ осы кезде ойын ашық білдірген этнограф-ғалым Сейіт Кенжеахметовке да риза болып қалғанымды несіне жасырайын. Ол «Айқын» газетінде: «Петропавлға бұрынғы тарихи Қызылжар атауын қайтару туралы бір топ депутаттың көтерген бастамасы өте дұрыс деп есептеймін. Бұл бұрыннан көтеріліп келе жатқан, мезгілі жеткен мәселе ғой. Петропавлдың тарихын Петр мен Павелдің есімімен байланыстырып жүргенмен оның бұрнағы атауы тұғырын табуы тиіс. Оның үстіне Қызылжар – үлкен жердің, облыстың орталығы, қазақтың мәдениетінің ошағы,

ұлттың беткеұстар қайраткерлерін туғызған құтты мекен. Сондықтан Қызылжар атауын қайтару тарих үшін, адам үшін, елдік үшін, ұлт үшін, болашақ үшін де барлық тұрғыдан сәйкесін тауып отырған мәселе. Оны жай қозғап қана қоймай, Қызылжар атауын түпкілікті қайтару керек. Баяғыда Павлодарда басқа ұлттар Сәтбаевтың атын бермей қанша жыл күтіп жүрдік. Сол сияқты олардың қарсылығы болуы мүмкін. Бірақ тарих бәрін өз орнына қояды. Жергілікті ағайындар ауызекі тілде Петропавлды Қызылжар деп атап жүр. Осындай заңды бастаманы Елбасы да қолдайды деп ойлаймын» деп жазды. («Алаш айнасы» 24 қыркүйек 2010 ж.) Петропавлдың Қызылжар аталуын Елбасының қолдайтыны даусыз. Әйтпесе, ол кісі облысқа келген сайын құрметті қызылжарлықтар деп сөз сабақтар ма еді.

Қызылжар атауына барлық қазақ газеттері қолдау білдірді десем, «Алаш айнасы» апталығы осы мәселеге бір емес, бірнеше мақала арнады. Әсіресе, басылымның Солтүстік Қазақстан облысындағы тілшісі Ербақыт Амантайдың тегеуіріні қатты көрінді маған.

Ербақытты мен біраздан бері білемін. Мен «Солтүстік Қазақстан» газетін басқарып жүргенде ол студент еді. Кейін оқуын тәмамдап, облыстық телерадиокомпанияға жұмысқа орналасты, жастық жалынмен жарқылдап, өткір материалдарымен көзге түсті, газетке ауысты. Кешікпей оның есімі «Алаш айнасы» газетінен көріне бастады. Жазғандары жап-жақсы, әсіресе, ұлт мүддесіне қатысты мәселелерде түйдек-түйдек ой айтып, көсіліп кетеді. Бір күні өзім осылай сырттай сүйсініп жүрген Ербақытым мені де іліп кетіпті, Т. Симамбаев екеумізді қатар жазып, Парламентте отырған ағаларымыз Қызылжар атауын қайтаруды ойламайды депті. Басқалар үшін жауап бере алмаймын, ал өзім соның алдында ғана «Бетпе -бет» хабарында осы мәселені көтеріп, оны шешетін мезгілдің әлдеқашан жеткенін ашық айтқан едім. Ербақытқа осы жайды наз ретінде жеткіздім. Ол түсінгендей болды. Бақсам, бұл түйткіл оның да кеудесін тырнап жатыр екен ғой. Содан да болар, орыстілді басылымдар өре тұра келгенде Ербақыт та қарап жатқан жоқ, «Алаш айнасына» күн сайын дерлік мақала жариялап, көтерілген мәселеге қолдау білдірді. Әрине, жас болған соң, қызбалыққа салынады, бет жүзіңе, шен-шекпеніңе қарамайды. Мен оның «Қарасақалдылар «Қызылжардан» неге қорқады?» деген мақаласын осылай бағаладым.

Жас әріптесімнің жүрекжарды сөздерін оқығанда қатты қуандым, мені жақтағаны үшін емес, ештеңеден қаймықпай көзқарасын бүкпесіз білдіргені үшін. Біз де жас болғанбыз, алды-артымызға қарамай сөйлегенбіз. Сол үшін таяқ та жегенбіз талай. Ербақыттар аман болса, елдің ертеңі сенімді қолда. Солайы солай -ау , бірақ көңілімде күдік те жоқ емес. Ербақытты Қызылжар атауын қолдағаны үшін қызметінен босатыпты деп естідім. Бұл енді ақылға симайтын жай. Жалпы соңғы кезде бір келеңсіздік етек алып барады. Дұрыс жұмыс істеп отбасынды асырау үшін команда деген бәлеге енуің, болмаса бастықтың алдында маңдайыңды жерге тигізіп иіліп тұруың керек. Әйтпесе, жолатпайды. Елбасы осыны қойындар дегелі кашан. Қоймайды, жергілікті жерде әкімдер өздерін жарты патшадай сезінеді, ойларына келгенін істейді, қарсы келгендерді қуғын-сүргінге ұшыратады, сағын сындырады. Солардың әкімгершілік-әміршілдік әдісінен жастардың жігері жасып, жағымпаздардың қатары қалыңдай түсуде. Мұның аяғы неге апарып соқтырар екен?

Қалаларымыздың тарихи атауын қайтаруға қазақтардың өзінің қарсы шығуы ұлттық рухымыздың әлсіздігінен бе? «Алаш айнасы» зиялы қауым өкілдеріне қойған осы сауал кімді де болсын ойландырғандай еді. Әрине, оған әркімнің өз жауабы бар. Заң ғылымдарының докторы, профессор Арықбай Ағыбаев: – Қалай айтсақ та, Тәуелсіздікке қол жеткізген қазақтың ұлттық рухы әлі де болса төмен. Бұл, әсіресе, кейбір қоғамдық-саяси мәселелерді шешуге келгенде айтарлықтай сыр беріп қалып жатады. Меніңше, бұл – ешқандай талқылаусыз-ақ жүзеге асатын шаруа. Бір өкініштісі, қазаққа қатысты мәселелерде қазақтардың өздерінің қарсы шығуы қалыпты жағдайға айналып келеді. Басқа-басқа, тарихи маңызы бар жер-су аттары мен шағын елді мекендер мен қалаларымыздың атауларын толығымен қазақшалап, қалпына келтіре алмай отырғанымыз алдымен өзімізге сын. Өз жерімізде өзіміз иелік ете отырып, неге өзгеге жалтақтаймыз? Қазақстан өз алдына жеке мемлекет болғандықтан, оның негізгі иесі қазақ халқы емес пе?

Біз үшін аз ғана өзге этностардың пікірі аса маңызды болмауы керек. Себебі, осы жердің тарихи иесі – бізбіз. Сондықтан кез келген мәселе жергілікті басым ұлттың, яғни қазақтың пайдасына шешілуі тиіс. Баяғыда еліміздің солтүстігіндегі бес бірдей облысты орыстар

бөліп алғысы келгенде, қазақтар қалай қарсылық танытып еді. Соның арқасында жеріміз сақталып қалды. Қайта сол кезде біздің ішкі рухымыз мықты болған ба деп қаламын. Бүгінгі қазақта тоқмейілсу бар сияқты. Әйтпесе неге ата-бабаларымыздан қалған тарихи атауларды қайтаруға келгенде дәрменсіздік танытып отырмыз? Ол үшін не кедергі болып отыр? Заң ба тосқауыл болып отырған? Бірақ мен бұлай ойламаймын. Өйткені, елімізде жер-су, елді мекен аттарын өзгертуге мүмкіндік беретін арнайы заң бар.

Қалай болған күнде де дүбәра атаулардан тез арада арылуымыз керек. Олай болмаған күнде сырттан келген қонақтарымызға әлгіндей орысша атауы бар қалаларымыз бен көшелерімізді «мынау біздің тарих» деп қалай көрсетеміз? Қалай десек те, халықтың патриоттық сезімі мен ұлттық рухын көтеру үшін жоғарыдағылар батыл шешімдер қабылдауы керек, – депті.

Еуразия университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Дихан Қамзабекті көптен білемін, есімі елге кең танылған, жас та болса, бас болып жүрген ойлы азаматтардың бірі. Содан да болар, оның пікірі де мені қызықтырды.

– Жақында Қызылжар атауын қайтару мәселесі туындағанда петропавлдық орыстілді ақпарат құралдары орыс мұжығы мен татар молдасының пікірін алға шығарып, тарихи шындыққа көз жеткізгісі келіпті. Олардың не айтатыны белгілі ғой. Бұл дегеніміз – белгілі нәрсені жоққа шығарып, қоғамдағы дүрдараздықтың тууына алып келетін факторлар. Сондықтан да осындай көптеген үлкен мәселеде бізге өте сарабдал саясат ұстану қажет.

Қызылжар сияқты кейбір атаулар дәлелдеуді қажет те етпейді. Ал бүгінгідей Петропавл – Қызылжар тартысының орын алуы, – ол қазақтың рухының төмендігінен немесе енжарлығынан емес, ол – нақты ұсыныстарды қарап, шешім шығаратын тиісті орындар мен сонда отырған теріс пиғылды адамдардың жауапсыздығынан. Білуімше, дәл осы мәселені шешуге тікелей ықпал ете алатын Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихаты өз территорияларындағы атаулардың өзгеруіне мораторий жариялап қойған. Демек, жергілікті халық сайлаған депутаттардың өздері қазаққа тарихи атаулардың қайтарылуына құлықсыз. Сондықтан да жер-су, елді мекен, ауыл-қалалардың аттарын өзгертуде үлкен рөл атқаратын Республикалық

ономастикалық комиссияның құзырын күшейту керек. Ал еліміздегі жер-су аттары қайтарылмай жатқанына қарапайым халық кінәлі емес депті ол.

Қызылжар атауын қолдаушылардың дені жастар десек те, арасында таныс есімдер де кездесіп қалады. Мысалы, белгілі қаламгер Ғаббас Қабышев: «Петропавл» қаласын атамзаманғы атынша «Қызылжар» деп, ал «Павлодарды» бір кездегі атынша «Кереку» деп атау туралы пікір айтыла бастағалы ширек ғасыр болған шығар, бірақ Алдекеңнің «әләуләйім бітсе, хәләуләйім бары» сияқтанып, әзірше оң шешім болар емес. Оған себеп – орыс ағайындардың орынды пікірге өре қарсы тұратыны және оларды біздің кейбір әсіре білімділеріміздің қостап шығатыны» дей келіп, орыстарға былайша наз айтады: «Оу, жерлестер! Ресейдің отаршылдық саясатын таратушы «ғылыми экспедициялар», оларды «қорғаушы» әскери отрядтар келгенге дейінгі қазақы көне қала Қызылжардың атын бассалып орысшалаудың ақылға қонбайтын қиястық екенін, ол озбырлық-зорлықты түзететін уақыт әлдеқашан болғанын түсінгілерің келмейтіні қалай? Қазақтың жерін жерлеп, суын сулап отырып, құдайы көршің, жолдасың, досың, құдандалың – қазақтың адами, заңды талап-тілегіне қиқуалай қарсы ұшатындарыңды не деу керек? Петр мен Павелдің атын көзді жұмып алып қорғаштауға қайдан, кімнен тапсырма алдыңдар? Әлде саналарыңның саңылауынан кәдімгі шовинизм сығалап жүр ме? Әлде қолдарыңда: «Петр мен Павел қазақтың әулиелері болған, қазақ еліне жарқын болашақ тілеп өткен» деген тарихи мағлұмат бар ма?»

Маған Ғабенің жастар мен Елбасына арнаған сөздері де ұнады: «Қазақтың бұл көне екі қаласына тарихи аттарын қайтаруды талап етуші жастарға айтарым: Ниеттерің түзу. Заңға томпақ емес. Сабырды серік етіп, тілек-талаптарыңды қазағы, орысы, ұйғыры, немісі, кәрісі... бар көпшілікке және Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев мырзаға жеткізіндер. Мәселе шешімінің оң болуы негізінен Президенттің пейіл-көзқарасына байланысты.

Нұрсұлтан Әбішұлына айтарым: Нұреке, күні кеше: «Бұдан былай Семей делінетін болсын!» деген бір ауыз сөзіңізбен «Семипалатинскіні» Абайдың, Шәкәрім мен Мұхтардың жерінен аулақтатқан



едіңіз, енді бүгін, «Петропавловскіні» Мағжанның, Сәбит пен Ғабиттің жерінен аулақтатсаңыз, нұр үстіне нұр болар еді!» («Абай. кз» порталы).

Ғабсң Тасбайды да ұмытпапты: «Ал Парламентіміздегі анау әлгі депутат Тасбай Симамбаев мырзаның құлағына – мыс сырға! «Петропавловскіге» қорған болғаны үшін «алтын сырға» деуім керек еді, амал не, бір грамм да алтыным болмай қалды. » Біреулер сол шалға не керек, жазуын жазып, тиыш қана отырмай ма дейтін де шығар. Өз басым Ғабенді қатты сыйлаймын. Жазушылар одағында бір-екі рет көргенім, одан кейін «Мағжан әлемі» кітабын құрастырғанда телефон арқылы сөйлескенім болмаса, таныстығым жоқ. Жаны таза азамат. Қоғамда болып жатқан құбылыстарға әркез сергек қарайды, ойын бүкпесіз айтып, елге, халқымызға жаны ашитынын білдіріп отырады, кейбір ағаларымыз сияқты жалтақтауды, жалпаңдауды білмейді.

Арада екі аптадай уақыт өтсе де Қызылжар атауына қатысты айғай-шу бәсеңситін емес. «Время» газеті оқырмандарының сауалдарына жауап берген белгілі жазушы, аудармашы Қызылжар өңірінің тумасы Герольд Бельгер де осы мәселені орап өтпепті. Жазушы «... Мен сол өңірдегі қазақ ауылында тұрдым, біз ес білгеннен қаланы Қызылжар деп атайтынбыз » дей келіп, «мұндай мәселелерде асығуға болмайды» депті. Жайшылықта бүкіл елдің жүгін өзі арқалап келе жатқандай көрінетін, қазаққа ақыл айтқыш Герағанның бұл сөздерін түсіне алмадым. Қайдағы асығу?! Жиырма жыл өткен жоқ па?

Әлде, әлі де шыдай тұру керек пе еді? Менің де шыдағым келді, бірақ оған қойды ма?!

Шіркеу басшысы Петропавлды өзгертпейміз деп қол жинап жүрген көрінеді...

Осыдан екі жыл бұрын қазақша атауға ие болған көше аты қайта өзгертіліпті.

Қаладан таяқ тастам жердегі Чапаево ауылына ежелгі атауын қайтарамыз десе, депутаттар ауыз аштырмайды. (Облыста тағы осы атаумен аталатын екі село бар. )

Бір-екі қысқа көшенің атын өзгертемін деп көзге түсіп қалған қаланың жаңа әкімі Нұржан Әшімбетов енді мұндай қадамға бармаймын деп ант-су ішкендей болыпты.

Осылай тізіліп кете береді. Нағыз ашиды жаның, қайнайды қаныңның өзі. Әйтпесе, «Арқада аяз болмаса, арқар ауып несі бар?» дегендей, тиыш жүре бермеймін бе?

Интернет бұрқ-сарқ қайнаған қазан сияқты. Бітеу жараның бетін қозғап кеткенімді байқап отырмын. Арандатушылардың қарқыны бәсеңсіген сияқты. Оны басқалар да байқаған болулары керек. Газеттердің бірі «Атын атап, түсін түстеп, кішігірім сайттарға жарнама жасағымыз келмейді, бірақ “Петропавл атауын сақтап қалайық!” деп ұрандатқан сайттар мен форумдар бүгінде бармақтарын тістеп қалып отыр. Себебі, қай форум болмасын, қазір “Қызылжар атауын қолдаймыз!” деп, дауыс берген азаматтардың дауысы да басым, ұпайы да бүтін. Бұл арада, әсіресе, қазақ жастары, оның ішінде студенттер мен оқушылар, блогшылар мен журналистер қауымы ауызбіршілік танытып, айтулы сайттарда Қызылжар атауын барынша қолдап келеді. Ең қызығы, өздері дауыс беруді ұсынған кейбір сайттар “Қызылжар атауын қолдаймын” деген дауысты қабылдамайтын боп қалыпты» деп жазды.

Нақ осы кезде елге есімі жақсы таныс жазушылар мен саясаткерлер де төбе көрсете бастады. Жазушы Дулат Исабеков: “Екі әулиені қатар пір тұтатындай не көрінді сонша? Осы уақытқа дейін көніп келгеніміздің өзі жігерсіздігіміз деп есептеймін. Ресейдің қай қаласы қазақша аталады? Қала атауларын өзгертуді дауға айналдырмай-ақ, Петропавлды Қызылжар деп атау қалалық әкімдіктің қолында тұр. Қала атауын ауыстыруға қарсы шыққан Симамбаев сынды сенаторлардың бойында ешқандай намыс жоқ. Сонда да депутат болып жүр. Оның бұл қызметте отыруына хақысы бар ма, жоқ па? Қазақ ұлтының, елінің мүддесін қорғайды деп Симамбаевты сенатқа отырғызудың өзі артық. Ең алдымен, Қазақстан осындай кадрлардан тазару керек”, – деп бір-ақ кесіпті.

Енді Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтының профессоры, белгілі қоғам қайраткері Амангелді Айталының пікіріне назар аударалық: «Мен сенатор Симамбаевтың Петропавл қаласының атын өзгерту туралы пікірін теледидар арқылы естігенімде, ашуға булықтым. Өйткені, Симамбаевтың пікірі – қазақ неглизимінің, орыс шовинизмінің көрінісі. Менің білетінім, елімізде кешегі Кеңес Одағы кезінде қазақтың нанын жеп, суын ішіп, ауасын жұтып ержеткен,

бірақ орысша тәрбиеленген ұрпақ бар. Міне, осы ұрпақ дәл қазіргі күні халықтар достығын желеу етіп, қазақ мәселесіне, қазақ идеясына келгенде іштей де, ашық та қарсылық білдіруде. Осының салдарынан мемлекеттік тіл – қазақ тілін дамыту, жер-қала атауын өзгерту ісінде аяқтан шалуға дайын кедергілер кездесуде. Шындығын айтсам, Кеңес өкіметі тарихтан кеткенімен де, кеңес идеологиясы, орыс шовинизмі, жалған интернационализм өмірден кеткен жоқ. Сондықтан Петропавлды «Қызылжар» деп атаудың әділдік екендігін халыққа айту керек, түсіндіру керек. Мысалы, Симамбаев сияқтылар біздің халықтың тарихын білмейді. Бір сөзбен айтқанда, халықтың арасында үлкен үгіт-насихат шараларын жүргізу керек. Соңғы уақытта табылған тарихқа қатысты құжаттарды БАҚ-та кеңінен жариялау қажет. Жоғары оқу орындарында, мектептерде, мәслихаттарда бұл мәселені айту да кезек күттірмейтін мәселе. Қаланың атын өзгерту орыс халқына, орыс идеясына қарсы шығу еместігін терең түсіндіру қажет».

Өте орынды сөз. Бұл белгілі бір ұлтқа қарсы жасалған әрекет емес. Соны біле тұра орынсыз жерге пышақ ұрып, араға от салғысы келгендер болды. Бірақ оларынан түк шыққан жоқ. Ол ол ма, айтыс қыза түскен сәтте тарихи әділдік жағына шығып, ақ-адал сөзін айтқандар басқа ұлттардың арасынан да табылды. Солардың бірі мәскеулік тарихшы Евгений Верхотуров «Неономад» сайтында бірінен соң бірін екі материал жариялады. Алғашқы мақаласында ресейлік журналист Тасбай туғызған дауға көбірек тоқталса, екінші жарияланымында Қызылжар деп атаудың қандай қажеттіліктен туып отырғанын жан-жақты түсіндіреді.

«Көп қорқытады, терең батырады» деген емес пе, Тасбайдың жүрегі тас төбесіне шыққан болуы керек, «сасқан үйрек артымен жүзедінің» керіне түсіп, «Алаш айнасының» (2 қазан 2010ж. ) тілшісіне «... Осы ұсынысты көтеріп жүргендерге мен қарсы шыққан жоқпын... Мен бұл ұсынысты қолдаймын» депті. Ол аздай, арада бірнеше күн өткеннен кейін тағы да осы басылымға сұхбат беріп, «Мені үш айға Солтүстік Қазақстанға жұмыс сапарымен жіберсе, мен Петропавл атауын Қызылжар деп өзгертіп келер едім» (16 қазан 2010 ж. ) деп соғыпты. Бұл Тасбайға дауа жоқ, қай сөзіне сенерінді білмейсің.

Кейде мені депутаттық мерзімім аяқталғаннан кейін немен айналыссам деген ой мазалайды. Жетімдерді жебеу, ауру-сырқауларды

демеу үшін қайырымдылық қорын құрғым келеді. Ал кейде, белгілі бір мәселеге «тисе- терекке, тимесе – бұтаққа» дегендей, екі-ұшты болжам айтып, оқырманның немесе тыңдаушысының шақшадай басын шарадай қылып қоятын саясаттанушы болсам ба деймін. Содан ба екен, халықаралық тәуекелді бағалау тобының жетекшісі Досым Сәтпаевтың пікіріне де көңілім ауа берді. – Бұл мәселе негізінен осы аймақтағы демографиялық және ұлттық жағдайға келіп тіреледі. Сондықтан жергілікті билік өкілдері осындағы тұрғындардың пікірлерін де ұмытпағаны жөн, – депті белгілі саясаттанушы. – Ал енді сенатор Симамбаевтың «егер қала атауы өзгерсе, орыстардың көпшілігі басқа жаққа қоныс аударуы мүмкін» деп асыра сілтеп айтуы, әсте көңілге қонбайды. Себебі қала атауының өзгеруі тұрғындардың жылы орындарынан қозғалуына ешқандай ықпал етпейді. Бұл – бір! Екіншіден, бұл мәселені шенеуніктер өздігінен шешсе, онда бұл заңға томпақ келеді. Сондықтан да бұл жерде биліктегілер әліптің артын бағып, өздерін сақтандырып отыр. Ал үкіметтегілер бұл мәселеде нақты шешім қабылдауға үреймен қарауда. Өйткені, олар «жылы орнымыздан айырылуымыз мүмкін» деп қорқақтайды. Әйтпесе, бұл мәселені ушықтырмай шешуге болады.

Ал, «Ұлт тағдыры» қозғалысының төрағасы Дос Көшім не дейді: – Мұндай мәселеге келгенде, түрлі топтардың сан алуан пікір білдіретіні бар. Бұл – біріншіден! Екіншіден, заман талабына сай келетін Ономастикалық заң қабылдануы және сол заңда мұндай толғақты мәселе толық шешімін табуы тиіс. Ал бізде олай болмай тұр. Ал енді сенатор Симамбаевтың айтқаны – адамның ақылына сыймайтын нәрсе. Сонда қалай, орыстар көп аймақтың атауы орысша, кәрістер көп жердің атауы кәріс тілінде, ал ұйғыры көп аймақтың атаулары ұйғыр тілінде болуы керек пе?! Сонда, біздің Ата Заңымыз – Конституциямыз қайда?! Меніңше, қала мен ауылдарға т. б. ежелгі тарихи атауын ың-шыңсыз қайтаратын кез жетті. Мұның үстіне осындай проблемалардың туындамауы үшін Ономастикалық заңымыз күшті және пәрменді болуы қажет. Әйтпесе, «баяғы жартаc, сол жартас» күйінде қалуы әбден мүмкін.

Қызылжар атауы тартысқа түскен сол күндері «Ана тілі» газеті де үнсіз қалған жоқ. Қыркүйектің 29-күні Нұркен Жандәулетұлы деген автордың «Кері тартқанды бері тарт!.. » деп аталатын мақаласын жа-

риялады. «Симамбаев сөзінің әсері ме, кейбір орыстілді БАҚ-тар да Қызылжар атауын жақтырмайтындарын байқатып қалды. Мәселен, «КТК» телеарнасының сауалнамасына қатысқан үш адам да қала атауының өзгеруіне қарсы. Республикалық «Экспресс К» газеті тіпті жедел қимылдады. Ж. Сүлейменов мәселені сәрсенбіде өткен Мәжіліс отырысында көтерген еді. Ертеңіне, бейсенбіде аталған басылым «Е. Чернышова» дегеннің мақаласын бірінші бетке жариялап, өз көзқарасын байқатты. Авторы «Инициативное предложение народных избранников о переименовании Петропавловска очень удивило многих жителей этого города. Большинство из них категорически против такого шага, считая его несвоевременным и необоснованным» деп келеді де, мақала ішінде Қызылжар атауын қолдамайтын бірқатар қала тұрғындарының пікірін келтіреді. Осы материалдан-ақ газеттің қай жаққа бүйрегі бұрып тұрғаны анық аңғарылады. Әйтпесе, Парламентте айтылған ұсынысты Петропавлдың бірде-бір тұрғыны қолдамады дегенге адам сене ме? Шу көтермей-ақ орынды шешілуге тиіс мәселе еді. Аяғы қалай болар екен? Егер әділдіктің үстем болғанын қалайтын болсақ, онда Петропавл Қызылжарға жол беруі тиіс».

Мақала авторы Алматыда отырып-ақ, Қызылжардың тынысын дөп басқан. Қызылжар атауына Тасбай сияқты бірен-саран адам болмаса, жынды қойдың басын жемеген, есі дұрыс қазақ қарсы болушы ма еді. Әрине, маған өкпесі барлар, ортақ мүддені сырып тастап, осындайда бір шымшып қалғысы келетіндер табылуы мүмкін. «Хабардың» Солтүстік Қазақстан облысындағы меншікті тілшісі Жасұлан Оспанов жергілікті университеттің оқытушысы, ғалым, журналист-жазушы Зарқын Тайшыбайға микрофон ұсынғанда осындай ойдың қылаң бергені рас. Зәкеңмен кезінде Абылай ханның Ақ үйіне қатысты шекісіп қалғанымыз бар еді. Зәкеңнің бұл мәселені «Мағжанның Қызылжары» деген кітабын жазған кезде қаузаі зерттегенін білемін. Не айтар екен деп іштей тына қалдым. Зәкең әдеттегі тура сөйлейтін әдетімен «Бұл атам заманнан бері Қызылжар аталып келе жатыр. Өзге облыстардағы, тіпті, шетелдердегі қазақтардың өзі Қызылжар деп атайды. Демек, «ауыстыруға ерте» немесе «бұл – тарихи тұрғыда дәлелденбеген» деген бос сөз, – деп белден бір-ақ басты. - Тіпті, 1925 жылдан астанамыз Қызылордадан үкімет орындарынан жолданған

хаттар «Қызылжар қаласы», «город Кызылжар» деп жазыла бастады. Бұрынғы «Петропавловск» деген орысша атауы тоқтатылған. «Правда» газетінде Петропавлдың «Қызылжар» болып өзгергені туралы хабар жарияланғаны мәлім болып отыр. Бұл шешімнің неге орындалмай қалғанын Голощекиннің «Кіші октябрь» революциясымен ғана түсіндіруге болатын шығар. Осы кезде аса көрнекті мемлекет қайраткері, Алаштың жас көсемдерінің бірі Смағұл Сәдуақасов Халық ағарту комиссары қызметін атқарған. Ал елдімекендердің атауларын ретке келтіретін комиссия, терминология комиссиясы да осы мекеменің құзырында болатын».

Жоғарыда орыстілді газеттердің бірінің аузына бірі түкіріп қойғандай, Қызылжардың тарихына қатысты айтылғандарды жоққа шығаруға тырысқанын сөз еттік. Жарайды, қарсы-ақ болсын делік, сонда айтар уәжі қандай, назар аударарлық бір дерек келтірсе, кәне? Басқаларға не шара, көргені, көңілге түйгені мол деген С. Пресняковтың өзі «Петропавл ешқашанда Қызылжар деп аталған жоқ», – деді- ау. Сөйтіп, ол өзінің қандай өлкетанушы екенін танытты. Егер Пресняков мырза «көрмес түйені де көрмес» дегендей, 1925 жылы қабылданған құжаттардан хабарсыз болса, оған біз кінәліміз бе. Сол сияқты, өзін өлкетанушымын деп жүрген Л. Мелехина да «Экспресс К» газетіне берген сұхбатында өтірікті шындай соғыпты. Жайшылықта өтірік күліп, қазаққа жаны ашығансып жүретін Башмаков та бұл жолы іштегі қыжылын жасыра алмады. Сөйтіп, кімнің кім екені көрінді. Осы тұрғыдан алғанда да, депутаттық сауал көп жайға көз жеткізді деп ойлаймын.

«Время» газетінде, іле «Абай» порталында белгілі саясаттанушы Ерлан Кариннің сұхбаты жарияланды. Оған мен таңғалған жоқпын. Е. Карин жас болса да, көп нәрседен хабары мол, сөзі орнықты да салмақты, азат ойлы азаматтардың бірі. «Қызылжар дауы бізде идеологиялық көбіктердің барын көрсетіп берді... ел ішінде қарамақайшы пікірлер, дау-дамай, қоқанлоқы көбейіп кетті» дей келіп, ол менің де көңіліме көлеңке түсірген, орыстілді басылымдардың да тізгінін елжанды азаматтар қолға алулары керек деп өзім күнде айтып жүрген, біз үшін аса маңызды мәселелердің біріне назар аударыпты.

«Қызылжар төңірегіндегі қыркыс ең алдымен ақпараттық саясатымыздағы «Ахиллес өкшесінің» қайда екенін анықтап

берді. Қалай десеніз, біздегі орыстiлдi және қазақ басылымдары бiр мәселенi екi аудиторияға, бiр-бiрiне қайшы келетiн екi сипатта берiп келедi. Мысалы, мен елiмiздегi 33 ақпарат құралдарының осы тақырыпты қалай бергенiне байланысты контент-анализ жасадым. Оның 19-ы баспа құралдары, 8-і интернет ресурстар болса, алтауы телеарна едi. Жалпы, бұл тақырып бойынша 55 материал жарық көрсе, оның 20-сы қолдап, 16-сы сынап, ал 19-ы бейтарап бағытта берiп құтылған. Осылайша, Қызылжар мәселесiнде орыстiлдi БАҚ-тың денi ақпараттың өңiн терiс айналдырып берсе, қазақ басылымдары мұны қолдап, жақтап бердi. Ақиқатына келгенде, ақпараттық саясатта аудиторияны жасанды түрде екiге бөлiп қойдық. Қоғамдық сананы да екiге бөлiп тастадық... Тап осы мәселеде саясаткерлер мен зиялы азаматтарымыздың үнсiз қалуы осыдан деп ойлаймын. «Қолдап шықса, орыстiлдi басылымның оттауы борайды. Қарсы шықса, қазағының «қарғысына» қалады. Яғни, қостiлдiлiк саясаты ұлттық саясатымыздың өзегiне сына қағып, бiр тұлғаның қазақ үшiн басқа, ал орыс үшiн мүлде басқа әңгiме айтатындай абсурд жағдайына алып келдi. Бұл ендi толғанатын-ақ тақырып. Үстiмiздегi жылы қабылданған Доктринада бiр тарау – «Бiр Отан және Бiр Тағдыр» деп аталады. Отанымыз бiреу болса, бiрақ айтылатын әңгiме, жүргiзiлетiн саясат екеу болып шыққаны ма сонда?» дейдi саясаттанушы.

Тiлшiнiң «Сенатор Симамбаевтың мәлiмдемесiнен кейiн қандай ой түйiп едiңiз...» деген сауалына саясаттанушы: «Демократияның бесiгiн тербетемiз деген талпыныс бар ғой бiзде. Жөн делiк. Алайда, қоғамдық саясаттың да өзiндiк ереже, этикасы болады. Мәселен, жариялылық дегенiмiз бар нәрсенi бiрден жариялап жiберу дегендi де бiлдiрмейдi. Тiптен, қаламыз Қызылжар болды деп, қаламағаны үдере көшердей болса да, үрейдiң үстiне үрей қоспауы керек едi. Менiңше, Жарасбай Сүлейменовтiң депутаттық сауалынан гөрi Тасбай Симамбаевтың мәлiмдемесi жұртты көбiрек дүрлiктiрiп жiберген сияқты. Тасбай ағамыз Солтүстiк Қазақстандағы ағайын бiр түнде жайын, жұмысын тастап, елден ауып кететiндей сипатта сөз қосып, боямалап, қорқытып жеткiздi емес пе? Өз басым бұған сенбеймiн. Жарайды, шынымен сондай жағдай қалыптасты десек те, онда бұл қандай азаматтар болып шыққаны? Қазақстан Республикасының азаматтары деген атқа қаншалық лайықты деген сауал шығады. Қала

атауын өзгертуге қарсымын деп көшіп кететіндер көп болса, Тасбай ағамыз осы мәселемен айналыссын... Айтпайын демейсің, сонша дәріптелетін отаншылдығымыз қайда қалады, сонда?» деп жауап беріпті.

Расында да бұл арада ойланатын мәселелер көп. «Енді құқымыз тапталды деп көшіп кетердей болса, оларды біздің елмен тағдырын байлаған азаматтар деп қаншалықты атауға болады? Қала атауын өзгертуге өре түрегеліп жатыр. Құдай сақтасын, ал төтенше жағдай бола қалса, ше? Сонда тәуелсіздігіміздің жиырма жылдығында біз қандай азаматтарды тәрбиелеп шығардық? Сәт сайын жарнамаланатын бірлік, ынтымағымызға осындайда сене аламыз ба? Міне, сұрақтың төркіні қайда жатыр. Қысқасы, Қызылжар дауы бізде идеологиялық көбіктердің барын көрсетіп берді. Бұл енді «түнде маздап жанған мысықтың көзіндей» (А. Сүлейменов) түсінікті, айқын болды... Осымен жақсылап айналыспаса болмайды. Себепп қусақ, осы даудың еліміздің тәуелсіздік алғанына жиырма жыл толғалы отырған сәтте көтеріліп отырғанында да мән бар... Бұны біздің тәуелсіздігіміздің беріктігіне тест деп қабылдасақ та болады. Ал, әзірге депутаттың сауалына дүркірей көтеріліп, түрлі лента тағып, көшеге шығу, форум ұйымдастырып жатуды жақсылықтың нышаны дей алмас едім.

Бір ғана мысал айтайын. Петропавлдың қоғамдық-саяси пікірталқы сайтында «На то пошло, переименование ничего же не изменит. От этого ничего принципиального не зависит для казахов и власти. Поэтому, и не надо» деген пікірді көзім шалып қалып еді. Енді осы логикаға салсақ... қаланың атауын өзгертуде тұрған ештеңе жоқ болса, онда оған қарсы шығудың да қисыны жоқ емес пе? Жәймендеп, жөнімен түсіндірсе, қоғамдық пікірді туралауға әбден болады. Бұл мәселені көп дауластырмай, саясиландырмай, баяғыда-ақ шешіп тастау қажет еді. Сол сияқты Павлодардың атауын да бір ретке келтіруіміз керек. Сондықтан, шешімді көп созбай, мәселені бір жаққа шығару қажет. Қазақ халқы ешқашан өзге ұлттарға қысастық көрсетпеген, арандатуға ермеген. Бұрын да, қазір де солай болып келді. Достық пейілімізге, қонақжай мінезімізге күмән келтіретіндей қылыққа бармадық. Демек, өзге ұлттар да біздің заңды талабымызға түсіністікпен қараса, заңды ықылас деп қарар едік. Бүгін болмаса да, Петропавл атауы түбінде өзгереді. Бірер жылдан кейін болсын аты



өзгеретіні белгілі болса, онда неге бұған бүтін қолдау көрсетіп, демеп жібермеске? Тегі болмаса, мұны Тәуелсіздіктің 20 жылдығына тарту деп пе, ұлттар достығының керемет үлгісі деп те көрсетіп жіберсе, қандай жарасар еді? Қандай ұлттың өкілі болмасақ та, тағдырымызды бір шаңыраққа байлаған екен ғой деп қуанар ма едік... »

Карин мырза сұхбаты қанша ықшам болса да, көп жайға көз жеткізіп, көп жайдан сыр ұқтырып отыр. Кейбіреулер алаулатып, жалаулатқандай, Петропавлды Қызылжар деп атау турасында шыққан әңгіме қазаққа орысты қарсы қойған ұлттық мәселеге дейін ұлғайып шыға келді деуге келмейді. Кез келген мәселеге әркімнің өз көзқарасы болады деген сияқты, бұл сауалға да біраз адам үн қосты. Рас, олардың пікірлері бір арнада тоғыспай жатты. Қолдаушылар да болды, қарсы дау айтушылар да табылды. Бірақ, оны ұлттық текетірес деуге әсте болмайды. Даурыққан, сөйтіп елді дүрліктірмек болған ол – теріс пиғылды шағын ғана топ.

Осындай қалыптасқан жайды байыппен, терең талдауға ұмтылысты журналист Дәурен Қуаттың «Абай» порталында жарияланған материалынан да байқадым. «Біріншіден, Жарасбай мырзаның депутаттық сауалы біздегі «ұлтаралық келісім» саясатының кері кеткенін аймаңдай етті. Біз кәрі жасымыз қалмай ұлардай шулап «ұлтаралық келісімнің» «Ұлтан құлы» боп жүрсек, былайғы жұрт бық демепті. «Е-е, мынау қазақтың жері ғой, ортақ Отанымыз ғой, енді келеге келіп, ұғысайық, қаланың көне атауын ың-шыңсыз қалпына келтірейік» деген бір жан табылды ма «ұлтаралық келісімге» ұйыған елдің ішінен?.. Тағы да қазақ әділет жолында, ақиқат жолында жалғыз қалды. Малыбай, Маловодное, Шелек, Маятас оқиғаларын ойыңызға оралтыңыз. Сол кезде: «Жаным-ау, сорлы қазақтың қашанғы сорын сорпадай қайната береміз? Осылардың жағына шығып бір сөйлейікші» деген жанның төбесі көрінді ме «келісімнің» терісін сүйреп тоздыруға айналған ағайынның арасынан?!.. »

Автор одан әрі «ұлтаралық келісімнің» аясындағы басқа ағайын ше? Кешегі коммунистер билігіндегі совет өкіметінің заманында Затаевич, Ерзакович, Брусиловский, Сац сияқты қазақ жерінде өмір сүріп, қазақ мәдениетімен біте қайнап кеткен кім бар қазір? Табаны күректтей жиырма жылдың ширегінде қазақтың байтақ әлемін қабылдаған, парасат пайымы жаңаша қалыптасқан толқын өзге

ұлт арасында туды ма? Туса қайда жүр? Неге көрінбейді? Қазақты бұрынғыдай бұратана санайтын кеудемсоқыр аға буынның алдына түсіп неге жарқылдамайды? Әлде биік мінбелерден, ұлық жиналардан, түрлі түсті телеарна беттерінен сөйленетін сөздерден ас бөлмедегі немесе жылы камин пешінің қасындағы әңгіме жастарға әлдеқайда ұғынықты әрі қонымды болғаны ма? Солай-ау, тегі... » деп күйінеді. Бұл сөздердің жаны бар. Қазақ жерін мекендейтін, игіліктің бәрін жергілікті ұлт өкілдерімен бірдей пайдаланып отырған басқа ұлттардың өкілдеріне «Сыйға – сый, сыраға – бал» дейтін уақыт әлдеқашан жетті емес пе.

«Жоғарыдағы жайттар турасында жұқалап ақпар алып тұратын биліктің маңындағы идеологтар «Ұлтаралық татулық пен келісімнің» жасандылығын, уақыт талабына жарамсыздығын ептеп түсінеді. Бірақ, басқаша қадам жасауға ерік жігерлері жетпейді. Жарасбай мырзаның депутаттық сауалынан кейінгі қоғамның іштей екі ұдай күйге енгендегі халінен осындай шындықты да аңғару қиын болмай қалды. Ел іші өзінің ұлттық тұтастығына, шекара қауіпсіздігіне терең мән беретіндігін бірден танытты. Әсіресе, жастардың әбжіл қимылдап, Қызылжардағы бір сайттың мемлекетке қарсы қасақана ұйымдастырған ісіне тосқауыл қоюға жанұшыра кіріскені көңіл толқытты. Қазақ жастары қазақтың жолын кесе беретін жосықсыз әрекеттің біріне де көнбейтін осындай ішкі бірлігі мен өжеттігінен танбаса, таяу болашақта қарқынды өзгерістердің қарбаласы басталып кетуі әбден мүмкін...

Өттеген-ай, әйткенменде Жарасбай мырза әлгі сауалынан кейін мәжіліс сарайында жалғыз қалғандай күйде жүр. Айнала жұрттың әншейіндегі емен-жарқын қабағы Жарасбайға келгенде сыздай қалатын көрінеді» деп аяушылық білдіріпті. Дәурен інімнің көп сөзіне бас шұлғып, қол қойсам да, осы уәжіне келісе алмадым. Жоғарыда әріптестерімнің сол күндердегі көңіл-күйі туралы тиіп-қашып болса да сөз қозғаған сияқты едім, тағы да айтамын, депутаттардың бәрі болмағанмен, көпшілігі іштей болса да қолдады. Рас, мен бірдемені бұлдіріп тастағандай аяушылықпен қарағандар да болды. Ал мен болсам нақ соларды аядым...

Бірнеше күн ғаламторды сүзе отырып кейбіреулердің бұл билікпен келісіп істелген жұмыс дегенін көзім шалып еді, Дәурен інім де

көңілінде осындай бір күдік бар екенін алға тартыпты. Ақталғым келмейді, осыған дейін өздеріңізге баяндалған жайлар ол күдікті сейілтуге тиіс.

Қызылжар атауы тартысқа түскен күндері достарымның қасымнан табылып, танитын, танымайтын жүздеген адамдардың қолтығымнан демегенін айта кеткім келеді. Олардың бәріне алғыстан басқа айтарым жоқ. Нақ осы күндері депутаттар бастамасына «Абай» порталы, басқа да ақпарат құралдары арқылы үн қосқандардың бәрі менің бауырыма айналды. Олардың әрқайсысының алдында басымды иемін. Мүмкін, сөз сайысы барысында ұлтқа бөлінудің де нышандары байқалған шығар, бірақ қазақтың ұлт ретінде топтасуы бәрінен басым болды. Нақ осы күндері елжанды, ұлтжанды жастардың үні асқақ естілді. Мен үшін бұл да өте қымбат. Қазақ енді қалғымайды, өзінің ұлттық мүддесін ешкімге таптатпайды. Демек, елдің шетіндегі, желдің өтіндегі көне қала Қызылжардың төл атауына ие болатын күн де алыс емес! Қызылжар үшін қиын күрес жалғаса береді!!!

*«Абай» порталы,  
22 қыркүйек 2010 жыл.*

## СӨЗ БЕН ІСТІҢ БІРЛІГІ

Қазақстан ЕҚЫҰ ұйымына төрағалық етер тұста, Нұрсұлтан Назарбаев төрағалықтың басты стратегиялық мақсатының бірі 2010 жылы Астанада ЕҚЫҰ Саммитін өткізу болып табылатындығын қадап айтқан еді. Алдағы уақытта Астана төрінде өтетін Саммитте негізінен аймақтық қауіпсіздіктің өзекті проблемалары мен Ауғанстандағы жағдай, толеранттық мәселелері сөз болады деп күтілуде. Аталған мәселелер қазір әлем елдерін қатты толғандырып отырғаны белгілі.

Міне, сондықтан да көптеген елдердің басшылары ЕҚЫҰ-ның Саммитін Астанада өткізу туралы ұсынысқа бірауыздан қолдау көрсетуде. Осы таяуда ғана Польшада өткен ЕҚЫҰ мемлекеттеріндегі демократиялық институттарды дамыту мәселелеріне арналған 2010 жылғы Шолу конференциясының бірінші отырысында да осындай пікірлер қуатталды. Мәселен, Литва өкілі өз сөзінде Қазақстанның оң нәтижелі іс-шаралар өткізуде тәжірибесі мол екенін атап көрсетті.

Жиырмасыншы ғасырдың соңындағы қайшылықты кезеңде «Копенгаген құжаты» транзиттік елдердің демократиялық түрленуіне айрықша әсер етіп, Ванкувер мен Владивосток арасындағы кеңістікте демократия негіздерін нығайтты. Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалығы «Копенгаген құжатының» одан әрі дамуына жол ашқанын айтуымыз керек. Себебі, тарихта тұңғыш рет ұйымның саяси басшылығын посткеңестік, азиялық мемлекет атқаруда. Яғни, ХХІ ғасырда демократиялық құндылықтар мемлекеттер мен континенттердің шекарасына тәуелді емес екеніне куә болды. Осы ретте Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың 14 қаңтарда ЕҚЫҰ-ның Тұрақты кеңес мүшелеріне арнаған сөзінде «Демократиялық қоғам орнату – біздің халқымыздың саналы таңдауы, сондықтан біз еліміздің одан әрі саяси либералдану бағыты мен қазақстандықтардың өмір сүру сапасын жақсартуды жалғастырамыз», – деген еді.

Адам құқықтары мен бостандықтарын сақтау және кемсітушілікке жол бермеу қауіпсіздіктің ажырамас бөлігі болып табылады. Қазақстан ЕҚЫҰ-ға төрағалығы кезінде ұйымның

гуманитарлық өлшеміне баса назар аударып, оның дамуына өзінің лайықты үлесін қосты деуге толық негіз бар. Үстіміздегі жылдың 17-19 мамырында Варшавада өткен гуманитарлық өлшем бойынша жыл сайынғы семинарда сот тәуелсіздігі, гендерлік тепе-теңдік пен әйелдердің қоғамдық және саяси өмірге қатысуы және аз ұлттар өкілдеріне арналған білім беру және дін бостандығы мәселелері жан-жақты талқыланған болатын. Жиында көтерілген бұл мәселелер біздің елімізде оң шешімін тапқанын қазақстандықтар да, шетелдіктер де жақсы біледі. Еліміздің ЕҚЫҰ-ға төрағалығы кезінде ауғанстандық жастардың білім алуына айтарлықтай жағдай жасалынуы осының айқын дәлелі. Бүгінде Алматыға білім алу мақсатында ауған жастарының алғашқы тобы келіп үлгерді. Олар екі ел арасындағы келісімге сай еліміздегі жоғары оқу орындарында тегін медициналық, техникалық және ауылшаруашылық мамандықтары бойынша білім алмақшы.

Ауғанстан жер шарындағы «отты» нүктелердің бірі екені белгілі. Одан ланкестік, есірткі саудасы сияқты түрлі қауіптер таралуда. Бүгінде Қазақстан әлемнің өзге елдері сияқты Ауғанстандағы тұрақтылық пен бейбітшіліктің сақталуына мүдделі болып отыр. Қақтығысы бір сәт тыйылмай отырған осы елдегі тұрақтылықты орнатуға қатысты халықаралық қауымдастықтың, сондай-ақ ЕҚЫҰ ұстанымын қолдай отырып біздің еліміз қазір ауған мәселесін шешуде ерекше белсенділік танытуда. ЕҚЫҰ төрағасының бас болуымен ұйымға мүше 56 мемлекеттің 43-і қазір Ауғанстанның экономикасын қалыпқа келтіруге атсалысып жатыр. Қазақстан Ауғанстандағы тыныштықты қалыптастыру үшін құны 50 миллион доллар болатын өңірге ыңғайлы деген ауылшаруашылығы сияқты салаларды дамыту бағдарламаларын жүзеге асыруды ұсынды.

Қазақстан 2010 жылы ЕҚЫҰ-ға төрағалық етудегі өзінің негізгі басымдықтарын анықтай отырып, беделді халықаралық ұйымның тиімділігін арттыруды, қазіргі заманғы қауіп-қатерлерге төтеп беру қабілетін күшейтуді көздейтінін мәлімдеген-ді. Бұл орайда да сөз бен істің арасында алшақтық болмағанына бүкіл әлем көз жеткізіп отыр.

Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуі — мемлекетіміздің бұрынғы кеңестік құрамда болған елдермен стратегиялық әріптестік орнатудың жаңа деңгейге көтерілуіне және дүниежүзінің барлық

елдерімен байланыс жасауына жол ашты. Оны Қазақ елінің ұйымға төрағалық барысында көрші Қырғызстандағы жағдайды оңалтуға көп күш салып отырғанынан да аңғаруға болады. Сөйтіп, Қазақстанның әлемдік көшбасшылармен келісілген күш-жігері бұл елде орын алуы ықтимал азамат соғысына жол бермеді. Бұл қадам посткеңестік кеңістікте қақтығысты бірлесіп тиімді реттеудің алғашқы тәжірибесі ретінде атап өтілді. Қазақстан жағдай реттелді екен деп қазірде қарап отырған жоқ, қысқа жібi күрмеуге келмей жатқан ежелгі көршісіне шұғыл көмек ретінде 10 миллион доллар бөлді. Азық-түлік, құрылыс материалдары, отынмен жәрдемдесті.

Қазіргі кезеңде ЕҚЫҰ-ның болашағына байланысты жаңаша көзқарас қажеттілігін ескерсек, біз еуропалық қауіпсіздік бойынша диалогты барынша қолдауымыз қажет. Ұйымның негізгі құжаттары 1975 жылы (Хельсинки актісі), 1990 жылы (Париж хартиясы), 1999 жылы (Еуропалық Қауіпсіздік туралы Стамбул хартиясын) қабылданған болатын. Демек, ЕҚЫҰ-ның тарихына зер салған адам аймақтық мәселелерді он жыл сайын трансформациялап тұрудың қажеттілігін аңғарар еді. Осы тұрғыдан алғанда Астана Саммитінің ғаламдық саяси мәні айрықша болмақ. Тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдары Елбасы сыртқы саясатты белсенді дипломатиялық іс-әрекеттерге негіздегені белгілі. Бүгінде еуроатлантикалық және еуразиялық кеңістіктегі саяси тұрақтылық тек біздің еліміз үшін ғана емес, бүкіл ғалам үшін маңызды. Батыс пен Шығыс деп бөлінбей бірігіп шешім қабылдайтын күн туды.

Еліміздің ЕҚЫҰ шеңберінде тындырып жатқан игі істерінен Парламент те шет қалып отырған жоқ. Осыдан бір жарым жылдай бұрын әлемнің көптеген елдерінің өкілдерін қатыстыра отырып, халықаралық конференция өткізген, сол алқалы жиында еліміздің мүмкіндіктерін жан-жақты саралаған ҚР Парламентінің Мәжілісі қазір «ЕҚЫҰ және ТМД: жаңа мүмкіндіктер мен перспективалар» деп аталатын халықаралық парламенттік конференцияға қызу дайындық үстінде.

Таяуда Данияның сыртқы саясат ведомствосының басшысы Лене Эсперсен ханым: «Копенгаген құжаты әзірленген кезде Қазақстан тәуелсіз ел ретінде ЕҚЫҰ үдерісіне әлі қатыспаған еді. Ал бүгінде Қазақстан ұйымды басқарып отыр. Бұдан біздің қаншалықты алға

жылжып кеткенімізді байқауға болады», – деген сөздері де көп жайды аңғартады. Расында да ЕҚЫҰ-ға төраға болған кезеңде Қазақ елі ЕҚЫҰ-ның негізгі құндылықтарына: демократияға, ұлттық егемендікке және халықаралық ынтымақтастыққа өзінің жақындығын паш ете отырып, тың бастамаларымен, белсенді әрекеттерімен ерекшеленіп, ауыз толтырып айтарлықтай ауқымды да келелі істерге ұйытқы болғанын, ЕҚЫҰ-ның бұрыннан қалыптасқан қызмет аясына жаңаша леп пен серпін әкелгенін көреміз.

*«Дала мен қала» газеті,  
12 қазан 2010 жыл.*

## ШЫДАДЫҚ... ТАҒЫ ҚАНША КҮТУ КЕРЕК?!

«Көлденең көк Есілдің жарқабағын, Әкеміз Қызылжар деп атап кеткен» 1663 жылы туып, 1763 жылы өмірден озған «Елім-ай» дастанының авторы атақты Қожаберген жырау «Қызылжар» деген өлеңінде осылай жырласа, арқалы ақын, ірі сазгер әрі әнші Үкілі Ыбырай «Бостандық туы» (қазіргі «Солтүстік Қазақстан») газетінің 1926 жылғы 6-наурыз күнгі санында жарияланған «Абылайдың ақ үйі» деген өлеңін «Қызылжар деген қалада» деп бастапты. Менің Бүркіт досымның да (Бекмағанбетов) «Әнім сенсің - Қызылжар, сәнім сенсің - Қызылжар!» деп әндетіп жүргеніне біраз болып қалды. Міне, осының өзі-ақ Қызылжар атауының үш ғасырдан астам уақыттан бері ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, ауыздан түспей келе жатқанының айғағы.

Солтүстік Қазақстан облысының орталығын қазақтар ежелден «Қызылжар» деп атайды. Оның астарында ел тарихына деген құрмет, туған жерге деген сүйіспеншілік, қалаға ежелгі атауын қайтарсақ деген арман-мақсат жатқаны анық. Ал енді осы көне қала өзінің төл атауына қашан ие болады, тарихи әділеттілік қашан орнайды? Шыны сол, ол күннің ауылы алыстамаса, жақындайтын емес. Өйткені, басқалар, негізінен орыстар, Петр мен Павелынан айырылғысы жоқ. Қызылжар деген аяқ астынан пайда болған немесе жер-су атауларын өзгертуге құмар кейбіреулер ойлап шығарған сөз емес, бұл қаланың ежелгі атауы. Рас, кеңестік дәуірде оны қайтаруға талпыныстар жасалғанымен, мәселе түбегейлі шешілмей орта жолда қалып қойды. Тәуелсіздік алғаннан кейін халық осы мәселеге қатысты өз көзқарасын ашық білдіре бастады. Ол орынды да еді, өйткені ұлттық мүддені айшықтап көрсету арқылы біз еліміздің өткен тарихын бүгінгі ұрпаққа жеткіземіз. Сайып келгенде, бұл мемлекеттік саясаттың да бір көрінісіне айналып, ұлттық нышандар елді мекендердің, көшелердің, алаңдардың аттарынан да көрініп тұрса, нұр үстіне нұр емес пе!? Президентіміз Н. Ә. Назарбаев «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясының кезектен тыс XII съезінде, ел



тәуелсіздігінің 20 жылдығын мерекелеу кезінде бүкіл ел аумағында тарихи-ұстаным белгілерімізді нақтылау керектігін баса айтқан болатын. Олай болса, отаршылдық саясаттың көзіндей сақталып қалған атаулардан арылуды сағызша соза берудің не қажеті бар. Алайда Қызылжар мәселесіне келгенде ілгері басқан қадамымыздың кері кетіп жатқаны ақиқат. Сонда қалай, миллиондаған адамдардың қалауы, орынды тілегі ескерусіз аяқасты болып қала бере ме? «Айт-паса сөздің атасы өледі» деген емес пе, мені осы мәселені Мәжіліс депутаты ретінде көтеріп, жұртшылықтың, биліктің назарын аударсам деген ой мазалаған еді.

Кейбіреулер таяуда жасалған депутаттық сауалдан кейін мына кісі ұйқысынан шошып оянып, қаламына жармасты деп ойлайтын да шығар. Жок, олай емес. Журналист Өмір Есқали «Егемен Қазақстан» (9 қазан 2010 ж.) газетінде: «Петропавл шаһарының ежелгі атауын қайтару жайы өткен ғасырдың 90 жылдары қозғала бастаған болатын. Ол кездері негізінен ауызекі деректерге, түрлі болжамдарға сүйеніп келсе, бүгінде бұлтартпас айғақтар, мұрағаттық құжаттар жеткілікті» деп жазғандай, бұл мәселе көтерілгелі жиырма жылдың жүзі болды. Сол кезде бізге ағаларымыз «әлі ерте, есімізді жиып, етегімізді жауып алайық, қаланың аты қайда қашады дейсіңдер, шыдай тұрындар» деп тоқтау айтқан. Шыдадық. Тағы қанша күту керек? Сауалымның дауға ұласуы да мүмкін екенін ойладым. Өйткені, Қызылжар атауына қарсылар қарап отырмайды, улайды, шулайды, «бізді қысып жатыр, қуып жатыр» дейді, әйтеуір неше түрлі бәле-жаланы үйіп төгеді. Бұл – олардың ежелгі әдісі. Бірақ «Қасқырдан қорыққан орманға бармайды» деген бар емес пе? Қашанғы шыдай беруге болады, ойымды әріптестерімнің, өзім араласатын азаматтардың арасында ашық айта бастадым. Қолдағандар көп болды. «Қазір бәрі шулап шыға келеді, сау басыңа сақина тілеп алып жүрме» деушілер де табылды. Ол рас, кезінде Елбасының «... Еліміздің зиялы қауымы біраздан бері Петропавл, Павлодар секілді қалалардың атауларын өзгертсек деген ұсыныстар айтып жүр. Ленинград, Сталинград, Ульяновск секілді қалалар, басқа да жер аттары өзгеріп жатқанда, бұл да орынды ұсыныс шығар. Жергілікті әкімдіктермен, мәслихат депутаттарымен ойласып көру керек. Бұл да – елмен бірігіп, ақылдасып шешетін мәселе» деген

сөздерін әр саққа жүгіртіп, қарсы қол жинағандар, тыныш жатқан халықты дүрліктіруге жанын салғандар мені аяйын деп тұр ма?! Өре тұра келеді, неше түрлі айла-шарғы жасайды. Оның бәрі мен өткен сабақтар. Сонда не істеуім керек? Біреулер қолдамайды екен деп қарап отыра береміз бе? Осының бәрі біздің адамгершілігімізге сын емес пе. «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ», «Бақаның бағынан сұңқардың соры артық» деген оймен, неде болса, осы мәселені жоғары деңгейде көтеруге, сауалымды 22 қыркүйек күні, сәрсенбінің сәтінде, Мәжілістің жалпы отырысында жария етуге бел будым. Петропавлдың ежелгі атауы Қызылжар болғанын дәлелдейтін деректер жетіп артылады. Бұл жөнінде «Айқында» бұрын жазылғандықтан, қазір қайталап жатпаймын. Басқаның бәрін былай қойғанда, еліміздің үлкен бір стратегиялық маңызы зор аймағының әкімшілік орталығының кезінде қазақтарды жолатпау үшін салынған бекіністің атымен аталуы қай қисынға келеді.

Тек бұл жайдан ертеңіне журналистерді жинап алып, Петропавлдың атын Қызылжар деп өзгертуге үзілді-кесілді қарсы екенін мәлімдеген Сенат депутаты Тасбай Симамбаев хабарсыз екен. Ол: «Жоңғарлар бізді жойып жіберуге шақ қалғанда, Ресей бізді аман алып қалды» деп соқты. Ақиқатына келсек, патша үкіметі Петропавл бекінісін жоңғарлардан емес, қазақтардан қорғану үшін салған. Кейін бекініс тұрғызылғаннан кейін зеңбіректерін кезеніп, бұл маңайға қазақтарды жолатпай қойған. Абылай ханның орыс билігіне хат жазып, қазақтардың сауда-саттық жасауына жағдай туғызу жөнінде өтініш білдіретіні нақ осы кез. Бұл - бір. Екіншіден, бекініс салынған кезде бұл маңайда жоңғарлардың исі де болған жоқ. Оларды Қабанбай батыр бастаған қазақ жасақтарының 1751 жылы жеті қырдан асырып қуып тастағаны тарихтан белгілі. Тасбайдың «қала атауын өзгертсек, қазақтан басқалардың бәрі үдере көшіп кетеді» деуіне де еш негіз жоқ. Осы заманда «елді мекеннің атауын өзгерттіндер» деп көшіп кеткен адамды кездестірген емеспін. Қай кезде де көшіп-қонушылар болады. Оның бәрі әркімнің өз жағдайына байланысты. Жалпы, бұл мәселеден саяси астар іздеудің, Тасбай сияқты жұртты корқытып-үркітудің қажеті жоқ еді. Меніңше, бұл арада үрей болмауға тиіс. Тәуелсіздік жылдары атқарылған істерді көргісі келмейтіндер, елдің болашағына сенбейтіндер осылай жалтақтайды.

Тасбайдың сөзі майдай жақса керек, Сенаттың Солтүстік Қазақстан облысынан сайланған тағы бір депутаты А. Башмаков журналистерге сұхбат беріп, «бұл бастаманы қолдамаймын» деді. «Бұл мәселені көтеріп жатқан азаматтар, оның арты не боларын жан-жақты сараптамаған сияқты. Халықтың барлығы қазір қаланың атауын өзгертуді құптайды деп айта алмаймын. Оның үстіне, Петропавл мен оның маңайындағы елді мекендер Қызылжар шатқалында орналасқаны туралы тарихи деректер бар, бірақ Петропавлдың өзі ешқашан Қызылжар деп аталмаған». Башмаковтың тарихтан титтей хабары болса, ондай сөздерді айтпас еді. Жарайды, оның сыры жай да белгілі ғой, ал Тасбайға не жоқ десенізші?! «Көкек өз атын өзі атап шақырады» дегендей, «сайлау жақындап келе жатыр, сондықтан Мәжіліс депутаттары осындай қадамға барып отыр» деп танаурапты. Шынына келсек, бұл – бос сандырақ, жаптым жала, жақтым күйенің кері. Өйткені, «бүгін-ертең Мәжілістің сайлауы өтеді» деген сөз жоқ. Ал Симамбаевтың депутаттық мерзімі келесі жылы аяқталатыны - басы ашық мәселе. Олай болса, кімнің ұпай жинағысы келіп отырғаны өзінен-өзі белгілі болып тұрған жоқ па? Депутаттар бастамасын қолдаушылар аз болған жоқ. Мысалы, «Абай» порталында бір күнде ғана 500-дей пікір жарияланды. Алматы, Атырау, Ақтау ... ақпарат еліміздің түкпір-түкпірінен ағылып жатыр. Жұрттың бәрі басқа мәселелерді сырып қойып, Қызылжар атауын қайтаруға білек сыбанып, кірісіп кеткен сияқты. Қызылжар мәселесіне келгенде, қандастарымыздың осылай бір жерден үн қатуы менің ойыма шуақ, бойыма қуат құйғандай болды.

Нақ осы кезде «облыстағы ақпарат құралдары маған қарсы мақалалар жариялап жатыр» деген хабар құлағыма жетті. «Қорыққан бірінші болып жұдырық ала жүгіреді ғой» дедім де қойдым. «Мәжіліс депутаттарының сауалына қарсы кейбір жергілікті орыстілді басылымдар мен муниципалды телерадио арнасы (МТРК) өре түрегеліп, тыныш жатқан халықты ала тайдай бүлдіруге бейім тұрды. Алайда олар шындықтың өңін бұрмалап, қанша құбылтса да солтүстікқазақстандықтардан қолдау таппай, маңдайлары тасқа тигендей болды. Бір ғажабы, ұлттық мәселелер төңірегінде әңгімелер қозғала қалса, облыстық әкімдік тікелей қаржыландыратын МТРК-нің (директоры Евгений Сазанов), әсіресе, белсенді болып кететін

әдеті бар. Бұл жолы да арна жанынан ашылған ОДК сайтында интернет-сауалнама жүргізіліп, әлдекімдердің атынан арзанқол, жілігі татымайтын пікірлер ұйымдастырылды». («Егемен Қазақстан» 6 қазан, 2010 ж.)

Кешікпей «Түркістан» газеті «Қызылжар үшін қиын күрес басталды» деген тақырыппен көлемді мақала жариялады. Иә, бұл – шын мәнінде, қиын күрес, ол бүгін ғана басталған жоқ, ондаған жылдардан бері жалғасып келеді және шешімін тапқанша, бүгін де, ертең де тоқтамайды. Өйткені, ел картасындағы қара дақты өшіріп тынбай қазақтың көңілі тыншымауға тиіс. Қарсы айғайлап жатқандар – баяғы шовинистер, елге, қазаққа жаны ашымайтындар. Газет тілшісі осы ойымды дөп басқандай. «Дәл осындай ойлар осыдан жиырма жыл бұрын, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында да айтылатын. Ол кезде қанаты әлі қатпаған, буыны бекімеген жас мемлекеттің ішіндегі ұлтаралық араздықтан үрейленуші едік. Үстем ұлттың көңіліне жалтақтап, олардың сезіміне қылау түсірмеуді мақсат еткенбіз. Жылдар өте келе елдегі өзге ұлт өкілдері біздің осы жалпақшешейлігімізді түсінер, мемлекетқұраушы ұлттың мүддесімен санасар, мемлекеттік тілді үйренуге де, ұлттық құндылықтарды ұлықтауға да қарсылық білдірмес деген ой болған ол кезде. Бірақ тәуелсіздігіміздің жиырма жылдығы тұсында да ұлттық дербестікті мойындағысы келмейтіндер сол баяғы жырды әлі үзбей жырлап келеді... Бұл -- біздегі мемлекетшілдік сананың әлі де болса қалыптаспай отырғандығының салдары».

Бұқаралық ақпарат құралдарында Қызылжар атауы төңірегіндегі айтыс-тартыс қыза түскен шақта мені зиялы қауымның өкілдері бастамаға үн қосар ма екен, қосылса, не айтады деген сауалдар да мазалаған. Белгілі қаламгер, ғалым Совет-Хан Ғаббасұлы («Айқын» (25. 09. 2010) өз ойын былай түйіндепті: «Қызылжар деп қаланың, яки сол жердің тарихи ежелгі атауын беруге қарсы болып тұрған бір-ақ нәрсе, Ол – біздің құлдық психологиямыз... Тәуелсіздігіне 20 жыл толмақ елдің Петропавел мен Павлодар атауын өзгерте алмай отырғаны ұят-ақ! Орыс патшасы ол атауды қоярда қазақ халқының пікірін қажет етіп пе еді. Бұл басқыншылықпен қойылған атауларды не үшін саудаға салып жүрміз? Сондықтан депутаттар дұрыс көтеріп отыр. Анау билік тағайындаған депутатсымақ Башмаковтың Қазақстан

азаматы еместігі көрініп тұр. Омбы мен оның айналасындағы жер атаулары өзі айтып тұрғандай, ол баяғы Қазақтың жерлері екені белгілі» десе, өзімнің әріптесім, тарихшы-ғалым Камал Бұрханов: «Жеке пікірім, Петропавл атауын ауыстыратын уақыт жетті. Оның үстіне ғалымдар мен деректанушылар Қызылжардың тарихи атау екенін нақты дәлелдеп қойды. Меніңше, бұл шешімді Мемлекет басшысы да қолдар еді. Себебі ол кісі БАҚ бетіндегі бір сөзінде «Ленинград, Сталинград секілді қалалар атауын өзгертіп жатқанда, бізге неге болмайды?» деген сияқты пікір айтқан болатын. Ал жергілікті тұрғындардың тарапынан қарсылық білдіріп жатқандар болса, бұл да – қалыпты құбылыс. Дегенмен, халқымыздың басым көпшілігі қала атауының өзгергенін қолдайтынына мен бек сенімдімін». («Алаш айнасы», 24 қыркүйек 2010 ж.) депті.

«Бұл – уақыты әбден пісіп-жеткен бастама. Біріншіден, бұл – қоғамдық сұраныс. Қазақстан тұрғындарының, зиялы қауым өкілдерінің, тіпті мемлекет басшылығында жүрген адамдардың да басым көпшілігі бұл бастаманы қолдайды. Петропавл қаласына тарихи атауын алып беру керек. Мұндай қадам жасауға тарихи негіз бар. Қызылжар деген атау сол аймақтың жер бедеріне, топырағының, жартастарының түсіне байланысты пайда болған. Петропавлдың бұрынғы атауы Қызылжар болғанын көптеген деректер дәлелдейді. Мәселен, Шоқан Уәлихановтың еңбектерінде, атақты ақын-жыраулардың өлеңдерінде, фольклорлық мұраларымызда көрініс тапқан. Тіпті өзімізді былай қойғанда, Ресейдің де жазба деректері осы өңірге қатысты Қызылжар атауы қолданылғанын дәлелдейді. Сондықтан біз тарихи әділеттілік орнатуымыз керек. Ал тарихи әділеттілік дегеніміз жергілікті тұрғындардың ұлттық құрамымен есептелмейді. («Алаш айнасы», 24 қыркүйек 2010 ж. ) Бұл - филология ғылымдарының докторы, профессор Дихан Қамзабектің пікірі. Қалаларымыздың тарихи атауын қайтаруға қазақтардың өзінің қарсы шығуы ұлттық рухымыздың әлсіздігінен бе? «Алаш айнасы» зиялы қауым өкілдеріне қойған осы сауал кімді де болсын ойландырғандай еді. Әрине, оған әркімнің өз жауабы бар. Заң ғылымдарының докторы, профессор Арықбай Ағыбаев: - Қалай айтсақ та, Тәуелсіздікке қол жеткізген қазақтың ұлттық рухы әлі де болса төмен. Бұл, әсіресе, кейбір қоғамдық-саяси мәселелерді

шешуге келгенде айтарлықтай сыр беріп қалып жатады. Меніңше, бұл – ешқандай талқылаусыз-ақ жүзеге асатын шаруа. Бір өкініштісі, қазаққа қатысты мәселелерде қазақтардың өздерінің қарсы шығуы қалыпты жағдайға айналып келеді. Басқа-басқа, тарихи маңызы бар жер-су аттары мен шағын елді мекендер мен қалаларымыздың атауларын толығымен қазақшалап, қалпына келтіре алмай отырғанымыз – алдымен өзімізге сын. Өз жерімізде өзіміз иелік ете отырып, неге өзгеге жалтақтаймыз? Қазақстан өз алдына жеке мемлекет болғандықтан, оның негізгі иесі қазақ халқы емес пе?

Біз үшін азғана өзге этностардың пікірі аса маңызды болмауы керек. Себебі, осы жердің тарихи иесі – бізбіз. Сондықтан кез келген мәселе жергілікті басым ұлттың, яғни қазақтың пайдасына шешілуі тиіс. Қалай болған күнде де дүбәра атаулардан тез арада арылуымыз керек. Олай болмаған күнде сырттан келген қонақтарымызға әлгіндей орысша атауы бар қалаларымыз бен көшелерімізді «мынау біздің тарих» деп қалай көрсетеміз? Қалай десек те, халықтың патриоттық сезімі мен ұлттық рухын көтеру үшін жоғарыдағылар батыл шешімдер қабылдауы керек, – депті. Интернетте Қызылжар атауын қолдаушылардың дені жастар десек те, арасында таныс есімдер де кездесіп қалады. Мысалы, белгілі қаламгер Ғаббас Қабышев: «Петропавл» қаласын атам заманғы атынша «Қызылжар» деп, ал «Павлодарды» бір кездегі атынша «Кереку» деп атау туралы пікір айтыла бастағалы ширек ғасыр болған шығар, бірақ Алдекеңнің «әләуләйім бітсе, хәләуләйім бары» сияктанып, әзірше оң шешім болар емес. Оған себеп – орыс ағайындардың орынды пікірге өре қарсы тұратыны және оларды біздің кейбір әсіре білімділеріміздің қостап шығатыны» дей келіп, орыстарға былайша наз айтады: «Оу, жерлестер! Ресейдің отаршылдық саясатын таратушы «ғылыми экспедициялар», оларды «қорғаушы» әскери отрядтар келгенге дейінгі қазақы көне қала Қызылжардың атын бас салып орысшалаудың ақылға қонбайтын қиястық екенін, ол озбырлық-зорлықты түзететін уақыт әлдеқашан болғанын түсінгілерің келмейтіні қалай? Қазақтың жерін жерлеп, суын сулап отырып, құдайы көршің, жолдасың, досың, құдандалың - қазақтың адами, заңды талап-тілегіне қиқуалай қарсы ұшатындарыңды не деу керек? Петр мен Павелдің атын көзді жұмып алып қорғаштауға қайдан, кімнен тапсырма алдыңдар? Әлде

саналарыңның саңылауынан кәдімгі шовинизм сығалап жүр ме? Әлде қолдарыңда: «Петр мен Павел қазақтың әулиелері болған, қазақ еліне жарқын болашақ тілеп өткен» деген тарихи мағлұмат бар ма?» Ғабен Тасбайды да ұмытпапты: «Ал Парламентіміздегі анау әлгі депутат Тасбай Симабасев мырзаның құлағына – мыс сырға! «Петропавловскіге» қорған болғаны үшін «алтын сырға» деуім керек еді, амал не, бір грамм да алтыным болмай қалды». «Время» газеті оқырмандарының сауалдарына жауап берген белгілі жазушы, аудармашы, балалық шағы осы өңірде өткен Герольд Бельгер «... Мен сол өңірдегі қазақ ауылында тұрдым, біз ес білгеннен қаланы Қызылжар деп атайтынбыз» дей келіп, «мұндай мәселелерде асығуға болмайды» депті. Жайшылықта бүкіл елдің жүгін өзі арқалап келе жатқандай көрінетін, қазаққа ақыл айтқыш Герағанның бұл сөздерін түсіне алмадым. Қайдағы асығу?! Жиырма жыл өткен жоқ па?

Әлде әлі де шыдай тұру керек пе еді? Менің де шыдағым келді, бірақ «Аркадасуық болмаса, арқарауып несі бар?» дегендей, оған қойды ма?! Шіркеу басшысы Петропавлды өзгертпейміз деп қол жинап жүрген көрінеді... Осыдан екі жыл бұрын қазақша атауға ие болған көше аты қайта өзгертіліпті. Қаладан таяқ тастам жердегі Чапаев ауылына ежелгі атауын қайтарамыз десе, депутаттар ауыз аштырмайды. (Облыста тағы осы атаумен аталатын екі село бар). Бір-екі қысқа көшенің атын өзгертемін деп көзге түсіп қалған қаланың жаңа әкімі енді мұндай қадамға бармаймын деп ант-су ішкендей болыпты...

Осылай ұтылыстарымыз шұбырып кете береді. Интернет бұрқсарып кайнаған қазан сияқты. Газеттердің бірі «Атын атап, түсін түстеп, кішігірім сайттарға жарнама жасағымыз келмейді, бірақ «Петропавл атауын сақтап қалайық!» деп ұрандатқан сайттар мен форумдар бүгінде бармақтарын тістеп қалып отыр. Себебі қай форум болсын, қазір «Қызылжар атауын қолдаймыз!» деп, дауыс берген азаматтардың дауысы да басым, ұпайы да бүтін. Бұл арада, әсіресе, қазақ жастары, оның ішінде студенттер мен оқушылар, блогшылар мен журналистер қауымы ауызбіршілік танытып, айтулы сайттарда Қызылжар атауын барынша қолдап келеді. Ең қызығы, өздері дауыс беруді ұсынған кейбір сайттар «Қызылжар

атауын қолдаймын» деген дауысты қабылдамайтын боп қалыпты» деп жазды.

Нақ осы кезде елге есімі жақсы таныс жазушылар мен саясаткерлер де үн қатты. Жазушы Дулат Исабеков: «Екі әулиені қатар пір тұтатындай не көрінді сонша? Осы уақытқа дейін көніп келгеніміздің өзі жігерсіздігіміз деп есептеймін. Ресейдің қай қаласы қазақша аталады? Қала атауларын өзгертуді дауға айналдырмай-ақ, Петропавлды Қызылжар деп атау қалалық әкімшіліктің қолында тұр. Қала атауын ауыстыруға қарсы шыққан Симамбаев сынды сенаторлардың бойында ешқандай намыс жоқ. Сонда да депутат болып жүр. Оның бұл қызметте отыруына хақысы бар ма, жоқ па? Қазақ ұлтының, елінің мүддесін қорғайды деп Симамбаевты сенатқа отырғызудың өзі артық. Ең алдымен, Қазақстан осындай кадрлардан тазару керек», - деп бір-ақ кесіпті.

Енді Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтының профессоры, белгілі қоғам қайраткері Амангелді Айталының пікіріне назар аударалық: «Мен сенатор Симамбаевтың Петропавл қаласының атын өзгерту туралы пікірін теледидар арқылы естігенімде, ашуға булықтым. Өйткені, Симамбаевтың пікірі – қазақ нигилизмінің, орыс шовинизмінің көрінісі. Менің білетінім, елімізде кешегі Кеңес Одағы кезінде қазақтың нанын жеп, суын ішіп, ауасын жұтып ержеткен, бірақ орысша тәрбиеленген ұрпақ бар. Міне, осы ұрпақ дәл қазіргі күні халықтар достығын желеу етіп, қазақ мәселесіне, қазақ идеясына келгенде іштей де, ашық та қарсылық білдіруде. Осының салдарынан мемлекеттік тіл – қазақ тілін дамыту, жер-қала атауын өзгерту ісінде аяқтан шалуға дайын кедергілер кездесуде. Шындығын айтсам, кеңес өкіметі тарихтан кеткенімен де, кеңес идеологиясы, орыс шовинизмі, жалған интернационализм өмірден кеткен жоқ. Сондықтан Петропавлды «Қызылжар» деп атаудың әділдік екендігін халыққа айту керек, түсіндіру керек. Мысалы, Симамбаев сияқтылар біздің халықтың тарихын білмейді. Бір сөзбен айтқанда, халықтың арасында үлкен үгіт-насихат шараларын жүргізу керек. Соңғы уақытта табылған тарихқа қатысты құжаттарды БАҚ-та кеңінен жариялау қажет. Жоғары оқу орындарында, мектептерде, мәслихаттарда бұл мәселені айту да кезек күттірмейтін мәселе. Қаланың атын өзгерту орыс халқына,



орыс идеясына қарсы шығу еместігін терең түсіндіру қажет». Өте орынды сөз. Бұл – белгілі бір ұлтқа қарсы жасалған әрекет емес. Соны біле тұра орынсыз жерге пышақ ұрып, араға от салғысы келгендер болды. Бірақ оларынан түк шыққан жоқ. Ол ол ма, айтыс қыза түскен сәтте тарихи әділдік жағына шығып, ақ-адал сөзін айтқандар басқа ұлттардың арасынан да табылды. Солардың бірі – мәскеулік тарихшы Евгений Верхотуров «Неономад» сайтында бірінен соң бірі екі материал жариялады. Алғашқы мақаласында ресейлік журналист Тасбай туғызған дауға көбірек тоқталса, екінші жарияланымында Қызылжар деп атаудың қандай қажеттіліктен туып отырғанын жан-жақты түсіндіреді.

«Көп қорқытады, терең батырады» деген емес пе, Тасбайдың жүрегі тас төбесіне шыққан болуы керек, «сасқан үйрек артымен жүзедінің» керіне түсіп, «Алаш айнасының» (2 қазан, 2010 ж.) тілшісіне «... Осы ұсынысты көтеріп жүргендерге мен қарсы шыққан жоқпын... Мен бұл ұсынысты қолдаймын» депті. Ол аздай, арада бірнеше күн өткеннен кейін тағы да осы басылымға сұхбат беріп, «Мені үш айға Солтүстік Қазақстанға жұмыс сапарымен жіберсе, мен Петропавл атауын Қызылжар деп өзгертіп келер едім» (16 қазан, 2010 ж.) деп соғыпты. Бұл Тасбайға дауа жоқ, қай сөзіне сенерінді білмейсің. Қызылжар атауы тартысқа түскен сол күндері «Ана тілі» газеті де үнсіз қалған жоқ. Қыркүйектің 29-ы күні Нұркен Жандәулетұлы деген автордың «Кері тартқанды бері тарт!..» деп аталатын мақаласын жариялады. «Симамбаев сөзінің әсері ме, кейбір орыстілді БАҚ-тар да Қызылжар атауын жақтырмайтындарын байкатып қалды. Мәселен, «КТК» телеарнасының сауалнамасына қатысқан үш адам да қала атауының өзгеруіне қарсы... Парламентте айтылған ұсынысты Петропавлдың бірде-бір тұрғыны қолдамады дегенге адам сене ме? Егер әділдіктің үстем болғанын қалайтын болсақ, онда Петропавл Қызылжарға жол беруі тиіс».

Мақала авторы Алматыда отырып-ақ Қызылжардың тынысын дөп басқан. Қызылжар атауына Тасбай сияқты бірен-саран адам болмаса, есі дұрыс қазақ қарсы болушы ма еді. Әрине, маған өкпесі барлар, ортақ мүддені сырып тастап, осындайда бір шымшып қалғысы келетіндер табылуы мүмкін. «Хабардың» Солтүстік Қазақстан облысындағы меншікті тілшісі Жасұлан Оспанов

жергілікті университеттің оқытушысы, ғалым, журналист-жазушы Зарқын Тайшыбайға микрофон ұсынғанда осындай ойдың қылаң бергені рас. Зәкеңмен кезінде Абылай ханның Ақ үйіне қатысты шекісіп қалғанымыз бар еді. Зәкеңнің бұл мәселені «Мағжанның Қызылжары» деген кітабын жазған кезде қаузай зерттегенін білемін. Не айтар екен деп іштей тына қалдым. Зәкең әдеттегі тура сөйлейтін әдетімен «Бұл атам заманнан бері Қызылжар аталып келе жатыр. Өзге облыстардағы, тіпті шетелдердегі қазақтардың өзі Қызылжар деп атайды. Демек, «ауыстыруға ерте» немесе «бұл - тарихи тұрғыда дәлелденбеген» деген бос сөз деп белден бір-ақ басты. - Тіпті 1925 жылдан астанамыз Қызылордадан үкімет орындарынан жолданған хаттар «Қызылжар қаласы», «город Кызылджар» деп жазыла бастады. Бұрынғы «Петропавловск» деген орысша атауы тоқтатылған. «Правда» газетінде Петропавлдың «Қызылжар» болып өзгергені туралы хабар жарияланғаны мәлім болып отыр. Бұл шешімнің неге орындалмай қалғанын Голощекиннің «Кіші октябрь» революциясымен ғана түсіндіруге болатын шығар. Осы кезде аса көрнекті мемлекет қайраткері, Алаштың жас көсемдерінің бірі Смағұл Сәдуақасов Халық ағарту комиссары қызметін атқарған. Ал елді мекендердің атауларын ретке келтіретін комиссия, терминология комиссиясы да осы мекеменің құзырында болатын».

Жоғарыда орыстілді газеттердің бірінің аузына бірі түкіріп қойғандай, Қызылжардың тарихына қатысты айтылғандарды жокқа шығаруға тырысқанын сөз еттік. Жарайды, қарсы-ақ болсын делік, сонда айтар уәжі қандай, назар аударарлық бір дерек келтірсе, кәне? Басқаларға не шара, көргені, көңілге түйгсін мол деген С. Пресняковтың өзі «Петропавл ешқашанда Қызылжар деп аталған жоқ», – деді-ау. Сөйтіп, ол өзінің қандай өлкетанушы екенін танытты. Егер Пресняков мырза «көрмес түйені де көрмес» дегендей, 1925 жылы қабылданған құжаттардан хабарсыз болса, оған біз кінәліміз бе? Сол сияқты, өзін өлкетанушымын деп жүрген Л. Мелехина да «Экспресс К» газетіне берген сұхбатында өтірікті шындай соғыпты. Жайшылықта өтірік күліп, қазаққа жаны ашығансып жүретін Башмаков та бұл жолы іштегі қыжылын жасыра алмады. Сөйтіп, кімнің кім екені көрінді. Осы тұрғыдан алғанда да депутаттық сауал көп жайға көз жеткізді деп ойлаймын.

«Время» газетінде, іле «Абай» порталында белгілі саясаттанушы Ерлан Қаринның сұхбаты жарияланды. Қайта-қайта оқыдым. Е. Қарин - жас болса да, көп нәрседен хабары мол, сөзі орнықты да салмақты, нағыз ұлтжанды, азат ойлы азаматтардың бірі. «Қызылжар дауы бізде идеологиялық көбіктердің барын көрсетіп берді... ел ішінде карама-қайшы пікірлер, дау-дамай, қоқан-лоқы көбейіп кетті» дей келіп, ол менің де көңіліме көлеңке түсірген, орыстілді басылымдардың да тізгінін елжанды азаматтар қолға алулары керек деп өзім күнде айтып жүрген, біз үшін аса маңызды мәселелердің біріне назар аударыпты. «Қызылжар төңірегіндегі қырқыс ең алдымен ақпараттық саясатымыздағы «Ахиллес өкшесінің» қайда екенін анықтап берді. Қалай десеніз, біздегі орыстілді және қазақ басылымдары бір мәселені екі аудиторияға, бір-біріне қайшы келетін екі сипатта беріп келеді. Мысалы, мен еліміздегі 33 ақпарат құралдарының осы тақырыпты қалай бергеніне байланысты контент-анализ жасадым. Оның 19-ы баспа құралдары, 8-і интернет ресурстар болса, алтауы телеарна еді. Жалпы, бұл тақырып бойынша 55 материал жарық көрсе, оның 20-сы қолдап, 16-сы сынап, ал 19-ы бейтарап бағытта беріп құтылған. Осылайша, Қызылжар мәселесінде орыстілді БАҚ-тың дені ақпараттың өңін теріс айналдырып берсе, қазақ басылымдары мұны қолдап, жақтап берді. Ақиқатына келгенде, ақпараттық саясатта аудиторияны жасанды түрде екіге бөліп қойдық. Қоғамдық сананы да екіге бөліп тастадық... Отанымыз біреу болса, бірақ айтылатын әңгіме, жүргізілетін саясат екеу болып шыққаны ма сонда?» дейді саясаттанушы.

Иә, орыстілді ақпарат құралдарының біразының ешқандай негіз болмаса да, Петропавлға ежелгі атауын қайтаруға ашықтан-ашық қарсы шыққаны шындық. Бұл да бізге сабақ болуға тиіс. Бұл - екіұдайда орыстілді басылымдардың бәрі бірдей қазақтың сөзін сөйлемейді, оларға тілің де, ділің де, дәстүрің де, тарихың да керек емес деген сөз. Бір ғана мысал, үстіміздегі жылдың жазында Солтүстік Қазақстан облысында атақты жазушы Сәбит Мұқановтың 110 жылдығына арналған шаралар өтті. Оларды негізінен, қазақ газеттері жазды да, орыстілді басылымдар бұған тіпті қатысы жоқтай сырт қала берді. Жасыратыны жоқ, басқа да көптеген шаралар осылай біржақты көрсетіліп келеді. Сонда бұлар қай елдің газеті,

қай мемлекеттің радиосы мен теледидары, кімнің мүддесіне қызмет етеді деген ой келеді. Бұл - ойланатын жай, мұның түбі жақсылыққа апармайды. Депутаттық сауалдан кейінгі айтыс-тартыс осы жараның да аузын ашып берді.

Тілшінің «Сенатор Симамбаевтың мәлімдемесінен кейін қандай ой түйіп едіңіз...» деген сауалына саясаттанушы: «Демократияның бесігін тербетеміз деген талпыныс бар ғой бізде. Жөн делік. Алайда қоғамдық саясаттың да өзіндік ереже, этикасы болады. Мәселен, жариялылық дегеніміз бар нәрсені бірден жариялап жіберу дегенді де білдірмейді. Тіптен қаламыз Қызылжар болды деп, қаламағаны үдере көшердей болса да, үрейдің үстіне үрей қоспауы керек еді. Меніңше, Жарасбай Сүлейменовтің депутаттық сауалынан гөрі Тасбай Симамбаевтың мәлімдемесі жұртты көбірек дүрліктіріп жіберген сияқты. Тасбай ағамыз Солтүстік Қазақстандағы ағайын бір түнде жайын, жұмысын тастап, елден ауып кететіндей сипатта, сөз қосып, боямалап, қорқытып жеткізді емес пе? Өз басым бұған сенбеймін. Жарайды, шынымен сондай жағдай қалыптасты десек те, онда бұл қандай азаматтар болып шыққаны? Қазақстан Республикасының азаматтары деген атқа қаншалық лайықты деген сауал шығады. Қала атауын өзгертуге қарсымын деп көшіп кететіндер көп болса, Тасбай ағамыз осы мәселемен айналыссын... Айтпайын демейсің, сонша дәріптелетін отаншылдығымыз қайда қалады сонда?» деп жауап беріпті. Расында да, бұл арада ойланатын мәселелер көп. «Енді құқымыз тапталды деп көшіп кетердей болса, оларды біздің елмен тағдырын байлаған азаматтар деп қаншалықты атауға болады? Қала атауын өзгертуге өре түрегеліп жатыр. Құдай сақтасын, ал төтенше жағдай бола қалса, ше? Сонда тәуелсіздігіміздің жиырма жылдығында біз қандай азаматтарды тәрбиелеп шығардық? Сәт сайын жарнамаланатын бірлік, ынтымағымызға осындайда сене аламыз ба? Міне, сұрақтың төркіні қайда жатыр. Қысқасы, Қызылжар дауы бізде идеологиялық көбіктердің барын көрсетіп берді. Бұл енді «түнде маздап жанған мысықтың көзіндей» (А. Сүлейменов) түсінікті, айқын болды... Осымен жақсылап айналыспаса болмайды. Себеп қусақ, осы даудың еліміздің тәуелсіздік алғанына жиырма жыл толғалы отырған сәтте көтеріліп отырғанында да мән бар... Мұны біздің тәуелсіздігіміздің беріктігіне тест деп қабылдасақ та бола-

ды... Бұл мәселені көп дауластырмай, саясиландырмай, баяғыда-ақ шешіп тастау қажет еді. Сол сияқты Павлодардың атауын да бір ретке келтіруіміз тиіс. Сондықтан шешімді көп созбай, мәселені бір жаққа шығару қажет. Қазақ халқы ешқашан өзге ұлттарға қысастық көрсетпеген, арандатуға ермеген. Бұрын да, қазір де солай болып келді. Достық пейілімізге, қонақжай мінезімізге күмән келтіретіндей қылыққа бармадық. Демек, өзге ұлттар да біздің заңды талабымызға түсіністікпен қараса, заңды ықылас деп қарар едік. Бүгін болмаса да, Петропавл атауы түбінде өзгереді. Бірер жылдан кейін болсын аты өзгеретіні белгілі болса, онда неге бұған бүгін қолдау көрсетіп, демеп жібермеске? Тегі болмаса, мұны Тәуелсіздіктің 20 жылдығына тарту деп пе, ұлттар достығының керемет үлгісі деп те көрсетіп жіберсе, қандай жарасар еді? Қандай ұлттың өкілі болсақ та, тағдырымызды бір шаңыраққа байлаған екен ғой деп қуанар ма едік... » Қарин мырза сұхбаты қанша ықшам болса да, көп жайға көз жеткізіп, көп жайдан сыр ұқтырып отыр. Кейбіреулер алаулатып, жалаулатқандай, Петропавлды Қызылжар деп атау турасында шыққан әңгіме қазаққа орысты қарсы қойған ұлттық мәселеге дейін ұлғайып шыға келді деуге келмейді. Кез келген мәселеге әркімнің өз көзқарасы болады деген сияқты, бұл сауалға да біраз адам үн қосты. Рас, олардың пікірлері бір арнада тоғыспай жатты. Қолдаушылар да болды, қарсы дау айтушылар да табылды. Бірақ оны ұлттық текетірес деуге әсте болмайды. Даурыққан, сөйтіп, елді дүрліктірмек болған ол - теріс пиғылды шағын ғана топ.

Бабаларымыз: «Жердің аты - еліңнің хаты» деп бекерге айтпаған ғой. Демек, ел-жер атауларын жаңғырту, қалпына келтіру арқылы ғана жастарымызды елтануға жетелеп, ата-баба мирас еткен құндылықтарымызды түгендеп, ұлттық ой-санамызды өзіндік таным-түсінік биігіне көтере аламыз.

Бұдан туатын ой елдің шетіндегі, желдің өтіндегі көне қала Қызылжардың төл атауын қайтару жолындағы қиын күрес жалғаса беруге тиіс.

*«Айқын» газеті,  
3 қараша, 2010 жыл.*

## ҚОСМЕКЕНДІГЕ – ҚОС АЗАМАТТЫҚ

Әңгіменің әлқиссасын кәрікұлақтан жеткен мына бір әфсанадан бастағанды жөн көрдім: Ертеректе бір әпенді баптамаған атын бәйгеге қоспақ болыпты. Жұрт оған «атың жүйрік емес, несіне қоспақсың, бәйгеден келмейді» десе, «Озып келсе – бәйге атым, қалып қойса – қоян қуған бір атым, нем кетеді?!» депті.

Сол әпенді секілді соңғы уақытта «Өтіп кетсе – қос мекенім, өтпей қалса – нем кетеді?!» деушілер қос азаматтық алуды үлкен деңгейде мәселе стіп көтеруге тырысып бағуда. Ондайлардың ішкі қалтасында көк төлқұжатпен қоса, Ресейдің қызыл паспорты да бар. Ал жүзіне қарасаң бетіңе күле қарап, теріс айналсаң бетпердесін өзгерте қояр сайқымазақ дерсің.

Мәселен, Қазақстаннан қашып кетіп, Ресейден табылған Александр Кошевой көрші елдің азаматтығын сонау 1997 жылы алып қойғаны белгілі болды. Сөйте тұра, 2000 жылға дейін Павлодар облысы әкімінің орынбасары болып лауазымды қызмет атқарып келді. Кезінде осы облысты Ғалымжан Жақиянов басқарған тұста, облыс әкімінің орынбасары қызметін атқарған Сергей Горбенко дегеннің Украинаға аттанып кеткенін осы күні біліп жүрміз. Осылардан кейін басымызға: «Қазақ даласы арам пиғылдылар үшін «кезекті бір әуежайға» айналып отырған жоқ па?» – деген ой келеді. Себебі, қос азаматтықты көксеп жүргендер арамызда аз емес. Өйткені, басқа іс түскенде бөгде әуежайға қона қоюға мүмкіндік туады. «Із жасырудың» ең оңай тәсілі.

Қалтасына қос құжатты қыстырғысы келетіндер ара-тұра ел-жұртты шулатып, дүрліктіргенді ұнатады. Мұндай оқиға біздің теріскей жақтан арагідік естіліп тұрады. Өткенде «Солтүстік Қазақстан облыстық Әділет департаментінің қызметкерлері осы облыс тұрғындары үшін қос азаматтық енгізуді ұсынып отыр-мыс». Осы мазмұндас хабарды «Қазақстан тудей» агенттігі («Арамзадан абайла», «Жас қазақ», №38 (298) 1 қазан 2010 жыл) Петропавлдағы муниципалдық МТРК телеарнасына сілтеме жасай отырып таратуы

мұн екен, Ресей ақпарат құралдары іліп ала жөнелді. Сөйтіп, ресми мәліметтерге сай келмейтін сыңаржақ жарияланымдар ешқандай негізсіз пікірталастарға өзек болды. Осы оқиға бойынша біздің ресми органдар ләм-мим демеді. Құзырлы мекеме атаулыдан түсініктеме беруді қоғам да талап етпеді. Осыдан кейін елдегі арам пиғылдылар ойына келгенді істемегенде не қылады? Заңды да сыйлата алмаймыз, тентекті де тыя алмаймыз. Тек өткен аптада Үкімет басшысы Кәрім Мәсімовке депутаттық сауал жолдадым. «Солтүстік Қазақстан облысы Әділет департаменті осы облыс халқы үшін қос азаматтықты енгізуді ұсынып отыр-мыс» деген ақпарды «Қазақстан тудей» агенттігі Петропавлдағы муниципалдық МТРК телеарнасына сілтеме жасап таратты. Елді дүрліктірді. Бұл кездейсоқ болған жай ма? Олай деуге келмейтін сияқты. Облыстық Әділет департаменті бастығынын орынбасары Саида Сағдат «Жас қазақ» газетіне берген сұхбатында: «Дөңгелек үстел барысында мұндай әңгіме тіптен қозғалған жоқ. Еліміздің Конституциясы бар. Онда басқа мемлекеттің азаматтығын алған адам дереу Қазақстан азаматтығынан айырылады, – деп тайға таңба басқандай жазылған... Мұны журналистер не дұрыс түсінбеді, не «арам ойлы» әлдекімдер қасақана ақпаратты бұрмалады» деп көңіліндегі күдігін жасырмапты.

Арам ойлы демекші, еліміздің бас газеті «Егемен Қазақстанда» жарияланған осы облыстағы газет тілшісінің «Тисе-терекке, тимесе-бұтаққа...» (6 қазан 2010 ж) деп аталатын шағын мақаласы да осындай ауыр ойға жетелейді. «Бір ғажабы, ұлттық мәселелер төңірегінде әңгімелер қозғала қалса, облыстық әкімдік тікелей қаржыландыратын МТРК-нің (директоры Евгений Сазанов), әсіресе, белсенді болып кететін әдеті бар... 24 қыркүйекте департаментте БАҚ және құқық қорғау органдары өкілдерінің қатысуымен “Қос азаматтық фактілерін болдырмау” деген тақырыпта дөңгелек үстел өткен. Онда бөлім бастығы Қорлан Жұмабаева хабарлама жасап, соңғы жылдары Солтүстік Қазақстан облысында екі елдің азаматтығына қатысты заң бұзушылықтың 81 фактісі тіркелгенін жеткізген. Сол-ақ екен, МТРК-нің тілшісі әділет департаменті қос азаматтықты заңдастыруды қолдап отыр, министрлік алдына мәселе қойғалы жатыр деген жалған ақпарат таратқан».

Осы жерде айта кету керек, жалған ақпарат таратқан Петропавлдағы

МТРК телеарнасын құзырлы органдардың бірде-біреуі жауапқа тартпады. Негізінде «Бұқаралық ақпарат туралы» заң бойынша жалған ақпарат берген агенттік те, телеарна да заң алдында жауап беруі тиіс еді. Өкінішке қарай, мұны «елеп-екшеп» жатқан ешкім болмады. Ал, шын мәнінде, Петропавлдағы муниципалдық телеарнаның директоры Е. Сазановтың сыбайлас жемқорлыққа бой алдырған заңсыз әрекеттері жайлы көптен бері айтылып та, жазылып та келеді. «Егемен Қазақстан» 2008 жылы ішкі саясат басқармасы тарапынан жүргізілген тексерістің қорытындысы бойынша Е. Сазановтың орынсыз шығындардың салдарынан кәсіпорынды банкроттық жағдайға жеткізгені дәлелденіп, қызметінен алынғанын, алайда, арада бір жыл өтпей жатып жылы орнына қайта оралғанын жазса, «Нұр Отан» ХДП-ның ресми органы – «Дала мен қала» газеті (10 тамыз 2009 ж. ) «Өз ғимаратын өз әйелінен жалға алып, шаршы метрі үшін қалада жоқ баға белгілеп, (әр шаршы метріне 2 мың теңге) 500 шаршы метр үшін айына 1 миллион теңгені облыстық әкімдікке төлеткен. Соның кесірінен, кәсіпорынды банкротқа ұшыратқан болатын. Бірақ Сазановтың осындай былық-шылықтары құқық қорғау органдары тарапынан әлі күнге тиісті бағасын алмағанына таң қалам.

Осы телеарнаның бағдарламалары солғын. Сапасыз. Күнұзақ әкімдіктегі жиын атаулыдан өзге мардымды ештеңе көрсетпейді. Аты облыстық, заты қалалық телеарнаның шығармашылық ізденісі де қарын аштырады, авторлық бағдарламалар кемшін. Көкейкесті проблемалар, елдік мәселелер көтерілмейді. Көбіне жаңалықтарды берумен, қайталаумен ғана шектеліп келеді. Соған қарамастан, кәсіпорынға жергілікті бюджеттен жылма-жыл қомақты қаржы құйылуда. Мысалы, биыл сол мекемеге бюджеттен 85 миллион теңге бөлінген. Осы арада облыс аумағын толық қамтымайтын, қала маңымен ғана шектеліп отырған арнаға осыншама қаржы бөлудің қандай қажеттілігі бар? Қазынаның осыншама қаржысын жан қалтасына құйып алып, әлдебіреулердің арам пиғыл-мүддесін көздейтін телеарнаны төрімізде неге тайрандатып отырмыз? Осыған «қой» дейтін қожа табыла ма? Сазановтың сазайын тартқызатын жөніміз бар еді ғой. Осыған орай мынадай ұсынысты тиісті орындарға жеткізсем деймін.

Жергілікті бюджеттен бөлініп отырған бұл қаржыны материалдық базасы мығым, облысты толық қамтитын «Қазақстан» РТРК



АҚ Солтүстік Қазақстан облыстық бөлімшесінің «Қазақстан-Петропавл» телеарнасына бөлген әлдеқайда тиімді болар еді. Өйткені, бұл екеуі де мемлекеттік тапсырыс бойынша облыс әкімдігінің жұмысын көрсетумен айналысады. Ал МТРК деген «көк сандық» телекөрсермендерді ығыр қылып, келеңсіз қоғамдық пікір қалыптастырып отыр. Тағы бір айта кететін жайт, МТРК сияқты телеарна басқа облыстық әкімдіктерде жоқ. Осыны ескеріп, қазіргі дағдарыс кезінде, Елбасы бюджеттік шығындарды оңтайландыруды талап етіп отырғанда, Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігі жанынан құрылған муниципалдық телеарнаны жауып, оның барлық мүлкі мен мемлекеттік тапсырысын «Қазақстан» РТРК АҚ облыстық филиалына беру керек. Сөз реті келгенде, дәл қазір «Қазақстан» РТРК АҚ облыстық филиалының осындай қамқорлыққа зәру болып отырғанын айта кету артық болмас. Өйткені, олар республикалық бюджеттен мемлекеттік тапсырыс беру арқылы қаржыландыру тоқтатылғаннан бері көптеген қиындықтарға тап болуда.

Соған қоса, сепаратизмге серпін беретін өзгелер де қос азаматтықтың қосмекенділерге ғана тән екенін түсінсін.

*«Жас қазақ» газеті,  
19 қараша 2010 жыл.*

## МАҒЖАН: «БҰЙЫРСА, ШЫРАҚ СӨНБЕС, ҰЗАҚ ЖАНАР...»

Мағжан Жұмабаев – поэзия әлеміндегі жарық жұлдыз, қайталанбас құбылыс. Оның қуатты, бойға жігер, жүрекке от беретін рухты үні, ізденістері мен жанашылдығы қазақ әдебиетін XX ғасырдың басында-ақ Еуропа, орыс әдебиетінің биік деңгейіне көтерді. «Өлеңді музыкаға айналдырған, дыбыстан сурет тұрғызған, сөзге жан бітірген, жаңа өлшеулер шығарған» Мағжанның осындай қасиеттерін, ішкі шығармашылық құдіретін жұрттан бұрын байқаған әрі аса жоғары бағалаған Мұхтар Әуезов: «Мағжан мәдениеті зор ақын. Сыртқы кестенің келісімі мен күйшілдігіне қарағанда, бұл бір заманның тегінен асқандай, сезімі жетілмеген қазақ қауымынан ертерек шыққандай... Сондықтан бүгінгі күннің бар жазушысының ішінен келешекке бой ұрып, артқы күнге анық қалуға жарайтын сөз – Мағжанның сөзі. Одан басқамыздың бәріміздікі күмәнді, өте сенімсіз деп білемін» деп жазды.

Мағжанды сүйетін, еуропалығын, жарқыраған, әшекейін сүйетін Мұхтар Әуезовтің өз ойын осылай Мағжан қуғын-сүргінге ұшырап жүрген кезде ашық айтуы, бұл – Мағжанның шығармашылығына берілген баға, өсер елдің баласының сөзі ғана емес, азапты жолда жүрген ақынға ашықтан-ашық ара түсу, өз басын оққа байлағанмен бірдей нағыз ерлік еді! Мұхтар Әуезов оған саналы түрде барды. Өйткені, олар ел тарихындағы ең бір жойқын да күрделі кезеңде тарихи-әлеуметтік құбылысқа сыншыл көзбен қарап, өзінше баға берген, ұлт бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы күресте білек біріктірген тағдырлас жандар-тын. Мұхтар Әуезов Мағжан қаламынан шыққан туындыларға әркез зер салып жүреді, «Алқа» бағдарламасымен де алғашқылардың бірі болып танысады. «Бағдарламаның кеңестік идеологияға қарай икемделіп жазылғанын Мұхтар аңғармады емес. Мұны солшыл бағытта жазылған деп түйіндеуінен байқаймыз. Негізінен ол бағдарламаны мақұлдап, нақты әрекетке көшу керектігін айтып, Мағжанға жауап хат жолдайды».

(Ш. Елеуменов «Мағжан мен Мұхтар», «Жұлдыз», 1997 ж. №10, 112 б.).

Мағжанның бұл еңбегінің М. Әуезовтің қолына тиюі де қызық. Мағжан қолмен көшіріліп көбейтілген санаулы ғана «Алқа» бағдарламасының бір данасын Мұхтарға өзі тапсырады. Бұл да оның Мұхтарды бағалағандығының, оған деген ықыласы мен сенімінің ерекше болғандығының көрінісі деп түсінуіміз керек.

Осы екі ұлы қаламгердің шығармашылығындағы тағы бір тоғысуға назар аударайықшы. Мағжан «Ертегі», «Оқжетпестің қиясында» дастандарында Кенесары ханның тұлғасын сомдаса, даналығын, даралығын, алғырлығын, кемеңгерлігін жырласа, Мұхтар «Хан Кене» атты пьеса жазып, оның болмыс-бітімін, ел тарихындағы рөлін аша түсті. Олардың пайымдауынша, хан Кененің тағдыры ХХ ғасырдың басындағы қазақ халқының қасіретімен тығыз сабақтас, үндес. Осылай қос арыс қазақты қалың өрттен қайтсем құтқарам деген тілек үшін жанын құрбан етуге даяр Кенесарыны биікке көтеріп қана қоймайды, империялық санаға, бодандық санаға қарсы күресте бірлесіп шеп құрады.

«Мағжан – ақынның ақыны». Содан да оның жырларын талдауға шеберлігін сынауға екінің бірінің жүрегі дауаламаған, білімі, күші жете бермеген. Бұған қасы мен досы қатар жүрген кезде де ешкім уәж айта алмаған. Қазақтың белгілі ағартушысы Жүсіпбек Аймауытов 1923 жылы Ташкентте оқып жүрген қазақ студенттерінің алдында жасаған баяндамасында Мағжан сыршылдығымен, суретшілдігімен, сөзге еркіндігімен, тапқырлығымен, маржандай тізілген, торғындай үлбіреген нәзік үнді күйімен, шерлі, мұнды зарымен күшті екенін айта келіп, «Мағжан – алдымен сыршыл ақын. Мағжан сөзіндей тілге жұмсақ, жүрекке тиетін үлбіреген нәзік әуез қазақтың бұрынғы ақындарында болған емес. Мағжан не жазса да сырлы, көркем, сәнді жазады. Оқушының жүрегіне әсер бере алмайтын құрғақ өлеңді, жабайы жырды Мағжаннан таба алмайсыз» – дейді, Мағжанды Пушкинге теңейді. Осы арада орыс халқының үлкен ақыны, ғалым В. Я. Брюсовқа телініп жүрген «Мағжан – қазақтың Пушкині» деген сөздердің нағыз авторы кім екенін айыруға болатын сияқты.

Солтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағатындағы

Мағжан Жұмабаевқа қатысты құжаттардың арасында оның өзі тапсырған өмірбаян парақшалары да бар. Біріншісін Мағжан 1923 жылғы 12 желтоқсанда Мәскеудегі жоғары көркем әдебиет институтына қабылданғанда толтырады. Туған жері, тұрағы, қайда, қандай білім алғаны, отбасы туралы қысқа да нұсқа деректер: жоғары оқу орнына түскенге дейін Омбыдағы мұғалімдер даярлайтын семинарияда оқыған, мектепте мұғалім, газетте редактор болған, үйленген.

Ал екінші парақша бертінге дейін Петропавл педагогика техникумының мұрағатында сақталып келді, тапсырылған уақыты 1927 жылғы 1 қыркүйек деп көрсетілген. Мұнда Мағжан 1925 жылы әдебиет институтын тәмамдағанын, он жыл еңбек өтілі бар екенін, қазақ тілінен сабақ беретінін жазады.

Мағжан бұл кезде:  
Күннен туған баламын,  
Жарқыраймын, жанамын.  
Күнге ғана бағынам! –

деп өзінің туған ұлтының аспандағы Айы, көгіндегі Күні, әмсе ақыл-ойының, парасатының өлшемі, асқар биігі, мақтанышы, тағзым етер тұлғасы болуға ұмтылысын танытып үлгерген дауылпаздың нақ өзі еді.

Мағжанның дарыны ерте ашылды. Бозбала шағында балғын үнімен, сырлы да сұлу жырымен баршаны баурап, Ғ. Ибрагимов сияқты үлкен тұлғаның назарына іліккен ақын орда бұзар отызында қиянға сермеген қанаты талмайтын қыран екенін шын танытты. Алда оны не күтіп тұр еді? Басқалар тонды кең пішкенмен Мағжанның өзінің оған терең бойлап, алаңдамағаны анық. Ол тек елім, халқым деп соққан жүрегінің дүрсіліне құлақ түрді. Содан да өз бойына ұлтының ащысы мен тұщысын, қуанышы мен қайғысын, қызығы мен азабын қат-қабат қондырып, тағдырлы, тауқыметі мол, тайғағы көп жолды таңдады.

Қанатын еркін сермей алмай қапыда кетті, жақұт жырлары қаратүнек қойнауында қалды, артық-кемі жоқ, жарты ғасыр бойы тұншығып жатты десек те, солақай, содыр саясат оның өзін де, сөзін де жоя алған жоқ. «Бұйырса, шырақ сөнбес, ұзақ жанар» де-

ген ақынның өз сөзі ақиқатқа айналып, Мағжан халқымен қайта қауышты, мәңгілікке оралды. Міне, содан бері де жиырма жыл өтті.

Осы уақыт ішінде біз Мағжан туралы біраз жайларға қанықтық. Мағжанды жарыса жазу үрдісі жиырмасыншы ғасырдың 90-жылдарына дөп келді. Қазір біршама саябырлаған секілді. Бұдан, әрине, ұлттың ұлы ақынына деген сүйіспеншілігі ортайып қалды деген ұғым тумасқа тиіс. Мағжанның өзі де, жыры да мәңгілік, елімен, халқымен бірге жасай береді.

Мағжан туралы жазылған еңбектерді кезең-кезеңге бөліп қарастыра болсақ, Мағжанның көзі тірісінде, қуғын-сүргінге ұшырап, толық ақталғанға дейін жазылған дүниелердің бір төбе екенінде дау жоқ. Нақ сол кезде анық сөзін айтып кеткендердің қатарында Жүсіпбек Аймауытовты, Мұхтар Әуезовті, Ахмет Байтұрсыновты, Сұлтанбек Қожановты және басқаларын атауға болады. Бұлардың мағжантануға қосқан үлесі өлшеусіз. Осы орайда есімі елімізге белгілі ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Бейсембай Кенжебаевтың естелігі де аса құнды дүние десек қателесе қоймаспыз. Оның естелігі ұзақ та емес. «Бұл қарапайым естеліктің айрықша қадірлі болатын тағы бір себебі – оны автор қайта құрудың шарапатынан әлдеқашан бұрын (70 жылы) жазған. Ешқандай есепсіз адал жанымен жазған» (Құлбек Ергәбеков). Айтса айтқандай, естелік иесі ерекше құрметке лайық, батылдығымен аты шыққан ғалым. Оның өзі де ұлтшылдық қамытын киіп, қуғын-сүргінді көп көрген.

Енді осы қоспасыз таза естелікке үңілер болсақ Мағжанның бейнесі жарқырап алдымыздан шығады. «Мағжан сұлу еді: орта бойлы, толық денелі, бұйра қара шашты, ақ құба бидай өңді еді. Бет пішіні Абайдың белгілі суретіндегі бет пішініне ұқсайтын. Жүріс-тұрысы жарасты, сәл маңғаз еді. Осының бәрінің үстіне ол қыз мінезді еді» – деп жазады Б. Кенжебаев.

Осы айтылғандар Мағжанның шын бейнесін ашатын сөздер. Олай болатын себебі, Бейсембай Кенжебаев Мағжан Жұмабаевты жақсы білген, 1922 жылы Мәскеуде Күншығыс еңбекшілерінің коммунистік университетінде оқып жүргенде оның алдынан дәріс алған. Бұл кезде Мағжан Жұмабаевтың өзі де студент болатын, ол Мәскеудегі жоғары көркем әдебиет институтында оқитын. Бей-

сембай Кенжебаев: «Мейлі, лекциялық сабақта болсын, мейлі, практикалық сабақта болсын, ол қағазға, кітапқа қарамайтын. Сөз арасында келтіретін мысал өлеңдер мен әңгімелерді түгел жатқа айтатын. Декламация оқып тұрған тәрізді барлық нәшін, сипатын, кимылын келтіріп айтатын» деп Мағжанның білімінің тереңдігіне, алғырлығына тәнті болады.

Осы естелік Мағжанның Абайды пір тұтқанын, оған қаты еліктегенін тағы да дәлелдей түседі. Мағжан студенттерге Абай өлеңдерін оқып-үйретеді, олармен бірге Абайдың жаңа жыр жинағын талдайды. Бір кездескенде өзінің шәкіртіне аудармаға қатысты ойларын бүкпесіз білдіріп: «Басқа тілден шығарма аудару – ол шығарманы өзінікі етіп алу деген сөз, өзінікі болған соң, ол өгей бала емес, туған бала болуға тиіс. Яғни өгей бала екені мүлде білінбеске керек. Ол үшін шығарманың тұрқы, тұлғасы аударылмай, мағынасы, рухы аударылуы қажет», – дейді. Ол осылай Абайды жүрегімен ұғынған. Олардың жырларындағы үндестік те осыны дәлелдейді. Қазақ үшін Абай қалай қайғырса, Мағжан да солай қапаланады. Өзінің ұлттық таным-тағылымы жеткен биікке ол өз халқының да орнығуын тілейді, ботадай боздайды, аңсайды, армандайды, әйтеуір өзінің ұлтын сол асқаралы заңғардан көргісі келеді.

«Мінезі баладай, тілі балдай еді. Адамға қайырымды, кешірімді, қалтқысыз жан еді... Білімді, алғыр, ойшыл, орысшаға, шығыс тілдерінс ерекше жетік-ті». Сәбит Мұқановтың осы сөздерінде де көп сыр жатқан жоқ па? Өмір жолы Мағжанды әр кезде заманы бір, өзі тұстас қазақтың зиялыларымен кездестіріп отырған. Сәбеңнің айтуынша, алайда, олардың идеялық жолдары бөлек болған. Кеңестік дәуірді, оның табыстарын жырламаған, ескіні, байшылдықты, ұлтты көксеген Мағжанның жырлары коммунистік жолды таңдағандарға жат болған. Соның бір көрінісі – Мағжанның 1923 жылы Ташкентте басылып шыққан өлеңдер жинағын мәскеулік қазақтардың талқылауы. 1924 жылдың 24 қарашасында әдебиет үйірмесі ұйымдастырған бұл жиынға КСРО халықтары орталық баспасының директоры Нәзір Төрекұлов, Орталық комсомол комитетінің бюро мүшесі, жастардың коммунистік интернационалы атқару комитетінің бөлім бастығы Ғани Мұратбаев та қатысады. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша жас ақын, сол кезде Күншығыс еңбекшілерінің

коммунистік университетінде оқып жүрген Өтебай Тұрманжанов баяндама жасайды. Баяндаманы талқылауға қатысушылардың пікірі екі бөлініп, жиналыс «Мағжан буржуазияшыл-ұлтшыл, бізге мүлде жат ақын» дегенге саятын қаулы қабылдайды. Кейін осы қаулы Қазақстанның орталық газеті «Еңбекші қазаққа» жарияланады. Мұның Мағжанға қатты соққы болып тигені, ақынды үлкен күйзеліске ұшыратқаны сөзсіз. Оның «Тоқсанның тобы» деген толғауында:

Жырларым елді жалпылап,  
Жасырман жүзді жақтадым,  
Тоқсанға енді тоқтадым,  
Толғанып, ойлап, талқылап...  
Тоқсаннан сонау он аулақ,  
Мен тоқсанмен біргемін, – деуі содан.

Мағжанға қарсы шабуылдың үдеуіне сол кезде Мәскеуде оқып жатқан жастар ғана түрткі болды десек қателесер едік. Оған Сәбеңнің, кәдімгі Сәбит Мұқановтың да бел шешіп, білек сыбанып кірісіп кеткені белгілі. Идеялық қарсыластарына ымырасыз Сәбең Мағжанды да аяған жоқ, өзгелермен бірге сынның дойыр қамшысын оған да сілтеді.

Мағжан кім қанша даттаса да былғанбайтын асыл емес пе, соны кейін Сәбең де түсінген болуы керек, ақын туралы пікірі өзгеріп, артына Мағжан Жұмабаевтың өмір жолы, шығармашылығы жайлы зерттеу еңбегін қалдырып кетті. Атақты жазушының «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» деп аталатын кітабына енген осы еңбекте Мағжан туралы мынадай жолдар бар:

«... Ақындық жағынан келгенде, Мағжан, әрине, қазақтың күшті ақындарынан саналады. Қазақтың тілін байыту ретінде, әдебиетте жана түрлер енгізу ретінде, Мағжанның еңбегі көп. Абайдан кейін тіл өнегесінде Мағжаннан асқан ақын қазақта жоқ». Бұл Мағжан өмірден озбай тұрып 1932 жылы айтылған сөз. Нақ осы кезде қуғын-сүргінге ұшырап, қиналып жүрген Мағжан да Сәбеңнен сырт айнаруды жөн деп таппайды, хат жазып одан ақыл-кеңес, көмек сұрайды.

Осы арада Мағжан Жұмабаевтың Сәкен Сейфуллинмен қарым-қатынасы туралы да әңгімелей кету артық емес сияқты. Мағжан

1937 жылы Алматыға табан тірегенде Сәбең қарсы алғанмен «Менің жолым – теріс. Сәкендікі – дұрыс болды. Алдымен соған сәлем берейін» деген тілегін білдіреді. Сәбең өзінің естелігінде жазғандай, ретін тауып Сәкенге хабар береді. Сәкен қарсы болмайды, екеуі көздеріне жас алып құшақтасады. Осы арада Мағжан Сәкеннен кешірім сұрайды. Сәкен: «Саған бәрі де кешірімді, бізден енді кешірім сұрама» дейді. Сол күні Мағжан Сәкеннің үйінде қонып қалады.

Сырт көзге қатардағы оқиға сияқты болып көрінгенмен екі алыптың түсінісуі – бұл тарихи сәт еді. Өйткені, оған дейін олардың арасы жақсы емес-ті. Мағжан мен Сәкен тұңғыш рет Омбыда кездескен, сонда бірге оқыған. Кейін араларынан «қара мысық» жүгіріп кетіп, кикілжіңмен біраз жерге барып қалған. Екеуі де ақын болғаннан кейін бірін-бірі сөзбен түйрейді ғой баяғы. Соза берсек, бұл өзі таусылмайтын әңгіме. Белгілі ғалым Тұрсынбек Кәкішев ағамыз бұл жөнінде «Өнер бәсекесі немесе Мағжан мен Сәкен» деген көлемді тарихи-әдеби эссе жазған.

Ақын Мұзафар Әлімбаевтың «Солтүстік Қазақстан» газетінде (1991 ж. 21 мамыр) жарияланған «Мағжанды махаббатпен оқығанда» деп аталатын эссесінде де Мағжан мен Сәкеннің арақатынасын ашатын тұстар аз емес. Ақын ағамыз өмірдің өз ағымында, әдебиеттің дамуында әрқилы мектептердің, әр алуан таланттардың бәсекесі, жарысы, айтысы мен тартысы қызу жүріп келгенін, жүре де беретінін айта келіп, «Мағжанның идеялық және эстетикалық позициясына қарсы жанкешті күреспесе, Сәкеннің азамат әрі ақын-суреткер ретінде қауырт өсіп, биікке самғауы, ол ол ма, қазақ әдебиетіндегі жалаугер жетекшілігі камтамасыз етілер ме еді. М. Жұмабаевтың «Батыр Баянымен» қиын жарысқа Сәкен өзін өткір қайрап салмаса «Көкшетау» дастаны өзінің ғажайып көркемдік дәрежесіне көтеріле алар ма еді?» деп сауал тастайды. Сөз жоқ, осы бәсеке жай да жүйрік қаламды одан сайын желқанаттандыра түскені анық. Олай болса, Мағжан мен Сәкен өмір көшінде әрдайым бірге жүрді. Олардың өмірлерінің соңғы сәтінде кездесіп түсінісулері, табысулары кездейсоқтық емес. Бұл халқымызға бұйырған тағдырдың сыйы.

Мағжан Жұмабаевтың өмірі мен шығармашылығына қатысты



жайларды елеп-екшеп жүре мені «Мағжан туралы оның жерлесі, замандасы, заңғар жазушы Ғабит Мүсірепов неге бір ауыз сөз қалдырмаған?» деген ой мазалай беруші еді. Оның жауабын жазушы Жайық Бектұровтың «Бес арыс» («Жалын» баспасы, 1992 ж.) деп аталатын жинаққа енген естелігінен тапқандай болдым.

Ғабен бірде Жайық Бектұровқа Мағжанмен алғаш рет 1928 жылы Бурабайда кездескенін, Ақмола губерниялық партия комитетінің хатшысы Садықбек Сапарбековтің өзін шақырып алып, «Мағжанның орнына орман шаруашылығы техникумында оқытушы бол» дегенін айтып береді. «Бурабайға келдім. Мағжанды осында бірінші рет көрдім. Ол өзінің пәтерін маған беріп, Қызылжарға кетті. Сонда барып совпарт шkolда сабақ берді» дейді.

Кейін Мағжан мен Ғабен 1936 жылы Алматыда тағы кездеседі. «Мен Қазақстан Орталық партия комитетінің мәдени-ағарту бөлімінің меңгерушісі едім. Мағжанды жұмысқа орналастырдық. Ол жұмысына құлшына кірісті. Дінге қарсы орысша бір трактат іспеттес еңбек жазып әкелді. Жұмысының өзі де дінге қарсы үгіт-насихат жүргізу еді». (Ғабит Мүсірепов). Жайық Бектұровпен әңгімесінде Ғабен: «Менің ойымша, Мағжан шығармаларын басуға бұл күнде совет өкіметінің еш бөгеттігі жоқ, бұлай деу бос сөз. Онын шығармаларын жарыққа шығаруға біздің өзіміздің көптен бергі бір беткей қалыптасып кеткен теріс дағдымыз, теріс көзқарасымыз, Мағжанды ұлтшыл деп жамандап қалған ескі әдетіміз бөгет. Біз біреуді жамандасақ, тасқа басқан таңбадай, өмір бақи өшпейтін қара бояудай көреміз. Кейде тіпті қайсыбір ақындарымыздың іштей қызғаншақтығы да бөгет болып жүр» деп Мағжан шығармаларын жарыққа шығаруға қатысты ойларын ашық білдіріпті. Алайда, Ғабен Мағжанға ара түскен жоқ, Мағжан туралы естелік те қалдырмады. Оның себебін қазір дәп басып айту қиын. Атақты «Бесеудің хатына» қол қойған, «Бейімбет жау болса, мені де жау деп санаңыздар» деген Ғабеннің Мағжан туралы қалам тартпағанын түсіну де, түсіндіру де қиын.

Соңғы жиырма жылдың ішінде Мағжан жайлы біраз дүние жарық көргенін жоғарыда айттық. Солардың ішінде белгілі жазушы Жайық Бектұровтың еңбегінің орны бөлек десем ақиқаттан тым алыс кете қоймаспын. Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, Ә. Бөкейханов, А. Бай-

тұрсынов, Ә. Марғұлан сынды қазақтың асыл ұлдарының әдеби портреттерін оқырманға тарту еткен Ж. Бектұров Мағжанның халқына қайта оралуына да көп еңбек сіңірді. Ол Қазақстан Жазушылар одағының Қарағанды облысаралық бөлімшесін басқарған жылдары Солтүстік Қазақстан облысына сан мәрте келіп, Мағжанның жары Зылихамен кездесіп, қолынан келген көмегін аямаған. «Мағжанды іздестірдіңіз бе? Жоғарғы жаққа арыз жаздыңыз ба? деп сөз бастап кеттім. «Жаздық қой. Жазбаған жеріміз жоқ. Ештеме шықпады», – деді Зылиха. Мен ол кісіге: «Сіз Н. С. Хрущевке жазыңыз. Күйеуім ақын еді, жұрт ұлтшыл десті. Бірақ ол ешқандай басшы жұмыста болған жоқ еді. Кеңес үкіметіне қарсы ешбір теріс әрекет істеген адам емес. 1930 жылы ұлтшылсың деп бір соттады. Одан лагерьде жазасын өтеп келіп, болмашы қызмет істеп жүргенде қайта қамалды, жоқ болып кетті» деп жазыңыз» дедім». (Ж. Бектұров)

Жазушы осыдан кейін өзі де қарап отырмайды, Башқұртстанның халық жазушысы Сайфи Құдашқа хат жазып, Мағжан Жұмабаевты ақтауға көмектесуін сұрайды. Мағжан Жұмабаевпен Уфадағы «Ғалия» медресесінде бірге оқыған С. Құдаш 1969 жылы Қазақстан компартиясы орталық комитетінің бірінші хатшысы Д. Қонаевқа хат жолдайды. «Қазақ ақыны Мағжан Жұмабаевтың тағдыры туралы» деп аталатын бұл хатында башқұрт әдебиетінің ақсақалы Қазақстанның көптеген қалаларынан, оның ішінде Қарағандыдан да, Мағжанға ара түсуін сұраған өтініштер келгенін жазады.

Жайық ағамыздың Мағжанға, Мағжанның артында қалған жесірі Зылихаға жасаған басқа да жақсылықтары аз емес. Мағжан ақталғаннан кейін Зылиханы шетқақпай қыла бастаған ақынның туыстарының орынсыз әрекеттерін айыптағаны тағы бар. Ол: «Өмірде әділетсіздік көп қой. Бәрі де қараңғылықтың, іші тарлықтың белгісі. Бұрын естерінен шығып кеткен Зылиха, енді Мағжан жұрттың аузына қайта іліге бастағаннан кейін, бұл байғұстардың да тіліне, көңіліне орала бастапты. Бұлардың да әкелері, туыстары сотталып, есендіреп қалған адамдар. Жалған қызғаншақтық сезім де бар. Жақсы мұраға ие болғысы келетін ниет те бар. Баласы, ұрпағы жоқ, жалғызбасты сорлы кемпірдің Мағжанның із-түссіз кеткен еңбектерін инемен құдық қазғандай жинағанын өзге, соның көп азап-бейнетін көргеннен басқа ешкімге ешбір жазығы жоқ» деп жазды.

Белгілі жазушы, қазақ әдебиеті ақсақалдарының бірі Ғаббас Қабышұлы да осыны дәттейді. «Мағаңның өлең-дастандары, әдеби аудармалары жарияланған газет-журналдарды іздеп табу, көшірме жасатып алу, әрине, апайға қиын болған. Ақы-пұлын төлеу былай тұрыпты, кесірі жетерлік кездерде ашық іздеудің өзі қандай тәуекелді қажет етті десеңші?! Күйеуіне жағылған күйені кетіру үшін жан тыныштығын ұмытқан, алғаш тұтқындалғанында ізденіп Мәскеуге, Максим Горькийге дейін барған, Мағаңның ол жолы ақталуына бірден-бір себепші бола білген, ал ері екінші рет тұтқындалғанда соңынан Сібірге барғаннан өзге шарасы қалмаған Зүлкен, кім не десе де, бүгінгі бізге де, келер ұрпаққа да аса қажет қыруар іс тындырды» (Ғаббас Қабышұлы. «Қазақ әдебиеті» 2003 ж. 30 мамыр).

*«Дала мен қала» газеті,  
20 қараша 2010 жыл.*

## **БАСТЫ МАҚСАТ – ЕЛ МҮДДЕСІНЕ ҚЫЗМЕТ ЕТУ**

Тамырын тереңнен тартқан, ғасырлар бойы дала демократиясы мен еркіндік сезімінің құндылық белгілерін сақтап келген, бастауын «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», «Жеті Жарғы» сияқты көне заңдардан алатын Қазақ елінің заң шығарушылық қызметінің қалыптасу жолы жеңіл болды деп ешкім айта алмайды.

1990 жылғы наурызда он екінші сайланған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің ерекше рөл атқарғаны баршаға белгілі. Нақ осы жылы Қазақ КСР-інің «Қазақ КСР Президенті қызметін тағайындау және Қазақ КСР Конституциясына (Негізгі Заңына) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңы қабылданып, Қазақ КСР Президентінің қызметі тағайындалды. Еліміздің Тұңғыш Президенті болып Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев сайланды. 1990 жылғы 25 қазанда Қазақ кеңестік социалистік республикасының Жоғарғы Кеңесі «Қазақ КСР-інің Мемлекеттік егемендігі туралы» декларацияны қабылдап, тұңғыш рет еліміздің халықаралық құқық субъектісі ретіндегі мәртебесін айқындап берді, азаматтық институт, сондай-ақ меншік нысандарының тең құқылығын енгізіп, аумақтың бөлінбейтіндігін және оған қол сұғылмайтындығын жария етті.

КСРО күйрегеннен кейін 1991 жылғы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігін жария еткен де, Қазақстанның кеңестен кейінгі алғашқы Конституциясын қабылдаған да осы он екінші сайланған Жоғарғы Кеңес болды. Соның негізінде республикада ұлттық қауіпсіздікті, азаматтық құқықтар мен бостандықтарды, демократиялық қоғам мен құқықтық мемлекет құруды қамтамасыз етудің жаңа сапалы кезеңіне көшу басталды.

Алайда, осы реформалар республикалық билік органдарының, бірінші кезекте, өкілді органдардың оралымсыздығын ашып берді, өйткені олар жедел өзгеріп жатқан өмірге ілесе алмады және осыған орай баламалы шешімдер қабылдауға дәрменсіз болып шықты. Он екінші сайланған Жоғарғы Кеңестің тұрақты негізде

істеген жекелеген құрылымдарының жұмыс нәтижелері де кәсіби Парламент құрудың қажеттігін дәлелдей түсті. Сөйтіп, он екінші сайланған Жоғарғы Кеңес өзін-өзі таратып тынды.

Осыдан кейін сайланып, 1994-1995 жылдары депутаттары тұрақты негізде жұмыс істеген Қазақстанның тұңғыш кәсіби Парламенті деп саналатын он үшінші сайланған Жоғарғы Кеңес қазақстандық парламентаризмнің даму жолындағы маңызды бір кезеңі болды десек, қателеспейміз. Бұл Жоғарғы Кеңес өз қызметіне мемлекеттік құрылыстың ең бір күрделі кезеңінде кіріскен еді. Содан да ол Қазақстанда парламентаризмнің одан әрі дамуына алғышарттар негізін салғанмен, көп қиындықтарға кезікті. Жоғарғы Кеңестің сол кездегі Төрағасы Әбіш Кекілбаевтың: «Кәсіби Парламент бізде ешқашан болған емес және біз сынап көрулер және қателіктер әдісімен жұмыс істеуге мәжбүр болдық... Жаңа мәртебе иеленген Жоғарғы Кеңес өкілеттіктерінің айқындалуы біртіндеп жүріп жатыр», деген сөздері де осыны аңғартады. Сірә, аталмыш Жоғарғы Кеңестің бір жылдан сәл азырақ жұмыс істеп, заңсыз деп танылғанының, мерзімінен бұрын таратылғанының астарын осыдан іздеу жөн сияқты.

Қазақстанды президенттік республика деп жариялаған 1995 жылғы Конституция, сондай-ақ «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заңдар қабылдап, Парламенттің заң шығару функциясын жүзеге асыратын республиканың жоғары өкілді органы болып табылатынын бекітіп берді. Сөйтіп, біздің елімізде тұрақты негізде жұмыс істейтін, екі палатадан: Сенаттан және Мәжілістен тұратын Парламент өмірге келді.

Бұдан біз қазақстандық парламентаризмнің қалыптасу жолы күрделі болғанын, парламентаризм талабына, табиғатына сай келмейтін қоғамдық сана мен саяси практикадағы үстірт көзқарастар мен пікірлерді еңсерудің онайға түспегенін, Қазақстан Парламенті қоғамдағы реформаларды табысты жүзеге асыруға қабілетті саяси-демократиялық институтқа тек тәуелсіздік жылдары ғана айналғанын аңғарамыз. Он бес жыл тарих үшін көп уақыт емес, қас қағым сәт. Осы уақыттың ішінде небір күрделі кезеңдер мен сындарлы сәттерді бастан өткерген Қазақстан Парламенті іс

үстінде қалыптасып, кемелденді, тәжірибе жинақтады, Тұңғыш Президентіміз Н. Ә. Назарбаевтың тілімен айтсақ, еліміздің келбетін өзгерткен заңдар қабылдайтын деңгейге көтерілді.

Алғашында Мәжіліс 67 депутаттан сайланса, кейін 1998 жылғы конституциялық өзгерістерге орай 77 болды, ал 2007 жылғы мамырда жаңартылған Конституцияға сәйкес 107 парламентшіден тұратын болды. Олардың 98-і саяси партиялардан партиялық тізімдер бойынша жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы сайланды. Ал 9 депутат Қазақстан халқы Ассамблеясының өкілдері болып табылады.

Бірнеше партия додаға түскен соңғы сайлау «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясының айқын жеңісімен аяқталды. Басқа партиялардың бірде-біреуі 7 пайыздық кедергіні еңсере алмады. Нәтижесінде нұротандықтар Парламент Мәжілісіндегі барлық 98 орынды иеленді. Содан ба екен, кейбір бұқаралық ақпарат құралдары сол кезде Мәжілістің сапалық құрамына күмән келтіргендей сыңай танытып, жаңадан сайланған депутаттарды орынды-орынсыз іліп-шалып жатты. Бірақ уақыт бәрін өз орнына қойды. Жаңадан сайланған Мәжіліс саяси жүйенің құрамдас бөлігі ретінде өзі де жаңаруға түсіп, бүкіл қызметін, әсіресе, негізгі функциясы – заң шығару ісін қоғамдық қатынастардың қазіргі заманғы күрделі, өскелең талаптарымен үйлестіре білді.

Мәжілістің соңғы сайлауында 39 депутат өз мандаттарын сақтап қалса, 43 адам мемлекеттік басқару органдарынан, 8 адам бизнес құрылымдарынан, 8 депутат білім, ғылым және мәдениет саласынан келді. Ал мамандықтарына келсек, шаруашылықтың барлық салалары қамтылған деуге болады: депутаттардың арасында инженерлер де, заңгерлер де, экономистер де, дәрігерлер, мәдениет және өнер қайраткерлері де бар. 11 Мәжіліс депутаты ғылым докторы болса, 10 халық қалаулысы ғылым кандидаты.

Жаңару мен дамудың жаңа стратегиясын жүзеге асырып жатқан еліміздің басқару жүйесінің алдында тұрған қазіргі кезеңдегі басты мәселе – қоғамды кешенді түрде жаңарту-жаңғырту десек, бұл міндеттердің ойдағыдай шешілуін Парламенттің сан салалы қызметінсіз көзге елестету мүмкін емес. Өмір еліміздің дамуы Парламенттің заң шығару қызметіне байланысты екеніне, еліміздің

демократиялық-саяси жаңару үдерісі аясындағы сан қырлы күрделі проблемаларды заңнамалық тұрғыдан реттеуде Парламенттің заң шығарушылық рөлі мен салмағы арта беретініне көз жеткізіп отыр.

Өз бойына әлемдік және отандық тәжірибенің жақсы үлгілерін жинақтап, оларды қазіргі саясаттағы, экономикадағы және әлеуметтік салалардағы жағдайларға бейімдеп отырған Парламенттің жемісті қызметі туралы мысалдарды алыстан іздеудің қажеті жоқ. 2010 жылғы 1 қыркүйекте Парламентте Мәжіліс пен Сенаттың бірлескен отырысында сөз сөйлеген Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев екі сессия аралығында атқарылған істерге тоқтала келіп: «Міне, бұл мәселелерде Парламент кәсіби шеберлігін танытып, үлкен іске зор үлесін қосты. Бұл орайда, Парламент жоғары заң шығарушы орган ретінде еліміздің өсіп-өркендеуі жолында пәрменді жұмыс жасауда. Мызғымас мемлекеттігіміздің бас бағдарына айналған Ата Заң аясында көптеген заңдар қабылдануда. Осы сайланымның депутаттары үш сессияның ішінде 340-тан аса заң қабылдағаны мұның жарқын айғағы болып табылады. Бұл заңдардың басым көпшілігі қоғамның саяси және әлеуметтік-экономикалық деңгейін көтеруге арналған», деп депутаттарға ризашылығын білдірді.

Үшінші сессияның қорытындылары заң шығарушылық жұмыстың сапасы арта түскенін көрсетті. Барлығы 148 заң қабылданды. Еліміздің құқықтық базасы құқық қорғау органдарын реформалауға, қылмыспен және сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейтуге бағытталған заңдармен нығайтылды. Осы кезеңде Парламент Қазақстан қол қойған 35-тен астам халықаралық құжатты ратификациялады. Өткен жылдың ерекше бір жаңалығы – Қазақстан Беларусь және Ресей мемлекеттерімен бірге Кеден одағына мүше болып кірді. Осы маңызды оқиғаға байланысты Парламент қысқа мерзім ішінде 35-тен астам келісімді заңдық тұрғыдан бекітіп, Кеден одағы аясында Біртұтас экономикалық кеңістік құру үшін құқықтық база жасады.

Сын сағатта осылай «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара» қимылдаудың, Қазақстанның индустриялық-инновациялық дамуының 2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын қолға алудың, кәсіпкерлік секторды сауықтыру және

бизнес бастамаларын қолдау, агроөнеркәсіп саласын қаржымен қамтамасыз ету шараларын жүзеге асырудың нәтижесінде ел экономикасы қарқынды дамып, дағдарыстан кейінгі кезеңге батыл қадам жасадық, халықтың әл-ауқаты жақсарды.

Міне, осылардың бәрі жаңарған әлемдегі жаңа Қазақстанды одан әрі кешенді дамыту жөніндегі аса күрделі міндеттердің нәтижесі мен сапасы, сайып келгенде, мемлекеттік басқару институттары, олардың ішінде Парламенттің қызметіне тікелей байланысты екендігінің, еліміздің жоғары заң шығарушы органының уақыт алға тарқан қиыншылықтардың бәрін халқымен бірге бөлісіп келе жатқандығының айғағы.

Парламент Мәжілісінің депутаттары негізгі ішкі жұмыстарымен қатар, халықаралық және парламентаралық қызметті де белсенді жүргізіп келеді. Бұл бағыттағы жұмыстар, әсіресе, Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуі кезеңінде ерекше сипатқа ие болғанын айту ләзім.

Депутаттар әр сәрсенбі сайын Мәжілістің жалпы отырысының басында өздерінің сауалдарын жария етеді. Үстіміздегі сессияның алғашқы үш айында ғана олар түрлі мемлекеттік құрылымдардың басшыларына 237 сауалдар мен үндеулер жолдады. Көтерілген мәселелердің басым бөлігі Мемлекет басшысының төртінші сайланған Қазақстан Республикасы Парламентінің IV сессиясының ашылуында депутаттардың алдына қойған және жыл сайынғы халыққа Жолдауынан туындайтын міндеттерді шешуге бағытталған.

Парламенттің регламентіне сәйкес депутаттар тоқсан сайын аймақтарға шығып, сайлаушылармен кездесіп тұрады. Ондағы басты мақсат – халықты жоғары өкілетті орган, үкімет тындырып жатқан істерден хабардар ету. Осы кездесулердің барысында халықтың талап-тілектеріне де айрықша көңіл бөлеміз. Сондай-ақ олар көтерген мәселелерді тиісті орындарға жеткізуді басты міндетіміз деп білеміз.

Уақыт Елбасымыз ұстанған бағыттың дұрыс екенін дәлелдеп берді. Қазақстан санаулы жылдардың ішінде дүние жүзіне танымал әлеуетті елге айналды. Біз Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы және Азия елдері арасында бірінші болып Еуропадағы қауіпсіздік және



ынтымақтастық ұйымына жетекшілік еттік. Осы беделді Ұйымның Астанада өткен Саммиті де еліміздің абырой-даңқын асқақтата түскені даусыз.

Дегенмен, қол жеткенге тоқмейілсуге болмайды. Президентіміз атап көрсеткендей, «Қазақстан Тәуелсіздіктің үшінші онжылдығына лайықты қадам басуы үшін бізге әлі көп нәрсе істеуге тура келеді». Миллиондаған азаматтар өзінің азаматтық белсенділігін танытып, жаңа индустриялық Қазақстанды тұрғызуға қатысу үшін ұмтылуы, іспен айналысып, елдің дамуында өз орнын табуы керек. Еліміз үшін мәртебелі, сонымен қатар, үлкен жауапкершілік жүктейтін осындай айрықша ауқымды істерден заңнамалық қызметі арқылы ұдайы халықтың мүддесін білдіріп, қорғап келе жатқан Парламенттің де шет қалмайтынына сенім зор.

*«Егемен Қазақстан» газеті,  
25 қаңтар 2011 жыл.*

## ҚАЙСАР ЖАНДАРҒА ҚОЛ ҰШЫН БЕРЕЙІК

«Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясының Павлодар облыстық филиалында сайлаушыларды қабылдаған кезімде маған бір топ, олардың арасында таяқты таяныш еткендері де, арбаға таңылғандары да, бірін-бірі жетелеген табан астын көрмейтін зағиптары да бар, негізінен I топтағы мүгедектер келіп, өздерін бірге қабылдауды өтінді. Мен қарсылық білдірген жоқпын, бәріміз бір сағаттай әңгімелестік.

Мүмкіндігі шектеулі жарымжан жандардың кейбір шенеуніктерге өкпелері қара қазандай екен. Олардың өздерінің айтуларына, Павлодарда мүгедектерді әлеуметтік қорғау, медициналық оңалту жұмыстарының жайы мәз емес. Соның салдарынан 2008 жылы мүгедектер пайдаланатын бірқатар тауарлар тым қымбатқа сатып алынған және мерзімінен екі ай кеш түскен. Осындай жауапсыздық 2009 жылы да қайталанып, сатып алынған мүгедектер арбалары пайдалануға қолайсыз болып шыққан. Өтініш иелері осы жайларды айтып, талай табалдырықты тоздырса керек. Бірақ, одан қорытынды шығарып жатқандар көрінбейді. Сөйтіп, былтыр да мемлекеттік сатып алулар мерзімінен кеш өткізіліп, еңбекақы алмағаннан кейін қамқорлығындағы адамдарды қараусыз қалдырған жеке көмекшілер жұмысқа тамыз айында ғана қайта оралған.

Жеке көмекшілерге байланысты айта кететін тағы бір жәйт – Үкіметтің 2005 жылғы 20 шілдедегі №754 қаулысына сәйкес жүріп-тұруы қиын I топтағы мүгедектерге бөлінген жеке көмекшілер мүгедекті тұрғылықты жерінен жұмысқа немесе оқу орындарына, сондай-ақ, жергілікті өкілетті және атқарушы органдарға, сотқа, прокуратураға, әлеуметтік сала нысандарына, нотариусқа, мәдени шараларға, спорт кешендеріне, сауда, медицина мекемелеріне, тұрмыстық қызмет орындарына, оқуға, жұмысқа орналасуға, өз құқықтарының мүдделерін жүзеге асыруға қажетті ақпарат алуға құжаттарды толтыруға қатысты мәселелерді шешу үшін апарады, әкеледі. Бірақ, мекемелерге бірге кірмейді, мүгедекке сырт киімін

шешуге, киюге, мекеменің ішінде жүріп-тұруына көмектесе алмайды. Және осы қаулыда мүгедектердің мешітке баруы, демалыс және мереке күндері бұқаралық шараларға қатысулары қарастырылмаған. «Содан да біз ұдайы үйде қамалып отырамыз. Ал бұл арнайы заңда көзделген мүгедектерді оңалту мақсатымен мүлде үйлеспейді», – дейді шағым иелері.

Сол сияқты мүгедектерді дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етудің де жайы сын көтермейді. Өйткені, тендерге қатысушылар қайткенде де жеңімпаз атану үшін өз қызметтерін арзанға бағалайды да, кейін қаржының тапшылығын сылтау етіп толық көлемде қызмет көрсетпейді. Оларға «эй деп жатқан әже, қой деп жатқан қожа» жоқ.

Аталмыш қаулыда санаторийге немесе курортқа баратын мүгедектердің жайы да толық ескерілмеген. Мұндай сапарлар кезінде І топтағы мүгедектің өзіне жеке көмекші бөлінбейді екен. Ал жол жүрудің ауру адам түгілі сау адамға үлкен салмақ екенін бәріміз де білеміз. Міне, сондықтан да көптеген мүгедектер мұндай мүмкіндікті пайдалана алмай келеді.

Павлодар облысында көзі көрмейтін І топтағы 858 мүгедек болса, олардың 210-ы мектеп жасындағы балалар екен. Олардың 5-уі ғана басқа қалалардағы мамандандырылған мектептерде оқуда, қалғандары өз проблемаларымен жеке қалған. «Солар үшін Павлодар қаласында мектеп-интернат салатын мезгіл жетті деп ойлаймыз», – дейді мүгедектер Смағұлов пен Сәбиева.

Меніңше, бұл бір қалаға, бір облысқа ғана тән жағдай емес. Біздің елімізде мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы Заң қабылданып, олар үшін өмір сүру мен қоғамға кірігудің тең мүмкіндіктерін құрудың құқықтық, экономикалық және ұйымдық шарттары анықталғанымен, іс жүзінде әлі шешілмеген мәселелер бастан асып жатыр. Нақты айтсақ, мүгедектердің әлеуметтік-мәдени және көлік инфрақұрылымы нысандарына қол жеткізуімен байланысты құқықтары әркез сақтала бермейді, жаңадан салынып жатқан ғимараттардағы кірме жолдар, пандустар стандартқа сай емес. Тіпті, жаңа салынып жатқан тротуарларда кірме жолдар салу ескерілмеген, кресло-арба пайдаланатын мүгедектердің кедергісіз жүруін де жағдай жасалмаған. Сөйтіп, мүгедектер қоғамға кіріге алмай мәдени өмірден тыс қалуда.

Жетімі мен жесірін жылатпаған қазақ мүгедектерін де мұңайтпауға

тиіс. Демек, олар үшін арнайы құрылғылар, көмекші құралдар: пандустар, съездер, кең лифтілер, қия жолдар жасау кезек күттірмейтін міндет болып табылады және оларды мүгедектер тұратын жерлерден бастаған жөн, сосын қоғамдық сипаттағы барлық мекемелерге тарату қажет. Әрине, бұл мәселені бір жылда шешу, бүкіл ғимараттарды, тротуарлар мен көлік жабдықтарын қайта салып тастау мүмкін емес. Бірақ ендігі жерде арқаны кеңге сала берудің де еш реті жоқ. Бастайтын, тап-тұйнақтай етпегенмен еңсеріп тастайтын мезгіл жетті, ең бастысы – қолжетімсіздікке алып келер жаңа кедергілердің пайда болуына жол бермеуіміз керек.

Айта берсек, осындай түйінді мәселелер аз емес. Онсыз да тағдырдың тауқыметін тартып жүрген қайсар жандарға қол ұшын берейік.

*«Егемен Қазақстан» газеті,  
19 ақпан 2011 жыл.*

## **БЕСІКТЕН БЕЛІ ШЫҚПАЙ ЖАТЫП, ӨМІРДЕН НЕГЕ ТҮҢІЛЕДІ?**

Соңғы кездері қайда болса да жасөспірімдердің, мектеп жасындағы балалардың өздеріне өздерінің қол салуы жиілеп кеткені жасырын емес. Еуропа мен Азияны ғана емес, бүкіл әлемді кезіп жүрген осындай қайғылы оқиғалар елесі біздің елімізді де орап өткен жоқ.

Он екіде бір гүлі ашылмаған, оңы мен солын танымаған, еріндеріндегі ана сүті кеуіп үлгермеген балаларымыз баудай түсіп, қыршынынан қиылып жатыр.

Ресми деректерге сүйенсек, 2009 жылы елімізде 260 жасөспірім өзіне-өзі қол жұмсап өмірмен қош айтысқан. Жағдай өткен жылы да түзеле қойған жоқ, ел бойынша осындай 237 оқиға тіркелді. Үстіміздегі жылдың да жақсылығы шамалы болғалы тұрғандай. Бұл – қаншама ата-ана қара жамылып, ботасынан айырылған бозінгендей еңіреп қалды, мындаған жүректерге жара түсті деген сөз.

Сөйтіп, бүгінде ата-анасы баласы мектепке кетсе, үйге аман-есен орала ма деп, өздері жұмыста жүрсе, кешке балам алдымнан шығар ма екен деп алаңдайтын, мазасыз күй кешетін болды. Ертең мезгілсіз ажал кімнің есігін қағады, кімді зар жылатады?! Бұл пәле бізге қайдан жабысты? Сырты бүтін, іші түтін балалар қайдан шығып жатыр? Балалар бесіктен белі шықпай жатып неге өмірден түңілетін болды? «Сенің табаныңа қадалған шөгір менің маңдайыма қадалсын», деп бауыр еті баласы үшін отқа да, суға да түсуге даяр ата-ананың көз жасы неге құрғамайды? Бұған мамандар не айтады?

Олардың бір тобы суицид оқиғаларының жиілеуіне әлеуметтік жағдай, тиісті отбасылық және қоғамдық тәрбиенің жоқтығы, зорлық-зомбылық, діни ағымдардың әрекеті, есірткі қолдану себеп болып отырғанын алға тартады.

Өзіне-өзі қол жұмсаушылардың көбеюі ең алдымен телеарналардан беріліп жатқан ұрыс-төбелеске, қантөгіске толы фильмдердің эсері, сондай-ақ, бәріне шайлығын айырамын, байлығын еселеймін деп шарқ ұрып жүрген ата-аналардың жұмысбастылығы кінәлі,

олар күнкөрістің қамымен таң атқаннан күн батқанша үй қарасын көрмейді, балалардың оқуына, тәрбиесіне көңіл бөлмейді, назардан тыс қалған бала өзін керексіз сезінеді деушілер де бар.

Қоғамда болып жатқан өзгерістер мен сан түрлі қиындықтар бала психологиясына кері әсер етуде. Өз өзіне қол салу – түсініспеушілік пен жалғыздықтан туындайтын проблема.

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасының 2008 жылы «Балалар суициді» тақырыбында жүргізген арнайы зерттеуінде балаларды осы жолға итермелейтін негізгі себептер ретінде баланың күрделі әлеуметтік-психологиялық жағдайы, одан кейін ұлтаралық қатынас, отбасылық тұрмыстың қолайсыздығы мен қолдаудың болмауы сияқты факторлар аталған.

Дүниенің ақпараттануы, адамның табиғаттан алшақтауы, неше түрлі компьютерлік ойындар, көбінесе жастардың арасында суицидтің көбеюіне ықпал етіп отыр.

Жасөспірімдердің өздеріне өздерінің қол салуына көбінесе айтылған сынды дұрыс қабылдамауы, қиындықтарға төзбеуі себеп болады. Сондай-ақ, қоғамдағы жат қылықтарға әуес, нашақорлар мен маскүнемдер суицидке бейім келеді.

Өзіне өзі қол жұмсайтын жастардың көбеюі – еліміздегі жастар саясатының деңгейінің төмендігін көрсетеді.

Дәрігерлердің айтуынша, суицидті дәрігерлер аурудың бір түрі десе, психологтар бұл жан күйзелісінің көрінісі дейді.

Өткен XX ғасырдың басында осы жайға назар аударған австриялық психолог Зигмунд Фрейд адамның өзіне өзі қол жұмсауы ызақорлық, агрессиядан болатынын мәлімдеген. Ал, америкалық психолог Карл Менниндер суицидтің барлығын санадан тыс жасалатын өзара байланысты үш негізгі себеппен: өш алу – жек көрушілікпен, тығырыктан шығатын жол таппағандықпен және кінәлі сезімнің күштілігімен түсіндірген.

Біреулер бәрін жокшылыққа жапса, енді біреулер оған кереғар ой тастайды. Кімдікі дұрыс, кімдікі бұрыс? Бірінші ойға бас шұлғыын десең, халқымыздың басынан небір қиын зауалдар өткен, қазақ аштықты да, жалаңаштықты да көрген. Бірақ сол үшін ешкім асылып өлген жоқ. Әлде, жастарды адастырып, шатастырып жатқан Абай атамыз айтқан, тамағы тоқтық, көйлегі көктік пе? Былай қарағанда, бәрі

қисынды, айтылған сөздер нысанаға дәп тиіп жатқан сияқты. Сонда қалай, бұл себеп-салдары түсінікті, қалыпты жағдай деп, өзімізді өзіміз жұбатып, сырттай бақылаушы болып отыра береміз бе? Жағдай түзелудің орнына ушыға түссе, мұндай сәуегейліктен бізге не пайда?

Әлде, бәрі рухтың әлсіздігінен бе екен? Бұл жайды ауызға алып жатқан ешкім жоқ. Бірақ оны да есептен шығаруға болмайды.

Рас, жоғарыда айтылған оқиғалардың барлығы бойынша дерлік қылмыстық істер қозғалған. Бірақ, көбінің себебі ашылмай, жұмбақ күйінде қалып қойған. Әдетте, жасөспірімнің неге осындай қадамға барғандығы жіті зерттелмейді, іске қатысы бар лауазымды адамдар оқыс оқиғаны тезірек ұмытуға тырысады, кінәлілерді сырттан іздейді. «Өзара түсіністік бар жерде, қандай қиыншылықтар болса да, бала ешқашан өз-өзін өлтіру туралы ойламайды да. Егер ондай болса, онда бала мен ата-ана арасындағы қарым-қатынаста бір кінәраттың болғаны». Бұл – ұстаздың сөзі. Олардың өздерін кінәлаушылар да жоқ емес. Ата-аналар кінәлі, мұғалімдер кінәлі, қоғам кінәлі деп құр даурыққанмен мәселе шешіле ме? Жоқ. Сайып келгенде, бұл жеке-леген отбасының емес, қоғамның проблемасы, қоғамға төнген қауіп. Сондықтан онымен халық болып күресуіміз керек, араласуымыз керек! Әр тағдырға араша түсуіміз керек!

Мысалы, Жапония өткен жылы азаматтардың өздеріне өздері қол салуымен күресу, алдын алу үшін бюджеттен 32 миллиард доллар қаржы жұмсапты. Бұдан біз нені аңғарамыз? Күншығыс елінде депрессияға ұшыраған адамдарды емдеудің мемлекеттік деңгейде ойластырылған бағдарламасы бар. Олар біз сияқты оқиғадан кейін опынып, санын соғып жатқан жоқ, бұл бағытта жүйелі жұмыс жүргізуде, қоғам мүшелерінің, әсіресе, жастардың қауіпсіздігі үшін күресті басым бағыттардың бірі ретінде қарастыруда. Басы ауырып, балтыры сыздамай-ақ, кішкене ғана күйзеліске түссе, олардың адамдары психологиялық қызметке жүгініп, көмек алып отырады.

Біз осы жағын ойластырдық па? Айына-жылына бір өтетін конференциялар мен басқосулар, балалар арасындағы суицидтің алдын алуға байланысты облыстарда ұйымдастырылып жатқан шалажансар, даңғаза шаралар, әңгімелер елімізді жайлаған мәселені шеше алмай-тынын түсінетін мезгіл жетті. Сондықтан осы мәселені мемлекеттік деңгейде мықтап қолға алуымыз керек.

Бұған кейбіреулер «бізде де мектептерде психологтар бар, мектеп инспекторлары жұмыс істейді» деп уәж айтулары мүмкін. Біріншіден, мектептерде балалардың мінез-құлқында өзгерістер байқалған жағдайда оған зер сала қарап, ашық әңгімеге шақырып, себептерін анықтайтын ұдайы балалардың ортасында жүруге тиіс психологтар жетіспейді, болған күннің өзінде білімі мен біліктілігі талаптарға сәйкес келе бермейді. Бір сөзбен айтқанда, бұл жұмыстың ақсап жатқаны ақиқат.

Елімізде психикасы әлсіз адамдарға көмек көрсететін орталықтар ашу мәселесі өткір қойылуға тиіс. Бұл тек балаларға ғана емес, ересектерге де аса қажет екенін уақыт дәлелдеп отыр. Қазіргі кездегі жекеменшік психологтарға барып емделуді көптеген отбасылардың, әсіресе, ауылды жерде тұратын адамдардың қалтасы көтере бермейді. Оның үстіне осындай қызмет болатынын көп адамдардың білетініне күмәнім бар. Әрбір баланың денсаулығы, өмірі үшін күресетін кез келгені анық. Бұл үшін қаржыны аямау керек. Өйткені, дәрігерлер суицидті емдеуі қажет аурулар қатарына жатқызып отыр.

Өзін-өзі өлімге қиған төртінші сынып оқушысы Ерболдың тағдыры да бізді ойландыруға тиіс. Өзінен ересек балалар күнбе-күн оның басқан ізін аңдып, ақша талап етіп, жүргізбей қойған. Сорлы бала мектепке де кіре алмай қалған. Бұл жайды ата-анасына айтуға баланың батылы жетпеген. Ақыры амалы таусылған ол өзіне-өзі қол жұмсап, асылуға мәжбүр болған. Бірде-бір ересек бала мұны мойындаған жоқ, сөйтіп қылмыстық істі жабуға тура келген. Тұздыбастаудағы оқиғадан кейін де осындай бір өрескелдіктің шеті көрініп қалғаны белгілі. Жасыратын ештеңе жоқ, халық арасында қылмыскерлер мектеп оқушыларына салық салады екен деген әңгіме бар. Олай болса, оған құқық қорғау органдары неге араласпайды? Сосын мектептегі инспектор не бітіріп жүр? Олардың кейбіреулері жағдайдан хабардар болса да «көрмес – түйені де көрмес» дегендей, ештеңеге араласпайтын, ал оқушы шағым айтып барса, арыз жаз дейтін көрінеді. Бұл не сөз?! Қай оқушы арыз жазады?

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының деректеріне сенсек, Қазақстан бүгінде әлемдегі ең көп суицидтік жағдайлар тіркелген ел ретінде үшінші орынға шығып отыр. Яғни, республикада жыл сайын өз еркімен өлімге бас тігушілер қатары арта түсуде. Әсіресе, «қолдан



жасалған» өлімнің еліміздің келешегі – жастардың арасында кең таралуы, жас балалардың өздеріне өздерінің қол салуы – қоғамның қайғысы. Демек, оны одан әрі бақылаусыз қалдыруға болмайды, жастар ортасын сауықтыруды жедел қолға алу осы проблеманы жан-жақты зерттеп, нақты шаралар белгілеу және оларды дәйектілікпен жүзеге асыруға күш жұмылдыру қажет.

*«Егемен Қазақстан» газеті,  
26 ақпан 2011 жыл.*

## ЖЫЛЫЛЫҚ ПЕН СҰЛУЛЫҚ МЕРЕКЕСІ

Тәубе, ғасырлар тоғысында Сарыарқаның самалы оңынан соғып, заман түзелді. Түндігі бүтін тәуелсіз ел болдық, өз қолымыз өз аузымызға жетті. Бодан болған кездері көз жазып қалған ұлттық құндылықтарымыз қайта жаңғырып, халық игілігіне қызмет етуде.

Сонау 80-жылдардың соңында солтүстікте ақ қар, көк мұздың үстінде тұтанған алаудай – әз Наурызбен қайта қауышқан халықтың да қуанышы шексіз еді. Қызылжар өңірінде алты ай қыс түскен қалың қардың көбесі наурызда еркін сөгіле қоймайды. Соған қарамастан, алғаш рет облыс орталығында, барлық аудандарда киіз үйлер тігіліп, қазан көтерілді. Көңіл толқыды, жанарға жас үйірілді. Ол – қуаныштың көз жасы! Халық мәре-сәре болып, бір-біріне «Жыл басы құтты болсын!», «Ақ мол болсын!» деген сияқты, бұрын тіл ұшына жиі іліге бермейтін ақ тілектер арнады. Содан бері бұл өңірде де Наурыз мерекесін жыл басы ретінде дүркіретіп атап өту дәстүрге берік енді. Бұл күні еліміздің барлық елді мекендеріндегі сияқты көне Қызылжардың көшелеріне де халық сыймай кетеді. Солардың жайдары жүздері, шат күлкісі көктемнің шуағымен нұрланып, табиғат-ана ерекше елжіреді.

Осындай жылылықтың, сұлулықтың сырын қасиетті мерекенің тарихы мен табиғатынан іздеу жөн сияқты. Тарих қойнауынан бізге жеткен бір аңызда Нұх пайғамбардың кемесі Қазығұртқа күн мен түннің теңескен уақытында келіп тоқтағаны айтылады. Зерттеушілер Наурыз мерекесі тойланғалы 127 ғасыр өтті деген деректі де жоққа шығармайды. Ұлы Абайдың «Ол күнде Наурыз деген бір жазғытұрым мейрамы болып, наурызнама қыламыз деп той-тамаша қылады екен» деуі де, Наурыздың тамыры тереңде жатқанын аңғартса керек.

Қазақтың Наурыз келгенде ерекше қуануының, шаттануының түп-тамыры қайда жатыр? Малы мен жанын сақтаған қазақ жылдың төрт мезгілінде де ауа райының құбылмалы мінезін қалт жібермей

қадағалаған, бәріне мән берген, қыс жеңіл болса – құт, ауыр болса – жұт болатындығын ескерген. Ол төрт түлікті аман сақтау үшін қысқы аязда, ақ түтек боранда көрмегенді көріп, малымен бірге өріп, жуанның жіңішкерер, жіңішкенің үзілер шағынан шаруасын күйзелтпей, ашаршылыққа ұшырамай, аман-есен өтуді аңсаған. Сол күнге жеткенде, әрине, ерекше қуанған. Сол себепті Ұлыстың ұлы күні қазан толтыра ас әзірлеп, молшылық болуын тілеген.

Өкінішке қарай, күтпеген жерден осы қуаныш сап тыйылды. Кеңес үкіметі аталмыш мерекені ислам діні тудырған “кертартпа рәсімдер” қатарына жатқызып, 1926 жылы ресми тойлауға тыйым салды. Ислам діні бұл өлкеге сегізінші ғасырдан ене бастағанын, ал Наурыз қазақ даласында одан бұрын тойланғанын ескерсек, бұл қисынсыз, қиянатты шешім еді. Қазақтың ақиық ақыны Мағжан Жұмабаев та осыны дәттейді. «Қазақтың наурызы – дін мейрамы емес, тұрмыс мейрамы, шаруашылық мейрамы. Бұл мейрамды дұрыстап өткізу керек. Бұл мейрамды тұрмыспен, ғылыммен байланыстырып, қоғамға пайдалы игі іс жасайтын, ауыл адамдарын тап жігімен ұйымдастыратын мейрам ету керек», – деп жазды ол.

Атақты сөз зергері Ғабит Мүсірепов өзінің күнделігінде: «Қазақтың жылы наурыздан басталады. Жылдың басы жазғытұрғы күн мен түннің теңелуінен басталуы, әрине, дұрыс. Бұл – табиғаттың өзінің жаңаруы, өсімдік те, жан-жануар да бірі бүршік атып, бірі төлдеп, жаңарып, туынды беріп жататын кезі... Күн мен түннің жазғытұрғы және күзгі теңеулерінде қаншама мән, қандай жөн сілтеу жатыр десеңізші! Туар кез, өсер кез, көбейер кез, тозар кез, ескіреп кез десіп тұрған жоқ па?!» – дейді. Наурызға қатысты ойларын Ғабен күнделігіне 1926 жылдан кейін түсірген сияқты. Өйткені, ол «озық» елдердің жыл басын қаңтардан бастауында ешқандай ғылыми ақтау жоқ, күштің еріксіз көндіруі ғана бар», – деп қынжылыс білдіре келіп: «Адам баласы бір кезде өз қылығына өзі әділет жолымен қарап, ғылымға дәл сүйенген кезде, бұл мәселеге бір оралмай қоймасқа керек», – депті. Жазушының көрегендігіне бас иесің.

Наурыздың табиғаты ізгілікке, бірлікке, мейірімділікке, бір сөзбен айтқанда, тек жақсылыққа негізделген. Содан да, Наурыз біздің елімізде жыл басы ғана емес, береке-бірліктің, қайырымдылық пен

ізгіліктің мерекесі ретінде тойланып келеді. Бұл күні үлкен болсын, кіші болсын, көшеге шығып, көңілді ойын-сауықтарға қатысады. Мереке бағдарламасы шеңберінде түрлі сайыстар ұйымдастырылып, арнайы құрылған сахналардан ән мен жыр төгіледі. Әр үйде қазан көтеріліп, Наурыз көже пісіріледі. Наурыз дастарқаны басқа да тағамдарға толады.

Бір қуанарлығы, соңғы кезде адал асқа арақ-шарапты араластырмауға көп көңіл бөлінуде. Ол да тегін емес. Наурыз мерекесі күндері шарап ішу, ренжісу сияқты жағымсыз әдеттерге ежелден қатты тыйым салынған.

Жоғарыда Наурыздың салтымызға қайта оралуына ұлт жанашырларының көп еңбек сіңіргенін айттық. Солардың бірі – Солтүстік Қазақстан облысының Қызылжар ауданында тұратын Сақып Құсайынова. Ол жылда Наурыз тойының бел ортасында жүреді. Еліміздің іскер әйелдерінің съезіне бір емес, бірнеше рет қатысқан оймақ шебері, қазақтың қолөнерін дәріптеп, жас ұрпақты қастерлі құндылықтарға баулып жүрген Сақып Рақымжанқызы Наурызды нағыз халықтық мереке деп біледі. «Наурыздың сәні, әні қазақтың бойындағы асыл қасиеттерден көрініс береді. Оның әлі ашылмаған мүмкіндіктері мол. Мәселен, Наурызға қатысты пайда болған Наурызнама, Наурыzkөже, Наурыз тойы, Наурыз жыры сияқты атаулардың бәрінің де астарында үлкен ой, мағына жатыр, осыны жастарға жеткізуіміз керек», – дейді ол.

...Жақында ауылға барып қайттым. Қой қоздап, қора шуға толып, мал төлдеп жатыр екен. Дикандар егіс қамына кірісіп кеткен. Ал балалар көктем құсы – Наурызекті асыға күтіп жүр. Кешікпей олар да келеді. Осылай Наурыз қайта оралғалы Қызылжарға да көктем ерте келетін болды.

*«Егемен Қазақстан» газеті,  
19 наурыз 2011 жыл.*

## ТҮЛЕГЕН ТҮБЕК

Өткен жылы, Маңғыстау облысына Бекет атаның 260 жылдығына барған сапарда бас басылым басшысы айтқан: «Бұл өңір де бір ерекшелігі көп аймақ, қарап көрерсіз, мүмкін, бір ойлар туындап қалар» деген сөзді өзіме көрсетілген сенім ретінде қабылдаған едім. Алайда, тапсырманы созыңқырап алдым. Бұрын бармаған, көрмеген жер жөнінде ұзағырақ ойланып-толғануға тура келді. Тәуелсіздік тойы жылында түлеген түбек туралы толғаудың әбден-ақ жөні келіп тұрған сияқты көрінеді. Қалың қазақтың мақтанышы, заңғар жазушы Әбіш Кекілбаевтың: «Қазыналы Маңғыстау Тәуелсіз Қазақстанның тез тынайып, тез нығаюына жанқиярлықпен үлес қосты. Тәуелсіздік оның өз байлығына лайық өркендеуіне кең өріс ашып берді... Маңғыстаудың бүгінгі тіршілігі он жылда самғап өскен сәулетті Астанамыз секілді «Қазақстандық ғажайыптар шежіресінің» ең мазмұнды тарауларының бірі болып табылады», деп тебіренгені тегін емес қой.

Заман өзгергелі, бұрын ауыл арасынан ұзап шыға қоймайтын қазақтың да өрісі кеңейіп, төрткүл дүниені түгел аралауға мүмкіндік туды. Қазір қай құрылыққа бара қалсаңыз да, бұрынғыдай жалғызсырап, жетімсіремейсіз, әйтеуір, бір қаракөз алдыңыздан шығады. Бірақ мені осындай алыс сапарлар аса қызықтыра қоймайды. Шет жерге жол түссе, тезірек елге жеткенше асығамын. Ұшқан құстың қанаты, шапқан аттың тұяғы талатын қазақтың кең байтақ даласына не жетсін! Бітімі де, бедері де бөлек, тау-тасы, көлі, өзені, орманы, құмы, желі – бәрі сондай ыстық, көз тоқтатсаң, құмарың қанбай, ынтыға түсесің. Қазір де осындай бір күй кешіп келемін. Астанадан көтерілген алып лайнер батысқа бет түзегелі біраз болып қалды, көк аспанды оқтай тіліп, заулап келеді. Бағытымыз – Маңғыстау.

«Маңғыстау... Мәңгі қыстау деген сөзден шықты ма екен? Әлде... мың қыстау деген ұғымды білдіре ме?.. Малға қатысты айтылған ба, қалай? Мынау шетсіз де, шексіз даланың малсыз сәні келмесі анық. Әлде, маңғаз тау ма екен?.. » Ой бесігі баяу тербеледі... Маған мүлде бейтаныс өлке. Алайда, бұрын-сонды топырағына табаным тимесе де,

оның тіршілік-тынысынан мүлде хабарсызбын дей алмаймын. Үш-төрт жылдан бері бір үйде, бір подъезде тұрып жатқан қазақтың атақты жазушысы Әбіш Кекілбаевты былай қойғанда, осы өңірден сайланған әріптестерім – Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттары Зейнолла Алшымбаевпен, Гүлнәр Сейітмағанбетовамен, Серік Оспановпен күн сайын дерлік кездесіп жүремін. Парламентте Маңғыстауды жақсы білетін басқа да депутаттар бар екеніне күмәнім жоқ. Есімі елімізге жақсы танымал заңгер, белгілі қоғам қайраткері Ирак Қасымұлы Елекеев те Маңғыстау десе елеңдеп отырады. Осы өңірде көп уақыт қызмет істеген оның да мұнайлы өлкенің өмірінен шертер сыры аз емес. Дәл қазір қасымда отырған ол да ой жетегіне ерген сияқты, терезеден көз алмайды. Маңғыстауда “Қиянатқа жол бермес әділдіктің, күпірлікке жол бермес адалдықтың, қараулыққа жол бермес шапағаттылықтың, қатыгездікке жол бермес мейірімділіктің, арысздыққа жол бермес парасаттылықтың асқан үлгісін танытқан, елінің жел жақтағы панасы, ық жақтағы саясы бола білген азамат, жаудан елді арашалаған батыр, дауда әділетті арашалаған қази, озбырлықтан обал мен сауапты арашалаған пірәдар, әлсізге медет, күштіге айбар, зарыққанға жебеу, тарыққанға демеу, асқанға тосқан, сасқанға сая, ұрпаққа ұстаз, ұлысқа ұран, ел иесі, жер киесі” (Әбіш Кекілбаев) – бар қазаққа ортақ тұлға Бекет атаның 260 жылдығы аталып өтпек.

Ақтау әуежайына қонуға бет алған ұшақ қарт Каспийдің төсіне сұғына түсіп, қайырылады екен. Жағаға ұмтылған бұйра толқындар, қанаттары күн нұрына шағылысқан ақ шағалалар, көкжиекте көк аспанмен тұтасқан көк теңіз... Ғажап құбылыс! Дүниенің бәрін ұмытып, сұқтана түсесің.

Белгілі ақын Темірхан Медетбек:

О, менің Маңғыстауым, Маңғыстауым!  
Марқайып мақтанарым, алға ұстарым.  
Өзінде бар махаббат, бар құштарым,  
Жыр болып құйылады алғыстарым.  
О, менің Маңғыстауым, Маңғыстауым,  
Есімің естілсе де қай жағымнан,  
Кім болсын селк етеді айбарыңнан.  
Аппақ бір нұр құйылып маңдайыңнан,

Жел есіп тұр ғой қазір айдарыңнан, – деп жырлаған-мұнайлы өлке, шырайлы өлке – Маңғыстау!

Маңғыстаудың кереметі ертсеңе-ақ көз алдымызда көсілді. Қыркүйектің 16-күні реставрациядан өткізілген «Шопан ата» жерасты мешітіне бармақ болып тікұшақпен жолға шықтық. Керемет көрініс! Шетсіз-шексіз дала! Көз ұшында қыбыр еткен не адам, не мал жоқ. Кейін көз жеткізгенімдей, осы жерге алғаш табаны тиген кез келген адамды Маңғыстаудың табиғат ерекшеліктері қатты қызықтырады екен. Өмірінің біраз уақытын осы аймақта айдауда өткізген украинның атақты жыршысы Т. Г. Шевченко: «Нағыз шөл, құм мен тас. Ең болмаса көгалды, нулы бір өлкесі болсашы?! Тіпті көз тоқтатар көгілдір тауы, ағынды суы, өзені мен көлі де жоқ», деп жазыпты. Ал өткен ғасырдың отызыншы жылдарында Каспий өңірін зерттеп, «Қарабұғаз» деп аталатын хикаят жазған К. Г. Паустовский осы өлкеге тәнтілігін: «...Маңғыстауға барған сапарымды жұлдызды өлкеге жасаған саяхат деуге болар еді. Мен еш жерде мұндай жұлдыз нөсерін, олардың көз шаршатар жарқылын көрмедім. Оның жарқылының әсері сондай, түн сайын шексіз тұңғыықтан жұлдыздар осынау үнсіз Маңғыстауға ұшып келіп жатқандай сезіледі», деп түйіндеген.

Кезінде ғалым Н. И. Андрусов та Жер шарының геологиялық тарихын зерттегісі келген адамға Маңғыстауға бару керектігін айтқан екен. Расында да, қай жағыңызға көз салсаңыз да, бейне-бір ертегілер әлеміне еніп кеткендей, көз ала алмай отырмын. Жалғыз мен ғана емес, сапарластарымның бәрі де терезеге жабысып қалған. Арада сүт пісірім уақыт өткенде ен далада еркін жайылып жүрген бір табын түйе көзге шалынды-ау! Кең дала! Маң-маң басқан түйелер! Кендіктің, еркіндіктің символындай көпке дейін көз алдымнан кетпесі қойды.

Маңғыстаудың жер түзілімінің ерекшеліктерін тауыса алмайсың. Басқа ғажайыптарды айтпағанның өзінде, аймақта ірілі-уақты 20-дан астам жерасты үңгірі бар екен. Сондай-ақ таулы алқаптарда Сулықапы, Құрқапы, Құмаққапы, Жыңғылдыққапы, Шақырған, Артқапы, Көгездің қапысы сияқты аңғарлар да көптеп кездеседі. Талай заманғы тау түзілімдерінің бұзылуынан пайда болған төрткүлдер де жер бетіне айрықша сән беріп тұр.

Шопан ата деген кім? Аңызға сүйенсек, үлкен қасиет иесі, ақылгөй дана болған. Бекет ата көзі тірісінде ұстазы Шопан атаға халық то-

лассыз келіп жатқанда ерекше қуанады екен. Пір Бекетке тәу етуге келгендердің Шопан атаға соғуы сол кезден қалыптасқан дәстүр деседі. Аумағы ат шаптырымдай Шопан ата қорымы да талай сырды ішке бүгіп жатқан секілді. Жергілікті өлкетанушылар қорым аумағынан 1700-ге жуық ескерткіш есепке алынғанын айтты. Олардың арасында көне түркімен белгілері де, қазақтардың ескерткіштері де бар. Шопан атаның жер асты мешіті бір бірімен қосылған он екі бөлмеден тұрады екен. Бекет ата он төрт жасында оның басына зиярат етуге келеді. Үшінші түні әулие аян беріп, білімнің баға жетпес байлық екенін сездіреді.

Атасы Жаналы мен ауыл молдасынан сауатын ашқан зерек бала әулиенің ақылын құп алып, оқуын Хиуадағы Шерғазы хан медресесінде жалғастырады. Кейбір зерттеушілер 1726 жылы салынған бұл медреседе белгілі өзбек ақыны Пахлаван Равнак, түрікмен поэзиясының классигі Мақтымқұлы, атақты қарақалпақ шайыры Әжінияз білім алған дейді. Медреседе оқып жүрген кезінде-ақ теология, медицина, математика, астрономия, география сияқты жаратылыстану ғылымдарынан терең білім алған, бірнеше тілді меңгерген ол адамның ақылына сыя бермейтін түрлі кереметтер жасап, атақ-даңқы алты алашқа жайылған.

Бұл жайында сапарымыздың үшінші күні ғалым-теологтардың, саясаттанушылар мен философтардың, дінтанушылардың қатысуымен облыс әкімдігі, “Нұр Отан” ХДП облыстық филиалы және Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті ұйымдастырған “Бекет ата тағылымы” атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияда жан-жақты әңгіме қозғалды. Халық арасына кең тараған: “Мәдинада – Мұхаммед, Түркістанда – Қожа Ахмет, Маңғыстауда – Пір Бекет” деген сөз бар. Осының өзі-ақ бүкіл ғұмырын дін-шариғат жолына адал қызмет етуге, туған халқының бақыты жолына арнаған, құлағанды демеп, қысылғанды жебеп, халық қамқоршысы бола білген, сол арқылы есімі исі қазаққа ғана емес, бүкіл мұсылман қауымына танылған Бекет атаның ұлттық деңгейдегі тұлға екенін аңғартады. Олай болса, оның ілімін, ұрпаққа мирас еткен асыл қасиеттерін руханияттың сарқылмас бұлағы деп бағалағанымыз жөн.

Ол күндері облыс орталығынан үш жүз шақырымдай жердегі



Оғландыға қарай шұбырған халықта сан жоқ еді. Маңғыстауға жолы түскендердің бәрі де Оғыландыға атбасын бұрмай кетпейді екен. Өйткені, Бекет ата мешіті осы қасиетті орынға жақын орналасқан. Оғыланды – Бекет атаның мәңгілік мекені, Алланың айрықша назары мен мейірімі түскен жер. Бізге жеткен аңыздар Бекет атаның осы жерден мешіт салуын Бақыржан Пір жіберген «оғылан» кейпіндегі аруақтың осы тұста ғайып болуымен байланыстырады. Бекет сол жерді белгілеп қойып, кейін ұстазының айтуымен мешіт салған. Бабаға зиярат ету мақсатымен біз де нөпір халыққа ілестік.

Қашан болсын әділдікті аңсап жүретін, халқымен бірге мұңайып, халқымен бірге күлетін, қазақтың ақын қызы, ұлға бергісіз батыл қызы Ақұштап Бақтыгерееваны осы жерде кездестірдім. «Бабаның басында бұрын да болған едім, нақ осы күндері үйде жата алмадым, келген сайын бір түрлі бойым сергіп қалады», деді ол. Тау баурайын қуалай салған баспалдақтармен өрлеп келеміз. Тыңдай берсең аңызға бергісіз әңгімелер көп. Солардың бірі “Атаның аруағы” аталатын арқарларға қатысты. Жергілікті тұрғындардың айтуларына қарағанда, арқарлар аса көп көріне бермейді екен. Ал кездесе калса, жақсылыққа балаған жөн. Осылай Оғыландының әр тасына таң қалып келе жатқанымызда «Арқар, арқар!» деген дауыс естілді. Қарасақ, біреу емес, екеу емес, жеті бірдей арқар алдымызды кесіп өтіп барады екен. Қуанып қалдық. Біреу айтса, сенбес едік, бүкіл ел дерлік Әулиеге тәу етіп жатқанда, арқарлардың үрікпей бұлақ басына келуі шынында да таңқаларлық оқиға еді. Бұлақ демекші, Оғыланды мен Бекет ата мешітінің орта жолында шағын көлшікке кезіктік. Оның жағасында жер астынан шығып, ылдиға қарай мөлдіреп ағып жатқан екі бұлақ көзі бар екен. Бұлақ суынан дәм таттық. Халық аңызы бойынша Бекет Ата Пірі лақтырған киелі көк асаны нақ осы жерде тауып, суырып алған.

Осы арада жолсерігіміз: «Шамамен 1667-1766 жылдар аралығында өмір сүрген, қалмақтарға қарсы азаттық күрестің басшыларының бірі болған Есет батыр Көкіұлы Бекет бабамызға нағашы болып келеді», – деді. – Сол кісі тоқсаннан асқан шағында он екі жасар жиені Бекетке:

Үстіңнен дүбір кетпесін,  
Құлағыңнан сыбыр кетпесін.  
Ақ пен қараны айырап,

Жауды кері қайырап,  
Атында айтып тұрғандай дүр боларсың.  
Елге шуақ шашып нұр боларсың,

Үш жүзге танымал Пір боларсың... – деп бата берген екен. Дуалы ауыздан шыққан сөздің біздің заманымызда шындыққа айналғаны да ойландырмай қоймайды.

Биік құздан тік жарқабақты бойлай салынған соқпақ жолдың жалпы ұзындығы екі шақырымдай екен. Шоқыны үңгіп салған ғимараттың алды ығы-жығы халық. Қыстырылып-қымтырылып, кезегіміз келгенде, шағын есікке де жеттік. Кіріп келгенде, мешіттің іші қара көлеңке көрінгенмен бірте-бірте көз үйреніп, Бекет атаның мүрдесі жатқан оң жақтағы бөлменің табалдырығынан аттадық. Шырақшының айтуына қарағанда, бұрын Әулиенің мүрдесі шымылдықпен бөлінген екен. Бертін ұрпақтары бөлменің іргесін кеулеп ойып, лақат жасапты да мүрдені сонда қойып, аузын таспен бекітіп тастапты. Ата мүрдесіне таяу жерде оның шөбере ұрпағы Құлмәмбетұлы Мұрын, екінші бөлмеде Бекет атаның апасы Әпуа жерленіпті. Михраб қуысы бар бөлменің кезінде намаз оқитын бөлме болғандығын аңғартады.

Осы көргендерімізді маңғыстаулықтар сыйға тартқан “Бекет ата” деп аталатын кітапта келтірілген тарихи деректер толықтыра түскенін айта кетсек, артық болмас. Ислам қажы Мырзабекұлының Пір Бекет атаның тағылымды өмірі, сан қырлы қасиеттері жайлы сыр шертетін 727 беттік кітабынан көп жайларға қанықтық. Мысалы, орыс географиялық қоғамының мүшесі, әскери барлау бөлімінің полковнигі Федор Бергтің басшылығымен орыстардың 1825-26 жылдары Үстіртке жіберген бірінші экспедициясының құрамында болған подпоручик Александр Дюгамель 1826 жылы мынадай жазбалар қалдырыпты: “13 қаңтар. Күйкеннің үсті. Түсірім жасап жүрген офицерлер сол жақтағы бұлақ ағып жатқан сай бойынан жардан үңгіп қашалған екі бөлмелі мешіт тапты. 14 қаңтар. Үстірт кеш пайда болған құм-саз бүркеген тасты жыныстардан тұрады. Таудың құлауы барлық жерде дерлік тасты және шаппа өр, көбінің астында бұлақ бар, қазақтар олардың алдын бөгеп қойған. Солардың ішіндегі ең суы молы Бекет сопы мешітінің жанындағы бұлақ. Мешіт ақтас жартастан үңгіліп қазылған екі бөлме, іші қазақ үйінің көлеміндей, бірінің

кіреберісінде аласа есігі бар, екіншісінің төбесіндегі тасты ойып жарық түсетін тесік жасаған...”

Бұрын-соңды мұнайлы өңірге аяқ баспаған мен үшін бұл сапардың әсерін тілмен айтып жеткізу қиын. Қарт Каспийдің жағасындағы 362 әулие мекендеген аймақты «аспан астындағы мұражай» деп бекерге айтпайды екен, қайда барсаң да тарихтың ізі сайрап жатыр. Қаратаудың ең биік шоқысы – Отпан таудың шыңынан төңіректі шолғанның өзі неге тұрады! Жергілікті тұрғындар ерте кезде бұл тауға, халықтың басына қауіп төнгенде, елдің шетіне жау тиген кезде Ұран отын жағу үшін жиналады екен. Осы жерде талай белгілі тұлғалар, батырлар мен билер бас қосқан, ел бірлігі, ұрпақ болашағы жайлы ақылдасқан, ұлы жорықтардың алдында бір-біріне сәт-сапар тілеген. Бір сөзбен айтқанда, Отпан тау – қасиетті мекен! Қазір оның ұшар басында батыр бабалар рухына арнап салынған ескерткіш көк аспанды тіреп тұр.

– Бұл ескерткішті салу туралы бастаманы алғаш рет ақын Сабыр Адай көтерген еді. Көп қолдады, сөйтіп, екіншісі бірі тәуекел ете алмайтын үлкен іске азаматтар мен билікпін, сен халықсың, мен үлкенмін, сен кішісің демей, бір кісідей жұмылып, кәрі сеңгір Отпан таудың биігінде мәңгілік отын қайта маздатты, – деді осы арада әңгімеге тартқанымызда белгілі өлкетанушы Отыншы Көшбайұлы.

Кесене 2007 жылдың 25 қазанында ашылыпты. Отпан таудың басында салынған 12 құлпытас ортасынан көтерілген алтынмен апталған қос күмбез алыстан көзге шалынады. Үш құлпытастың ортасындағысының қас бетіне алтын әріппен «Адай ата» деген сөз жазылыпты. Отпан тау кесенесіне кірер есік екеу: олар «қасиетті қос босаға» деп аталады. Күмбезді көтеріп тұрған құлпытастарға Адайдың сегіз арысының аттары, ал күмбездің ішкі бетіне Адай ұрпақтарының аты мен рулық шежірелері алтын әріптермен жазылған. Кіреберістегі керегелер биік мұнараларға бекітілген. 12 қанат керегенің ішкі беті гранитпен қапталып, оған әр түрлі тілдерде Адай туралы дерек-жазбалар орналастырылыпты. Кесененің шығысындағы төбе басына көк бөрілер мүсіні қойылыпты. Күмбез төбесінде қуатты шырақ сәуле шашып тұр.

Ғұламаның мерейтойы халықтың рухын асқақтататын есте қаларлық шараларға толы болды. Мәселен, мерейтойдың үшінші күні “Отпан тау” тарихи-мәдени кешенінің “Ақсарай” павильонындағы

мұражай салтанатты жағдайда ашылды. Осы павильонда Маңғыстау облысында «Мәдени мұра» бағдарламасы жөніндегі қолға алынған барлық маңызды істерді тиянақты жүргізу, мұраларды зерттеу және олардың насихатталуын қамтамасыз ету мақсатында облыс әкімі жанынан құрылған, құрамына елімізге белгілі тарихшы, археолог, этнограф, мәдениеттанушы, реставратор ғалымдар тартылған тарихи-мәдени мұраларды қорғау және пайдалану жөніндегі ғылыми-әдістемелік кеңестің кезекті отырысы өтті. Онда Бекет атаға байланысты ескерткіштерді сақтау, зерттеу, пайдалану, насихаттау жайлы өзекті мәселелер әңгіме өзегіне айналды.

Отырысты жүргізген облыс әкімі Қ. Көшербаев өңірде «Мәдени мұра» бағдарламасын жүзеге асыру бағытында айтарлықтай істер тындырылып жатқанын тілге тиек етті.

– Осы уақытқа дейін облыста 2007-2009 жылдарға арналған «Мәдени мұра» аймақтық бағдарламасын жүзеге асыру жұмыстарына 548 миллион теңге жұмсадық. Сондай-ақ, биылғы жыл басынан бері бөлінген 113 млн. теңге қаражат есебінен өлке мұралары жайында 20 басылым жарық көріп, 62 жәдігер қайта жасақталды, сол секілді 21 республикалық деңгейдегі ескерткіштер өңделді, – деді ол, – Маңғыстау облысының ашық аспан астындағы мұражай атануы тегін емес, соңғы кезде баспасөз беттерінде жазылып жүргендей, Қазақстан аймағында жиырма мыңнан астам тарихи, мәдени ескерткіштер тіркелген десек, солардың жартысынан астамы осы Маңғыстау жерінде екен. Мұнда халықтың тарихи жады мен дала сәулеткерлігінің көзіндей ондаған қалалар мен қорғандардың, керуен сарайлардың орны, жүздеген некропольдер сақталған. Тас қашау, зергерлік және әшекей өнері, кілем тоқу, киіз үй мен оның жабдықтарын жасау күшті дамыған және барынша өзіндік сипатқа ие. Осылай дей келіп облыс басшысы бұл орайда әлі де кезегін күтіп жатқан істер аз емес екенін атап өтті. Бертінде ерте көшпенділер дәуіріндегі (біздің заманымызға дейінгі X-II ғасырда) тасты суреттер галереясы, оюлармен қиылған моланың үстінде орналасқан ескерткіштер, Ұңғазы тауының жанында мың жыл бұрын монолиттен жасалған екі ескі мешіт табылған. Ерекше қызығушылық танытатыны Шахбағота мешітінен табылған таңбалар. Оның құпиясы әлі күнге дейін зерттелмеген. Басқа да толық зерттелмеген ежелгі қоныстардың орындары, тастан қашалған ескерткіштер мен құдықтар, жүйелер қалдықтары аз емес.

– «Ақсарайдағы» мұражайға өлке тарихынан сыр шертетін жәдігерлер шоғырландырылатын болады. Мерейтой қарсаңында бұл бағытта қыруар істер атқарылды: мұражай ішін әрлеп, жаңарттық. Бұл жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын таба береді, – деді Отыншы Көшбайұлы, – Жобаға сәйкес мәдени кешеннің шағын ауылы салынады. Онда алыстан келушілерге арналған қонақ үй, асхана, мұражай қызметкерлеріне, Маңғыстаудың колөнеріне, зергерлік өнеріне арналған шеберханалар үйлері бой көтермек. Қысқасы, бұл кешенге келген қонақтар өлкеміздің өткені мен бүгіні туралы, осы жерге ғана тән өнер туындылары туралы жан-жақты мағлұмат алатын болады.

Қуанарлығы сол, “өлі риза болмай, тірі байымайды” деген сөздердің мағынасын жүрекке мықтап түйген маңғыстаулықтардың осыған дейін тек жел мен дала сақтап келген тарих құпиясын ашуға шындап ден қойғаны аңғарылады. Бұл орайда атқарылған істердің бәрін тізіп шыға алмаспыз. Тек осы арада мерейтой шеңберінде ұйымдастырылған “Бабалар мұрасы” атты тарихи-мәдени және кітап көрмесінде көргендерімізді, көңілге түйгендерімізді ортаға сала кетуді жөн көріп отырмын. Көрмеге Пір Атаның өзі ұстаған аса таяғы, шапаны, сондай-ақ, Хиуадағы ұстазы, қазақтар Бакыржан қожа деп аса қадір тұтатын Мухаммад Бақиржан Әзиз пайғамбардың Оғыландыға түскен аса таяғы, басқа да сирек кездесетін құнды тарихи жәдігерлер, кітаптар, көркем және фотосуреттер, ғылыми еңбектер қойылыпты.

Барлық істің басы-қасында облыс әкімінің өзі жүргені де көпті сүйсіндіргеніне куә болдық. Тәуелсіздік алған жылдар ішінде елімізде алғаш ашылған Мұнайлы ауданының орталығы “Батыр” атты ауылдың іргетасын қалау рәсімі болды. Тұрғындарының 70 пайызы оралмандар болып саналатын өңір халқы төрт жылда үш есе өсіпті. Соңғы кезде ауыздан түспей жүрген “Ақтау-сити” жобасының бірінші кезегі болып саналатын “Аққу” атты шағын аудан құрылысының басталуына орай өткізілген салтанат та көңілімізді бір көтеріп тастады. Жаңа шағын ауданда 2800 отбасы тұрғын үймен қамтылады. Сонымен қатар, әлеуметтік нысандар, әкімшілік ғимараттар мен бизнес орталықтар бой көтереді.

Маңғыстау топырағына алғаш табанымыз тигенде, «мына жерде адамдар қалай өмір сүреді» деген ой келгенін несіне жасырайын. Кейін сол өңірдің тіршілік-тынысына үңілген сайын, небір игі істерге

серпін беріп отырған ел азаматтарының қажыр-қайратына, ынтымақ-бірлігіне тәнті болдым. Атап айтсақ, соңғы бес жылда ғана облыста ішкі жалпы өнімнің көлемі екі есе өсіпті. Өнеркәсіп өндірісінің көлемі 2006 жылы 965 мың теңге болса, өткен жылы 1, 5 триллион теңгенің өнімі шығарылған. Бүгінде барлық ірі және орта кәсіпорынның шамамен 40 пайызы ИСО және SA сериясының халықаралық сапа стандартының жүйесін енгізуі де үздіксіз ізденістің жемісі екені даусыз. 2010 жылы индустрияландыру бағдарламасы аясында еліміздің индустрияландыру картасына жаңадан жалпы құны 536 миллиард теңгені құрайтын 17 жоба енгізіліпті. Өткен жылы 9 жоба жүзеге асып, бір мыңнан астам жұмыс орны ашылған.

Мені, әсіресе, ауыл шаруашылығы саласының қарқынды дамып отырғаны қатты қуантты. Өткен жылы төрт түліктің саны айтарлықтай өскен. Соның нәтижесінде ет, сүт, жұмыртқа өндіру 12 пайызға, шұбат өндіру 2 есе, ал сүттен жасалатын өнімдер мөлшері 70 пайызға артыпты. Тізе берсек, Маңғыстаудың көркіне айналған осындай өркенді өзгерістер тіпті де таусылмайды.

Маңғыстауда болған күндері жергілікті азаматтардың біздің өңірге бір соққан адам осында тағы да келуді армандайды деген сөздерін құлағым шалған еді. Мен де бүгін асты да, үсті де байлыққа толы ғажайыптар өлкесін сағынып жүрмін.

*«Егемен Қазақстан» газеті,  
2 сәуір 2011 жыл.*

## ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДІҢ ТОПОНИМИКАСЫ ДА ТӘУЕЛСІЗ БОЛУЫ КЕРЕК

Ономастика деген гректің сөзі орын, жер, атау дегенді білдіретінін еске салсақ, ежелгі мекені – сайын дала, төсегі – жасыл жайлау, көк майса, көкөрай шалғын, көрпесі – көк аспан болған көшпенділер, оның ішінде қазақтар үшін бұл сөздің мән-мағынасы тіпті терең, ауқымы тіпті кең. Ұлы жазушымыз Мұхтар Әуезов: «Біздің қазақ – жер аты, тау атын әманда сол ортаның сыр-сипатына қарай қоя білген жұрт. Қайда, қандай бір өлкеге барсаң да жер, су жапан түзде кездескен кішкене бұлақ атының өзінде қаншама мән-мағына, шешілмеген құпия сыр жатады», – десе, халқымыздың біртуар перзенті Шоқан Уәлиханов: «Көне түркі салт-сана, әдет-ғұрпының қаймағы бұзылмаған қазақтарда өмірдің бір саласын қамтитын тарихи оқиғалармен байланысты жер-су атаулары, адам аттары, тағы да басқалары есте сақталып, атадан балаға жалғасып жатады», деп, жер-су атаулары елдің болмысы, салт-дәстүрі, тілі-діні екенін, ешқашан жөн-жосықсыз, ойсыз-мәнсіз кездейсоқ қойыла салмағанын айтады.

Халқымыз: «Үш байлығыңды – елің мен жеріңді және тіліңді құрметте» деп бекерге айтпаған ғой. Міне, сондықтан да қазақ өзінің өсіп-өнген жеріне, тауы мен тасына, өзені мен көліне, сай-саласына дейін ат қойып, айдар тағып отырған, тарихын тасқа қашаған. Сөйтіп, өзінің болмыс-бітімін, ежелден келе жатқан далалық дүниестанымын, тілі мен ділін, мәдени ерекшелігін, рухани құндылықтарын шашасын шығармай, шашып-төкпей болашақ ұрпаққа аманаттай білген. Белгілі жазушы, ғалым-этнограф марқұм Ақселеу Сейдімбектің тілімен айтсақ, «...атау арқылы белгілі бір жаратылыс пен құбылыстың мазмұндық мәнін танып-түсінуге жол ашылады, бағдар айқындалады».

Сайып келгенде, мұның бәрі біздің бүгінгі таңда тек тарихи-мәдени мұра ретінде ғана емес, сонымен қатар, қоғамдық-саяси маңызға ие болып отырған ономастика мәселелеріне көзқарасымызды, одан туындайтын іс-қимылымыздың бағыт-бағдарын айқындауға тиіс. Елбасымыздың Қазақстанның бүгіні мен болашағы жайында ой

толғағанда, үнемі оның көне тарихына шолу жасап, одан тағылым алу қажеттігін ескертіп отыруы да кездейсоқ емес. Осы арада Нұрсұлтан Әбішұлының ономастика мәселелері әркез ел басшылығының назарында болады. Бұл ретте жалтақтаудың еш қажеті жоқ. Жердің байырғы тарихи атауына үйлеспейтін, халқымыздың абыройы мен беделіне көлеңке түсіретін, отарлық кезеңнен қалған атаулардан арылу керек деген сөздерін еске сала кетсек артық болмас.

Мамандар қазір елімізде ономастикалық жұмыстың нормативтік-құқықтық базасы негізінен қалыптасты деп жүр. Меніңше, бұл орайда әлі атқарылатын істер аз емес. Десек те, «жоққа жүйрік жетпейді», барға шүкіршілік етеміз. Қолданыстағы құжаттардың ішінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 21 қаңтардағы № 45 қаулысымен мақұлданған Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік ономастикалық жұмыс тұжырымдамасының орны бөлек. Аталмыш құжатта қазақстандық қоғамдастықтың да ежелгі тарихи дәуірде қалыптасқан ұлттық ономастикалық жүйесі болғаны, өкінішке қарай оның XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап түбегейлі өзгерістерге ұшырағаны және патша үкіметінің отаршылдық мүдделеріне, кейіннен Кеңес жүйесінің тоталитарлық саясатына қызмет етуге мәжбүр болғаны атап көрсетілген.

Иә, бүгінгі таңда отаршылдық пен тоталитарлық режимдердің идеологтарының ономастиканы қоғамның тарихи-мәдени санасына әсер етудің саяси құралына айналдырғаны, соның салдарынан қазақ ономастикасының өзіндік болмысына, ұлттық ерекшелігіне, әсіресе, оның топонимикалық және антропонимикалық жүйелеріне орасан зиян келтірілгені, Қазақстан картасының едәуір бұрмалауларға ұшырағаны тайға таңба басқандай белгілі болып отыр. Кешегі солақай саясат елді-жұртты салт-санасынан айырып, рухани тамырынан ажырату үшін алдымен жер-су аттарын өзгертті. Осылай халық санасында сан жылдар сіңісті болған атаулардың сырына үңілмей, ту-талақай ету–тарихқа жасалған қиянат еді. Бірақ, қарашекпенділер оны ойлап, басын қатырған жоқ.

Тәуелсіздігімізге біз осындай мүсәпір халде қадам бастық. «Атау нысанға таңылып қалған нәрсе емес, ол тек қана қоғамда өмір сүреді және әрбір әлеуметтік құбылыс сияқты әрқашан тарихи заңдылықтарға бағынады», – дегенді еске алсақ, ономастикалық



жұмыстарды үйлестіруге, ұлттық мүддемізге сәйкестендіруге, ономастика жөніндегі қағидаларымыз бен тұжырымдарымызды Қазақстан тәуелсіздігінің бүгінгі рухани биігінен қайта қарауға, ескі атауларды қалпына келтіруге, тарихи әділеттілікті орнатуға жедел кірісіп кетуіміз керек еді. Тәуелсіздіктің таңында осындай бір құлшыныстың ел тарихын құрметтейтіндерді тың ізденістерге бастағаны анық. Сөйтіп, екі қадам ілгері, бір адым кейін шегіне жүріп, біраз істер тындырылды.

Уақыт ұшқыр! Тәуелсіздігіміздің жиырма жылдығы да таяп қалды. Енді белгілі саясаттанушы Ерлан Каринше толғанайықшы. Біз тәуелсіздіктен не алдық, нендей жетістікке жеттік? Осы тәуелсіздікті қазақтың игілігіне, қазақтың мүддесіне жарата алдық па? Осы жиырма жылда көптеген мүмкіндіктер болды. Қайсысын пайдаландық, қайсысын пайдалана алмадық? Осы уақытта жер-су аттары түгел қазақшаланды ма? Міне, осындай сауалдар саулаған сәтте қадау-қадау жауап қайтара алмай қиналатынымыз бар.

Рас, ауызды қу шөппен сүрте беруге болмайды, жоғарыда айтқанымдай, бұл бағытта тындырылған істер де жоқ емес. Ел көлемінде алсақ, 5 облыстың, 13 қаланың, 54 ауданның, 7 қалалық ауданның, 43 темір жол стансасы мен бекеттерінің атаулары өзгерді. 6 облыстың, 12 қаланың, 14 ауданның, 76 темір жол стансасы мен бекеттерінің, 30-дан астам елді мекен атауларының орыс тіліндегі транскрипциясы нақтыланды дейміз. Осындай деректерді кез келген облыс, аудан бойынша да келтіруге болады.

Осы атқарылған істер еліміз тәуелсіздік алғаннан бастап ұлттық ономастика кеңістігін өзінің төл нақыштарымен ажарландыруға берік бағыт ұстады деуге негіз бола ала ма? Бұл арада нық сөйлеу қиын, содан да жауабымыз әркез солқылдақ шығады. Көсіліп сөйлей алмай күмілжиміз. Өйткені, отаршылдық пен тоталитарлық дәуірлерден қалған атаулардан біртіндеп арылып келеміз десек те, әлі шешілмеген мәселелер, кезегін күтіп тұрған істер жетіп артылады. Тоқтерін айтсақ, еліміз, жеріміз үш ғасырға созылған отарлау кезеңінің ономастикалық белгілерінен түбегейлі тазартылмай отыр. Әсіресе, еліміздің солтүстік, шығыс, орталық облыстарында орысша атаулар әлі де сіресіп тұрғаны кімді де болсын қынжылтпай қоймайды.

Менің ойымша, жиырма жылдың ішінде біз бұл істі біраз еңсеріп тастауға тиіс едік, іс жүзінде олай болмады. Өткен ғасырдағы отар-

шылдық заманды, одан кейінгі кешегі кеңестік кезеңді еске салатын қалалар мен аудандардың және жүздеген елді мекендердің атаулары әлі күнге орыс тілінде табжылмай тұр. Сөйтіп, біз ұлттық мүдде ұтатын жерде арқаны кеңге салып, мәселенің шешілуін сағыздай созып, тәуелсіз елдің топонимикасы да тәуелсіз болуы керек дегенді ескермей келеміз.

Мәселенің ойдағыдай шешілуі көп жағдайда аудан, қалалардағы ономастикалық комиссиялардың белсенділігі мен тиянақтылығына байланысты екенін дәлелдеп жатудың қажеті бола қоймас. Алайда, ономастика комиссиялары орталықта да, жергілікті жерлерде де құрылғанмен, олардың жұмысында жүйелілік жоқ. Олардың еңсесін тіктеген егемен еліміздің бүгінгі жаңару, өркендеу үрдісіне ілесе алмай отырғаны да шындық. Демек, ономастикалық комиссиялардың атқарған жұмыстарының жай-күйіне тексерулер жүргізіліп, оларға практикалық көмек көрсетіліп отырылса, әрине, жағдай басқаша болар еді. Жалпы, осы істі алға бастырамыз десек, ономастикалық комиссиялардың жұмысын түбірінен қайта құру керек. Олар өшкенімізді зерттеумен, зерделеумен айналысатын, осы іске үздіксіз қозғау салып отыратын, тұрақты жұмыс істейтін ғылыми орталықтарға айналуға тиіс.

Күнбе-күн көзіміз жетіп жүргеніндей, көп мәселе аудан, қала, облыс әкімдеріне байланысты. Бір ғана мысал келтірейін, жақында мен іссапармен Оңтүстік Қазақстан облысында болып қайттым, бәрімізді толғандырып жүрген мәселелер сол өңірде қалай шешіліп жатқанына назар аудардым. Облыстық ономастика комиссиясын аймақ басшысының өзі басқарады екен. Сүйініштісі сол, әкім дайын құжаттарға қол қоюмен шектеліп отырған жоқ, осы маңызды іске соны серіпін беріп, оның барлық буындарда жоғары деңгейде ұйымдастырылуына тікелей ықпал етуде. Бірен-саран болса да осы сияқты мысалдарды ортаға салып, көңіл жұбатуға болады. Ал тұтастай алғанда осы іске ұдайы көңіл бөліп, жанын салып жүрген әкімдер саусақпен санарлықтай ғана. Әкімдер елді мекендерге, көшелерге, нысандарға дұрыс ат беру, түптеп келгенде, қазақ елін, ұлтты, тарихты құрметтеу деген түсінік қалыптастырудың да мүмкіндіктерін толық пайдаланып отырған жоқ. Содан да жер-су атауларын өзгерту мәселесі бүгінде күн өткен сайын күрделеніп барады.

Шындығы сол, жер-су атауларын қазақыландыруға жергілікті биліктің құзыреті жетпей отыр. Олар уақыт жеткенін түсінсе де әркімге бір жалтақтап, мәселені шеше алмауда. Сондықтан бұл ұлтымыздың тарихына тікелей қатысты мәселе болғандықтан, жергілікті биліктің ғана қарамағына беріп қою дұрыс емес, тез арада жер-су атауларын өзгертіп, өткеніміз бен бүгінімізді саралап, тұлғаларымызды, тарихымызды әспеттегіміз келсе, арнайы заң қабылдап, орталық құрып, онымен шындап айналысатын мезгіл жетті. Бұдан әрі жергілікті билікке иек артып, мәселені соза беретін болсақ, тіпті ескі атауларға етіміз үйреніп кетуі де әбден мүмкін.

Қазақстандағы көптеген облыс орталықтарында көшелердің 80 пайызға жуығы басқа тілде аталады. Кей қалаларда бұл көрсеткіш бұдан да жоғары. Тіпті, қазағы қалың деген Қызылорданың өзінде көшелердің жартысына жуығы қазақшаланбаған. Ал жолыңыз түсіп, теріскейдегі облыстарға бара қалсаңыз, ешбір негіздемесі жоқ, тіпті атауға ыңғайсыз көше аттарынан, туған жер тарихына қатысы жоқ адамдардың есімдерінен көзіңіз сүрінеді. Оның есесіне еліміздің азаттығы үшін күрескен Смағұл Сәдуақасов, Міржақып Дулатов сынды ардақты тұлғаларға көше аттары бұйырмаған.

Соңғы кездері кей елді мекендерде мән-мағынасы жеңіл, бейтарап атаулар қоюға әуестік орын алып отырғаны байқалады. Мысалы, Ақбастау, Көкжиек, Ақтілек, Шұғыла, Қуат деген көше аттарынан не түсінесіз. Сірә, бұл да жалтақтықтың, ұлыларымызды ұлықтауға құлықсыздықтың бір көрінісі болса керек.

Тарихи атауларды қайтару отарлық психологиядан арылудың төте жолы, бүгінгі және келер ұрпақты отаншылдық рухта тәрбиелеудің қуатты құралы екенін біле тұра, сәтімен басталған осы істі неге сұйылтып алдық, неге аяғына дейін жеткізе алмай отырмыз? Енді, соған келейікші. Мұның бірнеше себептері бар. Қазір біз жер-су атауларын өзгертуде «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Заңын негізге ала отырып жұмыс істеп жатырмыз. Аталған заңның 11-12-13-14 баптарында «белгілі бір нысандарға ат қою, атын өзгерту, транскрипциясын өзгерту тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып жүргізіледі» делінген. Өз басым осы арада бір гәп бар деп ойлаймын. Кезінде елді мекендерді қайта атау және олардың транскрипциясын өзгерту мәселелерін шешуді жеңілдету

мақсатында еліміздің Ата Заңының 86-бабының 1-тармағына сүйене отырып аталмыш заңның 3-бөлімінің 11-бабындағы «тиісті аумақтағы халықтың пікірін еске ала отырып және» деген бөлігін алып тастау жөнінде ұсыныс енгізген едім. Жергілікті өкілді органдар халықтың еркін білдіретін болса, онда белгілі бір шығындарды талап ететін артық норманың не қажеті бар? Алайда, бұл ұсынысымның жолы болмады.

Жер-су атауларын өзгерту туралы бастамалардың халықтан шығуы – міндет емес. Себебі, бұрын осы атауларды өзгерткенде билік ешкімнен сұраған, ешкіммен ақылдасқан жоқ. Өз басым елді мекендерге, көшелерге, нысандарға дұрыс ат беру, түптеп келгенде, қазақ елін, ұлтты, тарихты құрметтеу деп түсінемін. Қазақтың жерін басып, суын ішіп жүрген бауырларымыз осыны ұмытпаса екен деймін.

«Ұлт тағдыры» қозғалысының жетекшісі Дос Көшім «Айқынға» берген бір сұхбатында «Бізде әлі күнге ономастика туралы нақты заң жобасы жоқ... ал, заңсыз ономастика мәселесін шешу мүмкін емес. » депті. Елімізде мұндай пікірді қолдаушылар аз емес. Бұл сөздердің де жаны бар. Шынында да ұлттық ономастика туралы заң қабылдайтын мезгіл жетті. Бұл мәселені күні кеше ғана өзімізбен бір шаңырақтың астында бірге өмір сүрген елдер қалай шешіп жатыр? Қырғызстанда, Ресейде, Белорус, Украина елдерінде «Географиялық атаулар туралы» арнайы заң қабылданып, жер-су атауларының мемлекеттік каталогы жасалған. Польшада, Түркияда, Венгрияда да осы саладағы жұмыстар арнайы заңға сәйкес жүргізіледі. Осы заңдарда көше атауларын немесе үйлердің нөмірлерін өзгертудің жеңіл жолдары қарастырылған. Ал, бізде бұл орайда кедергілер көп. Егер ономастика туралы заң қабылдап, атауды өзгертуге жауапты тиісті мекемелерді белгілеп алсақ, халықты, ел-жұртты әуре-сарсаңға салмас едік. Сөз реті келгенде айта кетейін, Мәжілістің бір топ депутаты Қазақстан Республикасының ономастика туралы заңының жобасын жасап, үкіметке ұсынған еді, содан әлі күнге дейін хабар жоқ.

Тарихи атаулардың ұрпақ игілігі, атадан балаға жалғасып келе жатқан асыл мұра, қайталанбас құндылық екенін ескеріп, оны жаңа мазмұнмен байыта түсуді мемлекеттілікті нығайтудың басым бағыттарының бірі ретінде қарастыруымыз және оны ешқандай дау-дамайсыз шешуіміз керек. Оны жер иесі – қазақ жақсы түсінеді. Ал басқалар ше? Өкінішке қарай тәуелсіздік алғанымызға жиырма

жылдай уақыт өтсе де, орынды ұсынысқа қарсы өре тұра келу, қокан-лоқылық жасау тыйылмай отыр.

Осыған дейін біз сөз етіп отырған салада біраз жұмыстар тындырылса, ол тіл жанашырларының қиқуымен болып жатқан істер. Сол сияқты кез келген өзгерісті қолдамаймыз деп өзеурейтіндер де әкім-қаралардың зәресін алып, аса маңызды жұмыстың адымын аштырмай отырғаны шындық. Міне, осындайда руханиятқа жанашыр, жігерлі азаматты іздейсің. Ондай басшылар елімізде жоқ емес, бар. Мысалы, осыдан бірер жыл бұрын Астана қаласында бір күнде үш жүзден астам көше аты өзгертілгенде, ешкім ереуілдеп көшеге шыққан немесе көшіп кеткен жоқ. Басшы ден қойып, шындап айналысса, көп нәрсенің айғай-шусыз шешілетініне Шығыс Қазақстан, Маңғыстау, Оңтүстік Қазақстан облыстарынан да көптеген мысалдар келтіруге болады.

Мені алаңдататын тағы бір жай – соңғы кезде ежелгі жер-су атаулары жоқтаушыларының қатары сиреп бара жатқан сияқты. Неге екенін білмеймін, бұл мәселе бұқаралық ақпарат құралдарында да жиі көтерілмейтін болды. Әлде, журналистер мен жазушылар шаршады ма екен, болмаса оның басқа себебі бар ма? Меніңше, бұл мәселе күн тәртібінен түспеуге тиіс. Өйткені, жоғарыда айтқанымыздай бұл бағытта атқарылмаған істер басымыздан асып жатыр.

Ұлан-байтақ қазақ даласындағы жер-су аттары әрбір дәуірдегі қоғамдық формациялардың жемісі мен тілде хатталған мәдени мұрасы, атаулардың әрқайсысының өзіндік ерекшелігі, қасиеті, тарихы бар. Сондықтанда, осы төл атауларымызға тәрбиелік мәні зор ұлттық байлық ретінде қарап, жинап, зерттеп, кейінгі ұрпақтарға жеткізу - ерекше мәні бар көкейкесті мәселе болып қала бермек.

Ономастика саясаты, ең алдымен, мемлекет тәуелсіздігіне, ел мен жерді ұлықтау идеясына қызмет етуі тиіс. Сонда ғана ата-баба мұрасы жаңғырып, жеріміздің сәні кіреді, халқымыздың рухы күшейеді.

*«Қазақстан Zaman» газеті,  
7 сәуір 2011 жыл.*

## ТӘУЕЛСІЗДІК ТОЛҒАУ

Уақыт ұршығы – дөңгеленген дүниені дүрмекке бөлеп, тынымсыз зырылдайды, тізгін тарттырмас тұлпардай, қанаты талмас сұңқардай жүйрік, қамшы салдырмайды. Осындайда “Кешегі күннен алыс жоқ, ертеңгі күннен жақын жоқ” деген сөздердің мән-мағынасын бұрынғыдан да тереңірек түсінгендей боласың. Айды – айға, жылды-жылға ілестіріп өтіп жатқан күндер... 2003 жыл да есік қақты, табалдырықтан аттады. Қой жылы! Жаңа жылға құшағын кең ашып, үмітін үкілеп отырған халықтың көңілі шат, жүзі жайдары, ертеңгі күніміз не болады деп демін ішіне тартқан сәттерін, мазасыз күндері мен түндерін ұмытқан сияқты. Төбедегі келді, ел тұрмысы түзеле бас тады.

Иә, өтпелі кезеңнің ауыртпалықтары аз болған жоқ. Сол сындардың бәрінен сүрінбей өттік, мұратымызға жеттік. Шыққан биігімізді бағалар, қол жеткізген табыстарымызды саралар болсақ, адамның басы айналатындай биікке көтерілдік деп мақтанышпен айта алады екенбіз. Аз ғана уақыттың ішінде ұлы даланың төсінде жаңа мемлекет құрылып, оның тиімді басқару құрылымдары қалыптасты. Ал мұның өзі өміріміздің барлық салаларын жеделдете жаңғырту, елдігімізді нығайтып, болашаққа нық қадам жасау бағытындағы іс-қимылымызға тың екпін берді. Ел де, адам да өзгерді, өмірдің қай саласы болмасын, өзгеше сипат алып, жаңа арнаға түсті. Әлем Қазақстанды әлеуметтік-экономикалық өсім деңгейі жоғары қарқынмен дамып келе жатқан, мемлекеттік және қоғамдық негіздері берік қалыптасқан, нарықтық экономикаға батыл қадамдар жасаған ел ретінде тани бастады. Бұл, сөз жоқ, жаңа мемлекет жасау жолындағы қиыншылықтарды жеңуде мұқалмас жігер, қажымас қайрат танытып, тарихтың да, тағдырдың да сынынан абыроймен өткен, халқын, елін ғасырлар төріне өрлеткен ұлы тұлға – Елбасының ерен еңбегінің жемісі. Ел өміріндегі бетбұрысты кезеңдегі осындай жетістіктеріміз сырт көздің де назарынан тыс қалған жоқ. Мысалы, “Оксфорд аналитика” британ компаниясының “Дейли телеграф” сияқты ықпалды басылымда жарияланған экономикалық талдауында Қазақстан транзитті экономикасы бар мемлекеттердің

арасында аршынды дамып келе жатқан елдердің бірі ретінде аталып, алдағы уақытта да осындай көшбастаушы тұғырын сақтап қалатыны жайында болжам жасалыпты.

\* \* \*

Елбасы 2003-2005 жылдарды ауылды өркендету жылдары деп жариялады. Ауылды түлету, ауыл шаруашылығын өркендету – елді көркейту деген сөз. Бабалар қанымен, терімен қорғап, ұрпағына аманат еткен ұлан-байтақ далада егін өсіріп, төрт түлік малын өргізбесе, қазақтың өмірінің мәні де, сәні де келер ме. Ауыл мәселесін шешу арқылы ғана Қазақстан бәсекелестікке қабілетті елдердің санатына қосыла алады. Өйткені, ауыл – қазақтың анасы. Елбасы ауылдағы тіршілік арнасын дұрыстандар, тиімді ауыл шаруашылығы жүйесін құрындар, біздің ауылдағы халқымыз ХХІ ғасырдағы өркениет көшінен кем қалмасын, олардың өмір сүру дағдысы мен деңгейі, тіршілігі мен тұрмысы дамыған елдердегі нормалар мен стандарттық өлшемдерге бірте-бірте негізделетін болсын деп отырса, оған қалай қуанбайсың!?

2003 жыл осы игі ұмтылыстың алғашқы баспалдағы болды. Ол ел өміріне қандай өзгерістер әкелді, неге қол жеткізді? Басты жетістігі неде? Әрине, ауылдағы өзгерістерге түбегейлі сипат беру үшін алдымен заңдық базаны жетілдіру керек еді. Бұл мәселе ойдағыдай шешілді. Жер, Орман, Су кодекстері, «Ауылдық аймақтарды дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы», басқа да көптеген заңдар қабылданды. Бұл да тәуелсіздігіміздің мәуелі жемісі еді. Мұны ауыл жылының басты жетістігі десе де болады. «Ұзаққа созылған талқылаулар нәтижесінде қабылдаған бір ғана Жер кодексіміздің өзі неге тұрады. Мен мұны бүкіл ауыл тіршілігінің негізгі іргетасы деп есептеймін. Іргетас дұрыс қаланғанда ғана оның үстіндегі құрылысқа сенім артуға болады. Егер басқа бір мемлекеттің қарауындағы басыбайлы бодан ел болсақ, халықтың өзі жұмыс істеп, өнім өндіріп отырған жерін жеке меншігіне алуына мүмкіндік беретін мұндай заңды қабылдауға ол мемлекет бізге рұқсат етпеген болар еді. Ал бізде мемлекет те, билік те, жер де өзіміздікі», депті «Егемен Қазақстанның» тілшісіне берген сұхбатында Премьер-Министрдің орынбасары

– Ауыл шаруашылығы министрі Ахметжан Есімов. Нақ осы жылы Үкімет Жер кодексін жүзеге асыру, ауылдықтарды қолдау мақсатында бірқатар нақты шешімдер қабылдап, астық қолхатын енгізді, төрт түлік малды және барлық үй жануарларын төлқұжаттандыруды қолға алды, сондай-ақ, егіншілік саласындағы міндетті сақтандыруға, жерді жеке меншік пен жалға беруге алғышарттар жасады.

2003 жылы ақ түйенің қарны жарылмаса да, ауыл халқының бір серпіліп, болашаққа деген сенімін нықтай түскені анық. Ілгерілеушілік барлық салалар бойынша байқалды. Мақта, картоп, көкөніс, күнбағыс және басқа да дақылдардан мол өнім алынды. Мал басы өсіп, ет, сүт өнімдерінің көлемі арта түсті. Ал диқандардың табысы тіпті ересен болды. Олар жылды бір миллиард пұттық көрсеткішпен қорытындылады. Үш жыл қатарынан миллиард пұт астық алу Кеңес өкіметінің тұсында болып көрмеген жетістік еді. Қазақстан өзінің ішкі қажетін қанағаттандырып қана қоймай, тұңғыш рет әлемнің қырықтан астам еліне 5 миллион тоннадан астам астық жөнелтті. Осының өзі-ақ Елбасы ұсынған аграрлық саясаттың тиімділігін, сала бойынша жүргізіліп жатқан шаралардың нәтиже бере бастағандығын көрсетті. 2003 жылы ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеуге айрықша маңыз беріліп, аймақтарда бірнеше кәсіпорын ашылды, құрал-жабдықтар мен технологиялық желілер лизингіне, қосымша құны қымбат тұратын, яғни табысты мол кіргізетін өндірістер ашу ісінің несие алуын жеңілдетуге арналған екі бірдей бағдарлама қабылданды.

Бұл жылы ауыл еңбеккерлеріне 70 миллиард теңгедей қаржы бөлінді. Ол ауыл-село еңбеккерлеріне жаңа техника, минералды тыңайтқыштар, гербицидтер мен уытты заттар, мал егуге қажетті препараттар сатып алуға мүмкіндік берді. Айта берсек, Елбасының ауылға деген шынайы жанашырлығынан бастау алған басқа да игі істер толып жатыр. Осының бәрін өз көзімізбен көрдік (ол кезде мен Солтүстік Қазақстан облыстық газетінің бас редакторы едім). Әлі есімде, бірде іссапармен Шал ақын ауданына шыққанда, хал-жағдайын білмек болып, шаруа қожалығына жетекшілік етіп жүрген, бір мектепте бірге оқыған Талғат Теменовке соқтым. Досымның менімен бөлісер қуанышы көп екен. «Биыл шаруаның еңбегі жанды, – деді досым, – астықтың тоннасын 170-180 дол-



лардан саттық. Талай диқанның жағдайы түзеліп, еңсесі көтеріліп қалды».

Міне, осылай, ауылды түлетудің бағдарламасы алғашқы жылдың өзінде жергілікті жерге жүйелік сипаттағы өзгерістер әкелді, саланы дамудың жаңа сапалық деңгейіне шығарды. Оның әлеуметтік салаға да әсері аз болған жоқ. Ауылдарда көптеген мектептер, емханалар, мәдениет ошақтары салынып, іске қосылды, республика бойынша 204 елді мекенге ауыз су жеткізілді.

\* \* \*

Халқымыздың сонау түркі заманынан бері үзілмей келе жатқан бір арманы бар. Ол – көңілді демдеп, төрт құбыланы түгендеп, басқалармен терезесі тең, дәулетті ел болу. Оған біздің күшіміз де, қуатымыз да жетеді. Президенттің 4 сәуірдегі Парламенттің қос палатасының бірлескен отырысында жария еткен Қазақстан халқына Жолдауымен танысқан әр адамды осындай ойлар баураса керек. Өз басым еліміздің тіршілігіне тыңнан тыныс беретін бастамаларға толы, бүгіннен болашаққа тірек болатын құндылықтары, оны осы заманға сай жаңарту, жаңғырту идеясы басым осы Жолдауды Елбасы ұсынған «Қазақстан-2030» стратегиясының аса маңызды құрамдас бөлігі, Қазақ елі үшін «Алтын ғасыр», кең мүмкіндіктер заманы туғанын бар дауысымен айтып тұрған тарихи тұжырымдама ретінде қабылдадым. Жолдаудан Мемлекет басшысының берген сертке бекемдігін, береке-бірлікке, ынтымақтықты іске бас қойған ықылас-пейілін аңғарарсың, Нұрсұлтан Әбішұлының жаңа жол – қазақстандық жолмен елімізді асқаралы асуларға көтеруде қарлығаштың қанатымен су сепкендей сіңіріп отырған зор еңбегіне сүйсінесің, «Қазақстан-2030» стратегиясында көрініс тапқан тұжырымдар мен тапсырмалардың сөзсіз орындалатынына, елдік құндылықтарымызға жаңа сапалық өріс ашатынына сенесің.

Президент өзінің жаңа Жолдауында елімізде “Қазақстан-2030” ұзақ мерзімді бағдарламасына және онжылдық стратегиялық жоспарға сәйкес атқарылып жатқан істердің нәтижелеріне тоқтала келіп, экономикалық және әлеуметтік саясаттың, қоғамды одан әрі демократияландыру мен мемлекеттік басқару тиімділігін арттырудың, мәдениет, білім беру мен руханият салаларын дамытудың негізгі

бағыттарын айқындап берді. Халықты ерекше қуантқан бір жайт – Жолдаудың әлеуметтік сипатының басымдығы еді. «Бүгін мен біздің ең жаңа тарихымызда әлеуметтік шығыстарды барынша ұлғайтқанымыз жайында жариялау абыройына ие болдым, біз бұл істі көп ұзамай қолға аламыз, әрі оның игілігі әрбір қазақстандыққа және әр отбасына тиетін болады», деді Мемлекет басшысы.

Болашаққа жол индустриялық-инновациялық бағдарламалардан басталады десек, 2003 жыл оны іске асырудың шешуші кезеңіне айналды. Елді дамытудың, оны индустрияландыруға бағытталған бағдарлама өзінің бастауын осы сәттен алады. Мемлекет басшысы нақ осы жылы елдің 2015 жылға дейінгі Индустриялық-инновациялық даму стратегиясын бекітті. Оны қаржылай қамтамасыз ету үшін елімізде даму институттары құрылып, олар өңдеуші салаларды жаңғыртуға нақтылы ықпал жасай бастады. Даму банкі жарты миллиард доллардан астам сомаға 20 инвестициялық жобаға кредит бөлді. Соның нәтижесінде бес мұнай-химия кәсіпорнының жұмысы қалпына келтірілді. Балқашта мырыш, Атырауда полиэтилен құбырларын өндіретін зауыттар, Каспий теңізіндегі жағалау жұмыстарына көмек жасайтын инфрақұрылым пайдалануға берілді, Қостанай дизель зауыты іске қосылды. Жеңіл және тамақ өнеркәсібінің көптеген кәсіпорындарын жаңғыртып, қайтадан жасақтау қолға алынды. Сөйтіп, тәуелсіздік алған жылдарымыздың ішінде 2003 жылы тұңғыш рет өңдеуші өнеркәсіптің өсу қарқыны өндіруші өнеркәсіптің өсу қарқынынан асып түсті.

2003 жылы еліміздің ішкі жалпы өнімінің өсімі оның алдындағы жылмен салыстырғанда 9-10 пайыз деңгейінде болды, экономикалық өсім өндіріс саласында 9 пайызға, негізгі капиталдағы инвестициялар 10 пайыздан астам, байланыс қызметінде – 25, көліктің барлық түрімен тасымалдау көлемі 9 пайызға артты. Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі Қайрат Келімбаевтің пікірінше, осындай көрсеткіштерге инфляцияның төменгі деңгейі, ақша-кредиттік және салықтық-бюджеттік жүйенің тұрақтылығы, әлемдік тауар рыногында Қазақстан үшін қолайлы жағдайлар қалыптасуы, кәсіпкерліктің дамуы, халықтың тұрмыс деңгейінің жақсаруы, ішкі сұраныстың өсуі оң ықпал етті. Ел экономикасының қарқынына елдегі тұрақты ахуал, шетел инвестицияларының белсенді тартылуы көп пайдасын тигізді.

Осындай игі қадамдарды лайықты бағалаған Бүкілдүниежүзілік банк 2003 жылы біздің елімізді орта деңгейден жоғары табысы бар мемлекеттердің тобына, инвестициялар үшін барынша тартымды әлемнің 20 елінің қатарына қосты.

\* \* \*

Еліміз үшін Тәуелсіздік жолы жеңіл болған жоқ, тарихи аса қысқа мерзімнің ішінде көптеген күрделі мәселелерді шешуге тура келді. Сол себепті, ең шұғыл экономикалық және саяси реформалар қолға алынды. Ұлт тағдыры тарих талқысына түскен сын сағатта бұған дейін ашық-шашық жатқан шекара мәселесі де алдан шықты. Былайғы жұртқа бұл мәселелердің бәрі еш қиналыссыз, өзінен өзі шешіле қалғандай көрінуі де мүмкін. Жоқ, олай емес. Іргеміздің бүтіндігін ойлаған Елбасы аттан түспей, алыс-жақын көршілеріміздің бәрімен келелі келіссөздер жүргізді. Ең алдымен, Қытай Халық Республикасымен шекарамызды анықтап, халықаралық хаттамаға қол қойдық. Патшалық Ресеймен де, кешегі жарты әлемді билеген Кеңес Одағымен де шекара мәселесіне келгенде түпкілікті тіл табыса алмаған Қытайдың Қазақ еліне рақымы түсіп, шекара мәселесі мәңгілікке, ешбір күмәнсіз шешілді.

Елбасының Ресеймен, оңтүстіктегі Өзбекстан, Қырғызстан және Түркіменстанмен де жүргізген келіссөздері де нәтижесін берді, ел шекарасы біржолата айқындалып, тиісті құжаттарға қол қойылды. Мен бұлардың бәрін неге тәптіштеп айтып отырмын. Оның астарында біздің елімізді өз шекарасы, өз экономикасы, дербес саясаты бар мемлекет ретінде бүкіл әлемге таныту бағытындағы қатқабат қауырт жұмыстар жатыр. Сайып келгенде, бұл – халықаралық қоғамдастықтың Қазақстанды өңірлік көшбасшы, шынайы дос, тату көрші, тағылымды әріптес ретінде құрметтейтіндігінің белгісі. Демек, бұл – ұлы жеңіс, теңдессіз табыс!

2003 жыл Қазақстанның Ресейдегі жылы ретінде тарихқа енді. Аталмыш жылдың Мәскеуде өткен ашылу салтанатында Президент Н. Ә. Назарбаев сөз сөйледі. Жыл қорытындысы Қазақстанның Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында Мәскеуде шығарылды. Мұнда «Еуразия кеңістігіндегі халықтардың саяси-экономикалық және

этномәдени байланыстары» атты ғылыми-практикалық конференция болды. Конференцияны кіріспе сөзбен ашқан Ресей Федерациясының Федерация Кеңесі төрағасының орынбасары Александр Торшин Ресейдегі Қазақстан жылы аясында өткен шаралар өзінің ауқымы жағынан бұрын-соңды Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінде өткізілмегендігін атап өтті.

Жиынға қатысушыларға сөз арнаған делегация басшысы, Қазақстан Республикасының Мәдениет министрі Дүйсен Қасейінов пен Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы Төтенше және өкілетті елшісі Қырымбек Көшербаев қос мемлекетті тату көршілік байланыстар ғана емес, өзара тиімді ынтымақтастық пен стратегиялық әріптестік, сондай-ақ тарихи тамырдың тереңдігі жалғап жатқанын атап көрсетті.

Сүйініштісі сол, Ресейдегі Қазақстан жылы тек мәдени шаралармен шектеліп қалған жоқ, экономикалық қарым-қатынастардың барынша көбірек көрініс табуымен де ерекшеленді.

Бұл жыл сыртқы саясат тұрғысынан алғанда да, сөз жоқ, Қазақстан Республикасының әлемдік қауымдастықтағы орны мен рөлінің одан әрі нығайып, беки түсуіне септігін тигізді. Өзін бейбітшілік сүйгіш, жасампаз ел ретінде танытқан еліміз әріптестері қатарын көбейтіп, тұғырын нығайта түсті. Елбасымыздың Еуропа мен Азияның бірқатар мемлекеттеріне ресми сапарлары өткізілді. Олардың кейбіреуін атап өтер болсақ, ақпанның басында Президент Н. Ә. Назарбаев Италия Республикасында, қараша айында Оңтүстік-Шығыс Азия елдері: Сингапур мен Филиппинде, Корея Республикасында және Пәкстанда болды. Біздің елге де атбасын тіреп, жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанның тіршілік-тынысынан сыр тартқысы келгендер аз болған жоқ. Румыния Президенті Й. Илиескудің, Болгария Президенті Пырвановтың, Польшаның Премьер-министрі Л. Миллердің, Ханзада Эндрю – Герцог Иоркскидің Қазақстанға сапарлары кезінде екіжақты ынтымақтастықты нығайту жолдары талқыланды.

ГФР Канцлері Герхард Шредер елімізде болғанда Қазақстанда жүргізілген реформалардың нәтижелерін жоғары бағалап, бұл мемлекетпен стратегиялық әріптестік орнату үшін ниет те, барлық мүмкіндіктер де бар деп, өз елінің ынтымақтастықты дамытуға мүдделілігін жеткізді.

Нақ осы жылы НАТО-ның бас хатшысы Дж. Робертсон мен

ЕҚЫҰ-ның төрағасы – Нидерланд Корольдігінің сыртқы істер министрі Х. Схеффер, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының бас директоры Й. Вук Ли, Халықаралық валюта қорының директоры Х. Келлер, Дүниежүзілік туризм ұйымының бас хатшысы Ф. Франжиалли Қазақстанда болып қайтты. 2003 жылы ел басшылығының қатысуымен 50-ден астам халықаралық шаралар өткізілді.

Еліміздің саяси-қоғамдық өміріндегі айтулы оқиғаларға ой жүгірткенде, солардың бәрі республика Президентінің кемел ой, кенен ісінен бастау алып, ерік-жігерімен жүзеге асып жатқанын сезіне түсесіз. Елбасының Швейцария Конфедерациясына мемлекеттік деңгейдегі алғашқы ресми сапары қарсаңында француз тілінде шығатын «Ле Тан» газеті женевалық адвокат Марк Боненің мақаласын жариялады. Онда ол былай дейді: «Н. Назарбаевтың қызметінің нәтижелері таңданарлық. Он жылда ол Кеңес өкіметі кезінде халқының көпшілігі орысша сөйлеген елде қазақ тілін ендіріп, далада жаңа елорда Астананы тұрғызды, Семейдегі сынақ полигонын жапты, жүздеген мемлекеттік қызметшіні жұмыстан шығарды, шетелдік инвесторларды тартты және көп салық төлеу жөніндегі талаптарымен халықаралық компаниялардың ашуын келтірерміз деп қаймықпастан, мұнай мен газ өндіруді жолға қойды. Осы уақыт ішінде жігерлі Президент кем дегенде сегіз кітап және санап болмастай көптеген мақалалар мен сөздер жазды. Оның бойындағы өмірлік күш-қуат ғаламат. Еңбекке қабілеттілігі орасан».

Президенттің осындай іргелі еңбектерінің бірі – қазақ және орыс тілдерінде жарық көрген «Сындарлы он жыл» деп аталатын кітабының тұсаукесері табысты өтті. Ғаламдық құбылыстардың болмысын, табиғатын жан-жақты талдауға ұмтылыстан туған, терең ой-толғамдар мен парасатты пайымдауларға толы бұл еңбек тек қазақстандықтардың ғана емес, бүкіл әлем саясаткерлерінің назарын аударды.

\* \* \*

Қыркүйектің 23-24-інде Астанада тұңғыш рет Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі өтті. Съезд атына АҚШ, Ресей, Франция, Германия, Иран, Италия, Түркия, Ұлыбритания,

тағы басқа мемлекеттер басшылары, Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас хатшысы, көптеген халықаралық ұйымдардың жетекшілері жылы лебізді құттықтауларын жолдады. Астанадағы дөңгелек үстелдің басына әлемдік діндердің 136 өкілі жиналды. Бұл жайды да Елбасының көп жылғы еңбегінің жанғаны деп бағалау жөн болар еді. Өйткені, дүниежүзілік дәстүрлі діндер жетекшілерінің осындай ахуалда басқосуы бұрын-соңды болмаған оқиға еді.

Еуразия жүрегінде, ислам, христиандық және буддизм сияқты әлемдік үш діннің түйіскен тұсында орналасқан Қазақстанның жаңа келбетін, қадамын өз көздерімен көріп, дүние жүзіне түрлі мәдениеттер мен өркениеттердің бейбіт қатар өмір сүруінің бірегей өнегесін танытып отырғанын көңілдеріне түйген көрнекті ғалымдар мен діни қайраткерлер еліміз туралы жақсы пікір қалыптастырды. Солардың бірі Мұсылмандар құқықтары жөніндегі бүкілүнділік комитет төрағасы Мұхаммед Раби Хасани Надви өз сөзінде: «Қазақстанның даңқты шежіресі бар. Оның халқы тарихта өзінің ерлігімен және батырлығымен мәлім. Ол сондай-ақ минералдық шикізаттардың бай қорларына және прогресс пен жарқын болашаққа қол жеткізудің зор мүмкіндіктеріне ие», деді («Егемен Қазақстан», 25 қыркүйек 2003 жыл).

Бұл шын мәнінде, маңызы өте зор, жаһандық ауқымдағы оқиға еді. Ол біздің еліміздің бейбітшілік сүйгіш әрі тағаттылық мемлекеті ретіндегі беделін нығайтумен бірге, еуразиялық өркениеттің қайталанбас қанықтығымен, діни дәстүрлердің саналуандығымен ерекшеленетінін, Республика Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстанды демократиялық мемлекет ретінде орнықтыруға деген ұмтылысы арқасында, олардың арасындағы өзара құрметті сақтау мүмкін болып отырғанын бүкіл әлемге жеткізді. Елімізде іргелі халықаралық шаралардың өткізілуі Қазақстанның халықаралық беделінің өскендігін айғақтайды. Осыдан небәрі он екі жыл бұрын көпшілікке белгісіз болған Қазақстан ірі аймақтық көшбасшыға айналатынын айғақтап, қажетті алғышарттарды орнықтыра бастады.

2003 жылдың бейнесі мен бедерін, басты оқиғаларын жадымызда жаңғыртқанда, тұңғыш рет деген сөздердің тілімізге орала беретіні бар. 2003 жылы тұңғыш рет Қазақстанда 35 мемлекеттің парламенттік делегациялары қатысқан ЕҚЫҰ-ның Парламенттік

Ассамблеясының трансазиялық форумы өтті. Қазан айында Астанада Азаматтық форум – үкіметтік емес ұйымдардың алғашқы съезі шақырылды. Мемлекет басшысы өз сөзінде үкіметтік емес ұйымдардың басқосуы бұл қоғамымыздағы осы ұйымдардың ықпалы өскендігін және онымен ынтымақтастыққа мемлекеттің үлкен мән беріп отырғанын көрсетеді, деді кезінде Америка президенті Эйзенхауэр айтқан «Шынайы демократияның ұраны – «мұны үкімет жасасын» емес, «мұны істеуді біздің өзімізге беріңіздер» болуы керек», деген ұстанымды алға тартты, әлеуметтік маңызды жобаларды іске асыруға қомақты қаржы бөлінетінін хабарлады.

Кешікпей әлеуметтік маңызды жобаларды орындау бойынша үкіметтік емес ұйымдар арасында алғашқы ашық конкурс ұйымдастырылып, үздік жиырма жоба анықталды. Мемлекет оларды жүзеге асыруға бюджеттен 42 миллион теңге қаржы бөлді.

Экономикадағы табыстардың ауқымды әлеуметтік міндеттерді ойдағыдай шешудің алғышартына айналып отырғанына баршаның көзі жеткен кез еді бұл. Осы жылдан бастап сәбидің тууына байланысты бір реттік жәрдемақының қалпына келтірілуі де сенімді нығайта түскен. Сол сияқты Кедейлікпен және жұмыссыздықпен күрес жөніндегі бағдарламаны іске асырудың нәтижесінде халықтың аз қамтамасыз етілген үлесі 25 пайызға азайып, кедейшілік шегінен төмен тұратын адамдардың саны екі еседен астамға қысқарды, жаңа жұмыс орындары ашылып, ел бойынша жұмыссыздық деңгейі 8 пайызға дейін қысқарды. Ішкі жалпы өнім 2 000 долларға жуықтады, яғни он жылда үш есе дерлік ұлғайды.

Осылай «ақырын жүріп, анық басу» принципін берік ұстанған еліміз уақыт алға тартып отырған кез келген сынақтарға лайықты жауап бере алатын деңгейге жетіп, Елбасының Дүние жүзі қазақтарының алғашқы Құрылтайының мінберінен айтқан: “Заман тыныштығын берсе, бүгінгі дағдарыстан да шығармыз. Тәуелсіз Қазақстан дәулетіне сәулеті сай қуатты мемлекетке айналар. Қазақ халқы әлемдік өркениетке қазіргіден гөрі қомақты үлес қосар. Даламызда да, қаламызда да шадыман тұрмыс, шат тірлік орнар. Бұйыртса, бүгінгі Құрылтайға қатысқан қадірменді қонақтарымыздың өзі туған Қазақстанымыздың гүлденіп-

көркейгеніне таяу жылдарда-ақ куә болады деп кәміл сенеміз”, деген сөздері ақиқатқа айналды.

Елбасы жыл мәресінде ел халқына құттықтау сөзінде: «Өтер жылға өкпеміз болмаса керек. 2003 жылы біз ойға алған, қолға алған талай-талай істерді атқарып шықтық. Қуатымыз артып, мүмкіндігіміз молайды, мақсатымыз толысып, іскерлігіміз ізерленді» деді. Біздің оған алып-қосарымыз жоқ. Дүние дүрлігіп, заман құбылып тұрса да, 2003 жыл тәуелсіз ел тарихына жарқын бет болып қосылды.

*«Егемен Қазақстан» газеті,  
27 сәуір, 2011 жыл.*



## ДАУЫЛПАЗ АҚЫН

Тәубе, қазақта, сөзі мен ісі- ұрпаққа ұран, үлгі-өнеге боларлық, алақанға салып аялайтын ақын да көп, азамат та жетерлік! Соданда болар, үстіміздегі жылы «Бір ел-бір кітап» акциясына кімді таңдаймыз дегенде біраз адамдардың есімдері аталып, аяғы қызу пікірталасына ұласқан еді. Оны сол жиынға қатысқандар әлі ұмыта қоймаған шығар. Менің де таңдауым қазақтың өр рухты ақыны Жұбан Молдағалиевке түсті. Ол кезде мен, тіпті, биыл ақынның туғанына 90 жыл толатынын ойлаған да жоқпын. Көңілімде тек ақынның «Мен қазақпын» поэмасы тұрды. Өз басым ұлттық рухты көтеретін осы еңбекті ел үшін, ұрпақ үшін өте құнды дүние деп білемін. Тәуелсіздігімізге 20 жыл толады десекте, қазақтың қазақ бола алмай жатқаны шындық. Міне, осындай шақта, кезінде ұлтымыздың рухын дүр сілкіндірген сол поэмаға ден қойып, тағы бір сусындасақ деген ой мазалай берген мені.

Мен – қазақпын мың өліп, мың тірілген,  
Жөргегімде таныстым мұң тілімен.  
Жылағанда жүрегім күн тұтылып,  
Қуанғанда күлкімнен түн түрілген.  
Мен – қазақпын, ажалсыз анамын мен.  
Құрсағыма сыйдырам даланы кең.  
Пәк сәбимін бесікте уілдеген,  
Дәуірлермен құрдаспын, данамын мен.  
Мен – қазақпын! Биікпін! Байтақ елмін!  
Қайта тудым, Өмірге қайта келдім!  
Мен мың да бір тірілдім мәңгі өлмеске –  
Айта бергім келеді, айта бергім!

Кеңес заманында дәл осылай ұлттың намысын жанып, жүрегінен жыр төгілткен қазақта бірде бір ақын жоқ. Бұл шын мәнінде рухани

ерлік еді! Ғасырлар бойы бодандық бұғауынан босамаған, ері мойнына кетіп, еңсесін тіктей алмай жүрген қазақ үшін ұлттың ұранындай естілген қуатты сөз еді!

Ал желтоқсан оқиғасына келсек, нақ сол күндері мен жолым түсіп, Алматыда жүр едім. Жоғары партия мектебінде кезекті курстың ашылатын күні... Аяқ астынан дүние астан-кестен болды да кетті. Сол кезде жол тауып, жөнді сөз айтқандар шамалы болатын. Бұрын-соңды мұндай сұмдықты көрмеген халық абдырап қалды ғой. Дәл қазір ол үшін біреулерді кіналауға да болмайтын шығар. Десек те, сол бір қиынқыстау кезеңде де өмірлік ұстанымынан айнымай намысын ту етіп желбіреткен, найзағайдай жарқылдап, ойындағысын жасқанбай айта-тын Жұбан сияқты азамат табылды. Ол ақын-жазушылармен кездесуге келген Қазақстанның жаңа басшысы Колбиннің алдында: “Алаңда қыздарымның шашын жұлып, ұлдарымды дубинкамен бастан ұрып, алаң қызыл ала қанға боялғанын көргенде мен – Ұлы Отан соғысының ардагері, окопта мұз төсеніп, қар жастанған қарт солдат, мына сорақы сұмдықты көзіммен көргенше сол қанды майданда неге қаза тауып, мәңгі қайтпай қалмадым деп, осы күнді көргеніме өкіндім” деген жүрегіне шер болып қатқан, күндіз күлкісін, түнде ұйқысын қашырған сөздерді ақтара салды. Бұл көзсіз ерлік еді!!!

Мұндай сөздердің ақын Жұбан Молдағалиевтің аузынан шығуы кездейсоқ емес. Ел басына қауіп төнген Ұлы Отан соғысының отты жылдарында қолына қару алып, мұз төсеніп, қар жастанып жүріп, сол сұрапылдың адам айтқысыз азабы мен тозағын түгел бастан кешірген, өмірге «Мен қазақпын» сияқты поэма әкелген ақынның, азаматтың ел басына бұлт үйірілгенде бой тасалап, бұқпантайлап қала алмайтыны анық еді.

Міне, сондықтанда сын сағатта-ұлт тағдыры- болам ба, әлде бордай тозам ба дегендей, қыл үстінде тұрған шақта ештеңеден тайсалмай халықтың қорғаны болып, қызғыштай қорыған батыр ақынның бейнесі уақыт өткен сайын бұрынғысынан да тұлғаланып, ел жадында жаңғырығып, ұрпақ үшін жарық жұлдыздай жарқырай бермек.

Өткен жылдары республикалық «Бір ел-бір кітап» акциясы барысында қазақтың арда ұлдары Абай Құнанбаевтың, Мұхтар Әуезовтың, Мағжан Жұмабаевтың өмірі мен шығармашылығына

байланысты түрлі кездесулер, дөңгелек үстелдер, конференциялар, көрмелер басқа да шаралар өткізіліп, әдебиет сүйер қауымды бір серпілтіп тастаған еді. Енді, міне, қазақтың тағы бір аяулы ұлын тани түсу бағытында қыруар істер атқарылды. Бұл өте пайдалы іс болды. Өйткені, Жұбан Молдағалиевті оқыған, таныған ұрпақ елін сүйеді, жерін сүйеді, халқына адал қызмет етеді.

*«Kitap патшалығы» журналы,  
№5-6, 2010 жыл.*

Екінші бөлім  
**СҰХБАТТАР**

## ҮМІТ ПЕН КҮДІК

*Өткен аптада көтерілген көп әйел алу мәселесі бірпартиялы момақан Парламентте ер мен әйел арасында бітіспес соғыс туғызып, қалыптасқан қоғамдық сананы теңселтіп жібере жаздады. Талқыға түскен «Неке және отбасы туралы» жаңа Кодекстің бәрінен де рухани-моральдік салмағы ауыр. Жаңа Кодекс сананы саяси-ландырмай, «арбаны да сындырмай, өгізді де өлтірмей» өмірлік нәзік мәселелерді шеше ала ма?*

*Жарасбай Сүлейменов,  
Мәжіліс депутаты:*

– Енді ғана талқыға түскен соң алдағы заң жобасындағы неке мен ерлі-зайыптылық, көп әйел алу, азаматтық неке сияқты түйткілді мәселелер туралы кесіп-пішіп айту қиын. Өз басым, Кодекске көп әйел алу туралы тармақ енгізуге мүлде қарсымын. Баяғыда Шал ақынның «екі әйел алған адамның дауы үйінде» деп айтқанындай, оның не қажеті бар? Бұл мәселелерді депутаттар емес, оған мүдделі біреулердің таңып отырғаны ғой. Көп әйел алу арқылы демография мәселесін шешеміз деген де бос әңгіме. Бұл мәселені заңдастыратын болсақ, қоғамда алауыздық туындайды, отбасының берекесі кетеді және бала тәрбиесіне моральдік тұрғыдан зор нұқсан келеді. Сондықтан қоғамда ішінара белең алған «ескі дәстүрді» заңдастыру жақсылыққа апармайды деп білемін. Батыстан жұққан, біреулердің ойлап тапқан азаматтық неке қазақы топыраққа, ұлттық ділімізге мүлде жат. Азаматтық некеге тұрып көсегессі көгеріп, бақытты ғұмыр кешіп жатқан ешкімді көрген емеспін.

Жаңа Кодексте шетелдіктерге бала асырап алуға тосқауыл қоюымыз керек деп ойлаймын. Кейбір әріптестерім ауру-сырқау баланы асырап жатса, несі бар деп айтып жүр. Бұл шығарыпсалма сөз. Шетелдіктердің бала асырап алуда не көздегені барын кім білсін? Құдайға шүкір, еліміздің экономикасы өрлеп, әл-ауқаты

жақсарып келеді. Ешкім де жетімдерімізді шетел асырып, бақытты ете алмайды, бақытты туған топырағынан табады. Жаңа Кодексті талқылау барысында осындай ұсыныстарымды қорытып айтқым келеді.

*«Айқын» газеті,  
22 сәуір 2008 жыл.*

## **“БАҚ ТУРАЛЫ” ЗАҢҒА ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ БАҒЫН АШУЫ ТИІС**

Жаһандасқан әлемде ақпараттың алар орны ерекше. Ал сол әлемде ақпаратқа қатысты заманауи дұрыс заң болмайынша оның алға жылжып, дамуына да кедергілер тумақ. Осы себептен Мемлекет басшысы Н. Назарбаев “БАҚ туралы” Заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселесін көтерген. Қазіргі уақытта сол заң жобасы Мәжіліске түсіп, ол жайындағы пікірталастар да басталып кеткендей. Біздің тілшіміз Парламент Мәжілісінің депутаты Жарасбай Сүлейменовке жолығып, оған жаңа заң жобасына орай бірнеше сауал қойған болатын.

– Жарасбай Қабдоллаұлы, қай қоғамның дамуында да заңның алар орны ерекше. Зайырлы қоғам түгіл кешегі аға-бабаларымыздың өзінің жазылмаған заңдары болғандығы, оның еш бұлталақсыз орындалғаны баршаға аян. Ал әлемдік қоғамдастыққа өзінің демократиялық құндылықтарды бағалайтын ұстанымдарымен танылып жүрген біздің елімізде заң атаулыны демократиялық үдерістерге сай ету басты мақсаттардың бірі десек, қателеспейтініміз анық.

Осылайша, қолға алынған заңның бірі бұқаралық ақпарат құралдарына қатысты. Соңғы рет өзгерістер мен толықтырулар енгіземіз дегенде, Елбасының алдынан қайтқан “БАҚ туралы” Заң тағы да күн тәртібіне қойылды. Енді осы тақырыпты сөз ете отырсаңыз.

– Мұны, жалпы, уақыттың талабы деп ұғынуымыз керек. Демократияның тағдыры, еліміздің болашағы бұқаралық ақпарат құралдарының қалай дамитындығына тығыз байланысты. Міне, сондықтан да Елбасы сөз бостандығын ұдайы қолдап, осы саланы ырықтандыруға айрықша назар аударуда. Мемлекет басшысы Парламенттің II сессиясын ашарда сөйлеген сөзінде БАҚ қызметін шектен тыс реттейтін бюрократтық тосқауылдарды алып тастау қажеттігін атап көрсетті. Бұл өмірде қатып қалған ешнәрсе жоқ. Өмірдің өз даму заңдылығы бар. Қоғам ілгері озған сайын оған

қанаттас құбылыстар да түрленіп, өзгеріп отырады. Осы тұрғыдан алғанда, кейбір заңнамалық актілерге бұқаралық ақпарат құралдары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу – бұл уақыт талабы. Қазіргі қолданыстағы заң 1999 жылдың 23 маусымында қабылданған. Одан бері бірнеше толықтырулар мен өзгерістер енгізілді, ал енді заман ілгері басқан сайын ол өзгерістердің де ілесе алмай жатқандығы аян. Қоғамның экономикалық, саяси-әлеуметтік дамуының бүгінгі деңгейі бұқаралық ақпарат құралдары туралы ұлттық заңнаманы одан әрі жетілдіру қажеттігін ұғындырып отыр. Міне, енді Үкімет өзгерістер мен толықтырулары бар жаңа заң жобасын Мәжілістің қарауына берді.

Әлем бойынша дамыған демократиялық елдердің бәрінде билік пен бұқаралық ақпарат құралдарына қатысты мәселелер тек заңдармен реттеледі. Олар бір жағынан БАҚ-тың еркіндігін қамтамасыз етсе, екінші жағынан адамдардың ақпарат алуына, өз ойлары мен көзқарастарын еркін білдіруіне кепілдік береді. Жалпы, бұқаралық ақпарат құралдары қоғаммен бірге дамиды, тіпті кейде алда жүреді. Ал жаңа жоба заңнаманы жетілдіріп қана қоймай, БАҚ пен журналистердің құқықтары мен кәсіби мүдделерін, бостандықтарының негіздерін айтарлықтай кеңейтеді және нығайтады деп ойлаймын.

– Осылай ойлауыңыздың негізін таратыңқырап айтсаңыз.

– Бұрынғы қолданыстағы заң бойынша БАҚ-тың редакторы немесе мекен-жайлары ауысып жатса, қайта тіркелу міндетті болатын. Жобада бұл тармақ алынып тасталған. Ал кейбір журналистер жалпы тіркеу дегеннің өзі артық дейді. Әлемдік тәжірибеге сүйенсек, бұқаралық ақпарат құралдарын тіркеу Австрия, Канада, Германия, Нидерланды мен Америка Құрама Штаттарынан басқа барлық елдерде бар. Көршіміз Ресейдің заңында қайта тіркеудің қандай жағдайларда жүргізілетіндігі нақты айқындалған.

Менің ойымша, тіркеуден соншалықты қашудың қажеті жоқ. Басылымның мекен-жайы, таралымы деген деректердің өзі оқырмандар үшін де керек емес пе. Тек заңдағы редактор ауысса қайта тіркелу деген артықтау. Мысалы, газеттің меншік иесі бар да, басшысы тағы бар. Бұл жерде қайта тіркелу меншік иесі ауысса ғана жүргізілсе бір сәрі, басшы ауысқан сайын тіркелу керек дейді. Ал



кейбір газеттерде басшы жиі ауысып жатады. Сондықтан бұл талап қисынсыз.

Үкімет енгізіп отырған жобадағы тағы бір жақсы өзгеріс -- электронды ақпарат құралдарына қатысты. Бұрын олар үшін де тіркелу міндетті-тін, қазір тек лицензиясы болумен шектелу қарастырылған. Осы заң жобасы үшін жұмыс тобы құрылып отыр, отырыстарда әрбір ұсыныс мұқият зерделеніп, ақылдасылады ғой. Жалпы, іс жүзінде Үкімет қанша заңды жетілдіріп ұсындық дегенімен, ол Парламент қабырғасында әбден екшеледі, дәл Үкімет ұсынған қалыпта өте қоймайды. Оны кез келген заңға қатысты да айтуға болады. БАҚ туралы заңға да қазірдің өзінде көптеген ұсыныстар түсіп жатыр.

– Ақпаратты тұтынушы қазақ тілді қоғам үшін жиі көтеріліп жүрген намысқа тиерліктей бір мәселе – эфирден таратылатын мемлекеттік тілдегі хабарлардың таратылу уақыты. Бар қазақ үкі мен жарканат тәрізді түн баласы ұйықтамай отырады деп ойлайтын болулары керек, хабарлар түнде жүреді. Осы ретте “адам құқын қорғаушылар” қазақ тілділердің құқығын неге ойламайды, неге бір жақты қарайды екен деген сауал өз-өзінен туындайды.

– Қазіргі қолданыстағы заңның 3-бабының 3-тармағында “мемлекеттік тілдегі бағдарламаларды таратудың тәуелділік кестесін орналастыру хабарлар эфирге шығатын бүкіл кезең ішінде біркелкі жүзеге асырылуы тиіс”, делінген. Өздеріңіз білесіздер, бұл талап орындалмайды. Бұл жайында айтылып та, жазылып та жүр. Қанша айтылса да арна басшылары қазақ тіліндегі бағдарламаларды жұрт ұйықтайтын мезгілде береді. Сондықтан мен өзім ойлаймын, заңның кейбір жерлерінде талапты күшейту де керек шығар деп. Және заңның әрбір бабының орындалуын ескеру қажет. Осыған байланысты да ұсыныстар түсуде. Егер заң бабы орындалмай қалатын жағдайда алғашында айыппұл төлету, екінші рет орындалмаса, хабарларды уақытша тоқтату сияқты ұсыныстар айтылуда. Енді олардың барлығы талқылау барысында айқындалады.

– Осыған дейін егер әлдебір жарияланымнан кейін бір азамат менің ар-ожданыма нұқсан келді деп сотқа жүгінетін болса, онда редакция тек ақталушы рөлінде көрінетін. Жаңа жобада ол қалай көрініс тапқан?

– Үкіметтен келіп түскен жобада бұл қарастырылған, мұнда

құқықтар теңестіріліп отыр. Журналист те, қарсы жақ та өзінің дұрыстығын дәлелдеуге бірдей құқылы. Сондықтан, өз ойымша, бұл бапқа депутаттар тарапынан қолдау көрсетілуі тиіс.

Және жарияланған мақаланы, көрсетілген бейнесюжетті теріске шығару жөнінде де ұсыныстар түсуде. Теріске шығару бұл көптеген елдерде бар жағдай. Бір сын мақала шықты дейік. Біреу ар-ожданыма кір келді, жауап мақала жариялаймын, дейді. Енді осы арада оның көлемі қандай болуы керек. Депутаттар осы бойынша теріске шығарылған мақала газеттің дәл сол бетінде, сол көлемде жариялансын, ал егер көлемі алдыңғы мақаладан артық болса, онда сол артығына ақы төленсін, дейді. Құлақ асатын пікір.

Егер әлемдік тәжірибені қарастырсақ, Австралияның, Австрияның, Канаданың, Германияның және АҚШ-тың заңдарында теріске шығару құқығы сияқты жала жабу және жеке өмірге араласпау туралы баптар бар.

– Сіз кәсіби Парламентте отырған кәсіби журналиссіз. Сондықтан өзге әріптестеріңізге қарағанда, бұл саланың ішкі жағдайларына әбден қанық адамсыз. Осы себепті жеке өз тарапыңыздан жасалған ұсыныстарыңызбен де ортақтаса кетсеңіз.

– Өз тарапымнан біраз ұсыныстар бердім, енді олар жұмыс тобында қаралады, тағдырын депутаттар шешеді. Алғашқы ұсынысым – меншік иесі мен бас редактор арасындағы қарым-қатынасқа қатысты. Бұл, әсіресе, жеке меншіктегі газеттерде айқын көрінеді. Оларда бас редактор рөлі төмендеп қалған. Негізгі шығармашылық жұмысты үйлестіретін бас редактор ғой. Сосын сотқа жүгінетін даулы мәселелерде меншік иесі емес, жауапкершілікті журналистер көтеріп жүр. Ал негізінде меншік иесі бас редакторға тапсырма береді, мынаны былай жаз деп айтады, бас редактор болса меншік иесіне тәуелді, жалақы алып, отбасын асырап отыр. Жазылған сөзге жауап беруге келгенде, оған бас редактор мен журналист жауап береді. Сондықтан меншік иесінің жауапкершілігін айқындауға қатысты ұсыныс білдірдім.

Тағы бір мәселе, электронды ақпарат құралдарына, оның ішінде еліміздің қауіпсіздігіне қатысты. Мысалы, арналардан табиғатымызға жат, қолайсыз дүниелер көрсетіліп жатады. Теледидарды қосып қалсаңыз зорлық-зомбылық, қатыгездік, ұрыс-төбелес, атыс-ша-

быстан көз сүрінеді. Конституциямыздың 20 бабында қатыгездікті, зорлық-зомбылықты насихаттауға болмайды деп көрсетілген. Сонан кейін осы жоғарыда айтылған кісәпірліктерді насихаттауға тосқауыл қою жөнінде ұсыныс енгізіп отырмын.

– Осы жерде тағы бір сауалдың шеті шығады. Жаһандасқан дүниеде ешкіммен ақпарат алмаспай отыру мүмкін емес. Және ол қажет те нәрсе. Бірақ, біздің елімізге, жоғарыда өзіңіз айтқандай, небір бейәдеп суреттермен безендірілген, ішіндегі жазғанын оқуға жүз ұялатын неше түрлі газет-журналдар ағыны келуде. Осыны да жаңа заң жобасы аясында қарастыруға болмас па екен?

– Енді оның бәрін бірдей бірден тоқтатып тастау мүмкін болмайтын шығар. “Көш жүре түзеледі” дейді ғой. Осыдан он жыл бұрынғыны қазіргі күнмен салыстыруға мүлдем келмейді. Кеше қайда едік? Бүгін қайда келдік? Осындай сауалдардың төңірегінде ой қозғасақ, ұлан-ғайыр өзгерістерге көз жеткіземіз. Мемлекеттік тілдегі хабарлардың мөлшерін 50 пайызға жеткізу керек деп заңда көрсетіліп, ол үшін біраз еңбектеніп барып, сол межеге жеттік. Ал сіз айтып отырған проблеманың бар екендігі рас. Кезінде, біздің ақпарат жағымыз әлсіздеу болған тұста келіп, қалыптасып қалған жәйт қой. Айтуыңыз өте орынды, осы заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізілуін пайдаланып бұл мәселені де қараған жөн. Бұл бір жағынан ұлттық қауіпсіздікке де саяды, осының бір тиімді тетігін тапсақ, қоғам үшін де, мемлекет үшін де жақсы-ақ болар еді. Жаһандану заманында, әлемде бірыңғай ақпараттық кеңістік қалыптасып жағқанда, біз елдің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңызды екенін әрдайым есте ұстауға тиіспіз.

Көзіқарақты оқырман аңдап отырған шығар. Осы бұқаралақ ақпарат турасындағы заң жөнінде жиі жазылады. Түрлі ұсыныстар айтылады. Біздің еліміз жас. Демек, тәуелсіз елдің бұқаралық ақпарат кеңістігі қалыптасу деңгейінде десек, артық айтқандық емес. Әлі де болса ақпараттық салада өркениетті қатынастарға қол жеткіздік дей алмаймыз. Күрт өзгерістер жасауға журналистер, жалпы қоғам мүшелері дайынбыз ба? Меніңше, оған уақыт қажет. Бұл орайда асығыстықтың абырой әпермейтіндігін ұққан жөн. Жалпы заң деген қатып қалған дүние емес. Қоғам әзірлігімен, жұртшылықтың қажеттінсінуімен, депутаттардың бастамасымен де қайта қаралып, өз-

герістер мен толықтырулар енгізіле береді. Оған ешқандай шектеу жоқ. Сондықтан осымен бәрі бітті, осы жолы қаралмаса, қалып қояды дейтін қауіп жоқ.

– Қазіргі қоғамымыз болып күресетін індет – сыбайлас жемқорлық. Газет беттерінде бір азаматтың сыбайластық қылмысқа барғаны жөнінде мақалалар жазылса, ол жауапсыз, аяқсыз қалып жатады. Бұл жерде мәселенің маңыздылығына байланысты, қоғам болып күреспесе жеңбейтін болғандықтан, жаңағы адамның мен ондай қылмыс жасаған жоқпын деген де болса жауабы шығуы керек емес пе? Әйтпесе, жазылған жайт сол жазылған күйінде қалып қойып жатады.

– Жақында ғана Елбасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес форумында сыбайластыққа қатысты жарияланған материалдар елеусіз қалмауын, тіпті материалдың кейіпкері болып отырған азаматтың өзінің кінәсіз екендігі туралы жазуы керектігін айтты. Негізінде, егер ол рас болып шаралар қолданылса, баспасөздің де беделі арта түсер еді. Журналистердің де ұмтылысына әсер етер еді деп ойлаймын.

Жалпы, бұқаралық ақпарат құралдары өмірдің айнасы. Оның шығарған өнімі халықтың күнбе-күн көз алдында. Бұл негізінен алғанда, халқымызға қажет орны бөлек заң деп білемін. Өйткені, ол әркімнің өміріне қатысы бар заң. Сондықтан оған қызығушылық та өзгеше. Ал қазіргі Үкімет ұсынып отырған заң жобасы – БАҚ-тың жолын ашатын, бағын ашатын заң болатындығына сенімдімін.

*Әңгімелескен Анар ТӨЛЕУХАНҚЫЗЫ.*

*«Егемен Қазақстан» газеті,  
12 желтоқсан 2008 жыл.*

## МАҒЖАННЫҢ БОЙЫНДА БІРТҮТАС ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ РУХЫ ТҮР

- Жарасбай Қабдоллаұлы, Мағжан мұрасын зерттеуді қашан қолға алдыңыз? Ақын өміріне тереңірек үңілуге не ықпал етті?

- Қазақтың ұлы ақыны Мағжан Жұмабаев 1893 жылы 25 маусым күні Солтүстік Қазақстан облысында дүниесі келгені белгілі. Әрине, оның аты көпке дейін елге, қалың жұртшылыққа беймәлім болып келді. Өйткені, ақынға қуғын-сүргін жылдары жала жабылып, содан кейін ұсталып, 1938 жылы атылып кетті. Тіпті халықтың Мағжанның атын атауға да қорыққан кездері болған.

Мен өзім 1972 жылы «Ленин туы» (қазіргі «Солтүстік Қазақстан») облыстық газетінде кіші әдеби қызметкер болып жұмыс істеп жүргенімде бөлім бастығы, журналист Мұхаметқали Нұрғожиннің аузынан Мағжанның есімін бірінші рет естідім. Бірақ ол кісі әңгімені ширатып айтпайтын еді. «Кезінде осындағы педагогикалық училищеде Мағжан орыс тілінен сабақ берді» дейтін де қоятын.

Екінші рет тағы бір кездейсоқ оқиға болды. Біздің ол кезде жас кезіміз, қиыншылықтар көп, отбасыммен пәтер жалдап тұрып жаттық, бір баламыз бар. Қатар салынған қос үй, бір үйде әке-шешесі тұрса, ауланың ішінде баласы мен келіні тұрады. Біз солардың тағы да бір үйінің бөлмесінде пәтер жалдап тұрдық. Содан бір күні мен журналист болғаннан кейін әңгіме қозғаған шығар, сол үйдің келіні маған «Мағжан деген үлкен азамат болды, менің ағам сол кісімен бірге оқыған», - деді. Бұл әңгіме мені біраз қызықтырды, бірақ ол кезде редакциядағы жұмысты жаңа бастап жатқан кезім, білгенімізден білмейтініміз көп. Шынын айтқанда, менің оған бұрылуға да шамам келген жоқ. Дегенмен, кейін сол үйдің келінінің атасымен (ол кісінің есімі Бейсен еді) кездескенде «Ата, сізді Мағжан Жұмабаевпен бірге оқыпты деп айтады ғой, рас па?» деп сұрадым. Ол кісі көп сөйлемейтін, өте бір тұйықтау адам еді. «Иә, оқыдық қой», - деді де, ары қарай әңгімені жалғастырмады. Сонымен ол әңгіме тұйықталып қалды.

1988 жылы 28 желтоқсанда Мағжан ақталғаннан кейін бір күні маған сол кездегі Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің (МҚК) облыстық департамент төрағасының орынбасары Едіге Қайырбеков деген азамат (полковник шеніндегі Керекудің жігіті) телефон шалды. Ол қысқа да нұсқа «Уақытыңыз болса, келіп кетсеңіз», – деді. Ол кісімен менің ешқандай таныстығым да, байланысым да жоқ. Аң-таң болып ертеңінде кеңсесіне келдім. Ол кісі менімен жылы амандасып, орындыққа отыруымды өтінді. Алдында бір сарғайған іс жатыр екен. Сосын ол: «Мынау қазақтың ақыны Мағжан Жұмабаевтың ісі еді. Бұл іс ұсталғанда қозғалған, осыны бірінші рет мұрағаттан тауып алдық, ол әлі ешкімнің қолына тиген жоқ. Сіз жайлы сыртыңыздан білемін, радиодан оқыған әңгімелеріңізді, хабарларыңызды естіп жүрмін. Осы істі сізге ұсынайын деп отырмын. Осымен танысып көріңіз, халыққа Мағжанның шындығын жеткізудің мүмкіндігі туып отыр», – деді. Қандай мәселе екенін білмей, алаң көңілде барған мен Мағжанның ісін көргенде ерекше сезімде болдым. Не қуанарымды, не Мағжанның үстінен қозғалған қылмыстық іске қайғырарымды білмедім. Әрине, бірден келісімімді бердім.

Ол мекеменің ішінен ешқандай құжатты алып шығуға болмайды, сонда апталап жүріп, департамент басшысы жағдай жасаған соң, қайта-қайта барып, өзіме қажетті жерлерін жазып алып, Мағжанның көп жағдайымен сонда таныстым. №3881 істің оң жақ шекесінде «құпия» деген жазуы бар.

–Бірінші ұсталғаны ма, әлде екінші рет тұтқындалғандағы тергеу ісі ме?

–Екінші рет ұсталған кезіндегі құжаттар. Ал 1929 жылы Мағжан бірінші ұсталғанында 10 жылға сотталды. Карелия аралында болып келді. Ақынның жары Зылиқа шешей хат жазып, одан кейін артынан өзі барып тұрды. Зылиқа шешейдің Карелияда тұтқында отырған Мағжанға 14 рет баруы ерлікпен тең әрі жарына деген шынайы махаббатын білдіреді. Кейін жазушы Максим Горькиймен танысып, оның әйелімен байланыс жасап, ақырында, Мағжанды мерзімінен бұрын босатып алды ғой. Мағжан елге келіп, Петропавлда аз ғана уақыт қызмет істеген. Ол тұста Қызылжарда ақынға лайықты бір орта жоқ, өзі сотталып келгенін жұрттың бәрі біледі, әке-шешеден айырылған кезі еді. Жалғыз Мағжан емес, туыстарының бәрі қуғынға

ұшыраған ғой. Бұл жағдайды елдің бәрі біле бермейді. Мағжанның әке-шешесін де, бірге туған туыстарын да, тіпті жамағаттарын да қуғынға ұшыратқан. Кейбіреулері тіпті елден тысқары жерге кетуге де мәжбүр болған. Кейбір бауырлары Қырғызстанда жүрген, басқалары да әр өңірге бас сауғалап кеткен.

Оған дейін мұғалімдер даярлайтын училищеде жұмыс істеп жүр еді, онда да жұмысты еркін істеуге мүмкіндік бермейді. Қанша дегенмен ақын ғой, жүрегiнiң түкпiрiнде жыр бұлқынып шығамын деп жатқан соң, өз-өзiне жан тыныштығын бермеген болуы керек, Алматыға қайта-қайта хабарласып, Сәбит Мұқановпен хат жазысып, Алматыға барғысы келетiнiн айтады. Мен танысқан МҚК-нiң мұрағатындағы құжатта сол хаттың көшiрмесi бар екен.

– Өз қолымен жазылған ба?

– Иә, өз қолымен жазған және Сәбеңнiң оған жазған хаты да бар. Сәбең шақырады. Ол кезде қанша дегенмен Сәбең кедейдiң арасынан шыққан, партияға шын берiлген адам ғой. С. Мұқанов: «Ендi дұрыс жолға түс, дұрыс жолға түссен барлық жағдай жасайды, Үкiмет пен партия сенi қорғайды, қолдайды», – деп жазады. Содан ақырында 1937 жылы Мағжан Алматыға келедi. Ең алғаш вокзалда Сәбең қарсы алады. Ондай аласапыран заманда осындай бiр қадамдар жасаудың өзi сол Сәбең де, Сәбеңнiң қасында жүрген басқа адамдарға да қауiптi болатын. Оны ендi бiз бүгiнгi уақыттың биiгiнен сезiнбеуiмiз мүмкiн. Ал шын мәнiнде ол оққа басын байлағанмен бiрдей жағдай едi. Артынан оның зардабын Сәбеңнiң өзi де көрдi. Осы оқиғалар белгiлi болғаннан кейiн, сол кездегi билiк Сәбеңдi Жазушылар одағы басшылығы қызметiнен алып, өзiн партиядан шығарып, сондай әуре-сарсаңға салады.

Үзiлген әңгiменi жалғайын. Сәбең Мағжанды вокзалда қарсы алады, амандасқан соң, «Ендi қонақ үйге ме, әлде менiң үйiме барасың ба?» – деп тұрғанда, Мағжан: «Менi Сәкен Сейфуллинге алып барсаңыз екен», – дейдi. Мағжан мен Сәкен екеуi кезiнде Омбыда бiрге оқыған ғой. Бұрыннан таныстығы бар, екеуi де сол Омбыда өлең жазған, бiрiмен-бiрi кездесiп тұрған. Бiрақ араларында бiр түсiнiспеушiлiк болып, екеуi араздасып кеткен кезi скен. Оған дәлел болатын, Сәкендi мiнеп сынаған Мағжанның кейбiр жырлары да бар. Екеуi де қазақтың бiр керемет азаматтары ғой. Екеуi де сұлу, екеуi де бiлiмдi, екеуi де ақын.

Енді сол жайсыз жағдай Мағжанның көңілінен шықпай жүрген ғой. Сәкенге барғысы келіп тұрған себебі де сол болса керек. Сәбең ешқандай сөз айтпастан Сәкеннің үйіне алып барады. Сәкен ол кезде Совнаркомның төрағасы болып тұрған кезі еді. Содан амандасқаннан кейін, бірден Мағжан Сәкенге «Мені кешір, менен қателік болды» дейді. Сонда Сәкен: «Жоқ, сенен қателік болған жоқ, сен кешірім сұрама, уақыт өзі оның бәрін орны-орнына қойды, сенің кінәң жоқ», – депті. Сөйтіп, екеуі қайтадан табысып, біріне-бірі қамқорлық жасап, Алматыда тұрып жатады. Ол кезде Мағжан төселген қаламгер, тұрақты жұмысы жоқ болса да, біраз дүниелерді аударуға қатысады, сөйтіп қаламақы алады. Өзін-өзі көрсетіп, біраз жұмыс істей бастайды. Сол кезде 1937 жылғы ең нәубетті қуғын-сүргін басталып, бәрінін де басына бұлт үйіріледі. Сәкеннің де...

– Қазақтың асылдарын жаппай тұтқындаудың басталған кезі ғой.

– Иә, күнде біреуін ұстап әкетіп жатады. Сәбең де әлгіндей жағдайға ұшырайды. Сөйтіп, өмірдің өзі бей-берекет болып кетеді де, ақырында Мағжан да ұсталып, содан кейін атылған... Бар болғаны 44 жасында...

– Енді ол кісінің қазір халыққа аты мен өзінің жазған жырлары ғана бұйырып отыр ғой. Әйтпесе, оның қабірінің де қайда екенін білмейміз. Әркім әр түрлі болжамдар айтады.

– Негізінде Мағжан туралы айтқанда, тоқталмай кетуге болмайтын бір жайт бар. Мағжан да негізі ерте ақталуы тиіс болған ғой. 1959 жылы Мағжанды жалпы саяси жағынан ақтайды. Содан кейін комиссия құрады. Ол комиссияға қазақтың ақыны, Жазушылар одағының хатшысы Әбділдә Тәжібаев жетекшілік етеді. Олар МҚК-нің сұрауы бойынша Мағжанның жырларына талдау жасап, оған теріс қорытынды береді. Бұл да Мағжанның халыққа ерте оралмауына бір кесірін тигізген жай. Кейіннен Әбділдә Тәжібаев 1988 жылы Мағжанның алғашқы жыр жинағының алғысөзін жазды. Соның алғысөзінде өзі мойындап: «Бұл менің де, мені тәрбиелеп сөйлеткен ағаларымның да кешірілмейтін күнәсі» – деп жазды. Кеш те болса өзінің қателігін түсінген Әбділдә Тәжібаевты да кінәлаудың, мүмкін, қажеті жоқ шығар. Заман солай болғаннан кейін, биліктің берген тапсырмасынан әркім шығып кете алмайды ғой. Кейбіреулер соның



ықпалымен кетті. Ондай кезде ноктаға басы сыймайтын бірен-саран ғана адамдар болды. Мысалы, Мағжан сияқты.

– Оған бүгінгі заманда тек қана түсіністікпен қарау керек дейсіз ғой?

– Оның бәрін біз де солай бағалауымыз керек. Мысалы, Әбділде Тәжібаевтың да ақындығына ешкім шек келтірмейді. Ол кісі де керемет ақын, өз заманында жазған жақсы жырлары бар, үлкен мұра қалдырды. Дейтұрғанмен менің өзімнің ойымнан шықпайтын бір жағдай – Мұхтар Әуезовтің Мағжан туралы айтқан сөзі. Оны Мұхтар Әуезов Мағжанның көзі тірісінде, Мағжан қуғын-сүргінге түсіп жүргенде айтқан. Яғни, Мағжанды көп ақынның ішіндегі Абайдан кейінгі ақын дегені. Мұхтардың сөзі былай басталады ғой: «Мен қазақ ақындарынан Абайды сүйемін...», – деп, Абайды неге сүйетінін айтып-айтып келеді де, содан кейін: Мағжан мәдениеті зор ақын. Сыртқы кестенің келісімі мен күйшілдігіне қарағанда, бұл бір заманның тегінен асқандай... бүгінгі күннің бар жазушысының ішінен келешекке бой ұрып, артқы күнге анық қалуға жарайтын сөз – Мағжанның сөзі», – дейді. Өткен ғасырдың 1927 жылдары осындай сөз айтқаны Мұханның көріпкел, ғұламалығы емес пе?!

– Мұхтар Әуезовтің ол пікірі сол кезде газетке шықты емес пе?

– Иә, 1927 жылы «Лениншіл жас» газетіне «Мен Мағжанды сүйемін» деген шағын мақала шыққан. Кейін Мағжанға өз заманында үлкен баға берген Жүсіпбек Аймауытов. Ол сол кездің өзінде Мағжанның еңбектерін, жырларын әдеби тұрғыдан талдап, оның құндылығын ашып берген.

Мағжанның қайта оралуына көп еңбек сіңірген адамдар бар. Оларды да сөздің ретіне қарай айта кетейін. Қарағандыда тұрған Жайық Бектұров деген жазушы болған. Ол кісі өзі де қуғын-сүргінді, зорлық-зомбылықты көп көрген азамат. Ж. Бектұров алғаш рет 1928 жылы Мағжанмен Бурабайда кездескен екен.

– Ол да жазықсыз абақтыға жабылған азамат қой?

– Иә, ұзақ жыл отырып келгеннен кейін Қарағанды облысындағы Қазақстан Жазушылар одағының аймақтық бөлімшесін басқарды. Кім білсін қандай күш осыған итермелегенін, осы кісі Мағжанның ақиқатын ашуға көп еңбек сіңірді. Тіпті, Мағжанның көп жағдайда, енді үміттің өзі үзілгендей болып жатқан жағдайда ол кезде Алматыда

жағдай қиындау болғаннан кейін Зылиха шешей Солтүстік Қазақстан облысына келіп паналап тұрып жатады. Жайық аға оны тауып алып, кімдерге қалай хат жазу керек, кімге бару керек екенін үйреткен ғой. Содан Башқұрттың ақыны Сайфи Құдашпен бұрыннан таныстығы болған екен, оған да хат жазып: «Сіз енді беделді адамсыз, одақта сізді біледі, сөзіңізді жерге тастамайды, осындай бір қазақтың ақыны болып еді, сол кісі атаусыз қалып бара жатыр, ақталмай қалып бара жатыр», – деп ол кісіге де қозғау салады. С. Құдаштың Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің бірінші хатшысы Д. Қонаевқа жазған хаты бар. Ол 1969 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған. Бірақ ол хат сол кезде заман солай болған шығар, аса көп қозғау сала алмады. Дегенмен, ол да бір бүгінгі ұрпаққа сол кездегі жағдайдың шырқыраған бір шындығы болып қалды.

– Зылиха апаймен кездесіп, сөйлесе алдыңыз ба?

– Мен ол кісімен бертін келе бірнеше рет кездестім. Негізінде, мен МҚК-нің мұрағатындағы құжаттарды көргеннен кейін біржола осы Мағжанды зерттеу қажет екенін түсіндім. Ол кезде Мағжан туралы ақпараттың өзі аз еді. Ақынның 1988 жылы шыққан жалғыз жинағы ғана болды. Бірақ «Мағжан кім? Ол адам ретінде, ақын ретінде қандай еді?» деген сұраққа берілер жауап шамалы болатын. Мен Зылиха апаймен бірнеше рет кездесіп әңгімелестім. Сосын Мағжанның Бибізәйып деген жиен келіні болған. Ол Мағжанды көрген. Мен онымен де көзі тірі кезінде кездесіп, бірнеше рет сұхбат алдым. Сосын Мағжанның Қаһарман деген ағасынан туған Ғаділша деген Ұлы Отан соғысына қатысқан азамат болған. Қазір ол кісі жоқ, қайтыс болды. Ол кісі де өзінің інісі ғой, Мағжан туралы көп мағлұматтар жинап, көп ізденіп, атын шығаруға, халыққа атын қайтаруға көп еңбек сіңірді.

Мағжанды көрген тағы бір адам – ақын Хамза Абдуллин. Ол Шота Руставелидің «Жолбарыс тонды жиһангез» деген поэмасын аударып аты шыққан ақын. Х. Абдуллин соғыс кезінде тұтқында болып, көп жыл түрмеде отырып келген. Мағжан ұсталып кеткенге дейін (бұл кезде Хамза Абдуллин Алматыда оқып жүрген) ол кісілер кездесіп тұрған, бірнеше рет үйінде болған. Бірақ сол кісілердің барлығымен де сөйлескенде байқағаным, олардың барлығы да Мағжанмен қоян-қолтық араласпаған екен.

Оны көрген адамдар Мағжанның сұлу келбетін, жүзінде бір

мейірім болғанын, шашы бұйра екенін айтатын. Бірақ кейбіреулер оны тәкәппар болған, өзін басқалардан жоғары қоятын еді дейді. Шын мәнінде, Сәбит Мұқановтың естелігінде бар, Мағжан кәдімгідей жаны бір жібектей үлбіреген таза адам болған. Мағжан маңайына жолап кеткен адамдарға бір жақсылық жасасам деп, жылы сөз айтсам деп тұратын жан. Оны өзінің жырларынан да көруге болады. Кейбір замандастары «Әсіресе, айдауда, зорлық-зомбылық көріп жүргенде жазған жырларын тебіренбей оқу мүмкін емес» деп айтып кеткен ғой. Мағжан әрі білімді болған, орыс тілін де жетік білген.

– XX ғасырдың басында орыс тілінде шәкірттерге дәріс беруі ғажап қой!

– Мағжан дәулетті адамның баласы болған соң, Омбыда оқыған ғой. Әуелі 1912 жылы Уфадағы «Ғалия» медресесін бітіреді. Медреседе оқып жүргенде ондағы мұғалімдері оның бойындағы қасиетін байқап, саған бұл оқу аз, сен орысша оқы деп Омбыға баруға кеңес береді. 1914 жылы Мағжан Омбыдағы мұғалімдер даярлайтын семинарға оқуға түседі. Әкесі оны мұғалім, болмаса ақын ретінде көргісі келмейді. Бұл арада Мағжанды Шоқан Уәлихановпен тағдырлас деуге болады. Мен Шоқан Уәлихановтың да жастық шағын зерттеп бір еңбектер жазып едім. Сонда байқағаным, екеуі де әкелерімен тіл табыса алмаған екен. Екеуінің де таңдаған жолын әкелері қолдамаған. Мағжан «Мен оқу оқимын, Омбыға барамын, өлең жазамын, ақын боламын» дегенде, оған әкесі қарсы болған. Әкесі оны сауда-саттықпен айналыстырып, өз маңайында ұстағысы келеді, үйлендіреді. Соған қарамай Мағжан жас әйелі Зейнепті ауылда қалдырып, Омбыға кетіп қалады. Алғашқы әйелінен жалғыз ұл туады, оның атын Граждан деп қояды. Граждан бір жасқа толмай қайтыс болып кетеді. Содан кейін Мағжан Омбыда қалып біраз уақыт өмір сүреді. Ол әкесімен аса жақындап жолығыса алмайды.

Бастапқыда Қызылжарда медреседе оқып жүргенде, онда да басқа ұлттар көп қой, онда ол Ермек Серкебаевтың әкесімен бірге оқиды. Сол кезде екеуі ауылға бірге келіп жүреді екен. Бұлардың ауылдары Қызылжардан алыс емес, ол кезде атпен жүреді. Сонда айтатын «Айда атыңды, Сәрсенбай!» деген өлеңі болған. Ол кезде әкесінің Сәрсенбай деген атқосшысы алып келеді екен. Ол асығады, ауылға тезірек жеткісі келеді. Сондай бір ойлармен келеді де, Сәрсенбай

алып келгеннен кейін ас піскенше «Айда атыңды, Сәрсенбай!» деген өлең жазып, жұртқа оқып береді. Ол жай біреуге айтылған арнау емес, елге деген сағыныш, алып-ұшқан жүрегінің лүпілі іспетті өлең. Сол сияқты «Сасықкөл» деген өлеңі бар. Сасықкөл Мағжанның туған жеріндегі көл. Өлеңде Сасықкөлдің жағасындағы өмірді суреттейді. Сасықкөлдің жағасында балалық шағы, бозбала кезі өткен, алғашқы махаббатын сол жерде кездестірген.

Мағжанның өмірінде нәзік жандылар көп болған. Өйткені, оған ғашық болған жандар өте көп. Өзінің үйленген алғашқы жары, одан кейін Петропавлда педагогикалық колледжде сабақ беріп жүргенде Гүлсім деген арумен танысады. Оның «Гүлсім ханымға» деген атақты өлеңдерін жақсы білесіз. Содан кейін өмірінде тағы бірнеше арулармен кездескен жерлері бар. Енді Зылиха шешей де кезінде өте сұлу, оқыған адам, байдың қызы болған. Ақырында екеуі қосылады. Бірақ қосылғандарына қарай, Зылиха шешейдің өз аузынан талай естігенім, олардың бақыттары баянды болмай, көп қиыншылық көреді. Бірақ ең бастысы қандай қиыншылық болса, сол кісі өмірінің аяғына дейін Мағжанды жүрегінде аялап, оның жырларын іздеп, сақтап өтті.

– Мағжанның халыққа жетпей қалған жырлары да көп пе?

– Аз емес сияқты. Өйткені көпшіліктің айтуларына қарағанда ол кездері қорқып, үркіп, кейбір жырларын жоқ қылып жіберген, қағазға түскен жырларының өзі жоғалып кеткен. Мұрат Әуезовтен естіген бір әңгімем бар еді. Зылиқа шешей Мұрат Әуезовтің анасы Фатима Ғабитқызымен араласып тұрған екен. Фатиманың жолдасы Ілияс Жансүгіров те ұсталып кеткен, сосын бұлар мұңдасады, кездеседі. Бұл кезде Мұрат Әуезовтің кішкентай кезі болу керек. Талай рет көріп; әңгімелерін тындап, аялдамаға шығарып салып жүреді екен. Кейін Жазушылар одағында қызмет істеп жүргенде Мұрат Әуезов, Олжас Сүлейменов және Ғаббас Қабышұлы бәрі бірігіп, Мағжанның қолда жиналып қалған жырларын түптеп, аз ғана таралыммен кітап етіп шығарған екен.

– Жасырын шығарған ба?

– Иә, жасырын. Әйтпесе, бастары кетеді ғой ол кезде. Ол кітапты біраз адамдар оқыпты. Мұраттың: «Егер сол кезде Мағжанды оқыған адамдардың саны көп болса, онда біздің Қадыр сияқты, Тұманбай сияқты ақындарымыз көп болар еді», – деп маған айтқан сөзі бар. Мен

ол сөзінің себебін сұрағанымда, «Олар Мағжанды оқыды» деп жауап берді. Мағжанды сол кезде қолжазбадан болса да оқыған ақындар мол рухани байлыққа кенелген, сыршыл ақынның үлкен бір мектебінен тәлім алған. Сондықтан Мағжанды оқыған адамдардың ақын ретінде өсуінде де бір құдіретті күш пайда болған сияқты.

– Сіз Ұлттық қауіпсіздік комитетінің облыстық департаментінде болдыңыз ғой. Олар ақынды тұтқындаған кезде қолжазбаларының бәрін алып кетеді емес пе? Сізге қолжазбалары кездескен жоқ па? Немесе Ұлттық қауіпсіздік комитетінің мұрағаттарында болған жоқсыз ба?

– Мен МҚК-нің негізгі мұрағатында болған жоқпын. Бірақ Едіге Қайырбековтің айтуына қарағанда, сол менің қолыма түскен іс Алма-тыдан келген құжат екен.

– Ол тек тергеу ісі ғой, иә?

– Иә, тек тергеу, басқа ештеңе жоқ. Іс қозғалған, іс бойынша кімнен жауап алды, қалай тергеді, ол кісінің өзінен жауап алған, онда тек сол жөнінде. Ол кәдімгі қылмыстық іс. Ал жұрттың аузында Мағжанның еңбектерін тәркілеп, жоқ қылып жіберді деген сөз бар, бірақ менде оны дәлелдейтін нақты дерек жоқ.

– Негізі тұтқындаған сәтте бәрін жинап алмай ма?

– Иә. Бірақ соңғы рет тұтқындағанда, тіпті оның өлеңдеріне, жазғандарына ешкім назар аудармаған сияқты. Өйткені, Зылиха шешейдің естеліктері де бар, Лесная көшесіндегі №89 үйде тұрғанда екі кісі келіп алып кеткен, содан кейін кездеспеген. Жазушы Дүкенбай Досжан кезінде «Мағжанды өлтіргендер» деген деректі хикаят жазған, сонда да айтылады бұл мәселе. Бірақ бұл жерде тағы да бір ескеретін жағдай, Мағжанның жырлары алғашқы рет сотталып кеткеннен қайта оралғанға дейін әжептәуір бір он шақты жыл үзіліп қалады. Жұрттың қалай ойлайтынын білмеймін, ақын болып туған адамның қандай жағдайда жүрсе де, өлең жазбауы мүмкін емес деп ойлаймын. Соған қарағанда, оның осы кезеңде жазған өлеңдері қолды болды, не мұрағатта жойылды, не болмаса туыстары қорыққаннан өртеп жіберген болуы ықтимал. Оның үстіне Мағжанның артында қалған туыстарының бәрі қуғын-сүргінге ұшырағаннан кейін өздері күнін көре алмай қалып, әкесі Бекеннің өзі қуғынға ұшырап, жиен келіндерінің үйін паналап, сонда қайтыс болған.

– Үйін, дүние-мүлкін тартып алыпты ғой?

– Мағжанның жақын адамдарын қуғындап, бәрін быт-шыт еткен, тіпті бұлардың зираттарын да жыртып тастаған ғой. Олардың сол заманда өздерінің дәулеттеріне сай салынған үйлері болған, соның бәрін қиратып, тұрған жерлерін тас-талқан еткен. Соған қарағанда, Мағжанның басқа еңбектері жоғалып кетті деуге негіз бар.

– Алдағы уақытта Мағжан жырлары табыла ма? Бір жерлерде, мұрағаттарда қалуы мүмкін бе? Ақын мұраларын қай жақтардан іздестіруге болады?

– Негізінен Мағжан еңбектерін Омбының мұрағаттарынан іздестіруге керек. Біздің жерлес азаматтар «Асыл мұра» мәдени орталығын құрып, көп жұмыс істеп жатыр. Кәдімгідей ізденіп, ақынның кітаптарын шығарып, өлеңдерін тауып алып, халыққа жеткізуде. Бірақ олардың да қолына Мағжанның түскен еңбектері шамалы. Мағжанның еңбектерін мен Мәскеуден іздестіріп едім, бірақ таба алмадым. Ол Мәскеуде оқыды, қызмет істеді. Мен басқа да зерттеушілердің жазғандарының бәрін қадағалап отырамын. Мәскеудегі өмірі туралы аса терең бойлаған деректер жоқ. Мағжанның еңбектері болса осы Омбыда, Мәскеуде ғана. Ал алғашқы Уфадағы өткізген жылдары жазған жырлары аз шығар, ол жас шағы, өлеңді жаңа бастаған кезі еді.

– Мағжанның өлеңдерін кейбіреулер пайдаланды деген әңгімелер айтылады. Осы рас па?

– Ондай әңгімені менің де құлағым шалған еді. Көп адамдар осы бертінге дейін солай айтып келді. «Мағжан неге жарыққа ерте шықпады, неге ерте ақталмады?» деген сұрақтар қойылғанда, «Оның еңбектерін пайдаланып кеткен адамдар оның ақталуына қарсы болды, кедергі келтірді» деген уәжді естіп жүрдік. Әрине, менің қолымда нақты дерек жоқ. Бірақ мен әдеби үлкен ортада жүрген, тура сөйлейтін азаматтардың бірі Мұрат Әуезовтен сол жайында сұраған едім, ол: «Иә, ондай сөз бар. Бірақ қазір кайтеміз оны қозғап, болған іс болды ғой. Кімнің ондайға барғанын сол адамдардың өздері біледі», – деді. Соған қарағанда, мен ол әңгіме шындық деп ойлаймын.

– Адалдық пен адамдыктан аттағандар енді Мағжан шықпайды деп көшіріп басқан шығар?

– Иә, енді өзіңіз де ақынсыз ғой. Мысалы, өлеңді тіпті көшірудің

де қажеті жоқ. Өлеңнің мазмұнын, идеясын, басқа да қасиеттерін үзіп-жұлып пайдалануға болады ғой. Сондайлар болу керек. Ол кезде тіпті Мағжан осылай халыққа қайта оралады деген ешкімнің ойында болмаған ғой. Ертеректе біреу Мағжан мұрасы халықпен қайта қауышады десе, оған ешкім сенбес еді. Мағжан бір өлеңінде «Менің шырағым сөнбейді, мен халыққа қайта ораламын, мәңгілік бола аламын» деп айтады ғой. Сол айтқан сөзі келіп отыр ғой.

– Мағжан мұраларының қайтадан жандануына сіз біраз үлес қосқан екенсіз. Осы жақында шыққан “Мағжан әлемі” жинағын шығаруға кімдер атсалысты?

– Мағжанды халық әлі танып үлгерген жоқ деп ойлаймын. Оның қайта оралуы елдің өміріндегі бір қиын кезеңмен тұспа-тұс келді. Өйткені, өзіңіз білесіз, 1990 жылдары, одан кейін 2000 жылдарға дейінгі кезең біздің экономикамызда, жалпы, елдің қоғамдық өмірінде де көп қиыншылықтар мен күрледі жағдайлар орын алды. Сондықтан Мағжанның алғашқы еңбектерін құрастырғанда таралымы аз болды. Одан кейін ақын Бақытжан Қанапиянов орысшаға аударып “Пророк” деген кітап шығарды. Оның да таралымы көп емес. Ақынның туындыларын аударып шығарғанда әйтеуір халыққа тезірек жеткізейік деген ниет болуы керек, бір асығыстықтар болды.

Біз бертін келе Мағжанның жырларын Москвада орыс тілінде шығарайық деген ойға келдік. Москвадан «Мудрость веков» деген серия шығады. Оған біздің елімізден Абай мен Жамбыл жырлары енген. Оны Ресей шығарады, ондай еңбектерге өте жоғары талаппен қарайды. Сол серия бойынша шығаруға Мағжанның сол кездегі ақындар аударған өлеңдерін ұсынған болатынбыз. Бірақ олар «Не Мағжан сіздер айтқандай ұлы емес, не аударманың сапасы төмен шығар» деп ақын мұрасын дұрыс қабылдамады. Содан кейін біз ойлана келіп, ғалым, ақын, философ Әуезхан Қодарға бардық. Ол жақсы аудармашы, Абайды тәржімалаған, басқа ақындардың шығармаларын да аударып жүр. Ә. Қодардың аудармасымен Мағжан кітабы Мәскеуден шықты. Оқыған жұртшылық жақсы бағалады. Оны құрастырған әдебиет зерттеушісі, Абай мен Жамбылдың еңбектерін шығарған, сосын Абай мен Пушкиннің шығармаларын жариялаған әдебиетші-ғалым Сәуле Әмірханқызы Мансұрованың еңбегі зор.

Мағжанды халық танысын деген ниетпен, сол кезде әкім Тайыр

Мансұровтың қолдауымен біз облыста 5 мың дана тиражбен қазақ және орыс тілдерінде Мағжанның екі кітабын құрастырып шығардық. Ол жинақта ақынның жырлары жарияланды, Мағжан туралы жазылған еңбектер сұрыпталып енгізілді және жергілікті ақындардың Мағжанға арнаған өлеңдері берілді. Ол әдебиетшілер мен студенттерге, оқушыларға бір жақсы кітап болды.

Бірақ «Мағжанды әлі ел танымай жатыр. Көп адам оның тек атын ғана біледі, Мағжан Жұмабаев деп мақтаныш етеді, бірақ ақынның ішкі жан-дүниесіне үніле алмай жатыр-ау» деген ой әлі күнге дейін менің көкейімнен кетпейді. Өткен жылы Мағжан туралы «Сөнбейтін шырақ» деген шағын кітап шығардым. Мағжанның артына қалдырған мол мұрасын жинақтау, насихаттау, оны халыққа таныту ісі бір сәтке де бәсеңсімеуге тиіс. Өткен жылы ақынның 115 жылдығы кеңінен аталып өтті. Осы мерейтойдың шеңберінде Мағжанның туған ауылы Сарытомардағы мұражайы жаңартылып, жаңа жәдігерлермен толықтырылды, Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде ақынның өмірі мен шығармашылығына арналған ғылыми конференция ұйымдастырылды, «Мағжан» және «Батыр Баян» деп аталатын екі кітап жарық көрді.

– Е, бәсе, той ақын атын мәңгі есте қалдыруға қызмет еткен екен ғой.

– Шынында да, өткен жылғы тойдың басқа тойлардан өзгешелігі көп болды. Жергілікті сахнагерлер жиналған қауымға М. Жұмабаев шығармаларының желісі бойынша қойылған спектаклді ұсынса, жас ақындар жарыса жыр оқыды. Жеңімпаздарға облыс әкімі тағайындаған сыйлықтар тапсырылды.

Десек те, осындай атқарылған істерге тоқмейілсімеуіміз керек.

– Жарасбай Қабдоллаұлы, айтуыңыз орынды, алайда, көп мәселе қаржыға келіп тіреледі ғой...

– Ол рас, қаржы болмаса ойға алғанның бәрі орындала бермейді. Сүйініштісі сол, Солтүстік Қазақстан облысының әкімі С. Біләлов руханиятты дамытпай ілгерілеу жоқ екенін жақсы түсініп, қазіргідей қиын кезеңнің өзінде газет-журналдарды шөміштен қағып отырған жоқ. Соның арқасында биылдан бастап, барлық аудандар қазақ газеттерін шығаруда. Сол сияқты, «Мағжан» журналының таралымы да көбейіп келеді.



1988 жылдан бері Мағжан туралы көп адам жазды. Біздің білгір ғалымдарымыз, әдебиетшілер мен ақындар осы іске атсалысты. Мысалы, Шериаздан Елеукенов, Кәкімбек Салықов, Қадыр Мырза Әлі, Ұлықбек Есдәулет, Тұрсынбек Кәкішев, Мұзафар Әлімбаевтың мақалалары белді-белді басылымдарда жарияланды. Бірақ олардың көбі газетке, журналға шықты. Оның бәрі қазір қолда жоқ қой, оны компьютерге салып қойған ешкім жоқ. Осыларды бір жинап, іріктеп, Мағжанның тұтастай бейнесін ашатын бір кітап құрастырсам деген ой жүрді. Соның сәті туып, биыл Алматыдағы «Алтын кітап» баспасынан «Мағжан әлемі» деген кітапты құрастырып шығардық. Мұнда Мағжан туралы білгісі келетін адамға мол мағлұмат бар, Мағжанды әр қырынан тануға болады. Жоғарыда өзім айтып өткен Әбділдә Тәжібаевтың да мақаласын енгіздік. Сол сияқты Кеңес заманында жазған Бейсенбай Кенжебаев деген ғалым, жазушының да өте бір құнды еңбектері бар. Өйткені, ол кісі Мағжанның алдынан оқып білім алған, Мағжанды көрген, тілдескен. Қысқа да болса сол кісінің еңбегі бар. Сол сияқты Рымғали Нұрғали, Серік Негимов, Темірбек Қожакеев сияқты кезінде Мағжанды жақсы жазған авторлардың еңбектері осы жинаққа енді. Бұл кітап әдебиетшілерге, студенттерге, жалпы, Мағжанды тануға ұмтылып жүрген азаматтарға өте қажет деп ойлаймын. Рас, оның бір өкінішті жері, таралымының аздығы. Қазір оқырман дұрыс қабылдаса, заман осылай тұра бермес, оны кеңейтіп қайта шығаруға, қайта басуға мүмкіндік бар ғой деп, әйтеуір осының басын бір құрайықшы деген ниетпен шығарып, оқырманға ұсынып отырмыз.

– Бұл жинақ кітап дүкендеріне түсе ме?

– Оны сатайын дейтін ойымыз жоқ, облыстардың кітапханаларына, оқу орындарына таратып береміз деп отырмыз.

– Аға, үш-төрт жылдан кейін-ақ Мағжанның 120 жылдық мерейтойы келе жатыр. Соның қарсаңында қандай мәдени шаралардың атқарылғаны дұрыс деп ойлайсыз? Мысалы, өзіңіз білесіз, біздің елімізде Абай оқулары, Пушкин оқулары бар, бірақ Мағжан оқуы бар деп ести қойған жоқпын.

– Иә, Мағжанның оқуы жоқ. Есіңізде болса, мен өткен жылы Мағжанға байланысты бір депутаттық сауал жасаған болатынмын. Оның жасыратын ештеңесі жоқ, Мағжанды Мағжан деп дәріптеп

жатқан тек солтүстік облыс қана. Мысалы, Солтүстік Қазақстан облысында Мағжанның есімі көбірек аталады, Ал былай шықсаңыз, Мағжанды тіпті кейбір өңірлерде білмейді деуге де болады.

– Білмейтіні бұрын мектепте оқылмағандықтан шығар?

– Иә, мектептерде оқылған жоқ. Қазір де Мағжанның оқулықтарға еніп жатқаны шамалы. Сондықтан депутаттық сауалымда Мәдениет және ақпарат министрі Мұхтар Құл-Мұхаммед мырзаға «Мағжан туралы неге фильм түсірілмейді? Мағжанның кітаптары неге көп таралыммен шығарылмайды?» деп жазған едім. Мұхтар Абрарұлынан жақсы жауап келді. Министр ақынның есімін мәңгі есте қалдыру үшін Сарытомар ауылында М. Жұмабаевтың жеке мұрағаты ашылғанын, Мағжан туралы деректі фильм түсіру мәселесі 2009 жылы «Мемлекеттік ақпараттық саясатты өткізу» республикалық бюджеттік бағдарламасы аясында қарастырылатынын жазған еді. Мүмкін, соның да септігі шығар, осы үшінші жыл бір жақсы дәстүр қалыптасып отыр. Астанадағы Ұлттық кітапханада «Бір кітап – бір әлем» деген акция өтіп келеді. Биылғы жыл Мағжанға арналды. Ұлттық кітапханада үлкен бір шара өтті, облыстық деңгейде де сондай істер атқарылуда. Соған қарағанда оқырманның, халықтың беті Мағжанға бұрыла бастаған сияқты.

– Осындай шараларды көбірек өткізу керек қой.

– Әрине. Өйткені, Мағжан көптің бірі емес, ол әдебиетке бір үлкен құбылыс әкелген ақын. Мағжанның бойында біртұтас қазақ халқының рухы тұр. Мағжанның күрескерлігі мен ойшылдығы, Мағжанның ақындығы мен білімі, ақынның толып жатқан қасиеттері қазіргі ұрпағымызға бұйырса, онда біздің елімізді ертеңгі күні аспанға көтеретін сол ұлы күш болар еді деп ойлаймын.

Мағжанның аты ұмытылмасын деген мақсатпен 2007 жылы «Мағжан» әдеби көркем журналың жарыққа шығардық. Ол үш айда бір рет шығады, қаржының тапшылығына байланысты, оқырмандары да көп деп айта алмаймыз. Бірақ болашақта оның да бір жолы ашылып, жұлдызы жарқырайтын кезі болатын шығар деген үміттеміз.

– Жарасбай аға, танымал ақын-жазушылардың атында көше, мектеп, ауыл, елді мекендер бар. Ал Мағжанның атында қанша дегенмен аздау секілді. Жаңа сіз айтып отырған туған жеріндегі Сасықкөлді, мүмкін, келешекте «Мағжан көлі» деп өзгертсе қалай болар еді? Ол халықтың құлағына жағымды естілер еді. «Сасықкөл» дегеннен-ақ

адамның ойына бір борсып сасып жатқан көл елестейді. Сіз айтқандай, айдын шалқар көл деп ойламайсың.

– Дұрыс айтасыз. Иә, көлдің атауы білмейтін адамдарға теріс әсер етеді. Айтуыңыз өте орынды. Мағжанға қандай жердің атын берсе де көп емес. Мысалы, ақынның туған жерінде Мағжан атында аудан бар, оның атында көше де, оқу орны да бар. Мағжанға қойылған ескерткіштер бар. Мағжанның туған ауылы Сартомар деген ауыл бар. Соны да, Сасықкөлді де Мағжанның атымен атаса, ешкім оған қарсы болмас еді. Ол орынды тілек. Бірақ біз тек туған жерімен шектеліп қалмауымыз керек қой. Көкейде жүрген бір арман – Мағжанның ескерткіші Астанада да болса ғой шіркін! Елордада Мағжан атында шағын көше бар. Астана мен Алматыда, басқа қалаларымызда оқу орындарына, өнер ұйымдары мен театрларға немесе кітапханаға сыршыл ақынның атын берсе, халық құптарлық іс болары анық.

Мағжанды айтқанымыз – ол қазақты, адалдықты, ерлікті, өршілдікті, елжандылықты насихаттағанымыз, халқымыздың өнерін көкке көтергеніміз деп ойлаймын. Менің Мағжан туралы бір энциклопедия құрастырсам деген ойым бар. Біраз материалдар табылды, әлі де жинақтасам деп жүрмін. Жазылған дүниелер аз емес, бірақ соны қарап отырсаңыз, көп жерде сәйкессіздік бар. Ғылыми тұрғыдан талданбаған, дәлелденбеген деректер. Енді ол болашақ ұрпаққа дұрыс болмайды. Ол жай айтылған сөз емес, ұрпаққа нақты елеуіштен өткен, дәйектелген дүниелерді беруіміз керек. Сондықтан тарихи деректермен негізделген қомақты еңбек қажет қой деп ойлаймын. Қазір соған дайындық жұмыстарын жүргізіп жатырмыз. Оны солтүстік облыстағы азаматтар да қолдап жатыр. Мағжанның бір энциклопедиясын шығарсақ, елдігімізді танытар едік.

– Игілікті ісіңізге сәттілік тілеймін!

– Рақмет.

*Әңгімелескен Айбатыр СЕЙТАҚ.*

*«Айқын» газеті,  
26 маусым 2009 жыл*

## **ПЕТРОПАВЛДЫҢ АТЫН «ҚЫЗЫЛЖАР» ДЕП ӨЗГЕРТЕТІН УАҚЫТ КЕЛДІ**

– Депутат – халықтың қалаулысы. Мәжіліс депутаты болғалы өзіңізді сайлаған халықтың үмітін қаншалықты ақтадым деп айта аласыз?

– Бір ауыз сөзбен «былай ақтадым» деп айту қиын шығар. Туындап жатқан мәселелер де аз емес. Біреуі шешілсе екіншісі бар дегендей. Жалпы, біз Солтүстік Қазақстан облысынан сайланған бес депутатпыз. Солардың бәрі халықтың өзіне жүктеген сенімін ақтасам деген үмітпен қызмет істеуде. Әріптестерім Мәжілістегі жұмыс тобында, жалпы отырыстарда, комитеттерде тек аймақтық қана емес, елдік мүддені көздейтін жайттарды көтеріп жүр. Көп мәселелер шешіліп те жатыр деуге болады. Біздің аймақтың бір ерекшелігі – депутаттардың атына шағым хаттар аз түседі. Оның себебі, көп мәселелердің рет-ретімен сол жергілікті жердің өзінде шешімін тауып жатқаны деп ойлаймын. Екінші бір себебі, аймақтарға шыққан сайын депутаттар облыстың аудан, ауылдарын бөліп алып, аралап шығамыз. Мен өзім барған сайын он күннің ішінде 30-40 ұжыммен кездесемін. Негізінен, шалғайдағы қазақ ауылдарына көп барамын. Өйткені, ауылдан шыққан депутат мен ғанамын. Олардың проблемалары өте көп. Кей мәселелерді жергілікті билікпен ақылдаса отырып, сол жерде шешеміз. Сондықтан шағым хаттар көп бола бермейді. Бірақ бұдан «сайлаушылар арыз-арманын айта алмай жатыр екен» деген түсінік қалыптаспауы керек. Хаттар да, сайлаушылардың өздері де келеді. Мен өзім бұрын журналист болып, халықтың арасында көп жүргендіктен өтініш айта келген елге әрқашан есігім ашық.

– Бізде зиялы қауым туралы түсінік әркелкі сияқты. Осыны өзіңіз қалай түсінесіз? Мәжілісте зиялылар бар ма?

– Зиялы қауым дегенде біз, әдетте, қаламгерлер мен мәдениет саласының өкілдерін айтамыз. Меніңше, зиялы қауым ұғымын бұлай шектеп тастау дұрыс емес. Өйткені, Мәжілісте әр саладан келген адамдар бар. Солардың өзі бір-бір тұлға. Әрқайсысы өз саласын жақсы

біледі. Шындығында, олардың арасында ғалымдар да, бұрынғы әкім, шаруашылық басшылары да бар. Әйтсе де оларды бұрынғы істеген қызметі деңгейінде ғана бағалау да дұрыс емес. Мәжіліске келген соң ойы да, орны да биіктеп, үлкен-үлкен тұлғаға айналып жүрген азаматтар бар. Мысалы, мен өзім мәжіліс залында Тито Сыздықов дейтін азаматпен қатар отырамын. Ол кісі бірнеше шақырылымнан бері депутат. Бұрын әкім болған, жас кезінде шаруашылық басқарған. Қазір ол кісіні зиялы азамат емес деп кім айта алады? Айтатын ойы терең, көтеретін мәселелері маңызды. Кейде «депутаттардың арасында тұлғалар аз» деп жатады. Мен оған да келіспеймін. Өзінің саласында тұлға болып көрінетін азаматтар бар. Мысалы, қаламгер мен суретші немесе әртістер халыққа танымал. Ал Мәжілісте бұның барлығы ұжымдық еңбекте көрініс табады. Әдетте мәселенің бәрі жалпы отырыста сөз алып, желпініп айқайлап жатуда емес, жұмыс тобының отырыстарында, комитеттерде жаңа келіп түскен заңды талқылау кезінде белгілі болады. Оған менің Мәжілістің ісіне араласып, тәртібіне қаныққан соң көзім жетті. Сондай қара жұмысты ақ тер, көк тер болып атқарып жүрген депутаттар көп. Оларды халық көре бермейді. Жалпы, отырыста кім сөйлесе соны «белсенді екен, мәселені көп көтереді екен» деп ойлайды. Шындығында, негізгі жұмыстар Мәжілістің жалпы отырысына дейін атқарылады. Соған дейін қайнап-пісіп, дайын күйінде барады. Сондықтан депутаттардың жұмысына баға бергенде осы жағын да ескеру керек секілді.

– Тәуелсіздік алғалы да талай жылдың жүзі болды. Осы уақыт аралығында халқымыздың мәдениет деңгейі қаншалықты өзгерді? Егемен елдің рухы сезілген мәдениет басқа елдермен салыстырарлықтың сатыға көтерілді ме? Әлде Кеңестер Одағы кезіндегі халықтың болмысынан алыс кете қойған жоқ па?

– Сұрағыңыз орынды. Бәріміз айтып жүргендей өтпелі кезенді бастан өткеріп жатқанымыз мәлім. Бодандық тарихымыз ғасырға созылатыны да белгілі. Одан біз жаңа ғана тазарып жатырмыз. Тіліміз бен ділімізді бірден оңдап, биікке көтеріліп кету оңай іс емес. Оған уақыт керек. Дегенмен, тәуелсіздік жылдары біз қай салада болма-сын, әсірелеп айтқанда, ғасырға пара-пар жолдан өттік. Ең бастысы – біз осы кезенді пайдаланып, халқымыздың рухын көтердік. Тәуелсіз ел екенімізді шын сезіндік. Бізді әлем таныды және бұл халқымызды

кәдімгідей қанаттандырып отыр. Елдегі тыныштық, ұлтаралық келісім халықтың көңіліне сенім ұялатып, қоғамда үлкен өзгерістер болып жатыр. Әрине, өткеннің сарқыншақтары да бар. Жаңа келіп құйылып жатқан қайнар бұлақ секілді жаңа бір жақсылықтар мен игілікті нышандар да бар. Менің ойымша, біз әдебиетіміз бен мәдениетіміздегі бағыт-бағдарымызды қай жағынан болса да айқындап алдық. Жолымыз анық. Елбасы айтып жүрген қазақстандық даму жолы экономикада ғана емес, рухани салада да өз бедерін танытуда. – «Халықтың саяси белсенділігі тым төмен» деген пікір де айтылып жүр. Бұған қалай қарайсыз?

– Енді мәдени деңгей де, саяси жағдай да таразыға салатын нәрсе емес қой. Оның бәрін «бүгін осыншалық болды» деп айта алмаймыз. Әйтсе де халықтың саяси таным-түсінігі, сөз жоқ, өсті. Қоғамдағы саяси белсенділік өте зор. Әсіресе, мені жастардың саяси белсенділігінің артқаны қуантады. Бірақ біз әсіре даңғазалықтан ада болуымыз керек. Біздің жастарымызда осы жағы басым. Олар саналы түрде емес, науқан кездерінде ғана ұрандатып, әдемі киініп, жаттанды сөздер айтып шыға келеді. Оның ар жағында табан тірейтін тиянақ жоқ. Істеп жүрген ісіне байыппен бойлай бермейді. Жарайды, бүгін бір шараны өткізді. Ол елге де, жастарға да керек. Енді сол шара ертең қандай нәтиже береді, оны жүзеге асыру үшін қандай нақты іс істеу керек дегенде бір жүйеге түсе алмай жатады. Сондықтан санада үлкен өзгерістер болу керек. Біз әлі соған жете алған жоқпыз. Сосын бізде, аға буын мен орта буын және жастар арасындағы сабақтастық жоқ.

– Солтүстік өңірдің қазіргі ұлттық болмысқа қарай өзгеруі мен ана тілімізді ұлықтаудағы беталысы қалай? Ар жағы Ресеймен көрші жатқандықтан ол жердегі орыс тілді ортаның салмағы басым екені белгілі. Басқа өңірмен және бұрынғымен салыстыра қарағанда алға жылжу бар ма?

– Солтүстік аймақтардың бодандықтан көп зардап шеккені жасырын емес. Ол жерде ұлтымыздың саны да аз болды. Бертін келе ғана көбейіп жатыр. Руханияттың негізін қалайтын қазақ мектептері мен театры болған жоқ. Ал тәуелсіздік алған 18 жылдың ішінде ол өңірде үлкен өзгерістер болып жатыр. Ұлттың рухы оянды деп нық сеніммен айтуға болады. 18 жылдың алдында Петропавл қаласының өзінде бір ғана қазақ мектебі болса, қазір 6-7 оқу ордасы бар. Тіпті

қазақ мектебіне түскісі келетін балаларға орын жетпей жатыр. Осыдан бір жыл бұрын ғана 1200 орындық жаңа мектеп есік ашып еді, ол оқушыға толып, 1500 бала оқып жатыр. 360 балаға арналған тағы бір мектепте үш ауысымда 1100 бала білім алуда. Бұл нені көрсетеді? Бұл сол арада тұрып жатқан алаш азаматтарының тіліне, рухани болмысына бетбұрыс жасағанын, шынайы қазақ болып жатқанын көрсетеді. Жұрттың бәрі балаларын қазақ мектебіне бергісі келеді. Бұрын облыстық қазақ тілді газеттің таралымы аз болса, қазір ол екі жарым есе өсті. Тұңғыш рет қазақ тілді қалалық газет ашылып, оқырмандары көбейе түсуде. Тағы бір жаңалық, қазір барлық ауданда мемлекеттік тілде өз газеттері жарық көреді. Олардың да оқырмандары табылып жатыр.

– Солтүстік өңір айтылғанда, әсіресе, Петропавл қаласы сөз болғанда елдің есіне «Қызылжар» деген атау түседі. Бейресми түрде бұл тарихи атау аталып та жүр. Бірақ Петропавлға осы атты беру неге кейінге шегеріле береді? Аталған мәселеге сол өңірдегі халықтың көзқарасы қалай?

– Көзқарас туралы айтар болсақ, бәрі біркелкі ойлап отыр деуге келмейді. Әрине, қазақтар қаланың көне аты, халық атап кеткен атауы – Қызылжар болып аталғанын қалайды. Басқа халықтар да солай ойлайды деп айта алмаймын. Араласып жүргенде байқағаным, олардың ішінде Қызылжар атауын қаламайтындар да бар. Оны жасырудың керегі жоқ. Менің ойымша, осы қаланың атын өзгертетін уақыт келді. Осыдан біраз уақыт бұрын елдегі белді бұқаралық ақпарат құралдарына берген сұхбатында Елбасы Петропавл мен Павлодар атауларын өзгертетін мезгіл жеткенін қадап айтқан болатын. Одан бері де біраз уақыт өтті. Сол мүмкіндікті пайдаланып, осы қалалардың атын өзгерту керек. Менің ойымша, оған сол өңірлерді мекендеп жатқан халық қарсы болмайды. Бірақ оны кәдімгідей дәлелдеп, халыққа түсіндіріп, солармен ақылдаса отырып шешуге болады. Оның ешқандай қиындығы жоқ. Өзіңіз де білесіз, бұл мәселеде біздегі билік басындағы адамдар сақтанады, көбірек ойланады.

– Петропавл қаласын алатын болсақ, Петр және Павел деген дін қайраткерлерінің есімімен аталып отыр. Қаланың «Қызылжар» деген атын қайтару керек. Мүмкін, біреулер оны «жергілікті мәслихат шешу керек» дейтін шығар. Мәслихат бұл мәселені шеше ала ма, шеше ал-

май ма, оны білмеймін. Әйтеуір бұл мәселені шешу керек, қаланың «Қызылжар» атын қайтару керек. Оны халық, қазақтарды айтатын болсақ, қос қолдарын көтеріп қолдайды. Ал басқа ұлттардың өкілдері де дәлелді себептерін айтса, меніңше, қарсы болмайды.

– Өзіңіз бұрын журналист, облыстық газеттің редакторы қызметін атқардыңыз. Еліміздегі БАҚ саласы, әсіресе, қазақ тілді басылымдардың деңгейін қалай бағалар едіңіз? Жаңа заман ағымына ілесіп, тың сатыға көтеріле алды ма? Әлде жетіспейтін кемшіліктері көп пе?

– Мені «жақсылықтарды ғана көріп, соған ғана шаттанып отыр екен» деп ойлап қалмаңыз. Бәріміз сезініп отырған бір жағдайды айтуымыз қажет. Кезінде қазақ тілді басылымдардың аздығына, материалдарының бір сарынды, қасаң екеніне налып, қынжылатынбыз. Десс де, нарық жүйесі осы салаға да айтарлықтай бәсекелестік әкелді. Ең бір қуанарлық жағдай – қазақ тілді басылымдардың қатары көбейді. Қазақ тілді газеттер көп болса, бәсекелестік болады. Әрине, бәсеке бар жерде, нәтиже мен сапа болады. Қазір біз осы деңгейге келіп қалдық. Мысалы, ертеректе «Лениншіл жас», «Социалистік Қазақстан» және «Қазақ әдебиеті» газеттері ғана болатын және «Қазақстан пионері» газеті шығатын. Ал облыстық газеттердің өзі кейде ашылып, кейде жабылып өлімші күй кешіп жататын. Қазір соңғы төрт-бес жылдың көлемінде пайда болған газеттердің өзі таралымы өсіп, оқырманын тауып, орнығып қалды. Жұрт енді оларды іздеп жүріп оқитын болды. Олар ұлттық мүддеге қоса өткір әлеуметтік мәселелерді жарқырата көрсетіп жүр. Осы тұрғыдан келгенде, біздің газеттеріміз ешбір басылымдардан кем емес. Бірін-бірі толықтыра түсуде. «Оқимын, мағлұмат алам, ой терем» деген адамдарға ұсынатын дүниелері көп. Әрине, Ресейдің баспасөзімен салыстыра қарағанда, кей жағдайда біздің басылымдар өмірде орын алып жататын кемшіліктерді, соған кінәлі адамдарды сынауға келгенде тісі батпай жағады. Былайша айтқанда, гайғанақтап тұратын жағдайлар да кезігеді.

– Кейде кемшіліктерді көрсе де, көрмеске салатын кездеріміз бар демексіз ғой.

– Журналистің міндеті қоғамда болып жатқан өзгерістерді шынайы, қаз-қалпында халыққа жеткізу арқылы қоғамдық пікір қалыптастыру ғой. Өз кемшілігімізді көріп, түзей білсек, ілгері басамыз. Ал орын алып жатқан олқылықтарды көрмесек, бүркемелесек,



одан ештеңе ұтпаймыз. Кейде бір газеттерді оқып жатқанда осындайларды аңғарып қаласың. Ол да өмірде бар шындық. Жалпы алғанда, қазақ баспасөзі жақсы үрдіспен дамып келе жатыр деп айтуға әбден болады.

– Бұрынғымен салыстырғанда бәлендей өзгеріс жоқ па сонда?

– Өзімізді «көш жүре түзеледі» деп жұбататын халықпыз ғой. Бұл салада да тың өзгерістер, жаңа леп байқалып жатыр. Мысалы, бұрын қай облыс кино түсіруші еді? Қазір Оңтүстік Қазақстан облысында азаматтар осы істі жақсы бастап жатыр. Ақмола облысында өнерпаз, әнші, жазушы Баянғали Әлімжанов деген азамат та осыдан бір жыл бұрын кино түсірген. Бұл да бір жақсылықтың нышаны. Бірақ оған қолдау бола қойған жоқ. Егер іліп әкетіп, өнерге демеу көрсетілсе, ол туынды да үлкен экранға жол тартып, кеткен шығынын ақтап алар еді. Осы жағы да кейде ескерілмей, отандық киноларға көңіл бөлінбей жатады. Негізі, киноларымыз ұлттық бағытта дамуы керек. Кейде жұртты қызықтырамыз дей ме екен, шетелге еліктеп, атыс-шабысты көрсетуге құмартып жатамыз. Одан ұрпақ рухани құндылық ала алмайды. Керісінше, уланады. Жалпы, кино да өнердің төресі ғой. Бұл салада да әйтеуір бір серпіліс байқалады.

– Әңгімеңізге рақмет!

Алашқа айтар датым!..

Парламентте «Мәдениет туралы заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу» туралы заң жобасы жатыр. Оны талқылау күзде де жалғасын таппақ. Онда үлкен бір тарау киноға арналған. Сол мәселені талқылау кезінде көп ойлар ортаға салынды. Қазақ киносының бүгінгі жайы ешкімді қанағаттандырмайды. Мен сыншы емеспін. Бірақ көрермен ретінде айтарым, соңғы кездері өмірге келген туындылар, «Көшпенділерден» тартып үмітімізді ақтамады. Мысалы, мен өз басым «Көшпенділерді» екі рет көрдім. Бірақ одан керемет бір күш алып, рухтанып шыққан жоқпын. Керісінше, еңсем түсіп, қынжылып қайттым. Сондай-сондай жағдайлар біздің кинода әлі бар.

*Әңгімелескен Мұрат АЛМАСБЕКҰЛЫ.*

*«Алаш айнасы» газеті,  
21 шілде 2009 жыл.*

## БИЛІК – ХАЛЫҚТЫ ТҮЗЕМЕЙДІ

Жарасбай Қабдоллаұлы СҮЛЕЙМЕНОВ. Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, Солтүстік Қазақстан облысының құрметті азаматы, 2-дәрежелі «Достық» орденінің иегері. «Көмескі із», «Еменнің иір бұғағы», «Сөнбейтін шырақ», «Дала-бесік», «Мағжан» сияқты 10-ға тар та кітаптың авторы.

Халық қалаулыларының даусы қай кезде де қымбат. Өздері үшін де, қарапайым халық үшін де қымбат. Мәжілістің төрінен ұлтқа қатысты, ұрпаққа қатысты жәй сөз айтылса да елең ете қаласың. Осындайда ұлт пен ұрпақ қамы үшін айтар ойы бар азаматтардың болғандығы көңіл маркайтады. «Мырзаның» қонақжай шаңырағы бүгін кезекті сұхбатын Мәжіліс депутаты Жарасбай СҮЛЕЙМЕНОВ мырзамен жүргізіп, ауыл мен ұлт, ұрпақ қамы жөнінде әңгіме өрбіткен еді.

– Депутат мырза, кейінгі кездері жасаған мәлімдемелеріңіз арқылы танып, өзіңізбен сұхбаттасуды жөн санап едік. Әңгімемізді қазіргі дағдарыс жағдайындағы ауылдың ахуалына қалай баға берер едіңіз деген сұрақтан бастасақ?

– Мен Мәжілісте әлеуметтік-мәдени даму комитетінің мүшесімін. Солтүстік Қазақстан облысы бойынша 5 депутат бар екен, басқаларды білмеймін, мен өзім ауылдарды, әсіресе шалғайдағы қазақ ауылдарын жиі аралаймын. Мына әлемді шарлап кеткен дағдарыстың қазақ ауылдарына салқыны тиді, сезіліп жатыр деп айтуға болмайды. Өйткені дағдарыстың ірі компаниялар мен кәсіпорындарға әсер етіп жатқаны рас. Әйтсе де мұндай кезеңде бизнес заңы бойынша шағын және орта кәсіпкерлікпен айналысатын кейбір кәсіпкерлердің жұмысы алға жүріп, өз мүмкіндіктерін дұрыс пайдалана білулеріне жол ашылатыны әлемдік тәжірибеде жиі айтылады. Мен де осы жағынан дағдарыстың қазақ ауылдарына, ондағы ағайынға жақсы әсері тисе деген тілегім бар. Нарық кезінде әркім өзінің отбасы, бала-шағасы үшін еңбек етуі керек. Ауылдағы адамдар, ең алдымен мал ұстап, ет-сүтін өндіріп, соны қажетіне жаратуы керек. Кейбіреулер қазір оның азығы, жем-шөбі қымбат деп уәж айтады. Бірақ қиындық қай

салада болмасын кездеседі, қазір ет-сүттің бағасы өсті. Сондықтан ол жұмсалған шығынды, төгілген терді ақтайды. Бірақ көп адамдар мұны әлі дұрыс түсініп жатқан жоқ. Біз үшін біреу бірдене жасау керек, істеу керек сияқты күтіп отырады. Әлі де сол, аспаннан құймақ жауатындай күтіп, аузын ашып отырғандар бар. Олардың тұрмысы төмен, дастарханы жұтаң, ептеп-септеп күн кешіп отыр. Қазір біздің ауылдағы ағайынға тұрмысы нашар болса, өзінің берекесіздігінен екенін түсінетін кез жетті.

– Әйтсе де бізде бәрі айғайлатып айтып жатқанымыздай әдемі де, оңай емес қой. Гектарлатып егін егуді айтпағанда, жәй ғана үйдің айналасында бау-бақша егу үшін қай жерде болмасын судың тапшылығы, техниканың жұтандығы, шаруаны бастайын десе, жанар-жағар май мәселесі, біріне тартса біріне жетпейтін қиындықтар тізбегі шыға келеді.

– «Шегірткеден қорыққан егін екпейді» деген мақалды жақсы білесіз. Ең бастысы қандай да болмасын істі бастау, соның көзін табу үшін сол қиындықтан шығатын жол іздеу керек. Кім дайын ақшасын әкеліп біреуге береді. Қазір туған бауырлардың бірі екіншісіне тегін ақша беретін заман емес. Бір жағынан неге ол беруі керек? Ол істеген еңбекті анау да істеп, маңдай терін сіңіріп, өзі әр нәрсенің қадіріне жетуі керек емес пе? Ал, шаруасы дөңгеленіп жатқандарға табыс оңай келді ме? Ол ұзақ жылдар бойғы атқарылған еңбекпен келеді. Қазір еліміздің жағдайы жақсы, істің тетігін таба білетін адамдар үшін мемлекет те көптеген жеңілдіктер жасап жатыр. Жақында ғана Елбасы «Нұр Отан» партиясының 12-съезінде еліміздің ауылшаруашылығын дамытудың басым бағыттарын айқындап берді. Яғни, енді ауылға бұрынғыдан да жіті көңіл бөлінеді деген сөз. Мұндай мүмкіндікті жете пайдалану керек. Шаруаның қамын жасап, бірлесе жұмыс істеуді қолға алу керек. Инвесторлардың бетін ауыл халқына көбірек бұру керек. Көпшілік инвесторлар жерді ауыл азаматтарынан жалға алып, соның игілігін көргенмен, сол ауылдың ең болмағанда әлеуметтік қажеттіліктеріне, медпункт, балабақша, мектеп секілді жағдайларына қараспайды. Кейбіреулер тұрғындардың өздеріне тиесілі үлестерін де дұрыс бермейді. Бір-скі қап үнмен алдап-сулап келе жатқан инвесторлар бар. Сондықтан олар қашан өздері келіп ауылға көмек көрсетеді деп қарап отырмай, билік, өз кезегінде әкімдер қолындағы

мүмкіндікті пайдаланып, «сен мына ауылдың жерін пайдаланып отырсың, сен осы ауылдың мұнша адамына жұмыс бер, мынадай әлеуметтік нысандарына көмек көрсет» деп міндеттеуі керек. Мен бір ауылдың 6000 гектар жерін пайдаланып отырып, сол ауылдың бір де бір адамын жұмысқа алмаған инвесторларды да білемін. Науқан кезінде мына көрші елдердің азаматтарын жалдайды. «Бұларың не, неге осы ауылдың адамдарын алмайсыңдар?» десем, «Бұл кісілер біздің беретін еңбекақымызды азсынады, шын ниеттерімен жұмыс істегісі келмейді, ұрлайды, жырлайды» дейді. Қазіргі қалыптасқан жағдайды түсінбейтін кейбіреулер: «Мен біреуге жалшы болмаймын» деп кеудесін қағып, аш отырса да жұмыс істегісі келмейді. Ол заман келмеске кеткенін түсінбейді. Қазір қоғамда меншіктің сан алуан түрі қалыптасты. Әркім езін, отбасын ойлап, мал табуды мақсат тұтқаны дұрыс.

– Депутат мырза, біз әдетте ауыл дегенде ең үлкен тәрбиенің орны, мәдениеттің бастауы – мектеп екенін білеміз. Қазіргі ауылдағы ұрпақ тәрбиесі жыларман жағдайға жетті десем сенер ме едіңіз? Балаларымыз кім болып өсіп келе жатқанына билік неге мән бермейді?

– Сайып келгенде мұның бәрі тәрбие мәселесіне келіп тіреледі. Алтын бесік ауылда жақсы дәстүрлер, тәрбие, қалыптасқан өмір бар еді. Үлкендердің орны, баланың орны, тіпті немеренің де өз орны бар еді. Осы игі сабақтастықтың бұзылып кеткенін көріп жатырмыз. Ақыл айтатын үлкендер де қалмады. Ауылда мұғалім деген қандай тұлға еді. Мұғалім келе жатса бейсауат жүрген біздер соның көзіне түспеуге тырысатын едік. Қазір мұғалімнен оқушылар қорқа ма? Сыйлай ма? Жоқ. Бұл нені көрсетеді? Сондай-ақ ауыл мектептерінде істейтін ұстаздар еңбегі лайықты бағаланып отырған жоқ. Өйткені оларда бедел қалмады. Осының бәрін қалыпқа келтірмей, айрылып қалған құндылықтарымыздың орнын толтырмай, жақсылыққа жету де оңайға соқпас. Қазір жастар тым қатыгезденіп кетті. Бұл мәселеге билік неге назар аудармайды деп қарамау керек. Мен сізге бір ғана нәрсе айтайын, қай кезде болмасын, билік халықты – түземейді, қайта халық оны түзейді. Сол үшін ұрпақ тәрбиесіне – ең алдымен ата-ана жауапты. Қазіргі ата-ана балаға «ақшасын берсем, киімін кигізсем» болды деп ойлайды. Кеше ғана өздерінің қалай адам болғанына мән бермейді. Туған әкесінен қаймығып, соның қас-қабағына қарап, бір

шапалағын жеп қалмауды мақсат етіп өскенін ұмытып кетті. Соған қарап, өз ұлы өзіне тіл қайтарып, шектен шығып бара жатқанын неге көрмейді? Қайта қаттылау сөйлеп, баланың тәртібін түзегісі келген мұғалімдерді кінәлайды. Мұның бәрі білімсіздік, көргенсіздік. Қазір екінің бірі өз құқын білмей тұрып, біреуді «сенің қақың жоқ» деп кінәлауға бар. Ата-аналары «балам не істеп жатыр?» деп қадағалап, тәртіпке шақырмайды. Біз өзіміз бала кезімізде мектепке барып келген соң, бүкіл үйдің шаруасын істеп, еңбекке жастайымыздан жақын болып өстік. Ал, қазіргі балалар оны білмейді. Уақыт дегеннің, ата-анаға көмектесудің не екенін де ұқпайды. Кейбір ауылда балалары таңға дейін қыдырады, таң алдында келіп жатады, содан кешке дейін ұйықтайды. Оған ата-анасы «сен түр, мынаны істе» деп те айтпайды. Талап етпейді, істемесе, айтқанын ұқпаса, оның бәріне ата-ананың өзі кінәлі. Енді осы балалар есейгенде мына өмірге қалай кірігеді? Ертең әскерге барса, жағдайы қалай болады, тәртіпке қалай көнеді, уақытты қалай пайдалануды білмейді. Міне, осы жағы бізді ойландыруы керек. Бізге басқаларға еліктеп өмір сүргеннен гөрі ата-баба салтымен, қазақы тәрбиемен жүргеніміздің пайдалы екенін түсінгеніміз жөн. Әрине, мұғалімдерді де кінәлаймыз. Білімді, өз орнын білетін мамандар жақсы жерлерден орын тауып кетті. Содан көбіне білігі де, білімі де төмен адамдар қызметке келді. Білім министрлігі алдында сан алуан шаруалар түр. Олардың қолында қаражат та, билік те – бәрі де бар. Тек тетігін тауып істі алға жылжытса болғаны.

– Жақында сіз қантөгіске толы шетелдік фильмдерге тосқауыл қою туралы мәлімдеме жасап едіңіз. Мұның ақыры не болды?

– Бүгінгі күнде теледидар қарау мүмкін болмай қалды ғой. Бұл жап-жас балалардың ойын, психологиясын бұзады. Балалардың жамандыққа еті үйреніп кетеді. Жақында иссапармен Қытайда болдым. Олардың теледидарын қоссаң, 50-60 арна ең алдымен өз тілдерінде сөйлеп тұрғанын көресің. Біз орналасқан мейманханаға орыс тіліндегі бір арнаны қосып қойыпты. Онда да тек жаңалықтар береді екен. Ал қалғандарының бәрі тек Қытайдың өз өнімдерін көрсетуде. Ал, бізде ше? Таңертеңнен кешке дейін батыстың ба, орыстың ба, атыс-шабыс, кісі өлтіру, зорлық-зомбылық, алдау мен арбау туралы фильмдері. Бұл жастардың ғана емес, үлкендердің де жүйкесін жұқартады. Ұрпақ тәрбиесі жөнінде зиялы қауым да, басқалар да кеп айтады. Үкіметтің

рухани салада көптеген игі қадамдарға баратын кезі келді, біз тек осыны ғана күтеміз. Әрине министрлік мен жолдаған сауалға жауап берді. Бұл жөнінен олар да бізді қолдап отыр. Осы мәселені реттеуге қатысты қазір «Мәдениет туралы» заңға өзгерістер енгізуді осы жұмыс тобының депутаттары да қолға алды. Кинотеатрларда көрсетілетін фильмдерге байланысты прокаттау куәлігін алуды енгізіп жатырмыз. Бұдан былай сырттан келетін фильмдердің біздің елімізде таратылуына арнайы рұқсат талап етілетін болады. Ал, мұндай куәлікті алдағы уақытта эфирлік фильмдерге де қатысты етуге мүмкіндік бар, тек кабельді арналардың мәселесін шешу қиындау болып отыр.

– Депутат мырза, ел арасында «Нұр Отаннан» сайланған депутаттардың ішінде қайдан шыққаны белгісіз, кездейсоқ адамдар көп» деген әңгіме болғанын өзіңіз де естіген боларсыз. Үлкен креслоға дейін қандай жолдардан өткеніңізді оқырмандарымыз да біле жүргені дұрыс шығар.

– Депутаттарға кім соқтықпайды, кім сынамай жатыр дейсіз? Орынды сын да бар, жөн-жосықсыз іліп-шалу да жетерлік. Ешкіммен сөз таластырып, әріптестерімді ақтағым да келмейді. Тек «тұлғалар аз» деген пікірге байланысты бір-ақ ауыз сөз – бұл жалпы заң шығарушы органның қызметінен хабары жоқ адамның сөзі. Парламенттің қызметі – бұл ұжымдық, көптің күшімен атқарылатын жұмыс. Көп мәселелер комитеттерде, жұмыс топтарында шешіледі. Мұнда да сөзден гөрі істің басым болғаны абзал. Осы тұрғыдан алғанда сыртта жатып, әлі қызметіне кірісіп те үлгермеген депутаттарға тон пішу дұрыс емес. Ал енді жеке басыма келсем, ауылда өстім. Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы, Балуан деген қазақ ауылында туғанмын. Шал ақын ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеттің арасында көпір болған үлкен тұлға ғой. Бұрын Сергеев ауданы болатын. Облыс орталығы Қызылжарда жалғыз қазақ мектебі болды. Интернатта жатып, сол мектепті бітіргем. Орта мектепті бітірген соң шопан, екі жылдай тракторшы болдым. Азамат болып, әскерге де бардық. Содан кейін облыстық газетте қызмет істедім. Бала кезден республикалық, облыстық басылымдарға мақала жазып журналист болуға талпынып жүретінмін. Бұл да бойымда жазуға деген қабілеттің болғандығы шығар. Газетте 17 жыл қызмет істедім. Содан кейін радио мен теледидар жағына бардым. 20 жылдай өмірім сонда етті. Бас редак-

тор, «Азаттық» радиосының тілшісі, Қазақ радиосының тілшісі сияқты қызметтер атқардым. Кейін 2003 жылы облыстық газеттің басшылығына келдім. Адамда өмірлік ұстаным деген болады. 1994 жылдары облыстық мәслихаттың, оның алдында қалалық кеңестің депутаты болғанмын. Тілді дамытсақ, ұлтқа көмегіміз тисе де жүріп, қоғамдық жұмыстардан да шет қалғам жоқ. Өйткені біздің жақта қазақтар аз болды, олардың жағдайы қарастырылмайтын кездер де болды. Сондай кезде қаттырақ айтып та шықтық. Қазір енді тәубе, мұндай шаруалардың бәрі түзеліп келеді. Жазушылар одағының мүшесі болдым. Өзім өмір бойы газеттің қара жұмысында қайнап келе жатқан адаммын. Көркем дүние жазу үшін оған жағдай, мүмкіндік керек. Шығармашылықпен айналысу керек. Шырғалаң оқиғалы шығармаларды көп оқимын, осы жанрда жазған еңбектерім де бар. Ауыл тұрмысына байланысты «Еменнің иір бұтағы» деген кітабым жарық көрген. 20 жылдан асты, Мағжанның шығармашылығын зерттеп жүрмін. Бүгінгі ұрпақ, жалпы қазақ Мағжанды әлі танып-білген жоқ. Жақында «Мағжан әлемі» деген жинақ құрастырдым. Мағжан – әдебиеттегі ерекше құбылыс. Қазір «Мағжан» атты әдеби журнал шығарып жатырмыз. Шал ақын туралы да жинақ жарыққа шықты. Шоқаннан бастап, Қожаберген жырау, Серіз Сері, Ғабит Мүсірепов сынды өз өлкемізден шыққан ғұламалардың өмірі туралы, туған жер төсінен олардың бойындағы ортақ қасиетті іздеген «Дала-бесік» атты кітабым дүниеге келді. Басқа да ойда жүрген мәселелер аз емес.

– Депутат мырза, маусым айында журналистердің кәсіби мерекесі екенін жақсы білесіз. Өзіңіз де осы салада көп жыл еңбек еттіңіз. Бүгінгі қазақ журналистикасы жайлы не айтарыңыз бар?

– Қазақ журналистикасы қарқынды даму үстінде. Салыстырмалы түрде қараңыз. 1993 жылдары Солтүстік Қазақстан облысында жалғыз-ақ қазақ газеті бар еді. Таралымы – 1000 данадан аспайтын. Алайда қазір сол облыстың әр ауданында қазақ газеті бар. Қаланың өзінде қазақ тілінде шығатын, жеке газет-журналдар бар. Бұл шалғай облыстағы жағдай. Ал үлкен қалаларда, тіпті, күнде бір газет дүниеге келіп жатыр десек, артық айтқандық емес. Сондықтан бәріне уақыт керек. Біз 70 жыл бодандықта болдық, ұлттық құндылықтарымыздан айрылып қалдық. Ал, ол бір күнде орнына келе салмайды, шыдам керек. Мына елдегі ұлттың құрамына да баса назар салу керек. Оны-

мен санаспаса тағы болмайды. Біз қазір өз жолымызды таңдаған елміз. Сондықтан да өзіміз тізгінді қолымызға алып, «қазақстандық даму жолымызбен» жүргеніміз дұрыс: Осы жолдың бәрімізге беріп отырған ең үлкен игілігі – ұлттар арасындағы келісім. Біз осыған жарықшақ түсіріп алмасақ, осы тыныштықты сақтай отырып, кеудені қақпай ақырын, астарлы саясатпен тіршілік жасағанымыз дұрыс. Ұлтқа тәлім-тәрбие беретін ұлттың бойына жақсы жағдайлар қалыптастыруға көмек беріп жатқан газеттерге, әрине қолдау қажет. Қазір қазақ басылымдарына деген сұраныс көп. Дамыды, белгілі бір деңгейге көтерілді. Бәсекелесетін орта қалыптасып келе жатыр. Бұрын қазақша 4-5 газетіміз ғана бар еді ғой. Қазір қандай басылымдармен толықты деңізіші. «Айқын», «Жас Қазақ» газеттерін айталық. Мына «Жас қазақ» «Жас Алашты» ығыстырып барады. Өйткені онда елдік мүддені көздейтін, талдамалы-сараптамалық материалдардың көптеп жарияланатындығы оқырманға ұнайтын болуы керек. Журналист – не нәрсеге болсын сын көзбен қарайды, оның бойындағы кәсіби мақсат осы. Қазақ баспасөзінің жұлдызы жарқырайтын кез алда. Түркияда болғанымда таралымы 1 миллион дана болатын «Заман» деген газеттері бар екен. Соның редакциясында болып, редакторымен кездестім. Сол жігіт маған былай деп еді: «Қандай да мемлекеттің тұғыры мықты болуы үшін – оның ұлт тіліндегі басылымының мәртебесі биік болуы керек». Мен осы сөзді біздің билік қана емес, әріптестеріміз де жақсы түсінсе деп ойлаймын.

– Бүгін ұрпақ қамы, отбасылық мәселелер жайлы әңгімелеп отырмыз. Өз шаңырағыңыз жөнінде де айта отырыңыз, депутат мырза!

– Бір ұл, бір қызым бар. Оқыттық, өсірдік, білім бердік. Қазір өз қолдары өз аузына жетіп, енбекке араласып жатыр. Ұлым – Мәскеуде тұрады, үш баласы бар, қызым – Павлодарда, оның да үш баласы бар. Өз басым оларға спикашан дүние жинап берген жоқпын. Бірақ дұрыс тәрбие мен білім бердім ғой деп ойлаймын. Осыған көңілім тоқ жүреді кейде. Сіздің де, біздің де байлығымыз – қолымыздағы қалам ғой. Үйдегі жеңгенізбен шаңырақ көтергенімізге биыл 40 жыл толады екен. Жасырақ кезімде отбасын құрдым. Өзім ауылдан келгем, ол қаланың қызы болды. Қазір үйде немерелерімен отырады. Қызмет істеген еді, биыл ғана зейнет демалысына шықты.

– Жақында Парламент «Неке және отбасы туралы» заңға өзгерістер



мен толықтырулар енгізіп, мақұлдап жатқанын білеміз. Біздің оқырмандарды жаңа заңда қандай өзгерістер болатыны қызықтырады?

– Не айтпағыңызды түсіндім. Екінші әйел мәселесі жөнінде ешқандай өзгеріс жоқ. Біздің журналистер дабыралатып, сол мәселені шу қылды. Бұны әйелдердің өздері де көтеріп жатыр. Жақында бір газеттен ғылым докторы, өзі әйел адам «ұрпақ санын көбейту үшін бізге осындай заң керек» деп жазғанын оқыдым. Бірақ бұл проблеманы шешеді деп ойламаймын. Өйткені Шал ақынның бір өлеңінде «Көп әйел алғанның дауы үйінде» деп айтылатын жолдар бар. Сол сөзде үлкен мағына жатыр. Екі әйел алып, жақсы өмір сүру қазіргі кезде мүмкін емес. Көз алдыңызға елестетіп көріңіз, екі әйелдің ортасында, бүгін анда, ертең мұнда жүреді. Мұндай әкеде қайдан абырой болады? Ана балалар соның екі жаққа шабылып жүргенін, екі жүзді екенін, бір тиянағы жоқ екенін көрмей ме? Ертең ол бала қандай тәлім алып өседі. Менің бір білетінім – балалар айтқаныңды істемейді, олар көргенін істейді, көңілге түйгенін істейді. Бір күн анда, бір күн мында шапқылап жүрген еркек отбасына да береке бермейді, балаға да, тіпті елге де береке әкелмейді. Ал, енді кейбіреулердің өмірінде қиын жағдайлар кездеседі. Перзент көре алмауы немесе жары сырқат болуы, ол сырқат әйелді тастай алмай – келісімін жасап алып жататындар болады. Және бір жағынан кейде қиын, кездейсоқ тағдырлардың табысуы да болады. Адам болған соң түрлі жағдайлар кездеседі, сондайда түсінісіп, үйленіп алған оқиғалар да бар. Оған қарсы тұруға да болмайды. Ал, енді мұны жалпы заңмен бекітіп, жаппай екі әйел ал деу – олдұрыс емес, мұндайда ел бұзылады. Ер адамды қойғанда әйелде қандай қуаныш, бақыт болады? Үш адамды материалдық жағынан қамтамасыз ете ала ма? Жүректің жылуы сол үшеуіне бірдей жете ме? Байлық та, қызмет те – қолдың кірі. Қазір дүниеге қызығып, қыздар соған көніп қалады. Артынан опық жейді. Бірге тұрып, бірге жүрмеген соң, бірге ойнап, бірге күлмеген соң, ол өмір ме?

– Жеріміз – үлкен, санымыз – аз, ал қыздарымыз – күйреусіз..., емес пе?

– Оған қыздардың өздері кінәлі. Уақытында отбасын құрмайды, таңдайды. Ата-анасы өз кезегінде баласының ертерек басы екеу болғанын ойластыруы керек. Мысалы, менің ұлым 18 жасында институтта оқып жүргенде «үйленемін» деді. Мен еш қарсылық

білдірместен, келісімімді бердім. Ал, енді менің бір жолдасым ұлы 20 жасында «үйленем» дегенде, рұқсат бермеген еді. Сол жігіт міне, 30-дан асты, әлі отбасын құра алмай жүр. Әр нәрсенің өз уақыты болады. Соны дер шағында үйлестіріп отыру керек. Қазіргі қыздар «анау маскүнем, анау жалқау, ананың ақшасы жоқ, мынаның мәшинесі жоқ» деп жүреді, соңында күйеусіз қалады. Таңдап жүріп, тазға да жолыға алмай қалады. Отбасын құра алмай жүрген ерлеріміз қанша. Әрі-беріден соң олардың бәрін санап, есептеп қойған нақты біреу бар ма? Сондықтан қыздар, жалқау күйеуді пысық етуді, маскүнем жігітті – тақуа етуді, ақшасы жоқты – бар етуді үйреніп, заманға қарай соның ыңғайына көніп, өмір сүруді ойластыруы керек. Басқа-басқа әйелдердің қолынан бәрі де келеді, ең бастысы олар алдына мақсат қойса болғаны.

– Әңгіме соңын ер-азаматтардың басылымы – «Мырза» газетіне, біздің оқырмандарымызға деген тілегіңізбен аяқтасақ...

– Ең алдымен осындай күрделі кезеңде ер-азаматтардың жайын ойлап, олар үшін арнайы газет шығарып жүрген еңбектеріңізге тәнті екенімді айтқым келеді. Мұндай басылым біздің елге аса қажет. Газеттеріңіздің көтерер жүгі, айтар сөзі әрдайым салмақты болсын! Оқырмандарыңыз көп болсын! Тәуелсіз елімізде жаңа-жаңа қалыптаса бастаған ақпарат кеңістігінен өз орындарыңызды ойып алуларыңызға тілектеспін. Кәсіби мереке құтты болсын!

– Әңгімеңізге көп рахмет, айтқаныңыз келсін!

*Сұхбаттасқан Бейбітгүл ТОҚАБАЕВА.*

*«Мырза» газеті,  
маусым 2009 жыл.*

## **БІЗДІҢ БҮГІНГІ ЖЕТІСТІКТЕРІМІЗ ҚАЙНАР БАСТАУЫН АТА ЗАҢЫМЫЗДАН АЛАДЫ**

Қазақстан Республикасы Конституциясының қабылданғанына 15 жыл толады. Осы орайда Ата Заңымыздың жетістіктері туралы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, осы Палатаның Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің мүшесі, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты, екінші дәрежелі «Достық» орденінің иегері, Солтүстік Қазақстан облысының құрметті азаматы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Жарасбай Сүлейменов өз ойларын ортаға салды.

– Ата Заңымыздың 15 жылдығы – ел өміріндегі айтулы оқиға. Бүгінгі таңда Қазақстан – әлемдегі өркениет жолымен серпінді дамып келе жатқан мемлекеттердің бірі. Тәуелсіздігін жариялағаннан кейін біздің еліміз өзінің даму бағыттарын және алдында тұрған міндеттерін айқындап алды. Сол мақсаттарға жету жолында кезең-кезеңмен келелі істерді жүзеге асырып келе жатыр. Егемендік алғаннан кейінгі кезеңде мемлекетімізде болған өзгерістер ұшан-теңіз. Қай саланы алып қарасақ та, елдік жетістіктеріміз айқын көрініп тұр. Оның ішінде Елбасының үлкен бір көрегендігі – алдымен экономикаға қатысты мәселелерді жедел дамытуды қолға алғандығы. Соның арқасында біздің экономикамыз өрге басты, өзге елдер Қазақстанның сенімді әріптес болуға лайықты мемлекет екеніне көз жеткізді, шетел инвестициясын тартуға жол ашылды. Негізгі мәселелерді шешіп алған соң, әлеуметтік, руханият мәселелерін соған ілестіре шешуге мүмкіндік жасалды. Осы бағытымыз өз жүйесін тез тауып кеткен жол болып саналады. Көптеген шетелдер осыған ден қоятыны анық. Мұндай маңызды міндеттерді, іргелі мақсаттарды орайластыра алмағандардың жағдайы не болып жатқанын әлем жұртшылығы көріп отыр. Жалпы, біздің бүгінгі жетістіктеріміз өз бастауын Ата Заңымыздан алады. Бұл ақиқатты баса айтуымыз керек.

Ата Заңымыздың негізгі күш-қуаты халықтың ойына, мақсат-мүддесіне суарылған деп ойлаймын. Әр бабы, әр тармағы елдің көкейінен шығады. Өйткені, 1995 жылғы тамыздың 30-ында өткен бүкілхалықтық референдумға халық өте жоғары белсенділікпен қатысты. Мен ол кезде республикалық радионың Солтүстік Қазақстан облысындағы меншікті тілшісі қызметін атқардым. Барлық аудандарды аралап, үлкен жиналыстарға қатысып, әр адамның өз аузымен айтқан пікірін жазып алып, радио арқылы елге таратып, халықпен етене араласып жүрдік. Сол кезде тұрғындардың Конституция туралы оң пікірін, ізгі ниетін анық сезіндім. Қабылданғанға дейін азаматтарымыз әр жолын, әр бабын талқылап, өз ойларын айтып, жаңа тұжырымдарды қолдап сөз сөйледі. Соның қорытындысында Ата Заңымыз өмірге келді ғой.

– 1995 жылға дейін де Конституциялар болғанын жақсы білеміз. Айталық, 1993 жылғы Конституцияның ғұмыры ұзақ болмады ғой.

– Бұрынғы Ата заңдарымыздан қазіргі Конституцияның басты артықшылығы бүгінгі таңдағы қоғамның дамуы әлемдік қауымдастық деңгейінде қарастырылды. Мысалы, бұл Заңымызда нарық экономикасына, жерге қатысты және басқа да көптеген күрделі мәселелердің реттелуі ескерілді де, елдің қазіргідей дамуына кең жол ашылды. Мәселен, кейде заң қабылданады, бірақ ол заң өзінің диттеген мақсатына жетпей жатады. Өйткені, ондай заңды көргенде аспаннан түскендей әсерде боласың. Ал Ата Заңымыз халықтың көкейіндегі ойды қозғап, тілегі мен мақсатынан туындаған соң, өміршең болып отыр. Еліміздің дамуына, халқымыздың тұрмыс жағдайының артуына үлкен жағдай жасады.

Ата Заңымыздың беташарында алдымызға қандай бағыт қойғанымыз, кім үшін қабылдап отырғанымыз анық жазылған. Қоғам мен болашақ ұрпақ алдындағы жоғары жауапкершілікті сезіне отырып, халықтың бейбітшілігі сақталған азаматтық қоғамда еркін өмір сүріп, өркениет жолында дамуына жағдай жасау мақсатын көздеп отырғандығымыз туралы елдік ұстанымымыз анық жеткізілген. Соның бәрі қазір жүзеге асты. Елдің барлық саладағы қол жеткізген табыстарының игіліктерін халық көріп отыр.

Мысалы, 1990 жылдардың ауыртпашылығы әлі күнге көз алдымызда. Елде қандай жағдай болғанын жақсы білеміз. Электр жарығы жоқ,

жылу жоқ, халыққа тиесілі еңбесақы да, зейнетақы да, жәрдемақы да жоқ. Ақшаларын айлап-жылдап ала алмай жүрді. Зейнетақының қарызы бір жылдан асқан кездері де болды. Халық қатты күйзелді. Олардың көкейінде «Қайда барамыз, келер күніміз не болады?» деген сұрақ тұрды. Ол елдің ой-санасын да дағдарысқа түсірген кезең еді. Ал 1995 жылы жаңа Конституция қабылданғаннан кейін барлық мәселе шешімін тапты. Бүгінгі таңда «Зейнетақы уақытында келмей қалады-ау» деген күмән ешкімнің ойына кіріп шықпайды. Сол кезде жарықтың, жылудың, қаржының болмағанын жұрттың көбі ұмытты.

Келесі бір мәселе, соңғы жылдары дүниежүзін әуреге салған әлемдік қаржы дағдарысы туралы. Батыстағы көптеген елдер мемлекеттік шығыстарды қысқартып жатыр. Бюджет саласы қызметкерлерінің еңбекақысын өсірудің орнына оны кеміту жағын ойластырып, қиналып отырған зейнетақыны төлеуде де күрделі мәселелерге ұшырап жатқан елдер бар. Ал біздің елде әлемдік қаржы дағдарысының алдын алу шаралары нәтижелі жүргізілгендіктен, мемлекетіміз де, халқымыз да ауыр соққыға ұшыраған жоқ. Елбасының Жолдауына байланысты зейнетақы да, бюджет саласы қызметкерлерінің еңбекақысы да өсіп келеді. Өткен жылы 25 пайыз қосылды, биыл да 25 пайызға артты. Келесі жылы тағы да өсейін деп тұр. Осының барлығы – біздің еліміздің күш-қуатының артқанын, Ата Заңымыз арқылы мемлекетіміздің тандаған жолының дұрыс екендігін дәлелдейтін нақты көрсеткіштер. Қоғамның әрбір мүшесі белсенді атсалысқанының арқасында бүгінгі табыстарға қол жеткіздік.

– Жарасбай Қабдоллаұлы, сіз депутаттыққа сайланғанға дейін өзіңіз туып-өскен Солтүстік Қазақстан облысында ұзақ жыл еңбек еттіңіз. Ол өңірдің тарихын да, табиғатын да жақсы білесіз. Ата Заңымыздың арқасында келген жетістік деп қандай табыстарды айтар едіңіз?

– Конституцияның өткен кезең ішіндегі ең басты жетістігі деп айтуға тұрарлық өзгеріс – тұрғындардың бірлігі, Қазақстанға деген патриоттық сезімдерінің қалыптасуы. Өйткені, әр өңірдің өзіндік ерекшелігі болады. Солтүстікте қазақ ұлтының аздығы, өзге ұлт өкілдерінің көп тұратындығы жасырын емес. Мысалы, тәуелсіздік жарияланған алғашқы жылдары кейбір ниеті бөтен адамдар көңілімізге қона қоймайтын пікірлер айтып жүрді. Тіл мәселесіне

қарсылар болды, қос азаматтық алғысы келгендер де табылды. Жеке адамдар ғана емес, қоғамдық ұйымдар да мұндай мәселені қозғап, ел ішіне түрткі салып отырды. Бірақ халық бәрін түсінді. Әр азамат мемлекет мүддесіне қарсы шықпай, ортақ іске бірігу қажеттігін ұғына білді. Жылдар өте келе халық арасына ши жүгірткісі келгендердің әрекеті қолдаусыз қалды.

Ал бүгінгі таңда жағдай мүлдем басқаша. Тіпті қай ұлт өкілі болса да: «Мен Қазақстан Республикасының азаматымын! Осы елдің өркендеуіне қызмет етемін! Бұл ел менің Отаныма айналып отыр» деген пікірге бәрі де беріліп, қазір өңірде мамыражай ахуал қалыптасты. «Сен анадай ұлтсың, мен мынадай ұлтпын» деген бөлінушілік жоқ. Осындай ұлтаралық келісімнің жарасым табуы тұрғындардың бейбіт өмір сүріп, алаңсыз еңбек стуіне, отбасының жағдайын ойлауына, сол арқылы елдің дамуына оң әсер етіп отыр. Ең бір үлкен өзгеріс деп осыны айтар едім. Бұдан басқа экономикада, өнеркәсіпте, шағын және орта кәсіпкерліктің дамуында болып жатқан өзгерістер көп қой. Қала да, аудан да, ауыл да адам танымастай өзгерді. Бұрын Кеңес одағы дүркіреп тұрған кездес біздің түсімізге де кіріп шықпаған көптеген ғажайыптар жасалып жатыр.

Мен жуырда ғана Қызылжар өңіріне барып келдім. Елге оралып жатқан қандастарымызға 140 үйден тұратын арнайы ақшаңқан ауыл бой көтерді. Алла жазса, күзге дейін пайдалануға берілейін деп тұр. «Бәйтерек» деген әдемі атауға ие болды. Үй өз алдына, отандастарымыздың еңбек етіп, күн көріп, табыс табуы үшін де сол жерден барлық жағдай жасалатыны қарастырылған.

Жалпы, бұл өңірдің өндіріс пен өнеркәсіпті дамытуда да мүмкіндігі мол. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев жуырда барған сапарында жаңа комбайндар құрастыратын өндіріс орнында болды. Елбасы егін алқабының кемелеріне «Қызылжар» деген атау беру жөнінде ұсыныс жасады. Бұл ұсыныс сол жерде бірден қолдауға ие болды.

Өңірде ауыл шаруашылығы өркен жайып келеді. Жылда елімізде өндірілетін астықтың едәуір бөлігін Солтүстік Қазақстан облысы береді. Биыл да ауа райының қолайсыздығына қарамастан, кейбір алқаптарда егін бітік шыққан. Қандай қуаңшылық болса да, өткен жылғы табысты қайталайын деп отыр.

Алдағы міндет өндіріс пен өнеркәсіпті жаңа заманға лайықты ілгері бастыру үшін өңірлерде индустриялық-инновациялық жобаларды дамыту қажет. Бұл - Елбасының бастамасы.

- Ұлттық салт-дәстүр мен ана тілдің қолдануына келгенде солтүстік өңір мұзды мұхит секілді сені қозғалмаушы еді. Ал қазір мемлекеттік тілдің дамуы қандай деңгейде? Қазақ мектептерінің қатары артты ма?

- Бұл бағытта да оң қадамдар жасалып жатыр. Өте күрделі мәселе. Бәрін бірден атқара салатын шаруа емес. Соның өзінде де өңірде жақсы серпіліс бар. Айталық, осыдан жиырма жыл бұрын облыс орталығында бір ғана қазақ мектебі болатын. Қазір алты-жеті қазақ мектебі ашылды. Балаларын мемлекеттік тілде оқытуға деген халықтың ықыласы ерекше. Ана тілінде тәлім беретін мектептерге оқушылар сыймай жатыр. Кейбір білім ордаларында екі ауысымда оқып жатқандар бар. Бұл нені көрсетеді? Бұл қызылжарлықтардың мемлекеттік тілге деген оң көзқарасын көрсетеді. Тіпті көптеген өзге ұлттың балалары тілді меңгеру үшін қазақ балабақшаларына барып жүр.

Орыс мектептеріндегі қазақ тілі пәнін оқыту ісі дұрыс жолға қойылды. Кезінде мамандар да жетіспеуші еді. Бұл пәнге үстірт қараушылар да аз емес болатын. Қазір олай емес. Білікті мамандарды даярлау ісі қолға алынды. Мысалы, Петропавлдағы мемлекеттік университеттің жанынан үш-төрт жыл бұрын Тіл және әдебиет институты ашылды. Жуырда орыс мектебінің бір топ түлектері сол оқу орнын тәмамдап шықты. Мемлекеттік тілдің маманы болғандардың ішінде әр түрлі ұлттың өкілдері бар. Қазір олар мектепке барып, қазақ тілінен дәріс беріп жүр.

Сондай-ақ бұрын аудандарда қазақ газеттері болмайтын еді. Қазір барлық аудандарда дербес қазақ газеттері шығады. Қалалық қазақ тіліндегі газет те болмаған-ды. Бүгінгі таңда қала оқырмандарының сұранысына орай мемлекеттік тілдегі газет те шығып тұр. Рухани салада осындай-осындай ізгі бастамалар жүзеге асып жатыр. Әлі де шешімін күтіп тұрған мәселелер де бар. Дегенмен де үрдіс алған оң өзгерістерге халықтың көзі жетіп отыр.

- Солтүстік өңірде де көптеген ұлт пен ұлыстардың өкілдері шоғырланған. Олар да еліміздің ынтымағы берік болуына үлес қосып отырған шығар?

– Елімізде 100-ден астам ұлттың өкілі бар деп жүрміз ғой, солтүстік өңірде де сонша халықтың өкілі тұрып жатыр. Айталық, өте көп шоғырланған украиндар, немістер, армяндар, эзербайжандар, орыстар, татарлар, башқұрттар және басқа диаспоралардың ұлттық орталықтары бар. Олардың барлығы бейбіт тұруына, еңбек етіп, өнері мен мәдениетін өркендетуіне жағдай жасалған. Ұлттық орталықтар өз мәселелерін шешумен қатар, қазақ мемлекетінің, қазақ тілінің қолдаушысы болып, елдік тақырыптағы іс-шараларға да белсене қатысады. Мемлекеттік тілдің дамуына олар да үлес қосып жатыр, оған сөз жоқ. Қазақстандағы ұлтаралық келісім мен достықтың қанат жаюына белсене атсалысуда. Өздерінің атқарып жатқан істерінің мазмұны мен мақсаты соған бейімделген. Барлығы бір шаңырақтың астына бірігіп отыр.

– Жарасбай Қабдоллаұлы, енді Конституциямыздың мемлекеттік деңгейдегі рөлі жөнінде ой өрбітсеңіз. Сіз депутат ретінде алдағы уақытта әлі де жетілдіре түсу жағына қарай Ата Заңымызға өзгерістер енгізу қажет деп ойлайсыз ба?

– Менің ойымша, қазіргі қолданыстағы Ата Заңымыз өзінің бүкіл мүмкіндігін әлі сарқып болған жоқ. Ол - әлі талай жылға еліміздің дамуына оң әсерін тигізетін, халқымызға қызмет ете беретін басты құжат. Әрине, өмір болған соң, ғарыштық жылдамдықпен алға басқан, күнде жаңалықтары еніп жатқан заманымызда, әлемде өзгерістер болып жатқанда, Ата Заңымызға да толықтырулар енгізу орынды талап. Дәл қазір мына бабына түзету енгізу қажет деп айтпай-ақ қояйық. Өйткені, Конституция жиі-жиі өзгерте беретін салалық заңдар емес. Дегенмен, қандай заңға да өзгерістер енгізуді заманның өзі тудырады. Мәселен, 2007 жылғы Конституцияға енгізілген толықтырулар өзін ақтады. Еліміздің саяси өміріне жаңа леп ала келді. Қоғамға тигізген пайдасы мен тиімділігі зор болды. Талқылау кезінде де біраз пікірлер айтылды. Жалпы, халықтың үмігі атқалды. Мәжіліс депутаттарының қатары артып, Қазақстан халқы Ассамблеясы атынан 9 депутаттың қосылғаны өте орынды шешім болды деп ойлаймын. Олар тек өз ұлтының мүддесін қорғау үшін ғана емес, біртұтас Қазақстан халқы атынан сайланып отыр.

– Сіз қаламгер ретінде ұлттық рухани дүниемізді қорғаушылардың бірісіз ғой. Өнер, мәдениет, әдебиет саласын дамытудағы Конституцияның рөлі қандай деп ойлайсыз?



– Бұл саланы өркендетудегі Ата Заңымыздың үлесі ұшан-теңіз. Мәселен, екінші бөлімді алып қарасақ, адам және адамзатқа қажетті өнер мен мәдениетке қатысты, білім мен ғылымға қатысты, денсаулыққа қатысты мемлекетіміздің міндеттері айқындалған ғой. Соның бәрі өзінің жүйесімен жүзеге асып келе жатыр. Егер осы әлеуметтік бағытымыз дамытылмай қалса, басқа салаларымыздағы табыстарымыз бүгінгідей айшықты болмас еді. Қоғамның әрбір мүшесі игілікті көріп отыр. Аталған саланы әрі қарай дамыта беру үшін қоғамның өзгерістеріне орай кейбір заңдарды жетілдіре түсу қажет. Конституция аясында рухани саланың да өрге баса беретініне кәміл сенемін.

– Ата Заңның 15 жылдығына орай айтар тілегіңіз?

– Тілек - біреу. Мемлекетіміздің алдында асқаралы міндеттер тұр. Сол бағыты айқын бағдарламалар ойдағыдай жүзеге асып, ел тыныш, халық аман болсын! Ата Заңымыздың өзінде де еліміздің ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары деп жазылған ғой. Бізге ең қымбаты - елдің тыныштығы. Болашақ ұрпақ үшін үлкен мемлекет құрып жатырмыз. Осы елдің іргесі берік болсын. Дамыған елдердің қатарынан көрінсек, аңсаған арманымыздың орындалғаны деп ойлаймын. Ұлық мерекеміз халқымызға береке әкеле берсін!

*Әңгімелескен Айдын БӘЙМЕН.*

*ҚазАқпарат,  
26 тамыз 2010 жыл.*

## **ҚЫЗЫЛЖАР ҮШІН БАСТАЛҒАН ҚИЫН КҮРЕС**

Петропавл қаласының атын өзгертуге жақтастар мен қарсылар өзара акция ұйымдастыруда. Петропавл қаласының көшесінде көк және сары түсті лента тағушылар көзге жиі түсе бастаған. Бұл өткен аптада Петропавл атауын Қызылжар деп атауды ұсынған Парламент депутаттарының Үкімет басшысы Кәрім Мәсімовке жолдаған депутаттық сауалынан кейін қолға алынған іс-шара. Осылайша еліміздің солтүстігінде түрлі-түстердің текетіресі бой көрсетіп отыр.

### **БАЯҒЫ ЖАРТАС – СОЛ ЖАРТАС**

Сары күз түрлі бояуға толы ғана емес, қоғамдық, саяси өмірде де белсенділік арта түсетін кез. 22 қыркүйекте Премьер Кәрім Мәсімов Тәуелсіздіктің 20 жылдығын тойлауға дайындық пен оны өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің отырысын өткізген еді. Осы отырысқа қос палаталы Парламент депутаттары, Президент әкімшілігінің, орталық және жергілікті билік өкілдерінің басшылары, үкіметтік емес ұйымдар мен саяси партиялардың жетекшілері қатысқан болатын. Дәл осы жиында Мәжіліс депутаты Жарасбай Сүлейменов Петропавл атауын Қызылжар деп өзгерту туралы 13 депутаттың қолы қойылған депутаттық сауалын Премьер-Министрге жолдай отырып, бұл талаптарын Елбасыға жолдауын өтінген еді. Бірақ, ертесінде Сенат депутаты Тасбай Симамбаев бұл идеяға қарсы екендігін білдіріп, жер-су атауларын едел-жедел ауыстыру елдегі ұлт араздығын тудырып, Қазақстаннан үдере көшушілердің қарасын көбейтеді деген пікір айтты. Оның ойынша, Петропавлға тарихи Қызылжар атауы қайтарылуы – облыстағы мықты мамандардың елден кетуіне түрткі болмақ.

Дәл осындай ойлар осыдан жиырма жыл бұрын, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында да айтылатын. Ол кезде қанаты әлі қатпаған,

буыны бекімеген жас мемлекеттің ішіндегі ұлтаралық араздықтан үрейленуші едік. Үстем ұлттың көңіліне жалтақтап, олардың сезіміне қылау түсірмеуді мақсат еткенбіз. Жылдар өте келе елдегі өзге ұлт өкілдері біздің осы жалпақшешейлігімізді түсінер, мемлекет құраушы ұлттың мүддесімен санасар, мемлекеттік тілді үйренуге де, ұлттық құндылықтарды ұлықтауға да қарсылық білдірмес деген ой болған ол кезде. Бірақ, тәуелсіздігіміздің жиырма жылдығы тұсында да ұлттық дербестікті мойындағысы келмейтіндер сол баяғы жырды әлі үзбей жырлап келеді. Баяғы жартас – сол жартас. Бұл біздегі мемлекетшілдік сананың әлі де болса қалыптаспай отырғандығының салдары. Біз түгілі Ресейдің өзі кеңестік идеологияның сарқыншақтарынан арылу мақсатында – Ленинградты Санкт-Петербургке, Сталинградты Волгоградқа, Горькийді Нижний Новгородқа Свердловскіні Екатеринбургке ауыстырып жіберген жоқ па? Тарихи атауы қайтарылған Ресей қалаларының тұрғындары ешқайда үдере көшкен жоқ. Олар мемлекеттің стратегиялық, ұлттық саясатымен санаса білді.

Қазақстандағы тұрғындар жиырма жыл бойына қайда тұратындығын толық айқындап үлгерді. Елдегі 16 миллионнан астам халық Қазақстанның тәуелсіздігін саяси тұрғыдан мойындады. Өздерінің болашағы Қазақ мемлекетімен байланысты екеніне еш күмән келтірмейді. Ол ол ма, жылына алыс, жақын шетелдерден келген 100 мың адам Қазақстан азаматтығын қабылдауда. Тек кейбір кертартпалар тілдік тұрғыдан әзірге мойындауға құлықсыз. Бұған өзіміздің солқылдақ тілдік саясатымыз кінәлі. Жиырма жылда тарихи әділдіктің салтанат құруы үшін тағы да өзгенің қас-қабағын бағу керек пе?

Тасбай Симамбаев мырза Қызылжар атауының Петропавлға мүлдем қатысы жоқ дейді. «Қызылжар жәрмеңкесі қаладан біршама қашықта өтіп тұратын. Ал, әулие Петрдің қорғанын ресейлік переселенестер салған, сөйтіп, қазақ жерін Жоңғар шапқыншылығынан қорғап қалған-мыс» дейді.

## САРЫ БАСЫМ ТҮСУІ МҮМКІН БЕ?

Бүгінде дәл осы мәселе төңірегінде қызу пікірталас өрби бастаған. Қызылжарлықтар көк пен сары болып екіге жарылыпты. Еліміздің

туы түстес лентаны таққандар мойнымыздағы ауыр ажырғы – құлдық психологиядан, әулие Петр мен Павлдың қорғандарының атауы берілген Петропавл атауынан құтылып, тарихи Қызылжар атауын қайтаруды жақтаушылар болса, сары лентаны таққандар – Петропавл атауынан ажырағысы келмейгіндер.

Сөйтіп, Ж. Сүлейменов пен Т. Симамбаевтың арасындағы тартыс кәдімгідей қоғамдық пікір туғызып отыр. Өзгенің қолтығына су бүркуге шебер біздің саясаткерлердің арқасында Петропавл халқы да өре түрегеліп, Қызылжар атауының қайтарылуына қарсылық таныта бастаған секілді. Әлдекімдер арнайы сайт жасақтап, интернет сауалнама жүргізген екен, сары түстілер 87 пайызға жетіпті. Бірақ, бұның да қолдан ұйымдастырылуы мүмкін дейді Жарасбай Сүлейменов 28 қыркүйекте КТК телеарнасына берген сұхбатында.

– Бұл арзан ұпай жинауға талпынған, әлдекімдердің қолдан ұйымдастырған қитұрқысы болуы әбден мүмкін. Сауалнаманы кім ұйымдастырып отыр, кімдерден жауап алынды ол жағы беймәлім ғой, – деді ол.

Мәжіліс депутаты, ұлтжанды азамат Ж. Сүлейменов мырзамен осы мәселе төңірегінде шағын сұхбат өткізудің сәті түскен еді.

***Жарасбай СҮЛЕЙМЕНОВ,***

*Парламент Мәжілісінің депутаты:*

## **ТАРИХИ АТАУДАН АЖЫРАУ – ҰЛТТЫҢ ТАРИХЫНА БАЛТА ШАБАДЫ**

– Сіз Мәжілістің үстіміздегі жылғы қыркүйектің 22-күні болған жалпы отырысында бір топ депутаттың атынан Солтүстік Қазақстан облысының әкімшілік орталығы – Петропавл қаласына ежелгі Қызылжар атауын қайтару жөнінде Үкімет басшысына сауал жолдадыңыз. Оған негіз болған жайларға тоқтала кетсеңіз.

– Жалпы, менің өз ойым жер-су атауларына жеңіл-желпі қарауға болмайды. Өйткені, қай елдің де қасиетті жері – сол ұлттың мындаған жылдарғы мәдениетімен, тарихымен тығыз байланысты. Жердің ежелгі атын сақтамау дегеніңіз ұлт тарихының тамырына балта шабу

деген сөз. Кезінде біз осындай қасіретке ұшырадық. Соның зардабын әлі күнге тартып келеміз

Бұл өзі теріскейдегі ат төбеліндей аз қазақты ғана емес, ел тарихын, жер тарихын қастерлейтіндердің бәрін ойландырып, толғандырып жүрген, толғағы жеткен, басы ашық, дау туғызбайтын мәселе деп ойлаймын. Солтүстік Қазақстан облысының әкімшілік орталығы – Петропавлды Қызылжар деп атау туралы әңгіме бүгін ғана көтеріліп отырған жоқ. Ақын-жазушыларымыздың тамыры тереңге бойлайтын еңбектерінде кездесетін деректерді былай қойғанда, Петропавл өткен ғасырдың басында, нақты айтсақ, 1925 жылы ресми түрде Қызылжар деп атала, жазыла бастайды. Бұл өзі бұрын қырғыз атанып келген ұлтымызға дұрыс атауы қайтарылып, «қазақ» атана бастаған, Петропавлдағы кирпедтехникумның «Казпедтехникум» болып өзгерген кезімен тұспа-тұс келеді. Міне, осы кезде астанамыз – Қызылордадан, үкімет орындарынан жолданған хаттарда бұрынғы Петропавловск деген орысша атауы тоқтатылып, «Қызылжар қаласы» деп жазыла бастады. Зер салып қараған адам бұл өзгерістің тегін еместігін байқауға тиіс. Әйтпесе, Халық ағарту комиссариатында отырған басшы қызметкерлер Петропавл деген ресми қала атағын өз беттерімен өзгерте ала ма? Ол аз болса, нақ осы кезде бүкілодақтық «Правда» газетінде Петропавлдың «Қызылжар» болып өзгергені туралы хабар жариялаған. Бұған 1925 жылғы шілденің 18-інде Ақмола губерниялық атқару комитеті (ол кезде Қызылжар осы губернияның орталығы болған) төралқасының Петропавлды ресми түрде «Қызылжар» деп атау туралы қаулы қабылдауы, оны Қазақ Республикасы орталық Атқару комитетінің бекітуі негіз болған. Бұл құжаттың түпнұсқасы Мәскеудегі ВЦИК-ке, көшірмесі Қызылжарға жіберілген.

– Алайда, осы өңірден сайланған Сенат депутаты Симамбаев оған өзінің үзілді-кесілді қарсы екенін білдірді. Сіз ол кісінің мәлімдемесімен таныстыңыз ба?

– Иә, таныстым. Тасекеңнің бір сөзі бір сөзіне үйлеспей жатқан секілді. Тарихқа қатысты айтқан пікірлері тіпті күлкінді келтіреді. Тасбай «Жоңғарлар бізді жойып жіберуге шақ қалғанда, Ресей бізді аман алып қалды». Тарихтан титтей хабары болса, мұндай сөзді айтпас еді. Ақиқатына келсек, патша үкіметі Петропавл бекінісін жоңғарлардан қорғану үшін емес, қазақтардан қорғану үшін салған.

Кейін бекініс салынғаннан кейін бұл маңайға қазақтарды жолатпай қойған. Абылайдың хат жазып, қазақтардың сауда-саттық жасауына жағдай туғызу жөнінде өтініш білдіретіні нақ осы кез. Бұл – бір. Екіншіден, бекініс салынған кезде бұл маңайда жоңғарлардың иісі де болған жоқ. Оларды Қабанбай батыр бастаған қазақ жасақтары 1751 жылы жеті қырдан асырып қуып тастаған болатын.

Мәжілістің жалпы отырысында жасалған сауалға келетін болсақ, бұл аяқ астынан туған ой емес. Өз басым бұл мәселені «Егемен Қазақстан» газетінде, «Алаш айнасы» апталығында, «Бетпе-бет» хабарында, Қазақстан Республикасының Бас прокурорына сауал жолдау арқылы, бұған дейін де талай рет көтерген болатынымын. Петропавлдың ежелгі атауы Қызылжар екені дәлелдеуді қажет етпейтін, дау туғызбайтын шындық. Әрине, оны кеңес заманында қалпына келтірудің мүмкіндігі болған жоқ. Тәуелсіздік алғанымызға да 20 жыл болып қалды ғой. Бұл өзі мен қазақпын дегеннің бәрінің жүрегін ауыртатын мәселе. Иссапармен аймақтарға шыққанда да тұрғындар осы мәселені жиі көтереді. Осы жайында жоғары жақтағылар не ойлап жатыр, сіздер неге айтпайсыздар дейді. Осы жайларды ескере келіп, Үкімет басшысына сауал жолдау арқылы теріскейдегі осы бір түйінді мәселеге тағы бір назар аударуды жөн санаған едік. Оған төменгі палатаның көптеген депутаттары қолдау білдірді. Бұқаралық ақпарат құралдары сауалды қолдаған депутаттардың санын әртүрлі айтып жатыр, ал нақты 23 адам қол қойды.

Біз бұл мәселенің бір күнде шешіле қалмайтынын жақсы түсінеміз.

– Сенатор Симамбаев өзінің мәлімдемесінде егер біз қала атауын Қызылжар деп өзгертетін болсақ, барлық басқа ұлттардың өкілдері көшіп кетеді депті, осы жайында сіз не айтар едіңіз?

– Сөзге бәрі сия береді ғой. Тасбайдың бұл уәжі де негізсіз. Осы заманда елді мекеннің атауын өзгерттіндер деп көшіп кеткен, битке өкпелеп тонын отқа жаққан адамды кездестірген емеспін. Қай кезде де көшіп-қонушылар болады. Оның бәрі әркімнің жеке басына қатысты. Жалпы, бұл мәселеден саяси астар іздеудің, Тасбай сияқты жұртты қорқытып-үркітудің қажеті жоқ. Тәуелсіздік алған 20 жылдың ішінде жалпы саналық тұрғыда Қазақстанда тұратын этностардың көзқарасы өзгерген. Әлеуметтік зерттеулердің қорытындыларына сүйенсек, қазір біздің елімізде тұрып жатқандардың басым көпшілігі

Қазақстанды өз отаным деп санайды. Олай болса, олардың мемлекет құраушы ұлттың тілегіне түсіністікпен қарайтынына сенімім зор.

– Сенатор сайлау жақындап келе жатыр, сондықтан, Мәжіліс депутаттары осындай қадамға барып отыр депті.

– Бұл да бос сандырақ, жаптым жала, жақтым күйенің кері. Шын-туайтына келсек, бүгін-ертең Мәжілістің сайлауы өтеді деген сөз жоқ. Ал Симамбаевтың депутаттық мерзімі келесі жылы аяқталатыны басы ашық мәселе. Олай болса, кімнің ұпай жинағысы келіп отырғаны өзінен-өзі белгілі болып тұрған жоқ па. Мен де сол өңірдегі халықтың ұлттық құрамын жақсы білемін. Егер жеке басыма қатысты басқа ой болса, бұл мәселені он айналып өтпеймін бе. Ал тіпті Мәжіліс сайлауы мерзімінен бұрын өтетін болғанның өзінде, мені дәл қазір осы арада қалай қалып қойсам екен деген ой мазалап отырған жоқ.

Әркім өзінің сөзіне жауап беруі тиіс. Мәжілістің бір топ депутатына осындай орынсыз кінә тағудың алдында Тасбай Симамбаев мырза ойлануы керек еді.

– Жарасбай Қабдолұлы, сіз депутаттық сауалыңызда осы мәселенің оң шешімін табуына жергілікті жерде ешкім қарсы болып жатқан жоқ дедіңіз ғой. Шын мәнінде солай ма?

– Осылай десем де, Петропавлдың атауын өзгертуге іштей наразылар бар екен. Солар неше түрлі қитұрқылықтар жасап жатқан сияқты.

Бұл өзі бүгін ғана көтеріліп отырған мәселе емес, 1994 жылы бір топ, арасында марқұм Мәлік Мұқанов, Сабыр Сеңкібаев, Қайырбек Ғалиев, Өмір Есқали, Зейнолла Әкімжанов, Марат Әбілмәжінов, Сайын Есенқұлов бар, қазақазаматтары халықаралық қазақтілі қоғамының Солтүстік Қазақстан облыстық филиалының атынан жергілікті мәслихаттардың сайлауына қатысып, облыстық мәслихаттың депутаты атану үшін күрестік. Бізді осындай қадам жасауға не итермеледі дегенге келсек, ол кезде облыстық кеңестің, одан кейін пайда болған облыстық мәслихаттың құрамында жергілікті ұлттың өкілдері тым аз болатын. Содан да ұлттық мүддеге қатысты мәселелер күн тәртібіне қойылғанда олардың үні естілмей қалатын. Әрине, бәріміздің бірдей жолымыз болған жоқ. Мен 20-Сергеев сайлау округінен дауысқа түстім. Төрт кандидат тіркелдік, үшеуі басшы қызметте істеп жүрген жергілікті жердің азаматтары да, қаладан барған мен ғана. Ол ауданда да қазақтардың үлес салмағы өте төмен болатын. Соған қарамастан

мен өзімнің «Қазақ тілі» қоғамының атынан келгенімді бүкпесіз білдірдім. Халық қолдады, сөйтіп бірінші турда-ақ жеңіске жетіп, облыстық мәслихаттың депутаты мандатына ие болдым. Осыдан кейін біз облыстық мәслихаттың сессияларында жер-су атауларына, тілге қатысты мәселелерді жиі көтере бастадық. Ол ісіміз нәтижесіз болған жоқ. Әрине, айтыстық, тартыстық, шамамыз келгенше түсіндірдік. Сөйтіп жүріп Сергеев ауданының Шал ақын, Совет ауданының Аққайың, Булаевтың Мағжан Жұмабаев, Лениннің Есіл, Бескөлдің Қызылжар атануына қол жеткіздік. Міне, осы аудандардың бәрінде басқа ұлттардың өкілдері қалың орналасқан, қазірде олардың саны қазақтарға карағанда басым. Тасбайдың әуеніне салсақ, олардың бәрі сол кезде тік қопарылып көшіп кетуге тиіс еді. Аудан атауын өзгерттін деп ешкім көшкен жоқ, бәрі орнында.

– Осындай сауал жасағаннан кейін сізге хабарласқандар болды ма?

– Хабарласқан адамдар өте көп. Олардың бәрі де осы бастамаға қолдау білдіруде. Тағы да айтамын, бұл мәселені бүгін-ертең шешейік деп отырған ешкім жоқ. Бірақ ол күн тәртібінен түспеуге тиіс, онымен нақты айналысу қажет. Қазақтың ежелгі жер-су атауларын қалпына келтіру бұл, кейбіреулер ойлап жүргендей, арқаны кенге салуды көтеретін мәселе емес, бұл – сайып келгенде, ел тарихына, ұрпақ тәрбиесіне тікелей қатысты аса маңызды мәселе, бұл – егемендігіміздің іргесін бекіту деген сөз.

Жоғарыда айтқанымдай, бұған қарсылар табылып жатыр. Қызылжардағы шіркеу басшысының едәуір уақыттан бері осындай адамдардың қолын жинап жүргенін де білемін. Жалпы бұл шіркеу айналысатын мәселе емес қой.

**Р. С.** Біз осы мәселеге орай өз дәлелдері мен дәйектерін келтіруін өтініп сенатор Тасбай Симамбаев мырзаға да телефон шалған едік. Сенатордың көмекшісі Эльмира Хамзина ол кісінің шаруаларының бастан асып жатқанын айтып, қолы тигенде өзі хабарласамын деді. Бірақ, сол хабарласу созбұйдаға салынып кетті. Егер, Тасбай Симамбаев мырза өз ойларын біздің газет арқылы білдіруге құлықты болса, біз дайынбыз.

*Әңгімелескен Есенгүл КӘПҚЫЗЫ.*

*«Түркістан» газеті,  
2010 жыл.*



## **СМАҒҰЛДЫ БИЛІКТІҢ КЕШІРМЕГЕНІ – ОНЫҢ ҰЛТ МӘСЕЛЕСІН ӨТКІР ҚОЙҒАНДЫҒЫ**

Азат ойлы алаштың арыстары-ай! Олар ұлт мүддесі үшін құрбан болды. Қазақстан Тәуелсіздігінің 20 жылдық мерейтойы аясында өткен алғашқы шараның бірі – мемлекет және қоғам қайраткері, жазушы, қазақ театрының негізін қалаушылардың бірі – Смағұл Сәдуақасұлының туғанына 110 жыл, қайтыс болғанына 77 жыл толуына арналған конференция. Бұл басқосуды Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, «Алаш» мәдениет және рухани даму институты, Қазақстан тарихшылары қауымдастығы бірлесе ұйымдастырған болатын.

Дегенмен, айтулы қоғам қайраткерін халқына жақынырақ таныстыруда бір ғана конференциямен шектеліп қалуға болмайтыны анық. Осындай пікірді айтушылардың бірі

– Парламент Мәжілісінің депутаты, жазушы Жарасбай Сүлейменов. Ол Смағұл Сәдуақасұлының қайраткерлігі, елге сіңірген өлшеусіз қызметі жайлы толыққанды әңгімелеп берді.

- Елімізде туғанына 110 жыл толуы аталып өтіп отырған мемлекет және қоғам қайраткері Смағұл Сәдуақасұлы – халқымыз үшін айтулы тұлғаның бірі. XX ғасырдың басында елге елеулі еңбек сіңірген қайраткер 27 жасынан бастап қуғынға ұшыраған екен, 33 жасында дүниеден озыпты. Жарасбай Қабдоллаұлы, осы бір тұлға туралы ойыңызды ортаға салсаңыз?

- Халқының болашағы жолында жан беріп, жан алысқан алмағайып заманда күрескен алаштың ардақтылары аз емес. Сол тізімнің басында Смағұл Сәдуақасұлы тұруы керек деп ойлаймын. Және де Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Жүсіпбек Аймауытов сияқты алаш арыстарын ауызға алғанда, Смағұлдың есімі біреуінен кейін, біреуінен ілгері емес, қатар аталуы керек. Өйткені, оның соған лайықты еңбегі, халқына сіңірген қызметі бар. Ғұлама ғалым Шоқан Уәлихановты аққан жұлдыз деп атаймыз ғой, Смағұл да ұлтымыздың аққан жұлдызы. Небәрі 33 жыл ғана өмір сүрген, сол жасқа дейін әр

салада ұлан-ғайыр іс атқарған. Жас кезінде-ақ экономикаға араласқан. 25 жасқа толмай тұрып Халық ағарту комиссары болған. Мәдениетті дамытуға атсалысқан, әдебиетке араласқан. Бірнеше кітап жазған үлкен тұлға. Ол 1900 жылы қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының Уәлиханов ауданына қарасты Жарқын деген ауылда туған.

– Туған жері өмірбаянында әртүрлі жазылып кетіп жүргені байқалады?

– Иә, бір деректерде Смағұлды кейбіреулер Қорған облысында туған деп жазып жіберіпті, енді бірі Омбыға қарасты ауылда туған деп көрсетеді. Бұл жерде нақты анықтап алатын жайт бар. Ол кездегі әкімшілік бөлініс солай болған. Мысалы, Ақмола губерниясының орталығы Петропавл болған. Омбы да, соған жақын аймақтағы басқа мекендер де Ақмола губерниясына қараған. Смағұлдың туған жерін әлгіндей жазып жүргендігінің бір себебі сол. Негізінде С. Сәдуақасовтың туған жері – Жарқын ауылы. Бұл жөнінде маған кезінде осы қайраткердің мұраларын жинастырып, бүтінгі ұрпаққа жеткізген азаматтардың бірі Нұрым Сансызбаев көзі тірісінде айтып берген еді. Нұрым Сансызбайұлы «Отан» орденінің иегері, елімізге танымал қаржыгерлердің бірі болатын. Ол Петропавлдағы облыстық мұражайға Смағұл Сәдуақасұлының өмірі мен шығармашылығына қатысты жәдігерлердің қойылуына атсалысты, өзі де кейбір құнды дүниелерді табыс еткен. Біздің қоғамда қайраткердің аты таныла түсуіне ықпал етіп, қаламгерлерге қозғау салып, көп еңбек сіңірген адам еді. Н. Сансызбайұлының Омар деген ағасы Смағұлмен Омбыда бірге оқыған екен. XX ғасырдың басында Омбы қаласы руханияттың орталығы болған ғой. Қазақ зиялылары Омбыда білім алып, өзара ұйымдар құрып шоғырланған, қоғамдық-саяси істерге араласқан. «Бірлік» атты қазақ жастарының ұйымы құрылған. 16 жасында Смағұл сол ұйымның мүшесі болды. Ол ұйым кейін «Жас қазақ» болып қайта құрылды. Сол кезде «Балапан» деген журнал шығарған. Сөйтіп, Смағұл қаламгерлікке бейімделіп, баспасөздің қыр-сырын меңгере бастаған. Смағұл Сәдуақасұлының алғашқы өмір мектебі «Бірліктен» басталады. Өзі де саяси-қоғамдық істерге араласқанын еңбектерінде жазады.

Ол кезде халықтың сауаттылығы қандай деңгейде екені белгілі. Сондықтан Омбыдан 100 шақырым жердегі қазақ ауылдарына

шығып, сол кездегі жағдайды елге түсіндіріп, өздері шығарған газет-журналдағы жарияланған материалдар туралы хабардар етеді. Міне, осындай ағартушылық қызмет атқарған.

- Енді ұлт қайраткері ретіндегі қызметіне тоқталсаңыз?

- Смағұлдың елге сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Оны мына бір жайттан да аңғаруға болады. Өзі де қуғынға түсіп, абактыдан оралған қазақтың ұлы ақыны Мағжан Жұмабайұлы сол кезде Смағұл Сәдуақасұлы қайтыс болды дегенді естігенде азалы жыр жазған. Соңғы шумағы:

«... Жас Смағұл үздік туған бала екен,  
Байтақ елге асқар таудай пана екен,  
Сол баладан, сол панадан айырылған,  
Қайран қазақ, орны толмас жара екен»,

– деп аяқталады.

Смағұлдан айырылған ел жетім дейді. Мағжан сөздің қадірін білетін адам. Ол жайдан-жай айтпайды. Смағұлдың елге сіңірген еңбегінің ұшан-теңіз екенін бағалап, осылай деп айтқан. Смағұл қайтыс болған соң, қайраткердің сүйегін өртеп, күлін қабырғаға орнатқан ғой. Сонда Мәскеуде өткен жерлеу рәсіміне қатысқан Әлихан Бөкейханның қандай күйде болғаны, жан-жүрегі қан жылап, шөгіп кеткені жайлы қаламгерлер жазған. Жазушы Сәбит Мұқановтың кітабында да сондай мәліметтер бар. С. Мұқанов та сол қасіретті оқиғаны өз көзімен көрген, жерлеу рәсімінде болған.

Смағұлды халықтың құрметіне бөлеп отырған, 60 жыл бойы айтылмаған есімін қайтадан жарыққа шығарып, халқымен қауыштырып тұрған рухани күш – қайраткердің ұлтына деген сүйіспеншілігі, ұлтжандылығы, тіпті ұлтшылдығы. Біз кейде ұлтшылдық деген сөзге үрке қараймыз. Одан қорқатын ештеңе жоқ. Ұлтшылдық – өзіңнің ұлтыңды сүю, ұлтыңның мүддесіне қызмет ету. Ұлтшыл болу басқаларды жек көру емес, кемсіту немесе қорлық жасау емес. Өз ұлтыңның басқалармен терезесі тең болуына атсалысу, өзге жұрттан қалып қоймау үшін қызмет ету. Смағұл, міне, осындай адам болған. Ол қандай істі қолға алса да, алдымен ұлттың мүддесімен байланыстырып отырған. Халықтың мүддесі үшін өзінің тағдырын соған байлап, қызмет атқарған күрескер. Смағұл барлық мәселеге де

қазақтың көзқарасымен қараған. Сонысымен де ол Ф. Голощекин-ге жақпай қалған. Мысалы, сол кезде И. Сталиннің өзі Қазақстанды басқаруға арнайы жіберген Ф. Голощекин келген соң, кіші октябрь саясатын жүргізбекші болады. Ол Сталинге берген ақпаратында Қазақстанда Октябрь төңкерісінің ешқандай белгісі жоқ, бұл жерде қайтадан жүргізу керек екенін хабарлайды. Бұл бастамасы Мәскеуден қолдау табады. Соған орай солақай саясатпен біраз істер жүргізіп, бәрін бүлдіреді. Қазақты малсыз қалдырады. Малынан айырылған қазақ қырылып қалады. Міне, осыны байқаған Смағұл және басқа да біздің бір топ арысымыз Голощекин саясатына ашық қарсы шығады. Өз ойларын айтады.

– Смағұлдың билікпен қандай көзқарастары қайшы келген?

– Айталық, С. Сәдуақасұлы алаштың қайраткерлерін халыққа білім беруге тартады. Оларға оқулықтар шығартады, басқа да еңбектер жаздырады. Соған Голощекин қарсы болады. Смағұл оқу орындарын ашу жөнінде бастама көтереді. Сонда Голощекин: «Қазір Қазақстанға оның керегі жоқ, оқимын дегендер Мәскеуден, Ленинградтан оқып келсін», – дейді. Сондай-ақ енді бір дау өндіріске байланысты шығады. Смағұл: «Қазақстанда шикізат жеткілікті, оны дамытуымыз керек, ол үшін өндіріс орындарымыз болуы қажет, сонда біздің байлығымыз еселенеді», – десе, сонда Голощекин: «Оның бізге қажеті жоқ, қалыптасқан бұрынғы өндіріс орындары басқа жерде бар», – дейді. Келесі бір мәселе қазақ тілін дамытуға қатысты туындаған. Іс қағаздарын қазақ тілінде жүргізу қажет деген мәселе көтерілгенде, Голощекин: «Бұның партия ұйымдарына қатысы жоқ», – дейді. Смағұл: «Партия ұйымдары халықпен жұмыс істейді, қалай оларға қатысты болмайды? Оларға да қатысты болуы керек!» – дейді. Осындай көптеген мәселелерде олардың көзқарастары үйлеспейді.

Смағұлдың бір жақсы қасиеті ол өзінің ойын әрқашан жазып, халыққа ұсынып отырады. Жастарға арнап мақала жазады. Публицистикалық еңбектері жарық көрген. Ауыл тұрғындарына арнап жазған мақалалары да бар. Ол кезде қазіргідей ақпараттың таралу мүмкіндігі жоқ қой. Сондықтан ол халықтың көзін ашып отырған. Халық ағарту саласында қызмет атқарған жылдары көп қазақ мектептерін ашқан. Өйткені, қалаларда мектеп болған, бірақ қазақтардың басым бөлігі ауылдарда тұрды. Ал ауылдық жерлерде

мектеп өте аз болған. Және де білімді, білікті ұстаздар жетіспеген. Осының бәрін ескеріп, Смағұл мұғалімдер даярлайтын курстар ашқан. Үкіметтің алдына оқу орындарын ашу туралы мәселе қойған. Оқулықтардың сапасын жақсартуға қатысты көп мәселе көтерген. Ол - рухани байлықты дамытуға, халықтың сана-сезімін оятуға көп еңбек сіңірген тұлға. Қазақтың тұңғыш театрын ұйымдастырған. Театр туралы өзі мақала жазып, халыққа түсіндіріп, өнерді насихаттай білген. Сол кездегі астанамыз Қызылорда қаласында театр ашып, сахнада ойнай білуге бейімі бар, қазақтың қабілетті адамдарын тартып, қойылымдардың көрсетілуіне ықпал еткен.

Смағұлдың қаламгерлік қырын да айрықша айтуға болады. Оның қаламгерлік мүмкіндігі өте жоғары болған. «Еңбекші қазақ» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетін басқарған кезде Бейімбет Майлин және басқа қаламгерлерді редакцияға тартып, басшылық жасаған. Өзі жас болса да, алаштың арыстарына қамқорлық жасап, қуғын-сүргінге түскендеріне, қызметтерінен қуылғанда араша түсіп, жолын тауып, оларға қызмет ұсынып, жанын салып қорғаған адам. Оның осындай керемет қасиеттері бар. Өзі де 28 жасында қуғындалып, елден кетуге мәжбүр болды. Мен қазір ойлаймын, егер ол ұлт мүддесін ойлама-са, өзінің жайын ғана күйттеп, бір бағытпен жүрсе, қызметте биікке көтерілер еді. Бірақ ол сол кездегі жағдайды ескеріп, мамандардың тапшылығын, өзі сияқты азаматтардың елдің көзін ашуға барлық мәселеге араласып отырған.

– Смағұл Сәдуақасұлы 33 жасында жұмбақ жағдайда қайтыс болған деп жазады. Ол туралы қандай мәліметтеріңіз бар?

– Ф. Голощекин Өлкелік партия комитетінің пленумында, оның бюро отырысында С. Сәдуақасұлын талқыға салып, қыр соңына әбден шырақ алып түседі. Смағұл Ташкентке барып, институтқа басшылық жасайды. Ол жақтан да тыныш жүргізбей қудалап, 1928 жылы Мәскеудегі жол құрылысы институтына оқуға түседі. 1932 жылы осы оқуды бітірген соң, И. Сталиннің өзінің жеке ұйғарымымен Қазақстанға қайтуына тыйым салынып, сол жақта қалып, Мәскеу-Донбасс жолында қызмет істейді. Бұрын ауырмаған адам. Зайыбы әйгілі қайраткер Әлихан Бөкейханның қызы ғой. Сол зайыбы да, Смағұлмен араласқан басқа жолдастары да өздерінің естеліктерінде сол кездегі НКВД қастандық жасағанын айтып, жазған. Қастандықтың

нақты қалай жасалғанын ешкім айта алмайды. Олардың құпия әрекеті күшті ғой. Сап-сау жүрген адамның аяқ астынан қазаға ұшырауы жұмбақ күйінде қалып тұр.

– Кейінгі ұрпақ зерттеу жүргізіп, біліп қалар деген оймен сүйегін де өртеген шығар?

– Ондай күмәні бар екенін айтатындар да аз емес. Сүйегін отбасына қайтармай, ешкімге бермей, әдейі өртейтін пеште жағып, күлін сақтап қойған. Ол кісіге әйтеуір бір қастандықтың жасалғаны анық. Өйткені, сол кездегі оқиғалардың желісі осындай ойға жетелейді. Тіпті қайтыс болғаны Қазақстанға хабарланбаған ғой. Газеттерге қазанама мәтіні берілмеген. Тек «Известия» газетінде ғана хабар шыққан екен. Онда өзінің бір топ жолдастары қол қойған. Сол қазанаманың соңында «Ұлт мәселесінде қателіктер жіберді» деген сөз бар. Оны сол кездегі саясат әдейі жаздыртып отыр. Смағұлды биліктің кешірмегені – оның ұлт мәселесін өткір қойғандығы. Халқымыз үшін өкініштісі – оның жарқын ғұмырының Мәскеуде қайғылы аяқталғаны.

– Осындай ұлтымыздың батыр тұлғасы, алаштың арысы Смағұлдың есімін туған халқы мәңгілік есте сақтауы үшін не істеу қажет? Сіздің қандай ұсыныстарыңыз бар?

– Бұл қайраткер қандай құрметке де лайық. Қазіргідей тәуелсіздігімізді қалыптастырып жатқан тұста, қазақ ұлттық мәдениетін өркендетіп, Қазақстанның жаңа азаматын қалыптастырамыз деп жатқан қоғамда осындай тұлғалардың өнегесімен жастарды тәрбиелеу, өскелең ұрпаққа оның өмірі мен қайраткерлік жолын үлгі ету ең бір дұрыс жол деп ойлаймын. Осы күнге дейін С. Садуақасұлының мұраларын дұрыс насихаттай алған жоқпыз. Ол кісіні көпшілік әлі де толық біле бермейді. Оны зерттеп жүрген бірен-саран ғалымдар ғана жақсы біледі. Смағұлды елдің тарихындағы, қоғамдағы орнына лайықтап, өз тұғырына қондыру керек. Смағұлдың атында көше болса да, театрға есімі берілсе де, артық емес. Жоғары оқу орнына есімін беруге болады. Астана, Алматы, Петропавл қалаларында ескерткішін қойсақ, игілікті іс болар еді. Петропавлда оның есіміне берілген көше жоқ. Солтүстік өңірде де оны танып-біліп жатқандар аз. Астанада соңғы жылдары бір көше берілді. Ол аздық етеді. Жаңа ашылып жатқан мектептерге есімін беруге болады. Смағұлдың есімі биліктің де, халықтың да аузында жүруі керек. Еңбектерінің таралымын

ұлғайтып қайта шығарғанымыз жөн. Көркем және деректі фильмдер түсірілуі қажет. Оны ел-жұртқа кеңірек таныстырғанымыз абзал.

Смағұл 1925 жылы мынадай ойды айтқан ғой. «Жалпы қазақ – қазақ болуы үшін, жақсы дамыған жеке мемлекет болуы үшін ұйысып тұруы керек. Бірыңғай бір жерге шоғырлануы керек» деген. Оған қолайлы жер деп осы Ақмола өңірін айтқан екен. Оны көріпкел деп қалай айтпайсың? Елдің бүгінгідей заманға келетінін білгендей жол сілтеген сияқты. Қазір Астана болғалы еліміздің әр өңірінен жиналған адамдар осы жерге шоғырланып отыр ғой. С. Сәдуақасұлының әлі де зерттейтін еңбектері көп. Оны зерттеу керек. Оның педагогика, әдебиет саласына қатысты еңбектері көп. Ол жан-жақты, сан қырлы адам болған. Мұраларын дұрыс пайдалана алсақ, тәуелсіз еліміздің дамуына, руханият байлығымыздың алға басуына көп пайдасы тиеді.

– Елін сүйген және сол жолда ғұмырын қиған қайраткер туралы келелі ойларыңызды ортаға салғаныңызға рақмет.

*Әңгімелескен Айбатыр СЕЙТАҚ.*

*ҚазАқпарат,  
17 қаңтар 2011 жыл.*

## ҚАЗАҚСТАН ПАРЛАМЕНТІ ІС ҮСТІНДЕ ҚАЛЫПТАСЫП, КЕМЕЛДЕНДІ

Еліміздің қос Палаталы Парламентінің жұмыс істей бастағанына 15 жыл толды. Осы айтулы оқиғаға орай Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Жарасбай Сүлейменов еліміздің жоғары заң шығарушы өкілетті органының қызметіне қатысты өз ой-ларымен бөлісті.

– Жарасбай Қабдоллаұлы, кез келген елдің ойдағыдай дамуы билік тармақтары қызметінің үйлесімділігіне байланысты ғой, осы тұрғыдан алғанда Парламенттің жұмысын қалай бағалауға болады?

– Бұл сұрағыңызға бір ауыз сөзбен жауап беру қиын. Өте ауқымды сұрақ. Жалпы, депутаттар корпусының қызметіне бағаны халық пен Елбасы береді. Дегенмен, кез келген мәселеге әркімнің өзінің жеке пікірі болатыны белгілі ғой. Осы тұрғыдан алғанда, тәуелсіздігіне қол жеткізген еліміз тарихи қысқа мерзімде ғасырға пара-пар жолдан өтіп, ұлы даланың төсінде жаңа мемлекет құрып, оның тиімді басқару құрылымдарын қалыптастыруға қол жеткізді. Мұның өзі өміріміздің барлық салаларын жеделдете жаңғыртуға, елдігімізді нығайтып, болашаққа нық қадам жасауымызға жол ашты десек, осындай өркенді өзгерістерге Қазақстан Республикасының жоғарғы заң шығарушы органы – Парламенттің де өз үлесін қосып келе жатқаны анық. Жаңару мен дамудың жаңа стратегиясын жүзеге асырып жатқан еліміздің басқару жүйесінің алдында тұрған қазіргі кезеңдегі басты мәселе – қоғамды кешенді түрде жаңарту-жаңғырту. Ал бұл міндеттердің ойдағыдай шешілуін Парламенттің сан-салалы қызметінсіз көзге елестету мүмкін емес. Өмір еліміздің дамуы Парламенттің заң шығару қызметіне байланысты екеніне, еліміздің демократиялық-саяси жаңару үдерісі аясындағы сан қырлы күрделі проблемаларды заңнамалық тұрғыдан реттеуде Парламенттің заң шығарушылық рөлі мен салмағы арта беретініне көз жеткізіп отыр.

Өз бойына әлемдік және отандық тәжірибенің жақсы үлгілерін



жинақтап, оларды қазіргі саясаттағы, экономикадағы және әлеуметтік салалардағы жағдайларға бейімдеп отырған Парламенттің жемісті қызметі туралы Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев 2010 жылғы 1 қыркүйекте Мәжіліс пен Сенаттың бірлескен отырысында: «Міне, бұл мәселелерде Парламент кәсіби шеберлігін танытып, үлкен іске зор үлесін қосты. Бұл орайда, Парламент жоғары заң шығарушы орган ретінде еліміздің өсіп-өркендеуі жолында пәрменді жұмыс жасауда. Мызғымас мемлекеттігіміздің Бас бағдарына айналған Ата Заң аясында көптеген заңдар қабылдануда. Осы сайланымның депутаттары үш сессияның ішінде 340-тан аса заң қабылдағаны – мұның жарқын айғағы болып табылады. Бұл заңдардың басым көпшілігі қоғамның саяси және әлеуметтік-экономикалық деңгейін көтеруге арналған», – деп депутаттарға ризашылығын білдірген болатын.

– Әлемді біраз дүрліктірген дағдарыстың сіздердің жұмыстарыңызға әсері болды ма?

– Әлемдік дағдарысқа байланысты халық қалаулыларына қауырт жұмыс істеуге тура келді. Әсіресе, соңғы сессияның жүгі ауыр болды. Көп шаралар қолға алынды. Қаржылық және экономикалық қатынастар, бюджет және тариф саясаты, салық салу саласы туралы нормалар жетілдірілді. Энергия үнемдеу және су ресурстарын ұтымды пайдалануды ынталандыру үшін заңнамалық негіз құрылды. Жаңа заңнаманың үлкен блогы азаматтардың жекелеген санатын қолдауға және тұрғындарды кепілді көлемдегі тегін медициналық көмекпен қамтамасыз етуге бағытталды.

Үшінші сессияның қорытындылары заң шығарушылық жұмыстың сапасы арта түскенін көрсетті. Осы кезеңде барлығы 148 заң қабылданды. Еліміздің құқықтық базасы құқық қорғау органдарын реформалауға, қылмыспен және сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейтуге бағытталған заңдармен нығайтылды. Сондай-ақ, Қазақстан қол қойған 35-тен астам халықаралық құжаттар ратификацияланды. Өткен жылдың ерекше бір жаңалығы – Қазақстан Беларусь және Ресей мемлекеттерімен бірге Кеден одағына мүше болып кірді. Осы маңызды оқиғаға байланысты Парламент қысқа мерзім ішінде 35-тен астам келісімді заңдық тұрғыдан бекітіп, Кеден одағы аясында Біртұтас экономикалық кеңістік құру үшін құқықтық база жасады.

Сын сағатта осылай «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара»

қимылдаудың, Қазақстанның индустриялық-инновациялық дамуының 2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын қолға алудың, кәсіпкерлік секторды сауықтыру және бизнес бастамаларын қолдау, агроөнеркәсіп саласын қаржымен қамтамасыз ету шараларын жүзеге асырудың нәтижесінде ел экономикасы қарқынды дамып, дағдарыстан кейінгі кезеңге батыл қадам жасадық, халықтың әл-ауқаты жақсарды десек артық айтқандық болмас.

Міне, осы айтылғандардың өзі-ақ жаңарған әлемдегі жаңа Қазақстанды одан әрі кешенді дамыту жөніндегі аса күрделі міндеттердің нәтижесі мен сапасы, сайып келгенде, мемлекеттік басқару институттары, олардың ішінде Парламенттің қызметіне тікелей байланысты екендігін, еліміздің жоғары заң шығарушы органының уақыт алға тартқан қиыншылықтардың бәрін халқымен бірге бөлісіп келе жатқандығын дәлелдейді деп ойлаймын.

– Кейбір зерттеушілер қазақ қоғамының тарихы қаншалықты терең болса, заң шығарушылық қызметі соншалықты астасып жатыр дегенді айтады. Сіз қалай ойлайсыз?

– Шынында да ғасырлар бойы дала демократиясы мен еркіндік сезімінің құндылық белгілерін сақтап келген қазақ елінің заң шығарушылық қызметінің тамыры тереңде жатыр. Белгілі заңгер, академик С. Зиманов көшпелі өркениет жағдайында жоғары бағаланған билер соты, халық билігі туралы айтып та, жазып та жүр ғой. Демек, бүгінгі Парламент өз бастауын «Қасым ханның қасқа жолы», «Есімханның ескі жолы», «Жеті Жарғы» сияқты көне заңдардан алады деп нық сеніммен айтуға болады.

Қазақстанды президенттік республика деп жариялаған 1995 жылғы Конституция, сондай-ақ «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заңдар қабылдап, Парламенттің заң шығару функциясын жүзеге асыратын Республиканың жоғары өкілді органы болып табылатынын бекіттіріп берді. Сөйтіп, біздің елімізде тұрақты негізде жұмыс істейтін екі Палатадан: Сенаттан және Мәжілістен тұратын Парламент өмірге келді.

Осы мысалдар арқылы қазақстандық парламентаризмнің қалыптасу жолы күрделі болғанына, парламентаризм талабына, табиғатына сай келмейтін қоғамдық сана мен саяси практикадағы үстірт

көзқарастар мен пікірлерді еңсерудің оңайға түспегеніне, Қазақстан Парламенті қоғамдағы реформаларды табысты жүзеге асыруға қабілетті саяси-демократиялық институтқа тек тәуелсіздік жылдары ғана айналғанына көз жеткізуге болады деп ойлаймын.

- Мәжілістің қазіргі құрамы және әріптестеріңіз туралы айтып өтсеңіз?

- Алғашында Мәжіліс алпыс жеті депутаттан сайланған. Кейін 1998 жылғы конституциялық өзгерістерге орай олардың қатарына тағы он депутат қосылды. Ал 2007 жылғы мамырда жаңартылған Конституцияға сәйкес 107 парламентшіден тұратын болды. Олардың тоқсан сегізі саяси партиялардан партиялық тізімдер бойынша жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы сайланды. Ал тоғыз депутат Қазақстан халқы Ассамблеясының өкілдері болып табылады.

Жаңадан сайланған Мәжіліс саяси жүйенің құрамдас бөлігі ретінде өзі де жаңаруға түсіп, бүкіл қызметін, әсіресе, негізгі функциясы – заң шығару ісін қоғамдық қатынастардың қазіргі заманғы күрделі, өскелең талаптарымен үйлестіре білді.

Мәжілістің соңғы сайлауында 39 депутат өз мандаттарын сақтап қалса, 43 адам мемлекеттік басқару органдарынан, 8 адам бизнес құрылымдарынан, 8 депутат білім, ғылым және мәдениет саласынан келді. Ал мамандықтарына келсек, шаруашылықтың барлық салалары қамтылған деуге болады: депутаттардың арасында инженерлер де, заңгерлер де, экономистер де, дәрігерлер, мәдениет және өнер қайраткерлері де бар. Он бір Мәжіліс депутаты ғылым докторы болса, он халық қалаулысы ғылым кандидаты.

Мәжіліс депутаттарының арасында есімдері елімізге жақсы танымал тұлғалар аз емес. Мәселен: Сәт Тоқпақбаев, Жәнібек Кәрібжанов, Сағынбек Тұрсынов, Алтай Тілсүбердин, Серік Темірболатов, Ирак Елекеев, Рамазан Сәрпеков, Кенжеғали Сағадиев, Тито Сыздықов, Тоқтарбай Қадамбаев, Ерлан Нығматулин, Гүлмира Исімбаева, Уәлихан Қоңырбаев, Наталья Геллерт, Қылышбай Бисенов, Сейітсұлтан Әйімбетов, Бекболат Тлеухан, Нұрлан Өнербай, Алдан Смайыл және осылай тізіліп кете береді. Осындай өздеріне жүктелген міндет жауапкершілігін терең сезініп, соған сай іс-қимыл танытып жүрген абзал жандар аз емес. Десек те «Басқа балаларым - бір төбе, Ертөстігім - бір төбе» деген-

дей, Мәжіліс төрағасы Орал Байғонысұлы Мұхамеджановтың орны бөлек. Халқымыз «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» демей ме, Мәжілістегі ахуалдың қалыпты болуына, парламентшілердің етек-жеңді жинап ширақ жұмыс істеуіне оның қосып отырған үлесі тіпті сүбелі. Әріптестерім сияқты мен де ол кісінің сабырлылығына, кішіпейілділігіне, мәдениеттілігіне тәнті екенімді қайда болмасын, айтып жүремін. Бірде күтпеген жерден кездесе кеткен «Жас қазақтың» Астанадағы тілшісі Төлен Тілеубай «Төраға туралы не ойлайсыз?» деп жан алқымнан алғандай болғаны бар. Не ойлаймын, өзіме ұнайтын қасиеттерін жіпке тізе бастадым. 2008 жылы 11 қарашада «Егемен Қазақстаннан» белгілі қаламгер Төлен Әбдіковтің ол кісі туралы «Лауазым иелерінің ішінде менің өзім білетін, елге жаны ашитын, өзінің бойындағы әу баста Құдай берген тазалығын, кішіпейілдігін, кісілігін сақтап қалған, мансапқа есірмейтін, өзгермейтін азаматтардың бірі - бүгінде ел тағдырына қатысты өзекті мәселелерді шешуге тікелей араласып жүрген мемлекет қайраткері, Парламент Мәжілісінің Төрағасы Орал Мұхамеджанов» деген сөздерін оқығанда өзімнің қателеспегенімді түсіндім.

– Жарасбай Қабдоллаұлы, сіз Мәжілістің Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің мүшесіз ғой, осы деңгейде атқарылып жатқан жұмыстар туралы не айтар едіңіз?

– Парламент пәрменінің артуына, оның жұмысының тиімді ұйымдастырылуына Динар Нөкетаева басқаратын біздің комитеттің қосып отырған үлесі де аз емес. Біздің комитетіміз төртінші сессия басталғаннан бері 14 заң жобасын өз қарауына алса, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне отбасы үлгісіндегі балалар ауылы және жасөспірімдер үйлері мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы», «Ғылым туралы», «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ғылым мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы», «Назарбаев Университетінің мәртебесі туралы», «Назарбаев Зияткерлік мектептері» және «Назарбаев Қоры» туралы», «Қазақстан Республикасындағы зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының заңына өзгерістер енгізу туралы» заң жобалары Мәжілістің жалпы отырысында мақұлданып, Сенатқа тапсырылды.

Депутаттар Елбасының тапсырмасына сәйкес көші-қон саласындағы заңнамалық базаны одан әрі жетілдіруді, ішкі және сыртқы көші-қон ағындарын мемлекеттік реттеуді көздейтін, еліміздің ұлттық сәйкестігі мен қауіпсіздігін сақтау және дамыту шеңберінде заңсыз көші-қонды барынша қысқарту және селективтік көші-қонды қалыптастыру жолымен көші-қон процестерінің келеңсіз салдарын азайтуға бағытталған «Халықтың көші-қоны туралы» заң жобасы да белсенділікпен талқылауда. Бұл заң жобасында этникалық қазақтар мен олардың отбасы мүшелерін, сондай-ақ еліміздің экономикалық тұрғыдан перспективасы жоқ және экологиялық қолайсыз аумақтарында тұратын Қазақстан азаматтарын әлеуметтік қолдаудың қосымша шаралары да молынан қарастырылып отыр.

– Депутаттар Мәжілістің жалпы отырысының басында өздерінің сауалдарын жария етіп жатады. Сіз де сауалды жиі жасайсыз. Келіп жатқан жауаптарға көңіліңіз тола ма?

– Үстіміздегі сессияның алғашқы үш айында ғана біз түрлі мемлекеттік құрылымдардың басшыларына 237 сауал мен үндеу жолдадық. Таратып айтсақ, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысына 3, Премьер-Министрге 144, министрлерге 53, Бас прокурорға 20, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасына 4 сауал жолданды. Көтерілген мәселелердің басым бөлігі Мемлекет басшысының төртінші сайланған Қазақстан Республикасы Парламентінің IV сессиясының ашылуында депутаттардың алдына қойған және жыл сайынғы халыққа Жолдауынан туындайтын міндеттерді шешуге бағытталған. Әрине, уақытында жауап келеді. Соның бәрі көңілімізден шығып жатыр дей алмаймын. Қалай болғанда да, депутаттық сауалдың белгілі бір деңгейде істің жайына оң ықпал ететіні, қозғау салатыны сөзсіз. Демек, еңбегіміз далаға кетіп жатқан жоқ.

– Сайлаушылар арасында қаншалықты жиі боласыздар?

– Парламенттің регламентіне сәйкес депутаттар тоқсан сайын аймақтарға шығып, сайлаушылармен кездесіп тұрады. Ондағы басты мақсат – халықты жоғары өкілетті орган, Үкімет тындырып жатқан істерден хабардар ету. Осы кездесулердің барысында халықтың талап-тілектеріне де айрықша көңіл бөлеміз. Сондай-

ақ олар көтерген мәселелерді тиісті орындарға жеткізуді басты міндетіміз деп білеміз. Мәселен, өткен жылдың қараша айында Павлодар облысына барған сапарымда он бес шақты елді мекенде болып, 30 кездесу өткіздім, «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясының облыстық филиалында 12 сайлаушыны қабылдадым. Кейін олардың өтініштері бойынша Үкіметке бірнеше сауал жолдадым.

Сайлаушылар депутаттарға сенеді. Парламентке толассыз келіп жататын хаттар соның айғағы. Бұл ретте әріптесім Н. С. Сабильяновтың еңбегін ерекше атағым келеді. Нұртай Салихұлы – Парламенттегі өз сайлаушыларымен тығыз байланыс жасайтын депутаттардың бірі. 2009 жылы өз жерлестерінен 900 хат алған депутат өткен жылы хат жазып көмек сұраған 700 адамның тағдырына араласты. 2010 жылдың қорытындысы бойынша әріптесіміз «Алтын жүректі адам» деп танылғанда оның осы еңбегі де ескерілгені сөзсіз.

– Он бес жыл тарих үшін көп уақыт емес десек те, сіздің сөзіңізге қарағанда, ұлан-ғайыр істер тындырылған сияқты...

– Иә, он бес жыл – қас қағым сәт. Сүйініштісі сол, осы уақыттың ішінде небір күрделі кезеңдер мен сындарлы сәттерді бастан өткерген Қазақстан Парламенті іс үстінде қалыптасып, кемелденді, сындарлы тәжірибе жинақтады, Тұңғыш Президентіміз Н. Ә. Назарбаевтың тілімен айтсақ, еліміздің келбетін өзгерткен заңдар қабылдайтын деңгейге көтерілді.

Уақыт Елбасымыз ұстанған бағыттың дұрыс екенін дәлелдеп берді. Қазақстан санаулы жылдардың ішінде дүние жүзіне танымал әлеуетті елге айналды. Біз Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы және Азия елдері арасында бірінші болып Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына жетекшілік еттік. Осы беделді ұйымның мемлекет басшыларының қатысуымен Астанада өткен Саммит те еліміздің абырой-даңқын асқақтата түскені даусыз. Дегенмен, қол жеткенге тоқмейілсуге болмайды. Президентіміз атап көрсеткендей, «Қазақстан Тәуелсіздіктің үшінші онжылдығына лайықты қадам басуы үшін бізге әлі көп нәрсе істеуге тура келеді». Миллиондаған азаматтар өзінің азаматтық белсенділігін танытып, жаңа индустриялық Қазақстанды тұрғызуға қатысу үшін ұмтылуы, іспен айналысып, елдің дамуында өз орнын табуы керек. Еліміз үшін мәртебелі, соны-

мен қатар үлкен жауапкершілік жүктейтін осындай айрықша ауқымды істерден заңнамалық қызметі арқылы ұдайы халықтың мүддесін білдіріп, қорғап келе жатқан Парламенттің де шет қалмайтынына сенім зор.

– Әңгімеңізге рахмет! Депутаттық қызметіңізде абыройлы болыңыз және шығармашылық жолыңызға табыс тілейміз.

*Әңгімелескен Айбатыр СЕЙТАҚ.*

*ҚазАқпарат,  
1 ақпан 2011 жыл.*

## **«БІЗ БІРПАРТИЯЛЫ МӘЖІЛІСТІҢ СОҢҒЫ ДЕПУТАТЫ БОЛЫП ҚАЛАТЫН ШЫҒАРМЫЗ»**

– Халық сізді қоғамның өзекті де өткір мәселелерін қозғап жүрген белсенді депутаттың бірі ретінде таниды. Тәуелсіздік күнін нағыз ұлық мереке ретінде атап өту мәселесіне көңіліңіз толмай-тынын да ашық айтып, ол ойыңызды Үкімет алдына қойып жүрсіз. Содан бері бұл ұсынысыңызға мемлекет тарапынан жасалынған іс-шаралар бар ма? Биыл егемендігімізге жиырма жыл толмақ. Жалпы, Тәуелсіздік мерекесінің мерейін асырудағы тірліктер сізді қанағаттандыра ма?

– Иә, биылғы жыл – Қазақ елі үшін ерекше жыл. Алаштың айбыны асып, азат болғанына, қырандай қомданып, тұғырына қайта қонғанына жиырма жыл толғалы отыр. Бұл – қатардағы көп мерекенің бірі емес, бірегейі, табалдырықтан аттаған 2011 жылдың басты оқиғасы. Тәуелсіздік жылдары еліміз ғасырға пара-пар жолдан өтіп, жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанның абыройын асқақтату жолында ұлан-ғайыр істер тындырды. Ең бастысы, тарихи қысқа мерзімде ұлы даланың төсінде жаңа мемлекет құрылып, оның тиімді басқару құрылымдары қалыптасты. Ал, мұның өзі өміріміздің барлық салаларын жеделдете жаңғыртуға, елдігімізді нығайтып, болашаққа нық қадам жасауымызға жол ашты. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев атап көрсеткендей, «Тәуелсіздік біз үшін осындай үлкен маңызға ие... сондықтан да оны атап өтуді жоғары дәрежеде ұйымдастыруымыз қажет».

Десек те, айтулы жылдың алғашқы айлары өте шықты. Әйткенмен, тәуелсіздігіміздің жиырма жылдық мерейтойы айтулы дәрежеде атап өтуге бағытталған өзгеше шаралар ұйымдастырылып жатыр деп айта алмаймыз. Әлі «өйтеміз, бүйтеміз» деген сөзден аса алмай жатырмыз, нақты іс шамалы. Соған қарап, мені «алып-ұшып желтоқсан жеткенде, әдеттегі концерттермен шектеліп қалмасақ жарайды ғой» деген ой мазалайды. Біз үшін бәрінен де тәуелсіздіктің шын мәнін түсіну маңызды. Ол елімізге, халқымызға не берді? Бүгінгі шыққан



биігімізге қалай көтерілдік? Алда бізді не күтіп тұр? Осы сияқты сансыз сауалдарға жауап іздейтін сәт, бұл.

Биылғы әр күніміз «Тәуелсіздіктің 20 жылдығы – ел тарихының жарқын беті» ұранымен өтуге тиіс. Демек, ұлтты ұйытатын әрі жастарға ой салып, отансүйгіштік сезімін көтеретін іс-шаралар ұлық мерекенің ажарына айналғаны жөн. Осы жайларды ой таразысына сала келіп, жақында Үкімет басшысына тағы бір сауал жолдадым, онда жалпыға бірдей білім беретін мектептердің жоғары сынып оқушылары, студенттер арасында «Менің Отаным – Тәуелсіз Қазақстан!» деген тақырыпта шығармалар байқауын ұйымдастырып, мереке қарсаңында жеңімпаздарды лайықты марапаттау туралы тілегімді жеткіздім. Өйткені, тәуелсіздік – біздің ең басты құндылығымыз. Ынтымағы жарасқан елдің ұландары осыны терең сезініп, мерекеге әзірлік барысында өздерінің азаматтық белсенділіктерін танытуы керек. Бұл үшін тарих тереңіне ой жүгіртілуі қажет. Өткен-кеткенді екшеп, бар мен жоқты пайымдап, жеткен жетістік пен кеткен кемшілікті түгендеп, алда тұрған асқаралы асуларға бел шешіп, білек сыбана кірісуі қажет.

Тарихта есесі кеткен халықтың тәуелсіздік жылдары еңсесі тіктелді десек те, әлі шешімін таппаған, кезегін күтіп тұрған мәселелер аз емес. Бұл сөзімнің ономастика мәселесіне де тікелей қатысы бар. Өкінішке қарай, тәуелсіздік алғанымызға жиырма жыл өтсе де, жеріміздің, еліміздің тарихына үйлеспейтін, отарлық кезеңнен қалған атаулардан әлі арылып болған жоқпыз. Кешегі солақай саясат елжұртты салт-санасынан айырып, рухани тамырынан ажырату үшін алдымен жер-су аттарын өзгертті, халық санасында сан жылдар сіңісті болған атаулардың сырына үңілмей, ту-талақай етті, тарихқа, халыққа қиянат жасады. Енді, міне, ономастикалық жұмыстарды ұлттық мүддемізге сәйкестендірудің, оны Қазақстан тәуелсіздігінің бүгінгі рухани биігінен қайта қарап, тарихи әділеттілікті орнатудың сәті келген сияқты. Осыған орай сауалымда үстіміздегі жылы әр ауданда кем дегенде 20 елді мекенге ежелгі атауы қайтарылса, аудан орталықтарындағы, қалалардағы тым болмағанда 20 көшенің атауы қазақшаланса, еліміз төл нақыштарымен әжептәуір ажарланып қалар еді. Ономастика саясаты, ең алдымен, мемлекет тәуелсіздігіне, ел мен жерді ұлықтау идеясына қызмет етуі тиіс. Сонда ғана әр дәуірде туған

тілімізде хатталған ата-баба мұрасы жаңғырып, жеріміздің сәні кіреді, халқымыздың рухы күшейеді деген ойларды еске салдым.

– Балалардың өз-өзіне қол жұмсау оқиғаларының елімізде соңғы жылдары тым көбейіп кеткені, бұл қоғамдық дерттің өршуі бойынша Қазақстан әлемде үшінші орын алатыны туралы келтірген дерек-дәйегіңізден адам шошиды және алаңдаушылық туғызады. Бұл мәселені де Үкіметке, оның басшысы К. Мәсімовке тікелей сауал ретінде жолдағаныңыздан да хабардармыз. Осы сұрағыңыздың соңы сиырқұйымшақтанып кеткен жоқ па? Бұлай деуіміздің себебі, тиісті орындардан бұл жағдайға байланысты қолға алынып жатқан жайларды құлақ шалмады. Енді мұны өз аузыңыздан естісек...

– Бұл – шын мәнінде өте өзекті мәселе. Алғашында оның қоғам үшін, еліміздің болашағы үшін маңыздылығын ескере отырып, билік басшыларына Үндеу жолдамақ болдым. Кейін өз тілегімді сауал ретінде жеткіздім. Одан маңызы кеміп қалды деп ойламаймын. Бұл кесел бізге қайдан жабысты? Сырты бүтін, іші түтін балалар қайдан шығып жатыр? Олар бесіктен белі шықпай жатып неге өмірден түңілетін болды? Осы сияқты сансыз сауалдар кімді де болсын ойландыруға тиіс. Шыны сол, сауалым елеусіз қалған жоқ. Оған халық әлі де үн қосып, өз пікірлерін білдіріп жатыр. Үкімет басшысынан да жауап келді. Онда осы мәселеге байланысты алдағы кезеңде ауқымды шаралардың қолға алынатыны айтылған.

Дегенмен, біз сөзбен ғана іс бітпейтінін түсінуіміз керек. Меніңше, балалармен жұмыс істейтін адамдардың жауапкершілігін барынша арттыру қажет. Рас, депутаттық сауалда келтірілген оқиғалардың барлығы бойынша қылмыстық істер қозғалған. Бірақ, көбінің себебі ашылмай жұмбақ күйінде қалып қойған. Әдетте, жасөспірімнің неге осындай қадамға барғандығы жіті зерттелмейді, іске қатысы бар лауазымды адамдар оқыс оқиғаны тезірек ұмытуға тырысады, кінәлілерді сырттан іздейді. Ата-аналар кінәлі, мұғалімдер кінәлі, қоғам кінәлі деп құр даурыққанмен мәселе шешіле ме? Жоқ.

Мектептерде психологтар бар, мектеп инспекторлары жұмыс істейді. Алайда, олардың бәрінің бірдей білімі мен біліктілігі талапқа сәйкес келе бермейді. Бір сөзбен айтқанда, бұл жұмыстың ақсап жатқаны ақиқат. Сол сияқты, елімізде психикасы әлсіз адамдарға көмек көрсететін орталықтар ашуымыз керек. Бұл тек

балаларға ғана емес, ересектерге де аса қажет екенін уақыт дәлелдеп отыр. Жеке меншік психологтарға барып, емделуді көптеген отбасылардың, әсіресе, ауылды жерде тұратын адамдардың қалтасы көтере бермейді. Оның үстіне осындай қызмет болатынын көп адамдардың білетініне күмәнім бар.

Жасыратын ештеңе жоқ, халық арасында қылмыскерлер мектеп оқушыларына салық салады екен деген әңгіме бар. Олай болса, оған құқық қорғау органдары неге араласпайды? Мектептегі инспектор не бітіріп жүр? Олардың кейбіреулері жағдайдан хабардар болса да «көрмес түйені де көрмес» дегендей, ештеңеге араласпайтын, ал оқушы шағым айтып барса, арыз жаз дейтін көрінеді. Қаншама бала көз жұмды? Сол үшін кім жауапкершілікке тартылды? Ондай адамды таппайсыз. Қайғылы оқиғалардың зардабын ата-аналар ғана тартып отыр. Бұл дұрыс емес.

Жас балалардың өздеріне өздерінің қол көтеруі – бұл — қоғамның қайғысы. Демек, оны одан әрі бақылаусыз қалдыруға болмайды, жастар ортасын сауықтыруды жедел қолға алуымыз керек. Осы проблеманы жан-жақты зерттеп, нақты шаралар белгілеу және оларды дәйектілікпен жүзеге асыруға күш жұмылдыруымыз керек. Бұл істерді Үкімет үйлестіруі тиіс.

– Солтүстік Қазақстан облысының орталығы – Петропавлға өзінің бұрынғы тарихи Қызылжар атын қайтару жөнінде жұрт назарын аударған бастамаңызды зяғына дейін жеткізу жайы қалай болып жатыр? Қалың көпшілік сіздің бұл ұсынысыңызды, көтерген мәселеңізді қолдайтыны анық. Өзіңіздің бастамаңыздың нәтижесіз қалғанын қаламайтын боларсыз?

– Өткен жылдың соңына таман Премьер-Министрдің атына Петропавлдың тарихи «Қызылжар» атауын қайтару жөнінде жолданған депутаттық сауалдың қоғамда үлкен резонанс тудырғаны белгілі. Қалай дегенмен де, орынды көтерілген мәселе. Егер Петропавл қаласына Қызылжар атауын қайтарып жатса, бұл Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығына айтарлықтай сый болмас па еді? Алайда, бұл бірден шешіле қоятын мәселе болмай тұр. Депутаттық сауалыма Премьер-Министрден жауап келді және ол жауапта ешқандай теріс ой жоқ. Мәсімовтің жауабындағы «...Қызылжар қаласына тарихи атауын қайтару...» деген жолдардың өзі көңілге

үміт ұялатады. Үкімет басшысының жауабында мәселені шешу жолдары көрсетілген, бұл үшін біршама түсіндіру және насихат жұмыстарының жүргізілу қажеттігі айтылған. Қызылжарлықтарға бұл мәселе түсіндіріліп те жатыр. Әрине, өзіңіз де жақсы білесіз, солтүстікте қазақ бауырларымыздың аздығынан мәселенің шешілуі ұзаққа созылып барады. Бірақ біз қарап отырған жоқпыз, көтерілген мәселені аяғына дейін жеткізудің жолдарын іздестіріп жатырмыз. Жалпы, өз басым көп ұзамай Петропавлдың Қызылжар атанатынына қатты сенемін. Әрине, бұл іске барлығымыз бірдей атсалысуымыз қажет-ақ.

– Парламенттегі екі журналистің бірісіз. Еліміздің заң шығарушы органының қазіргі өкілі болып жүрсеңіз де БАҚ-тың байырғы маманы ретінде сізді бүгінгі отандық ақпарат құралдарында қандай мәселелер толғандырады? Осы салада жүрген әріптестердің жай-күйі ше? Ұлттық БАҚ-тардың, журналистердің белсенділігі, беделі, білігі орыстілділерге қарағанда төмен деп айтылып қалатын ой-пікірге қалай қарайсыз?

– Өте орынды сауал. Қазақтың біртуар ұлдарының бірі Ахмет Байтұрсыновтан қалған: «Қай ұлттың баспасөзі мықты болса, сол ұлттың өзі де мықты» – деген сөз бар. Тәуелсіздік алған жылдан бері біздің еліміздің қоғамдық-саяси және экономикалық-әлеуметтік өмірінде ірі реформалар жүзеге асырылса, бұл өзгерістер ақпарат әлемін де айналып өткен жоқ. Нақты айтсақ, жаңа бағыт, жаңа сарындағы БАҚ нарығы дүниеге келді. Сөйтіп, мемлекеттік БАҚ-пен қатар, оппозициялық, тәуелсіз және салалық сипаттағы БАҚ өзара бәсекелестікке түсті. Ал бұл үдеріс, әрине, БАҚ алаңындағы ақпараттардың берілу әдістерімен қатар, олардың өңделуіне, бұқараға жеткізу және ұсыну сипатына ықпал етіп келеді.

Міне, осылай қоғамымыздағы сөз бен шығармашылық еркіндікке конституциялық кепілдіктің берілуі қазағымыздың ұлттық мүддесін қорғауға, қолдауға және жүзеге асыруға тиісті бұқаралық ақпарат құралдарының шапшаң дамуына жол ашты, оған деген мемлекеттік монополияны жойды. Қолда бар деректерге сүйенсек, қазір республикада 2994 бұқаралық ақпарат құралы, оның ішінде 1863 газет және 863 журнал, 257 телерадиокомпания

бар. Салаға жаңа толқын, еркін ойлайтын көзқарас келді. Демек, қазақ баспасөзі жаңа мазмұнмен байи түсті деуге негіз бар.

Бірақ, мәселе санда ғана емес екенін жақсы білеміз. Сапа қалай? Осы сауалдың төңірегінде ойлануға тура келеді. «Қазақ баспасөзі қоғамдағы құбылыстарға, билік пен халық арасындағы жаңа қарым-қатынастарға ескі көзқарастармен қараудан арылмай отыр. Өзгелерді қайталаумен шектелуде, тың идеялар өте аз, қазақ тілді журналистер шетінен көбік сөзді сапыра береді, қазіргі қазақ баспасөзінде бұқараның менталитеті мен саяси белсенділігін арттыра алатындай қауқар жоқ, қазақ журналистері халықты рухани өсірмейді, жазғандары оқуға тұрмайды» деушілер де жоқ емес. Өткен жылдың аяғында Болат Атабаев деген бауырымыз осындай сөздерді карша боратып, қазақ журналистерінің ойы қасаң, тіпті, жөні түзу сұрақ та қоя алмайды деп бүкіл елге жар салғаны есіңізде болар. Соған газет шығарамыз, радио, теледидар хабарларын жасаймыз деп ақ тер, көк тер болып жүрген әріптестеріміздің біреуі «е» деді ме? Жоқ. Жұмған ауыздарын ашпады. Соған қарағанда, қазақ баспасөзінің жайы мәз емес деген сөздердің жаны бар-ау деп қаласың.

Қазіргі бұқаралық ақпарат құралдары кімді мақтамайды? Кімді даттамайды? Талғам, талап деген жоқ. «Сын түзелмей, мін түзелмейді» дегенді де ұмыттық. Газеттердің атауы бөлек болғанмен, мазмұнында айырмашылық шамалы, талдау, зерттеу мақалалар сирек беріледі, журналистер көбіне интернет деректерін пайдаланады. Жүректен шықпаған сөз жүрекке жетпей жатады.

Көптеген басылымдар өз оқырмандарының талап-тілегін ескермей, түкке тұрмайтын бірдеңелерді ұсына береді. Мәселен, ерте-ректе журналист бір мақала жазу үшін ізденіп, көптеген деректерді ой елегінен өткізіп, табанынан тозып, тер төгетін. Қазір мұның бәрі қалды, кім не айтса, соны жаза салу әдетке айналып барады. Сөйтіп, өздерінің де, өзі қызмет істейтін басылымның да беделін түсіріп жүрген әріптестеріміз көбейіп кетті.

Қазақ баспасөзі үшін тағы бір күрделі мәселе — аумақтық тұтастығымызды қамтамасыз ету еліміз үшін қандай маңызды болса, ақпараттық кеңістігіміздің қауіпсіздігін сақтау да соншалықты

өзекті болып табылатынын түсінуіміз керек. Қынжыларлығы сол, осы бағытта атқарылып жатқан шараларға да көңіл толмайды. Жоғарыда қазіргі таңда Қазақстанда қанша бұқаралық ақпарат құралы тіркелгенін айттық. Көршілес Ресейден келетін 5248 газет-журнал тағы бар. Есептеп көрсеңіз, елімізде тарайтын жалпы саны сегіз мыңға жуық БАҚ-тың 7551-і орыс тілінде де, 453-і ғана қазақ тілінде екен. Сонда ел аумағында тарайтын қазақ тілді БАҚ-тың үлесі алты пайызға да жетпейтін көрінеді. Мұндай жағдайда қандай ақпараттық қауіпсіздік жөнінде сөз қозғауға болады? Сайып келгенде, мұның өзі біздің елімізде ұлттық ақпарат кеңістігі әлі қалыптаса алмай отырғанын көрсетеді.

«Қазақстанның бұқаралық ақпарат құралдары ресейлік аудиториямен күресу үшін бәсекеге қабілетті болуы тиіс...» деп мұндай жағдайды Премьер-Министр Кәрім Мәсімовтің де мойындағаны бар. Ол Астанада өткен «Электронды үкімет-2009» бастамасы» атты 4-ші халықаралық конференцияда: «Егер барлығы да ойдағыдай болса, онда Ресей мен Қазақстан таяу арада бір Кедендік одақта өмір сүретін болады. Келесі қадам – бірыңғай экономикалық кеңістік. Іс жүзінде қазірдің өзінде біз бірыңғай ақпараттық кеңістікте өмір сүріп отырмыз. Егер әлеуметтік сауалнамаларға көз жүгіртетін болсақ, Қазақстан халқының 55 пайызы ресейлік ақпараттық кеңістікте өмір сүреді. Біздің өз контингентіміз және ақпараттық кеңістігіміз бәсекеге қабілетті болуы тиіс» деген болатын. Кеден одағына кірдік. Жағдай өзгерді ме? Жоқ. Қазақ баспасөзінің бәсекеге қабілеттілігін қалай күшейтеміз? Ол үшін алғышарттар жасалған ба? Тағы да күмілжуге тура келеді. «Домбырам не дейді, мен не дейміннің» кері.

Ұлттық мүдде дегенде еске түседі, өткен жылы бір топ депутат Түркияға барған сапарымызда «Заман» газетінің редакциясында болдық. Газеттің таралымы 800 мыңдай екен. Таңқалдық. «Қалай таратасыздар?» деп сұрадық. Олар бізді түсінбеді, газет оқырмандарының саны жылдан-жылға өсіп келе жатқанын айтты. Әңгіме барысында басылым басшысы көптеген елдерде меншікті тілші ұстайтындарын, алдағы кезеңде олардың саны көбейе түсетінін айтып қалды. «Бұл қыруар қаржы ғой» деп едік. «Ұлттық мүддеге келгенде біз ақша санамаймыз, кез келген ел ақпаратты өз

мүддесін ескере отырып таратады, ал ол біздің оқырмандарымызды адастырады» деп күлді. Шынында да, ойланарлық жай, біз болсақ, кез келген елдің агенттіктеріне сілтеме жасап ұра береміз.

– Соңғы кезде ел арасында қоспалаталы Парламенттің, халықтың мұң-мұқтажын тиісті жерге жеткізе алатын бірден-бір алтын көпір – депутаттардың абыройы бұрынғыдан төмендеп барады деген сөздер айтылып қалатыны да рас. Бұған себеп бар ма? Жалпы, осы жөніндегі көзқарасыңызбен бөліссеніз.

– Бұл пікірге түбегейлі қосылуға болмас. Кез келген мәселеге көзқарастың бірдей болмайтыны белгілі. Парламент депутаттарының қызметі жайлы да халық әртүрлі ой айтып жатады. Әрине, қанша өстік, жетілдік десек те, әлі түйіні тарқатылмаған мәселелер аз емес. Оған уақыт керек, сосын алда тұрған міндеттерді шешуге бәріміз жұдырықтай жұмылуымыз керек.

Біз кеңестік кезеңнің «шекпенінен» шыққан адамдармыз ғой, сол кездегі жағдайды да білеміз, қазір ондай үрей жоқ, ойыңдағыны ірікпей, ашық айтуға болады. Өз басым неше түрлі қуыршақ қозғалыстар мен партияларға қарсы адаммын, Абай атамыздың «Бас-басына би болған өңкей қықым...» деген сөздері көкейімнен кетпейді. Халқымызға, қазағымызға қызмет етеміз, солардың мүддесін қорғаймыз десек, сындарлы тетіктер аз емес қой. Ешқандай даңғазалыққа салынбай, соларды тиімді пайдалана алсақ, көп мәселенің оңтайлы шешімін табуға болады деп ойлаймын.

Мәжіліс өз жұмысын ойдағыдай атқарып жатыр. Әсіресе, дағдарыс есік қаққанда көп іс тындырды, қажетті заңдарды уақытында қабылдап, Үкіметтің қиыншылықтармен күресуіне, нақты шаралар белгілеуіне жол ашты. Ал енді, белгілі, белгісіз депутаттар дегенге келсек, мұны әртүрлі түсінуге болады.

– Қазір сіз тізіммен сайланған бірпартиялы Парламенттің мүшесісіз. Ал, оның көппартиялы болуына қарсылар да табылады. Өзіңіз қайсысына қосылар едіңіз?

– Қазіргі Мәжілістің кілең «Нұр Отан» партиясының мүшелерінен жасақталғаны рас. Бірақ, одан «депутаттар бірінің аузына бірі қарап отыр, бірінің айтқанынан бірі шықпайды» деген ұғым тумаса керек. Мәжіліс қабырғасында, әсіресе, жұмыс топтарында, кез келген мәселе қызу және жан-жақты талқыланады.

Біз Қазақстан тарихында бірінші және соңғы бірпартиялы Мәжілістің депутаттары болып қалатын шығармыз. Мәжілістің келесі шақырылымы міндетті түрде көппартиялы болады, саяси бәсекелестік күшейеді. Оған байланысты біз заң қабылдадық. Бұдан кейін бірпартиялы Парламент болмайды. Жалпы, Парламентте бірнеше партия өкілдерінің қатар жұмыс істегені дұрыс деп ойлаймын. Тек, соған оппозицияның дайындығы жоқ сияқты көрінеді маған.

– Бүгінгі Парламент негізінен бірпартиялы бола тұра, оның өкілдерінің пікір қайшылығын, кейде бір-бірін қолдамайтынын байқау қиын емес. Бір партияның мақсаты да ортақ деген ұғым бар. Сонда жоғарыда айтқан бір мәселедегі келіспеушілік бір мүддеден бөлінушілікті аңғартпай ма?

– Иә, әріптестердің ойлары бір арнада тоғыспай жататын кездер де жиі болады. Кез келген мәселеге әркімнің өз көзқарасы бар. Бірақ одан партия мүшелеріне ортақ мүдде жоқ деген ұғым тумасқа тиіс. Біздің басты мақсатымыз – халыққа, еліміздің одан әрі гүлденуіне қызмет ету.

– Парламент Мәжілісінің соңғы отырысында Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығына сәйкес жаңа туған нәрестенің әрқайсысына 50 мың теңге көлемінде сыйақы беру жөнінде мәселе көтердіңіз. Жалпы, сізді балалар мәселесі қатты толғандырып жүргенін байқаймыз. Мұның себебі неде?

– Балалар – біздің еліміздің болашағы. Оларды қалай тәрбиелесек, қандай жақсылықтар жасасақ, ертең соның бәрі алдымыздан шығады. Өкінішке қарай, бұл орайда да шешімін таппаған мәселелер аз емес. Ал, соңғы сауалыңа келетін болсақ, Елбасы бір сөзінде «Тәуелсіздіктің 20 жылдық тойы – той тойлау үшін емес, тағылым алу үшін керек» деген еді. Демек, ұлтты ұйытатын әрі жастарға ой салып, отансүйгіштік сезімін көтеретін іс-шаралар ұлық мерекенің ажарына айналғаны жөн. Мәселен, биыл дүниеге келген сәбилерге кәдімгі куәліктерден өзгеше жасалған, мерекелік нақышталған тууы туралы куәліктер, ескерткіш белгілер тапсырылып, әр сәбиге берілетін бір реттік мемлекеттік жәрдемақыға қосымша 50 мың теңге көлемінде арнайы сый тағайындалса... Бұл еліміздің болашағы саналатын бүлдіршіндеріміздің бойында



– Әрине, олай емес. Мен бұл жұмысты әлі де жалғастырып жатырмын. Қызылжарлықтарға бұл мәселе түсіндіріліп те жатыр. Әрине, солтүстің өңірде қазақ бауырларымыздың аздығынан, мәселенің шешілуі ұзаққа созылып барады. Бірақ көп ұзамай Петропавл Қызылжар атауын қайтарып алады деп үміттенемін. Бұл іске барлығымыз бірдей атсалысуымыз қажет-ақ.

– Шынында да солтүстік облыстарда қазақтар аз және бар қазақтың өздерінің көбі орыстанып кеткен. Бұл мәселені шеттен келіп жатқан қандастарымызды солтүстік облыстарға орналастыру арқылы шешуге болмас па еді?

– Әрине, бұл да мәселені шешуді оңайлатудың бір жолы ғой. Және оралмандарды солтүстік облыстарға орналастыру ісі жүріп те жатыр. Мәселен, Солтүстік Қазақстан облысындағы Қызылжар ауданында оралмандар қоныстанған Бәйтерек ауылы бар. Десек те, шеттен келген қандастарымыз көбіне оңтүстік облыстарға тұрақтануға тырысады. Бұған ауа райының қолайлылығы да себеп шығар. Бірақ оңтүстікте халық тығыз орналасқан, сондықтан онда жұмыс та оңайлықпен табыла қоймайды. Ал солтүстікте халық аз да, қашанда жұмысшыға, маманға зәрулік байқалады. Сондықтан, біз елге келіп жатқан қандастарымызға дұрыс түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, оларды солтүстік облыстарға орналастыруға үгіттеуіміз қажет.

-- Оралмандардың көпшілігінің ауыл шаруашылығымен айналысатынын ескерсек, солтүстікте ауыл шаруашылығының негізгі көзі – егін шаруашылығы. Бірақ былтырлары қуаңшылық әсерінен бидай дұрыс өнім бермеді, биыл да құрғақшылық болады деген болжамдар бар. Сонымен қатар, жинап алған бидайларын өткізетін қамба таппай, далада шірітіп алған шаруалар да бар ғой, алдымен осы мәселені шешу керек емес пе?

– Биыл құрғақшылық болуы мүмкін деген болжамды мен естіген жоқпын, қазір Солтүстік Қазақстан облысында қар қалың. Сондықтан, ондағы шаруалардан мұндай алаңдаушылықты естігенім жоқ. Оның үстіне, диқандар бұл күнде соңғы технологияларды пайдалануда, соның арқасында табиғатқа соншалықты тәуелді емес. Былтырғы жылы да 20-25 центнерден астық жинады, бұл жаман көрсеткіш емес. Сонымен қатар, жинаған астықтарын қамбаларға жеткізу жағынан да Солтүстік Қазақстан облысында проблема бола

қоймаған және бола қояды деу де қисынға келе қоймас. Себебі, онда астық қабылдайтын қамбалар жеткілікті дәрежеде. Мұндай мәселелер негізінен Қостанай, Ақмола облыстарында туындаған болатын. Үкімет ондағы мәселелерді шешу үшін қолдан келген шараларды атқаруда. Сондықтан, шаруашылықпен айналысамын деушілерге алаңдауға негіз жоқ деп ойлаймын.

– Оралмандар мәселесін одан ары жалғастырсақ. Былтырғы жылдың соңында көші-қон комитетінің тарап, негізгі атқаратын қызметінің Ішкі істер министрлігіне өткені белгілі. Бұған дейін көші-қон саласының жеке агенттік немесе министрлік болуын сұрап жүргенде, «Тоқал ешкі мүйіз сұраймын деп сақалынан айырылыптының» кебін кидік. Оның үстіне Ішкі істер министрлігінің ең жемқорлыққа батқан салалардың бірі екендігі баршаға аян. Елбасымыздың өзі мұны растағандай, аталмыш салаға қызметкерлерді жалғандық детекторынан сынақтан өткізіп барып қабылдауды ұсынды. Осындай жемқорлыққа батқан салаға көші-қон қызметін беру онсыз да түйткілді мәселелері көп оралмандар жағдайын одан сайын тығырыққа тіремей ме?

– Өкінішке қарай, бүгінде жемқорлық қай салада болмасын кездесуде. Әрине, сенің Ішкі істер саласын жемқорлыққа батқан сала деп көрсетуіңе келісуге де болатын шығар, бірақ, соңғы жүріп жатқан реформалар бұл салаға оңды нәтиже әкеледі деп үміттенеміз. Көші-қон саласына келсек, комитеттің мұның алдында Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің құрамында болғаны белгілі. Бірақ бұл ведомство да түйткілді мәселелерді дұрыс шеше алмай отырғандығы белгілі болған. Осыдан келіп бұл сала Ішкі істер министрлігіне өтті. Көші-қон – күрделі сала. Бұл тек оралмандар мәселесімен ғана емес, сонымен қатар заңсыз миграциямен, ел ішіндегі миграциямен де айналысады, оның ішінде, урбанизация мәселесі де бар.

Бүгінде біз Көші-қон туралы жаңа заң жобасын дайындап жатырмыз. Мен сол жұмысшы топтың жетекшісімін. Осы заң қабылданған жағдайда, оралмандардың да біршама мәселелері оңды шешімін табады деп ойлаймын.

– Бұл заң жобасының қазіргі қолданыстағы заңнан қандай өзгешеліктері бар және оралмандарға қандай пайдалы тұстарын атап өтесіз?

– Заң жобасы әлі дайын болмағандықтан, бұл туралы айту әлі ерте деп ойлаймын. Біз барынша қандастарымыздың мүддесін қорғауға тырысатын боламыз. Бұл заң жобасын маусымға дейін дайындау жоспарланған.

– Маусымнан кейін демалысқа кетесіздер, демек жаңа заң жобасы күзде қабылдануы мүмкін ғой?

– Жоқ, күзге қалмайды, маусым айында, тіпті одан бұрын да бұл заң жобасын қабылдайтын шығармыз. Маусым айына дейін дайындау жоспарланғанмен, жұмысты бұдан ертерек аяқтап, жоба Парламенттің қабылдауына ұсынылуы мүмкін.

– Биыл Тәуелсіздігімізге 20 жыл. Елбасымыз өткен желтоқсанның 16-сынан бастап-ақ осынау айтулы шараға дайындық жұмыстарын бастауды тапсырған болатын. Бірақ, үнемі Тәуелсіздік мерекесінің Жаңа жылдың көлеңкесінде қалып қоятынына үйренген басымыз тағы да сол жағдай қайталанбай ма деп қауіптеніп жүргеніміз жасырын емес. Сіз бұған не дейсіз?

– Расында да, Тәуелсіздік мерекесі келмей тұрып-ақ Жаңа жылға дайындық қызу басталып кетіп жүр және бұл эттеген-ай жағдайлар БАҚ-тарда да аз айтылып жүрген жоқ. Депутаттар тарапынан да бұл мәселе көтерілді. Сондықтан, алдағы уақытта жақсы жағына қарай өзгерістер орын алады деп сенеміз.

Елбасымыздың өзі Тәуелсіздіктің 20 жылдығы қарсаңындағы жылды той тойлаумен емес, ой ойлаумен өткізу қажеттігін шегелеп айтты ғой. Демек, 20 жылдықты бір-екі күндік тойлаумен шатастырмаған жөн. Біз өткенімізді саралап, алдағы уақытқа нақты мақсаттар қойып, ел игілігіне, болашақ игілігіне жарайтын айтулы еңбектер жасауымыз керек. Мерекеге осындай дайындықпен баруымыз қажет деп санаймын.

– Уақыт бөліп сұхбат бергеніңіз үшін көп рахмет! Ел үшін қызмет ете беріңіздер!

*Әңгімелескен  
Ербол МОЛДАБЕКҰЛЫ.*

*«Ел» газеті,  
1 ақпан 2011 жыл.*

## **КӨК БАЙРАҚТЫҢ АСТЫНДА БІРІГУГЕ КІМ ҚАРСЫ?**

Өткен жылдың қыркүйек айында Парламент Мәжілісінің депутаты Берік Бекжанов «Айқын» газетінде (07. 09. 10) жарияланған «Біз Көк тулы мемлекетпіз бе, әлде көп тулы мемлекетпіз бе?» деген мақалаға байланысты Үкімет басшысы Кәрім Мәсімовке депутаттық сауал жолдаған болатын.

Биыл Қазақстан Тәуелсіздігінің 20 жылдығы аталып өтетінін ескерсек, мұндай келеңсіз жайттардың кездесуі ұлттық идентификация тұрғысынан біздің әлі де бір ту – Көк байрақтың астында біріге алмауымызды білдіре ме? Мойындалмаған елдің туын көтеретіндер қаншалықты өздерін Қазақстан азаматымын деп санайды?

Жарасбай СҮЛЕЙМЕНОВ, Мәжіліс депутаты:

– Қазақстанда «Мемлекеттік рәміздер туралы» арнайы заң бар. Бұл заң талаптарының орындалуын үнемі қадағалап отыру керек. Жалпы, бұл мәселе «мен қазақпын, Қазақстан азаматымын» деп, елді, мемлекеттік рәміздерді құрметтейтін барша азаматтарға қатысты. Сондықтан мемлекеттік рәміздердің қолданылуына қатысты талаптардың орындалуына баршамыз бірдей атсалысуымыз тиіс.

Менінше, мұны қадағалауға прокуратура органдары ерекше назар аудармаса болмайды. Егер меншік иелері, жеке тұлғалар тиісті талаптарды бұзып жатса, оларды жауапкершілікке тарту керек. Мұның бәрі заңмен қарастырылған. Қазақстанның ресми Туы, Әнұраны, Елтаңбасы бар. Біз күнделікті өмірде осы мемлекеттік рәміздерді насихаттауымыз керек. Өкінішке қарай, бізде тек ұйғырдың жалауын ғана емес, басқа да елдердің туларын көліктеріне іліп жүретін азаматтар бар. Ал бұған адамның жеке ісі деп қарауға тағы болмас. Қазақстанда тұрып жатқан соң, жергілікті ұстанымдарға бағынып, мемлекеттік рәміздерді құрметтеу міндет.

- Сіздің ойыңызша, өткен 20 жыл ішінде қазақстандықтар қазақ

бола алды ма? Әртүрлі тулардың кездесуі біздің бір Ту аясында біріге алмағанымызды аңғарта ма?

– Бұл – өтпелі кезеңде болатын жағдай. Түптің-түбінде боламыз, бірақ қазірше біз «біртұтас қазақстандық» бола алдық деп айта алмаймыз. Меніңше, басқаларды айтпағанның өзінде қазақтың өз арасында біртұтастық жоқ секілді... Халық тілге де, дінге де бөлініп жатыр. Ел боламыз десек, біртұтас ұлт болып ұйысуымыз керек. Бұл бағытта жасалып жатқан жұмыстар да бар. Мұның бәрін жоққа шығаруға болмайды. Дегенмен, әрбір азаматтың жүрегінде ұлтқа, Отанға деген сүйіспеншілік отын тұтандыра алмай жатырмыз ба, әйтеуір, бас біріктіруімізге әлі де уақыт керек.

– Ал түптің, түбінде қазақтар қазақстандық болуы керек пе, әлде қазақстандықтар қазақ болуы керек пе?

– Негізінде, қазақстандықтар қазақ болуы керек. Кеше теледидардан бір хабар көргенім бар. Басқа ұлттың бір өкілі Қазақстаннан Еуропаға барып келіпті. Еуропада мемлекеттілік ұстаным бұрыннан басым. Содан болар, Қазақстаннан келген кез келген азамат олар үшін қазақ болып саналады. Бұл бүкіл әлемде бар жағдай: Ресейде тұрғанның бәрі орыс, сол сияқты Америка азаматтары – ұлтына қарамастан америкалықтар. Еуропаның өзі Қазақстанда тұрып жатқан барша ұлыс өкілдерін қазақ деп санама, неге біз соған ұмтылмаймыз?! Меніңше, елдің, ұлттың беделі өскен сайын біз үлкен күш аламыз. Әрине, мұнда тұратынның бәрі қазақ болып кетпесе де, басқа елдер үшін қазақ болып аталады. Қазір оның алғашқы қадамдары жасалып жатыр. Біз соған жетеміз. Қазақстандық емес, қазақ болуымыз керек.

– Яғни бір Ту аясында ғана бірігуіміз керек қой...

– Әрине, сөз жоқ, солай. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Туы ретінде таңдап алынған, заң жүзінде бекітілген Көк байрағымыздың астында өмір сүріп, топтасуымыз керек.

*Әңгімелескен  
Кәмшат ТАСБОЛАТ.*

*«Айқын» газеті,  
17 мамыр 2011 жыл*

## **ЕНДІ ЭТНИКАЛЫҚ ҚАЗАҚТАР ӨЗДЕРІН КӨШІП КЕЛУ КВОТАСЫНА ҚОСУ ТУРАЛЫ ТҰРЫП ЖАТҚАН ЕЛІНДЕ ӨТІНІШ ЖАСАЙ АЛАДЫ**

25 мамыр күні өткен Мәжілістің жалпы отырысында «Халықтың көші-қоны туралы» заң жобасы екінші оқылымда мақұлданды.

Заң жобасы бойынша жұмыс тобының жетекшісі, депутат, жазушы Жарасбай Сүлейменов қоғамның осы бір күрделі саласы туралы және оны заңмен реттеу мәселелері жайлы ойларын ортаға салды.

– Жарасбай Қабдоллаұлы, көші-қон мәселесі әлемдегі барлық елді де алаңдатпай қоймайды десек, артық айтпағандық болар. Көші-қон саласындағы заңнаманы жетілдірудің түп-төркініне тоқталып өтсеңіз?

– Тағдырдың тәлкегімен тарыдай шашырап, қуғын-сүргінді көп көрген, көші-қонның зардабын көп шеккен қонағын құдайдай сыйлаған, құшағы кең қазақ халқының қайырымдылыққа, бауырмалдыққа негізделген, жүрегіне жазылған өз заңы бар. Содан да халқымыз белгілі бір себептермен уақытша немесе тұрақты мекен ретінде біздің елді таңдағандарды ешқашан шет қақпаған. Кезінде Қазақстанға қуғын-сүргінмен келгендер аз болған жоқ. Мысалы, Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында Қазақстанға кәрістер, еврейлер, орыстар, немістер жер аударылса, соғыс басталғаннан кейін олардың қатарына шешендер, ингуштер, басқа да кавказдықтар қосылды. Ал соғыс аяқталғаннан кейін тың игеруге, кеңестік өнеркәсіптің дамуына байланысты тағы да қыруар халық Қазақстанға ағылды. Солардың бәрі осы жерге бауыр басып кетті.

Өкінішке қарай, қазір белгілі болып отырғанындай, XX ғасырдың басындағы шаруаларды жоспарлы түрде Қазақстанға көшіру, Столыпіндік аграрлық реформалар қазақтардың өз жерлерінен ығыстырылып қана қоймай, тоналуына, аштыққа ұшырауына әкеліп соқтырды. Сөйтіп, көші-қон саласындағы солақай саясат халқымызға соққы болып тиді, қазақ ұлтының дербестігіне, ұлттық

біртұтастығына және мемлекеттігіне, дініне, тілі мен діліне қауіп төндірді. Демек, нақ сол кезде Әлихан Бөкейханұлы, Міржақып Дулатұлы, Мұстафа Шоқай, Смағұл Сәдуақасұлы сынды Алаш ардақтыларының келімсектердің жерімізге есепсіз көп мөлшерде қоныстануы, түбі жақсылыққа апармайтынын айтып дабыл қағуы орынды, елдің, ұрпақтың болашағын ойлағандық еді. Міне, осы тұрғыдан алғанда, тәуелсіз ел болғаннан кейін көші-қон саясатының еліміздің ұлттық қауіпсіздігінің басымдығы ретінде айқындалуын Елбасының көрегендігі деп бағалауымыз керек.

– Дегенмен, қазір де арқаны кеңге салып отыруға болмайтын шығар?

– Иә, дұрыс айтасыз. Түрлі себептермен қоныс аударуға мәжбүрлік қазір де сақталып отыр. Осындай жағдайда экономикасы серпінді дамып отырған, жүзден астам ұлт өкілдері тату-тәтті өмір сүріп жатқан Қазақстаннан пана іздеп, сая тапқысы келетіндер аз емес. Болжамдарға қарағанда, алдағы уақыттарда олардың саны көбеймесе, азаймайды. Міне, осының бәрі бізден көші-қон саласындағы заңнаманы одан әрі жетілдіруді талап етеді.

Жуырда мақұлданған заң жобасында көшіп-қонушылардың тең құқықтарын іске асыру, процедураларды жеңілдету және тездету, сондай-ақ олардың айқындығы мақсатында заң жобасында көшіп келушілердің келуін реттеу тетігін белгілеу көзделген.

Көші-қон процесінің мониторингі, болжау және жоспарлау мүмкіндігін кеңейту үшін заң жобасында көшіп-қонушылардың бірыңғай деректер банкіні құру көзделеді.

Заң жобасында сондай-ақ заңсыз көші-қонның алдын алуға және көші-қон саласындағы заңнамасын бұзғаны үшін жауапкершілікті күшейтуге бағытталған нормалар бар.

– Еліміздегі көші-қон заңнамасының қалыптасуы туралы айтып өтсеңіз?

– Қазақстан Республикасының қолданыстағы көші-қон заңнамасы 1990 жылдардың басы мен ортасында қалыптаса бастады. Сол жылдары осы саладағы негізгі заңнамалық актілер қабылданды. 1991 жылғы желтоқсанда «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» Заң, 1992 жылы «Көші-қон туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Сондай-ақ, 1995 жылғы маусымда «Қазақстан

Республикасындағы шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы» Қазақстан Республикасының Президентінің Заң күші бар Жарлығы, 1996 жылғы қыркүйекте Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының азаматтығына байланысты мәселелерді қарау тәртібі туралы» Жарлығы шықты.

Біздің елімізде көші-қон процесін реттеудің құқықтық базасы тиісінше қалыптасқан деуге толық негіз бар. Дегенмен, бұл орайда заман талабы әрдайым ескеріліп отырылуға тиіс.

Көші-қон процесін заңнамалық тұрғыдан реттеп отыру, әсіресе, бүгінгідей жаһандану заманында өте маңызды. Жоғарыда айтқанымдай, біздің елімізде бұл бағытта атқаралып жатқан істер аз емес. Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 28 тамыздағы Жарлығымен мақұлданған Қазақстан Республикасы Көші-қон саясатының 2007-2015 жылдарға арналған тұжырымдасын іске асыру мақсатында әзірленген «Халықтың көші-қоны туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көші-қон мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобаларының дайындалып, Мәжілісте жан-жақты талқылаудан өтіп, екінші оқылымда мақұлданыуы, міне, осының бір көрінісі болып табылады.

– Бұл заң жобасы бұрынғы заңнан несімен өзгереді?

– «Халықтың көші-қоны туралы» қолданыстағы Заң 1997 жылы қабылданған болатын. Содан бері едәуір уақыт өтті. Осы уақыт ішінде қоғам өмірінің барлық салалары айтарлықтар өзгерістерге ұшырады. Оның көші-қонға да тікелей қатысы бар. Мәселен, мәліметтерге қарағанда, соңғы бес жылда ірі инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға байланысты Қазақстанға шетелдік жұмыс күшін тарту үш еседен астам өскен. Жыл сайын 300 мыңдай адамның ел ішінде көшіп-қонуы байқалып отыр. Демек, елімізде қалыптасқан ахуалды сақтай отырып, халықтың әл-ауқатын одан әрі жақсарту үшін осы процестерді реттеудің құқықтық негіздері жаңартылуға, заман ағымына сай көші-қонға қатысты заңнамалық база одан әрі жетілдірілуіне тиісті. Біз қарап шыққан заң жобалары, ең алдымен, осы міндеттерді шешуге бағытталған.

Көші-қон ағымдарын мемлекеттік реттеу саласындағы заңнамалық базаны одан әрі жетілдіру, елімізге тұрақты тұру үшін



келген этникалық қазақтар мен олардың отбасы мүшелерін, сондай-ақ экономикалық және экологиялық қолайсыз аумақтарда тұратын Қазақстан азаматтарын ұтымды орналастыру және әлеуметтік қолдау, көші-қон процесінің теріс салдарларын азайту – заң жобасының негізгі мақсаты.

Заң жобасының қолданыстағы заңнан айырмашылықтары қандай, ол өмірімізге қандай жаңалық әкеледі, бұл саладағы қордаланған мәселелерді шешуге қалай ықпал етеді деген сұрақтарға келсек, шын мәнінде, өзгерістер өте көп. Дәл қазір олардың бәрін жіпке тізгендей айтып шығу мүмкін болмас, ал негізгі жаңалықтарының бірі – көші-қонға қатысты барлық мәселелерді бір заңның аясында реттеуге жасалған қадам. Және ол нәтижелі болды деуге негіз бар.

Жаңа заң актілерінде азаматтардың мүдделерін, құқықтары мен бостандықтарын, көші-қонның үйлесімділігін қамтамасыз етуге, кез келген мәртебедегі көшіп келушілерге қатысты зорлық-зомбылықтың, адам саудасының алдын алуға және жолын кесуге бағытталған, ішкі көші-қонды реттеуге, еліміздің халықаралық еңбек нарығына ойдағыдай кірігуіне, көші-қонға байланысты басқа мемлекеттермен ынтымақтастығын дамытуға жол ашатын нормалар да қарастырылды.

Көшіп-қонушылардың жекелеген санаттарының келуін ынталандыру және еліміздің экономикасына инвестицияларды тарту мақсатында заң жобасына тұңғыш рет шетелдік жұмыс күші шетелдік жұмысшылар, маусымдық шетелдік жұмысшылар мен бизнеспен айналысу мақсатында көшіп келушілер ұғымдары енгізілген.

Сондай-ақ заң жобасы алға қойылған мақсаттарға қарай тиісті квоталар белгілеуді көздейді.

– Әсіресе, қандастарымыздың атажұртына оралуына қандай заңдық негіздер қарастырылды?

– Үкіметтің қаулысымен бекітілген этникалық қазақтардың тарихи отанына оралу тұжырымдамасында атап көрсетілгеніндей, этникалық қазақтардың атамекеніне оралуының нақты тетіктерін жасау, оның ішінде оларды ұйымдасқан түрде көшіру және орналасқан жерінде өмір сүруіне жағдай туғызу – халық санын және оның табиғи өсуін ұлғайтуға, елдегі демографиялық ахуалды сауықтыруға жол ашатын көші-қон саясатының басым бағыттарының бірі.

Заң жобасында этникалық көшіп-қонушылардың тарихи От-

анында кірігу жағдайын жақсартуға бағытталған бірқатар нормалар қарастырылған. Нақты айтсақ, этникалық қазақтар бұдан былай өздерін көшіп келу квотасына қосу туралы тұрып жатқан елінде өтініш жасай алады. Бұрын бұл норма болмайтын. Енді шет елде тұрып жатқан қазақтар сол елдегі біздің елшіліктер арқылы өтініш жасап, квотаға қосуға келісім алған жағдайда, олар келгеннен кейін бес жұмыс күні ішінде оралман мәртебесін, он жұмыс күні ішінде тұрақты тұруға рұқсат және бір ай ішінде әлеуметтік қызметтер пакетін алады. Яғни, бір айдың ішінде квотасын алып, бүкіл мәселесін шешеді деген сөз.

– Депутаттардың ұсынысы бойынша тағы қандай игіліктер көзделді?

– Жоғарыда Заң жобаларының нормалары еліміздің ұлттық сәйкестігі мен қауіпсіздігін сақтау және дамыту шеңберінде заңсыз көші-қонды барынша қысқарту және сараланған көші-қонды қалыптастыру жолымен көші-қон процестерінің келеңсіз салдарын азайтуды, көші-қон, ішкі және сыртқы көші-қон ағындарын мемлекеттік реттеу саласындағы заңнамалық базаны одан әрі жетілдіруді көздейтінін айттық. Осыған орай, көші-қон мәселелері жөніндегі тиісті уәкілетті мемлекеттік органдардың өзара іс-қимыл жасау тетігін белгілеу, сондай-ақ атқарушы билік органдарының жауапкершілігін арттыру, көші-қон түрлері мен көшіп-қонушылардың санаттарын, сондай-ақ оларды мемлекеттік реттеудің параметрлерін айқындау, жоғары инновациялық әлеуеті бар шетелдік мамандардың ағынын ынталандыру шаралары қарастырылды.

Заң жобаларында халықтың көші-қоны саласындағы өзге де қоғамдық қатынастар регламенттеледі. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасында құқық қорғау қызметі мен сот жүйесінің тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы» 2010 жылғы 17 тамыздағы Жарлығын іске асыру мақсатында Мемлекет басшысының шетелдік жұмыс күшін тартуды квоталау және оралмандардың көшіп келу квотасы бойынша келген оралмандар мен олардың отбасы мүшелеріне бір жолғы жәрдемақылар мен өтемақылар төлеу жөніндегі функцияларды қоспағанда, халықтың көші-қоны саласындағы, сондай-ақ босқындар мәселелері жөніндегі функцияларды Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне

беруді көздейтін 2010 жылғы 22 қыркүйектегі Жарлыққа қол қоюына байланысты уәкілетті органның құзыреті елеулі түрде өзгертілді және кеңейтілді.

Оралман мәртебесін беруге, оралмандардың көшіп келу квотасына енгізуге өтініштер беру тәртібі туралы, жеңілдіктер, өтемақылар және оралмандарға өзге де әлеуметтік төлемдер туралы, ішкі көшіп-қонұшылардың қоныс аудару квотасына енгізілген Қазақстан Республикасының азаматтарына әлеуметтік көмек туралы баптардың редакциялары өзгерді. Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматтарын, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды тіркеуге қатысты нормалар жетілдірілді.

– Сіз жұмыс тобының жетекшісі болдыңыз. Әріптестеріңізден нақты түзетулер көп түсті ме?

-- Мәжілістің Әлеуметтік-мәдени даму комитеті өткен жылғы 25 ақпанда осы заң жобаларының таныстырылу рәсімін өткізген-ді. Талқылау қызу өтті, көптеген сұрақтар қойылды, орнықты ойлар, сындарлы пікірлер айтылды. Соның өзі-ақ депутаттар тарапынан заңдардың жобаларына байланысты өзгерістер мен толықтырулардың көп болатынын аңғартты. Шынында да солай болды. Нақты айтар болсақ, заңдар жобаларына 500-дей ұсыныс түсті.

Еңбек көші-қонына қатысты тың ойлар айтылды. Мәселен, депутаттардың пікірінше, заңсыз көші-қонға жол ашушы жұмыс берушілер мен делдалдарға қолданылатын әкімшілік және қылмыстық шаралар мейлінше қатаң болуға тиіс.

Қолданыстағы заңнамалық актілерді «Халықтың көші-қоны туралы» заң жобасына сәйкес келтіру мақсатында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне халықтың көші-қоны мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы әзірленді.

Әріптестеріміз осы заң жобасы арқылы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне Қазақстан Республикасында тіркеусіз не жеке басын куәландыратын құжаттарсыз тұрғаны үшін, сондай-ақ азаматтарды тұрғылықты жері бойынша тіркеу мерзімін бұзғаны үшін жауаптылық белгілеу бөлігінде өзгерістер енгізді.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі), «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы», «Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы», «Тұрғын үй қатынастары туралы», «Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы», «Халықты жұмыспен қамту туралы» және «Білім туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына өзгерістер мен толықтырулар ұсынылып отыр.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің тұрғын үй иесінің немесе қарамағында ғимараттары және (немесе) үй-жайлары бар басқа да адамдардың онда нақты тұрмайтын адамдарды тіркеуге жол бергені, жеке басын куәландыратын құжаттарды алған кезде не Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат алу үшін немесе Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы өтініш берген кезде Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына көрінеу жалған мәліметтер бергені үшін санкциялар туралы баптарының жаңа редакциясы берілді. «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына ата-анасы шет мемлекеттің азаматы болып табылатын баланың азаматтығы туралы және Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдаудан және азаматтығын қалпына келтіруден бас тарту үшін негіздер туралы норма, сондай-ақ ішкі істер органдарының азаматтық мәселелер бойынша құзыреті енгізілді.

Соңғы жиырма жылда елімізде тұрғылықты мекен-жайын тастап, қоныс аударғандардың саны күрт өсті. Жаппай белең алған ішкі миграция көптеген мәселелердің туындауына тікелей әсер етіп отыр. Ішкі көші-қонның стихиялық сипат алуы еңбек рыногы ахуалына теріс әсер етіп отырғанын мойындауға тиіспіз. Депутаттардың ойы ендігі жерде бұл мәселе назардан тыс қалмауға тиіс, ішкі көші-қон мемлекеттің тікелей араласуымен, еліміздің стратегиялық мақсаттарына сай шешіліп отыруы қажет дегенге саяды.

- Белсенділік танытқан әріптестеріңіз кімдер? Және де ұсыныстары қабылданды ма?

- «Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы 2011 жылғы 20 сәуірде бірінші оқылымда

мақұлданған болатын. Содан бері негізгі заң жобасы бойынша әріптестерім Серік Темірболатов, Тоқтарбай Қадамбаев, Динар Нөкетаева, Рауан Шаекін, Айткүл Самақова, Светлана Бычкова, Наталья Геллерт, Гүлмира Исімбаева, Ольга Киколенко, Бақыт Сыздықова, Айгүл Соловьева, Тито Сыздықов, Леонид Питаленко, Иван Чиркалин, Татьяна Яковлева жазбаша түрде ұсыныстар енгізді. Бұл ұсыныстар салыстырма кестеге енгізіліп, жұмыс тобының отырыстарында жан-жақты талқыланды. Нәтижесінде 7 ұсыныс қабылданды, 18 ұсынысты депутаттардың өздері қайтып алды, 6 ұсыныс қабылданған жоқ.

Ал ілеспе заң жобасына депутаттар Тоқтарбай Қадамбаев, Мұхтар Тінікеев, Рауан Шаекін, Гүлнәр Сейітмағанбетова жазбаша түрде ұсыныстар берді. Өзім де түзету енгіздім. Бұл ұсыныстар қабылданды.

Заң жобасы Үкіметтің тұрмыстық экологиялық жағдайы аса қолайсыз әкімшілік-аумақтық бірліктерден қоныс аударатын ішкі көшіп-қонушылардың квоталарын оларға әлеуметтік қызметтер пакетін көрсете отырып, белгіленуін көздейді.

Бүгінгі таңда біздің елімізде көші-қон мәселесімен онға жуық мемлекеттік органдар айналысады. Бұл заң жобасында Үкіметтің, Сыртқы істер министрлігінің, Ішкі істер министрлігінің, Әділет министрлігінің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің құзыреттері, өзара байланыстары айқындалып, нақтыланды. Депутаттар тарапынан осы мазмұндас ұсыныстар да түсті.

Сол сияқты депутаттар оралмандардың білім, медициналық көмек алу жөніндегі құқықтарын кеңейте түсу қажет деп санайды, оралман мәртебесін берудің жаңа редакциясын ұсынды.

Көші-қонға қатысты заңдардың жобаларына қоғамдық ұйымдар да қызығушылық танытты. Депутаттар олардың барлығымен де ынтымақтаса жұмыс істеді. Соның нәтижесінде сапалы заң шықты деуге болады.

Сөз жоқ, кез келген заң маңызды. Десек те, бұл заңның орны бөлск. Өйткені ол еліміз үшін, еліміздің болашағы мен қауіпсіздігі үшін өте маңызды заң. Сүйініштісі сол, жұмыс тобының мүшелері, депутаттар осы жауапкершілікті терең сезініп, еліміздегі көші-қон ахуалын барынша жақсартудың алғышарттарын жасай білді.

Мәжіліс депутаттары мақұлдаған аталған заң жобаларын енді Сенат қабылдап, Мемлекет басшысы қол қойса, қоғамға қажетті және көші-қон мәселесін реттейтін заң өмірге келді деп айтуымызға толық құқымыз бар.

– Рахмет әңгімеңізге. Заң шығармашылық еңбегіңізде абыройлы бола беріңіз.

*Әңгімелескен Айдын БӘЙМЕН.*

*ҚазАқпарат  
30 мамыр 2011 жыл.*

## **БІЗ ҮШІН БӘРІНЕН ДЕ ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ШЫН МӘНІН ТҮСІНУ МАҢЫЗДЫ**

– Жақында Астанада қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдары бас редакторларының алғашқы форумына байланысты Үкіметбасы Кәрім Мәсімовтың атына жолдаған депутаттық сауалыңызбен БАҚ арқылы құлағдар болдық. Мәселенің мән-жайын өзіңіз тарқата кетсеңіз?

– Мен Үкімет басшысы Кәрім Мәсімовтың атына жолдаған сауалымда «Бұқаралық ақпарат құралдарын мемлекеттік қолдау туралы» жаңа заң қабылдау, отандық баспа және электрондық бұқаралық ақпарат құралдары үшін қосымша құн салығын толық алып тастау, БАҚ қызметкерлерін әлеуметтік қолдауды іске асыру, атап айтқанда, журналистерді әлеуметтік жеңілдіктерді пайдаланатындардың тізіміне қосу (сыйақы, баспана беру, ипотекалық жеңілдіктер), зейнетақы тағайындағанда кәсіби санатын анықтау қажеттігін алға тарттым. Тағы бір өткір мәселе – журналистердің жеке басының қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңыздылығына назар аударғым келеді. Қоғамымыздағы сөз бен шығармашылық еркіндікке конституциялық кепілдіктің берілуі бұқаралық ақпарат құралдарының шапшаң дамуына жол ашты, оған деген мемлекеттік монополияны жойды, жаңа бағыт, жаңа сарындағы БАҚ нарығын дүниеге әкелді. Нәтижесінде мемлекеттік БАҚ-пен қатар, оппозициялық, тәуелсіз және салалық сипаттағы БАҚ өзара бәсекелестікке түсті, журналистердің белсенділігі артты. Міне, осындай жағдайда елімізде болып жатқан оқиғаларды шынайы жазу, ақиқатты айту, кәсіби міндетін адал атқару – журналистердің абыройлы борышы. Журналистер тәжірибесі мен біліміне сүйене отырып, өмірде болып жатқан құбылыстарға өз бағасын беруге, ақты – ақ, қараны – қара деп, оқырманға, қалың елге жол көрсетуге тиіс.

– Осы талап үдесінен көріну оңай емес, екінің бірінің қолынан келер ме екен. Қалай ойлайсыз?

– Қоғамда шындықты бетке айтатындарды ұнатпайтындар да, олардан өш алғысы келетіндер де жоқ емес. Міне, сондықтан да журналистерді қудалау, тілшілердің заңды кәсіби қызметіне бөгет жасау, ақпаратқа қол жеткізуді шектеу әрекеттері әлі тыйылмай келеді. Баспасөзді саяси ойындарға немесе қаржы-өнеркәсіп топтарының өзара текетіресіне тарту әрекеттері де елімізде өркениетті ақпараттық кеңістік қалыптастыруға кері әсер етуде. Осындай әрекеттердің салдарынан Қазақстанда да журналистиканың қауіпті мамандыққа айналып бара жатқаны жасырын сыр емес. Соңғы он жылда ғана елімізде түрлі себептермен қырыққа жуық журналистің қаза болғаны бізде журналистердің құқықтары мен кәсіби мүдделерін қорғау жағы ақсап жатқанын, басқа мамандықтардың иелеріне қарағанда, олардың мемлекеттің қорғауына өте-мөте мұқтаж екенін көрсетеді.

– «БАҚ өкілдеріне кімнің де болсын тарапынан қысым көрсетілмеуге тиіс. Сыртқы күштер журналистерге өздерінің кәсіби міндеттерін адал атқаруларына жағдай жасаулары, шындықты айтуға, ізденуге, ақпаратты табуға мүмкіндік берулері керек» деген пікіріңізді парламенттегі әріптестеріңіз қолдай ма?

– Мемлекет қоғамдық міндетін адал атқарып жүрген журналистердің еңбегін ұдайы назарда ұстап, қауіпсіздігін қамтамасыз етуге міндетті. Олардың қызметінің қоғамдық маңызын ескере отырып, қалам иелерін түрлі қауіп-қатерлерден батылырақ қорғау, олардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіргендерді қатаң жазалау қажет. Демек, журналистерге айрықша мәртебе беретін мезгіл жетті. Егер біз Ата Заңымызда бекітілген сөз бен баспасөз бостандығы қоғамымыздың демократиялық жолмен дамуының, оның азаматтық қоғамға одан әрі сенімді қадам басуының бұлжымас шартына, ал бұқаралық ақпарат құралдары осы құбылыстың ықпалды құралына айналсын, мемлекеттің, қоғамның және баспасөздің іс-қимылын жаңа деңгейге көтереміз, үйлесімді жүйесін жасаймыз, баспасөзді, журналистерді жан-жақтан жасалатын шабуылдардан, зорлық-зомбылықтан қорғаймыз, баспасөзді біреулердің жеке мүддесіне пайдалануға тосқауыл қоямыз десек, ең алдымен, бұқаралық ақпарат құралдары туралы ұлттық заңнаманы одан әрі жетілдіру жолдарын қарастыруымыз, бұқаралық ақпарат құралдары мен журналистердің құқықтары мен бостандықтарының негіздерін айтарлықтай



кеңейтуіміз керек. Бұл – уақыт талабы. Қазақтың біртуар ұлдарының бірі Ахмет Байтұрсыновтан қалған: «Қай ұлттың баспасөзі мықты болса, сол ұлттың өзі де мықты» – деген сөз бар. Демек, халық баспасөзді биліктің төртінші тармағы деп тектен-текке айтып жүрген жоқ. Журналистер мен бұқаралық ақпарат құралдары кез келген елдің дамуында айрықша рөл атқарады. Біздің жас мемлекетіміздің болашағы да, балауса демократияның тағдыры да қалам ұстаған қауымның қызметіне, іскерлігі мен жауапкершілігіне тікелей байланысты. Міне, сондықтан да еліміздегі сөз бостандығын ұдайы қолдап, бұқаралық ақпарат құралдары саласын одан әрі дамытуға қамқорлық жасалуы керек.

– Үкіметбасы Кәрім Мәсімов жуырда «Рейтерс» агенттігіне берген сұхбатында «тек қана «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясынан жасақталған қазіргі ел Парламентіне оппозиция болуы керек» деген пікір айтты. Сіздіңше қазіргі қазақ парламенті оппозициялық немесе сыни пікірлерді қажет ете ме?

– Сөз реті келген соң айта салған ғой, әйтпесе, Мәсімов билікке оппозицияның келуін аңсап отыр деп айта алмаймын. Бұл өзі көптен көтеріліп жүрген әңгіме. Біз тиісті заңдарға өзгерістер енгіздік. Келесі сайлаудың қорытындысы бойынша Парламентке кем дегенде екі партия өтеді, одан да көп болуы мүмкін. Бірақ олардың арасында оппозиция бола ма, болмай ма, ол жағын дөп басып айту қиын. Өйткені, біздің елімізде халықтың қолдауына ие болып отырған оппозициялық күштер жоқ. Мақсаты бұлыңғыр, халықтың қолдауына ие болмаған партия Парламентке келіп не бітіреді? Елбасының соңғы сайлауы көп жағдайға көз жеткізді ғой. Қазір халық қай жағынан алсақ та, сауатты, бәрін керіп, бәрін біліп отыр, арзан сөзге алданбайды. Сондықтан әзірше елімізде «Нұр Отанмен» бәсекелесетін партия жоқ. Келесі сайлауда да «Нұр Отанның» қарсыластарына шаң қаптырып кететініне менің сенімім зор. Басқа партиялар мына қалыптарымен көп болса, он орын алар, ал енді содан жағдай өзгере ме? Жоқ.

– Сіз өз атыңыздан не айтасыз?

– Өз басым Парламентте оппозиция өкілдерінің болғанына қарсы емеспін. Бірақ қуыршақ оппозиция емес, кәдімгі терең ойластырылған балама бағдарламасы, айнымас ұстанымы бар, ұлт, ел, халық мүддесін бәрінен жоғары қоятын партия болғаны жөн.

– Сіз наурыз айының бас кезінде Үкіметбасына жолдаған сауалыңызда «Алаш баласының рухын көтеріп, еңсесін тіктеуді, әр қазақты мақтаныш пен шаттыққа бөлеуді, ел бірлігін нығайтуды, бір сөзбен айтқанда, Тәуелсіздіктің 20 жылдығының тағылымды сәттері көп болғанын қаласақ, биылғы әр күніміз «Тәуелсіздіктің 20 жылдығы – ел тарихының жарқын беті» ұранымен өтуге тиіс дедіңіз. Үкіметтен жауап алып үлгердіңіз бе?

– Биылғы жыл – Қазақ елі үшін ерекше жыл! Халқымыздың сан ғасырлар бойғы арманы жүзеге асып, бодандықтың бұғауынан босап, тәуелсіздігімен қауышқанына, азат ел болғанына жиырма жыл толғалы отыр. Бұл – қатардағы көп мерекенің бірі емес, бірегейі, үстіміздегі 2011 жылдың басты оқиғаларының бірі! Міне, сондықтан да Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Тәуелсіздік – бұл біздің ең басты құндылығымыз... оны атап өтуді жоғары дәрежеде ұйымдастыруымыз қажет», – деген сөздерді қадай-қадай айтқан болатын. Мемлекет тарихындағы осындай бірегей белес елдіктің, егемендіктің, кемелдену мен келешекке құлаш сермеудің тамаша кезеңіне айналуы тиіс деген ниетпен Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К. Мәсімовке депутаттық сауал жолдаған едім. Жауап уақытында келді. Бірақ шынымды айтсам, оған көңілім толған жоқ. Рас, Тәуелсіздіктің 20 жылдығына байланысты жасалған жоспарлар бар, соған сәйкес түрлі шаралар да ұйымдастырылуда. Десек те, менің көздегенім басқа еді. Жылда ұйымдастырылатын мәдени шаралардан, бір әнді сахнаға шыққан сайын қайталап айта беретін әншілерден халық жалықты. Біз үшін бәрінен де тәуелсіздіктің шын мәнін түсіну маңызды. Ол елімізге, халқымызға не берді? Бүгінгі шыққан биігімізге қалай көтерілдік? Алда бізді не күтіп тұр? Осы сияқты сансыз сауалдарға жауап іздейтін сәт бұл. Демек, ел өміріндегі осындай айтулы кезеңде ұлтты ұйытатын, әрі жастарға ой салып, отансүйгіштік сезімін көтеретін ұзақ есте қалатын айтулы шаралар ұйымдастырылса нұр үстіне нұр емес пе. Мәселен, биыл дүниеге келген сәбилерге кәдімгі куәліктерден өзгеше жасалған, мерекелік нақышталған туу туралы куәліктер, ескерткіш белгілер тапсырсақ, әр сәбиге берілетін бір реттік мемлекеттік жәрдемақыға қосымша арнайы сый тағайындасақ... Кезінде қазақтарды рухани тамыры-

нан ажырату мақсатында келімсектердің жер-су, елді мекендер атауларын ту-талақай еткенін білеміз. Содан да еліміздің тарихына үйлеспейтін, халқымыздың абыройы мен беделіне көлеңке түсіретін, отарлық кезеңнен қалған атаулардан әлі күнге көз аша алмай келеміз. Тарихи әділеттілік қашан орнайды, еліміз төл нақыштарымен қашан ажарланады? Биыл осы жұмысты қолға алып, біраз іс тындырудың реті келіп тұрған жоқ па?

– «Әр ауданда кем дегенде 20 елді мекенге ежелгі атауын қайтару, аудан орталықтарындағы, қалалардағы кем дегенде 20 көшенің атауын қазақшалау» туралы бастамаңызды да қолдағандар аз болған жоқ.

– Білмеймін, Үкімет селт еткен жоқ. Бастамамды қолдағандар Үкіметтің қас-қабағына қарап отыр.

– Петропавлдың тарихи Қызылжар атауын қайтару жөнінде депутаттық сауалыңыз қоғамда үлкен резонанс тудырғаны белгілі. Үкімет басшысының пікірі оң болғанмен, Үкіметтің тарапынан қаланың тарихи атауын қайтаруға байланысты қандайда бір түсіндіру және насихат жұмыстары жүргізіліп жатқан болар.

– Солтүстік Қазақстан облысының орталығы – Петропавл қаласына байырғы Қызылжар атауын қайтару туралы сауалдың тағдыры не болғаны туралы менен журналистер де, былайғы халық та көп сұрайды. Және ешқандай күмәнсіз қашан шешіледі деп сұрайды. Соған қарағанда, бұл әбден пісіп жетілген мәселе деп ойлаймын. Ол үшін уақыт керек, түсінік жұмыстарын жүргізу керек деген жай шығарып салма сөз. Түсіндіреміз десе, қалалық мәслихаттағы бес-алты депутатқа, осы мәселе көтерілген кезде жанталасып халықтың арасына іріткі салуға ұмтылған ат төбеліндей топқа бұл талаптың орынды екенін, мезгілі әлдеқашан жеткенін, елдің иесі, жердің киесі бар екенін ұғындыру үшін қанша уақыт керек. Жалпы, түсінетіндер оны баяғыда түсініп болған. Ал түсінгісі келмейтіндерді тағы 20 жыл үгіттесең де еш нәтиже шықпайды.

– Сіз бұл мәселені сол депутаттық сауалмен шектеп қоя салдыңыз ба?

– «Сауал жолдадым, сонымен іс бітті» деп отырған жоқпын. Өз қолымнан не келеді, соның бәрін шамам келгенше атқарып жүрмін. Жалпы, бұл мәселе биыл – Тәуелсіздіктің 20 жылдығын атап өтетін

уақытқа шешілсе, өте дұрыс болар еді. Бұл елге керек, болашақ ұрпаққа керек.

Петропавлдың түпкі атауы Қызылжар екеніне ешкімнің күмәні болмауға тиіс. Тіпті оны былай қойғанның өзінде, ұлттың намысына тиетін, рухын жасытатын, халқымыздың бодандықта болған кезін елестететін, сырттан таңылған, ел мен жер тарихына ешбір қатысы жоқ атауларды өзгертуге құқымыз бар емес пе? Бәрі Үкіметке тіреліп тұрған жоқ шығар, Алла тағаланың көзі дұрыс болсын!

– Елбасымыз өткен желтоқсанның 16-сынан бастап-ақ осынау айтулы шараға дайындық жұмыстарын бастауды тапсырған болатын. Бірақ үнемі Тәуелсіздік мерекесінің Жаңа жылдың көлеңкесінде қалып қоятынына үйренген басымыз тағы да сол жағдай қайталанбай ма деп қауіптеніп жүрміз.

– Иә, бұл мәселеге де көз жұмып қарауға болмайды деп ойлаймын. Тіпті себебін ешкім айтып түсіндіре алмайды. Тәуелсіздік мерекесінің жаңа жылдың көлеңкесінде қалып келе жатқаны шындық. Мұндай сорақылыққа төзе беруіміз керек пе?! Мұның бәрі кездейсоқтық емес. Бұл – «жаны ашымастың қасында басың ауырмасынның» кері. Бұл біздің әлі де болса, мемлекет құраушы ұлт ретінде бойымызды барынша тіктеп, еңсемізді көтере алмағанымызды, Тәуелсіздіктің қадірін түсіне алмай, ұлттық құндылықтарымызды дәріптей алмай отырған дәрменсіздігімізді айғақтайды, екінші жағынан, әлі де болса, сол баяғы кенестік идеологияның, тіпті оған дейінгі ақ патшаның отарлаушылық саясатының шырмауынан шыға алмай келе жатқанымызды көрсетеді. Бұл - өзі бәрімізге сын. Әйтпесе біз үшін ұлттық мереке болып табылатын Тәуелсіздік күнінен қымбат мереке болуы мүмкін бе? Елбасымыздың тілімен айтсақ, «Ежелден еркіндік аңсаған ер қазақтың ең асыл мұраты еңселі ел болу еді. Елім деп еңіреген ақындарымыз «Егемен болмай ел болмас, етекпен кесіп жең болмас» деп жырлайтын еді. Арғы замандарды айтпағанның өзінде, тек кейінгі екі ғасырдың ішінде халқымыздың өз бостандығы жолында екі жүзден астам ұлт-азаттық көтерілістерге шыққаны осының дәлелі... ». Осыдан кейін ойланасың, бабалар аманатына қиянат жасап отырғанымызды сезініп қиналасың.

Мерскені ұйымдастыруға жауапты адамдар неге жылда жүрісінен жаңыла береді? Бізге Тәуелсіздік қымбат па, Жаңа жыл қымбат па?

Неге қасиетті мерекелеріміз, оның ішінде Айт та бар, Наурыз да бар, қайдағы бір даңғаза шаралардың көлеңкесінде қалып, ұлттық құндылықтарымыз тапталып, асыл дәстүрлеріміз аяқасты бола береді? Біз ел боламыз десек, Тәуелсіздіктің тереңіне бойлап, ұлттың болашағын ойлап, ұлы күнді халқымызды отансүйгіштік сезімі мен идеяларына тәрбиелеуге, оң әлеуметтік маңызы бар құндылықтарды қалыптастыруға пайдалануымыз керек, оның шеңберінде алты алашты бір идеяның төңірегіне топтастыратын жалпыұлттық іс-шаралар ұйымдастырылғаны жөн. Алла тағала ниетімізді қолдап, еңселі ел болудың жолына түстік, тарихи өлшеммен алғанда, қас-қағым сәтте әулетіміз асып, дәулетіміз тасып, бүкіл әлемге танылды. Ендігі жерде жалтақтауымызға, жалпақтауымызға жол болсын. Өшкенімізді жандырып, жоғалтқанымызды түгендеп, ұлттық рухымызды асқақтатпаймыз ба? Сонда халықтың рухы көтеріледі, сонда болашақ иесі жастарымыз қасиетті мерекеге деген ыстық сезімдерін аялап, елін, жерін, ұлтын сүйіп өседі. Ұрпағымыз ұлттық құндылықтарымыздан адасып қалмасын десек, шын асылды жасықтан ажыратып, ата-бабаның аманатын, халқымыздың салт-дәстүрін әспеттейтін, жастарымызды жақсылыққа жетелейтін Тәуелсіздік тойының мерейін де, мәртебесін де өсіру үшін күресуіміз керек. Тәуелсіздік мерекесі ұлттың ұюына, қазақ елі көшінің көркеюіне, азаматтарымыздың бойында отаншылдық, елжандылық, мемлекетшілдік қасиеттердің қалыптасуына қызмет етуге тиіс.

– Әріптесіңіз Тито Сыздықов «Айқын» газетіне берген сұхбатында «Бір-бірінің пікірін алып кетіп, Парламентті пікірталастар майданына айналдыратын кезді сағынамын» дегенді айтты. Әріптестеріңіздің белсенділігіне көңіліңіз тола ма?

– Мен де көп нәрсені сағынамын. Мәселен, балалық шағымды... Тито Уақапұлы скеуміз Мәжілістің жалпы отырысы отетін залда қатар отырамыз. Белсенді, айтары бар депутаттардың бірі. Кезінде өзіміз де теледидар арқылы талай куә болғанбыз, депутаттар жалпы отырыста біріне бірі жеңістік бермей, ырду-дырду болып жататын. Бірақ мен оны іскерліктің, шынайы белсенділіктің көрінісі деп ойламаймын. Қазір көп мәселелер жұмыс топтарында, комитеттердің отырыстарында шешіледі, нағыз қызу пікірталас сол арада. Ал жалпы отырысқа жан-жақты талқыланған, біршама иіні қанған жо-

балар шығарылады. Демек, бәрін басынан бастап, бос әңгімені көбейткеннен кім не ұтады? Мұнда да сөйлеймін десе, ешкімнің аузына қақпақ болып отырған жоқ. Мәселен, жақында электронды ақша туралы заң жобасы талқыланғанда, біраз адам шер тарқатты. Заң үшінші оқылымда қабылданды. Бірақ сол талқылаулардың барысында оған елеулі өзгерістер енді дей алмаймын.

Аттарын атап ешкімді бөліп жарғым келмейді, қазіргі Мәжілістің құрамында белсенді, өмірлік тәжірибесі мол, білімі терең, ұстанымы орнықты депутаттар аз емес.

– Қазақта «жұлдызды сәт» деген ұғым бар. Сіздіңше, қазақ Парламентінің ең жұлдызды сәттері қай жылдарға тура келеді?

– Тамырын тереңнен тартқан, ғасырлар бойы дала демократиясы мен еркіндік сезімінің құндылық белгілерін сақтап келген, бастауын «Қасым ханның қасқа жолы», «Есімханның ескі жолы», «Жеті Жарғы» сияқты көне заңдардан алатын қазақ елінің заң шығарушылық қызметінің қалыптасу жолы едәуір уақытты қамтиды. Әрі бармай, бертінге көз салсақ, 1990 жылғы 25 қазанда Қазақ кеңестік социалистік республикасының Жоғарғы Кеңесі «Қазақ КСР-інің мемлекеттік егемендігі туралы» Декларацияны қабылдап, тұңғыш рет еліміздің халықаралық құқық субъектісі ретіндегі мәртебесін айқындап берді, азаматтық институт, сондай-ақ меншік нысандарының тең құқылығын енгізіп, аумақтың бөлінбейтіндігін және оған қол сұғылмайтындығын жария етті. КСРО күйрегеннен кейін 1991 жылғы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігін жария еткен де, Қазақстанның кеңестен кейінгі алғашқы Конституциясын қабылдаған да осы он екінші сайланған Жоғарғы Кеңес болды. Соның негізінде республикада ұлттық қауіпсіздікті, азаматтық құқықтар мен бостандықтарды, демократиялық қоғам мен құқықтық мемлекет құруды қамтамасыз етудің жаңа сапалы кезеңіне көшу басталды. Осыларға қарағанда, Парламенттің жұлдызды сәті деуге келе ме, қалай? Алайда он екінші сайланған Жоғарғы Кеңес өзін-өзі таратып тынғандықтан оған ауыз бармай тұр. Осыдан кейін сайланып, 1994-1995 жылдары депутаттары тұрақты негізде жұмыс істеген Қазақстанның тұңғыш кәсіби парламенті он үшінші сайланған Жоғарғы Кеңес қазақстандық парламентаризмнің даму жолындағы маңызды кезең болды десек

те, жұлдызды сәт бола алды ма, бола алмады ма, айту қиын. Бұл Жоғарғы Кеңес өз қызметіне мемлекеттік құрылыстың ең бір күрделі кезеңінде кіріскен еді. Содан да ол Қазақстанда парламентаризмнің одан әрі дамуына алғышарттар негізін салғанмен, көп қиындықтарға кезікті. Ол да бір жылдан сәл азырақ жұмыс істеп, мерзімінен бұрын таратылды. Бұдан біз қазақстандық парламентаризмнің қалыптасу жолы күрделі болғанын, парламентаризм талабына, табиғатына сай келмейтін қоғамдық сана мен саяси практикадағы үстірт көзқарастар мен пікірлерді еңсерудің оңайға түспегенін, Қазақстан Парламенті қоғамдағы реформаларды табысты жүзеге асыруға қабілетті саяси-демократиялық институтқа тек тәуелсіздік жылдары ғана айналғанын аңғарамыз. Сөйтіп, біздің елімізде тұрақты негізде жұмыс істейтін екі Палатадан: Сенаттан және Мәжілістен тұратын Парламент өмірге келді. Міне, осы кезең жұлдызды сәт деуге келетін сияқты.

– Ал журналистер арасында мәжіліспен Жарасбай Сүлейменовтің ең жұлдызды сәті - 2011 жылдың еншісіне бұйырыпты деген пікір бар. Сіз осыған келісесіз бе?

– Ал өз басыма келсем, жұлдыз «аулап» жүрген жан емеспін. Рас, 2010 жылдың аяғында, 2011 жылдың басында жұртты елең еткізген бірнеше сауал жасадым. Онда да атымды шығарайын деген ой болған жоқ. Қызылжар атауына, Тәуелсіздік мерекесіне қатысты мәселелерді қазір көтермесем, қашан көтеремін деген оймен айттым. Журналистер қауымына рахмет, қолдады, халыққа жеткізді. Сайлаушылардан көптеген хаттар алдым, телефон арқылы хабарласқандар да өте көп болды.

– Әңгімеңізге рахмет!

*Сұхбаттасқан Гүлбаршын АЙТЖАНБАЙ.*

*«Айқын» газеті,*

*8 маусым 2011 жыл*

## ЕЛ МҰРАТЫ – БАРЛЫҚ ЖАҒЫНАН ТӘУЕЛСІЗ БОЛУ

Таяуда Қызылжар өңіріне іссапармен барғанымызда Парламент Мәжілісінің депутаты Жарасбай Сүлейменовпен кездейсоқ жолымыз түйісті. Жарасбай Қабдоллаұлы өзі сайланған аймақтың жай-күйімен танысып, жұртшылықтың хал-жағдайын көзімен көру үшін ел аралап жүр екен. Халықтың ортасында жүрген депутаттан сыр суыртпақтап, әңгімеге тартқан едік.

– Жарасбай аға, осы өңірдің тумасысыз. Ел жаққа жиі шығып тұрасыз ба?

– Иә, қолым қалт еткенде келіп тұруға тырысамын. Жалпы, Парламенттің регламенті бойынша, депутаттар аймақтарды үш айда бір рет аралап шығуы тиіс. Ондағы мақсатымыз – қарапайым халыққа атқарып жатқан жұмыстарымыз туралы ақпарат беру. Жұрттың талап-тілектерімен танысып, пікірлерін білу – депутаттардың мойнындағы басты міндеттердің бірі. Заң шығару жұмыстарымен ғана айналысып қоймай, елді алаңдатып отырған проблемаларды шешуге көмектесуіміз керек. Бұл жұмыстың бәрін атқарушы биліктің арқасына асып қоюға болмайды.

– Жеңіл көлікпен суыт шыққаныңыз көрініп тұр. Аз уақытта аймақтың бәрін аралап шығуға үлгересіз бе?

– Депутат болып сайланғаннан бергі бір әдетім – елге келерде алдымен қай күні қай жерге баратынымды межелеп, жоспар жасап аламын. Осы аймақта өскендіктен, елді мекендердің арақашықтығын, көлік жолдарының жағдайын жақсы білемін ғой. Он күннің ішінде кем дегенде отыз-қырық елді мекенге ат шалдырмақ жоспарым бар. Қырық-елу кездесу өткіземін. Бір барған жеріме екінші рет соқпай, басқа ауыл-аймақтардағы жұртшылықпен жүздесуге тырысамын. Өзімнің Парламенттегі әріптестерімді білемін ғой, алыстағы ауылдарға баратындары шамалы. Мен бармасам, оған кім барады?! Аймақтың халқы да мені жақсы біледі. Проблемалары шешілмей жатса басқа депутаттарды емес, мені жазғырады. Өздеріне жақын



санағаннан шығар. Жерлестерім «Өзіміздің ауылдан шыққан бала, біздің жағдайымызды сол ескермесе кім ескереді?!» деп ренжімесе екен деймін.

– Туған ауылыңызға соңғы рет қашан бардыңыз?

– Туған жерім – Шал ақын ауданындағы Балуан деген ауыл. Облыс орталығынан жүздеген шақырым жерде, шалғай түкпірде. Соңғы рет осыдан бір жарым ай бұрын ғана барып қайттым. Бұрындары түтін саны жүз елу үйден асушы еді. Көлік қатынасының қиындығы, ауыз су мәселесі, жұмыссыздық сияқты проблемалардың салдарынан халықтың көпшілігі қалаға жақын жерлерге қоныс аударыпты. Қазір бас-аяғы жетпіс шақты үй қалды. Мектепте де бала саны азайыпты, бұрынғы орта мектепте қазір елу шақты бала оқиды. Қанша дегенмен туған жерім ғой, ауылыма бүйрегім бұрып тұрады.

– Жарасбай Қабдоллаұлы, Қызылжардан шыққанда жол шетіндегі өңкей атауы орысша ауыл, аудандардан көз ашпап едік. Қаладан қашықтаған сайын қазақи атаулар ұшыраса бастады? .

– Өңірдің тарихи атауларын қайтару мәселесін көтеріп келе жатқанымызға талай жылдың жүзі болды. Бірақ бір ғасыр бойы орыстар әбден жерсініп алған жерлерді қайта қазақыландыру қиямет-қайым жұмыс екен. Қатып қалған сенді бұзуға әзірге шамамыз жетіңкіремей жатыр. Әсіресе, облыс орталығына жақын, инфрақұрылымы дамыған, табиғаты көркем жерлердің көпшілігінде өзге ұлыс өкілдері көп тұрады. Елдің тарихына қатысы еш қатысы жоқ Ивановка, Петровка, Сидоровка деген атаулар әлі де болса толып жатыр. Қазіргі заңның осалдығы да оған кері әсерін тигізіп тұр. Бізге ономастика туралы заң керек. Қазір елді мекендердің атауын өзгерту ісімен, негізінен, жергілікті әкімдіктер айналысады. Менің ойымша, бұл іспен әкімдіктер емес, агенттік немесе министрлік сияқты жаңа құрылым айналысуға тиіс. Жергілікті өзін-өзі басқару туралы заңда «тиісті аумақтағы халықтың пікірін еске ала отырып және...» деп келетін норма бар. Мен дәл осы норманы алып тастау жөнінде ұсыныс енгізген едім, өкінішке қарай, бұл ұсынысымның жолы болмады. Жергілікті органдар халықтың мүддесін көздейтін, пікірін білдіретін болса, онда басқа басы артық нормалардың не қажеті бар?! Кезінде Кеңес тұсында қазақтың тарихи атауларын орысшалаған кезде ешкім қазақтан рұқсат сұраған жоқ қой. Осы жерге баса-көктеп

кірген қара шекпенділер қандай ат қойғысы келсе, соны қойды, саясаттарын жүргізді. Біз де тәуелсіз ел болғаннан кейін ешкімнің ақыл-кеңесінсіз-ақ өзіміздің тарихи атауларымызды қайтаруымыз керек.

– Қызылжар өңірін айтпағанда, жалпы Қазақстандағы жер-су атауларын қазақыландыру ісіне де атсалысып жүрсіз. Осы орайда, атқарылып жатқан жұмыстарға көңіліңіз тола ма?

– «Ауызды қу шөппен сүрте беруге» де болмайды. Бұл салада біраз жұмыс жасалды. Мысалға, жиырма жылда республика бойынша 5 облыстың, 13 қаланың, 54 ауданның, 7 қалалық ауданның аты қазақшаланды. Талай ауыл-аудандар орысша атаудан құтылды. Алайда, біз осы уақыттың ішінде жер-су атауларын қазақыландыруды еңсеріп тастауға тиіс едік. Өткен ғасырдағы отаршылдық заманды, кешегі кеңестік кезенді еске салатын қалалар мен аудандардың атауы әлі орыс тілінде тапжылмай тұр. Кейбір ірі қалаларда көшелердің 80 пайызға жуығы өзге тілде. Қазағы қалың деген Қызылорданың өзінде көшелердің жартысына жуығы қазақшаланбапты. Солтүстік облыстарға барсаңыз, ешбір тарихи негізі жоқ, мән-мағынасы түсініксіз, атауға ыңғайсыз көшелерден көз сүрінеді. Өкінішке қарай, біз ұлттық мүдде ұтатын жерде арқамызды кеңге салып, сағыздай созылып жүріп алдық. Тәуелсіз елдің топонимикасы да тәуелсіз болу керек дегенді ескермедік.

– Жалпы, жер-су атауларына сол өңірден шыққан қайраткер тұлғалардың есімдерін беруге қалай қарайсыз?

– Жалпы, мен елді мекендерді адамдардың атымен атауға қарсымын. Ұлыларымыз туралы әңгіме жоқ, олар өзі көп те емес қой. Қазақтың тарихында өшпес із қалдырған ұлыларымызды ұлықтауымыз керек, әрине. Оларға елді мекен тұрмақ, қаланың атын берсек те артық емес. Алайда, соңғы кезде ауылдарға, селоларға қолдан жасалған «батыр, шешен, ақын, сал-сері» бабаларының есімін тықпалайтындар көбейіп кетті. Бұл дұрыс емес. Қолында билігі, қалтасында ақшасы барлар талай жерге атасының атын беріп үлгерді. Ертең тағы бір толқын келеді де: «Ау, мынандай батыр болғанын ешкім білмейді, менің атам мықты» деп ол өзінің бабасын ұлықтайды. Осылай дауласып жүре берсек, бұл мәселенің ұшығына жете алмаймыз, халықты бекерге шатастырамыз. Сондықтан орысша елді мекендерге әу баста болған тарихи атауларын қайтарсақ, елдің ажарын ашар едік.

– Облыс орталығы Қызылжар қаласында талай қызыл комиссарлар мен партизандардың есімі қасқайып тұр. Қолыңызда билік болса, қай қайраткерлердің атына көше берер едіңіз?

– Алысқа бармай-ақ, осы өңірден шыққан тұлғалардың талайына бір көше бұйырмай тұр. Қаланың өзінде де қисынға келмейтін атаулар толып жатыр. Мысалы, «Партизан» көшесі. Тіпті, соңғы кезде жаңа көшелердің өзіне мән-мағынасы жоқ «Шұғыла», «Күншуақ» деген сияқты бейтарап атаулар қойылыпты. Бұл дұрыс емес. «Шұғыла» деген көшеге лайық ат па?! Әлі күнге дейін Смағұл Сәдуақасовтың, Үкілі Ыбырайдың атында көше жоқ. Біржан сал осы жерді әнмен дүбірлеткен, ол да керексіз болып қалды. Сегіз сері, алпыс жыл аттан түспеген, «Елім-ай»-ды жазған Қожаберген жырауға да бір көше бұйырмады. Айта берсек толып жатыр. Кезінде Міржақып Дулатов осы жерді біраз уақыт мекендеген. Қателеспесем, Қажымұқанның атында да көше жоқ.

– Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары жер-су атауларын қазақыландыру қарқынды жүріп еді. Соңғы жылдары соған салғырт қарай бастағанымыз қалай?

– Иә, оныңыз рас. Соңғы кезде ежелгі жер-су атауларын жоқтаушылардың қатары азайып кетті. Неге екенін білмеймін, бұл мәселе БАҚ-тарда да жиі көтерілмейтін болды. Журналистер мен жазушылар шаршады ма, әлде басқа бір себебі бар ма? Меніңше, бұл мәселе қай уақытта да күн тәртібінен түспеуі тиіс. Жалпы, тарихи атауларды қайтару отарлық санадан арылудың төте жолы деп санаймын. Жас ұрпақты мемлекетшілдікке, ұлтшылдыққа тәрбиелейміз десек, бұл іске батыл кірісуден қорықпауымыз керек. – Өңгімеңізге рахмет.

*Өңгімелескен, Арнұр АСҚАР.*

*«Нұр Астана» газеті,  
9 маусым 2011 жыл.*

## **ХАЛЫҚ СӨЗІ-КЕҢ АУҚЫМДЫ, ҚАСТЕРЛІ ҰҒЫМ**

1. Сіз үшін «халық сөзі» деген ұғым нені білдіреді?
2. Халық сөзін сіз айтып жүрсіз бе?
3. Халық сөзін айтып жүрген кімдерді атар едіңіз?

1. Өзімізді өзіміз алдап қайтеміз, сөздің шыны сол, қазір көбік сөзді сапырушылар көбейіп кетті. Біреулер биліктің алдында «билегендей» болып жатса, енді біреулері жекелеген топтардың жырын жырлап, ақ тер, көк тер болуда. Жақсылықтарға жүзін жылытпай, тек кемшіліктерді ғана көретіндер де бар. Осының бәрі халықтың сөзі ме? Аражігін ажыратып алу керек сияқты. Меніңше, ел, ұлт мұраттарын қозғайтын сөздер халықтың жүрегінен шықты деуге лайық. Халық сөзі -мән-мағынасы өте кең, қастерлі ұғым. Ертеде халық сөзін ел билеген көсемдер, от ауызды, орақ тілді шешендер айтқан. Кейбіреулер өмірде орын алып жатқан кемшіліктерді, түйіткілді мәселелерді көтерсе болмаса билікті сынаса, халық сөзін айттым деп ойлайды. Жоқ, олай емес. Халық сөзін айту дегеніміз-елдің, ұлттың болашағын ойлау, халықтың қамқоры болу, солардың мүддесін бәрінен де жоғары қойып, сол үшін күресу. Халық сөзін айту үшін жүрек керек, адалдық, ар-ұят, намыс, берік ұстаным керек. Мұндай қасиеттер екінің бірінің бойынан табыла бермейді. Сондықтан да, жағымпаздық, жасқаншақтық, бақаи есеп, қарақан бастың қамын күйттеу көп адамның аузын буып тұр.

2. Бұл сауалға иә деп нық сеніммен жауап берудің өзі қиын.

3. Жоғарыда айтқандарымнан біздің қоғамда халық сөзін сөйлейтіндер жоқ деген ұғым тұмайды. Қалай десек те, елімізде халықтың көкейіндегі мәселелерді батыл көтеріп жүрген азаматтар аз емес. Мәжіліс депутаттары арасынан Сәт Токпақбаевты, Ирак Елекеевті, Нұртай Сабильяновты, Рамазан Сәрпековті тағы басқаларын атар едім. Жастар арасында Ерлан Карин мен Ай-дос Сарымның, Дәурен Қуаттың ойлары озық, қалыптасқан жағдайларды талдау, алдағыны болжау қабілеттері жоғары

екенін айтқым келеді. Амангелді Айталы, Ғаббас Қабышев сынды ағаларымыз да қоғам өмірінде болып жатқан құбылыстарды жіті қадағалап, ойларын бүкпесіз білдіріп отырады. Халықтың көкейіндегіні білу үшін олармен көп араласу, олардың сеніміне ену керек. Осы тұрғыдан алғанда, халық сөзін айтуға журналистердің мүмкіндігі мол деп ойлаймын. Олардың арасында да осындай ұмтылыстың жетегінде жүргендер баршылық.

*«Халық сөзі» газеті,  
19 шілде 2011жыл*

## ЕЛЕКЕЕВТИҢ МӘЛІМДЕМЕСІ ТЕРЕҢ МАҒЫНАЛЫ ОЙДАН ТУМАҒАН

Халық қалаулылары елдің көз алдында жүр. Олардың әр қимылы, атқарып жүрген істері таразыға тартылар болса, кімнің қаншалықты салмағы барын уақыттың өзі-ақ айқындап берер. Сондықтан ел сенім артқан депутаттарды алалаудан аулақпыз. Алайда, жақсының жақсылығын айтып, нұрын тасыту – басты мұратымыз. Ұлттың жоғын жоқтап, айтар ойын бүкпесіз ақпаратын санаулы депутаттардың ішінен Жарасбай Сүлейменовті жеке-дара атауға тиіспіз. Себебі, журналистерге ол кісінің не нәрсеге де дер уақытында, ыстығы басылмай тұрғанда жауап беруге талпынатын шапшаңдығы ұнайды. «Сабақты ине сәтімен» демекші, Мәжіліс депутаты, ұлтжанды азамат Жарасбай Сүлейменовпен орайы түскен сұхбатты назарларыңызға ұсынып отырмыз.

Әңгімеміздің элқиссасын Ирак әріптесіңіздің айды аспанға шығарған мәлімдемесінен бастасақ. Ол кісінің бұлайша қатты кетуіне не себеп болды деп ойлайсыз? Соншалықты Парламенттің бар жұмысын жоққа шығаруға дейін бару, Үкіметті бұйірден бір түйіп өту, сыбайлас жемқорлықтың Парламенттің ішін «кезіп жүргенін» астарлап жеткізу демократияның жарқын көрінісі деуге лайық па?

— Ирак әріптесімнің бір емес, бірнеше дүркін жасаған мәлімдемесін БАҚ өкілдері іліп әкетіп, сан-саққа жүгіртіп жатыр. Ерлікке балап, көтермелеп жатқандар да жетерлік. Біз бір қатарда отыратындықтан, бірге қызмет жасап жүргендіктен, “аттың сыры иесіне мәлім” дегендей, әріптесімнің кеңіл-күйін жақсы түсіндім деп ойлаймын. Ирак Қасымұлының Парламенттің бар жұмысын жоққа шығара сөйлеуі артық эмоцияға берілуінде жатыр. Негізінде, оның ащына айтқан мәлімдемесі терең мағыналы ойдан барып туған сөз емес. Парламенттің жұмысын талдап, ішкі жүйесін саралап, күнгейі мен көлеңкесін анықтап, “жеті рет өлшеп, бір рет кескен” сөз олай айтылмаса керек-ті. Бұл, шын мәнінде, бір сәттік қызбалықтан, алдыңғы отырыстардан жиылған реніштен тұтанған өрт. Өкінішке қарай, ол

өрт біраз жерді шарпыды. Сондықтан не нәрсенің де екі жағы болатыны секілді, халық сенім артқан Парламентке де біржақты шешім айту ағаттық. Дегенмен, оның көтерген мәселесінің кейбірін қолдаймын. Бірақ ақиқатты айқайлап айту үшін де бұлтартпас дәлелдер мен дәйектер қажет екенін есіне салғым келеді. Әйтпесе Парламентте істеліп жатқан жұмыстардың бәрін жоққа шығара берсек, бәрінен жүрдай боларымыз хақ.

“Тілде сүйек жоқ” десек те, қарапайым халық Ирак Қасымұлының мәлімдемесінен кейін әжептәуір “есейіп” қалғанын жоққа шығаруға болмас. Себебі, дәл мұндай жанайқай басқа ортада емес, ел сенім артқан серкелердің ауласынан “бұрқ” ете қалғасын, елең етпей қайтсін? Саясаттың сорпасын ішіп жүр дейтін кейбір азаматтар “мұның бәрі биліктің істеп отырғаны, Елекеевтің жүрегіне “түк бітірген” күштің тамыры тереңде” деп сәуегейсіп жатыр. Осыған сіздің көзқарасыңыз қалай?

– Өз басым бұл болжамға келіспеймін. Олай деп жұрттың ойлап қалған себебі, біз депутат болып сайланғаннан бері мәжілісті тарату күн тәртібінен түспей келеді. Оған біздің де, көпшіліктің де құлағы әбден үйреніп алды. Елекеевтің “Парламентті таратайық” деп, жұртты елең еткізгенінің түп-төркіні әріде жатқанын білу қиын емес. Президент сайлауынан кейін ары қарай Парламент жұмысы қалай өрістейді, жаңа Парламент жасақтала ма дегендер де болған. Ол аз десең, Ертісбаевтың газетке берген сұхбаты да түрлі ойға жетелеген. Сөйтіп, журналистердің “жемтігіне” айналып, борша-боршасы шыққан мәселе енді “есін жия” бастағанда Елекеевтің “жұмыс жасау қолымыздан келмесе тарайық” деген сөзіне ұласты. Оның түп-төркініне ешкім назар аударған жоқ. Депутаттың аузынан шықты, бітті, іліп әкетті. Бірақ мынаны ескеруді ұмыттық. Президент депутаттармен жүздескен сайын Парламенттің жұмысына көңілінің толатынын айтумен келеді. Оған негіз де бар. Ел игілігіне қызмет жасайтын экономикалық, әлеуметтік жағдайларға байланысты жақсы-жақсы заңдар қабылданды. Дағдарыс алқымнан алған кезеңде заңдарды жеделдетіп қабылдауға тура келді. Сондай қиын шақтарда Парламент уақытпен санаспай көп жұмыстар атқарғанын ел-жұрт білуге тиіс. Елбасы да жиі айтып жүр.

Ал тапсырыспен айтты дегенге мүлде келіспеймін. Меніңше, бұл

кездейсоқ айтылған сөз. Діттеген нысанаға дөп тиіп жатыр деуге де келмейді. Әріптесімнің сөзінде нақты бір тұжырым, шешім жоқ болғасын айтып отырмын.

Біздің білуімізше, Ирак Қасымұлы айтқан сөзінен қайтпайтынын бірнеше рет қадап айтты емес пе?

– Ол сөзін мен де естідім. Соншалықты жігермен, сеніммен айтпағаны көрініп тұрды. Бірде әріптестермен тікелей сұраққа келген кезде, “мен шын көңілден айттым” деп солқылдақ жауап бергені сөзіме дәлел. Менің білуімше, оның айтпақ болғаны мүлдем басқа нәрсе болғанға ұқсайды. Сыбайлас жемқорлық туралы айтпақшы болып тұрып, эмоцияның жетегінде кетіп қалған сияқты. Оны да түсінуге болады. Бірақ ондай ащы ойды жеткізудің басқа да әртүрлі жолдары бар екенін ескеруі керек еді. Оның бер жағында “Парламентке келіп, министрлер есеп бермейді” дегені шорт кету. Шынында, Парламенттің жұмысын талдайтын болсақ, министрлердің өзі, болмаса орынбасарлары қатыспай жиын өтпейді. Бірен-саран кездесетін кемшіліктерді жіпке тізіп, бәрін жоққа шығару қисынға келмейді. Сондықтан бәрін депутаттың ар-ұятына тапсырайық.

Әріптесіңіз сөз орайында Парламент заң шығарумен ғана айналыспауы керек. Шетелдік тәжірибеге сүйенсек, біз атқаратын жұмыс шаш етекпен деді. Мұны қалай түсінуге болады?

– Мен айтар едім, шетелдік тәжірибеде өркениетті елдерде, мысалы Еуропада Парламент негізінен заң қабылдаумен айналысады. Ал Парламенттің рөлін көтеру жайлы айтқаны көңілге қонады. Елбасы да Парламенттің беделін көтеру жағын сөз орайында айтып жүр. “Парламенттің беделі жоғары болуы керек, Үкімет мүшелері Парламенттің алдында атқарып жатқан істері жөнінде жиі-жиі есеп беріп отыруы керек», — дегені құптарлық. Алайда, бұл бізде жүзеге асып жатыр емес пе? Бірақ деңгейі қандай дегенге келсек, кібіртіктейтініміз рас. Сол Үкімет сағаттарының тиімділігі бар ма, қайтарымы қандай, қозғалған мәселе ары қарай бір шешімге ұласып жата ма десе, бұл бөлек әңгіме арқауы. Расын айтсам, өтіп жататын Үкімет сағаттарына кейде менің де көңілім толмайды. Себебі, бәрі жаттанды, таптаурын болған сүрлеумен “жортақтауға” бейім. Он-он бес минутта атқарып жатқан жұмыстарын жақсы жағынан айтып шығып, “парыздарынан” құтылуды ғана көксейтіндей көрінетіні



бар. “Еті үйреніп” алған депутаттар да “асығып” отырған министрлік өкілдерін “алқымнан” алмай-ақ, сипай салды сұрақ қоюға құмар. Міне, осындай жағдайларды көргенде, әріптестерінің жұмысына Ерекеннің көңілінің толмауын түсінуге болатындай.

Сол жолы Ирак Қасымұлының аузынан Парламенттің ішіне сыбайлас жемқорлықтың “ұя сала” бастағаны айтылып қалды. Осы кезде көпшіліктің есіне Досқалиевті тұтқындағанда депутаттардың шу ете қалғаны оралғаны анық. Министрге араша түсуге талпынған халық қалаулыларының апта өтпей қарқындары су сепкендей басылып қалғандары түсініксіз...

– Бұл арада Ирак Қасымұлының кімді меңзеп тұрғанын айту қиын. Дегенмен, ол кісіде келеңсіз істер туралы деректер болуы әбден мүмкін. Соларға сүйеніп, бір жағдайларды біліп айтқан болар деп топшылаймын. Көп жылдар бойы құқық қорғау органдарында қызмет істегені – соның айғағы. Заң саласындағы тәжірибесі ұшан-теңіз адам ғой. Сондықтан ақпараты бізден гөрі молырақ екені даусыз. Ал “айтым қара, жаптым жала” болса, арына сын.

Досқалиев мәселесіне келсек, оны колдап қол қойған депутаттардың ішінде мен де бармын. Неге қол қойғанымды айтайын. Ол кісі министрлік қызметке ауысқанға дейін біздің комитетті басқарды. Екі жылдай бірге жұмыс істедік. Біраз жағдайлармен тапыспыз. Ол кісі тұтқындалғанда қылмыскер емес деп ақтағымыз келген жоқ. Ол кісінің сіңірген еңбегін, қаншама адамды ажал аузынан алып қалған ерлігін ескеріп, тексеру барысында асығыстыққа жол берілмеуін айтуға тырыстық. Себебі, басына іс түскенде денсаулығы сыр беріп, инсульт алып қалды деген ақпарат та елең еткізді. Сондай жағдайда оған бір жеңілдік жасауға тырысып, сырт айналып кетпей, шамамыз жеткенше жақсылығын айтпасақ кім болғанымыз? Біріншіден, Досқалиев кісі өлтіріп, болмаса қарақшылық жасап, біреуді тонаған жоқ қой. Елден қашып кетуге дайындалып қойыпты деген қауесет те қаншалықты шындыққа жанасатынын білмейміз. Десек те, ол кісінің денсаулығын ескеріп, біраз жеңілдіктер жасауға болатын еді. Біз осы жағынан қарап, адамгершілік тұрғысынан көмектескіміз келді. Қылмыскер болып тұрса да құтқарып алу керек деген ой ешкімде болған жоқ.

Ойларыңызды жүзеге асыруға не кедергі болды?

– Біз Досқалиев жайлы пікірімізді ашық айтқаннан кейін, Парламентке сыбайлас жемқорлықпен күрес агенттігінің бастығы келіп, бізге бар жағдайды түсіндірді. Біз білмейтін, халыққа жария етілмеген мәселелерді қозғады. Осыдан кейін ол жайлы әңгіме қозғау әбестік болар еді.

Ирак Елекеев әріптесіңіз айтпақшы, алдағы уақытта Парламентті тарату жайлы алыпқашты әңгіме көп. “Жел тұрмаса шөптің басы қимылдамайды”. Осыған көзқарасыңыз қалай?

– Ондай қажеттілікті өз басым көріп отырған жоқпын. Негізінен, Парламентте бірнеше партиялардың өкілдері болу керек деген пікірді қолдаймын. Оған мүмкіндік беріп, жол ашатын заң қабылданды. Шып мәнінде, “Нұр Отанмен” бәсекелесетін партиялар шығып жатса, Парламенттің төрінен ойып тұрып орын алатындарына сенім мол. Дәл қазір байқауымша, сайлау өткізгенмен Парламенттегі жағдай өзгермейді. Оны толық сеніммен айта аламын. Неге десеңіз, соңғы Президенттің сайлауы “Нұр Отанның” қоғамдағы орнының қаншалықты екенін көрсетіп, оның басымдығын айқындап берді. Егер Парламенттің сайлауы өте қалған күнде де кәдімгі қуыршақ партиялар қатысады да, бес-алты орын алар. Одан ештеңе өзгермейді. Біздің үлкен бір кемшілігіміз нақты сындарлы оппозиция жоқтығында жатыр. Оппозициямыз ойын қуған баланың кебінде. Жиырма жылдан бері жақсы бір оппозициялық күштер қалыптасуы керек еді. Қалыптаса алмай келеді. Себебі, “Нұр Отаннан” бастап, кез келген партияны алыңыз, сайлау уақытында ғана жанданып, “жыбырлай” бастайды. Халық қазір сауатты, заңды біледі, саясатты да ұғады. Кімнің ұрандатып бос жүргенін, кімнің үнсіз жүріп көп іс тындырғаны оларға бесенеден белгілі. Сондықтан ондай партияларды ешкім қолдамайды. Оның жарқын мысалы кешегі президент сайлауында анық байқалды.

Президент сайлауы демекші, сайлауға қатысуға ниет білдірген кей азаматтар өз ана тілінен сүрініп жатқанда, көл-көсір тәжірибесі мен білімі бола тұра, қазақ тілін еркін меңгермеген Ғани Қасымовтың топ жарғаны кездейсоқтық па, жоқ әлде көңіл жықпастық па?

– Оның басы-қасында болмағандықтан, қайсы қалай өткеніне шеге билік айта алмаймын. Айтқыңыз келіп тұрғаны Уәлихан Қайсар болса, ол кісімен аралас-құраласым жоқ. Бірақ БАҚ-тан ол кісінің қазақ тіліне тайпалған жорғадай аса бір “төгіліп” тұрмағанын байқадым.

Ал Ғани Қасымовтың қазақ тіліне шорқақ екенін жұрттың бәрі біледі. Сөйте тұра өтіп кетті. Кездейсоқтық дейін десең, логикаға мүлде қайшы. Бұдан келешекте сабақ алуға тиіспіз. Кеңілжықпастық, тамыр-таныстық иектемеу үшін қазақ тілінен сынақ алатын мамандар тәуелсіз болуы шарт. Ар алдында таза болуымен қатар, адами жағынан биіктік қадағалауды күшейтері анық. Президенттікке үміткерлерден сынақ алу бүкіл елдің алдында өткендіктен, жасырып, жаба алмайсың. Сол себепті комиссия мүшелері елдің алдында ұятқа қалды. Өкінішке қарай, ел ағаларынан мұндай “жаңалықты” халық күтпеген еді. “Өттеген-ай!” десті. Мемлекеттік тілді білмейтін адамның президенттікке талпынуы, біріншіден, сол халықты сыйламауы, екіншіден, “бәрі бір өтпейді” деп немқұрайлы қарап, ақталуы жауапсыздық. Сынақтан сүрінбей өтіп тұр ма, барсын, бағын сынасын. Ал тілді білмеді ме, өз обалы өзіне. Ондай жанды жетекке алып төрге шығару естір құлаққа ұят. Мұны бүкіл ел-жұрт көріп, қаныққаннан кейін сөз етудің өзі қисынсыз. Алайда, халық ақымақ емес, бәріне көзсіз құлай беретін. Сайлау барысында өз бағасын таңдаулысына берді. Ал сынақ комиссиясы қаншалықты көтермелегенімен, Ғани Қасымовқа халық қаншалықты сенетінін сайлау нәтижесі көрсетті деп ойлаймын. Тіпті керек десең, ол кісіні президенттікке кандидат деп ешкім санаған жоқ.

Тіл мәселесін төменнен емес, жоғарыдан бастаған дұрыс деген пікір жиі айтылады. Биліктің бір тармағы болып саналатын Парламентте қазақ тілі құлашын жайып дамып жағыр деуге әлі ерте. Заң шығарушы органның өзі тіл мәселесінде сүрініп жатқаннан кейін, басқаға не жорық? “Тіл туралы” Заңның қабылданбай сүрленіп жатып алуына осының салқыны тиіп жатқан жоқ па?

– Парламентте қазақша сөйлеуге мүмкіндігі зор азаматтар жетерлік. Өз тілінде сөйлеу – әр адамның қасиетті борышы. Ұлтына деген іңкәрліктен, сүйіспеншіліктен туындайтын тіл мәселесіне немқұрайлы қарауды уақыт кешпірмейді. Кенестік дәуірден қалған ресми тілде сөйлеу әлі күнге салтанат құруда. Дегенмен, Парламентте төрт жылдың ішінде кәдімгідей ана тілдерін жетік менгеріп алған депутаттардың саны артып келе жатқаны қуантады. Алғаш келгенде сөйлей алмағандар, сөйлеуге жүрексінгендер ана сүтімен енген тілдерінде ойларын жеткізе білуі – жақсылық нышаны. Тек депу-

таттар ішінде ғана емес, министрліктер басшылары арасында тілге деген талпыныстар байқалып жүр. Тұтастай алып қарағанда, Парламентте тіл проблемасы жоқ деуге болады. Жекелеген азаматтардың шүлдірлегеніне қарап, көпке топырақ шашуға болмас. Мысалы, біздің әлеуметтік мәдени даму комитетінде бүкіл отырыстарымыз қазақ тілінде өтеді. Кім қатысса да. Біз болып жүрген өзге комитеттерде ілеспе аудармалар бар, жағдайдың бәрі жасалған. Аудармашылар сөзінді қай тілде болса да жеткізуге даяр. Бірақ баяғыдан қалып қойған сарқыншақ кей депутаттардың бойынан “аңқып” жүргені жанға батады. Әйтпесе бізде тілді дамытуға қандай да бір кедергілер бар деу қисынға келмейді. Қаржы бөлініп жатыр, Елбасы да сөзін қадап-қадап айтып жатыр. Қай кезге дейін тілді меңгеруді белгілеп те қойдық. Бірақ бұл мәселенің бір күнде шешілмейтінін елдің бәрі біледі.

Уақытыңызды бөліп сұхбат бергеніңізге рахмет, аға!

*Әңгімелескен,  
Нағашыбай ҚАБЫЛБЕК.*

*«Қазақстан-затан» газеті,  
8 маусым 2011 жыл.*

## **ЖУРНАЛИСТЕР ЕШКІМГЕ ЖАУТАҢДАМАУЫ КЕРЕК**

Жарасбай аға – Ұлт туралы, ұлттық құндылықтар туралы жиі мәселе көтеріп жүрген зиялыларымыздың бірі. Қазақтың мұң-зарын, қазақтың проблемасын, ұлттың қайғысын Парламенттің мінберінде аз көтеріп жүрген жоқ. Жарасбай ағаның ел, ұлт мәселесін айтудан қашқан кезі болған емес.

– Жарасбай аға, журналистің құқығы туралы арнайы мәселе көтергеніңізден хабардармыз. «Журналистерді қорғайтын арнайы заң керек» дедіңіз. Арнайы заң қабылдасақ, қазақ журналистерінің әлеуметтік деңгейін көтере аламыз ба?

– Журналист – қатардағы көп мамандықтың бірі емес, қоғамның дамуына, адамзаттың қалыптасуына ықпалы зор үлкен күш. Біздің жас мемлекетіміздің болашағы да, балауса демократияның тағдыры да қалам ұстаған қауымның қызметіне, іскерлігі мен жауапкершілігіне тікелей байланысты. Міне, сондықтан да еліміздегі сөз бостандығын ұдайы қолдап, бұқаралық ақпарат құралдары саласын одан әрі дамытуға қамқорлық жасалуы керек. Баспасөзі мықты елдің өзі де мықты болатынын Алаш арыстары сонау жиырмасыншы ғасырдың басында айтып кеткен. Сөз жоқ, журналистер айрықша мәртебені иеленуге тиіс. БАҚ қызметкерлерін әлеуметтік қолдауды іске асыратын, атап айтқанда, журналистерді әлеуметтік жеңілдіктерді пайдаланатындардың тізіміне қосатын (сыйақы, баспана беру, ипотекалық жеңілдіктер), зейнетақы тағайындағанда кәсіби санатын анықтайтын мезгіл туды.

Қазіргі қолданыстағы заңдарда журналистердің құқығын қорғаудың сенімді тетіктері қарастырылмаған. Алайда осыны ойластырып, басын қатырып жатқандар шамалы ма деймін. Жақында теледидардан өзін журналистика саласының білгірімін деп жүрген бір азамат сөйледі. Ол бұқаралық ақпарат құралдары төртінші билік емес дейді. Мұны мен бұқаралық ақпарат құралдарының рөлін түсінбеу, көпе-көрінеу төмендету деп бағаладым. Жалпы,

журналистердің мәртебесін көтеру, оларды қорғау, қалам ұстаған қауымнан гөрі біздің елімізге, халқымызға керек. Егер біз Ата Заңымызда бекітілген сөз бен баспасөз бостандығы қоғамымыздың демократиялық жолмен дамуының, оның азаматтық қоғамға одан әрі сенімді қадам басуының бұлжымас шартына, ал бұқаралық ақпарат құралдары осы құбылыстың ықпалды құралына айналсын десек; мемлекеттің, қоғамның және баспасөздің іс-қимылын жаңа деңгейге көтереміз, үйлесімді жүйесін жасаймыз, баспасөзді, журналистерді жан-жақтан жасалатын шабуылдардан, зорлық-зомбылықтан қорғаймыз, баспасөзді біреулердің жеке мүддесіне пайдалануға тосқауыл қоямыз, рухы күшті ұрпақ тәрбиелейміз десек, ең алдымен еркін ойлы, ұстанымы берік, ел, ұлт мүддесіне қалтқысыз қызмет ететін журналистердің неғұрлым көп болуына күш жұмылдыруымыз, бұқаралық ақпарат құралдары туралы ұлттық заңнаманы одан әрі жетілдіру жолдарын қарастыруымыз, бұқаралық ақпарат құралдары мен журналистердің құқықтары мен бостандықтарының негіздерін айтарлықтай кеңейтуіміз керек. Бұл – уақыт талабы. Журналистер ешкімге жалтақтамауы, жауаңдамауы үшін олардың құқығы заңмен қорғалуы керек. Демек дәл бүгін жаңа заң қабылдасак та, қолданыстағы заңдарға толыққанды жұмыс істейтін тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізген артық болмас еді.

– Орыстілді журналистика мен қазақтілді журналистиканы жиі салыстырып жатамыз. Жалпы, салыстыру қаншалықты қажет? Қазақ журналистерінің әлеуметтік жағдайын салыстыру арқылы шешуге болады деп ойлайсыз ба?

– Жасыратыны жоқ, ұзақ жылдар бойы қазақ журналистикасы көлеңкеде қалып келді. Тек тәуелсіздік алғаннан кейін ғана ел иесінің, жер иесінің даусы шыға бастады. Қоғамымыздағы сөз бен шығармашылық еркіндікке конституциялық кепілдіктің берілуі бұқаралық ақпарат құралдарының шапшаң дамуына жол ашты, оған деген мемлекеттік монополияны жойды, жаңа бағыт, жаңа сарындағы БАҚ нарығын дүниеге әкелді. Нәтижесінде мемлекеттік БАҚ-пен қатар, оппозициялық, тәуелсіз және салалық сипаттағы БАҚ өзара бәсекелестікке түсті, журналистердің белсенділігі артты.

Жиырма жыл – тарих үшін көп уақыт емес, қас қағым

сәт. Міне, осы уақыт ішінде қазақ журналистикасы барынша қарқынды дамып, біз оны басқалармен салыстыра алатын болдық. Меніңше, бұл да жетістік. Қазіргі қазақ журналистикасы көштің соңында қалып жатқан жоқ, ел өміріне қатысты мәселелерді батыл көтеріп, алда тұрған міндеттердің шешілуіне өз үлесін қосуда. Сөйтіп, ел болашағына қатысты мәселелерді көтеруде орыстілді бұқаралық ақпарат құралдары қазақтардың шаңына да ілесе алмай қалды. Бұл арада бізді мына бір мәселе ойландыруға тиіс. Орыстілді басылымдар елдікке, ұлт мүддесіне қатысты мәселелерді көтермейді. Бұл – жақсылықтың нышаны емес. Біздің елімізде тіркелген барлық ақпарат құралдары қай тілде хабар жүргізетініне, шығатынына қарамастан, тәуелсіз Қазақстанның мүддесіне қызмет етуі тиіс. Өкінішке қарай, біз жиырма жылдан бері осыған қол жеткізе алмай келе жатырмыз.

– Ұлттық мәселелерді жиі көтеріп, ұлттық идеологияға қызмет етіп жүрген қазақ басылымдарының көбінің хал-ахуалы дауылды теңізде қалтылдаған қайықтай. Бұған сіздің көзқарасыңыз қалай?

– Қазіргі таңда мемлекет бұқаралық ақпарат құралдарын дамытуға, ақпараттық саясат жүргізуге көп қаржы бөліп отырғаны айқын. Ол өз мақсатына жұмсалуда тиіс. Қаржыны тендер арқылы бөлу – осыны қамтамасыз етудің бір тетігі. Одан қорқатын ештеңе жоқ. Тек мәселе қаржының адал бөлінуінде болып отыр. Тендерге қатысушыларға тең мүмкіндіктер жасалуы керек. Сонда біздің елімізде шынайы бәсекелестік орта қалыптасады, шын мәнінде, жүзден озған жүйріктер жеңімпаз атанады. Қазір тендерлер өткізуде нақ осындай ахуал қалыптасты деп айта алмаймын, әлі де болса бармақ басты, көз қысты дегендей, талаптарды орап өтушілік байқалады. Тағы бір айта кететін жағдай, мемлекеттік тапсырыс арқылы қаржы бөлу – бұқаралық ақпарат құралдарына қысым жасаудың, тізгіндеп отырудың құралына айналмауы тиіс.

## «ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ – ОЛ ХАЛЫҚ ҚАЛАУЛЫЛАРЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ БІР ҚЫРЫ ҒАНА»

– Сіздің есіміңіз «Петропавлдың тарихи «Қызылжар» атауын қайтару керек» деген депутаттық сауалыңыздан кейін көпшілікке

табандылығыңызбен танылды. Сол сауалыңыздың соңы не болды? Қызылжарды қайтара алдық па?

– Жалпы, мен атымды шығарайын деп жүрген адам емеспін. Әрине, азаматты елі, халқы танып жатса, ол жақсы. Бірақ депутаттардың қызметін тек танымалдығымен бағалау дұрыс емес. Халық қалаулыларының еңбегі жасаған мәлімдемелерімен емес, заң шығарушылық қызметімен бағалануы тиіс. Нақты мысал келтірейін, Мәжілісте Серік Темірболатов деген депутат бар. Ол кісіні бүкіл ел біледі деп айта алмаймын. Бірақ депутат ретінде, заңгер ретінде атқарып жатқан жұмыстары ұшан-теңіз. Серік Ғабдоллаұлы Мәжілістің қарауына енгізілген заң жобаларын талқылауда әрдайым біліктілік, белсенділік танытады. Сол сияқты әріптесім Рамазан Сәрпековтің де өз міндетін абыроймен адал атқарып жүргеніне куәміз. Айта берсек, Мәжілістің қазіргі құрамында осындай депутаттар көп болмаса да, бар. Депутаттық сауал – ол халық қалаулылары қызметінің бір қыры ғана. Ал Петропавлға ежелгі Қызылжар атауын қайтару қажеттігіне келетін болсақ, ол әбден толғағы жеткен мәселе деп білемін. Мен ол сауалды жасағанда, осы мәселені көтерсем, бәрі бірден шешіле қалады деп ойлаған емеспін. Бірақ ендігі жерде үнлемей отыра берудің де еш реті жоқ еді. Өз басым бұл сауалдың із-түссіз кетпейтініне, мәселенің оң шешімін табатынына сенемін. Бәрімізге белгілі, қазақ жеріндегі қоғамдастықтың ежелгі тарихи дәуірде қалыптасқан ұлттық ономастикалық жүйесі болған. Өкінішке қарай, ол XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап түбегейлі өзгерістерге ұшырап, патша үкіметінің отаршылдық мүдделеріне, кейіннен Кеңес жүйесінің тоталитарлық саясатына қызмет етуге мәжбүр болды. Кешегі солақай саясат елді-жұртты салт-санасынан айырып, рухани тамырынан ажырату үшін алдымен жер-су аттарын өзгертті. Осылай халық санасында сан жылдар сіңісті болған атаулардың сырына үңілмей, ту-талақай ету – тарихқа жасалған қиянат еді. Тәуелсіздігімізге біз осындай мүсәпір халде қадам бастық.

«Атау – нысанға таңылып қалған нәрсе емес, ол тек қана қоғамда өмір сүреді және әрбір әлеуметтік құбылыс сияқты әрқашан тарихи заңдылықтарға бағынады» – дегенді еске алсақ, ономастикалық жұмыстарды үйлестіруге, ұлттық мүддемізге сәйкестендіруге, ономастика жөніндегі қағидаларымыз бен тұжырымдарымызды Қазақстан



тәуелсіздігінің бүгінгі рухани биігінен қайта қарауға, ескі атауларды қалпына келтіруге, тарихи әділеттілікті орнатуға жедел кірісіп кетуіміз керек еді. Тәуелсіздіктің таңында осындай бір құлшыныстың ел тарихын құрметтейтіндерді тың ізденістерге бастағаны анық. Сөйтіп, екі қадам ілгері, бір адым кейін шегіне жүріп, біраз істер тындырылды. Осы атқарылған істер еліміз тәуелсіздік алғаннан бастап ұлттық ономастика кеңістігін өзінің төл нақыштарымен ажарландыруға берік бағыт ұстады деуге негіз бола ала ма? Бұл арада нық сөйлеу қиын, содан да жауабымыз әркез солқылдақ шығады. Көсіліп сөйлей алмай күмілжиміз. Өйткені, отаршылдық пен тоталитарлық дәуірлерден қалған атаулардан біртіндеп арылып келеміз десек те, әлі шешілмеген мәселелер, кезегін күтіп тұрған істер жетіп артылады. Төкетерін айтсақ, еліміз, жеріміз үш ғасырға созылған отарлау кезеңінің ономастикалық белгілерінен түбегейлі тазартылмай отыр. Әсіресе, еліміздің солтүстік, шығыс, орталық облыстарында орысша атаулар әлі де сіресіп тұрғаны кімді де болсын қынжылтпай қоймайды. Менің ойымша, жиырма жылдың ішінде біз бұл істі біраз еңсеріп тастауға тиіс едік, іс жүзінде олай болмады. Өткен ғасырдағы отаршылдық заманды, одан кейінгі кешегі кеңестік кезеңді еске салатын қалалар мен аудандардың және жүздеген елді мекендердің атаулары әлі күнге орыс тілінде тапжылмай тұр. Сөйтіп, біз ұлттық мүдде ұтатын жерде арқаны кеңге салып, мәселенің шешілуін сағыздай созып, тәуелсіз елдің топонимикасы да тәуелсіз болуы керек дегенді ескермей келеміз.

– «Біздің жастарымызға отаншылдық рух жетіспей жатқан сияқты» деген екенсіз бір сұхбатыңызда. Отаншылдық рухты бойға сіңіру үшін не істеуіміз қажет деп ойлайсыз?

– Шынына келсек, сияқты емес, біздің жастарымызға отаншылдық рух шынымен жетпей жатыр. Соның бір ғана көрінісі – тәуелсіздік алғанымызға жиырма жыл өтсе де біз туған тіліміздің жұлдызын жандыра алмай келеміз. Осыдан жиырма жыл бұрын тәуелсіздіктің елең-алаң шағында біздің жастарымыз бақытты, алдынан кең мүмкіндіктер ашылып отыр, бүгін мектеп табалдырығын аттаған балалар ертең таза қазақша сөйлейтін болады деп ойлаушы едім. Қынжыларлығы сол, олардың қатары әлі де қалың емес. Қайта соңғы кезде баска тілде

шүлдірлеушілер тіпті көбейіп кетті ме деп қорқамын. Біз ел боламыз десек, ең алдымен өзіміздің ұлттық құндылықтарымызды дәріптеуіміз, бойымызға сіңіруіміз керек. Бұл орайда алдыңғы толқынға зор жауапкершілік жүктелетінін ұмытпағанымыз жөн.

### «СОҢҒЫ ЖЫЛДАРЫ БІЗ ЖАСТАР ТӘРБИЕСІН НАЗАРДАН ШЫҒАРЫП АЛДЫҚ»

– Қазақ қоғамында соңғы кездері әлеуметтік теңсіздіктің салдарынан жастардың болсын, үлкен адамдардың болсын, өзіне-өзі қол салуы жиілеп барады. Тіпті үйреншікті ғадетке айналды десек те болады. Адамның өмірден баз кешуінің өзіндік себебі бар ма? – Адамдардың өзіне-өзінің қол көтеруі тек әлеуметтік теңсіздіктің салдарынан болып жатыр деп үзілді-кесілді айта алмаспыз. Оның себеп-салдарлары көп. Суицид оқиғаларының жиілеуіне әлеуметтік жағдай, тиісті отбасылық және қоғамдық тәрбиенің жоқтығы, зорлық-зомбылық, діни ағымдардың әрекеті, есірткі қолдану сияқты келеңсіздіктер себеп болып отырғаны сөзсіз. Өзіне-өзі қол жұмсаушылардың көбеюі – ең алдымен телеарналардан беріліп жатқан ұрыс-төбелеске, қантөгіске толы фильмдердің әсері, сондай-ақ бәріне шайлығын айырамын, байлығын еселеймін деп шарқ ұрып жүрген ата-аналардың жұмысбастылығы кінәлі, олар күнкөрістің қамымен таң атқаннан күн батқанша үй қарасын көрмейді, балалардың оқуына, тәрбиесіне көңіл бөле бермейді, назардан тыс қалған бала өзін керексіз сезінеді деушілерге де қарсы уәж айта алмайсыз. Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасының 2008 жылы «Балалар суициді» тақырыбында жүргізген арнайы зерттеуінде балаларды осы жолға итермелейтін негізгі себептер ретінде баланың күрделі әлеуметтік-психологиялық жағдайы, одан кейін – ұлтаралық қатынас, отбасылық тұрмыстың қолайсыздығы мен қолдаудың болмауы сияқты факторлар аталған. Дүниенің ақпараттануы, адамның табиғаттан алшақтауы, неше түрлі компьютерлік ойындар, көбінесе жастардың арасында суицидтің көбеюіне ықпал етіп отыр. Өткен XX ғасырдың басында осы жайға назар аударған австриялық психолог Зигмунд Фрейд адамның өзіне-өзі қол жұмсауы зақорлық, агрессиядан болатынын мәлімдеген. Ал америкалық психолог Карл Мен-

нидер суицидтің барлығын санадан тыс жасалатын өзара байланысты үш негізгі себеппен: өш алу – жек көрушілікпен, тығырықтан шығатын жол таппағандықпен және кінәлі сезімнің күштілігімен түсіндірген. Біреулер бәрін жоқшылыққа жапса, енді біреулер оған кереғар ой тастайды. Кімдікі дұрыс, кімдікі бұрыс? Бірінші ойға бас шұлғыын десең, халқымыздың басынан небір қиын зауалдар өткен, қазақ аштықты да, жалаңаштықты да көрген. Бірақ сол үшін ешкім асылып өлген жоқ. Бөле-жара айтатын бір мәселе – соңғы жылдары біз жастар тәрбиесін назардан шығарып алдық. Нарыққа өтпелі кезеңде отбасындағы жағдайдың өзі өзгеріп кетті. Ата-аналар балаларынан гөрі күнделікті тұрмыс мәселелерін көбірек ойлайтын болды. Қазіргі балалар еңбек ету дегеннің не екенін білмейді, кітап оқудан қалған. Міне, осындай бозөкпе балалар белгілі бір қиындықтарға кездескенде, тұйыққа тіреліп, өз өмірлерін қиып жатыр.

– «Тұрмыс сананы билейді». Демек, қоғамдағы келеңсіздіктердің негізгі салдары – тұрмыстың тапшылығына байланысты болғаны ғой. Бүгінгі өркениетті қоғамда белең алып бара жатқан таптық тартыстың себебін неден іздейміз?

– Шындығына келсек, елімізде қоғамдық қатынастардың өзгеруі халықтың алдынан кең мүмкіндіктер ашқан еді. Соны біз дұрыс пайдалана алмай келеміз. Әлі де сол масылдық пиғыл басым. Әлі де менің мәселелерімді біреу шешіп береді деп елендеп отырғандар көп. Әйтпесе қазір қай жерде болмасын өзіңнің ақыл-ойыңмен жақсы тұрмыс құруға болады. Оған мүмкіндіктер мол.

### «ҚАЗІР БІЗ МЕМЛЕКЕТ ҚҰРАУШЫ ҰЛТҚА АЙНАЛДЫҚ»

– Қазақ қоғамында проблема бар ма? Бар болса қандай?

– Қазіргі қазақ қоғамында проблема деген бастан асып жатыр. Оның қайсы бірін тізе бересің. Ең бастысы, бізді тәуелсіздігіміздің баяндылығы толғандыруы тиіс. Бұл орайда өткен жиырма жылда қыруаржұмыстаратқарылды десекте, олардың бәрі тәуелсіздігіміздің баяндылығына кепілдік бере алмайды. Сондықтан еліміздің әрбір азаматы осы ұлы мақсатқа қызмет етуге тиіс. Қазір біз мемлекет құраушы ұлтқа айналдық. Егер басқалар бізге қарап ой түзесін, бой түзесін десек, біз өз жауапкершілігімізді түсінуіміз керек.

Біздің алдымызда тұрған тағы бір күрделі мәселе – ауыл тұрмысын жақсарту. Ауыл дегенде, менің көз алдыма жаз шыққанда, бүкіл ыдыс-аяғын шошалаға көшіріп, таң атқаннан күн батқанға дейін үй шаруасынан колы бір босамайтын, таңертең сиырын сауып, сүтін салып, бауырсағын пісіріп, шәйін қайнатып, біздің ұйқымыздың қануын күтіп отыратын апам келеді. Кешке біздің үйдің ауласы балаларға толып кетеді. Апамның бұрқ-сарқ қайнап жатқан қазанынан бір-бір бауырсақты іліп алып, тақымға қысқан тал «тұлпарды» қамшылап, өрістен қайтқан малдың алдынан шығуға асығамыз. Ауыл тіршілігі қым-қуыт, қысы-жазы қайнаған еңбек, балаға да, үлкенге де тыным жоқ. Сол кезде, ұлттың ұйытқысы, берекесі, жаны мен жүрегі, рухани байлығының сарқылмас бұлағы – ауылдың қызығы мәңгі тарқамастай, астығы, еті, сүті, қазы-қартасы мен қаймақ-майы сарқылмастай көрінуші еді. Ауыл ахуалы бір-ақ күнде өзгеріп шыға келді, құндылықтардың бәрі ұстағанның колында, тістегеннің аузында кетті. Үкімет бәрін де нарықреттейді деп қазақты қайнап тұрған қазанға салып жібергендей болды. Сол кезде жерінен, малынан айрылған ауылдар қатты жүдеп кетті. Ауылды түлету, ауыл шаруашылығын өркендету – елді көркейту деген сөз. Мына ұлан-байтақ далада егін өсіріп, төрт түлік малын өргізбесе, қазақтың өмірінің мәні де, сәні де келмейді. Ауыл мәселесін шешу арқылы ғана Қазақстан бәсекелестікке қабілетті елдердің санатына қосыла алады. Өйткені, ауыл – қазақтың анасы. Сол сияқты, кедейшілікпен, жемқорлықпен шындап күресу керек...

– Елге жиі барып тұрасыз ба?

– Менің ауылым Солтүстік Қазақстан облысының шалғай түкпірінде орналасқан. Қазіргі заманның ауыртпалығын молынан тартып келеді. Осыдан он жылдай бұрын жүзден астам үй болса, қазір солардың жартысына жуығы басқа жаққа көшіп кетті. Ауылда өндіріс жоқ, жастар жұмыссыз отыр. Барған сайын соларды жинап алып, босқа қарап жүрмеңдер, қазір заман өзгерді, әркім өзін ойлауы керек, бір қарекет жасандар деп айтудай-ақ айтып келемін. Бірақ соны ескеріп, қимылдап жатқандар шамалы. Әйтпесе біздің ауылда егіншілікпен, мал шаруашылығымен айналысуға мүмкіндік мол. Жері құнарлы, түгін тартсаң майы шығады.

## «ШЫНЫМ СОЛ, ҚАЙТСЕМ ОСЫ АРАДА ҚАЛАМЫН ДЕГЕН ОЙ МЕНІ МАЗАЛАП ЖҮРГЕН ЖОҚ»

– Депутат ретінде сізге арыз-тілегін айтып келетін жандар аз болмаса керек. Өтінішпен есігіңізді қағатындардың көбінің мұны не? Мәселесі қандай?

– Депутат деп мені іздеп келген адамдарды есіктің сыртынан қайтарып жіберген уақытым болған емес. Астанада да, аймақтарға шыққанда да сайлаушылармен кездесіп, олардың өтініш-тілектерін тыңдаймын. Сайлаушылар әртүрлі мәселелермен келеді. Кейбіреулер жұмыспен қамту, тұрғын үй мәселесін қозғаса, енді біреулер құқық қорғау органдарының қызметіне реніш білдіреді. Әрине, бәрі депутаттың қолында тұрған жоқ. Соның өзінде олардың өтініш-тілектерін тиісті орындарға жеткізіп, мәселенің оң шешілуіне атсалысып келемін. Жакында «Нұр Отан» партиясының орталық аппаратында сайлаушыларды қабылдадым. Арызданғандардың арасында Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облысынан келгендер де болды. Сонда бір байқағаным – біраз мәселелерді жергілікті жердің өзінде шешуге болады екен, тек сергектік, жанашырлық жетпей жатқан секілді.

– Ел арасында «Парламент тарайды екен» деген жел сөз есіп жүр. Парламент тарайтын болса, депутаттыққа өзіңізді қайта ұсынар ма едіңіз?

– Парламент тарасын-тарамасын, біздің өкілеттік мерзіміміз аяқталуға таяп қалды. Әйтеуір бір сайлаудың өтетіні анық. Қазір сайлау тәртібі өзгерген, бұрынғыдай еңбек ұжымдары үміткерлер ұсынбайды. Сол сияқты, жекелеген адамдар да өзін өзі депутаттыққа ұсына алмайды. Сайлау да бәсекелестік партиялар арасында өтеді. Демек, кімге сенім көрсетеді, оны партиялардың өздері шешеді. Байқайсыз ба, бұл арада маған тіреліп тұрған ештеңе жоқ. Шыным сол, қайтсем осы арада қаламын деген ой мені мазалап жүрген жоқ. – «Мәжіліс депутаттығынан босасам елге пайдам тиетін шаруамен ғана шұғылданамын, қаламымды ұстап жазу үстеліне қайтадан отырамын» деген екенсіз. Әлі де сол ойдасыз ба? – Амандық болса, менің зейнет демалысына шығатын уақытым да жақындап келеді. Мектеп қабырғасынан шыққаннан бері еңбектен қол үзген емеспін. Қой да бақтым, тракторшы да болдым... Енді

демалуға да болатын сияқты. Жуырда бір әріптесім қатты шаршап жүрмін, кейде тіпті қолыма қалам алғым келмейді деді. Менің басымда да осындай жағдайлар болады. Бірақ біраздан кейін бәрін ұмытып, жазу үстеліне қалай отырғаныңды аңғармай қаласың. Ойда жүрген мәселелер көп. Осыдан біраз бұрын «Мағжан» деп аталатын журнал шығаруды қолға алған едім, қаржының тапшылығы қол байлау болып, соны бір жолға қоя алмай келемін. Мағжан энциклопедиясын құрастырсам деген ойым да бар. Әйтеуір, денсаулық болса, қарап отырмаспын.

*Әңгімелескен Гүлзина БЕКТАСОВА.*

*«Түркістан» газеті,  
14-21 шілде 2011 жыл.*

## **ҚЫСҚАРТУҒА ҰШЫРАҒАН 26 МЫҢ ШЕНЕУНІКТІ ҚАЙДА ОРНАЛАСТЫРА АЛАМЫЗ?**

Жарасбай СҮЛЕЙМЕНОВ, Мәжіліс депутаты:

– Мемлекеттік жұмыста жүргендердің барлығы білімі, дипломы бар азаматтар болғандықтан, олар қысқартуға іліккен жағдайда да далада қалмайды деп ойлаймын. Қысқартуға ілігетіндердің көбісі жастар болуы да мүмкін. Мұндай жағдайда жастар басқа салаларға бейімделіп, тіпті екінші мамандыққа маманданып та үлгеруі мүмкін. Сондай-ақ мемлекетіміз де соншама маманды қысқартып, бетімен жібере салады деп ойламаймын. Жергілікті жердегі еңбекпен қамту бөлімдері арқылы олардың біліктілігі мен білімдеріне қарай жұмыспен қамтамасыз етілуі әбден мүмкін. Ал кейбіреуі нарық жағдайына бейімделіп, жеке істерін ашып кетуі де ықтимал. Жалпы, елімізде жеке іспен айналысуға да мол мүмкіндік болғандықтан, соншалықты алаңдауға негіз жоқ секілді.

*Әңгімелескен, Қуаныш ӘБІЛДӘҚЫЗЫ.*

*«Алаш айнасы» газеті,*

*14 қазан 2010 жыл.*

## **МӘЖІЛІС САЙЛАУЫН МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ӘҢГІМЕЛЕР ҚАНШАЛЫҚТЫ НЕГІЗДІ?**

Жарасбай СҮЛЕЙМЕНОВ, Мәжіліс депутаты:

– Парламент пен президенттік сайлаудың бір жылда өтпейтіндігі айтылып жүр. Ендеше, мемлекеттік мүддемізге солай қажет болса, Мәжіліс сайлауын кез келген уақытқа негіздеуге болады деп ойлаймын. Конституциямызда Парламенттің сайлауы қатып қалған құбылыс деген заң жоқ. Бірақ мен мезгілінен тыс сайлау өткізуге қандай да бір қажеттілік көріп отырған жоқпын. Себебі, Мәжілістің қазіргі құрамы өте белсенді жұмыс істеп жатыр, халықтың жағдайын жақсартуға тиісінше еңбек сіңіруде. Бірақ қандай да бір жағдайда Мәжілісті қайта сайлауға қажеттілік туып жатса, депутаттардың арасынан ешкім қарсы болмайды деп ойлаймын.

*Әңгімелескен, Сәкен КӨКЕНОВ.*

*«Алаш айнасы» газеті,  
27 қазан 2010 жыл.*



## **МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ЖАЛҒАНДЫҚ ДЕТЕКТОРЫ АРҚЫЛЫ ТЕКСЕРУ ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ ЖОЛЫН КЕСЕ АЛА МА?**

«Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясы сыбайлас жемқорлықпен күрес бағдарламасына мемлекеттік қызметкерлерді жалғандық детекторы арқылы тексеру туралы ұсыныс енгізіп отыр. Жоба бойынша мемлекеттік қызметкерлердің барлығы емес, тек белгілі бір мемлекеттік қызметтегілерді, атап айтқанда, қызметі қаржылық мәселелермен, материалдық жауапкершілікпен тікелей байланысты шенеуніктерді жалғандық детекторының сүзгісінен өткізу ұсынылуда. Жарасбай СҮЛЕЙМЕНОВ, Мәжіліс депутаты:

– Жоқ, жалғандық детекторы жемқорлықпен күресуде жақсы тәсіл емес. Жалғандық детекторын қолдану жемқорлықтың алдын алып, азаматтарымыздың келеңсіз қылықтан бойын аулақ салуына өз септігін тигізетініне сену қиын. Өйткені, мұның бәрі – тәрбие мен санаға байланысты нәрселер. Жалғандық детекторымен тергегеннен гөрі біз азаматтарымызды адамгершілікке тәрбиелеп, патриоттыққа баулысақ, имандылыққа шақырсақ әлдеқайда тиімді болар еді. Осылайша, азаматтарымыздың санасына өзгеріс енгізсек, тіпті ешқандай детектордың қажеті болмай, азаматтарымыз халқына, еліне адал қызмет етіп, ел меншігі мен халық байлығының қорғаушысына айналар еді.

Сондықтан біз, ең алдымен, азаматтарымызға дұрыс тәрбие беру мәселесін бірінші орынға қоюымыз қажет. Жалпы, қазіргі таңда жалғандық детекторынсыз-ақ жемқорлықпен күрес нәтижелі жүріп жатыр деуге болады. Бұрын ауға тек «жемқор шабақтар» ғана түсіп, «жайындары» құтылып кетіп жататын. Ал соңғы кездері ірі-ірі «жайындарының» да тұтылып жатқанын естіп жатырмыз. Мұның бәрі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің оң нәтижелері. Егер қоғамда жемқорлыққа қарсы күрес осылайша жүре берсе, алдағы уақытта жемқорлар да тыйылар деген үміттемін. Алайда жалғандық детекторынан үлкен нәтиже күту мүмкін емес. Себебі, өтірікті ақиқаттан

бетер айтатын адамдар да кездеседі. Мұндай адамдар жалғандық детекторынан өткен кезде тамыр соғысы немесе қан қысымы түк те өзгермей, тіпті жалғандық детекторының алданып қалуы да әбден мүмкін ғой. Оның үстіне шынымен жемқорлыққа барғысы келген адамдар «қалауын тауып, қар жандырып» жалғандық детекторының да «тілін» табуы мүмкін. Сондай-ақ алғаш мемлекеттік қызметке аларда қызметкерді жалғандық детекторымен тексеріп алғанмен, өмір бойына оның білегіне сол құрылғыны байлап қою мүмкін емес. Бір күні болмаса, бір күні әлгі қызметкердің жолдан таюы да ықтимал. Сондықтан жемқорлықпен күрестің ең нәтижелі түрі – адамдардың санасын тазарту. Сондай-ақ «түйені түгімен жұтып» тұтқындалған азаматтарға жазаның ең қатаң түрлерін енгізу керек. Осылайша, басқаларға жемқордың жазасыз қалмайтынын көрсеткен жөн. Жалғандық детекторынан гөрі, осындай шаралардан оң нәтиже күтер едім. Ал жалғандық детекторы адамдарды адал жолға сала алмайды.

*Сұхбаттасқан,  
Қуаныш ӘБІЛДӘҚЫЗЫ.*

*«Алаш айнасы» газеті,  
14 қыркүйек 2010 жыл.*

## ЕР АДАМДАР ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ШЕКТЕЛУІ БАСЫМ ШЫҒАР

Парламент депутаттарының бастамашылығымен «Әйелдер мен еркектердің тең құқықтары мен бірдей мүмкіндіктері туралы» заң жобасы әзірленді. Кеше Мәжілістің әлеуметтік-мәдени комитетінде отырыс болып, депутаттар онда дәйектелген өлшемдерді талқыға салды. Біз орайы келген бір сәтте комитет мүшесі Жарасбай Сүлейменовті әңгімеге тартып, осы заң жобасы бойынша өз пікірін білдіруді сұраған едік.

– Жарасбай Қабдоллаұлы, қоғам өмірінің барлық саласында теңдікті қамтамасыз етуді көздеп отырған заң жобасында өзіңіздің құқыңыз қаншалықты қорғалмақ?

– Жалпы, бүгінгі таңда елімізде ерлер мен әйелдердің құқықтары бірқатар заңдармен, оның ішінде Ата Заңмен реттелген. Бір жыныстағы адамдардың құқығы шектеліп отыр деп айтуға негіз жоқ. Дегенмен де, біз бүгін осындай заң жобасын қарап жатырмыз. Өмірде әйел мен ер адамның арасында әртүрлі жағдайлар болып жатады. Соларды реттеу үшін осындай арнаулы заң керек деп ойлаймын. Бұл заңға Үкіметтің берген қорытындысы жасалған. Онда да бірқатар мәселелер қамтылып, нақтыланған. Жалпы, біздің халықаралық ұйымдар алдында алған міндеттемелеріміз бар. Солар бойынша біздегі заңнамалық құжаттар халықаралық талаптарға сай болу керек. Сол үшін де осындай қадамдар жасалып отыр.

– Талқылау кезінде заң жобасының орыс тілінде жазылып, қазақ тіліне аударылғанын атап көрсете келіп, оның мәтініне көптеген сындар айттыңыз? Тіпті, мына қалпымен қабылдау ұят деп қалдыңыз?

– Осындай ескертпелерді қай заң жобасы болсын жиі жасауға тура келеді. Жалпы, заң жобасының қазақ тіліндегі нұсқасының дұрыс болуына ерекше назар аудару керек. 5-10 жылдан кейін біздің билікке, мемлекеттік қызметке жас толқын келеді. Әрине, ол кезде біздің мемлекеттік тіліміз күш алып, қолдану аясы қазіргіден кең бо-

латынына сенемін. Сонда біздің осы қабылдаған заңдарымыз сөйлем құрылысы жағынан төрт аяғы тең тұрса, қазақ тілі шын мәніндегі өз қызметін атқаратын болады. Тілдің мәртебесін көтеру бағытындағы жұмыстардың маңызды бөлігі осы заң жобаларының ана тілімізде дұрыс, грамматикалық талаптарға сай жазылуы болып табылады. Өкінішке қарай, бүгінгі таңда бұл талап көбіне ескерілмейді. Мына қаралып отырған заң жобасы тек орыс тілінде қолданылатын заң сияқты. Бұл енді өзіміздің енжарлығымыздың салдары деп ойлаймын.

– Заң жобасы талқыланған комитет отырысы қатысушыларының басым бөлігі әйелдер болды. Өзіңізден басқа еркек кіндікті халық қалаулысын көре алмадық. Бұл ерлер үшін тең құқылық мәселесінің жоқтығын аңғарта ма?

– Жалпы заң жобасының аты айтып тұрғандай, онда ер мен әйелдің тең құқылығын қамтамасыз ету көзделіп отыр. Бірақ, ер адамның құқығы шектеліп отыр ма, әлде әйелдің құқығы көп шектеліп отыр ма, ол жағын тап басып айту қиын. Мүмкін әйелдерге қарағанда, ер адамдардың құқығының шектелу жағдайы басым шығар. Өйткені, жаңа өздеріңіз естідіңіздер, әріптестерімнің бірі «ерлердің әйелдерге қарағанда аз жасайтындығын, мұның астарында оның белгілі деңгейде құқығының шектелуі секілді мәселенің жатуы әбден мүмкін» деген пікір айтты. Осы тұрғыда заңда арнайы өлшемнің дәйектелуі жөнінде ұсыныс білдірді. Бірақ, меніңше, ол нақты шараларды қамтуы керек. Заң жобасын талқылау енді басталып жатыр. Алда үлкен жұмыс тұр. Сонда тең құқылыққа қатысты іс-қимыл өлшемдері барынша дәйектеледі деп ойлаймын.

– Конституциямыз барлығына тең құқық беріп отырған жағдайда осындай заңның қабылдануы артық емес пе?

– Ата Заңымыздағы тең болсын деген өлшем жалпылама сипатқа ие. Ол бойынша алдымызға тең құқылы болсын деп мақсат қойғанымызбен, оны қамтамасыз етудің шаралары қарастырылмаған. Аталмыш заңда, менің ойымша, солар белгіленіп, олардың құқықтық тетіктері нақты дәйектелген. Осындай арнайы заң болса, тосын жағдайлар, проблемалар аз болады. Өмір сүруіміз біршама жеңілдейді деп ойлаймын.

– Көңіліңізге қонбайтын тұстары бар ма осы заң жобасының?

– Енді жаңа ғана басталып жатқан жұмысқа «көңілім толмайды» деп айту қиын. Осы Парламент қабырғасында жүріп, заң шығару үрдісіне қатысып жүрген тәжірибемнен байқағаным, Үкіметтен келген заңдар депутаттың талқысынан соң көп өзгеріске ұшырайды. Бұл заң да осындай талқыланулардан соң өзінің тиісті деңгейіне жетеді деп сенемін.

– Заң жобасындағы «Орталық және жергілікті атқарушы органдардың кадрлық құрамында бір жыныстағы қызметкерлер кемінде 30 пайыз болу керек» деген өлшем бар екен. Әріптесіңіз Гүлнар Сейітмағанбетова мұның дұрыс емес екенін, қызметке әрбір азаматтың жынысына қарай емес, өзінің қабілет-қарымы, білім-білігі бойынша қабылдануы қажет деген ұсыныс айтты. Сіз қалай қарайсыз осы мәселеге?

– Мен де бұған қарсымын. Квота дегеннің өзі шектеу, өзгелердің құқын бұзу болып табылады. Бізде қазір «Мемлекеттік қызмет туралы» заң бар. Онда мемлекеттік қызметке қабылданатын адамның байқаудан өтуі арнайы өлшеммен дәйектелген. Ал, аталмыш өлшем заңға енетін болса, осы және басқа да заңнамалардың талаптары бұзылады. Сондықтан, бұл ұсыныс өзге депутаттар тарапынан да қолдау таппайды деген пікірдемін.

– Сонымен қатар, жобада «кез келген ата-ана еңбекке жарамсыздығы бойынша әлеуметтік жәрдемақы алуға және бала күтімі бойынша демалысқа шығуға құқылы» деген де бап бар екен. Осы өлшем бойынша өзіңіз мәселен, құқыңызды пайдаланып, үйде бала күтіп отыра алар ма едіңіз?

– Халқымызда ежелден қалыптасқан дәстүр бар. Әйел – ошақтың ұйытқысы. Бала күтімі қазақ менталитетінде әйелдің міндеті, яғни, әкесінен гөрі әлдеқайда жақын анасы атқаратын іс екені — жазылмаған заңдылық. Ер адамның міндеті – мал табу, отбасын асырау. Сондықтан, аталмыш баптың көрініс табуы тосындау жай. Енді мұны өзгелер қалай қабылдайды екен, уақыт көрсете жатар. Меніңше, бұл артық өлшем.

-- Заң жобасына байланысты тағы да қандай мәселелерге келіспейсіз?

– Осы заң жобасы бойынша жұмыс тобының мүшесі болғандықтан отырыстарда көптеген позицияларға қарсылығымды білдіріп жа-

тырмын. Солардың бірі — өндірісте, қызметте әйелдердің деңгейін қамтамасыз ету жөніндегі өлшем. Мұны жүзеге асыру мүмкін емес. Айталық, бір ауылда әйелдер аз болуы мүмкін. Егер осы заңға өлшемді енгізіп қойсақ, ондағы өндіріс орны ауылда әйел жоқ болса, бұл талапты қалай орындайды? Демек, бұл артық, жұмыс істемейтін өлшем деген сөз. Жалпы, заң жобасы осындай оғаштықтардан аулақ, өмірге жақын, нақты да тиімді нәтиже беретін өлшемдерге негізделсе ғана халық игілігіне жарамақ. Осыны әрдайым естен шығармау керек деп ойлаймын.

*Сұхбаттасқан, Айша ҚҰРМАНҒАЛИ.*

*«Заң газеті»,  
5 қараша 2009 жыл.*

## АЗАТТЫҚТЫҢ АЙБАРЫ

– Дәуір жалғастығының кепіліндей көрінетін Ата Заңымыздың мәні, маңызы неде? Ата Заңымыздың егемендік жылдары жүріп өткен жолдарын қалай бағалар едіңіз?

– Адамдардың құқықтары мен бостандықтары, билік институттарын демократиялық жолмен қалыптастыру және дамыту, азаматтық қоғам құру туралы әлем мойындаған прогрессивті идеялар ел Конституциясында қаншалықты көрініс тапқан?

– Қазақстан Конституциясының демократияны ту еткен өзге елдердің басты заңынан ерекшелігі немесе артықшылығы бар ма?

Жарасбай СҮЛЕЙМЕНОВ, Парламент Мәжілісінің депутаты:

– Біздің еліміз тәуелсіздік жылдарында үлкен даму жолынан өтті. Кезкелген реформа, ел басынан өткерген оқиғалардың барлығы Ата Заңнан бастау алды. Ата Заңда негізгі қағидалар жазылып шықты. Міне, тәуелсіз Қазақ елі қол жеткізген толағай табыстар халықтың талқылауымен қабылданған құжаттың қуатын көрсетіп отыр.

– Алғашқы жылдары қоғамды демократияландыру мәселесінде мемлекеттік ұйымдарды дамытуда бізде істен гөрі, сөздің көбірек болғаны рас. Соңғы жылдары кей мемлекеттермен иық тіресетін тұстарға да келдік. Мәселен, көппартиялы Парламент құруға бағытталған қадам. Еліміз Мәжілістің жаңа сайлауын өткізуге дайындалуда. Осылайша, барлық партияларға сайлауға қатысуға мүмкіндік туып отыр. Қоғамдық институттар басқару ісіне араласып отыр. Ел билеу ісіне халық араласып отыр. Адам құқықтарының Жалпы декларациясы, азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық пакт, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы Халықаралық пакт сияқты жалпы жұрт таныған актілерден бастау алған Конституцияның 2-бөлімі де түбегейлі түрде сіз қойған сұрақтарға, сол мақсаттарға қызмет етеді. Бастысы, негізгі алған бағытымыз, айқындаған мақсатымыз елдің түпкі мүддесіне сай келеді.

– Конституцияның тарихын он алты жылмен өлшеуге болмайды. Конституцияға “Есімханның ескі жолы”, “Қасымханның қасқа жолы”, “Әз Тәукенің Жеті Жарғысының” жалғасы деп қарауымыз

керек. Ал, қолданыстағы Конституция үлкен толқынды дүниеге әкелді. Конституцияның артықшылығы – оның өміршеңдігінде дер едім. Сондай-ақ, ел Конституциясында ұлтаралық достық, келісім мен салмақ бар. Еліміздің қол жеткізген басты табысы – тыныштық. Тыныштықтың нәтижесінде көптеген мәселелер ойдағыдай шешілді. Демек, ұлтаралық қатынаста қырғыз, Ресей елдерінің кем соғып жатқан тұстары бар.

Мемлекеттік тіл мәртебесін айрықша асыру мәселесін ел тәуелсіздігінің жиырма жылдығын пайдаланып шешіп алуымыз қажет сондықтан. Тіл туралы заң жобасын ұсынған Мәдениет министрлігіне, одан қалды қалың қазаққа қарсы шығып, ұлардай шулап жатқан орыстардың түрлі әрекеттері, әсіресе, интернетте қатты екпінмен көрініп жатыр қазір. Осыған орай, Мәдениет министрлігінің “ана жерде қатты кетіп қалыппыз, мына жеріміз болмайды екен” деп, өз ұсыныстарынан өздерінің бас тартып үлгеріп жатқандарына куә болудамыз. Меніңше, бұған еш негіз жоқ. Тіл туралы заң алға қарай бәрібір талқыланады. Парламент палаталары Үкіметпен бірігіп талқылайды. Өйткені, жердің иесі де, киесі де қазақ.

*Әңгімелескен, Баян ЖАНҰЗАҚОВА.*

*«Атырау» газеті,  
27 тамыз 2011 жыл.*



## ЖУРНАЛИСТ ҚАРНЫНЫҢ АШҚАНЫНА ДА, ҚАДІРІНІҢ ҚАШҚАНЫНА ДА ӨКПЕЛІ

– Жарасбай Қабдоллаұлы, мереке қарсаңындағы әңгімені сіздің таяуда Үкімет басшысы Кәрім Мәсімовке журналистердің әлеуметтік проблемалары мен қауіпсіздігіне қатысты жолдаған сауалыңыздан бастасақ деймін.

– Менің бұған айтарым, сауалдың жолдануы мерекенің қарсаңымен тұспа-тұс келгенмен, көптен көңілде жүрген, әбден піскен мәселе. Көптеген басылымдар оны жариялап, әріптестерім де сауалда айтылған ой, пікірді қолдайтындықтарын білдіруде. Сондықтан мен мұны қоғам болып, жұртшылық болып шешетін мәселе дер едім.

· Біздер баспасөзді төртінші билік, дейміз. Бұл өте орынды. Бұқаралық ақпарат құралдарының қоғамдағы рөлі өте зор. Осы рөліне көз жеткізу үшін мен мынандай бір мысал айтар едім. Айталық, бүгін таңертеңнен бастап радио сөйлемей, телсарналар хабар таратпай, газет, журнал шықпай, бұқаралық ақпарат құралдары үнсіз қалды, Интернет тағы жоқ, дейік. Мұндай жағдайда халық қандай күй кешер еді? Меніңше, қазіргі уақытта бір күн тойып тамақ ішпей, аш жүруге болар, ал, бір-екі күн ақпаратсыз қалу адамды күйзеліске әкеліп, түсініксіз, қолайсыз жағдайлар туғызады.

– Адам қарнының аштығына шыдағанмен, ақпараттық аштыққа шыдамайды...

– Иә. Кезінде Алаш арыстары ұлт-азаттық күресте баспасөзді аса қуатты құралдардың бірі ретінде қарастырса, ол жайдан жай емес. «Әуелі, газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газет сондай керек. Газеті жоқ жұрт басқа газеті бар жұрттардың қасында құлағы жоқ керең, тілі жоқ мылқау, көзі жоқ соқыр сықылды... Екінші, газет – жұрттың уланбасына медет нәрсе. Үшінші, газет – халыққа білім таратушы. Төртінші, газет – халықтың даусы», десе, кешегі Кеңес заманында БАҚ-ты үгітші, насихатшы, ұжымдық ұйымдастырушы атандырғанын білеміз. Есіңізде ме, осыдан бірнеше жыл бұрын «Қазақ телерадио корпорациясын-

да» болған кездесуде Республика Президенті Н. Назарбаев БАҚ-ты еліміздің Қарулы Күштеріне теңегені. Қазіргі кезде ақпараттың маңызын осылай түсіндіріп, бағаланса, мұның өзі бұқаралық ақпарат құралдары мән-мағынасының арта түскенін дәлелдесе керек. Мен, тіпті, қалыпты тіршілікті қамтамасыз етіп, елдің бойына қан жүгіртетін қоғамның соғып тұрған жүрегі, деп айтар едім. Ал, оның қазіргі жағдайы, жүректің соғысы менің көңілімнен шықпайды.

– Оның себебі не?

– Міне, осы сұраққа жауап іздеп көрелік. Еліміздің 1999 жылы қабылданған бұқаралық ақпарат құралдары туралы Заңы бар екенін білеміз. Осы кезге дейін оған 5 рет: 2001, 2003, 2005, 2006, 2007 және 2008 жылдары өзгертулер мен толықтырулар енгізіліпті. Дегенмен, журналистердің қорғалуы, олардың жұмыс істеуі мен кәсіби міндетін дұрыс атқаруына жағдай жасау мәселелерінде шешімін таппай отырған проблемалар аз емес, Осы салада қырық жылға жуық жұмыс істеген соң, мен оны білемін. Менің сауалымның арқауы да осы.

Журналистерге жағдай жасау керек дегенде, оларды әлеуметтік қорғау туралы ғана сөз етсек, бұл мәселе әзірге ешкімді толғандырып отырған жоқ. Мысалы, журналистердің жұмысы мемлекеттік қызметкерлерден еш кем емес, қайта олар қоғам үшін, ел үшін, елдің болашағы үшін кейбір мемлекеттік қызметкерлерден он есе, одан да көп жұмыс атқарады. Олай болса, журналистердің мәртебесін неге көтермеске? Айтар болсақ, шетмемлекеттерде бұқаралық ақпарат құралдарына, журналистерге басқаша көзқарас қалыптасқан. Олардың қоғамда өзіндік орны бар. Оның бәрі заң тұрғысынан қарастырылған, құқықтары айқындалған. Біздің елдің журналистерінің жалақыларын олардың жалақыларымен салыстырудың өзі ұят. Жалақылары күнкөрісіне зорға жетеді. Әсіресе, облыстардағы журналистердің жалақысы отбасын асырап, өмір сүруіне де жетпейді. Осындай проблемаларды ескерсек, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері үлкен қамқорлық пен қолдауға мұқтаж.

Ең бастысы біздің елде журналистердің мәртебесінің өзі айқындалмаған. Олар мемлекеттік қызметкерлер санатына да, мәдениет қызметкерлері санатына да жатпайды. Сонда олар ешқандай әлеуметтік санатқа жатпай ма? Айтып отырған сауалда журналистердің мәртебесін айқындау керектігін атап көрсетуімнің себебі – осында.

Олар құрметке лайық, деп ойлаймын. Тағы аса маңызды мәселенің бірі - журналистердің жеке басының қауіпсіздігі. Бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері өздерінің жеке көзқарастарын білдіріп қана қоймайды. Әлгінде айтқандай, халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Қоғамдық мүддені, мемлекеттің мүддесін білдіріп, халыққа жеткізеді, қоғамдық пікір қалыптастырады. Ал, қазір халықтың көзі, құлағы һәм тілі болып отыр ма? Болмаса, оған не кедергі?

Мен өзім басылымдарды көп оқимын. Өзіңіз де бұқаралық ақпарат құралдарын қарасаңыз, біздің журналистиканың даму бағыты біржақты. Қалай болғанда, біздер сыпыра мақтауға көшіп алдық. Жасқаншақтық, жалтақтық жағына қарап, менің қателесуім де мүмкін шығар, әйтсе де, сонау өткен ғасырдың 60-70-ші жылдарынан да төмендеп, кейін қалып қойдық па, деп қаламын. Есіңізде ме, сол кездерде фельетон жанрының болғаны.

– Есімде.

– Газетте фельетон жарияланса, оған қоғам, жұртшылық назар аударып, билік те назар аударып, шара қолданатын. Және ол басқаларға сабақ болушы еді. Қазір осы өткір жанр жазылмайтын болды. Жарайды, фельетон жазылмасын. Бірақ қоғам болған соң жақсылықтармен қатар кемшіліктер де болмай қоймайды. Міне, осыны, оңы мен терісін тең ұстап, кемшіліктерді түзетудің жолдарын іздеудің орнына жақсылығымызды асырып, жамандығымызды жасырып қойсақ, дейміз. Сонда онымен қайда барамыз?

Бүгін журналистиканың осылай бағыт алуына көптеген себептер әсер етіп отыр. Қожасы қандай болса, газеті сондай.

– Кезінде Мәжіліс депутаты болған белгілі қаржыгер марқұм Тұрысов мен «тәуелсіз газеттің тілшісімін», дегенімде, «тәуелсіз газет болмайды, бәрінің қожайыны бар, әйтеуір біреуге жұмыс істейсің», деген еді. Сол сияқты өзіміз де бүгін жаңадан бір басылым жарық көрсе, «оның артында кім тұр екен?» – деп жатамыз. Бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері биліктің және өзі нан тауып жеп отырған басылымның артында тұрғандардың сойылын соғып отырған жағдайда әркім тек өз шындығын жазады, күнкөрісін ойлайды, дейсіз бе?

– Әрине, журналистерге де отбасын асырау керек, қызмет керек, тыныштық керек, жақсы жалақы керек. Сол үшін олар мәжбүрлікке

барады. Жалпы, журналистің өзіндік ұстанымы, ойы болып, өмірде болып жатқан құбылыстарға, жекелеген адамдардың көзқарастарына қарамауға тиіс. Оның басы нөқтаға сыймай жүруі қажет. Журналист ақиқатты қаз-қалпында жеткізуші болуы керек. Ал, ақиқат - біреу. Бұл – оның қоғам алдындағы міндеті. Мұны түсінбейді деп айтуға болмас, түсінеді. Алайда түсіне тұрып, заңдарымыздың осал тұстарының, айтып отырғандай, әртүрлі себептердің салдарынан, атап айтқанда, қоғамдағы әртүрлі күштердің, биліктің қолындағы көптеген мүмкіндіктерді пайдалануына байланысты олар өз міндетін жағдайға қарай атқаруға мәжбүр.

Сондай-қ, аса үлкен мәселенің бірі - мемлекеттік тапсырыста. Бүгін айтып отырған мемлекеттік тапсырысты бөлуде көптеген кемшіліктер бар екені рас. Мемлекеттік тапсырысты кімдердің ұтатынын, кімдерге бюджеттен кертіп берілетінін көзді жұмып отырып айтуға болады. Мұның соңы бұқаралық ақпарат құралдарының мемлекеттік тапсырыста ұтқан соң, тек жақсыны жазуға тиіспіз, деп кемшіліктерге, келеңсіздіктерге көзді жұмып қарауына алып келеді.

Әрине, бюджеттің қаржысын оңды-солды шашуға болмайды. Бірақ мемлекеттік тапсырысты оның талаптарына сай келетін ақпарат құралдары ұтуға тиіс. Және оларды оппозициялық, мемлекеттік, тәуелсіз, тәуелді, деп жіктеп, бөлудің қажет жок. Мемлекеттік тапсырысқа басын байлап қою – қыспақ көрсету. Әр басылымның өзінің мақсаты, бағыт, бағдары бар екені түсінікті. Одан ауытқымай, ұстансын. Бірақ ұлттың мүддесін басты мақсат етіп қойып, одан ауытқуға болмайды. Осы ұлттық мүддеге қызмет ету керек. Бұқаралық ақпарат құралдарының басты бағдары, меніңше, осы болуға тиіс. Мысалы, бір министрлік қателік жіберіп жатса, қоғамда кемшілік орын алса, оны неге жария етпеске? Еліміз демократиялық даму жолын ұстанады дейміз, олай болса, қоғамда жариялылық пен ашықтықтың болуы – шарт. Халықтың не болып жатқанын білуі керек. Одан бәріміз ұтамыз. Бұлай деуім, халық не болып жатқанын, шындықты білмесе, сан-саққа жүгірткен алыпқашпа сөздер, өсек-аяндар көбейіп кетеді.

Журналистиканың шен-шекпенге қарамайтын өзінің қалыптасқан дәстүрі бар. Осының бәрін реттеп, қадағалайтын заң болып, сол заңның шеңберінде жұмыс істеген дұрыс. Әзірге бұл жағынан кем түсіп отырмыз. Ең бір өкініштісі, жас журналистердің бесіктен белі

шықпай жатып, әділдікті тәрік етіп, күнкөріс қамын күйттеп кететіні. Сол сияқты кейбір жақсы жазатын, өзіндік ой-толғамы, ұстанымы, көзқарасы бар журналистер журналистиканы тастап, басқа жұмысқа кетіп қалып, олардан айырылып қалып жатырмыз. Айтар болсақ, журналист – жауапкершілігі өте жоғары мамандық. Жақсы журналист болу екінің бірінің маңдайына жазылмаған, екінің бірінің қолынан келмейді. Мен, тіпті, журналист болу – адамның туа бітетін, ананың сүтімен берілетін қабілет дер едім. Қажырлы еңбекпен де табысқа жетуге болар. Әйтсе де журналист, қаламгер болғысы келетін адамның бойында табиғи дарын, қабілет болуы керек. Ол еңбекпен ұшталып, жетіліп, адамды биікке көтереді. Ал, мен журналист боламын, дегенмен, журналистикада көлденеңнен келген «көкаттылардың» жолы бола бермейді.

## ЖУРНАЛИСТИКАДА КӨЛДЕНЕҢНЕН КЕЛГЕН КӨКАТТЫЛАР КӨБЕЙДІ

– Журналист болар, болмас, бүгін сол көлденеңнен келген «көкаттылар» көбейіп кеткен жоқ па? Әрі біздің тұсымызда Қазақ ұлттық мемлекеттік университетінде ғана журналистер даярланса, бүгін жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақтай көбейген жоғары оқу орындарында журналистика бөлімдері де қаптап ашылды емес пе? Қазақстанға соншама журналист қажет пе өзі? – десек, бұл елдегі журналистердің қадірін кетіrmесе, көтеріп отырған жоқ сияқты...

– Журналистердің бәрін бір қатарға жатқызуға болмас. Қазірде де білімімен, қабілетімен, қаламының өткірлігімен, ұтқыр ойларымен, шынайы материалдарымен дараланып жүрген әріптестеріміз бар. Сонымен қатар, айтып отырғандай, журналистикаға кездейсоқ, адасып келгендер де баршылық. Өзіңіз білесіз, тәуелсіз, егемен ел болған жылдары көп мәселеде білмеген жерлеріміз болды. Мұның журналистикаға да қатысы бар. Анықтап айтқанда, республикада жоғары оқу орындарының көптеп құрылып, оларда журналистика бөлімдері де көптеп ашылды. Ал, ашылған бөлімдерде оқитын жастарға кімдердің дәріс беретіні, оқытушылық-профессорлық құрамның жоқтығы ескерілмеді. Сондықтан жоғары оқу орнын жур-

налистика мамандығы бойынша бітіріп, қолына диплом алғандардың бәрі журналист емес.

Меніңше, дәрігерді қалай даярласақ, журналисті де солай даярлаған жөн. Неге десек, дәрігер адам емшісі болса, журналист қоғам емшісі іспетті. Сіз айтқан Қазақ ұлттық мемлекеттік университетін, одан Қарағанды мемлекеттік университетін бітіргендер жағаға шығып қалған жоқ, олар өмірден өз орындарын тапты. Қазіргідей жылт етіп бір көрініп, көрген түстей жоқ болып кетпей, осылай болуы тиіс. Рас, мұның өзі журналистиканың да, бұқаралық ақпарат құралдарының да беделін төмендетіп отыр. Сондықтан саны көп, бірақ сапасы жоқ журналистер даярлау қажет емес. Қазақстан журналистерге сусап отыр, деп айта алмаймын. Олар қалыптасқан, оқытушылық-профессорлық құрамы сайлы жоғары оқу орындарында, мысалы, Астана, Алматыда, Қарағандыда, мүмкіндікке қарай батыста ма, әйтеуір, екі-үш өңірде даярланса да, аздық етпейді, деп ойлаймын.

## АСЫЛДАРДАН ГӨРІ МАСЫЛДАР КӨБЕЙДІ

– Халықаралық сараптау қорытындысының бірінде Қазақстан бұқаралық ақпарат құралдарының еркіндігі төмен мемлекеттің қатарында екен. Мұның айтып отырған биліктің қысымынан басқадай себептері бар ма?

– Меніңше, қандай жағдай болса, да, айтатын адам айтады. Бізде журналистердің өздерінің өткірлігі, табандылығы да жетпей жатады. Мен жоғарыда айтып кеттім-ау деймін, бізде асылдардан гөрі масылдардың көбейіп бара жатқанын. Жастарымыз да өздеріне пайдалы жаққа қисайып шығуға жақын екенін. Осы ретте біздің кезіміздегідей емес, жас буынды өткірлікке, шыншылдыққа баулып, тәрбиелеуге тым салақсып кеткен сияқтымыз. Редакцияларда болып жүргенде де, әркімнің өз бетімен жұмыс істейтіндерін байқаймын. Жастарды тәрбиелеу, баулу шет қалғандай, Осы мәселеде кемшілігіміз бар.

Әрине, қалай болғанда да, журналистиканың дамуына, журналистердің жұмыс істеуіне ең үлкен кедергі – қысым жасаудың әртүрлі жолдарын, формаларын пайдалану. Осыған заң тұрғысынан тосқауыл қою үшін осындай норма енгізілген заңның қажеттігі даусыз. Рас, елімізде қабылданып жатқан заң көп. Дегенмен,

журналистің құқықтары мен қауіпсіздігін қорғап, кепілдік беретін заң керек. Сондай-ақ, заң болғанмен, тізеге басып жіберу біздер үшін таңсық емес. Бұл да үлкен мәселе. Анығына келгенде, биліктің, халықтың, қоғамның тарапынан қолдау көрсетілмей, журналистиканы халықаралық деңгейге көтеріп, дамыта алмаймыз. Сөйте тұра шет мемлекеттерде неге халықаралық журналистеріміз жоқ, дегенде айтқымыз келеді.

– Шет елдерде журналист ұстап шығынданып не керек, интернет тұрғанда десек ше? Бүгін өзі бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері материал алу үшін табанынан тозбай-ақ, кабинетте отырып-ақ интернеттен алып, ұра бермей ме?

– Бүгін республикадағы отандық және тарап жатқан шетелдік БАҚ-тың саны – 8 мыңның ар жақ, бер жағы десек, оның қазақ тіліндегісі – 15-20 пайыз. Қазір айтпағымыз, қазақ тіліндегі басылымдардың ауыз жарытпайтынды емес, мәселе осы аз да болса, қазақ баспасөзінің сапасы. Осы мыңдап жарық көріп жатқан басылымдардың үлкен бөлігі - ақпараттық. Және ең бастысы олар бір бірінің аузынан түсіп қалғандай.

– Бір біріне бәсекелес емес...

– Бәсекелес емес. Бір деңгейде. Бір бірінен артықшылығы жоқ. Қазіргі таңда басылымдардың тек ақпаратқа иек артуы дұрыс емес. Ақпаратты қалай жылдам жеткіземін деген күннің өзінде интернеттен, телеарналар мен радиолардан жылдам тарата алмайды. Сондықтан ақпаратты оқырманға жеткізуді ғана емес, қалай ұсынуды да ойлауға тура келеді. Ал, ұсынуда ойланатын мәселе көп. Өйткені, оқырманды тарту үшін материалды газетке берудің, тақырыпты ұсынудың, ақпаратты жеткізудің тиімді жолдары баршылық. Бүгін елдің бәрі интернеттің ақпараттарына ғана тәуелді болып отыр, дегенді мен айтпас едім. Біздің кезіміздегідей жанрларға сұраныс әлі де бар. Оның бірі ретінде жоғарыда айтқан фельетонды қайталап айтайын.

## ҚАЗАҚ ГАЗЕТТЕРІНДЕ МАДАҚТАУДАН БАС АЙНАЛАДЫ

– Бірде оқылып, бірде оқылмайтын басылымдардың біріне фельетон шықса, халық жапырып оқыр еді, дейсіз бе?

– Фельетон жарық көрсінші, басқадай сенсацияның қажеті жоқ, жанрдың өзі-ақ сенсация. Өкінішке қарай бүгінгілер сіз бен біздің уақытымыздағыдай ақ тер, көк тер болып, іздеп жүріп материал жазу жоқ. Басқаны былай қойғанда, басқосуларға қатысқанның өзінде ақпараттық парақшаларды берумен шектеліп жатады. Шулатып, фельетон жазбай-ақ қойсын. Оқырманды елең еткізетін тақырыптар, өмірде болып жатқан жаңалықтар, құбылыстар аз ба? Білесіз, кезінде очерктердің қалай жазылғанын. Ондай материалдар бар болғанмен, бұрынғы зерттеліп жазылып, сомдалып жасалған тұлғалар жоқ. Репортаждың да ту-талақайын шығарып, оның хабардан айырмашылығы болмай қалды. Қайткенде де, мәселенің мәселесі – халықтың жүрегіне жол тауып, олар жылы қабылдайтын, оқитын материалдар ұсына білуде. Журналистке бедел де, құрмет те ізденіспен, материалды ұсына білуімен, тер төгумен келеді.

Біздер жазушыны құрметтейміз. Журналист те ертеңгі жазушы. Мен көптеген журналистерді жайдақ атқа мініп алып, далақтап шауып бара жатқан ауыл баласы іспетті елестетемін. Бәрі оқиға болған жерде шапқылап жүреді. Одан кейін жазғандарына қарап, қарның ашады. Менің бұл сөзіме үлкенді-кішілі әріптестерім реніш білдірмес. Кемшіліктің бірі кадрларды даярлауда екенінде.

– Қазақ тіліндегі ақпарат құралдары өкілдерінің кәсіби деңгейі орыс тілді әріптестеріне қарағанда, төмен деген сөздер талай рет айтылып жүрді. Оған біздер намыстандық та, өкпеледік те. Бұған сіздің пікіріңіз?

– Шындық айтылса, мойындауға тура келеді. Алайда төмен, деген сөзді жалпы айта салуға болмайды. Мысалы, аймақтар бойынша алатын болсақ, оңтүстік өңір, Астана, Алматыда қазақ тілді журналистер орыс тілді әріптестерінен кенже қалып отырған жоқ. Өйткені, орта бар жерде қазақ тілді журналистер қалыптасты, өсті, жетілді. Орта жоқ жерде қандай болатынын, кеңес дәуірі кезінде көзқарастың қандай болғанын білесіз. Қазақ тілі қыспаққа түсті, қазақ мектептері жабылды. Осының бәрі ізсіз кеткен жоқ. Кім не десе де, тәуелсіздік алған жиырма жыл ішінде Аллаға шүкір, қазақ журналистикасы көп ілгеріледі. Айтар болсақ, орыс тілді журналистер мемлекет мүддесін, ұлттық мүддені артық жазып жатқан жоқ. Керісінше кем кетуде. Қазір елдің мүддесін, халық мүддесін жазып жатқандар – біздің қазақ тілді журналистер.



Әрине, кемшілік бар. Мен Ресейдің де басылымдарын оқып отырамын. Олармен салыстырсақ, бізге әлі де өсу керек. Олардың саяси шолушыларынан, экономикалық сараптама жасауынан үйренген артық емес. Оларда ашықтық, батылдық жағы басым. Олар да кедергілерді бастан кешіретін шығар. Дегенмен, олар біз жүрмеген тар жолдарды жүріп өтіп қойған. Осы шындықты мойындай отырып, өркениетті елдер деңгейіне келуді, соларға жетуді ойлауымыз қажет. Әзірге олар бізден әжептәуір озып кеткенмен, біз оған жетеміз.

## КӨШІРІП АЛУ – НАМЫССЫЗДАРДЫҢ ІСІ

– Әңгіме негізінен басылымдар туралы болып кетті-ау деймін. Сіз газеттің ғана емес, электронды ақпарат құралының тізгінін тең ұстағаныңызды білеміз. Сондықтан қазақстандық телеарналар журналистеріне де мереке қарсаңында базынамызды білдіре кетсек қалай болар екен? Біздер орыстардың телеарналарына басымыз байланып, содан шыға алмай жатамыз. Оған сын да айтылады. Бірақ неге? – деген сұрақ қойып көрсек, орыстан көшіріп алған өзіміздікін көргенше, орыстың өзінің төл нұсқасын неге көрмейміз, дер едік. Мысалға КТК және 7 телеарна орыстардың «Давай, поженимся!» бағдарламасынан көшіріп дайындаған бағдарламаларды алайық. Оны көрейін десек, не жыларыңды, не күлеріңді білмейсің. Осылай бөтеннің идеясын ұрлап алып, оны сәл-пәл өзгертіп ұсынуды қазақстандық электронды ақпарат құралдары әдетке айналдырып алғандай. Ұлттың өз құндылықтары, менталитеті бар емес пе? Төл бағдарламаларымызды жасау қолдан келмей ме сонда, әлде бәрінен дайын асқа тік қасық жақсы ма?

– Иә, менің журналистік қызметімнің жартысы теледидар мен радиода өтті. Теледидарда бас редактор болдым, радионы басқардым. Шынын айтқанда, ондай бағдарламаларды байқап қаламыз. Бүгін Аллаға шүкір, шетелдердің де хабарларын көре алатын деңгейге жеттік. Сөйте тұра сіз айтқандай, одан көшіріп алып, өз дүниесіндей халыққа ұсынғанмен, оны жасау деңгейі төл нұсқаға қарағанда төмен екенін де айту керек шығар. Оны шетелдік бағдарламаларға жасалған пародия ма, дегендейсің. Бұл намысы бар, журналистиканы сүйетін адамдардың ісі емес. Ондай адамдар

мұндайға жол бермейді, деп ойлаймын. Негізінен, бұл – біреудің өнімін көшіріп алып, оны пайдалану. Басқаша айтсақ, ұрлық. Ең бастысы бөтеннің дүниесін көшіріп алу – рухани дамуымызға кедергі. Ал, салық төлеушілердің, халықтың өздеріне қажетін талап етуге құқығы бар екенін біле тұра, арналардың оны ескермеуі өкінішті. Біздің бір кемшілігіміз – осында.

Қалай болғанда да, көшіріп бағдарлама жасағандардың ұялмайтынына таңғалмау мүмкін емес. Осыдан 5-6 жыл бұрын Қазақстан телеарнасы журналистерінің ұлттық рең беріп, құндылықтарымыз бен менталитетімізге негіздеп дайындаған бағдарламалары көңілден шығушы еді. Сол кезде, көрермендердің толғаныстарын туғызып, олардың өз пікірлерін айтқандарының куәсі болып едік. Елбасы тапсырма берді ғой, енді өзгерістер болады, деп күтелік.

– Бүгінгі сұхбатта ұмыт қалдыруға болмайтын тағы бір мәселе бар. Ол - орталық органдардан бастап, одан төменгі буындарындағы баспасөз орталықтарының қызметіне қатысты мәселе. Көп жағдайда сол баспасөз орталықтарында отырғандардың төрешілдігі жоғары шенді шенеуніктен асып түспесе, кем түспейді. Ақпарат ала алмайсың. Осы байланыс көпірінің қызметін қалай жақсартуға болады?

– Министрліктерде және ведомстволарда баспасөз орталықтарының құрылуы дұрыс және бұл қажет. Сіз айтып отырғандай, олардың қызметі журналистердің барлығының бірдей көңілінен шықпайды. Құрылымды өзгертудің қажеті бола қоймас, бізге құрылым керек. Ал, мәселе оларға кімдердің іріктеп алынғанында, кімдердің отырғанында ма, деп ойлаймын. Отырған адам өзін шенеунікпін, деп түсінсе, ол, әрине, өз міндетін дұрыс атқара алмайды. Мен мынаны айтайын, кезінде біздің әріптестеріміздің арасынан да баспасөз қызметіне біраз адамдар алынды. Олар – журналистермен жұмыс істеудің ерекшеліктерін білетін адамдар. Қажетті ақпараттарды таратып отырады. Бүгінгі оқиға туралы ғана ақпарат беріп қоймай, басқа да мәселелер бойынша да толыққанды ақпарат алуға көмектесу керек. Журналистикадан шыққан адамдармен жұмыс істеу көп жеңіл. Меніңше, баспасөз қызметіне журналистикаға қатысы бар адамдарды іріктеген жөн. Ведомствоға да, журналистерге де, қоғамға да ол қызметте орнына лайық адамның отырғаны қажет. Осы байланыс

көпірін жақсартудың басқа да тетіктері болар, дегенмен мәселенің үлкені – осында. Әрі тиісті заңда осы норма қарастырылса, ол да бұл қызметтің талапқа сай келуіне ықпал етер еді. Сонымен қатар, ол норма орындалмаған жағдайда, ол үшін жауапкершілік жағы да қарастырылса құба-құп.

– «Нұр Отан» партиясының парламентаризм институты, беймемлекеттік ұйымдар бар, мәжіліспен Жақып Асанов бар, басқа да мүдделі жақтардың қатысуымен ақпаратқа қолжетімділік туралы заң жобасы әзірленген екен. Егерде, осы заң жобасы Парламенттегі талқылаудан өтіп, қабылданатын болса, сіз көтерген мәселенің шешілуі үшін басқадай заң жобасын қабылдаудың қажеті болмай ма?

– Ол заң жобасымен менің әрптестерім жұмыс істеп жатыр. Онда қарастырылатын мәселе – негізінен, ақпаратқа қолжетімділік, оған жетудің жолдары. Мен журналистің мәртебесі туралы жеке заң болса деймін. Мұндай заң Ресейде бар. Бізде бұқаралық ақпарат құралдары туралы Заң болғанмен, журналистің мәртебесіне қатысты, екі жақтың бірдей жұмыс істеуіне мүмкіндік беретін, солқылдақ емес, нақты айқын нормалар енгізілген заң өте қажет.

– Жарасбай Қабдоллаұлы, әңгімеңіз үшін рахмет. Мереке құтты болсын!

*Сұхбаттасқан Рәзига ӘШЕЕВА.*

*«Алтын орда» газеті,  
23 маусым 2011 жыл.*

## «СӘБИҚҰМАРЛАРҒА» ҚАНДАЙ ЖАЗА ҚОЛДАНУ КЕРЕК?

Елімізде бүлдіршіндерді зорлау фактілері әлі де толастар емес. Бұл мәселе халық қалаулары арасында да талқыға түскен еді. Мәжіліс депутаты Владимир Нехорошев балаға зәбір көрсетушілерге «химиялық сүндеттеу» әдісін қолдану қажеттігін де айтқан болатын. Алайда Парламент Бала құқығын қамтамасыз ету туралы заңнамаға «сәбиқұмар» қылмыскерлердің жазасын өтеу мерзімін ұлғайту жөнінде толықтыру енгізді.

Жарасбай СҮЛЕЙМЕНОВ, Мәжіліс депутаты:

- Біз қайткен күнде де мұндай қылмысқа тосқауыл қоюымыз керек. Әрине, тәрбие керек. Алайда үгіт-насихатпен, тәрбиемен бұл мәселені шеше алмаймыз. Адам деуге ауыз бармайтын адамдарға қатаң жаза қолдануымыз керек. Қазақ мұндайда теріс қойып, атып тастау керек деген. Өкініштісі, біз мына заңдарды ізгілендіреміз деп, біраз жұмсартып алдық. Заңды ізгілендіруіміздің пайда мен зияны бірдей болып жатыр. Балаға қол тигізген зұлымдарға барынша қатаң жазаның барлығы қолданылуы тиіс. Мұндай жандарға аяушылық жасаудың қажеті жоқ. Негізі, түрмеге тоғытқанымызбен, онда жатқан адамдар тәубесіне келіп, істеген қылмысының қате екенін мойындамайды да. Бостандыққа шығып, бәз-баяғы өміріне қайта оралады. Сол себепті біз балаға зәбір көрсетен қылмыскерлерді қоғам соны көріп, аяғын тартып жүретіндей етіп, жаза қолданғанымыз дұрыс.

*«Айқын» газеті,  
12 қыркүйек 2011 жыл.*

## ТЕГІНЕ ОРАЛҒАН САБЫР

Кеңес заманынан бері «өзіміздің Сабыр, ұлты өзбек» деп ұлықтап, ол туралы кино түсіріп, ерлігін дәріптеп келген өзағаң өткен жылы Совет Одағының Батыры, генерал Сабыр Рақымовтан бас тартты. Жай бас тартып қана қойған жоқ, Өзбекстандағы осы уақытқа дейін батырдың атымен аталып келген барлық нысандардың, елді мекендердің аттарын алмастырды. Ол аз болғандай, елін сыртқы жаудан қорғаған батырға Ташкент қаласының қақ ортасында қойылған ескерткішті құлатты. «Өзіміздің ұлттық батырымыз» деп келген өзағаңның өзеуреп, Сабырға келгенде сабыры кетуіне не себеп болды екен? Жарасбай СҮЛЕЙМЕНОВ, Мәжіліс депутаты:

– Батыр бабаларымыздың ерлігін дәріптеу кейінгі ұрпақты отансүйгіштік рухта тәрбиелеуде маңызы зор. Ал қазақтың батыр ұлы Сабыр Рақымовтың ерлігі жайлы қазіргі жастар біле бермейді. Сондықтан «125 жылдық, 150 жылдық» деп күтіп отырмай, батыр бабамыздың 110 жылдық мерейтойын тойлап, ерлігін дәріптеу керек. Ол кісінің Отанын жаудан қорғаған кезде жүрегінің түбінде қазақ халқы бірінші орында тұрғанына ешкім де күмән келтірмес. Астана – бірлік пен ынтымақтастықтың символы, еліміздің бас қаласы. Сондықтан Сабыр Рақымовтың ескерткіші Астана қаласының төрінен орын алуы керек.

Сабыр Рақымовты әлемге өзбек етіп көрсетпек болған «әкәлар» батырдың жесірі Құралай Натуллаеваны (Сабырова) талай рет ебін тауып, Алматыдан Ташкентке көшіріп әкеткен. Алайда текті атадан тараған, Әліби Жангелдиннің туған қызы, Құралай апамыз өмірінің соңғы демі таусылғанша асыл жары, халық батыры Сабыр ағаның қазақ екенін дәлелдесумен келді. Дәлелдеді де. Қазақ екенін мойындаған ала шапанды ағайын, міне енді, қазақтың батыр ұлын қазағына қайтарды.

*Әңгімелескен Қалдар БЕК.  
«Алаш айнасы» газеті,  
7 мамыр 2011 жыл.*

## **ХАЛЫҚТЫҢ 25 ПАЙЫЗЫ ЗЕЙНЕТ ЖАСЫНА ЖЕТКЕН КЕЗДЕ МӘСЕЛЕ ТУЫНДАМАС ҮШІН ҚАНДАЙ ШАРАЛАР ҚАБЫЛДАУЫМЫЗ КЕРЕК?**

Жарасбай СҮЛЕЙМЕНОВ, Мәжіліс депутаты:

– БҰҰ 10-15 жылдан соң халқымыздың 25 пайызының зейнет жасына жетуі түрлі мәселелер туындататынын айтып отыр. Бұл мәселе қазір дүниежүзі мемлекеттерінің барлығына ортақ болып отыр. Сондықтан біз, ең алдымен, сол мемлекеттердің озық тәжірибелеріне сүйене отырып, шешімдер қабылдауымыз қажет. Күндердің күнінде бұл мәселе біздің де алдымыздан шықпасы үшін қазірден бастап алдын алу жұмыстарын жүргізген жөн. Осы орайда өз басым демографиялық жағдайды күшейтуді алдыңғы орынға қояр едім. Көршіміз Ресейде демографияны қолдау мақсатында жаңа босанған әрбір анаға қомақты қаржы үлестіріледі. Бізге де мұндай қадам артықтық етпес еді. Бұл шара аналардың әлеуметтік жағдайын көтеруімен қатар, демографияны күшейтуге де өз септігін тигізер еді. Тағы бір айта кетер жайт, ауылға көмек көрсетуді де арттырған дұрыс. Өйткені, халқымыздың жартысына жуығы ауылдық жерлерде тұрады. Бұрын балалар өсімінің елеулі бөлігі ауылдықтардың үлесінде болатын. Егер біз ауылға көмек көрсетуді күшейтсек, үлкен демографиялық өсімге қол жеткізер едік. Ал мұндай жұмыстар жоғарыдағы мәселені шешуге өз септігін тигізер еді.

*Әңгімелескен, Қуаныш ӘБІЛДӘҚЫЗЫ.*

*«Алаш айнасы» газеті,  
11 қаңтар 2011 жыл.*

## **ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫН ӨЗГЕРТУ ҚҰЗЫРЫН ЖЕРГІЛІКТІ БИЛІКТЕН АЛЫП, БІР ОРТАЛЫҚҚА БЕРЕТІН ЗАҢ КЕРЕК ПЕ?**

Бүгінде қоғамда жер-су атауларын өзгертуге қатысты талас-тартыс тудыратын жайттар көп. Осы орайда Мәдениет министрлігі Тіл комитетінің төрағасы Бауыржан Омаров мырза жер-су атауларын өзгерту құзырын жергілікті биліктен алып, бір орталыққа беретін заң керектігі жөнінде ұсыныс жасады. Әзірге маман пікірін даттаушылар да, жақтаушылар да жетерлік. Бірі «жер-су атауларын өзгерту мәселесі бір орталық пен заңға ғана қатысты емес» десе, енді бірі «атауларды өзгерту мәселесі тек қана заңды қажет етіп тұр» деген ұстанымда. Тақырыпқа орай мамандар пікірін ортаға салып көрген едік... Жарасбай СҮЛЕЙМЕНОВ, Мәжіліс депутаты:

– Иә, жер-су атауларын өзгерту құзырын жергілікті биліктен алып, бір орталыққа беретін заң міндетті түрде керек. Сондықтан бұл ұсынысты қолдаймын. Аталмыш мәселе бүгінгі таңда өзекті болса да, жергілікті әкімдіктердің құзырына беріп қойғаннан кейін жер-су атауларын өзгерту мәселесі жетімсіреп қалды. Тіпті жер-су атауларын өзгерту мәселесі бүгінде күн өткен сайын күрделеніп барады. Заңсыз-ақ мәселе шешілетін болса, осыған дейін шешілер еді. Тәуелсіздік алғанымызға 20 шақты жыл өтсе де, әлі күнге дейін атауы қазақыланбаған жер-су, көше атаулары өте көп. Жер-су атауларын қазақыландыруға жергілікті биліктің құзыреті жетпей отыр. Сондықтан тез арада жер-су атауларын өзгерту құзырын жергілікті биліктен алып, бір орталықтың қарамағына беру керек. Және осы орталықтың жұмысын бақылайтын арнайы заң қабылдануы қажет. Жергілікті билік өкілдері жер-су атауларын өзгертетін уақыт жеткенін түсінсе де әркімге бір жалтақтап, мәселені шеше алмай отыр. Осы орайда бізге заң қабылдап, орталықтың көмегіне сүйенетін кез жетті. Жер-су атауларын өзгерту ұлтымыздың тарихына тікелей қатысты нәрсе болғаннан кейін жергілікті биліктің ғана қарамағына беріп қоя салу аздық етеді. Тіпті керек десеңіз, бүгінде жергілікті

әкімдіктердің құрамында жер-су атауларын өзгертуге қатысты жұмыс істейтін маман да жоқ секілді. Содан да бұл мәселе әрқашан жергілікті биліктің назарынан тыс қалып келеді. Рас, жергілікті биліктің қарамағынан ономастикалық комиссия құрылған. Алайда олардың басы жылына бір-екі рет әзер қосылады деп естиміз. Яғни жер-су атауларын өзгертумен жүйелі түрде ешқандай мекеме айналысып жатқан жоқ. Сондықтан тез арада жер-су атауларын өзгертіп, өткеніміз бен бүгінімізді саралап, тұлғаларымызды, тарихымызды әспеттегіміз келсе, арнайы заң қабылдап, орталық құрып мәселеге назар аударатын кез жетті. Өйткені, бұл – халқымыз үшін маңызды мәселе. Бұдан әрі жергілікті билікке иек артып, мәселені соза беретін болсақ, тіпті ескі атауларға етіміз үйреніп кетуі де әбден мүмкін.

*Әңгімелескен Қуаныш ӘБІЛДӘҚЫЗЫ.*

*«Алаш айнасы» газеті,  
21 желтоқсан 2010 жыл.*



## **РЕСМИ ШАРАЛАРДА ӨНҮРАНДЫ ОРЫНДАМАҒАН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ АЙЫППҰЛ ТӨЛЕТУ ҚАЖЕТ ПЕ?**

Өртүрлі ресми шаралардың барысында әсерлі Өнұранымызды аудиотаспа арқылы шырқатып қоямыз. Оған қалың көпшіліктің арасынан бірен-саран адам ғана ауыз жыбырлата қосылып тұрады. Өз отанының Өнұраны орындалып жатқанда, оған қосылмай тұру, рәміздің сөзін білмеу – елдігі бекіген шетелдіктер үшін оғаш көрініс. Мұндай намыссыздыққа шыдамаған қырғыз депутаттары Өнұранға қосылмаған азаматтарға айыппұл салу мәселесін қарастырып жатыр.

Жарасбай СҮЛЕЙМЕНОВ, Мәжіліс депутаты:

– Меніңше, азаматтарды мәжбүрлей отырып Өнұранды жаттату дұрыс емес. Өнұран деген біз үшін қасиетті рәміздеріміздің бірі екені рас. Бірақ оны осылай күштеп, заңмен қорқытып үйреткеннің пайдасы шамалы болады. Өнұран тек сүйіспеншілікпен, түсіністікпен, мемлекетке деген құрметпен орындалса ғана дұрыс. Қанша жерден зорлықпен жаттатсақ та, оның арғы дінгегі солқылдақ болып тұрады. Меніңше, оны заңмен міндеттегеннен гөрі тәрбие сабақтарын, идеологиялық насихат жұмыстарын жүргізу керек. Әсіресе, жастардың арасында, балабақша, мектептен бастап үйреткен абзал. Өнұран орындалып жатқанда немесе көк Туымыз желбіреп көтерілгенде азаматтардың көкейінде ерекше бір ыстық сезім пайда болуы керек.

Тәрбие жұмыстары арқылы сіңірсек, оның негізі де берік болады. Қырғыздар өздерінің ішкі саясатын қалай реттесе де, өздері біледі ғой. Бірақ бұл мәселе біздің елімізде де қозғалып жатса, мен оны қолдай алмаймын. Өнұранды мәжбүрлеп айтқызу, айтпағандарды әкімшілік жауапқа тарту, түптеп келгенде, кері әсер беруі де мүмкін. Артық қыламыз деп жүріп, теріс нәтижеге ұрынып қаламыз.

Шынын айтқанда, мұндай заңның тетіктері де айқындалмаған, шикі ұстаным ғой. Оны қырғыздар қалай жүзеге асырмақ екендігін өз

басым түсіне алмаймын. Мысалы, ресми шараларда бір топ адамның арасынан кімнің Өнүранды айтып тұрғанын, кімнің айтпай тұрғанын кім бақылап отырады?

Бәлкім, қырғыздар барлық шаруаларын тауысып, енді осы мәселе ғана шешілмей жатқан болар. Еуропада, басқа да шетелдерде жастарды рәміздерді құрметтеуге тәрбиелейтін арнайы жұмыс атқарылатынын білемін. Бірақ Өнүран айтпай тұрғандарға айыппұл салу деген жағдайды осы күнге дейін кездестірген жоқпын. Өнүранды заңнан, айыппұлдан қорыққандықтан емес, елін-халқын шын сүйіп, мақтанышпен айту керек. Оларды Өнүранды жаттауға заң емес, бойдағы елге деген құрмет, іштегі ар-ожданы мәжбүрлейді. Тек осы қасиет қана мәңгілік нәрсе деп айтуға болады. Сондықтан мен Өнүранды заңмен талап етіп, айыппұлмен қорқытып жаттатуға қарсымын.

*Өңгімелескен Сәкен КӨКЕНОВ.*

*«Алаш айнасы» газеті.*

## **ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ ЖҮГІ АУЫР, АЛ МӘСЕЛЕСІ ОДАН ДА КӨП**

Елімізде өткен Астана Саммитінде ЕҚЫҰ-ның БАҚ бостандығы мәселелері жөніндегі өкілдігінің басшысы Дуня Миятович: «Еркін баспасөз болмаса, елдің болашағы бұлыңғыр. Журналистер – біздің болашағымызға сенетін және ол туралы ойлайтын адамдар. Олар әлемде болып жатқан оқиғаларды жүректеріне жақын қабылдайтын жандар. Сондықтан да біз оларды қорғау шараларын қабылдауға тиіспіз. Бірінші кезекте, бұл мемлекеттік және басқа да реттеуші органдарға, сондай-ақ, сөзіміз қызмет ететін азаматтық қоғамға қатысты», – деген болатын. Осылайша қадірлі мейман журналистиканың қауіптілігін және тілшілердің ел үшін атқарып отырған орасан зор қызметін басып айтып, бүкіл ұйым мүшелеріне оларды қамқорлыққа алудың қажеттілігін аңғартқан еді. Шынымен де, соңғы 10 жылға жуық уақыттың ішінде әлемде 546 журналист қастандықтың құрбаны болса, өткен жылы әлем бойынша 102 журналист қазаға ұшыраған. Ал ЕҚЫҰ-ның Швециядағы бөлімінің вице-президенті Олоф Клеберг «Қазақстанда оппозициялық телеарна мүлде жоқ секілді. Бұл жастарға және қоғамның дамуына кері әсерін тигізеді», — деп топшылап кетті.

Жуырда ғана Түркиядан келген Ыстамбұл университеті журналистика факультетінің деканы, доктор, профессор Айдемир Окай қазақстандық әріптестерімен кездескенде өз еліндегі журналистика даярлаудағы ерекшеліктерді айтып берді. Оның айтуынша, Түркияда журналистердің жазғандарынан құзырлы орындар дер кезінде қорытынды шығарып жататын жайттар өте көп. Сондай-ақ, Түркияда журналистер өздеріне қажетті ақпаратқа кез келген жолмен, құпия тыңшылықпен де қол жеткізе алады. Және олар жас журналистерді даярлауда Батыстың үлгісіне көп жүгінетін көрінеді. Алайда, оның қажетті тұстарын ғана алып, түрік мәдениетіне, салт-дәстүріне сай етіп аударып алады.

Ал қазақстандық журналистиканың ақсап жатқан тұсы неде? Оның өзіндік себебі сан тарауға бөлінеді. Бүгінгі таңда журналистиканың айдынына әншілер қауымы да шомылып, қасиетті саланың бетін былғап

жүр. Тіпті, қолына газет ұстамайтын әншілер де бір-бір арнаның «жұлдыз-жүргізушісіне» айналып кетті. Журналистиканың қадір-қасиетін сезінбейтін жас әншілер де қатарынан қалмай бағдарлама жүргізуге жаппай құмарлық танытуда. Екіншіден, журналистердің дені баспасөз парақшасы мен ғаламторға матала бастады. Ғаламтордағы мәліметтерді көшіріп алуға әбден машықтанған журналистердің арасында жастар ғана емес, өкінішке қарай, өзінен кейінгілерге жөн сілтейтін, ақыл айтар ағалар мен әпкелер де бар. Үшіншіден, журналистиканың табиғатын түсінбейтін әлдебір мамандықтың иелері де газет-журналдарды басқарып, тілшілерге «жаңа» журналистиканы дәріптей бастады.

Қалам ұстаған қаламгерлердің қамын ойлайтын ел ағалары аз. Тілшілердің еңбегін зор бағалап, Үкімет басшысына журналистердің әлеуметтік проблемасын айтып, депутаттық сауалын жолдаған халықтың қалаулы ұлы, Парламент Мәжілісінің депутаты Жарасбай Сүлейменов қана. Осы мақала барысында тілшілердің проблемасын айтудан ат-тондарын ала қашқандар да болды. Жарасбай ағамыз қазақстандық журналистердің, оның ішінде қазақтілді бұқаралық ақпарат құралдарының елдің ертеңі үшін аянбай еңбек етіп келе жатқанын айтады.

Жарасбай Сүлейменов, депутат: – Қазіргі қазақ баспасөзі біздің елімізде шығып жатқан орыстілді басылымдардан кем деп айта алмаймын. Әсіресе, елдік, ұлттық мүддені көтеруде, қазақтың болашағын қозғап жүрген — қазақ журналистері. Журналистер еліміздің дамуында үлкен жұмыстар атқарып жатыр. Бұқаралық сананы сілкіндіруде, дамытуда олардың істеп жатқан істері ұшан-теңіз. Бірақ, бізде журналистердің мәртебесі айқындалмаған. Олар мемлекеттік қызметке жатпайды. Қолдарында ешбір мүмкіндігі жоқ. Сол тұрғыдан алғанда, журналистер әлеуметтік жағынан өте нашар қорғалған. Қазір кейбір белді бұқаралық ақпарат құралдарының қаламгерлері атақтан да, абыройдан да, көмектен де құр алақан қалып жатқан жоқ. Ал басқалары өз күнін өздері көріп жатыр.

Жалпы, БАҚ мемлекеттің ұдайы назарында болу керек. Олардың барлығына меншіктің қандай түріне жататынына қарамастан, белгілі бір деңгейде қамқорлық жасалу қажет. Ол үшін журналистің мәртебесі туралы арнайы заң қабылдау керек деп ойлаймын. Болмаса «БАҚ туралы» Заңға журналистерді қорғайтын, қолдайтын бап керек-ақ. Бұқаралық ақпарат құралдары үшін қосымша құн салығын толық алып тастау,

журналистерге сыйақы, баспана беру, ипотекалық жеңілдіктер жасау, зейнетақы тағайындағанда кәсіби санатын анықтауды қолға алған жөн және журналистердің жеке басының қауіпсіздігін қамтамасыз ету керек.

Жыл сайын кәсіби журналистер қызметін адал атқаруына байланысты қауіп-қатерге ұшырап жатыр. Біздің елімізде ғана соңғы он жылдың ішінде 40 шақты журналистке қастандық жасалған. Осының өзі біздің журналистеріміздің әлі күнге дейін нашар қорғалатынын көрсетеді. Қоғамда шындықты бетке айтатындарды ұнатпайтындар да, олардан өш алғысы келетіндер де жоқ емес. Журналистерді қудалау, заңды кәсіби қызметіне бөгет жасау, ақпаратқа қол жеткізуді шектеу әрекеттері әлі тыйылмай келеді. Баспасөзді саяси ойындарға немесе қаржы-өнеркәсіп топтарының өзара текетіресіне тарту әрекеттері де елімізде өркениетті ақпараттық кеңістік қалыптастыруға кері әсер етуде. Бізде журналистердің құқықтары мен кәсіби мүдделерін қорғау жағы ақсап жатыр. Басқа мамандықтардың иелеріне қарағанда, тілшілер мемлекеттің қорғауына өте мұқтаж. Журналистердің кәсіби міндетін адал атқаруына, шындықты айтуға, ізденуге, ақпаратты табуға мүмкіндік беруіміз керек. Мемлекет қоғамдық міндетін адал атқарып жүрген журналистердің еңбегін ұдайы назарда ұстап, қауіпсіздігін қамтамасыз етуге міндетті. Меніңше, журналистерге айрықша мәртебе беретін мезгіл жетті.

Халық баспасөзді биліктің төртінші тармағы деп тектен-текке айтып жүрген жоқ. Біздің жас мемлекетіміздің болашағы да, балауса демократияның тағдыры да қалам ұстаған қауымның қызметіне, іскерлігі мен жауапкершілігіне тікелей байланысты. Қазір қазақтілді басылымдардың көтерген мәселесін еліміздегі орыстілді журналистер көтермейді. Бұл осы саладағы шалағайлықты білдіреді. Кеңес заманында БАҚ қызметін ұдайы үйлестіріп отырды. Қазір ресейлік басылымдар әрқайсысы өз бетімен кетті. Қазақ басылымдары елдің жағдайын ойлап, соны көбірек ойласа, ал орыс басылымдарының кейбірі ол мәселелерге назарын да аудармайды. Олар осы елдің газеті, қаржыны осы жақтан алып жатқаннан кейін мемлекеттің мүддесін, халықтың мұңына назарын тігу керек. Оны бізде үйлестіретін құрылым жоқ. Ал облыстық, аудандық газеттер болса, өз әкімдеріне қызмет етіп кетті.

*«Қоғам» сайты,  
30 маусым 2011 жыл.*

## ҚАЗАҚ МЕКТЕБІН КӨБЕЙТУГЕ НЕ КЕДЕРГІ?

Бұл мәселе «Айқын» газеті ұйымдастырған басқосуда жан-жақты сөз болды.

Тәуелсіздік алған 20 жыл ішінде Қазақстандағы қазақ халқының саны 67 пайыздан асты. Бірақ ресми мәліметтер бойынша, еліміздегі жалпы мектептердің жартысына жуығы ғана мемлекеттік тілде білім береді. Оның үстіне, қазақ мектептерінің 85, 6 пайызы ауылдық жерлерде орналасқан. Тіпті әлі күнге дейін бірде-бір қазақ мектебі ашылмаған қалалар да кездеседі. Қазақ мектебінің қазіргі жай-күйі «Айқын» газеті ұйымдастырған бүгінгі дөңгелек үстелде талқыланды.

Жарасбай СҮЛЕЙМЕНОВ, Мәжіліс депутаты:

– Мен кезінде депутаттық сауал жолдап, оқитын балалар саны азайған орыс мектептерін онтайландыру ісін ұсынған едім. Кеңес Одағы кезінде толы болған мұндай мектептерде бала санының азаюына түрлі себептер бар. Мәселен, көшіп кеткен басқа ұлт өкілдері қаншама?! Бірақ қазақ мектебін ашу мәселесі шықса, кей жерлерде «ата-аналар қарсылық танытты» деп мәселені кері тартуға тырысатындар жоқ емес. Шын мәнінде, бұл атқарушы биліктің дәрменсіздігімен байланысты. Мәселені көріп, біліп отырып, оны шешу жолдарын таба алмау – дәрменсіздіктің белгісі. Бұл ел бойынша қолға алынатын жұмыс. Қазір көптеген орыс мектептері жартылай толы. Неліктен осындай мектептерді босатып, қазақ мектептерінің жүйесін кеңейтуге қарсылық білдіреді? Меніңше, жаңа мектеп салғаннан гөрі қолда бар қорды дұрыс пайдаланған жөн емес пе?! Сондықтан бұл тарапта министрлік, атқарушы билік тарапынан бірлесе атқаратын жұмыс өте көп.

Егер шындықтың бетін ашар болсақ, бүгінде қазақ мектептерінің жай-күйі орыс мектептерімен салыстырғанда сәл төмен. Оның көптеген объективті себептері бар. Мысалы, Кеңес заманында орыс мектептеріне бар жағдай жасалды, материалдық базасы жақсы болды. Білікті мамандар көбірек тартылды. Кеңес Одағында ашылған қазақ мектептері де артта қалып қалған жоқ. Олар да көш ілгері келеді. Ал

жаңадан ашылып жатқан мектептердің деңгейі қандай? Меніңше, олардың қалыптасуы, білікті кадрлармен жасақталуы ұзаққа созылып бара жатыр. Сондықтан Білім және ғылым министрлігі ұлттық мүддені ескеріп, қазақ мектептері туралы арнайы бағдарлама қабылдауы керек деп ұсыныс тастар едім. Сол бағдарлама бойынша жұмыс істеп, қазақ мектептерін қысқа мерзім ішінде биік деңгейлерге көтеру керек. Мәселе санда емес, біздің мектептерге сапа керек.

Білім министрлігі өкілдерінің айтуынша, қазақ балаларының 85 пайызы қазақ мектептерінде оқып жатқанға ұқсайды... Мен бұған сене алмай отырмын. Күні кеше аймақта болғанымда, ауыл мектептерін де араладым. Басқа өңірлерді айта алмаймын, бірақ солтүстік аймақта, теріскей аудандардағы ауылдарда қазақ мектептерінің жағдайы мүлде нашар. Білім министрлігі мұндай мектептерге назар аудармай отыр. Мысалы, бір ауылға барсам, онда елу шақты бала оқиды екен. Бұрын ол орта мектеп болған, қазір негізгі мектепке айналған. Өкінішке қарай, негізгі мектеп дәрежесін де сақтай алмайтын түрі бар. Негізгі пәндерден кімдер сабақ беріп жатыр десек, арнайы мамандар жоқ. Шет тілі мүлдем оқытылмайды. Ал мұндай мектептердің бізге керегі бар ма? Ауылды сақтаймыз дейміз. Әрине, ауылды сақтау керек. Бірақ меніңше, егер де біз жағдайды түзей алмасақ, ондай мектептерді жабу керек. Өйткені сол мектепті бітірген бала ертең басқа өңірге барса, өзінің құрбыларымен білім жағынан бәсекелесе алмай, далада қалмай ма?!

*Дөңгелек үстелді ұйымдастырғандар  
Айжан КӨШКЕНОВА, Кәмшат ТАСБОЛАТ.*

*«Айқын» газеті,  
2 қыркүйек 2011 жыл.*

## ҚАЗАҚ ТІЛІН БІЛМЕЙТІНДЕРДЕН ҚОРҚАМЫН

«Петропавлға Қызылжарды қайтып беруіміз керек» деп шырылдағанымызға да бір жыл өтіпті. Арнайы депутаттық сауал жолдап, Қызылжарды қайтарайық деп ұсыныс жасаған ҚР Мәжілісінің депутаты Жарасбай Сүлейменовтің бұл жолдауынан кейін де еш өзгеріс бола қоймады. Депутат бастап, БАҚ қостап, Қызылжар үшін күрес бастағанымен, «баяғы жартас – бір жартас» күйінде қалды. Депутатпен бүгінгі әңгімеміз де осы Қызылжар тақырыбынан басталды.

– Жарасбай аға, Петропавлдың атын Қызылжарға ауыстыру керек деп депутаттық сауал көтергеніңізге де міне, бір жыл болыпты. Бір жыл өтсе де, қаланың аты бәз-баяғы қалпында. Қызылжар болсын деп Сіз бастап, БАҚ қостап, дабыл қаққанымызбен, биліктің бұған селт етпеуінің сыры неде? Ресей бір кездегі Ленинградты – Санкт-Петербург деп, Сталинградты-Волгоград деп ескі атауын қайтарып берді. Санкт-Петербургтың қайта өз есімін иемденгеніне ресейліктер еш қарсы бола қойған жоқ. Ендеше, біз неге өре түрегелдік? – Иә, уақытта тоқтау жоқ, Қызылжар мәселесін көтергенімізге бір жыл өте шығыпты. Сол кезде менде үкімет басшысына депутаттық сауал жолдасам, қаланың атауы бірден өзгере қалады деген ой болған жоқ. Кейбіреулердің өре түрегелетінін, өңешін созып өзеурейтінін білгем. Бірақ көп уақыттан бері халықтың көкейінде жүрген ойды қозғау, ортаға салу, сөніп бара жатқан үмітті қайта тұтату керек болды. Өйткені, Қызылжар атауына қарсылық «білдіріп жүргендер» біздің айтқанымыздан шығып қайда барасындар, тырп еткізбейміз деп масайрай бастағандай еді. Сауал арқылы көп нәрсеге көз жеткіздік. Елімізде ұлттық мүддені бәрінен жоғары қоятын, сол жолда ештеңеден аябайтын азаматтар бар екен. Қазақ ояна бастапты! Сауал жолданғаннан кейін еліміздің түкпір-түкпірінен көптеген адамдар, араларында танытындар да, танымайтындар да бар, өзіме хабарласып, қолдау білдірді. Сауал жасадым, сонымен іс бітті деп қарап отырған жоқпын. Бұл мәселеге тереңірек бойлап, оны шешу жолдарын іздестірдік. Сөйтіп биыл шешілмесе, ертең шешілетініне көз жеткіздік. Дәл қазір не



қолбайлау болып отыр дегенге келсек, баяғы құлдық санадан арыла алмағандардың жасқаншақтығы мен жалтақтығы, қазақтың өз арасында бірліктің жоқтығы аяққа түскен тұсаудай ілгері басуымызға мүмкіндік бермей отыр. Сол сияқты ел азаматтарының бәрі бірдей менің Отаным – Қазақстан деген ұғымға бас ие қойған жоқ. Санада сілкініс жасап, ұлтын шын сүйетін азаматтардың қатарын қалыңдата алсақ алдағы кезеңде мұндай мәселелер жеңіл әрі тез шешілетін болады. Бұдан бұл ондаған жылдарға созылатын жұмыс деген ұғым тумайды. Бізге ономастика туралы жақсы заң керек. Ешкімге жалтақтамай, сол заңды ұлт мүддесіне қызмет ететіндей етіп жасай алсақ, көп нәрседен ұтарымыз анық. Күні кеше ғана өзімізбен бір шаңырақтың астында бірге өмір сүрген елдер – Қырғызстан, Ресей, Белоруссия, Украинаның тәжірибесінен осыны аңғаруға болады. Оларда «Географиялық атаулар туралы» арнайы заң қабылданып, жер-су атауларының мемлекеттік каталогы жасалған. Польша, Түркия, Венгрияда да осы саладағы жұмыстар арнайы заңға сәйкес жүргізіледі. Осы заңдарда көше атауларын немесе үйлердің нөмірлерін өзгертудің жеңіл жолдары қарастырылған. Ал бізде бұл орайда кедергілер көп. – Қызылжар ғана емес, жалпы еліміздегі кеңестік кезеңнің көзінде болып келе жатқан кейбір аудандар мен ауылдар да әлі күнге өзінің байырғы аттарын қайтара алмай отыр. Ономастика демекші, халықтық жер-су, қала атауларының өзі ерекше әуезділігі, әуенділігімен бірден жатталып қалады емес пе?!

– Байқайсыз ба, ойымыз бір жерден шығып отыр. Шын мәнінде кезегін күтіп тұрған істер ұшан-теңіз. Өзінің өсіп-өнген жеріне, тауы мен тасына, өзені мен көліне, сай-саласына дейін ат қойып, айдар тағып отырған, тарихын тасқа қашаған, өзінің болмыс-бітімін, ежелден келе жатқан далалық дүниетанымын, тілі мен ділін, мәдени ерекшелігін, рухани құндылықтарын шашасын шығармай, шаптып-төкпей, болашақ ұрпаққа аманаттай білген қазақ үшін белгілі жазушы, ғалым-этнограф марқұм Ақселеу Сейдімбектің тілімен айтсақ, «...атау арқылы белгілі бір жаратылыс пен құбылыстың мазмұндық мәнін танып-түсінуге жол ашылады, бағдар айқындалады». Ұлы жазушымыз Мұхтар Әуезов: «Біздің қазақ – жер аты, тау атын әманда сол ортаның сыр-сипатына қарай қоя білген жұрт. Қайда, қандай бір өлкеге барсаң да жер, су жапан түзде кездескен кішкене бұлақ

атының өзінде қаншама мән-мағына, шешілмеген құпия сыр жатады», – десе, халқымыздың біртуар перзенті Шоқан Уәлиханов: «Көне түркі салт-сана, әдет-ғұрпының қаймағы бұзылмаған қазақтарда өмірдің бір саласын қамтитын тарихи оқиғалармен байланысты жер-су атаулары, адам аттары, тағы да басқалары есте сақталып, атадан балаға жалғасып жатады» деп, жер-су атаулары елдің болмысы, салт-дәстүрі, тілі-діні екенін, ешқашан жөн-жосықсыз, ойсыз-мәнсіз кездейсоқ қойыла салмағанын дәттейді. Сайып келгенде, мұның бәрі біздің бүгінгі таңда тек тарихи-мәдени мұра ретінде ғана емес, сонымен қатар, қоғамдық-саяси маңызға ие болып отырған ономастика мәселелеріне көзқарасымызды айқындауға тиіс. Елбасымыздың Қазақстанның бүгінгі мен болашағы жайында ой толғағанда үнемі оның көне тарихына шолу жасап, одан тағылым алу қажеттігін ескертіп отыруы да кездейсоқ емес. Осы арада Нұрсұлтан Әбішұлының: «Ономастика мәселелері әркез ел басшылығының назарында болады. Бұл ретте жалтақтаудың еш қажеті жоқ. Жердің байырғы тарихи атауына үйлеспейтін, халқымыздың абыройы мен беделіне көлеңке түсіретін, отарлық кезеңнен қалған атаулардан арылу керек», – деген сөздерін еске сала кетсек, артық болмас. Иә, бүгінгі таңда отаршылдық пен тоталитарлық режимдер идеологтарының ономастиканы қоғамның тарихи-мәдени санасына әсер етудің саяси құралына айналдырғаны, соның салдарынан қазақ ономастикасының өзіндік болмысына, ұлттық ерекшелігіне, әсіресе оның топонимикалық және антропонимикалық жүйелеріне орасан зиян келтірілгені, Қазақстан картасының едәуір бұрмалауларға ұшырағаны тайға таңба басқандай белгілі болып отыр. Кешегі солақай саясат елді-жұртты салт-санасынан айырып, рухани тамырынан ажырату үшін алдымен жер-су аттарын өзгертті, халық санасында сан жылдар сіңісті болған атаулардың сырына үңілмей, ту-талақай етті. Тәуелсіздігімізге біз осындай мүсәпір халде қадам бастық. «Атау-нысанға таңылып қалған нәрсе емес, ол тек қана қоғамда өмір сүреді және әрбір әлеуметтік құбылыс сияқты әрқашан тарихи заңдылықтарға бағынады», – дегенді еске алсақ, ономастикалық жұмыстарды үйлестіруге, ұлттық мүддемізге сәйкестендіруге, ономастика жөніндегі қағидаларымыз бен тұжырымдарымызды Қазақстан тәуелсіздігінің бүгінгі рухани биігінен қайта қарауға, ескі атаулар-

ды қалпына келтіруге, тарихи әділеттілікті орнатуға жедел кірісіп кетуіміз керек еді. Тәуелсіздіктің таңында осындай бір құлшыныстың ел тарихын құрметтейтіндерді тың ізденістерге бастағаны анық.

– Осы атқарылған істер еліміз тәуелсіздік алғаннан бастап ұлттық ономастика кеңістігін өзінің төл нақыштарымен ажарландыруға берік бағыт ұстады деуге негіз бола ала ма?

– Бұл арада нық сөйлеу қиын, содан да жауабымыз әркез солқылдақ шығады. Көсіліп сөйлей алмай күмілжиміз. Өйткені отаршылдық пен тоталитарлық дәуірлерден қалған атаулардан біртіндеп арылып келеміз десек те, әлі шешілмеген мәселелер, кезегін күтіп тұрған істер жетіп артылады. Токетерін айтсақ, еліміз, жеріміз үш ғасырға созылған отарлау кезеңінің ономастикалық белгілерінен түбегейлі тазартылмай отыр. Әсіресе, еліміздің солтүстік, шығыс, орталық облыстарында орысша атаулар әлі де сіресіп тұрғаны кімді де болсын қынжылтпай қоймайды. – Өткен ғасырлардағы отаршылдық заманды, одан кейінгі кешегі кеңестік кезеңді еске салатын калалар мен аудандардың және жүздеген елді мекендердің атаулары әлі күнге орыс тілінде табжылмай тұрғанына нақты кім кінәлі?

– Ұлттық мүдде ұтатын жерде арқаны кеңге салып, мәселенің шешілуін сағыздай созып, тәуелсіз елдің топонимикасы да тәуелсіз болуы керек дегенді ескермей келе жатқан өзіміз кінәліміз. Осы іспен тікелей айналысатын ономастикалық комиссиялардың белсенділігі тым төмен екенін жасырудың қажеті жоқ. Олар жүйесіздікке жол беріп, еңсесін тіктеген егемен еліміздің бүгінгі жаңару, өркендеу үрдісіне ілесе алмай отыр. Жалпы, осы істі алға бастырамыз десек, ономастикалық комиссиялардың жұмысын түбірінен қайта құруымыз керек. Олар өшкенімізді зерттеумен, зерделеумен айналысатын, осы іске үздіксіз қозғау салып отыратын, тұрақты жұмыс істейтін ғылыми орталықтарға айналуға тиіс. Шынтуайтына келгенде, жер-су атауларын өзгерту туралы бастамалардың халықтан шығуы – міндет емес. Себебі, бұрын осы атауларды өзгерткенде билік ешкімнен сұраған, ешкіммен ақылдасқан жоқ.

Петропавлға ежелгі Қызылжар атауын қайтару туралы мәселе көтерілгенде халық атынан сөйлеуге құмарлар не істеді деңіз?! Қызылжардағы мемлекеттік телеарна қоғамдық пікірталас клубы деген сайт ашып, дауыс беру ұйымдастырды. Орысы ормандай өңірде

оның нәтижесі қандай болатыны айтпасақ та түсінікті ғой. Мұны еліміз үшін маңызды, болашақ үшін маңызды жұмысты алға бастырмауды ойлаған әлдекімдердің жымысқылығы деп білемін. Өз басым елді мекендерге, көшелерге, нысандарға дұрыс ат беру, түптеп келгенде, қазақ елін, ұлтты, тарихты құрметтеу деп түсінемін. Қазақтың жерін басып, суын ішіп жүрген бауырларымыз осыны ұмытпаса екен деймін. Тарихи атаулардың ұрпақ игілігі, атадан балаға жалғасып келе жатқан асыл мұра, қайталанбас құндылық екенін ескеріп, оны жаңа мазмұнмен байыта түсуді мемлекеттілікті нығайтудың басым бағыттарының бірі ретінде қарастыруымыз және оны ешқандай дау-дамайсыз шешуіміз керек. Оны жер иесі – қазақ жақсы түсінеді. Ал басқалар ше? Өкінішке қарай, тәуелсіздік алғанымызға жиырма жылдай уақыт өтсе де, орынды ұсынысқа қарсы өре түрегелу, қоқан-лоқылық жасау тыйылмай отыр. Тілді сату – туған анаңды сатумен бірдей.

– Жуырда мемлекеттік тілге байланысты «үкіметаралық жиындар, ресми кездесулер мемлекеттік тілде жүргізілсін!» деген сауал көтердіңіз. Ресми кездесулер мен үкіметаралық жиындардың түбегейлі мемлекеттік тілде жүргізілуіне мүмкіндік бар деп ойлайсыз ба?

– Олай ойламасам бұл мәселені көтермес едім. Мемлекеттік тіліміздің аса зор қоғамдық және саяси маңызын ешкім жоққа шығара алмайды. XX ғасырдың аяғында қазақ халқының тілі мен мәдениеті жойылып, құрып кетуге аз-ақ қалғаны баршаға белгілі. Сол себепті, ұлтымыздың жоғын қайта түгендеуге ұмтылып жатсақ, оның несі айып. Ана тілінің уызына жарып өскен, оның қадір-қасиетін бір адамдай білетін Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев өзінің “Тарих толқынында” деп аталатын кітабында: “Дауға салса алмастай қиған, өмірдің кез келген орайында әрі қаруы, әрі қалқаны болған, әрі байырғы, әрі мәңгі жас, отты да ойнақы ана тілінен артық қазақ үшін бұл дүниеде қымбат не бар екен? Әрине, одан қымбат ештеңе жоқ деп айтуға болады. Ғасырлар бойы қазақтың ұлт ретіндегі мәдени тұтастығына ең негізгі ұйытқы болған – оның ғажайып тілі” деп жазған болатын. Республика Президенті 1998 жылдың 8 желтоқсаны күні қол қойған “Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы” Заңның 4-бабында: “Қазақстан халқын топтастырудың аса

маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы. Үкімет, өзге де мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдар Қазақстан Республикасында мемлекеттік тілді барынша дамытуға, оның халықаралық беделін нығайтуға міндетті”, – деп көрсетілді. Көріп отырсыздар, Президент тарапынан қамшылау аз болып жатқан жоқ. Мемлекет тарапынан тұрақты көңіл бөлінуі нәтижесінде қазақ тілінің қалыптасу және оны дамыту процесі қоғамда барған сайын бұқаралық қолдау тауып, өрге басуда. Мемлекеттік тілдің қажеттілігі мен қолданылу аясы кеңейе түсті, Мемлекеттік тілді дамытудың тиісті заңнамалық, институттық және әдістемелік базасы жасалды. 1997 жылы мемлекеттік тілдің тек бір ғана тіл – қазақ тілі болуын бекіткен “Тілдер туралы” Заң қабылданды. Осылайша, мемлекеттік тілдің рөлін, жеке адамның қоғамға табысты кірігуінің аса маңызды шарттарының бірі ретінде оны меңгерудің қажеттілігін бірте-бірте, бірақ түпкілікті сезіну жүзеге асып келеді. Әрине, жоғарыда келтірілген деректер “Тіл туралы” Заң қабылданғаннан бергі жиырма жыл үшін бұл соншалықты мақтан етерліктей көрсеткіш болмағанымен, көңілде “Қазақстанның... мемлекеттік тілді дамытуға бағытталған дәйекті ойластырылған саясаты” аркасында қазақ тілін насихаттау, үйрету бағытындағы жұмыс осы карқынмен жүргізіле беретін болса, болашақта бұл көрсеткіштер ұлғая түседі деген үміт ұялайды.

Ол үшін билік те, атқарушы органдар да, жалпы жұртшылық та бұл көрсеткіштерді ұлғайтудың бар амалын қолдануы керек. Орайы келгенде, мемлекеттік тіл аясын кеңейте түсу үшін тағы бір тиімді амалға осы уақытқа дейін жеткілікті дәрежеде көңіл бөлінбей келе жатқанына назар аударғым келді. Ол туралы Елбасымыздың осыдан он жыл бұрын Халықаралық Қазақ тілі қоғамы өзіне “Ана тілінің айбары” алтын белгісін тапсыру рәсімі кезінде: “... ана тіліміздің қолданылу ауқымын кеңейту амалдарының бірі – бүкіл республика көлемінде үлкен мәжілістерді ілеспе аудармамен қамтамасыз ете отырып, қазақ тілінде жүргізуге көшу” деп айтқан болатын.

– Сауалыңызда «Алашқа аты шыққан азаматтар! Көсемдіктеріңді адаспай, түзу істендер! Сендер адассандар, арттарыңнан Алаш ада-сады» деген Ахмет Байтұрсыновтың сөзін мысалға келтірген екенсіз.

Халықтың көшін бастаушы көсемдері – зиялы қауым өкілдері екені белгілі. Біздің зиялы қауым қаншалықты түзу жолмен көш бастап келеді деген ойдасыз?

– Тіл мәселесіне келгенде зиялы қауым өкілдеріне кінә тағуға болмайды. Тек бізде солардың жанайқайына құлақ асу жағы кемшін. Десек те, қазір кімнің зиялы екенін, кімнің зиянды екенін ажырату қиын. Бір ғана мысал келтірейін, біздің елімізде жүзге, руға бөліну өршіп барады. Соның отын көсеп жүргендер- қарапайым халық емес, зиялысымақтар. Қазір зиялы адамның бөркін киіп алып, соның салмағына шыдай алмай сүрініп-қабынып жүргендер көп. Қаншама уақыт өтсе де, Алаш арыстарының, Мағжанның, Смағұлдың орында-ры үңірейіп бос тұр.

– Сыртта жүрген, шет мемлекеттерде тұратын қазақ қандастарымыздың көбі «өзге елде» жүрсе де, ана тілін ұмытпай, қазақ тілінде емін-еркін сөйлейді де, жаза да алады. Бізде, өз мемлекетімізде ұлты қазақ бола тұра, өз тілін білмейтіндердің саны жетерлік. Бұл ненің көрінісі?

– Жоғарыда ономастика саласында болған зорлық-зомбылық туралы айттым ғой. Бұл да отарлаудың зардабы. Осылай деп жуыпшайсақ, жауырды жаба тоқу болып шығады. Содан бері де жиырма жыл өтті ғой. Өкінішке қарай, қандастарымыз өз тілдерін меңгере алмай досқа күлкі, дұшпанға таба болуда. Бұған не дейсіз? Намыс жоқ. Ұлттық сана-сезім төмен, тоғышарлық басым. Осылай тізе берсек, ана тілін білмейтін, білгісі келмейтін қазақтардың кейпі тым сиықсыз болып шығары анық. Өкініштісі сол, олар аз емес. Үйренем дегендер үйреніп жатыр ғой. Мен өз басым қазақ тілін білмейтіндерден қорқам. Тілді сату туған анаңды сатумен бірдей. Ал Анасын сатқан адамнан не күтуге болады?!

– Мәжіліс депутаттары соңғы аптада көтерген мәселелердің бірі – дінге қатысты өрбігені белгілі. Сіздің дінге көзқарасыңыз қалай? Өзіңізді қаншалықты діншілмін деп ойлайсыз?

– Жақында Мәжіліс қабылдаған «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңды талқылауға мен де қатыстым, ұсыныстар бердім, біразы қабылданды. Дін дегенде менің көз алдыма әкем келеді. Өмір бойы коммунист болған әкем зейнет демалысына шықпай жатып намазға жығылды. Бірақ мені таңғалдырғаны бұл емес, орта

мектепті бітірерде әкем қайда бармақ ойын бар, деп сұрағанда, журналист болғым келеді дедім. Ол ойланып отырды да, Самарқандта дін қызметкерлерін даярлайтын оқу орны бар дейді, соған барсаң қайтеді деді. Бұл мен күтпеген сөз еді. Не дерімді білмей қалдым, үндемей құтылдым. Әкем де түсінді ғой деймін, одан әрі қинамады. Соңғы жылдары менің де дінге көзқарасым күрт өзгерді. Құдайға сенетін болдым. Діни әдебиеттерді көп оқимын. Қайда жүрсем де, таңертсең де, кешке де Алла тағалаға жалбарынып, елімнің тыныштығын, қазағымның, отбасымның, бала-шағамның амандығын сұрап жүремін. Бірақ намаз оқымаймын. Дінге ден қою үшін белгілі бір дайындық, жағдай керек. Ол үшін мына қарбалас тіршіліктен, лас дүниелердің бәрінен шеттеу керек. Әзірше менде ондай мүмкіндік жоқ.

– Елімізде биыл бұрын-сонды болмаған астық жиналғалы тұр. Ол астыққа Солтүстік Қазақстанның да қосқан үлесі мол. Әрбір жиналған астықта қарапайым диқаншының маңдай тері мен тынымсыз еңбегі жатқаны белгілі. Қыруар астық жинап, елді «ас атасымен» қамтамасыз етіп отырған диқаншы жерлестеріңіз сізге проблемасын айтып, жиі келе ме?

– Солтүстік Қазақстан облысы – ежелден мол астығымен даңқы шыққан өңір ғой. Биылғы астықтың шығымы тіпті ересен. Жазда ауылда болғанда, армансыз араладым, өз көзіммен көрдім. Оған енді ауа-райы да әсер еткен шығар. Дегенмен, соңғы жылдары еліміздің қай өңірінде болмасын егіншілік мәдениетінің айтарлықтай жақсарғаны анық. Маған депутат ретінде шағым айтып, көмек сұрап келетіндер аз емес. Тек өзім сайланған облыстан ғана емес, басқа өңірлерден де хабарласып жатады. Кімге де болсын есігім ашық. Бұл – бір. Екіншіден, өзім аймаққа шыққан сайын қалада көп бөгелмей, ауылға асығамын. Солтүстік Қазақстан облысында мен бармаған ауыл жоқ десем, мақтанғандық болмайды. Сол сияқты Қызылорда, Павлодар облыстарының да біраз ауылдарын араладым. Жасыратыны жоқ, қазір ауылдағы жағдай мәз емес, түйткілдер бастан асып жатыр.

– Биыл тәуелсіздігіміздің – 20 жылдығы. 20 жылда еліміз бірқатар экономикалық көрсеткіштерге қол жеткізді. 20 жылда атқарылған шаруалар да аз емес. Жалпы, ұлт ретінде жеткен жетістігіміз қандай, жоғалтқанымыз ше?

– Халқымыздың сан ғасырлар бойғы арманы жүзеге асып,

бодандықтың бұғауынан босап, тәуелсіздігімен қауышқанына, азат ел болғанына жиырма жыл толғалы отыр. Жиырма жылда біз керемет жетістіктерге қол жеткіздік. Қытайлар: “Дәуір алмасып жатқанда өмір сүрме”, – дейді екен. Сорымыз деуге келмейді, бағымыз шығар, біздің заманымыз екі дүние арпалысқа түскен ғасырлар тоғысына тұспа-тұс келді. Біз «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» кеңестік заманды да көрдік, нарықтың дауылын да бастан кештік... Бәрі жадымызда жатталып қалған. Бабаларымыз «Өткен күнде белгі жоқ» десе де, ұмытылмайды, жылдармен бірге жаңғыра береді. ...1965 жылдың жазында Қызылжардағы №2 қазақ мектеп интернатының бір топ жоғары сынып оқушылары Мәскеуге баратын болдық. Қуанышымызда шек жоқ. Мәскеу – кеңестер елінің астанасы, оны көрген де, көрмеген де арманда. Бірақ Мәскеу топырағына табанымыз тигеннен кейін қуанышымыз су сепкендей басылды. Мұндағылар «Қазақстанды білмейміз» дейді. Қазақпын десең, кәдімгідей ойланып қалады, қиналады, естеріне түсіре алмайды. Сенгіміз келмейді. «Қазақстанды, одақтың құрамындағы ең ірі республикалардың бірін, сол елдің иесін қалай білмейді? Бұлар тарихты, жағрапияны оқымай ма?» деп таң-тамаша қаламыз. Қазір ойлап отырсам, білген де шығар-ау, бірақ жеке ел, тілектес халық деп көзге ілмегендері анық еді. Осыдан кейін басқалар – сонау мұхиттың ар жағында жатқан Америка, Англия, Жапония туралы не айтуға болады. Осылай бала жүрек тұңғыш рет намысымыз табанға тапталып, тарихта есеміз кетіп жатқанын сезгендей болып еді. Сол одақ аяқ астынан ыдырап, кеңестік құндылықтар далада қалған, баршаны қайтіп ел боламыз, қайтіп күн көреміз деген сауалдар мазалаған кездер де ұмытыла қойған жоқ. Дүние бір-ақ күнде астан-кестен болды. Жарты әлемге әмірін жүргізіп, қойдай жусатып өргізген кеңестік билік келмеске кетті. Бір шаңырақтың астында түгін түтетіп келген республикалар бірінен соң бірі егемендік алып жатты. Біз де жаңа заманның есігін аштық. Имене аштық. Сол кездері көңілде үміттен күдіктің басымырақ болғаны шындық. Бұл ел адамдардың әлеуметтік күйзелісі мен бейжайлығы, психологиялық шиеленісі тәрізді әлеуметтік дерттердің сынағына түскен күрделі кезең еді. Президенттің өзі “Қазақстан жолы” деп аталатын еңбегінде: “Біз “талмау күйдің” өліара жағдайы соншалықты тұрақсыз және екіжақты болатынын, кез келген кешігу мен теріс шешім қабылдаудың



зардабы “өліммен аяқталатынын” түсіндік” деп жазды ғой. Сүйініштісі сол, тарих сынынан сүрінбей өттік. Жиырма жыл – тарих үшін көп уақыт емес, қас-қағым сәт! Алайда, осы уақыт ішінде ұлы даланың төсінде жаңа мемлекет құрылып, оның тиімді басқару, құрылымдары қалыптасты. Ал мұның өзі өміріміздің барлық салаларын жеделдете жаңғыртуға, елдігімізді нығайтып, болашаққа нық кадам жасауымызға жол ашты. Ел де, адам да өзгерді, өмірдің қай саласы болмасын, өзгеше сипат алып, жаңа арнаға түсті. Қазір біздің әлеуметтік-экономикалық өсім деңгейі жоғары қарқынмен дамып келе жатқан, мемлекеттік және қоғамдық негіздері берік қалыптасқан, нарықтық экономикаға батыл қадамдар жасаған ел екенімізді бүкіл әлем мойындап отыр. Жоғалтқанымыз да аз емес. Мені, әсіресе, ауылдың бүгінгі жайы алаңдатады. Ауыл жүдеп кетті. Ауылдағы ахуал бұзылды. Ауыл құндылықтарынан айырылды. Осының бәрі мен үшін үлкен өкініш. Оның үстіне адами құндылықтардан айырылып жатқанымыз да жығылғанға жұдырық болып тиіп жатыр. Қалтасы қампиып жүргендердің ішкі дүниесі шірік. Руханият деп аталатын бәйтеректің тамыры суалып барады. Балалар кітап оқудан қалды. Қоғамды қатігездік жайлап кетті... Осылай тізе берсек, етегіміз жасқа толады.

– Депутат ретінде, айтыңызшы, ұлт үшін не істедім деп ойлайсыз?

– Ренжімесеңіз, осы сұрағыңызға жауап бермей-ақ қояйыншы. Ананы істедім, мынаны істедім деуге тіпті аузым бармайды.

*Әңгімелескен, Гүлзина БЕКТАСОВА.*

*«Түркістан» газеті,  
6 қазан 2011 жыл.*

## ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ 20 ЖЫЛДЫҒЫ ҚАРСАҢЫНДА КЕМ ДЕГЕНДЕ 20 ҚАЛАНЫҢ БАЙЫРҒЫ АТАУЫН ҚАЙТАРСА...

– Жарасбай аға, сіз Мағжан Жұмабаевқа қатысты үлкен еңбектер жазып, көптеген зерттеулер жүргізген жанның бірісіз. «Мағжан әлемі» деген кітабыңыз да шықты. Жалпы, ақынның қаза болған жылына байланысты даулы мәселелер көп. Осыған дейін оқып келген оқулықтарда «Мағжан 1938 жылы атылды» делінсе, атыраулық Абдулла Әбдірахманов деген қарт 1948 жылы Магадандағы сталиндік лагерьде Мағжан Жұмабаевпен бірге болғанын айтады. Жақында елімізден «Жас Алаш» газетінің редакциясы бастаған бір топ делегация Магаданға барып қайтты. Олар Мағжанның 1938 жылы атылғанына сенгісі келмей, 1948 жылға дейін тірі болғанын алға тартады. Бауыржан Момышұлы да 1948-50 жылдары Мағжанды көріпті деген әңгімелер бар. Бұған сіз не айтар едіңіз?

– Бұл арада кесімді пікір айту қиын. Жалпы, өз басым Мағжанның өмірі мен шығармашылығы толықтай зерттелді деп айта алмаймын. Мағжанның халыққа жетпей жатқан құпия сырлары өте көп. Ақынның өміріне қатысты осындай әңгімелердің көтерілгенін мен де естідім, баспасөз беттерінен де оқып жатырмын. Жалпы, Мағжанның өміріне, шығармашылығына қатысты жайлардың барлығын әлі күнге дейін қарап, қадағалап, жиып-теріп отырамын. Осы мәселені естігенде ілешала «Жас Алаш» газетінің тілшісіне телефон шалып, бұл мәселені кім айтты, қашан айтты деп, анық-қанығын білмек болдым. Ондағы ниетім, мүмкін, шын мәнінде назар аударатын, ілгешек болатын деректер табылып жатыр ма деген ой еді. Бірақ ол кісі маған тұшымды еш нәрсе айта алмады.

Жалпы, бұл мәселені үзілді-кесілді олай емес деп айту да дұрыс емес шығар. Өйткені, біз Мағжанның қай жерде атылғанын, қай жерде жатқанын нақты білмейміз. Әрине, ақынның жатқан жері табылып, басына ескерткіш қойылып жатса, өте құптарлық іс болар еді. Бірақ өз басым «Мағжан 1938 жылы атылған жоқ» дегенге сеніпкіремеймін. Бауыржан Момышұлының әңгімесіне келер болсақ, менің білуімше,

ол кісі жазып, ештеңе қалдырмаған. Ал егер Баукеңнің қолында сондай деректер болса, Мағжанды, расымен де, кезіктірсе, Баукең оны көзі тірісінде-ақ жазып, айғайлатып айтып кетер еді. Сондықтан да осы жағы маған күмәнді секілді көрінеді. Бұл – бір.

Екіншіден, Атырау облысындағы Абдулла Әбдірахманов ақсақалдың да «Мағжанмен Колымада бірге отырдым» дегеніне сене алмай жүрмін. Өйткені, бұл кісінің жасы қазір тоқсанның үстіне шығыпты. Егер 1948 жылы Мағжанмен бірге отырса, Мағжан ақталып, ол туралы әңгімелер республика деңгейінде көтеріліп, бұқаралық ақпарат құралдары жарыса жазды, сол кезде ол кісі қайда болған? Неге ақынмен бірге болғанын айтып, оның 1938 жылы атылды дегеніне қарсы уәж айтпаған? Міне, менің көңілімде осындай сауалдар туындайды.

Жақында Ұлттық қауіпсіздік комитетінде көп жылдар бойы жұмыс істеген, Сәкеннің өмірі мен еңбектерін терең зерттеп жүрген азаматтың бірі Амантай Кәкен деген қаламгер ағамыз маған Сәкен Сейфуллин туралы кітабын сыйға тартты. Кітап деректі жанрда жазылған екен. Толықтай оқып шықтым. Сондағы бір қаулы менің назарымды аудартты. Сол қаулы бойынша қуғын-сүргін заманында ату жазасына кесілген зиялыларды шешім шығарылғаннан кейін бірден атып тастап отырған екен. Яғни, қаулы бойынша шешім шыққаннан кейін оларды түрмеде аз уақыт та ұстамай, үкімді бірден жүзеге асырған. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің мұрағатындағы құжаттармен танысқанымда «Мағжан 1938 жылы наурыздың 16-сы атылған» деген деректі көрдім. Сонда осындай қаулыны орындамауға кімнің пәрмені жетеді деп ойлайсыз? Менің ойымша, осы қаулы күшіне еніп тұрғанда Мағжанның да тағдыры ол қаулыдан айналып өтпеді. Басқаларды іле-шала атып тастап, Мағжанға келгенде басқаша шешім қабылдау мүмкін емес секілді көрінеді.

– Мағжан Жұмабаевқа қатысты көркем фильм түсіру туралы ұсыныспен Үкіметке шықпадыңыз ба? Алдымызда ақынның 120 жылдық мерейтойы келе жатыр. Егер фильм түсіріп жатса, бұл ақынның мерейтойына тамаша тарту болар еді...

– Парламент қабырғасына келгеннен кейін Мағжанның халқына сіңірген еңбегіне сай құрмет көрсетілмей жатыр деп Үкіметке сауал жолдадым. Онда Мағжан еңбектерін көбірек насихаттау,

шығармаларын қайтадан басып шығару, ақын туралы фильм түсіру, ол кісіге Астанада ескерткіш орнату мәселелерін көтеріп хат жаздым. Хатыма жауап келді, бірақ көңілім толған жоқ. Хат сол баяғы осыған дейін анадай кітабы шықты, мынадай кітабы шықты, өйттік-бүйттік деген мазмұнда жазылған. Сонымен бәрін тындырып тастағандай болыпты.

Мағжан – халқына еңбегі сіңген, ұлт мүддесін бәрінен жоғары қойған азамат. Сондықтан Тәуелсіз ел болған кезде ондай азаматтарымызды, ақындарымызды ұмытпауымыз керек. Әлі де болсын біз асыл мен масылдың арасын ажырата алмай жатқан жағдайымыз бар. Кейде өзіміздің сондай құндылықтарымызды бағалай алмай жатамыз.

Мағжан туралы түсірілген фильм бар. Бірақ ол ертеректе түсірілген. Оны көріп жатқан ешкім жоқ. Біз елдің иесі болатын жастарды Мағжанның рухында, өнегесінде тәрбиелеуіміз керек, бізде ол да жоқ. Ал Мағжанның 1988 жылы тапшылық кезінде шыққан жинағы жұртқа баяғыда таралып кетті. Сондықтан Мағжанның еңбектерін қайтадан басып шығаратын уақыт келді.

– Ресейде еліне, әдебиетке еңбегі сіңген тұлғаларға фильм түсіру жақсы жолға қойылған. Олар Сергей Есенинге, Федор Достоевскийге, Лев Толстойға, Михаил Лермонтовқа арнап көркем фильмдер түсірді. Ал бізде бұл мәселе әлі де болсын қолға алынбай келеді. Бізге де осындай дәстүр қалыптастыру қажет дейсіз ғой...

– Сабақтастық деген болу керек. Бізде Мағжан Жұмабасов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Әлихан Бөкейханов, Смағұл Сәдуақасов сынды тұлғалар баршылық. Онша көп те емес. Осындай зиялыларымызды өз деңгейінде құрметтей алмасақ, бүгінгі ұрпақтың санасына солардың болмысын сіңіре алмасақ, біз көп нәрседен ұтылып қаламыз. О дүниелік болып кеткен азаматтарға ештеңе де керек емес. Бұл шаруа елдің келешегі үшін қажет. Ал осыны жолға қоя білген елдер өте дұрыс істеп отыр. Олар тарихтың желісін үзбей сақтап келеді. Бүгінгі ұрпақ кешегі ұрпақпен сабақтасып жатыр. Бізге сондай көзқарас қалыптастыру қажет.

– Бізде бұл шаралардың бәрі экономикамызды дамытамыз деп жүргенімізде соның көлеңкесінде қалып қойып жатқан секілді.

– Экономиканың да дамығаны керек-ақ. Бірақ руханият экономиканың алдында жүруі қажет. Алдында жүрмесе де, пар жек-

кен аттай тең жүруі тиіс. Ең әуелі экономиканы көтеріп алып, сосын руханиятты көтереміз деуге болмайды. Қоғамның қозғаушы күші – руханият, сана-сезім және болмыс. Кей жағдайда экономиканың өресі жетпеген мәселелерді руханият шешіп жатады. Өкінішке қарай, көбіне осы мәселені ескермей жататын кездеріміз бар.

– Жақында Астанада Әлихан Бөкейхановтың 145 жылдығына арналған ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Сол жиыннан бірде-бір министрдің қарасын көрмедік. Неге екенін білмейміз, бүгінгі таңда Алаш деген сөзге көзқарас түзу емес секілді көрінеді. Мәселен, Астанада Әлихан Бөкейхановтың әлі күнге дейін бірде-бір ескерткіші жоқ. Одан қалса, сол конференциядан да естіп жатқан боларсыз, Әлихан Бөкейхановтың жеті томдық шығармалар жинағын шығаруға да құлықсыз болып отырмыз. Алаш арыстарына арнап саяжол ашамыз деп едік, ол да ескерусіз қалып бара жатқан секілді. Осының бәрін қарап отырып, не себепті Алаш деген мәселеге келгенде кертартпалық байқалады деген ой туады...

– Бұл – көптеген азаматтарды ойландырып, кәдімгідей тұйыққа тіреп жүрген сауал. Алаш арыстарының барлығы да – елінің көсегесін көгертемін деп жанын пид аеткен азаматтар. Солардың алдында біз борыштымыз. Олардың аңсаған арманы жүзеге асып, тәуелсіз ел болып отырмыз. Осы кезде біздің басты міндетіміз соларды ұлықтау болуы керек. Соларды ұлықтасақ, көп құндылықтарымызды пайдаланған болар едік. Алаш арыстарының еңбектері әлі күнге дейін толықтай жарық көрген жоқ. Ол еңбектердің көбісі осы уақытқа дейін маңызын жойған емес. Соларды жарыққа шығарсақ игі еді. Сонымен қатар, ескерткіштерін де Астананың төріне жарқыратып орнатса, жастарымыз көріп, қызығушылық танытпай ма? Болмаса да ұқсап бағып, өмірге деген көзқарастары өзгерер ме еді? Соның бәрін пайдаланбай тұрып, «біздің жастарымыз теріс жолға түсіп алды», «батысқа құмартады» деп көпіреміз. Меніңше, бұған ұлттық құндылықтарымызбен сусындауға мүмкіндік бермей отырған өзіміз кінәліміз.

– Тәуелсіздігіміздің 20 жылдық мерейтойы келе жатыр. Атаулы мереке, сіздіңше, қандай реңкте болуы керек? Мәселен, VII қысқы Азия ойындарының ашылу салтанатын ауыздың суы құрып айтатындай дәрежеде өткіздік. Небір жаңа технологияларды ше-

телден әкеліп, сол технологиялардың керемет мүмкіндіктерін пайдаландық. Жалпы, Тәуелсіздіктің 20 жылдығында да осындай тосын сыйлық күтуге бола ма?

– Тәуелсіздік – шын мәнінде, біздің еліміз үшін өте ерекше мереке. Бірақ маған қалай аталып өтетіні маңызды емес. Маған осы мереке шеңберінде қандай іс тындырылады – сол маңызды. Осы мәселеге байланысты жылдың басында депутаттық сауал жолдаған болатынымын. Онда бірқатар тындырылуы қажет істерді атап өттім. Оның ішінде орысша аталып кеткен жер-су аттарын қалпына келтірсек, тілімізге қатысты мәселелерді шешіп алсақ деген ойларымды Үкіметке жеткіздім.

Жалпы, жақсы істер жасалып жатқанын да айтпасқа болмайды. Мәселен, Тәуелсіздіктің 20 жылдығына 20 игі іс дегендей, Оңтүстік Қазақстан облысында 20 мың ағаш көшеті отырғызылды. Осы секілді біз білетін және білмейтін бастамалар бар. Маған бәрінен де осындай шаруалар пайдалы секілді көрініп тұрады. Әринс, салтанат, той болуы керек. Бірақ тойдың негізгі сипаты ақша ысырап қылып сырттан біреулерді шақырып, әлем-жәлем қылу емес. Біз сол тойдың үстінде қазақ осы уақыт аралығында не нәрсеге қол жеткізді, қандай биікке көтерілді, мәдениетіміз қалай дамыды, халықтың рухани-мәдени әлемі қаншалықты өсті, соны көрсетуіміз керек. Өзіміздің қолда бар құндылықтарымызды бүкіл әлемге паш етуіміз қажет.

– Жоғарыда өзіңіз Тәуелсіздік шеңберінде атқарылатын шаруалар маңызды деп айтып өттіңіз. Осыған орай бір сұрақ туып тұр. «Петропавлды Қызылжар деп ауыстыру қажет» деп алғаш депутаттық сауал тастаған – өзіңізсіз. Бұған қарсы шыққан әріптестеріңіз де табылды. Нәтижесі қалай болады деп ойлайсыз? Қызылжар деп атауға кімдер кедергі, не кедергі? Тәуелсіздігіміздің 20 жылдық мерейтойында Павлодар – Кереку, Петропавл – Қызылжар болып жұртқа тарту болса, нұр үстіне нұр болар еді ғой.

– Ономастикаға қатысты мәселелер, кейбіреулер ойлап жүргендей, жеңіл мәселе емес. Қазір қарап отырсаңыз, Қазақстанның көптеген аймақтарында кеңес кезінен, тіпті патша заманынан бері келе жатқан атаулар бар. Бұл деген біздің әлі күнге дейін отарлау саясатынын бодауынан шыға алмай келе жатқандығымызды көрсетеді. Мұның өзі әрі-беріден соң санаға әсер етеді. Егемен ел болдық деп тарихымыз-

ды айта бастаған кезде осындай мәселелер сөзіміздің еңсесін басып тұрады. Сондықтан да осындай үлкен мәселелерді мереке қарсаңында шешкеніміз дұрыс.

Петропавлдың ежелгі аты Қызылжар болғаны ешқандай дау тудырмайды. Оған деректер де жеткілікті, барлық жағынан да дәлелденген. Мен оны аяқастынан ұсыныс еткен жоқпын. Оны «Алаш айнасы» газетіне сұхбат бергенде де айтқан едім, сіздер оны «Петропавлдың Қызылжар аталатын мезгілі жетті» деп тақырыпқа шығарып жариялаған едіңіздер. Сол кезде бұған қатысты ешкім ештеңе деген жоқ. Бір ауыз қарсылық сөз де айтылмады. Халықтың арасында да бұл мәселені айтып жүргенімде ешқандай наразылық болмады. Ал Парламент қабырғасында депутаттық сауал арқылы көтерген кезде азынғай топ кәдімгідей бұл мәселеге қарсы жұмыс жүргізді. Олар көп те емес. Олардың кімдер екенін халық та біледі. Міне, солар біздің егемен ел ретінде істеп жатқан істерімізге іштарлық жасап, мақтанарлықтай дүниелерді ортаға жайып салып жатқанда, кәдімгідей қабақтары түсіп, ұнатпай отырады. Петропавлдың Қызылжар атануына қарсы болған – солар ғана. Міне, осындай ат төбеліндей ғана топтың қарсы шыққанын көргенде, неге екенін білмеймін, біз ылғи бұға қаламыз. Баяғы кеңес заманынан қалған осындай жаман қасиетіміз бар. Өзіміздің егемен ел екенімізді ұмытып, солардың ығында кетеміз. Қызылжар мәселесінде де солай болды, әйтпесе шешілетін мәселе еді. Ал, негізінен, халықтың бәрі Қызылжар атауының қайта келуін қалап отыр. Тәуелсіз ел болғаннан кейін, мемлекет құрушы ұлттың саны 60 пайыздан асқаннан соң осындай мәселелерде біреуге жалтақтағанымыз дұрыс емес, әрине.

Мұндай проблемаларды қайтсек те шешуіміз керек. Мен жаппай бірден шешіп тастасын деп айтпаймын. Мәселен, биыл Тәуелсіздіктің 20 жылдығы қарсаңында әрбір қалада, әрбір ауданда кем дегенде 20 қаланың байырғы атауын қайтарса, әрбір қалада, әрбір аудан орталығында ең кемі 20 көшенің атауын қазақшаға ауыстырса, міне, осылай сатылап жұмыс істегенде біраз жұмыстар атқарылар еді.

Жалпы, өз басым Петропавл атауының болашақта Қызылжар деп ауысатынына сенімім зор. Бұл – бүгін болмаса да, ертең істелетін жұмыс. Бірақ оны соза бермей тезірек шешкеніміз дұрыс. Өйткені, ол халықтың санасына әсер етеді. Өзіңіз ойлаңызшы, Петр мен Па-

вел деген апостолдарды он орайтын тұлғаларымызға осындай құрмет көрсете алмай отырғанымызды қалай түсінсек болады?

– Конституциядан орыс тілін мемлекеттік тілмен қатар қолдану туралы тармақшаны алып тастау жөнінде әңгіме болғанын білесіз. Сіз бұл ұсынысты қолдайсыз ба? Қазақ тілі мұндай жағдайда өркендей ме?

– Қазақ тілі – көптен бері айтылып, жазылып келген мәселе. Былай алып қарасаң, өз тілімізді мемлекеттік тіл деп жариялап, оны өз тұғырына қондыра алмай қорлық көріп келе жатқанымыз – ұят нәрсе. Өлі күнге дейін тіліміздің қолданыс аясы тар, ешкім қажетсініп отырған жоқ. Қазақ тіліне мемлекеттік тіл мәртебесін берсек те, сол мәртебеге ие бола алмай келеміз. Сондықтан мен осы мәселені көтеріп жүрген азаматтарымызды қолдаймын. Өйткені, бұл мәселені айтпасақ, жазбасақ болмайды. Біз қайткен күнде де тәуелсіз ел болғаннан кейін өзіміздің мемлекеттік тілімізді өз деңгейінде көтеруіміз керек. Әрине, 20 жылдың ішінде атқарған шаруаларымыз жоқ емес, бар, бірақ жеткіліксіз. Соған қанағаттанып, тоқмейілсіп, тоқтап қалуға болмайды. Менің ойымша, уақыты келген кезде Конституцияның 7-бабы, 2-тармағы алынып тасталады. Осыған ақырындап келе жатырмыз. Заң да, заман да өзгереді. Ал зиялыларымыз бұл тармақты қазір алып тастауды талап етіп отыр. Түсінген адамға оның уақыты жетті деуге болады. Арқаны кеңге салып, шыдай берейік деп жүре беруге болмайды. Біз көнбіс халықпыз, осыны пайдаланып, қазақ тіліне қарсы жандар да иығымыздан басуда. Біздің санамыз өзгергенше, өзге ұлт өкілдерінің де санасы өзгеруі қажет қой. Олар мемлекетті, мемлекеттік тілді, мемлекет құрушы ұлтты құрметтеуі керек. Мемлекет оларды онсыз да төріне шығарып отыр. Оларға қазақ ұлтынан кем жағдай жасалып отырған жоқ. Қайта оларға қарағанда өзіміздің тіліміз қорлыққа ұшырап отыр. Бұған ашынасың ба, жоқ па?

– Өткен аптада Парламент Сенатының депутаты Ғани Қасымов қазақтың тұңғыш ғарышкері Тоқтар Әубәкіровтің ғарышқа ұшқан күнін, яғни қазанның 2-сін мемлекеттік мереке етіп атау туралы ұсыныс айтқан еді. Бұл ұсынысты екінші ғарышкеріміз Талғат Мұсабаев қолдамайтынын жеткізді. Ал сіз ше?

– Мен, жалпы, Ғани Қасымовтың көп ұсыныстарын қолдай бермейтін адаммын. Айтқандарының көбісі көңіліме қонбайды. Бірақ



дәл осы ұсынысын мен қолдаймын. Өйткені, біз тәуелсіз ел ретінде өз тарихымызды жазып жатырмыз. Тәуелсіз болып қалыптасуымыз үшін біз бодандық кездегі көп нәрседен бас тартуымыз керек. Біз ғарыш елдерінің қатарындамыз, жеке ғарыш айлағымыз, тұңғыш ғарышкеріміз бар. Сондықтан да неге біз тарихымызға алғашқы ғарышкеріміздің ғарышқа самғаған күнін мереке деп енгізбейміз? Сол баяғы Гагариннің ұшқан күнімен қашанғы жүре бермекпіз? Бұл – әлі күнге дейін бодандық бұғауынан босай алмай жүргендігіміздің көрінісі. Санада сілкініс болуы керек емес пе? Өз тарихымызға қатысты дүниелерді ешкімнен қорықпай, ешкімге жалтақтамай енгізуіміз керек. Бұл арада Талғат Мұсабаевтың неліктен қарсы болып отырғанын білмеймін. Бірақ қарсы болатындай реті жоқ. Мұны қолдау керек те, мереке күні етіп енгізіп, мақтанышпен айтып жүру қажет.

### АЛАШҚА АЙТАР ДАТЫМ...

Біз ұлттық құндылықтарымызды бағалап, халықтың игілігіне жарата білуіміз керек. Оның ауқымы өте кең. Ұлы даланың төсіне ұлы мемлекет құрамыз десек, Алаш арыстарының өмірі мен шығармашылығына, солар қалдырған мұраға көп арқа сүйеуіміз керек. Соны басшылыққа ала отырып өмір сүріп, бүгінгі ұрпақты сондай еркіндік рухында тәрбиелеу қажет.

*Әңгімелескен, Салтан СӘКЕН.*

*«Алаш айнасы» газеті,  
6 қазан 2011 жыл*

## ҰЛТ РЕТІНДЕ ӘЛІ ҰЙЫСА АЛМАЙ ЖАТЫРМЫЗ

– Қызылжар – Петропавлға байланысты сіздің бастамаңызды журналистер мылтықсыз майданға теңеді. Осы бастамаға байланысты соңғы жаңалықтар не дейді?

– Мемлекетіміз жас болғандықтан ба екен, біздің қоғамда әлі де болса түйіні тарқатылмаған мәселелер көп. Халық сеніміне ие болып, Парламент қабырғасында жүргеннен кейін, соларды шешуге аз да болса үлес қоссам деген ниетпен осы мәселені көтерген едім. Бұдан бұрын талай рет айтқанымдай, Петропавлға байырғы Қызылжар атауын қайтару жөніндегі сауал аяқ астынан туған ой емес. Петропавлды қазақтар ежелден «Қызылжар» деп атаған. Олай атауға негіз боларлық тарихи деректер де жеткілікті. Кезінде Қазақ өкіметі деңгейінде қаланы осылай атау жөнінде шешім де қабылданған. Ол кезде орталықтың өкім-зорлығы өршіп тұрған кез еді ғой. Соның салдарынан орынды шешім жүзеге аспай қалады. Содан бері ғасырға жуық уақыт өтті. Заман өзгерді, тәуелсіз ел болдық. Бұл өшкенімізді жандырып, жоғалтқанымызды түгендейтін кез емес пе?! Өкінішке қарай, Қызылжардың бағы әлі де байланып тұр. Мен өзімнің депутаттық сауалымда Қызылжар атауын қайтару не үшін керек екені жөнінде егжей-тегжейлі айтқан болатынмын. Қазір соның бәрін қайталап жатпай-ақ қояйын. Депутаттық сауал қоғамда қызу пікірталас туғызды. Елдің тарихын құрметтейтіндер, болашағын ойлайтындар, ұлт мүддесін бәрінен жоғары қоятындар бастаманы қызу қолдады. Мұндай сөздерден шошытындар да табылды. Ақыры не керек, еліміздің ақпарат кеңістігі «мылтықсыз майданға» айналды. Десек те, бас жарылып, көз шыққан жоқ. Қызылжар төңірегіндегі айтыс-тартыс басқа да біраз жайларға көз жеткізді. Соның бәрін ой елегінен өткізіп, «Мылтықсыз майдан немесе Қызылжар үшін қиын күрес» деген кітап жаздым. Сонда біраз жайлардың беті ашылады.

– Үкімет ауылынан көңілге үміт ұялатарлықтай жылы хабарлар бар ма?

– Өкінішке қарай, бір жылдан астам уақыт өтсе де, мәселе орны-

нан қозғалған жоқ, сол құлағы қылтиған қалпында әлі тұр.

– Демек, мылтықсыз майданда «Қызылжар» ауылы жеңіліп қалғандай ма, қалай өзі?

– Мен өзімнің туып-өскен жеріме жиі барып тұрамын. Жазғы демалысымды да сол жақта өткіздім. Халық өткен жылдың аяғындағы Қызылжар атауына байланысты айтыс-тартысты ұмытқан жоқ. Ешқандай күмәнсіз «сол мәселе қашан шешіледі?» деп сұрайды. Соған қарағанда, Қызылжар атауын жақтаушылар жеңіліс тапты дей алмаймын. Түптің түбінде биліктің де, бүгін соған қарсы болып отырғандардың да жергілікті халықтың талабымен санасатынына, сөйтіп, теріскейдегі көне қаланың қайтадан «Қызылжар» деп аталатынына сенемін. Қазақ аман тұрғанда, бұл мәселе күн тәртібінен түспейді.

– Сіз «мемлекеттік тіл ардың ісі» дедіңіз. Сіздің пікіріңізді естіп отырып маған жазушы Төлен Әбдіковтің «Оң қол» әңгімесінің оқиғасы оралды. Егер оқымаған болсаңыз еске түсірейін. Бойжеткен аруды ырқына бағынбаған оң қолы түн ішінде ұрымтал сәтті пайдаланып, буындырыпөлтіреді. Тілмәселесіне қатысты бізге де еркімізге бағынбай жүрген «оң қолдар» кедергі келтіріп жүрген жоқ па? Қалай ойлайсыз? – Бала кезімнен бойыма сіңген әдетім, бос уақытымда кітап оқымын. Биыл жағдайдың өзі соған итермеледі ме, жаз бойы кітап оқыдым. Бала кезімде оқыған Мұхтар Әуезовтің «Абай жолын», Сәбит Мұқановтың «Өмір мектептерін» соңғы жылдары жиі қолға алатын болдым. Сол сияқты, Рақымжан Отарбаевтың, Әкім Таразидың, Әбіш Кекілбаевтың, Дүкенбай Досжанның, Мырзабек Дүйсеновтің, Роза Мұқанованың, Ғарифолла Есімнің, Бүркіт Аяғанның, басқа да көптеген қаламгерлердің еңбектерімен таныстым.

– «Абай жолын» не үшін оқитыныңыз түсінікті. Ал «Өмір мектебін» қайталап оқуыңызға не себеп болды? Одан не іздейсіз?

– Мені Қызылжар өңірінің тарихы қатты қызықтырады. Осы өңірден шыққан тарихи тұлғалар жайлы еңбектер жазып жүрмін. Егемендік алғанға дейін бір жақты көзқараста болдық қой. Сәбеңнің еңбектерінде тарихтың ізі сайрап жатыр.

– Сонымен, кітапты көп оқимын дейсіз ғой...

– Иә, бірақ оны мақтаныш үшін айтып отырған жоқпын. Бұл арада айтайын дегенім, қазіргі жас буын кітап оқуды мүлдем ұмытып барады. Өз басым мұны адамның сана-сезіміне, өсіп жетілуіне, қалып-

тасуына кері әсер ететін үлкен кемшілік деп білемін. Біз қоғам болып осы мәселені қолға алуымыз керек. Балаларымыз, немерелеріміз кітап оқымаса, Абайды, Мағжанды, Шоқанды, Смағұлды танымаса, тіліміздің де, еліміздің де көсегесі көгермейді. Ал Төлен ағамыздың «Оң қол» әңгімесіне келетін болсақ, жазушының айтайын дегені тереңде жатқан сияқты. Әйтеуір, мен өзім солай түсіндім. Шынында да бүгінгі таңда тек тіл төңірегінде де ғана емес, ұлттық мүдде таразы басына тартылатын кез келген мәселеде «қырық кісі бір жақ, қыңыр кісі бір жақтың» кебін киіп, біздің еркімізге бағынбай жатқан «оң қолдар» бар. Олар өздерінің ішкі қыжылдарына ғана бағынады, баяғы күнін аңсайды. Содан да ел иесі, жер иесі – қазақтың үнін шығармауға, тілін тұншықтыруға құмар, байбалам салып шыға келеді. Мемлекеттік тіліміздің аса зор қоғамдық және саяси маңызын төмендетуге жан салады, тіпті болмаса қоқан-лоқы жасайды, Ата Заңымызға қарсы шығады. Біздің Конституциямызда «Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады» делінген. Ал қазіргі жағдай керісінше болып отыр ғой. Қазақ тілін төрге оздыру, тұғырына қондыру үшін әлі қыруар жұмыстар атқаруға тура келеді. Қазақ тіліне қамқорлықты күшейтейік дегенде, біз басқа тілдерді кемсітейік деп отырған жоқпыз ғой. Тіл – халқымыздың сарқылмас қазынасы, ең үлкен игілігі. Жиырма жылда осыны түсіне алмай, Елбасымыздың: «Өзіміз ана тілімізде сөйлемейінше, өзге ешкім де бұл тілді шындап құрметтей қоймайтынын түсінуге тиіспіз» деген сөздеріне құлақ аспай келе жатқанымыз да өзекті өртейді.

– Тілге қатысты мәселе мемлекеттік деңгейде көтерілсе, «ақпараттық соғыстың» қарқыны күшейеді. Мемлекеттік тілге қатысты жұрт назарына ұсынылмаған, Парламент қоржынына түсіп үлгірмеген жобаның жұртқа тарап кетуіне кім мүдделі болды?

– Жоғарыда айтқанымдай, мен халық арасында жиі болып тұрамын. Түрлі аудиторияларда көптеген ұлттардың өкілдерімен кездесуге тура келеді. Осы күнге дейін «қолайсыз бір сұрақ қояды-ау?» деп жұрттың алдына шығудан жүрексінген сәтім болған жоқ. Кез келген адаммен кез келген мәселені талқылауға әзірмін. Міне, осындай кездесулердің барысында Қызылжар атауына, тілге байланысты мәселелер де көтеріледі. Жалпы алғанда, халық жағдайды түсінеді. Ал енді шуылдап жатқандарға келсек, олардың қарасы көп емес.

– Бұл әрекетті сіз қалай деп бағалайсыз?

– Парламентке түспеген жобаның тарап кетуін кездейсоқтық дей алмаймын. Бұл арада бір жымысқы әрекет болған сияқты. Әлі иіні қанбаған, талқыға түспеген жобаның төңірегінде шу көтеру – бұл заң қабылдайтын адамдарға ашықтан-ашық қысым жасау, «сасқан үйрек артымен жүзедінің» кері. Басқа не дейміз?

– Сіз жыл басында «Тәуелсіздік мерекесі Жаңа жыл мерекесінің тасасында қалып кетпесін» дедіңіз? Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығына арналған мемлекеттік деңгейдегі шаралар ойыңыздан шыға ма?

– Тәуелсіздік - біздің баға жетпес байлығымыз. Ол кейбіреулер ойлап жүргендей, өзінен-өзі келе қалған жоқ, жаналысып, жанберіскен күреспен, ата-бабаларымыздың қанымен келді. Сондықтан әрдайым оның шоқтығы биік болуы керек, басқа мерекелердің тасасында қалуға тиіс емес. Әрине, осындай ұлы мерекенің қарсаңында ел көлемінде атқарылып жатқан шаралар баршылық. Оларды көзі барлар көруге, санасы барлар сезуге тиіс. Дегенмен осындай айтулы кезеңде ұлт мүддесін қозғайтын мәселелер де шешіліп қалса, көп нәрседен ұтар едік қой деген ой көкейімнен кетпейді. Мысалы, үстіміздегі жылы Мемлекеттік тіл туралы, Ономастика туралы заңдар қабылдасақ, жер-су атауларын тәртіпке келтірсек, мерекелік шаралардың шырайы да, мазмұны мен салмағы да өзгеше болар еді ғой.

– Сіз «Мемлекет дін мәселесіне араласуы керек» дедіңіз. Құптарлық. Себебі, Ресейдің мемлекеттік деңгейде өтіп жатқан іс-шараларында Бүкіл Ресей Патриархы Кирилл жүреді. Тіпті, ғарышқа ұшқан ғарышкерлеріне сәттілік тілеп, Премьер Путиннің қасында жүргенін көзіміз көрді. Қанымызға сіңген, тәңір дінінің де, шаман дінінің де іздері бар ата дінімізді ұлықтап, мәртебесін асқақтататын кез келген жоқ па?

– «Мемлекет дін мәселесіне араласуы керек» деп айтқаным рас. Мемлекет діннен бөлек деп бұл саладағы істің жайын бақылаусыз қалдыруға болмайды. Оның неге әкеліп соқтыратынын бүгін көріп отырмыз. Нақ осы күндері Парламент қабырғасында болған талқылаулар да біраз жайға көз жеткізді. Меніңше, қазір дінге ден қойғандардың арасында білімсіздер көп. Дін дегенде біз ең алдымен имандылықты, адами қасиеттерді, адалдықты ойлауымыз керек. Дін - еріккеннің ермегі емес, тұтас ғылым! Осы тұрғыдан алғанда, мемлекет пен діннің мақсаттарының түйісетін тұстары аз емес. Жқында мен аймақта болып қайттым. Сол сапарымда Қызылжар-

дағы орталық мешітке де, ауылдардағы мешіттерге де соқтым, имамдармен әңгімелестім. Өкінішке қарай, заман талабына сай серпілісті байқай алмадым. Баяғы дәстүрлі діни жоралғыларды орындау, садака жинау... Бір сөзбен айтқанда, қазіргі мешіттердегі жағдай баяғы кеңес заманындағы тоқырауды көзге елестетеді.

– Сіз мектеп жасындағы балалардың дінге тартылуына қалай қарайсыз?

– Қазір біздің қоғамымызда осындай бір құбылыстың да орын алып отырғаны шындық. Менің ойымша, балалар ең алдымен білім, мамандық алулары, оны мен солын танып, азамат ретінде қалыптасулары, содан кейін өздері таңдау жасаулары керек. Қазір оларды бесіктен белі шықпай жатып адастырудың қажеті жоқ. Соқыр сезімнің жетегінде дінге бетбұрыс жасау - ол дінді қолдау емес, қорлау болып шығады.

– Тәуелсіздіктің 20 жылдығы Қазақ ұлтының болмысына қалай әсер етті?

– Жоғарыда айтқанымдай, Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығы ел өміріндегі айтулы оқиға, маңызды кезең. Осы уақыт ішінде біз үлкен жолдан өтіп, бүкіл әлемге танылды. Оны бәріміз де мақтаныш етеміз. Әрине, қол жеткенді баянды ете отырып, жаңа биіктерге көтерілу үшін біз ең алдымен мемлекет құрушы ұлттың толағай тұлғасын қалыптастыруымыз керек. Қазір ұлы даланың төсін мекендеп жатқандардың барлығы мемлекет құраушы ұлтқа, яғни қазақтарға қарап ой түзеуге, бой түзеуге тиіс. Мұның үлкен жауапкершілігі бар. Осыны түсінсек қане?

– Өзіміз үлгі тұтатын көрші елдің мемлекет құраушы ұлты тәрізді қалыптасқан, іргелі ұлтқа айналуына бетбұрыстар бар ма? Әлде, біз әлі күнге дейін өзіміздің келбетімізді іздеп жүрміз бе?

– Шынына келсек, біз ұлт ретінде әлі ұйыса алмай жатырмыз. Жүзге, руға бөлінуіміз былай тұрсын, енді тіл мен дінге де көзқарасымыз үйлеспей, шақшадай басымыз шарадай болып отырған жайымыз бар. Осының бір себебі, шынайы құндылықтарымызды анықтай алмай жатқанымызда ма деп ойлаймын.

– «Қазақ кім?» деген сұраққа сіз не деп жауап берер едіңіз? Сұхбатымыздың нүктесін Қазыбек бидің сарынымен түйіндесек...

– Сан ғасырлық тарихында мың өліп, мың тірілген қазақ ата-бабалары аңсаған азаттыққа да қол жеткізді. Ендігі міндет - оның баяндылығын қамтамасыз ету. Осы орайдағы міндеттерімізді Елбасымыз Н. Назарбаев

«Қазақстан жолы» деген еңбегінде былайша түйіндеген еді: «Еліміздің болашақ көшбасшылары - бүгінгі студенттер мен мектеп оқушылары Қазақстанның іргетасына қаланған әрбір кірпішін білуге тиіс» Туған еліміздің серпінді дамуына, рухани баюына қызмет ететін осындай құндылықтарымыздың қатарына «Алаш» қозғалысын жатқызсақ, ешкім қарсы бола қоймас деп ойлаймын. Алайда қозғалыстың өмірге келгеніне, қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысының дем берушісі - «Алаш» партиясының ресми түрде қалыптасқанына 90 жыл толған күн бірен-саран шаралар болмаса, елімізде кең көлемде аталып өткен жоқ. Біле білсек, біздің Тәуелсіздігіміз өз бастауын «Алаш» қозғалысынан алады. Халықтың қараңғылыққа камалып отырғанын көріп, соған күйініп, оны өнер-білімге шақырған, мәдениеті мен тілін қайта түлетуді алдына айқын мақсат етіп қойған, отаршылдыққа қарсы күрескен, бірлігі мықты дербес ел болу идеясын ұсынған Алаш қайраткерлері емес пе еді?! Олай болса, осы бір сәтті пайдаланып, Отанын, туған халқын шын сүйген, сол үшін жанын пида еткен Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Смағұл Сәдуақасов сияқты арыстарымызды тағы бір «тірілтсек», олардың рухына тағзым етсек, бүгінгі ұрпақты «Алаш» қайнарынан сусындатсақ артық болатын ба еді? «Ауруын жасырған өледі» дейді, мүлт кетіп жатқан тұстарымыз да аз емес. Кезегін күтіп тұрған шаруалар бастан асып жатыр. «Құр қазақпын» деп кеуде қаққаннан ештеңе шықпайды. Еліміз гүлденсін, ұлтымыздың бағы жансын десек, біз бәсекеге қабілетті болу жағын көп ойлауымыз керек. Қоғамның әрбір мүшесі жасалып отырған мүмкіндіктерді тиімді пайдаланып, алдымен өз жағдайын жақсартуы, қоғам үшін пайдалы іс тындыруы қажет.

– Өңгімеңізге рахмет!

*Сұхбаттасқан, Гүлбаршын АЙТЖАНБАЙ.*

*«Айқын» газеті,  
13 қазан 2011 жыл.*

Үшінші бөлім

**ДЕПУТАТТЫҚ  
САУАЛДАР**



**Депутаттық сауал**  
**Құрметті Кәрім Қажымқанұлы!**

«Ақтабан шұбырындыны» қазақтың маңдайына жазып қойған ба дерсің. Басқалар елін тауып жатқанда, қазақтар күндік қаны тамған, ата-бабаларының тері сіңген туған жерін тастап, қалаға қарай ауып жатыр. Осыған етіміз әбден үйреніп алды. Селт етпейміз. Мұны қалыпты жағдай, «урбанизация», нарыққа өтпелі кезеңге тән құбылыс деп түсіндірушілер аз емес. Мүмкін, солай да шығар? Бірақ, осының түбі неге әкеліп соқтыратынын қазір ойламасақ, нақты шаралар қолданбасақ, ертең кеш болуы, жер иесіз қалуы мүмкін.

Қазір кей ауылдарда жастар қалмады десе де болады. Сол жастар қаладан өздеріне лайықты орындарын тауып жатыр ма? Жоқ. Өйткені, тиісті білімі жоқ, кәсіби даярлығы төмен кешегі тракторшы, малшыға, болмаса мектепті әуірімдеп жүріп әзер бітірген, әлі оны мен солын танып үлгермеген ауыл баласына кім жұмыс ұсына қояды. Міне, сондықтан да олардың көбі қап арқалап, вокзал, базар жағалап, үйсіз-күйсіз жүр. Қитұрқысы көп қала өміріне көндігіс алмай, небір оқыс оқиғаларға тап болып жатқандар да солар.

Ауылдағы үйлерін сатса сатып, сата алмаса тастап кетіп жатқан олардың ата-аналары да небір қиындықтарға тап болуда. Бүгінгі таңда қаладан үй немесе пәтер сатып алу оңай емес. Міне, сондықтан да олардың көпшілігі пәтер жалдауға, тапқан-таянғанын соған төлеуге мәжбүр болуда. Тіпті кейбіреулер бір пәтерден бір пәтерге ауысып, далада калудың аз-ақ алдында жүр. Бір өкініштісі, мұндайлар аз емес. Ауыл ахуалы түзелмесе олардың қатары қалыңдай берері тағы анық. Сайып келгенде бұл

үрдіс жұмыссыздардың көбеюіне, көптеген адамдардың тұрмыс деңгейінің күрт төмендеуіне әкеліп соқтырады.

Тұрғындарының қатары сиреген ауылдардағы әлеуметтік нысандардың, әсіресе, мектептердің жағдайы тіпті аянышты. Орта мектептер, негізгі мектепке, негізгі мектептер бастауышқа айнала бастаған мысалдар жетерлік. Ал бастауыш мектептер жабылып қалуда. Ашығы керек, осындай жағдайға негізінен қазақ ауылдары тап болып отыр. Демек, бұл – біздің тілімізге, ділімізге, салт-дәстүрімізге, ұлттық болмысымызға төнген қауіп. Егер алтын бесігіміз деп жүрген ауылымызды сақтай алмасақ, ондағы мектептердің бірі қысқарып, бірі жабылып жатса, туған тіліміздің бағы қалай ашылады, дамуы қалай жеделдемек?!

Мұндай жағдайдың демографиялық ахуалға да салқыны тиері сөзсіз.

Құрметті, Кәрім Қажымханұлы, тиісті ұйымдардың, мамандардың осы мәселенің экономикалық салдарларына да тереңірек ой жүгірткені жөн болар еді. Менінше, ауыл тұрғындарының қалаға үдере көшуі бүгін болмаса, ертең азық-түлік тапшылығын тудыруы мүмкін. Өйткені, қазір мал өсірумен айналысатын ірі шаруашылықтар онша көп емес, төрт түлік негізінен жеке меншіктің қолына шоғырланған. Жағдай осылай жалғаса берсе, сөз жоқ, мал басы күрт кемиді.

Міне, осындай жағдайда Үкімет ауылға қандай көмек көрсете алады? Жалпы, бұл орайда қолға алынып жатқан шаралар бар ма? Осы сауалдарға жазбаша жауап күтемін.

*Құрметпен, Ж. Сүлейменов  
03. 10. 2007 ж. жарияланды.*

**Депутаттық сауал  
Құрметті Кәрім Қажымқанұлы!**

Соңғы жылдары Солтүстік Қазақстан облысында, Тайынша ауданынан басқа, барлық аудандарда дерлік Мәдениет үйлері аймақтың өз күшімен қалпына келтіріліп, осы заманға сай жөндеу жұмыстары жүргізілді. Тайынша ауданы – облыстағы экономикасы серпінді дамып отырған ірі аудандардың бірі. Қазір мұнда 60 мың адам, негізінен поляк ұлтының өкілдері тұрады. Ауданда ресми тіркелген басқа да ұлттық-мәдени орталықтар аз емес. Алайда, аудан орталығында Мәдениет үйінің болмауы аудан тұрғындары арасындағы ынтымақ-бірлікті, достықты нығайтуға, ұлттық салт-дәстүрлерді дамытуға бағытталған мәдени-бұқаралық шараларды кең өрістетуге кедергі болып отыр.

Құрылысы 1992 жылы басталып, қаржының жоқтығынан тоқтап қалған Мәдениет үйін салу қайта қолға алынса, бұл халық үшін жасалған үлкен жақсылық болар еді. Дайындалған техникалық-экономикалық негіздемеге және жобалық-сметалық құжаттарға сәйкес Мәдениет үйінің құрылысын жалғастырып, іске қосу үшін 363, 9 миллион теңге қаржы керек. Мұндай қаржы облыстың өзінде жоқ.

Бұл мәселеге жеке бір ауданның немесе өңірдің проблемасы деп қарауға болмайды. Сайып келгенде бұл елдігімізге сын болатын жағдай. Өйткені, үлкен жолдың үстінде орналасқан Тайынша ауданының экономикалық, әлеуметтік, мәдени ахуалына шетелдіктер де қызығушылық танытуда. Үстіміздегі жылдың өзінде мұнда осы мақсатпен бірнеше делегация келіп кетті. Жергілікті басшылардың сол меймандардың қатысуымен ұйымдастырылған шараларды өткізетін орын таба алмай қатты қысылғаны бар. Бұл мәселенің биыл болмаса, әйтеуір бір шешілетіні сөзсіз. Бірақ ел намысы үшін оны кейін сыра бермей, жедел шешкен жөн болар еді.

Құрметті Кәрім Қажымқанұлы, осы жайларды ескере отырып жобаның республикалық бюджет есебінен қаржыландырылатын 2008 жылға арналған басым бюджеттік инвестициялық жобалар тізбесіне енгізілуіне көмектесуіңізді сұраймын.

*Құрметпен, Ж. Сүлейменов.*

*03. 10. 2007 ж. жарияланды  
Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрі  
Ж. Қ. ТҮЙМЕБАЕВҚА*

**Депутаттық сауал  
Құрметті Жансейіт Қансейітұлы!**

Бәріміз де мемлекеттік мәртебеге ие болған туған тіліміздің тұғырынын биік те берік, өрісінің кең болғанын қалаймыз. Осы ниеттен туындаған ойлар тасқыны бір сәтке де толастар емес. Бұл, сөз жоқ, қуанарлық құбылыс. Дегенмен, көбік сөзбен туған тіліміздің көсегесін көгерте алмайтынымызды түсінетін мезгіл де жеткен сияқты. Бізге нақты істер қажет. Осы ретте соңғы жылдары Солтүстік Қазақстан облысында қолға алынған тиімділігі зор, қайтарымы мол көптеген игі бастамаларға назарыңызды аударғым келеді.

Елбасы Н. Ә. Назарбаев 2005 жылғы 25 ақпанда жұмыс бабындағы сапармен Солтүстік Қазақстан облысында болған кезінде барлық ұлттар үшін есігі ашық, бірақ оқу-тәрбие жұмыстары алдымен қазақ тілінде жүргізілетін «Айгөлек» балабақшасының жұмысымен таныса келіп, мемлекеттік тілді оқытуда іс барлық жерде нақ осылай ұйымдастырылуы қажеттігін атап көрсеткен-ді. Қазір Солтүстік Қазақстан облысында барлық мектеп жасына дейінгі балалар мекемелері осы әдіспен жұмыс істейді. Бұл таяудағы жылдардың өзінде мыңдаған сәбилер (олардың арасында басқа ұлттардың өкілдері де аз емес) қазақ тілінде таза сөйлейді деген сөз.

Тиімділігі көзге көрініп тұрған осы тәжірибені кең тарату жөніндегі Президенттің нұсқауы ел көлемінде қалай жүзеге асырылуда?

*Құрметпен,  
Ж. Сүлейменов.*

**Депутаттық сауал  
Құрметті Ахметжан Смағұлұлы!**

«Қарнымның ашқанына емес, қадірімнің ашқанына қынжыламын» дегендей, дәл қазір халықтан да, биліктен де қадір кетіп тұр. Баға аяқ астынан аспандап, халықты жерге қаратқалы, әбігерге салғалы әжептәуір уақыт болып қалды. Үкімет уәдені қанша үйіп-төккенмен, қымбатшылықты ауыздықтай алмай, дәрменсіздік танытуда.

Бағаның жүгенсіздігі, әсіресе, әлеуметтік жағынан нашар қорғалғандарға, жай да жұртқа қалғандай күй кешіп отырған шалғайдағы ауылдардың тұрғындарына қатты соққы болып тиюде.

Биыл астық мол болды, бағасы да айтарлықтай көтерілді. Ал бірақ одан ауылдағы ағайын көк тиын пайда көріп отырған жоқ. Оларға бағасы сәл-пәл сынық ұнның жеткізілмегені өз алдына, ауылда қоңыр күзде қаз-үйрегі мен тауығын немен асырарын білмей қысылып отырғандар толып жатыр.

«Қуырдақтың көкесін түйе сойғанда көрсерсің» демекші, бұл қиындықтың басы ғана. Ертең қыста жағдай тіпті ушығады. Өйткені, астықтың бағасы шарықтап кеткендіктен ауылда жем сатып алу мүмкін болмай қалды. Міне, осындай жағдайда кейбіреулер қолындағы бірлі-екілі малынан тезірек құтылуға асықса, тапқан-таянғанын мал азығына жұмсағандар, әрине, еңбегінің еш кетпеуін ойлап, ертең еттің де, сүттің де бағасын барынша көтереді. Сөйтіп, қалтасы жұқалар наннан ғана емес, майдан да, сүттен де қағылады, қара суға қарап қалады. Ең бастысы, осындай солақай саясаттың салдарынан елімізде мал басы күрт кемиді. Қазірдің өзінде бес адамның бір сиырға, он қазақстандықтың бір жылқыға телміріп отырғанын ескерсек, келер қыста талайлардың қолда бардан айырылып, нокта-жүген ұстап қалары анық.

Бұл жай Ауыл шаруашылығы министрлігінің басшыларын ойландыруға тиіс. Өйткені, бүгінгі таңда біздің отандастарымыздың тең жартысына жуығы (7306223 адам) ауылдық жерлерде тұрып жатыр. Олардың денінің күнкөрісінің негізгі көзі – қорасындағы малы. Міне, қазір осы малды асырап-сақтау басты уайымға айналып отыр.

Осындай жағдайда халықты мал өнімдерімен іркіліссіз қамтамасыз ету қалай жүзеге асырылады? Алдағы кезеңде елімізде мал басын сақтап, көбейту, мал өнімдерінің бағасын тұрақтандыру бағытында қандай шаралар қолға алынбақ? Бұл ретте мал өсірумен айналысатын тұрғындарға белгілі бір мөлшерде көмек көрсету, болмаса жеңілдіктер жасау мүмкін бе?

*Құрметпен,  
Ж. Сүлейменов*

12. 03. 2008 ж. жарияланды  
Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі  
К. Қ. МӘСІМОВКЕ

**Депутаттық сауал**  
**Құрметті Кәрім Қажымқанұлы!**

Тіл мәселесі Мәжіліс қабырғасында аз көтеріліп жатқан жоқ. Осындайда бәріміз Елбасын алға ұстаймыз, ол кісінің айтқан сөздеріне арқа сүйейміз. «Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін», «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде», «Біз барша қазақстандықтарды біріктірудің басты факторларының бірі – еліміздің мемлекеттік тілін, қазақтардың ана тілін одан әрі дамытуға күш-жігер жұмсауымыз керек» деген сияқты талай тамаша тұжырымдарды топқа тастаған Нұрсұлтан Әбішұлы биылғы халыққа Жолдауында да мемлекеттік тілді одан әрі дамыту мәселесін орап өткен жоқ. «Бүкіл қоғамымызды топтастырып отырған мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін оқыту сапасын арттыру қажеттігіне ерекше назар аударғым келеді. Халықаралық тәжірибелерге сүйене отырып қазақ тілін оқытудың қазіргі заманғы озық бағдарламалары мен әдістерін әзірлеп, енгізу қажет. Мемлекеттік тілді тиімді меңгерудің ең үздік, инновациялық әдістемелік, практикалық оқу-құралдарын, аудио – бейнематериалдарды әзірлеу керек», – деді.

Шыны керек, ауызды ку шөппен сүрте беруге болмайды, осындай күнбе-күнгі қамқорлықтың нәтижесінде тәуелсіздік жылдары тұтастай еліміз сияқты, қазақтың тілі де жедел дамып, тұғыры биіктей түсті. Бір ғана мысал келтірейін, осыдан он жылдай бұрын Солтүстік Қазақстан облысының орталығы – Петропавл қаласында бір ғана қазақ мектебі болса, қазір олардың саны алтау. Олардың ішіндегі ең үлкені – өткен жылы пайдалануға берілген Шоқан Уәлиханов атындағы гимназияда қазір 1200 оқушы білім алуда. Бір мезгілде 400-500 оқушы партаға отыратын басқа мектептерде балалар екі ауысымда оқиды. Бұл нені көрсетеді? Бұл – Солтүстік Қазақстан облысында мемлекеттік тілдің



өмірімізге дендеп сие бастағанын дәлелдейді. Осындай қадамдарға қуанайық, ағайын!

Десек те, Елбасының мемлекеттік тілге қатысты талаптарын жүзеге асыруға алаштың барлық азаматтары білек сыбана кіріссе, табыстарымыз бұдан да толымды болар еді-ау деген ой да көкіректе сайрап тұрғанын қалай жасырамыз. Әттеген-айы, барлық жерде бірдей осындай нысаналы жұмыстың жалауын желбірете алмай келеміз. Іс қағаздарын мемлекеттік тілге көшірудің жайына назар аударған адамның да осыған көз жеткізері анық. Президенттің 2006 жылғы 30 мамырдағы № 127 Жарлығына сәйкес еліміздің барлық өңірлерінде іс жүргізуді, есептік-статистикалық, қаржылық және техникалық құжаттаманы кезең-кезеңмен мемлекеттік тілде жүргізуге көшіру қолға алынып, жүзеге асырылуға тиіс болатын. Сөйтіп, 2006 жылы – Мәдениет және ақпарат министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Қарағанды облыстарының және Алматы қаласының жергілікті өкілді және атқарушы органдары;

2007 жылы – Республика Жоғарғы Соты, Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Орталық сайлау комиссиясы, Конституциялық Кеңес, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті, Әділет, Білім және ғылым, Денсаулық сақтау, Қоршаған ортаны қорғау, Энергетика және минералды ресурстар, Индустрия және сауда, Ішкі істер, Экономика және бюджеттік жоспарлау, Туризм және спорт министрліктері, Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (Қаржы полициясы), Мемлекеттік қызмет істері, Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау, Жер ресурстарын басқару, Табиғи монополияларды реттеу агенттіктері, Алматы, Павлодар облыстарының және Астана қаласының жергілікті өкілді және атқарушы органдары іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізуге көшті... Қағаз жүзінде. Іс жүзінде осылай болып жатса, қол соғып қуанарлық-ақ жағдай. Мәселе, міне, осында болып отыр. Қағаз жүзінде бәрін тастай қылып қатырып тастағандар іске келгенде тасбақа жүрістен танар емес. Оған мысалдар жетерлік. Мемлекет басшысының Жарлығын 2006 жылы жүзеге асыруға тиіс Ауыл шаруашылығы министрлігі әлі күнге 25 пайыздық көрсеткішпен шектеліп отыр. Ал Алматы қаласындағы мемлекеттік тілдегі құжат ай-

налымы 30-ақ пайыз. Сол сияқты, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Қарағанды облыстарының да көмбеден қашан көрінері белгісіз.

Енді іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізуге 2007 жылы көшуге тиіс министрліктерге ойыссақ, олардың арасында да топ жарып жатқандар шамалы. Білім және ғылым министрлігі 45, Индустрия және сауда министрлігі – 36, Энергетика және минералды ресурстар министрлігі – 30 пайыздан аса алмай отыр. Ол олма, Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі мен Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі әлі екі ойлы сияқты. Алғашқысында қазақ тіліндегі құжаттар айналымы бар-жоғы 6 пайызды құраса, соңғысында 2, 34 пайыз ғана.

Жоғарыда айтылғандардан қандай ой түюге болады? Біздің елімізде мемлекеттік тілді дамытудың мүмкіндіктері аз емес, алғышарттар жасалған, құқықтық база бар. Бірақ, орындаушылық тәртіп нашар. Бұл ретте, министрліктердің өзі басқаларға жол көрсете алмай, үлгі бола алмай отырғаны қынжыларлық жайт. Менің сауалым: жағдай осылай жалғаса бере ме, болмаса Елбасының Жарлығының орындалуын қамтамасыз ете алмай отырғандарға талап күшейе ме? Осы сауалға жазбаша жауап беруіңізді сұраймын.

*Құрметпен, Ж. Сүлейменов*

24. 09. 2008 ж. жарияланды  
Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі  
К. Қ. Мәсімовке

### **Депутаттық сауал Құрметті Кәрім Қажымқанұлы!**

Елдің азық-түлік қауіпсіздігі қай мемлекет үшін де маңызды. Бұл орайда біздің елімізде де айтарлықтай жұмыстар атқарылып жатқанын білеміз. Дегенмен, жалпы цифрлардың көлеңкесінде қалып қойып жатқан түйінді мәселелердің де бар екенін айтқым келеді. Мысалы, қорадағы малымен ғана күнін көріп отырған ауыл тұрғындарына ешқандай қамқорлық жасалып отырған жоқ. Жуырда Парламент қабырғасында болып өткен «Үкімет сағатында» ауыл шаруашылығы министрі А. Қ. Күрішбаев қолданыстағы заңнамаларда тұрғындардың жеке шаруашылықтарын дамытуға үкімет тарапынан қаржы бөлу қарастырылмағанын, бұл мәселе олар біріктіріліп ірілендірілгенде ғана оң шешімін табатынын кесіп айтты. Меніңше, барлық проблемаларды кооперативтер, бірлестіктер арқылы шешеміз деу бұл – бос зурешілік. Басқасын былай қойғанда, бұл ойды жүзеге асыруға көп уақыт керек. Ал жағдай осылай жалғаса берсе, оған дейін шалғайдағы ауылдарда (әңгіме нақ солар туралы болып отыр) жан да, мал да қалмауы мүмкін. Сондықтан ауылды қолдаудың басқа жолдарын іздестіру керек деп санаймын. Атап айтқанда, олардың басы артық өнімдерін сатып алуды жолға қою керек. Осы мақсатпен аудандарда ет, сүт басқа да мал өнімдерін сатып алумен айналысатын құрылымдар ұйымдастырылғаны және олардың тұрақты жұмыс істегені жөн болар еді.

Соңғы жылдары ауыл тұрғындары мал өсіруге бет бұра бастады. Сөйтіп, көптеген адамдар өздерін жұмыспен қамтамасыз етуде. Өкініштісі сол, олар отбасынан артылған өнімдерін өткізе алмай, қиындық көруде. Жергілікті жерлерде бұл іспен айналысып жатқандар некен-саяқ. Екіншісі бірі қалаға бара алмайды. Барса да оларды ешкім базарға жолатпайды. Осылай амалы таусылған халық не

істесін, мандай терін моншақтатып, қыруар қаржыға өндірген өнімін көлденең көп аттыға су тегінге беруде, алып-сатарларға жем болуда.

Бұл – кезек күттірмейтін мәселе. Оны «ұзын арқан, кең тұсауға» салмай шешу керек. Одан бүгінгі таңда азық-түлік саласында импортқа тәуелді болып, шикізатты шетелден тасып жатқан Үкімет те, қосалқы шаруашылығын табыс көзіне айналдыра алмай жігері құм болып отырған халық та ұтады. Республика Ауыл шаруашылығы министрлігі осы айтылғандарды ескеріп, қозғалып отырған мәселеге тағы бір зер салса, мәселені оң шешудің жолдарын қарастырса, ауылда бәсекелестік ортаның қалыптасуына, бағаның аспандай бермей көпшіліктің қалтасы көтерерліктей деңгейде болуына, ең бастысы қолда бар мал басының сақталып, оның одан әрі көбеюіне жол ашылар еді.

*Құрметпен, Ж. Сүлейменов.*

**Депутаттық сауал  
Құрметті Кәрім Қажымқанұлы!**

Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев жастарға арнаған «Қазақстан жолы» деген еңбегінде: «Еліміздің болашақ көшбасшылары – бүгінгі студенттер мен мектеп оқушылары «Қазақстанның іргетасына қаланған әрбір кірпішін білуге тиіс» деп жазған еді. Туған еліміздің серпінді дамуына, рухани баюына қызмет ететін осындай құндылықтарымыздың қатарына «Алаш» қозғалысын жатқызсақ ешкім қарсы бола қоймас деп ойлаймын. Биыл осы қозғалыстың өмірге келгеніне, қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысының дем берушісі – «Алаш» партиясының ресми түрде қалыптасқанына 90 жыл толды. Алайда, бірен-саран шаралар болмаса, ол біздің елімізде кең көлемде аталған жоқ. Бұл ретте, Үкіметтің, басқа да тиісті ұйымдардың үнсіз қалуын түсіну қиын.

Біле білсек, біздің Тәуелсіздігіміз өз бастауын «Алаш» қозғалысынан алады. Халықтың қараңғылыққа қамалып отырғанын көріп, соған күйініп, оны өнер-білімге шақырған, мәдениеті мен тілін қайта түлетуді алдына айқын мақсат етіп қойған, отаршылдыққа қарсы күрескен, бірлігі мықты дербес ел болу идеясын ұсынған Алаш қайраткерлері емес пе еді? Олай болса, осы бір сәтті пайдаланып, Отанын, туған халқын шын сүйген, сол үшін жанын пидә еткен Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев сияқты арыстарымызды тағы бір «тірілтсек», олардың рухына тағзым етсек, бүгінгі ұрпақты «Алаш» қайнарынан сусындатсақ артық болатын ба еді?

«Өзге тойды тойламасаң өзің біл деп ақын жырлағандай, нақ осы күннің ескерусіз қалатын жөні жоқ еді. «Алаш» қозғалысының 90 жылдығы неге тойланбай қалды?

*Құрметпен,  
Ж. Сүлейменов*

*19. 03. 2008 ж. жарияланды.  
Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі  
К. Қ. Мәсімовке*

### **Дәуітаттық сауал Құрметті Кәрім Қажымқанұлы!**

Сіздің атыңызға сауал жолдауыма Солтүстік Қазақстан облысындағы Ақжар аудандық мәслихаты депутаттарының хаты себеп болып отыр. Олар шалғайдағы аудан тұрғындары үшін аса маңызды екі мәселенің оң шешілуіне ықпал етуімді сұрайды.

Бірінші мәселе – Астана-Кішкенекөл бағыты бойынша қатынайтын поездың қызметіне байланықты. Поезд деген аты болмаса, тіркегені екі-ақ вагон. Содан да демалыс, мереке күндері жолаушылар, әсіресе, студент-жастар сыймай қалып қояды. Ал, бұл жаққа облыс орталығы – Петропавлдан да, ақжарлықтар көп қатынайтын Көкшетаудан да ағылып жатқан көліктер шамалы. Сөйтіп, тұрғындар қысы-жазы жа-яулап-жалпылап, көп қиындықтар көруде. Оның үстіне поезд қайтар бағытында Ақжар ауданының аумағындағы Талшық станциясында небәрі – 3, Дәуіт пен Ащыжолде бір-бір минуттан ғана аялдайды. Қарттар бар, сәбилі аналар бар дегендей, халық абыр-сабыр болып жатқаны. Ақжарлықтар Астана-Кішкенекөл поезына тым болма-са, демалыс, мереке күндері бір вагон қосуды және аялдамаларын мүмкіндігіне қарай ұзартуды сұрайды.

Сол сияқты, Солтүстік Қазақстан облысының Ақжар ауданына қарайтын Алқатерек ауылы мен Ақмола облысының Жаңалық ауылы арасындағы 30 шақырым жолды жөндеудің жыры да тау-сылар емес. Бұрын Казгородок-Горький автожолы республикалық маңыздағы жол саналатын, ал қазір облыстың қарауына жата-ды. Солай бола тұрса да, облыстардың тиісті ұйымдары «бұл республикалық құрылымдардың араласуынсыз шешілетін мәселе емес, жөндеу жүргізілуге тиіс учаскелер екі облысқа қарайды» деп сен салар да мен саларға салып келеді. Ал одан тағы да тұрғындар

зардап шегуде. Ақжар, Уәлиханов аудандарының тұрғындары үшін Астанаға осы жол арқылы қатынау қай жағынан болсын тиімді. Осы мәселеге де тиісті ұйымдардың назарын аударып, оң шешілуіне көмектесуіңізді сұраймын.

*Құрметпен,  
Ж. Сүлейменов*

2008 ж. 19. 03. жарияланды  
Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі  
К. Қ. Мәсімовке

**Депутаттық сауал**  
**Құрметті Кәрім Қажымқанұлы!**

Үстіміздегі жылдың ақпан-наурыз айларында сайлаушылармен кездесу барысында Солтүстік Қазақстан облысындағы Сергеевка, Булаево сияқты шағын қалаларда тұрып жатқан мектеп мұғалімдері, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау, мәдениет және спорт салаларының қызметкерлері Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы», «Білім туралы», «Денсаулық сақтау жүйесі туралы» заңдарына сәйкес ауыл-селоларда тұратын әріптестері өздеріне қарағанда 25 пайыз жоғары еңбекақы алып отырғандарын айтып, өздеріне де осындай жеңілдік жасауды сұраған еді. Шынында да, олардың талабы орынды. Біз сөз етіп отырған Сергеевка мен Булаевода, сол сияқты, Тайынша мен Мамлюткада да қала деген аты болмаса, қала өміріне лайық ештеңе жоқ. Аталмыш елді мекендердің тұрғындарының көпшілігі ірі өндіріс орындары болмағандықтан өздерінің қосалқы шаруашылықтарының есебінен күн көріп отыр. Бюджеттік салада істейтін отбасы мүшелеріне, зейнеткерлерге қарап отырғандар да аз емес. Міне, осы ретте мұғалімдер мен дәрігерлерге, басқа да әлеуметтік сала қызметкерлеріне, ауылдықтарға жасалатын жеңілдік қолданылса, бұл да үлкен қолдау болар еді.

Осы жайларды ескеріп, Солтүстік Қазақстан облысындағы Сергеевка, Булаево, Тайынша, Мамлютка қалаларына ауылдық мәртебе беру және аталмыш елді мекендерде тұрып, еңбек етіп жатқан әлеуметтік сала қызметкерлеріне 25 пайыздық үстемеақы төлеу мәселесін қарастыруларыңызды сұраймын.

*Құрметпен,  
Ж. Сүлейменов.*



28. 05. 2008 ж. жарияланды  
Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі  
К. Қ. Мәсімовке

### Депутаттық сауал Құрметті Кәрім Қажымқанұлы!

Менің депутаттық сауалым ауылда тұрып жатқан ағайынның басына түсіп отырған ауыртпалықтар жайында. Шыны сол, ауыл әлі оңала қойған жоқ. Кешегі нарыққа өтпелі кезеңде қолда бардан айырылып, кедейліктің кемесіне мініп алған ауылдықтар әлі де қысқа жібін күрмей алмай, тоқшылықтан гөрі аузына жоқшылықты көбірек алып, қиналып отыр. Ауылдарда екі қолға бір жұмыс таба алмай, кемпір-шалдың зейнетақысына немесе тұрмысы жұқа адамдарға берілетін атаулы әлеуметтік көмекке қарап қалғандар аз емес.

Бұл арада мемлекет тарапынан ауылдық аймақтарға камқорлық жасалмай отыр деген ұғым тумасқа тиіс. Қазақстан Республикасының 2004-2010 жылдар аралығында ауылдарды дамытуға бағытталған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес 2004-2006 жылдары, яғни бірінші кезеңде 193 миллиард теңге игерілді. Ал 2007-2009 жылдарға 185 миллиард теңге бөлініп отыр. Сол сияқты тұрғындардың жеке табысын ұлғайту, кедейшілік деңгейін төмендету, олардың кәсіпкерлікпен айналысуына жағдай жасау мақсатында 2005 жылдан бергі уақытта ауылдықтарға 25 мыңнан астам шағын несиелер берілген. Тек өткен жылы ғана мемлекет осы мақсатқа 2, 5 миллиард теңге қаржы жұмсады. Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін қолдауға бөлінетін субсидиялардың көлемі де жылдан-жылға ұлғайып келеді. Егер 2001 жылы аграрлық сектор 1, 1 миллиард теңге субсидия алса, 2007 жылы оның көлемі 21, 7 миллиард теңгеге жетті. Үстіміздегі жылға 23 миллиард теңге және қарастырылып отыр.

Мен бұл цифрларды неге тізбелеп отырмын? Ондағы айтпағым – ауылды дамытуға бағытталған қыруар қаржы он алты жылда бір

қайтарым беруі керек еді ғой. Ауылдың еңсесі неге көтерілмейді? Жасалып жатқан жақсылықтарды қарапайым халық неге сезінбейді? Өйткені, мемлекет қаржысы ауылдықтардың емес, басқалардың қалтасына құйылып жатыр.

Ауыл нарыққа өтпелі кезеңде басты байлығы, жерінен айырылып қалды. Кеңшарлар мен ұжымшарлар тарап, әркім өзінің үлесін алып, аспаннан құймақ жауғандай кез де болған. Бірақ, соның бәрін ұстай алмады, ұқсата алмады. Ол үшін қарапайым халықты кінәлауға да болмайды. Біріншіден, жұрттың бәрі диқан емес. Сол сияқты, елді жұмыссыздық жайлаған, көк тиын бақырды көру арманға айналған кезде бала-шағаны асырау, оқыту, үйлендіру, үй қылу... осының бәрі қыруар қаржыны қажет етпей ме. Ежелден «малым жанымның садағасы» деп өскен қазақ бәрін осыған салды. Малмен бірге жер де кетті сатылып. Осылай ауылдықтар жекешелендіру кезінде қолға тиген азды-көпті дүние-мүліктен жұрдай болды.

Көңіл азып, дала құлазып, халықтың аяқ-қолы ғана емес, бағы да байланған сол кезде қалталылар ауылды жағалай бастады. Оларға керегі жер еді. Халық берді. Бермей қайда барады. Оның үстіне инвесторлар: «Жай алмаймыз, жарылқаймыз, үлестеріңізді береміз, жұмыспен қамтамасыз стеміз» деп отырса. Содан бері де біраз уақыт зымырап өте шықты. Бірақ ауылдың жағдайы түзелер емес, «баяғы жартас, бір жартас». Елді де, жерді де сүлікше сорып жатқандар көктсмде техникасын қаптатып әкеліп егінін егеді, күзде астығын жинап әкетеді. Содан кейін ауылдың қарасын көрмейді. «Іс бәтті, қу кеттінің» кері. Мұнда не болып жатыр? Ел аман, жұрт тиыш па? Онда олардың жұмысы жоқ.

Бір ғана жол мәселесін алсақ, олардың бұзылуына кім кінәлі? Әрине, алпауыттар. Бірақ, солар сол жолды жөндеуге, қалпына келтіруге бір тиын бөліп отыр ма? Оның зардабын жергілікті тұрғындар тартуда. Тіпті, кейбір шалғайдағы елді мекендерде басы ауырып, балтыры сыздағандардың ауылдан шыға алмай қалатын кездері де жиі кездеседі. Міне, осындай қиындықтарға шыдай алмағандар ауылдан көшіп жатыр.

Жер – біздің басты байлығымыз. Сондықтан да, оның игілігін, өгіздей қара «Джиптермен» даланың шаңын бұрқыратып, анда-

санда төбе көрсетіп қана кететін инвесторлар ғана емес, сол жерде өскен, өнген қарапайым халық та көрулері керек. Демек, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев үстіміздегі жылғы халыққа Жолдауында атап көрсеткеніндей, ауыл шаруашылығымен айналысатын бизнес өкілдерінің әлеуметтік жауапкершілігін барынша арттыру маңызды. Және бұл әркімнің көңіл-күйіне қарай емес, нысаналы түрде жүргізілгені жөн. Үкіметтің қатысуымен бизнестің әлеуметтік жауапкершілігіне нақты сипат беретін, міндеттер жүктейтін жүйелер шарасын жасап, жүзеге асыратын мезгіл жетті деп ойлаймын.

Бизнес өз қарауларындағы елді мекендерде жаңа өндіріс орындарын ашып, оларда жергілікті тұрғындардың жұмыс істеулеріне жағдайлар жасаулары керек. Қазір ауылдарда мыңдаған жастар жұмыссыз жүр. Бұл жағдайдың олардың күнделікті тұрмысына салқынын тигізіп отырғаны өз алдына, жастар еңбек, тәртіп, талап, жауапкершілік дегендердің не екенін ұмытып барады. Ертең олар кім болады, қалай күн көреді? Осыны да осы бастан ойламасақ, түбінде опық жеріміз анық.

Осы жайында Үкіметтің не ойлағаны бар?

*Құрметпен, Ж. Сүлейменов*

*19. 03. 2008 ж. жарияланды.  
Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрі  
Ж. Қ. Түймебаевқа*

**Депутаттық сауал  
Құрметті Жансейіт Қансейітұлы!**

Менің өзіңізге сауал жолдауыма Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданындағы Тауағаш ауылы тұрғындарының хаты себеп болып отыр. «Біздің ауылымызда бүгінгі күні жүзге жуық үй бар. Ауыл тұрғындары, негізінен, мал ұстап, қосалқы шаруашылықтарының есебінен күн көруде» – дей келіп, хат иелері ауылдағы орта мектептің жайына алаңдаушылық білдіріпті. 1969 жылы пайдалануға берілген мектепте 6-ақ оқу кабинеті бар көрінеді. Сондықтан, түске дейін 6 сынып, түстен кейін 6 сынып кезектесіп оқиды. Бос оқу кабинеті болмағандықтан, оқушылармен қосымша дайындық жұмыстары жүргізілмейді, спорттық жарыстар, үйірмелер өткізуге де еш мүмкіндік жоқ.

Кезінде Тауағаш ауылында жаңа мектеп салу мәселесі көтеріліп, оның аймақты дамыту жоспарына енгізілгені, бюджеттен 199 947 мың теңге қаржы бөлінетіні туралы хабар Есіл аудандық «Ишим» газетінде жарияланған көрінеді. Алайда, кейін, неге екені белгісіз, мектеп салынбайтын болыпты. «Күрделі жөндеу мектеп үйіне қажет, бірақ ол біздің проблемаларымызды шеше алмайды. Себебі, күрделі жөндеуде қосымша бөлмелер, спорт залы, мәжіліс залы, асхана, компьютерлік класс салынбайды», – деп жазады ауылдықтар.

Осыған орай сізден сұрайтыным:

1. Тауағаш ауылына мектеп салу туралы шешім аяқ астынан қалай өзгеріп кетті?

2. Елімізде қазақ мектептерінің жүйесін дамыту бағдарламасы бар ма? (Есіл ауданында 20 мектептің 4-уінде-ақ оқу-тәрбие жұмыстары қазақ тілінде жүреді. Өткен жылы 2 орта мектеп тоғыз жылдық мектепке айналған).

*Құрметпен,  
Ж. Сүлейменов*

2008 ж. 24. 09. жарияланды  
Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрі  
Ж. Қ. Түймебаевқа

**Депутаттық сауал**  
**Құрметті Жансейіт Қансейітұлы!**

Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев жүргізіп отырған санқырлы сындарлы саясаттың нәтижесінде тәуелсіздік жылдары қазақ тілі өз дамуында жаңа биік сатыға көтерілді. Ең бастысы, қоғамның оған деген көзқарасы түбегейлі өзгеріп, оны кезең-кезеңмен дамытудың белгілі бір жүйесі қалыптасты. Бұл еліміздің барлық өңірлеріне тән құбылыс десем қателесе қоймаспын. Солтүстік Қазақстан облысында да мемлекеттік тілде білім алуға құлшыныс танытушылар қатары жылдан-жылға көбейе түсеуде. Соңғы жылдары облыс орталығы – Петропавлда бірнеше қазақ мектебінің ашылуы осының дәлелі. Бұған, әрине, қуануымыз керек. Екінші жағынан осы мектептерде белгілі бір дәрежеде қолайсыздық орын алып отырғанын айтпасқа тағы болмайды. Қай қазақ мектебін алсақ та, оқушылар саны нормадағыдан әлдеқайда көп, тығыз орналасқан. Мысалы, бүгінгі таңда қазақ классикалық гимназиясында 1066 бала оқиды. Ал бұл гимназия 320 оқушыға арналған. Сол сияқты, Қожаберген жырау атындағы №6 мектепте де оқушылардың саны 700-ге таяп қалды. Демек, мұнда да екі мектептің оқушысы сығылысып отыр.

Осыдан-ақ Петропавл қаласында жаңа қазақ мектептерін салудың қажеттілігі айқындала түседі. Өйткені, балаларының саны нормадағыдан үш есе көп мектепте оқу-тәрбие жұмыстарының жоғары сапасын қамтамасыз ету мүмкін емес қой. Осыны байқаған, өтініштері қанағаттандырылмаған көптеген ата-аналар балаларын орыс мектептерінде оқытуға мәжбүр болуда.

Бұл арада, тап бүгін жаңа мектептер салу жөнінде мәселе көтеріліп отырған жоқ. Біздіңше, қазақ мектептерінің жүйесін кеңейтудің

басқа да жолдары бар сияқты. Қазір Петропавлда сабақтар орыс тілінде жүретін 32 мектеп болса, олардың кейбірінде оқушылардың саны 300-ге де жетпейді. Мысалы, № 13 орта мектепте – 176, № 12 орта мектепте – 299, № 24 орта мектепте – 262, № 16 негізгі мектепте – 83, № 25-ші бастауыш мектепте – 8, № 22 бастауыш мектепте – 18, № 19 бастауыш мектепте – 26 бала оқиды. Неге бұлай болып отыр деген сауалға келсек, соңғы жылдары Солтүстік Қазақстан облысынан орыс тілділердің біразы Ресейге, басқа да шетелдерге қоныс аударды. Сол сияқты балаларын орыс мектептерінен алып, қазақ мектептеріне беріп жатқан ата-аналар да аз емес. Олардың арасында ұлты қазақ еместер де бар. Демек, сабақтар орыс тілінде жүретін мектептерді оңтайландыруға, сөйтіп, санаулы ғана қазақ мектептерінің жүктемесін жеңілдетуге әбден болатын сияқты. Осы мәселеге сіздердің көзқарастарыңызды және қолдау білдірсеңіздер қандай шаралар қолданылатынын білгім келеді.

*Құрметпен, Ж. Сүлейменов*

*01. 10. 2008 ж. жарияланды.  
Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі  
К. Қ. Мәсімовке  
Қазақстан Республикасының  
Бас прокуроры  
Р. Т. Түсіпбековке*

**Депутаттық сауал**  
**Құрметті Кәрім Қажымқанұлы!**  
**Құрметті Рәшид Төлеутайұлы!**

Солтүстік Қазақстан облысында аты да, заты да дардай Оңтүстік Орал теміржолының Петропавл бөлімшесі деген ұйым бар. Өзі Ресейге қарайды, орталығы Челябинде. Челябині қайда, Петропавл қайда? Таңырқайтын түгі жоқ, ескі одақтың шаңырағы шайқалып, жетпіс жылда жиған-терген бөліске түскен кезде «сүйегі біздікі, еті сіздікі» деп бере салсақ керек.

Жақсы, халықаралық практикада екіжақты мемлекетаралық қатынастармен реттелетін мұндай жағдайлар кездесетін де шығар, солай-ақ болсын делік. Бірақ... осы бірақтың сыртында көп мәселе тұр. Біріншіден, аталмыш темір жол бөлімшесі тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің аумағында орналасқаннан кейін осы елдің заңдарын белден басуға болмайтынын түсініп, өз қызметінде жергілікті тұрғындардың, яғни қазақстандықтардың мүдделерін ескеріп отырулары керек қой. Іс жүзінде олай болып отырған жоқ.

Олардың бәрін тізбектемей-ақ, мұнда билеттердің қай бағытка болсын, Ресей тарифтері бойынша сатылатынын айтсақ та жеткілікті. Мысалы, Астанадан Петропавлға дейін билетті бір бағаға алсаңыз, қайтарда одан едәуір көп төлейсіз. Не үшін екені белгісіз. Ресей поезы болса бір сәрі ғой, кәдімгі Алматыдан Петропавлға қатынайтын «Жетісу» поезының бағасы да осылай аяқ астынан қымбаттап шыға келеді. Осындай жағдайға тап болғандар таңырқайды да қояды. Ал қалтасы жұкалар болса, поезға Петро-

павлдан 40-50 шақырым жердегі Қазақ темір жолына қарайтын Смирново поселкесіне келіп отыруға мәжбүр болып жүр.

Кезінде Петропавлда осы бөлімшенің өз ауруханасы, мектебі, балалар бақшасы, басқа да әлеуметтік нысандары болатын. Оларды ұстап тұруды шығынсынды ма екен, бәрінен құтылды. Теміржолшылардың саны азайған жоқ. Олардың басы ауырып, балтыры сыздағандары қала ауруханаларына барады, сол сияқты балалары жергілікті мектептерде оқиды, жергілікті балабақшаларда тәрбиеленеді. Демек, бүгін бар салмақ қала бюджетіне түсіп отыр. Соған орай бөлімше түскен пайдасынан бөлісіп жатса бір сәрі ғой. Есек дәмсі болмай-ақ қояйық, бір тиын татырмайды. Ол ол ма, салығын дұрыс төлеп отырғанына да менің күмәнім бар. Өйткені, өз басым тексерушілер келе қалғанның өзінде «үй ішінен үй тігіп отырғандардың» барлық құжаттарды олардың алдына жайып сала қоятынына сенбеймін.

Осы ұйымға қатысты тағы бір сорақылық – мұнда Қазақстан азаматы бола тұра Ресей азаматтығын алғандардың саны жылдан жылға көбейе түсуде. Мұны қалай түсінуге, қалай бағалауға болады? Біздің Ата Заңымызда «Республика азаматының басқа мемлекеттің азаматтығында болуы танылмайды» деп анық жазылған. Оны елемеуге, орындамауға кімнің хақысы бар?! Қалталарына қос-қостан төлқұжат салып алып, тайрандап жүргендерді кім тәртіпке шақырады?

*Құрметпен, Ж. Сүлейменов.*



*18. 06. 2008 ж. жарияланды.  
Қазақстан Республикасының  
Мәдениет және ақпарат министрі  
М. А. Құл-Мұхаммедке*

**Депутаттық сауал  
Құрметті Мұхтар Абрарұлы!**

Үстіміздегі жылғы 25-маусымда Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Мағжанның мөп-мөлдір асыл лирикасы ынта-ықылас қойған әрбір адамның ішкі жан дүниесін байыта түсері анық деп әспеттеген алты алаштың ардақтысы, ақын Мағжан Жұмабаевтың туғанына 115 жыл толады.

Мағжан Жұмабаев – шын мәнінде ұлы тұлға, біздің рухани өмірімізді нұrlандырып тұрған биік шыңдардың бірі. Оның қуатты, бойға жігер, жүрекке от беретін рухты үні, ізденістері мен жаңашылдығы қазақ әдебиетін XX ғасырдың басында-ақ Европа, орыс әдебиетінің биік деңгейіне көтерді. Халқымыздың аяулы ұлдарының бірі, атақты сөз зергері Мұхтар Әуезовтің «Қазақ жазушыларынан, әрине, Абайды сүйемін... Бұдан соң Мағжанды сүйемін... Мағжан – мәдениеті зор ақын. Сыртқы кестенің келісімі мен күйшілдігіне қарағанда, бұл бір заманның тегінен асқандай, сезімі жетілмеген қазақ қауымынан ертерек шыққандай» деуі тегін болмаса керек. Мұхқа өлеңді музыкаға айналдырған, дыбыстан сурет тұрғызған, сөзге жан бітірген, поэзияда жаңа өлшеулер шығарған Мағжанның ішкі шығармашылық күдіретін жұрттан ала-бөтен таныған әрі аса жоғары бағалаған. Сол сияқты ғұлама ғалым Әлкей Марғұланнан қалған «Ағылшындар үшін Шекспирдің, орыстар үшін Пушкиннің рөлі қандай болса, қазақ халқы үшін Мағжанның рөлі сондай» деген де сөз бар.

Ұлы ағартушы Жүсіпбек Аймауытов 1923 жылы Ташкентте оқып жүрген қазақ студенттерінің алдында жасаған баяндамасында: Мағжан сөзіндей тілге жұмсақ, жүрекке тиетін үлбіреген нәзік әуез қазақтың бұрынғы ақындарында болмағанын тілге тиск етеді. Мен

бұлардың бәрін Мағжанның шын бағасын ұмытқандар болса есіне салайын деген ниетпен тізбелеп отырмын.

Әлем әдебиетінің ең үздік үлгілерін және туған халқының сан-ғасырлық даналығын бойына сіңірген, ұлы Абайдың жыр дәстүрін жалғастыра отырып, қазақ әдебиетінде европалық лириканың негіздерін қалаған, өз заманында ақыл-ойға басқаша бір өріс ашып, ұлтының қолына ерекше бір әлемнің кілтін ұстатуға ұмтылған Мағжан қандай құрметке болса да лайық тұлға. Өкінішке орай, біз оны өзінің биік тұғырына қондыра алмай келеміз. Басқаша болса, Сасықкөлден самғап ұшып, жырымен жұртын оятқан Мағжан үні бүгінгідей, туған күні қарсаңында ел төрінде саңқылдамас па еді. Жоқ естілмейді, «Мағжан оқулары», Мағжанға арналған жыр мерекелері тек облыс деңгейінде ғана өткізіліп жүр.

Мен ойлаймын, ақынға, жалпы қалам ұстаған қауымға ескерткіш те, көшенің, қаланың аты да керек емес. Оларға керегі – сөзінің халыққа жеткені. Демек, жарты ғасырдай тар қапаста қамалып жатқан Мағжан жинақтары әр шаңырақтың төрінде тұратын кез келді емес пе? Олай болса, мемлекеттік тапсырыспен Мағжан жырларын неге қайта басып шығармаймыз. Әсіресе, ақын жырларын орысшаға аудару жағы өте-мөте ақсап жатыр. Мағжанды орысшаға ғана емес, басқа ұлттардың тілдеріне де аударуды қолға алу керек. Осы күнге дейін Мағжан туралы жөні бүтін деректі фильмнің де түсірілмеуін сүйекке таңба деп білемін. Мағжанды ұлықтағанымыз – қазақты ұлықтағанымыз.

Биыл жыл аяғында Мағжан Жұмабаевтың толық ақталып, халқына қайта оралғанына жиырма жыл толады. Осы күн де атау-сыз қалмай, Мағжан бастаған арыстарымыздың азапты жолы, еліне, халқына сіңірген еңбегі, шығармашылығы ғылыми-көпшілік конференциялардың күн тәртібіне шығарылса, басқа да шаралар ұйымдастырылса нұр үстіне нұр болар еді.

Ұлтымыздың мақтанышы – Мағжанды ұмытпайық, ағайын!

*Құрметпен, Ж. Сүлейменов*

28. 05. 2008 ж. жарияланды.  
Қазақстан Республикасының  
Көлік және коммуникация  
министрі С. Н. Ахметовке

### **Депутаттық сауал Құрметті Серік Нығметұлы!**

«Жол азабын жүрген біледі» демекші, бүгіндері Астанадан таяқ тастам жердегі Қызылжарға қатынау күрмеуі қиын іске айналып отыр. Биылға дейін бұл екі арада әуе қатынасы болатын. Қазір ол жоқ. Сол сияқты, үстіміздегі жылғы сәуірдің бірінен Қызылорда – Петропавл поезы да қысқартылды. Сөйтіп, солтүстікқазақстандықтар жалғыз Алматы-Петропавл поезына ғана қарап қалды. Мұның өзі жолаушылар үшін үлкен қиындықтар туғызуда. Екі бағытта да билеттер болмай қалатын күндер жиі кездеседі. Ол түсінікті де. Өйткені жалғыз поезд кімге жетеді. Екіншіден, билеттердің болмауына, жолаушылардың әуре-сарсаңға түсуіне вокзал қызметкерлерімен жең ұшынан жалғасып, «жұмыртқадан жүн қырқып» жүрген алып-сатарлар да кінәлі. «Көрмес түйені де көрмес» дегендей, оларға «әй деп жатқан әже, қой деп жатқан қожа» жоқ. Ал жолсеріктер болса, «қонышынан бассам өз етігім» дегендей, қолына бірдеңе қыстырғандардың бәрін вагонға тоғытып, билеті барлардың берекесін алады. Қалыптасып отырған осындай жағдайға байланысты төмендегі нақты сұрақтарға нақты жауап берсеңіз:

1. Астанадан Петропавлға әуе қатынасы қалпына келтіріле ме?
2. Қызылорда – Петропавл поезы не себептен қысқартылды?
3. Қазақстанда поездарда жолаушыларға қызмет көрсету мәдениеті қашан жақсарады? Темір жол вокзалдарындағы алып-сатарларға тыйым салынатын күн бола ма?

Осы депутаттық сауалға жауапты белгіленген тәртіпке сәйкес жаз-  
баша беруіңізді сұраймын.

*Құрметпен, Ж. Сұлейменов*

*18. 06. 2008 ж. жарияланды.  
Қазақстан Республикасының  
Ауыл шаруашылығы министрі  
А. Қ. Күрішбаевқа*

**Депутаттық сауал  
Құрметті Ақылбек Қажығұлұлы!**

Ресми деректерге сүйенетін болсақ, бүгінгі таңда Қазақстан халқының жартысына жуығы ауылды жерлерде тұрады. Нарыққа көшкенге дейін негізінен егіншіліктен және мал шаруашылығымен айналысқан олардың көпшілігі жаңа өндірістік қатынастар жағдайында жұмыссыз қалды. Өмір жұрттың бәрінің егінші бола алмайтынына көз жеткізіп отыр. Содан да алғашында жаңа іске құлшына кіріскен талайлар өздерінің жер телімдерін мемлекеттік қорға қайтаруға мәжбүр болды. Сөйтіп, кей жерлерде жер ірі компаниялардың меншігіне ауысса, кей жерлерде иесіз қалды. Жақында аймақтарды аралағанда осындай жайларға көз жеткіздік. Мысалы, Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданындағы Баян ауылының тұрғындары өздеріне тиесілі жерлерін кезінде «жарылқаймыз» деп сырттан келген инвесторларға бергендерін, бірақ, олардың бірнеше жылдан бері не егін сеппей, не жерді қайтармай отырғанына қынжылыс білдірді. Айтса айтқандай, биыл Баянда бір гектар жерге егін себілген жоқ, ауыл тағы да қурайдың ортасында қалды. Міне, осындай жағдайда ауыл тұрмысы, онда тұрып жатқан халықты жұмыспен қамту мәселесі жайында не айтуға болады.

Бұл солтүстіктегі көптеген облыстарға тән құбылыс па деймін. Жерін игере алмай табыстан қағылып отырған ауылдар қайда болмасын, аз емес. Меніңше, осы жайларды ескеріп, игерілмей жатқан және запастағы жерлер есебінен егіншілікпен айналысатын мемлекеттік құрылымдар құрған жөн сияқты. Бұл қай жағынан алсақ та, халық үшін де, мемлекет үшін де пайдалы болмақ. Біріншіден, аграрлық сектордағы бәсекелестік артады. Егер жерді инвесторлар пайдаланған жағдайда мемлекет табысы салықтар есебінен ғана толықса, ауыл проблемасын шешудің ұсынылып отырған үлгісі тек қана экономикалық

емес, әлеуметтік, рухани даму мәселелеріне де жүйелі сипат бере отырып, ойдағыдай атқаруға жол ашады, қазіргідей күрделі кезеңде ауылдарды сақтаудың, ішкі көші-қонды тежеудің нақты тетігіне айналады.

*Құрметпен,  
Ж. Сүлейменов.*

*2009 ж. 28. 01. жарияланды  
Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі  
К. Қ. Мәсімовке*

**Депутаттық сауал  
Құрметті Кәрім Қажымқанұлы!**

Өмірден қыршын кеткен академик, биология ғылымдарының докторы, отызында орда бұзып, кеңестік заманда мыңнан емес-ау, миллионнан озған нағыз жүйрікке ғана берілетін «күн көсемнің» сыйлығын еншілеген Мұрат Әбенұлы Айтқожин – қамшының сабындай қысқа ғұмырында ұлан-ғайыр іс тындырған, артына өшпес із қалдырған асылдардың бірі.

Қазақ және Москва мемлекеттік университеттерінің түлегі Мұрат Айтқожин өзінің терең білімі, еңбексүйгіштігі мен талантының арқасында ғылымның талай асуларын бағындырды. Ол -информосоманың өсімдік клеткаларының ядросы мен цитоплазмасында болатынын тұңғыш анықтаған ғалым.

1966 жылдан бастап Мұрат Әбенұлының ғылыми қызметі Қазақстан ғылым академиясымен байланыста болды. Елімізде молекулярлық биологияны дамытудың қажеттілігін терең түсінген ол ғылым академиясының Ботаника институтында белок және нуклеинді қышқылдар лабораториясын ашты, кейін ғылым академиясы жанынан молекулярлық биология және биохимия институтын ұйымдастырды және оның тұңғыш директоры болды. Сөйтіп, ол молекулярлық биологтардың қазақстандық мектебін қалыптастырды, қазақ мемлекеттік университетінің профессоры бола жүріп, биология факультетінің студенттері үшін молекулярлық биология және бірқатар арнаулы курстарды енгізді.

Үлкен дарын иесі өзінің ғылыми қызметімен бірге зор ғылыми-ұйымдастыру жұмыстарын да жүргізді. Соның бір көрінісі – Мұрат Әбенұлы басқаратын институт базасында ғылыми одақтардың халықаралық кеңесінің, халықаралық биохимиялық одақтың және

Европаның биохимиялық қоғамдар федерациясының ұйымдастыруымен «Биоорганикалық химия мен молекулярлық биологияның перспективалары» деген тақырыпта халықаралық симпозиумның өтуі және онда негізгі баяндаманы біздің жерлесіміздің жасауы еді.

Оның таланты мен ұйымдастырушылық қабілеті, әсіресе, Қазақстан ғылым академиясын басқарған кезде жарқырай көрінді. Нақ осы уақытта іргелі және қолданбалы зерттеулердің, оның ішінде Қазақстанның экономикасын дамытудың басым бағыттары айқындалып, шетелдердегі жетекші ғылыми орталықтармен байланыс, іскерлік қарым-қатынас нығая түсті.

Үстіміздегі жылғы маусым айының 24-де осындай талантты ғалым, тамаша адамның туғанына 70 жыл толады.

Құрметті Кәрім Қажымқанұлы! Бұл еліне еңбегі сіңген азаматтың рухына тағзым етудің ең бір оңтайлы сәті деп білемін. Халқымыздың «Өлі риза болмай, тірі байымайды» деген сөздерін ескере отырып, елуін де атай алмай кеткен ғалымның мерейтойы атап өтіліп, оған лайық шаралар ұйымдастырылса, нұр үстіне нұр болар еді.

*Құрметпен, Ж. Сүлейменов.*

25. 03. 2009 ж. жарияланды  
Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі  
К. Қ. Мәсімовке

**Депутаттық сауал**  
**Құрметті Кәрім Қажымқанұлы!**

Үш жүз алпыс жылға созылған қазақ-қалмақ соғысының шежіресі болып табылатын «Елім-ай» дастаны туралы естімеген қазақ жоқ десем қателесе қоймаспын. Оны тек дастан деу аз сияқты. Онын арнасы кең – ұлттың болу, болмауы, Отан тағдыры. Бір ғасырлық тарихты саралап, ұлттың сан ғасырлық салт-санасын, мемлекет билеу жүйесін бағалап, жүздеген мемлекет, әскери, саяси қайраткерлерін жеке-жеке даралап, дүбірлеген оқиғалар болған жерді аралап жазылған ұлы эпопеялық туынды.

«Елім-ай» шын мәнінде ұлттық сананың биік шыңы, ұлттық сергелдеңге душар болғандағы мұны, болашаққа құлаш сілтеп, қайсар, намысшыл қазақтың ұлт болмысын жанғыртуға ұмтылысының шаншыла атқан қайнар жыры да сыры. «Елім-ай» – ұлтымыздың Илиада мен Одиссеясындай эпикалық өміршен трагедиясы» – дей келіп академик Манаш Қозыбасов «Елім-айдың» авторы Қожабергеннің дүлдүл тарихшы екенін атап көрсеткен болатын.

Он жетінші ғасырдың екінші жартысында қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданы аумағындағы Гүлтөбе деген жерде атақты Толыбай сыншының отбасында өмірге келіп, жүз жасаған, соның алпыс жылын елінің тәуелсіздігі үшін күресіп, ат үстінде өткізген Қожаберген – шын мәнінде тарихи тұлға, қазақтың көп батырларының бірі ғана емес, бірегейі, 1688-1710 жылдары ширек ғасырға жуық қазақ, ноғай, қарақалпақ халықтарының біріккен жасағына қолбасшылық жасаған сардарбек, ордабасы, қолбасшы, ел тағдырын ойлаған реформатор, сұңғыла саясаткер.

«Кеудеңде шыбын жаның болса егер, жоғалтпа жер бетінен қазақ



атын» деп ұрандаған дауылпаз жырау Қожаберген – Әз-Тәукедей дананың оң қолы болған, Есім ханның ескі жолы, Қасым ханның қасқа жолы сияқты тарихи конституциялық пәрмені бар «Жеті жарғыны» жазған жеті бидің бірі.

Өкініштісі сол, қазақ мемлекеттігінің жаршысы да жоқтаушысы, өз заманының ұлы шежіресі болған, қазақтың рухани мәдениетінде үлкен із қалдырған Қожаберген бабамызды әлі күнге өз дәрежесінде, ұлықтай алмай келеміз.

Құрметті Кәрім Қажымқанұлы, осы айтылғандарды негізге ала отырып, Астана қаласындағы Магистральный, Водопроводный, Узкоколейный сияқты көп көшелердің біріне және Петропавл қаласындағы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жоғары әскери училищесіне Қожаберген есімін беру мәселесін қарауыңызды сұраймын.

*Құрметпен, Ж. Сүлейменов.*

25. 03. 2009 ж. жарияланды  
Қазақстан Республикасының  
Мәдениет және ақпарат министрі  
М. А. Құл-Мұхаммедке

**Депутаттық сауал**  
**Құрметті Мұхтар Абрарұлы!**

Қазір теледидарды қосып қалсаңыз, газетті ашып қалсаңыз біреуді біреу атып кетті, өлтіріп кетті деген үрей туғызарлық жайсыз хабарлар өріп жүр. Оған да етіміз үйреніп алды, селт етпейміз. Тіпті мектеп жасындағы балалар бірінің бірі басын жарып, көзін шығарып жатса, оған да таң қалмайтын болдық. «Қазіргі балалардың жүйкесі жұқа, ашушан, екі ауыз сөзге келмей біріне-бірі жұдырық ала жүгіреді» дейміз де қоямыз. Ал мұндай жағдайлардың немен аяқталатыны және белгілі: төбелес қантөгіске ұласады. Осылай қылмыс жасарып, қоғам қатыгезденіп барады.

Осындай жағдайға қалай душар болдық? Сөз жоқ, оның себептері көп. Бір сауалдың шеңберінде солардың бәрін тізіп шығу мүмкін болмағандықтан, бір ғана мәселеге тоқталғым келеді. Ұрпақ санасының улануына жол бермейміз, ізгілік пен имандылыққа, адамгершілікке негізделген ұлттық құндылықтарымыздың тамырына балта шаптырмаймыз десек, таңертеңнен кешке дейін көгілдір экранды жаулап алған атыс-шабысқа, қантөгіске толы шетелдік фильмдерді көрсетуге тыйым салуымыз керек.

Бұл бүгін ғана қозғалып отырған мәселе емес. Осы кеселмен күресу қажеттігі жайында осы залда отырған әріптестеріміз де сан мәрте айтқан. Елінің ертеңін ойлаған зиялы қауым өкілдері де үсті-үстіне дабыл қағып жатыр. Бірақ, сең бұзылар емес, айтылғаннан қорытынды шығарып, айылын жиып жатқан ешкім көрінбейді. Сонда қалай, біздің қолымызда оның бір тетігі болмағаны ма? Әлде намыс жоқ па?

Ел боламын десен, намысыңды қайра, қазағым! – деген сөз қайда?!

Жақында ғана біз «Қазақстан Республикасының кейбір

заңнамалық актілеріне бұқаралық ақпарат құралдары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қабылдадық. Міне, осы Заңда бұқаралық ақпарат құралдарының зорлық-зомбылықты, қатыгездікті насихаттауына тыйым салынады деп тайға таңба басқандай жазылған. Дәл осы мазмұндас бап Ата Заңымызда да бар. Осы талап неге орындалмайды? Ол орындалмаса, несіне Заң қабылдадық?!

Құрметті Мұхтар Абрарұлы, ұлттық қауіпсіздігімізге тікелей қатысы бар осы мәселені шешуге ел ұлтжанды азамат деп таныған сіздің ерік-жігеріңіз жетеді деген үмітпен өзіңізге депутаттық сауал жолдап отырмын. Осы тілегім нақты іске қозғау салса, нұр үстіне нұр болар еді.

*Құрметпен, Ж. Сүлейменов.*

## БҮЛДІРШІНДЕРДІ «ТЕЛЕТӘРБИЕШІГЕ» ТЕЛМІРТУ

Орал Мұхамеджановтың төрағалығымен өткен жалпы отырыста Мәжіліс депутаты Жарасбай Сүлейменов Мәдениет және ақпарат министріне депутаттық сауал жолдады.

Әрине мұны күнделікті парламент қабырғасында болып жатқан пікірсайыстар мен салмақты пікірлердің бірі ғана деп қабылдай салуға болар еді. Десек те алдымен депутатты алаңдатқан мәселеге көңіл аударып көрейік:

-- «Қазір теледидарды қосып қалсаңыз, «біреуді біреу атып кетті, өлтіріп кетті» деген үрей туғызарлық жайсыз хабарлар өріп жүр. Оған да егіміз үйреніп алды, селт етпейміз. Тіпті мектеп жасындағы балалар бір-бірінің басын жарып, көзін шығарып жатса, оған да таңғалмайтын болдық. «Қазіргі балалардың жүйкесі жұқа, ашушан, екі ауыз сөзге келмей біріне-бірі жұдырық ала жүгіреді» дейміз де қоямыз. Ал мұндай жағдайлардың немен аяқталатыны және белгілі: төбелес қантөгіске ұласады. Қылмыс жасарып, қоғам қатыгезденіп барады. Осындай жағдайға қалай душар болдық? Сөз жоқ, оның себептері көп. Бір сауалдың шеңберінде солардың бәрін тізіп шығу мүмкін болмағандықтан, бір ғана мәселеге тоқталғым келеді. Ұрпақ санасының улануына жол бермейміз, ізгілік пен имандылыққа, адамгершілікке негізделген ұлттық құндылықтарымыздың тамырына балта шаптырмаймыз десек, таңертеңнен кешке дейін көгілдір экранды жаулап алған атыс-шабысқа, қантөгіске толы шетелдік фильмдерді көрсетуге тыйым салуымыз керек. Бұл бүгін ғана қозғалып отырған мәселе емес. Осы кеселмен күресу қажеттігі жайында әріптестеріміз де сан мәрте айтқан. Елінің ертеңін ойлаған зиялы қауым өкілдері де үсті-үстіне дабыл қағып жатыр. Бірақ, сең бұзылар емес, айтылғаннан қорытынды шығарып, айылын жиып жатқан ешкім көрінбейді. Сонда қалай, біздің қолымызда оның бір тетігі болмағаны ма? Әлде намыс жоқ па? Жақында ғана біз «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бұқаралық ақпарат құралдары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан

Республикасының Заңын қабылдадық. Міне, осы Заңда бұқаралық ақпарат құралдарының зорлық-зомбылықты, қатыгездікті насихаттауына тыйым салынады деп тайға таңба басқандай жазылған. Дәл осы мазмұндас бап Ата Заңымызда да бар. Осы талап неге орындалмайды? Ол орындалмаса, несіне Заң қабылдадық?!». Мәжіліс депутаты Жарасбай Сүлейменов дабыл қағып отырған бұл түйткілді мәселе алаңдатарлық. Бірақ шын мәнінде халық қалаулысы айтып отырған проблемаға жете мән беріп отырмыз ба? Рас бізде парламент депутаттары қабылдаған тәп-тәуір заңдар бар. Бірақ соның бәрі арнайы заңдағыдай мүлтіксіз орындалып жатыр ма? «Иә» деуге аузың бармайды. Оның себептері жетерлік әрине. Бірақ көтеріліп отырған мәселенің алаңдатарлықтай екені рас. Бәріміз бала өсіріп, ұрпақ сүйіп отырмыз. Өзіміз жұмыста, ал балалар үйде қалады. Рас, күні бойы оларды қадағалауға мүмкіндік бола бермейді. Қазіргі әке мен шешенің баланы бақылау және тәрбиелеу мүмкіндігі жұмыстағы «телефондық нұсқаулар» арқылы шешіліп жатады. «Ананы істей сал, компьютерде көп ойнай берме», «үйді жинап қой», тіпті «тамақты жасай сал» дегенге саяды, телефондық тапсырмалар. Әйтеуір өзіміз берген нұсқаулардың шала-шарпы орындалғанына қуанамыз, әрине бала-шаға мен бас амандығынан артық ештеңе жоқ. Десек те, біз үйде қалған баланың санасын билейтін тағы бір «тәрбиешінің» барын біле бермейміз. Сонда ол кім?. Ол «телетәрбиеші» – көгілдір экран! Мәжіліс депутаты Жарасбай Сүлейменовтің алаңдап отырғаны осы «телетәрбиеші». Алайда біз баланы өзіне еріксіз тартып, сана мен еркін алатын «қатал да, қатыгез телетәрбиешінің» қандай деңгейде рухани тәрбие беретінінін ұмыта береміз. Білсек те, ескергіміз келмей, есіктің сыртынан тарс етіп құлыптап, баланың тағдырын «телетәрбиешіге» табыстап кете береміз. Ал біз осы әрекетіміз арқылы баланы қоршаған ортадан оқшауландырып, тасжүрек етіп тәрбиелеп жатқан жоқпыз ба? Ойланатын-ақ мәселе. Әрине ақыл айту оңай. «Мұндай жағдайда ата-аналар не істеуі керек?» деген сауалға жауап беру де теориялық жағынан жеңілдеу. Десек те, оның бірсыпырасын айтып көрелік. Алдымен ата-ана балаларын қай бағдарлама қызықтырады, соны алдымен зерттеуі керек. Ол үшін бір апта бұрын шығатын телебағдарламалармен танысқаны абзал. Нені көруге болады, нені көруге болмайды, аталған мәселені баламен бірге отырып, талқыға салу ке-

рек. Тіпті телеарнадан берілген бағдарламаның өзін талқыға салса, балаға жеңіл тиеді, талқыдан кейін бүлдіршін оны терең түйсіну мүмкіндігіне ие болады. Балалар қашан да өздеріне арналмаған бағдарламаны көруге әуес. Әсіресе жасөспірім шақта олардың құмартып көретіні секс және осы мәселенің төңірегіндегілер екенін зерттеушілер жоққа шығармайды. Десек те, балалар қанша уақыт теледидар көріп, неше мезгіл «телетәрбиешінің» айтқанын тыңдауы қажет? Бұл жолда әлемдік сарапшылардың айтқаны салмақты. 6 жас-тан кіші бүлдіршіндер күніне 1 сағаттан артық теледидар көрмеуі керек. Ал жасы одан жоғарыдағылар өз жастарына сәйкес және даму ерекшеліктеріне орай телеарна бағдарламаларын көру қажет. 50 мың шамасында дәрігерлердің басын біріктіретін АҚШ-тың педиатрлар Академиясы жуырда өз зерттеулерінің қорытындысын жариялады. Мұнда біз сөз етіп отырған мәселеге қатысты назар аударарлық деректер бар. Аталған академия жас шамасы 17-нің шамасындағы 700 бүлдіршінге зерттеу жүргізген. Қорытындысында күніне бір сағат немесе екі сағатқа жуық уақыт тапжылмай отырып теледидар көрген жасөспірімдердің агрессиялық іс-әрекеті басқаларға қарағанда тым артып кеткені байқалған. Бұл сипат ер балалар ғана емес, қыздардың арасында да көрінген. Гарвард университетінің профессоры, аталған академияның мүшесі Майкл Ричтің айтуына қарағанда, екі жасқа дейінгілерді теледидарға жақындату тіпті зиян. Ал одан жоғары жастағы балалар мен жасөспірімдердің теледидар алдындағы ермегі жас ерекшелігіне қарай бір- екі сағаттан аспағаны жөн. Бұл АҚШ-тың педиатрлар Академиясы зерттеулерінің қорытындысынан туған пікірлер жиынтығы. Сондай-ақ неміс ғалымдарының осы салаға қатысты тұжырымдары да назар аударарлық. Олардың зерттеуінше, көп уақыт теледидар алдында тапжылмай отыру семіздікті арттырады, қан қысымын күшейтеді.

– Теледидарға еріксіз байланған азаматтардың спортпен немесе басқа да қызметтермен айналысуға еш құлқы болмайды. Мұндай азаматтар теледидар алдында отырып тамақ ішкенді жақсы көреді. Олар осы бір әдетті қалай дәстүрге айналдырып алғанын өздері де білмей қалады. Ең алаңдатарлығы да сол, тапжылмай отыру семіздікті күрт арттырады және мезгілінен

бұрын өлімге апарып соқтырады, – дейді профессор Майкл Рич. Бұл – бұл ма, «Балалар, телеэкраннан сақтаныңыздар!» атты кітаптың авторы профессор Спицер «телеарна алдында күні бойы отыратын балалардың психологиясы басқалардан өзгеше болып келеді. Атап айтқанда, олардың мінез-құлқында өсе келе агрессиялық әрекет пайда болады. Сонымен қатар, көгілдір экран бүлдіршіндердің дүниетанымын шектейді. Бала жастан телеарнамен достасқан бүлдіршіндердің бойында өсе келе күйзеліс көбейіп, қызығушылық азаяды» дегенді айтады. Міне, шетел ғалымдары зерттеп, бүгінде бүкіл ғаламторға әйгілеп жазып жатқан тұжырымдардың бірсыпырасы осындай.

... Ал біз жас сәбидің тыныш отырғанын қалап, «телетәрбиешіге» телміртеміз!

*Берік БЕЙСЕНҰЛЫ,  
«Айқын» газеті.*

21. 01. 2009 ж. жарияланды  
Қазақстан Республикасының  
Мәдениет және ақпарат министрі  
М. А. Құл-Мұхаммедке

**Депутаттық сауал**  
**Құрметті Мұхтар Абрарұлы!**

Орыстың атақты ақыны Андрей Вознесенскийдің қазақтың арда ұлы, дауылпаз ақыны, елінің тәуелсіздігі, халқының бостандығы үшін басын оққа байлап, отқа түскен хас батыры Махамбет Өтемісұлы туралы дастан жазғанын біреу білсе, біреу білмеуі мүмкін. Бірде сол Вознесенский жолы түсіп, Алматыға келеді. Сонда ол өзі ерлігіне тәнті болып, жырға қосқан Махамбеттің рухына тағзым етіп, ескерткішіне гүл қоймақ ниетін білдіреді. Сол оқиғаға куә болған ағалардың айтуынша, ақынға еріп жүрген қазақстандық әріптестері не айтарларын білмей, жанарларымен жер шұқып, «бетті бастым, тұра қаштымның» аз-ақ алдында қалыпты. Сәлден соң байланып қала жаздаған тілдері икемге келіп, ондай ескерткіштің жоқ екенін жеткізгенде, мәскеулік ақын: «Бұл қалай, Махамбет сияқты дара тұлғаға ескерткіш қойылмаған ба?!» деп көпке дейін сене алмапты.

Содан бері ширек ғасырдай уақыт өтті. Бірақ, Махамбетке Алма-тыда да, Астанада да әлі күнге ескерткіш орнатылған жоқ.

Ол ол ма, өткен жылы Астана қаласында үш жүздей көшенің аты өзгерді. Олардың арасынан да батыр десең батыр, ақын десең ақын, «ереуіл атқа ер салып, егеулі найза қолға алып» өзін емес, өзге жайын, ел қамын ойлаған, ел шежіресінде ойып алар орны бар тарихи тұлға – Махамбеттің есімін таба алмайсыз.

Сол сияқты, халқы Үкілі Ыбырай деп ардақтаған Ыбырай Сандыбаевтың да еліне сіңірген еңбегі еш дау туғызбайды. Алайда, оның да есімі еленіп, құрметке бөленіп жатқаны шамалы. Астананы былай қойғанда, өзінің туған жері Солтүстік Қазақстан облысында да оның атына не бір ауыл, не бір мектеп, не бір көше бұйырмаған.



Бүгін осы Исатайды кім ұлықтап жатыр? Атақты «Елім-айдың» авторы, « Кеуденде шыбын жаның болса егер, жоғалтпа жер бетінен қазақ атын» деп ұрандаған академик Манаш Қозыбаевтың тілімен айтсақ, батырлардың батыры, қолбасшы, Әз-Тәукедей дананың оң қолы болған, «Жеті жарғыны» жазған жеті бидің бірі Қожаберген жыраудың атын қай көшеге бердік?!

Айта берсек, осылай тізіліп кете береді.

Ойлап отырсақ, осыдан жоғалтып жатқанымыз аз емес. Сайып келгенде, мұның өзі ономастика саласының еңсесін тіктеген егемен еліміздің бүгінгі жаңару, өркендеу үрдісіне ілесе алмай отырғанын көрсетеді.

Рас, ономастикалық комиссиялар орталықта да, жергілікті жерлерде де құрылған. Алайда олардың жұмысында жүйелілік жоқ. Біразы түскен өтініштерді қараумен ғана шектеледі, айлап, жылдап бас қоспайды.

Тарихи атаулар – ұрпақ игілігі, атадан балаға жалғасып келе жатқан асыл мұра, қайталанбас құндылық. Олай болса, осы ұлттық байлығымызды сақтап, жаңа мазмұнмен байыта түсуді мемлекеттілікті нығайтудың басым бағыттарының бірі ретінде қарастыру жөн емес пе. Өшкеніміз жансын, жоғалғанымыз түгенделсін десек, халқымыздың дана ұлдарының бірі Мұхтар Әуезов айтқандай, бесігімізді түзейік, ұлттық ономастика жүйесінің одан әрі даму бағыттарын дөп айқындап, бұл орайдағы ұмтылыстарымызға сындарлы сипат берейік.

Тәуелсіздік жылдары осы орайда тындырылған істер қандай? Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік ономастикалық жұмыс тұжырымдамасынан» туындайтын міндеттер қалай жүзеге асырылуда?

*Құрметпен, Ж. Сүлейменов.*

01. 04. 2009 ж. жарияланды  
Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі  
К. Қ. Мәсімовке

### Депутаттық сауал Құрметті Кәрім Қажымқанұлы!

Бүгінгі ауыл өміріне қатысты Сізге бұған дейін де бірнеше депутаттық сауал жолдаған болатынмын. Тұшымды жауап болған жоқ, өзгерген іс те шамалы. Соған қарамастан, «жазған құлда жазық бар ма» деп, еліміз үшін маңызды, халқымыз үшін маңызды осы мәселеге назарыңызды тағы бір аударуды жөн көріп отырмын.

Шыны сол, ауылдың қазіргі жайы мәз емес. Соңғы он бес жылдың ар жақ, бер жағында, көшетіндер көшіп, ондай мүмкіндік таба алмағандар «кұдай салды, мен көндім» дегендей, қоңырқай тірлік кешіп, жүріп жатыр.

Қазақстан халқының жартысына жуығы ауылда тұратынын жақсы білетін Үкімет бұл мәселені түбегейлі шешуге неге құлықсыз? Әлде олар ауыл жай да азып-тозып бітеді, сосын жаназасын бір-ақ шығарамыз деп күтіп отыр ма? Ауыл бүгін салып, ертең бұзып тастайтын ферма емес. Ауыл – тамырын тереңге жайған, ғасырлар бойы қалыптасқан ғажайып құбылыс, қазақтың алтын бесігі. Олай болса, ауылды сақтау, дамыту, онда тұрып жатқан адамдарға қолайлы тұрмыстық жағдайлар жасау – ұлттың тағдырына тікелей қатысты мәселе. Демек, ол Үкіметтің басты міндеттерінің біріне айналуы керек.

Ауылдың оңалмауының себептері көп. Меніңше, солардың ішіндегі ең бастысы – ауылдың жүргісі – мектеп созылмалы сырқатқа шалдыққан. Осы дертті емдемей, бесігімізді түземей ел бола алмаймыз.

Бір сәтке қазіргі ауыл мектебіндегі жағдайды көз алдымызға елестетейікші. Жақында аймақта болғанда мен өзім бірнеше мектепке соқтым. Облыстың шалғай түкпіріндегі бір ауылда 320 балаға арнап салынған екі қабатты мектепте 40 бала оқып жатыр екен. Осы 40

балаға 20 шақты мұғалім сабақ береді. Содан балалардың білімі артып жатса, бір сәрі ғой. Олай емес. Өйткені, мұғалімдердің біразының арнайы білімі жоқ.

Көрші ауылдағы жағдай да нақ осындай, онда да бала саны 50 ден аспайды. Бір күндегі орта мектеп бастауышқа айналған, қанырап бос қалуға жақын. Ең қынжыларлығы, көптеген ауыл мектептерінде физика, математика, шет тілдері сияқты пәтерден сабақ беретін мамандар жетіспейді. Екі мектептің бірінде мұғалімдер екі сыныпты қатар отырғызып, сабақ береді.

Бүгінгі таңда Қазақстандағы шағын ауылдардың көпшілігіндегі жағдай осындай екені даусыз. Осыдан кейін білім сапасы, ауыл балаларының болашағы туралы не айтуға болады?

Қазір қалаларда шарасыздықтың салдарынан ауылдан көшіп кеткендер өріп жүр. Олардың дені – жұмыссыз. Қолы қимылдамағанның аузы қимылдамайтыны белгілі, талайлар қиналып жүр. Солармен сөйлесе қалсаң, «Бәріне де шыдар едік, аталарымыз сияқты, мал ұстасак та күн көреміз ғой, тек, балалардың оқуы қинап тұр, ауылда жөні бүтін мұғалім қалған жоқ», – дейді.

Меніңше, шағын ауылдар кімге керек, бар күшті қалаға саламыз, қаланы, қаламен бірге елді гүлдендіреміз деу бос әурешілік. Елдің асыраушысы – ауыл. Олай болса, ауылға қамқорлықты күшейту керек. Бұл орайда бос сөз емес, нақты іс-қимыл қажет. Ал оны мектептен бастау жөн, осыған орай уақытты көпке созбай, шағын ауылдардағы мектептерді сақтау, дамыту туралы арнайы жеке бағдарлама жасап, жүзеге асыру мәселесін қарауыңызды сұраймын.

*Құрметпен, Ж. Сүлейменов.*

2009 ж. 28. 01. жарияланды  
Қазақстан Республикасының  
Бас прокуроры  
Р. Т. Түсіпбековке

**Депутаттық сауал**  
**Құрмегі**  
**Рәшид Төлеутайұлы!**

Менің бүгінгі сауалыма «Жас қазақ» апталығының 2009 жылғы 16 қаңтар күнгі санында жарияланған Жамбыл облысының Мойынқұм ауданындағы Биназ ауылының тұрғыны, Еңбек Ері, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Шоман Шәріпбаевтың хаты себеп болып отыр. Елдің игілігін ойлап, жанын жалдап өмірінің қырық жылын мал соңында өткізген, сөйтіп, адал еңбегімен лайықты құрметке бөленген ардагер адам айтса, сенгісіз қорлыққа тап болып отырғанын жазады.

«2004 жылы жазда балам Айдардың келіншегі Бақытгүл Омарова науқастанып, қайтыс болды. Артында төрт бала қалды. Оларды әкесі Айдарға да, аталары маған да бермей, келіннің немере әпкесі Саракүл Әдешова иеленіп алды. Өзінің не үй-жайы, не жұмысы жоқ құдашам немерелерімнің еркінен тыс осындай әрекетке барды. Ондағы ойы – ата-ана бағуынсыз қалған балалар үшін мемлекеттен әлеуметтік жәрдемақы алып тұру екен. Әдешова бұл жасаған зорлық-қиянаты аздай, балам Айдардан алимент те алып тұрды. Тіпті ақыны «уақытылы төлей қоймадың» деп, Айдарды 2006 жылы алты ай бойы түрмеге қаматты» – дейді ақсақал.

Осыдан кейін әділдік іздеген Шоман Шәріпбаев сот органдарының төрелігіне жүгінген. Шу аудандық сотының судьясы «балалар оларды асырауға мүмкіндігі бар туған әкесіне қайтарылсын» деген шешім шығарады. Кейін, неге екені белгісіз, облыстық сот оны бұзады. Содан бері ақсақал туған немерелерін бауырына басып, бір иіскеуге зар болып жүрген көрінеді. Мұндай да тасбауырлық болады екен-ау?!

Құрметті Рашид Төлеутайұлы!

Осы оқиғаға байланысты толыққанды тексеріс жүргізіп, мәселенің әділ шешілуіне көмектесуіңізді және заңды белден басып отырғандардың қызметіне өз бағаларыңызды беруіңізді сұраймын.

*Құрметпен,  
Ж. Сүлейменов.*

21. 01. 2009 ж. жарияланды  
Қазақстан Республикасы  
Көлік және коммуникация министрі  
С. Н. Ахметовке

**Депутаттық сауал**  
**Құрметті Серік Нығметұлы!**

2008 жылғы қарашаның 17-інде сайлаушылармен кездесу барысында Солтүстік Қазақстан облысындағы Қиялы станциясының тұрғындары жергілікті вокзалда билет сататын кассаның жабылып қалғанын, мұның өзі жолаушылар үшін көп қиындықтар туғызып отырғанын айтқан еді. Өйткені, билеті жоқ жолаушыларды барлық поездар бірдей ала бермейді. Ал алған жағдайда, ақшаның кімнің қалтасына түсетіні айтпасақ та түсінікті. Тұрғындардың өздерінің айтуларына қарағанда, бұрын осы вокзалда жыл сайын 1 миллион 200 мың теңгенің билеті сатылып келген екен. Содан бері екі бағытта да жол жүрушілер көбеймесе, азайған жоқ. Елімізде Қиялы сияқты станциялардың мыңдап саналатынын ескерсек, қыруар қаржы қайда кетіп жатыр?

Тұрғындардың осы сауалдарына назар аударып, көтеріліп отырған мәселенің халыққа да, елге де пайдалы жағын қарастыруыңызды сұраймын.

*Құрметпен,  
Ж. Сүлейменов.*

**Депутаттық сауал**  
**Құрметті Зағипа Яхьяқызы!**

Жақында аймақта болып сайлаушылармен кездескенде Петропавлдағы балалар колониясына да соққан едім. Қазір мұнда түрлі мерзімге бас бостандығынан айырылған, олардың арасында кісі өлтіргендер де, қарақшылық шабуыл жасағандар да, ұрлықпен айналысқандар да бар, 200-ден астам жасөспірім жазасын өтеп жатыр екен. Барлық корпусстарды дерлік аралап, тәрбиеленушілердің біразымен әңгімелестім. Араларында өткен іске өкініш білдіретіндер, жазаларын өтегеннен кейін бостандыққа оралып, адам болғысы келетіндер аз көрінбейді.

Атшаптырым аумақты алып жатқан колонияда жақсы жабдықталған асхана, аурухана, кітапхана, спорт залы, бір сөзбен айтқанда, не қажеттің бәрі бар екен. Тәрбиеленушілердің денсаулығын білікті дәрігерлер қадағалайды. Тіпті, салмағы жеңілдерді қосымша тамақтандыру мәселесі де жолға қойылған.

Әрине, мұның бәрі жақсы. Бірақ, мені таңғалдырған бір жай, жазасын өтеп жатқандар таңертеңнен кешке дейін шыбық басын сындырмайды, жұмыс істемейді екен. Өйткені, мұнда жұмыс жоқ, өндіріс орнын ашу ойластырылмаған. Балалар, кәдімгі, атасының ауылына демалысқа келгендей, тамағы тоқ, көйлегі көк, сенделіп жүр. Мұндай тіршіліктің адам баласын аздыратыны белгілі. Олай болса, өмірде жаза басқандары үшін темір тордың аржағына тоғытылғандарды осылай тәрбиелеу дұрыс па? Бұл өзі тек Солтүстік Қазақстан облысына ғана тән көрініс емес. Басқа өңірлерде де жағдай дәл осындай.

Ертең олар, алды-бес, соңы-он жылдан кейін, бостандыққа шығады. Сонда олар өмірден өз орындарын таба ала ма, әлде, еңбекке араласа алмай тағы бір қолайсыздыққа тап болып, жылы орындарын суытпай осында орала ма? Міне, мәселе осында.

Өмірде сүрінбейтін тұяқ, жаңылмайтын жақ болмайды. Осындай жағдайда қоғам қылмыс жасап, түрмеге түскен балаларды адал жолға салуға, олардың қалыпты өмірге қайта оралуларына, лайықты өмір сүрулеріне көмектесуі керек. Бұл орайда еңбекпен тәрбиелеудің маңызы зор екенін естен шығармағанымыз жөн.

Қылмыскерлерді қоғамнан бөлектеумен ғана мәселенің шешілмейтінін дәлелдеп жатудың қажеті жоқ. Еліміз бойынша түзеу, тәрбиелеу мекемелері арқылы мыңдаған адамдар өтіп жатқанын жақсы білеміз. Сондықтан бұл мәселеге азғантай топтың проблема-сы деп қарауға болмайды. Сайып келгенде, бұл елдің тыныштығына, қауіпсіздігіне қатысты мәселе.

Әділет министрлігі осы жайға назар аударып бір шешімін тапса деймін.

*Құрметпен, Ж. Сүлейменов.*



*21. 01. 2009 ж. жарияланды  
Қазақстан Республикасының  
Денсаулық сақтау министрі  
Ж. А. Досқалиевке*

**Депутаттық сауал  
Құрметті Жақсылық Ақмырзаұлы!**

Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев 2008 жылғы 6 наурыздағы «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты Жолдауында: «Бүгінгі күні біздің денсаулық сақтау жүйеміз осы заманғы Қазақстан азаматтарының талаптарына қазірше сай емес... қазіргі кезде қолымыздағы инфрақұрылым да, медициналық қызметтің сапасы да әрі қызмет көрсетуді ұйымдастыру деңгейі де көңілден шықпайды» деген болатын. Шын мәнінде, бұл салада қолға алып, жедел шешетін мәселелер аз емес. Оны менен Сіз жақсы білесіз.

Менің айтайын дегенім: осыдан біраз жыл бұрын аудандық ауруханалар екіге бөлініп, әрқайсысы жеке құрылым ретінде қызмет істей бастаған-ды. Бүгін денсаулық сақтау саласындағы осы өзгерістің пайдасынан зиян болып отыр десек қателеспейтін сияқтымыз. Нақты айтар болсақ, бұл жаңалық денсаулық сақтау саласындағы қаржы ресурстарын тиімді пайдалануға кері әсерін тигізуде. Сондай-ақ, мамандардың айтуынша, медициналық қызметтің нақты құнын қымбаттатып жіберген. Қазір көптеген аймақтарда дәрігерлер жетіспейді. Егер медицина саласындағы құрылымдық мәселе жан-жақты ойластырылып, оңтайлы шешілсе, бұл проблеманың да жүгі сәл де болса, жеңілдер еді.

Құрметті Жақсылық Ақмырзаұлы, осы айтылғандарды ескере отырып, емдеу мекемелерін біріктіру мүмкіндігін қарастыруыңызды сұраймын.

*Құрметпен, Ж. Сүлейменов.*

2010 ж. 31. 03. жарияланды  
Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі  
К. Қ. Мәсімовке

**Депутаттық сауал**  
**Құрметті**  
**Кәрім Қажымқанұлы!**

Өзіңізге осы депутаттық сауалды жолдауыма Солтүстік Қазақстан облыстық ономастика комиссиясынан келіп түскен өтініш себеп болып отыр. Онда облыстық ономастикалық комиссияның Петропавл қаласындағы №20 қазақ орта мектебіне белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Жұмабек Ахметұлы Тәшеновтің есімін беру туралы шешім қабылдап, оны Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Мемлекеттік ономастика комиссиясына жібергені, алайда, содан бері едәуір уақыт өтсе де, әлі күнге ол жақтан хабар болмай тұрғаны айтылған.

Ж. А. Тәшеновтің есімі қазақстандықтарға жақсы мәлім. Ол республиканың саяси, экономикалық, мәдени дамуына басшылық жасаған жылдары қазақ мемлекетінің аумақтық тұтастығының сақталуына көп еңбек сіңірді, Қазақстан жерінде ядролық жарылыстар жасауға ашық қарсылық білдірді, бір сөзбен айтқанда, қайсар да өжет тұлға ретінде танылып, ұрпаққа үлгі-өнеге боларлық ұлтжандылық, отаншылдық қасиеттерін көрсете білді.

Ж. А. Тәшеновтің Петропавлға қандай қатысы бар дегенге келсек, ол 1944-1952 жылдары Солтүстік Қазақстан облысының партия комитеті хатшысының орынбасары, мал шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі, облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары, төрағасы болған. Жақсының ізі бұл жақта да сайрап жатыр.

Қазақта «Өлі риза болмай, тірі байымайды» деген сөз бар. Демек, ел алдындағы еңбегі аса зор асыл азаматтың есімін мәңгі есте қалдыру – бүгінгі ұрпақтың абыройлы борышы.

Құрметті Кәрім Қажымқанұлы, үстіміздегі жылы Ж. А. Тә-

шеновтің туғанына 95 жыл толғанын ескере отырып, солтүстік-қазақстандықтардың Петропавлдағы № 20 қазақ орта мектебіне оның есімін беру туралы өтініштерінің тезірек қанағаттандырылуына қолдау білдіруіңізді сұраймын.

*Құрметпен, Ж. Сүлейменов.*

31. 03. 2010 ж. жарияланды  
Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі  
К. Қ. Мәсімовке

**Депутаттық сауал**  
**Құрметті Кәрім Қажымқанұлы!**

Үстіміздегі жылдың ақпан айында Қызылорда облысының Жалағаш ауданында болған кезімде жергілікті тұрғындар денсаулық сақтау саласында қалыптасып отырған күрделі жағдайға назар аударған еді. Шынында да, мұндағы аурухана мен емхананың жағдайы еш сын көтермейді екен. 1998-1999 жылдары халықтың өз қаржысына шаруашылық әдіспен салынған аурухананың сырты да, іші де тозып тұр. Тұрғындардың өздерінің айтуларына қарағанда, ауруханаға жатып, ем-дом алу үшін апталап кезекке тұруға тура келеді. Емделіп жатқандардың да жағдайларынын маз емес екенін көзімізбен көрдік. Бөлмелер тар, желдеткіштер жоқ. Тіпті сырқаттар дәретханаға бару үшін де кезекке тұрады екен. Тізе берсек, осындай кемшіліктер толып жатыр.

Емханадағы жағдай да нақ осындай.

Жалағаш ауданында бүгінгі таңда 40 мыңнан астам халық тұратынын ескерсек, олардың бәрінің бірдей облыс орталығына барып емделе алмайтыны түсінікті. Сондықтан бұл мәселе неғұрлым тез шешілсе, халықтың да көңілі соғұрлым тезірек жай табар еді.

Құрметті Кәрім Қажымқанұлы, Жалағаш ауданы тұрғындарының өтінішіне құлақ асып, мәселенің оң шешілуіне ықпал етуіңізді сұраймын.

Осы депутаттық сауалға жауапты белгіленген тәртіпке сәйкес жаз-баша беруіңізді сұраймын.

*Құрметпен,  
Ж. Сүлейменов.*

27. 01. 2010 ж. жарияланды  
Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі  
К. Қ. Мәсімовке

**Депутаттық сауал**  
**Құрметті Кәрім Қажымқанұлы!**

Жақында мен Солтүстік Қазақстан облысының Айыртау ауданындағы Ақан Серінің, кәдімгі атақты ақын, сұңғыла сазгер, Көкшенің баурайындағы сексен көлді толқытып ән шырқаған жезтаңдай әнші, есімі халқының жүрегіне мәңгілікке ұялаған Ақжігіт Қорамсаұлының ауылында болдым. Осыдан тура он жеті жыл бұрын ақынның туғанына 150 жыл толуы қарсаңында кіндік қаны тамған жерге бүкіл елдің күшімен алпыс үйлі ауыл тұрғызылғанынан хабарым бар еді. Ауыл болғанда қандай: жағалай қайың - терегі аралас орман қоршаған, бейнесі екі қабатты сан алуан жобалы әсем үйлермен айшықталған, жүз елу балаға арналған жаңа мектебі, поштасы, дүкені, моншасы, қонақ үйі, Мәдениет үйі, бассейні бар, басқа да тұрмысқа қолайлы нысандары бой түзеген ғажайып мекен!

Ал оның бүгінгі келбетінен адам шошырлықтай, жау шауып кеткен сияқты: көптеген үйлердің үйіндісі ғана жатыр, мектеп үйі қаңырап бос тұр, биыл мұнда төрт-ақ бала оқып жатыр. Үлкен жолдан небәрі үш шақырым жерде орналасқан ардақты ақынымыздың ауылы осындай халге душар болса, басқа ауылдар туралы не айтуға болады. Мұның өзі біздің елімізде әлі күнге ауылдардың өгей баланың күйін кешіп келе жатқанын көрсетеді.

Обалы не керек, ауыл мәселесін Парламент депутаттары жиі көтереді. Алайда, құр шырылдағаннан не пайда, айтылған сөзге құлақ асып жатқан ешкім жоқ. «Сенің жырың жырлайтыным өмірде, сенің мұның мұндайтыным өмірде» деп Бейімбет Майлин айтқандай, ауыл тағдыры мәңгілік тақырыпқа айналып бара жатқан сияқты. Бірақ, солай екен деп бұл мәселені жылы жауып қоюға тағы болмайды. Әлі ді

кеш емес, билік ауылға бетін бұрып, нарықтың елең-алаң шағында жіберген қателіктерін түзеуі керек.

Бұл орайда Үкіметке Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың ауылдың өркендеуі – мемлекетіміздің өркендеуі, ауылдық аудандардың мұқтаждықтарына назар аудару қажет. Ауыл инфрақұрылымын дамытуға мемлекет бөлетін қаржыны тиімді пайдалануға күш-жігер жұмсауымыз тиіс. Қазір жұмысты қаладан емес, ауылдан іздеу керек, дағдарыс жағдайында бізді асырайтын – ауыл. Ауылда таза ауыз су, жөнделген жолдар, аурухана және мектептер болмаса, еліміздің бәсекеге қабілеттілігі туралы сөз қозғаудың өзі қиынсыз, деген сөздері бағыт-бағдар болуы керек.

Ресми деректер соңғы 10-15 жылда ауылын тастап қалаларға көшіп кеткен жандардың саны 2 миллионға жетіп жығылады дейді. Халық неге ауылдан үдере көшіп жатыр? Менің ойымша, бұл мәселені ойдағыдай шешу үшін ең алдымен халық ауылдан неге безінді, осының себептерін анықтауымыз керек. Бәрі нарықтан басталды ғой. Нақ сол кезде бәрін, оның ішінде ішкі көші-қонды да нарық реттейді деп, халықты қайнап тұрған қазанға салып жібергендей болдық. Оның арты жергілікті жерлерде әлеуметтік тұрмыстың нашарлауына, жұмыссыздықтың белең алуына әкеліп соқтырды. Бір сөзбен айтқанда, тығырыққа тірелген халық не істерлерін, қайда барарларын білмей сенделіп қалды. Амалы таусылғандардың дені қаланың жұмыссыздары мен баспанасыздарының қатарын толықтырды. Олардың қандай халде екендері белгілі. Ол жайында бұрынғы сауалдарымда сан мәрте айтқандықтан қайталамай-ақ қояйын. Базар, вокзал жағалап күндерін көріп жүргендердің қатары көбеймесе, азаяр емес.

Ауылды көтеру үшін бірінші кезекте жол мәселесін шешу керек. Жол болмаған соң көптеген ауылдардың тұрғындары облысты былай қойғанда, аудан орталығына жете алмай, бейнетке белшеден бату-да. Сонау кеңес заманынан бері жөнделмеген жолдармен жүру тіпті мүмкін емес. Сондықтан ауылдардың жолдарын жөндеуге арнайы қаржы бөлу, «Жол картасы» бағдарламасына енгізген жөн болар еді.

Сондай-ақ ауылға деген құрмет — мемлекеттік идеологияның басты қазығына айналып, ауылды жерде қызмет істейтін бюджет қызметкерлерінің, ең әуелі мұғалімдердің, дәрігерлердің, әлеуметтік

саланың мамандарының еңбекақыларын көбейту және арнайы жеңілдіктер қарастыру қажет.

Бір сөзбен айтсақ, бізге ауылды құтқаруға арналған, әлі де көшіп жатқан ауыл тұрғындарын тоқтатып, тұрақтандыруды, мектептерді сақтауды, бос қалып жатқан елді мекендерді қайтадан жанға, өріс-жайлауларды малға толтыруды мақсат еткен жаңа бағдарлама қажет.

«Нұрлы көш» бағдарламасы да ауыл өмірін жаңғыртуға қызмет етуге тиіс. Қазір көптеген облыстарда қалалардың маңынан оралмандарға ауылдар салынуда. Мұндай қуыршақ ауылдарда жер жетпегендіктен егін өсіріп, мал өргізу оңай болмайды. Егер оралман бауырларымызды жай да халық тығыз орналасқан ірі қалалар мен облыс орталықтарының іргелеріне шоғырландырмай, оларға ауылдықтар онсыз да ағылып көшіп келіп жатыр, жайылым-суы мол бос немесе жартылай бос қалған қоныстарға бөліп-бөліп орналастырса, каншама елді мекендерге қайтадан жан бітер еді. Мәселе осылай шешілген жағдайда өздерін мемлекетке еш керегі болмай айдалада қалған адамдардай сезініп, аз ғана малымен жан сақтап отырған ауыл тұрғындарының үміті қайта тұтанып, мал басын көбейтіп, адамдарды жұмыспен қамтуға, сондай-ақ, қалаларға кетіп, берекесіз істерге жегіліп, әркімдерге бір жалданып, үйсіз-күйсіз жүрген жастарды ауылға, үйлеріне қайтарып, тұрақтандыруға, сөйтіп бала азайып, жабылу қаупі төніп тұрған мектептерді сақтап қалуға мүмкіндік туады.

Шағын ауылдардағы мектептердің жағдайы – бұл өзі жеке сауалға жүк болғандай, бүгін емдемесе, ертең жарылып кететін бітеу жара іспетті аса күрделі мәселе. Қазір шағын ауылдардағы мектептерде білікті ұстаздар қалмады десе де болады. Содан да көптеген мектептерде математика, информатика, шет тілі сияқты пәндерден арнайы даярлығы жоқ адамдар сабақ беруде. Халқымыздың жартсына жуығы ауылда тұрады. Олардың балалары осындай шала-жансар мектептерде оқып жатыр. Сонда олар ертең кім болып шығады, қатарға қосылып, өмірден лайықты орындарын таба ала ма? Осы сауалдар баршамызды ойландыруға тиіс.

Ауыл – қазақ руханиятының, мәдениетінің, дәстүрлі шаруашылықтың қайнар көзі, қазақтың жаны мен жүрегі, ұлттың ұйысуына қажетті құндылықтар шоғырланған жер. Халықты асырап отырған да сол ауыл еңбеккерлерінің жанкештілікпен өндіріп отырған өнімі

— астығы, еті, сүті. Олай болса, мына ұлан-байтақ даласында егін өсіріп, төрт түлік малын өргізбей қазақтың өмірінің мәні де, сәні де болмайды. Ауылды түлету, ауыл шаруашылығын өркендету халқымыз бен Отанымызды көркейту деген сөз. Ауыл мәселесін шешу арқылы ғана Қазақстан бәсекелестікке қабілетті елдердің санатына қосыла алады.

Құрметті Кәрім Қажымқанұлы!

Осы айтылғандарды негізге ала отырып, шағын ауылдарды, олардың ішінде Ақан Сері ауылы да бар, сол ауылдардағы мектептерді сақтап қалуға, дамытуға, ішкі көші-қонды жетілдіруге бағытталған іс-шаралар белгіленіп, жүзеге асырылуын қамтамасыз етуіңізді сұраймын.

*Құрметпен, Ж. Сүлейменов.*



17. 02. 2010 ж. жарияланды  
Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі  
К. Қ. Мәсімовке

**Депутаттық сауал**  
**Құрметті Кәрім Қажымқанұлы!**

Әңгіме Байқоңырға қатысты болып отыр. Бұл мәселені сол өңірде болған, сол өңірден сайланған әріптестерімнің көтергеніне еш күмәнім жоқ. Алайда, «баяғы жартас, бір жартас» дегендей, айтылған сөз, орынды тілек бір құлақтан кіріп, бір құлақтан шығып кетіп жатса, ескерілмесе, амал жоқ, сол айта-айта ажары кеткен әңгімеге қайта ораласың. Байқоңырдағы 6 қазақ мектебіндегі (олардың арасында қазақ әдебиетінің классигі, ұлы жазушы Мұхтар Әуезов атындағы орта мектеп те бар) оқитын алты мыңнан астам бала әлі күнге Ресей мемлекетінің бағдарламасы бойынша білім алуда.

Міне, менің қолымда бастауыш мектептің 2-сыныбына арналған «Бізді қоршаған әлем» деп аталатын оқулық отыр. Кітаптың беташарында «Орыс тіліндегі түпнұсқасын Ресей Федерациясының Білім және ғылым министрлігі, ал қазақ тіліндегі аудармасын Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі ұсынған» деп жазылған. Кітапты шығарған Алматыдағы «Просвещение – Қазақстан» баспасы. Кітап «Біз қайда тұрамыз?», «Табиғат», «Қала және ауыл өмірі» деген үш бөлімнен тұрады.

Иә, біз қайда тұрамыз? Нақтырақ айтсақ, Байқоңырдағы қазақ мектептерінде оқып жатқан балалар қайда тұрады? Оның жауабы 6-бетте берілген: біздің қасиетті мекеніміз – Ресей. Оқушы осы беттен Ресей Федерациясының елтаңбасымен, жалауымен, әнұранымен танысады. Әрі қарай парактасаңыз, Сережа мен Надяның кейпіне еніп, Ресейдің тау-тасын аралап кетесіз. Қазақстан туралы бірауыз сөз жоқ. Басқа оқулықтар да дәл осындай, түп-тура аударма салған. Бұған кімнің басы жеткенін бір Алла біледі. Біз Байқоңырмен бірге Ата Заңмен қорғалатын қазақтың өзінің ана сүтімен дарыған төл тілін де білім алу құқығын да Ресейге жалға бермеген шығармыз. Олай болса, осындай сорақылыққа жол бер-

ген Білім және ғылым министрлігі өз қателігін өзі неге жөндемейді?

Бұл арада басын ашып айтатын бір мәселе – жағдайдың осылай қалыптасып отырғанына Ресейдің еш кінәсі жоқ. 1998 жылғы 28 наурызда Мәскеу қаласында қол қойылған «Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы «Байқоңыр» ғарыш айлағын пайдаланудың негізгі принциптері мен шарттары туралы» келісімде мұндай жай қарастырылмаған.

Байқоңырдағы мектептерде оқитындар – қазақ балалары, сабақ беретіндер де – қазақтар. Сонда қалай? Біз оларды Қазақ мемлекетінің білім беру бағдарламасына сәйкес әзірленген оқулықтармен қамтамасыз ете алмай отырмыз ба? Әлде бұл «жаны ашымастың қасында басың ауырмасынның» кері ме?

Байқоңыр ғарыш айлағын жалға беруге қатысты Қазақстан мен Ресей арасында жасалған келісімнің 5-бабының 2-тармағында: Байқоңыр ғарыш айлағының аумағында есеп айырысудың заңды төлем құралы тек Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы ғана болып табылады деп жазылған. Байқоңырда болған кезімде бұл талаптың да орындалмай отырғанына көз жеткіздік, мұнда рубль теңгемен қатар қолданылуда.

Келісім бойынша Қазақстан Ресейге Байқоңырдың жылжымалы және жылжымайтын мүліктері мен сынақтық, технологиялық нысандарын жалға беріп отыр. Ал онда тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарының конституциялық құқықтары қамтамасыз етілуге тиіс. Біз келтірген мысалдар бұл орайда әлі де шешімін таппаған мәселелер бар екенін көрсетеді.

Байқоңырдан облыс орталығына қайтып келе жатқанда біз үлкен жолдың бойындағы Қорқыт атаның кешеніне соқтық. Жергілікті азаматтар «Тілек тілеуіңізге болады» – деді. Мен қасиетті бабамыздан ел-жұрттың, ағайын-туғанның, бала-шағаның амандығымен бірге Байқоңырда тұрып жатқан бауырларымызды, әлі оңы мен солын танып үлгермеген сәбилерді үйірінен адастырмауын, осыған жауапты адамдарды ақылға шақыруын сұрадым. Ал Сізден, құрметті Кәрім Қажымқанұлы, толғағы жеткен – Байқоңырдағы қазақ мектептерін Қазақстан бағдарламасына көшіру мәселесін түбегейлі шешуді, сондай-ақ, осында тұрып жатқан Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтарының мүлтіксіз қорғалуын қамтамасыз етуді сұраймын.

*Құрметпен, Ж. Сүлейменов*

*14. 04. 2010 ж. жарияланды  
Қазақстан Республикасының  
Мәдениет министрі  
М. А. Құл-Мұхаммедке*

**Депутаттық сауал  
Құрметті Мұхтар Абрарұлы!**

Үстіміздегі жылы өз заманында туған жерін әнмен тербеп, артына мол мұра тастап кеткен, 71 жасында қуғын-сүргіннің құрбаны болып итжеккенге айдалған, сол жақтан мәңгілік мекенін тапқан атақты әнші-композитор Үкілі Ыбырайдың (Ыбырай Сандыбаевтың) туғанына 150 жыл толады.

«Ыбырай Сандыбай баласы, түбі Қарауыл деген ел... Жас күнінде ескі оқумен имандығын білгендей оқу оқыған. Қолына домбыра алып, топ жарып өлең айтқан уақытта сегіз жасында екен... Таза тіл, таза сөз, өлеңі үйлесімді, мағынасы терең, бас-аяғы жинақы, ұғымға жеңіл болған... Жай өлеңге шеберлігі қандай болса, Ыбырай әнге де сондай шебер. Даусы өте зор кісі. «Жас күнінде даусымды сегіз шақырым жерден естіп бозбалалар іздеп келді» деп айтады. Әннің сарыны салқын, тыңдаушыны ауырлатып, денеңе салқындық береді. Құлағыңа дүниедегі мұң біткен естіліп, жаныңды қалжыратқандай болады. Әсіресе, дауыс құбылыстарында өз денеңді өзің билей алмай, отырған орныңнан әннің ырғағына қарай тербеліп кетесің. Ыбырайда көңілге күлкі кіргізер ән атымен жоқ. Бәрі де толқымалы толқын. Кемең суға батқандай, отарбаң соқтыққандай ән артынан ауыр ойға қаласың». Бұл менің сөзім емес, халқына бір өзі бір кітапханалық мұра қалдырған кәдімгі Сәбит Мұқановтың берген бағасы.

Туса егер өнерлі елдің бақтарына,  
Білім ап жүрсе бәрі баптарында,  
Біржан сал, Ақан сері, Ыбырайлар  
Алмас еді Шаляпинді қапталына»

– деп Үкілі Ыбырайдың өнерін Сәкен Сейфуллин де аса жоғары бағалаған.

Ал Үкілі Ыбырайдың өзі болса:  
«Өлеңмен екі өкпенді қалқытайын,  
Қорғасындай дененді балқытайын,  
Біржаннан алып қалған әнім еді.  
Азырақ «Шалқымамды» шалқытайын»

– деп Біржан сал, Ақан сері сияқты саңлақтарды пір тұтады. Біржан сал Ыбырайды өзімен таныстырған Ақан серіге: «Ақанжан-ай, ертіп келген шәкіртіңе қанықтым, қазақта жылқының перісі Құлагер болса, ақынның перісі осы екен. Ендігі Біржандарың – Ыбырай, соны тыңдаңдар», – деп Ыбырай отырған жерде өзі ән салмаған деген сөз бар.

Сөз нөсерін төккенде, қыран құстай самғайтын, халқы Үкілі Ыбырай деп ардақтаған Ыбырай Сандыбаевтың еліне сіңірген еңбегі еш дау туғызбайды. Ол қазақтың көрнекті ақыны, мемлекет және қоғам қайраткері Кәкімбек Салықовтың тілімен айтсақ, «Ұлы композитор, алдына жан салмай өткен дүлдүл әнші».

Алайда, оның есімі еленіп, құрметке бөленіп жатқаны шамалы. Астананы былай қойғанда, өзінің туған жері Солтүстік Қазақстан облысында да оның атына не бір ауыл, не бір мектеп, не бір көше бұйырмаған.

Құрметті Мұхтар Абрарұлы, қазақта «Ештен де кеш жақсы» деген сөз бар. Осыны ескеріп Үкілі Ыбырайдың өмірі мен шығармашылығын зерттеу, насихаттау, есімін мәңгі есте қалдыру жұмыстары қолға алынса, нұр үстіне нұр болар еді.

*Құрметпен, Ж. Сүлейменов.*

31. 03. 2010 ж. жарияланды  
Қазақстан Республикасының  
Бас прокуроры  
Қ. А. Мамиге

**Депутаттық сауал**  
**Құрметті Қайрат Абдразақұлы!**

Бұл өзі теріскейдегі ат төбеліндей аз қазақты ғана емес, ел тарихын, жер тарихын қастерлейтіндердің бәрін ойландырып, толғандырып, бүйіріне тастай батып жүрген, толғағы жеткен, басы ашық, дау туғызбайтын мәселе деп ойлаймын. Әңгіме көнс қала Қызылжарға тарихи атауын қайтару жайында болып отыр.

Солтүстік Қазақстан облысының әкімшілік орталығы - Петропавлды Қызылжар деп атау туралы әңгіме бүгін ғана көтеріліп отырылған жоқ. Ақын-жазушыларымыздың тамыры тереңге бойлайтын еңбектерінде кездесетін деректерді былай қойғанда, Петропавл өткен ғасырдың басында нақты айтсақ, 1925 жылы ресми түрде Қызылжар деп аталған. Міне, осы кезде Қазақстанның астанасы – Қызылордадан, үкімет орындарынан жолданған хаттарда қаланың бұрынғы Петропавловск деген орысша атауы тоқтатылып, «Қызылжар» деп жазыла бастады.

Зер салып қараған адам бұл өзгерістің тегін еместігін байқауға тиіс. Әйтпесе, Халық ағарту комиссариатында отырған басшы қызметкерлер Петропавл деген ресми қала атын өз беттерімен өзгерте алар ма еді? Ол аз болса, нақ осы кезде елдің бас газеті «Правда» Петропавлдың «Қызылжар» болып өзгергені туралы хабар жариялаған. Бұған 1925 жылғы шілденің 18-інде Ақмола губерниялық атқару комитеті (ол кезде Қызылжар осы губернияның орталығы болған) төралқасының Петропавлды ресми түрде «Қызылжар» деп атау туралы қаулы қабылдауы, оны Қазақ Республикасы орталық атқару комитетінің бекітуі негіз болған. Бұл құжаттың түпнұсқасы Мәскеудегі Бүкілодақтық орталық атқару комитетіне, көшірмесі Қызылжарға жіберілген.

Бұл жөнінде белгілі журналист Жақсыбай Самрат «Егемен Қазақстан» газетінде сан мәрте, егжей-тегжейлі жазған болатын. Ресей мемлекеттік мұрағатында сақталған құжаттарға сүйенсек, Қазақ Республикасы орталық атқару комитеті Мәскеудегі Бүкілодақтық орталық атқару комитетіне хат жолдайды. Атқару комитетінің сол кездегі төрағасы Мыңбаев пен хатшысы Аралбаев қол қойған құжатта «Қызыл - Жар» атауының қалаға қазақ халқының ежелден қойған төл атауы екендігі атап көрсетілген.

Бұл ресми хат Бүкілодақтық орталық атқару комитетіне 1925 жылдың 30 қыркүйегі күні түседі. Ал 2 қазан күні Бүкілодақтық орталық атқару комитеті оны әкімшілік комиссиясының қарауына жібереді. Алайда әкімшілік комиссиясы бұл мәселенің қаралуын созбаққа салып, үн-түнсіз жатып алады. Осыдан кейін 29 қазан күні Бүкілодақтық орталық атқару комитетінің Ұлттар бөлімінің хатшысы Юмакаев деген кісі әкімшілік комиссиясына Петропавловск қаласын Қызылжар деп атау туралы істің жайын жедел хабарлауыңызды сұраймыз деп телефонограмма жолдайды.

Ресей мұрағатынан осы іске байланысты алынған құжаттардың арасында әкімшілік комиссиясының Қазақ Республикасы орталық атқару комитетінен жолдаған ұсынысты қараған хаттамасы жоқ болып шықты. Соған қарағанда, бұл мәселе комиссияда қаралмаған. Ал жауапты әкімшілік комиссиясының төрағасы Делобродов пен хатшысы Троицкийдың сыртынан «көшірмесі дұрыс» деп жазып, белгісіз біреу жібере салған. Осының өзі күдік туғызады. Өйткені, онда әкімшілік комиссиясы басшыларының фамилиялары көрсетілгенімен, колдары жоқ. Мұндайда түпнұсқа құжаттың өзі жіберілуі керек еді ғой. Және бір түсініксіз жай, жауап хаттың тағдырына алаңдап, қайта-қайта сұрау салып жатқан тиісті жерге жіберілмей, Қазақстанның Мәскеудегі өкілдігіне жолданған.

Міне, ұлтымыз үшін маңызы аса зор мәселенің тағдырын әлдекімдер осылай атүсті шеше салған. Осыған орай еліміздің бас газеті – «Егемен Қазақстан» «Тәуелсіз еліміздің Үкіметі Қазақ орталық атқару комитетінің 1925 жылғы 19 қыркүйектегі қаулысының негізінде Петропавлдың атауын Қызылжарға өзгертсе оның ешқандай заң бұзушылығы болмас еді деп ойлаймыз. Өйткені, Қазақ КСР-нің заңды ізбасары емеспіз бе? Ол құрыған жоқ, Тәуелсіз Қазақстан Ре-

спубликасына айналды. Оның қабылдаған құжаттары күшін жойған жоқ» деп жазады.

Бұл тұжырымның жаны бар. Шынында да, Мәскеуді айтпағанның өзінде, республика болсын, автономия болсын, 1925 жылы қазақ жерінде қабылданған қаулыны ешкім бұзған жоқ. Демек, оның заңды күші сақталған деуге толық негіз бар. Заңгерлер де осыны айтады.

Құрметті Қайрат Абдразақұлы!

Осы қалыптасып отырған құқықтық жағдайға баға беруіңізді, талап орынды деп танылар болса, күші жойылмаған қаулының қолданысқа енуіне қозғау салуыңызды сұраймын.

*Құрметпен,  
Ж. Сүлейменов.*

**Депутаттық сауал**  
**Құрметті Кәрім Қажымқанұлы!**

XX ғасырдың аяғында қазақ халқының тілі мен мәдениеті жойылып, құрып кетудің аз-ақ алдында қалғаны баршаға белгілі. Демек, ұлтымыздың туған тілдің жоғын жоқтап, мұнын мұндап, туын биік желбіретуге ұмтылысы – заңды құбылыс.

Ана тілінің уызына жарып өскен, оның қадір-қасиетін бір адамдай білетін Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев өзінің “Тарих толқынында” деп аталатын кітабында: “Дауға салса алмастай қиған, өмірдің кез келген орайында әрі қаруы, әрі қалқаны болған, әрі байырғы, әрі мәнгі жас, отты да ойнақы ана тілінен артық қазақ үшін бұл дүниеде қымбат не бар екен? Әрине, одан қымбат ештеңе жоқ деп айтуға болады. Ғасырлар бойы қазақтың ұлт ретіндегі мәдени тұтастығына ең негізгі ұйытқы болған – оның ғажайып тілі” деп жазған болатын. Республика Президенті 1998 жылдың 8 желтоқсаны күні қол қойған “Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы” Заңның 4 -бабында: “Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы. Үкімет, өзге де мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдар Қазақстан Республикасында мемлекеттік тілді барынша дамытуға, оның халықаралық беделін нығайтуға міндетті”, – деп атап көрсетілді. Көріп отырсыздар, Президент тарапынан қамшылау аз болып жатқан жоқ.

Ал оның нәтижелеріне келсек, мемлекет тарапынан тұрақты көңіл бөлінуі нәтижесінде қазақ тілінің қалыптасу және оны дамыту процесі қоғамда барған сайын бұқаралық қолдау тауып, өрге басуда. Мемлекеттік тілдің қажеттілігі мен қолданылу аясы айтарлықтай



кеңейіп, оны дамытудың тиісті заңнамалық, институттық және әдістемелік базасы жасалды. 2005 жылдан бері Мәдениет және ақпарат министрлігінің Тіл комитеті жұмыс істейді. Мемлекеттік тілді жеделдетіп оқытудың республикалық орталығы ашылды. Қазір бүкіл ел бойынша қазақ тілін үйрететін 64 орталық бар болса, 2011 жылы олардың санын 120-ға жеткізу жоспарланып отыр. Жер-жерлерде қазақ тілінде оқытатын мектептер мен балабақшалар ашылуда. Бүгінде мемлекеттік тілде мектеп оқушыларының 61 пайызы білім алуда. 25 мыңнан астам ұлты қазақ емес оқушы қазақ мектептеріне тәлім-тәрбие алып жүрсе, 20 мың бала қазақ балабақшаларына барады. Мұнымен қатар, екі жүз жексенбілік мектепте жеті мыңнан астам түрлі ұлт балалары қазақ тілін үйренуде.

Әрине, жоғарыда келтірілген деректер “Тіл туралы” Заң қабылданғаннан бергі жиырма жыл үшін соншалықты мақтан етерліктей көрсеткіш болмағанымен, көңілге “Қазақстанның... мемлекеттік тілді дамытуға бағытталған дәйекті ойластырылған саясаты” арқасында қазақ тілін насихаттау, үйрету бағытындағы жұмыс осы қарқынмен жүргізіле беретін болса, болашақта бұл көрсеткіштер ұлғая түседі деген үміт ұялатады.

Ол үшін билік те, атқарушы органдар да, жалпы жұртшылық та бұл көрсеткіштерді ұлғайтудың бар амалдарын қолданулары керек. Осыған орай мемлекеттік тіл аясын кеңейте түсудің тағы бір тиімді амалына осы уақытқа дейін жеткілікті дәрежеде көңіл бөлінбей келе жатқанына назар аударғымыз келеді. Ол туралы Елбасымыз осыдан он жыл бұрын: “... ана тіліміздің қолданылу ауқымын кеңейту амалдарының бірі – бүкіл республика көлемінде үлкен мәжілістерді ілеспе аудармамен қамтамасыз ете отырып, қазақ тілінде жүргізуге көшу” дей келіп, орталық және жергілікті атқарушы органдардың басшыларына кеңестер мен жиналыстар өткізілетін орындарда ілеспе аударма құралдарының болуын қамтамасыз ету жөнінде тапсырма берген еді.

Алайда осы тапсырма мүлтіксіз орындалуда, барлық жерде бірдей мәдени-көпшілік іс-шаралар тиісті ілеспе аудармамен қамтамасыз етілуде дей алмаймыз.

Сөз жоқ, қазіргідей өтпелі кезеңде ілеспе аударма бар болса, қазақ тілді шешен кез келген жиында ана тілінде ой толғап, сөз

сөйлей алар еді. Өзірше бұған бізде барлық жерде бірдей жағдай жасалып отырған жоқ. Оның үстіне ілеспе аударманы жүзеге асыратын негізгі тұлға – ілеспе аудармашыларды даярлау өз деңгейінде емес. Бүгінгі таңда елімізде ондай мамандық иелерінің тапшылығы айқын сезіліп отыр. Содан да кей жағдайларда ілеспе аудармашылық міндетті әр мемлекеттік мекеменің іс қағаздарын орысшадан қазақшаға аударып отырған мамандар жүзеге асыруға мәжбүр болуда. Әрине, бұл арада аударма сапасы туралы сөз қозғаудың өзі қисынсыз.

Өйткені, бір тілден екінші тілге аударма жасай алатын кез келген адам ілеспе аудармашы бола алмайды. Ілеспе аударма – аударма атаулының ішіндегі ең күрделісі. Оны игеру үшін адамның бойында өзін басқалардан кәсіби тұрғыда ерекшелендіретін екі тілді де жетік білуі, жазбаша да, ауызша да аударма жасай алуы, шешендік қабілеті және әдеби дарыны ұштасып жатуы сияқты көптеген қасиеттер болуы керек. Бізде ілеспе аудармашылар еш жерде оқытылмаса ондай қасиеттер қайдан пайда болады. Елбасының он жыл бұрын берген тапсырмасын жүзеге асыратын мезгіл жетті деп ойлаймыз.

Елімізде ілеспе аудармашыларды даярлау ісінің қолға алынбауы, қазақ тілінің үлкен жиындар тіліне айналуына белгілі бір дәрежеде тежеу салып отырғанына да назар аударғымыз келеді. Ілеспе аудармашылардың аздығы, қазақ тілінен тікелей шетел тілдеріне аударатын аудармашылардың жеткіліксіздігі қазақ тілді саясаткерлердің ана тілімізде еркін сөйлеп, сұхбат жүргізуіне қолбайлау болуда.

Құрметті Кәрім Қажымқанұлы!

Жоғарыда айтылған жайларды ескере отырып, мемлекеттік тілді дамытудың тиімді амалдарының бірі – ілеспе аударманы дамытуға қажетті ұйымдық-техникалық шаралардың ойдағыдай жүзеге асырылуына, ілеспе аудармашылар даярлау ісінің жаңа сапалық деңгейге көтерілуіне оң ықпал етуіңізді сұраймын.

*Құрметпен, Ж. Сүлейменов.*

21. 10. 2009 ж. жарияланды  
Қазақстан Республикасының  
Ішкі істер министрі  
С. Н. Баймағанбетовке

**Депутаттық сауал**  
**Құрметті Серік Нұртайұлы!**

Менің осы сауалды өзіңізге жолдауыма себеп болып отырған жай – таяуда – Қызылорда қаласында орын алған оқиға. Жәбірленуші – республикалық «Айқын» газетінің тілшісі Миуа Байназардың айтуына қарағанда, мәдени шараға қатыспақ болып екі сәбиін жетелеп театрға келген оны кіре берісте полиция қызметкерлері қарсы алып, «Сіз массыз» деп ішке кіргізбейді. Ол ол ма, қызды-қыздымен соқталдай-соқталдай жігіттер дүйім жұрттың алдында тілшінің қолын бұрап, сәбилердің шырылдап жылағанына қарамастан, көкпар тартқандай қылады. Бұл – барып тұрған сорақылық «Ет сасыса тұз себем, тұз сасыса – не себемнің кері». Полицейлер газетке сын жазды деп, әкім айтты екен деп (Мүмкін әкім оларға ондай тапсырма бермеген де шығар?) өздерінің кәсіби міндеттерін адал атқарып жүрген журналистердің көзін шығарып, басын жара берсе не болады?

«Бетің қисық болса, айнаға өкпелеме» дегендей, істегі кемшіліктерді ашып көрсетті, қалың елге жария етті деп журналисте өшігу, оған күш қолдану – бұл, сайып келгенде, Қазақстан Республикасы Конституциясының Заң алдында жұрттың бәрі тең, адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайды, зорлық-зомбылық жасауға, басқадай қатыгездік, жәбір көрсетуге болмайды деген баптарын белден басу болып табылады.

Құрметті Серік Нұртайұлы! Осы айтылғандарды негізге ала отырып, істің анық-қанығына жетуіңізді және журналиске күш қолданған полиция қызметкерлерінің әрекетіне баға беруіңізді сұраймын.

Осы депутаттық сауалға жауапты белгіленген тәртіпке сәйкес жазбаша берулеріңізді сұраймын.

*Құрметпен, Ж. Сүлейменов.*

## **«АЙҚЫННЫҢ» ТІЛШІСІНЕ ҚЫСЫМ КӨРСЕТКЕНДЕР ҚЫЗМЕТТЕН КЕТТІ**

«Нұр Отан» демократиялық-халықтық партиясы жанындағы Жемқорлықпен күрес жөніндегі республикалық қоғамдық кеңестің ХІ көшпелі отырысында кеңес төрағасы, сенатор Оралбай Әбдікәрімовтің жетекшілігімен және Ішкі істер министрінің қатысуымен, «Айқын» газетінде жарияланған мақала жөнінде арнайы мәселе қаралған болатын.

Енді міне, айтылған сыннан қорытынды шыққаны жөнінде Қызылорда облыстық ішкі істер департаменті ӨҚБ-ның бастығы С. Тоқтыбасвтың атынан «Айқын» газетіне арнайы хат келді. Біз аталған жауапты сол қалпында өзгертпей жариялап отырмыз.

«2009 жылдың 17 қазанында республикалық «Айқын» газетінде «Айқын» газетінің аймақтағы тілшісі полицейлермен қалай айқасты?» тақырыбында жарияланған мақалаға байланысты, яғни 23. 09. 2009 жылы Н. Бекежанов атындағы музыка драмалық театрда өтетін мерекелік шараға ресми қонақ ретінде келген республикалық «Айқын» газетінің аймақтағы тілшісі М. Байназарованы негізсіз кіргізбей, заңсыз әрекеттерге жол берген полиция қызметкерлеріне қатысты алдын ала тексеру шараларын жүргізген облыстық ішкі істер департаментінің өзіндік қауіпсіздік басқармасымен қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы шешім қабылданды. Тексеру нәтижесі, сонымен қатар Қызылорда ОПД Қоғамдық қауіпсіздік басқармасының бастығы Б. Әбжапбаров, Қызылорда ҚІБ-ның қызметкерлері Қ. Зарбат, Р. Шерментаев, Қ. Жұбаев, Ә. Сыздықов және Қ. Жақыповтың тәртіптік жауапкершілігін шешу үшін қызметтік тексеру жүргізіліп жатқандығы жөнінде М. Байназарова 28. 10. 2009 жылы (ОПД-нің № 18/-1544 санды қатынас қағазы) хабардар етілді. Жүргізілген қызметтік тексерумен М. Байназарованың арызымен қоса, облыстық «Қызылорда Таймс» газетінде жарық көрген «Полицейская премьера» және республикалық «Айқын» газетінде «Айқын» газетінің аймақтағы тілшісі полицейлермен қалай айқасты?» тақырыбындағы

мақалалар мен Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Ж. Сүлейменовтің ҚР ПМ-ге жолдаған депутаттық сауалы да қамтылды.

Қорытындысы, 04. 11. 2009 жылы ОПД-нің бастығы Ә. Әбжановтың төрағалық етуімен жедел кеңесте талқыланып, жедел кеңес шешімі негізінде департамент бастығының 05. 11. 2009 жылғы № 366 ж/қ бұйрығымен ОПД-і Қоғамдық қауіпсіздік басқармасының бастығы Әбжапбаров Бағдат Әбшекенұлы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің 07. 06. 2005 жылғы №342 бұйрығының 2-бөлімінің 3-тармағының талаптарын өрескел бұзушылыққа жол беріп, нәтижесінде қарамағындағы полиция қызметкерлерімен М. Байназарованың арасында орын алған жанжалды ушықтырмау жөнінде тиісті басшылық шешім қабылдамай, М. Байназарованы жоғарғы инстанцияларға шағымдануға мәжбүр етіп, республикалық және облыстық басылым беттерінде полицияның беделін түсіріп, қоғамның полиция жұмысына деген теріс көзқарасын қалыптастыратын мақалалардың жариялануына әкеліп соқтырғаны үшін және берілген баянатына байланысты «атқарып отырған қызметінен босатылды», Қызылорда ҚІБ-ның Қоғамдық қауіпсіздік бөлімінің инспекторы Жұбаев Қайрат Айдынбайұлы және осы бөлімнің учаскелік полиция инспекторы Зарбат Қанатбек Маратбекұлы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің 07. 06. 2005 жылғы №342 бұйрығының 2-бөлімінің 3-тармағының талаптарын өрескел бұзып, нәтижесінде 23. 09. 2009 жылы Н. Бекежанов атындағы драмалық театрда өткен мерекелік шараға ресми түрде шақырылған М. Байназарованы негізсіз кіргізбей, екі тарап арасында жанжал туындауына жол бергендері үшін «атқарып отырған қызметтерінен босатылып, департаменттің қарамағына алынды».

Және де қарамағындағы қызметкерлермен күнделікті қызмет өткеру кезінде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің 07. 06. 2005 жылғы №342 бұйрығының талаптарын сақтау жағдайына сұраныс орнатпай, тиісті ведомстволық бақылау деңгейін әлсіретіп, нәтижесінде қарамағындағы қызметкерлердің азаматтармен қарым-қатынаста сыпайылық таныта алмай,

бұқаралық ақпарат құралдары тарапынан сынға ұшырағандары үшін осы басқарма бастығының қызмет жөніндегі орынбасары Ұ. Искаковқа және Қоғамдық қауіпсіздік бөлімінің бастығы А. Бақытжановқа қатаң ескертілді.

Алдағы уақытта полиция қызметкерлері тарапынан азаматтармен сыпайы қарым-қатынаста болу жағдайын одан әрі нығайта отырып, келеңсіз жағдайларға жол бермеу мақсатында барлық ішкі істер органдарының жеке құрамы арасында, әсіресе, сыртқы қызмет салаларының әрбір қызметкерімен Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің 07. 06. 2005 жылғы № 342 бұйрығының талаптарын қайта оқыту бойынша арнайы сабақтар өткізіліп, нәтижесімен сынақтар қабылданды».

*«Айқын» газеті,  
21 қараша 2009 жыл.*

09. 12. 2009 ж. жарияланды  
Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі  
К. Қ. Мәсімовке

**Депутаттық сауал**  
**Құрметті Кәрім Қажымқанұлы!**

Жақында аймақта болып, сайлаушылармен кездескенде Айыртау ауданының тұрғындары өздерін Арықбалықтағы аурухана жабылады деген хабардың алаңдатып отырғанын айтқан еді. Іле аудандық мәслихаттың хатшысы Қ. Хамзин мен облыстық мәслихаттың депутаты В. Васильевтің менің атыма хат жолдағанына қарағанда, бұл жай әңгіме емес сияқты.

Бұрын аудан орталығы болған Арықбалық – Солтүстік Қазақстан облысындағы ірі елді мекендердің бірі. Қазір аталмыш селолық округтің аумағында 16 мыңнан астам адам тұрып жатыр. Аурухана жыл сайын 800-дей адамға дәрігерлік көмек көрсетеді десек, олардың арасында көршілес селолық округтердің тұрғындары да аз емес. Ал енді осындай қызметі көптің көңілінен шығып отырған аурухананы жауып, халықты шалғайдағы Саумалкөлге шұбыртқанда кім не ұтады?

Сондай-ақ реформаны желеулетіп аталмыш аурухананы жапқысы келетіндер біраз адамның жұмыссыз қалатынын, мұның өзі жай да күрделі селодағы ахуалды бұрынғыдан да ушықтыра түсетінін ескермей отырған сияқты.

Егер аурухана жабылатын болса, осы маңайда көптеген елді мекендердің тұрғындары басқа жакқа қоныс аударуға мәжбүр болады. Бұл мектептердегі балалар саны азаяды деген сөз. Соның салдарынан шағын мектептер жабылып, дәрігерлермен бірге мұғалімдер де басқа жактан жұмыс іздеуге мәжбүр болуы мүмкін. Ал осындай жағдайда өңірге оралмандарды қоныстандырамыз деудің өзі бос әурешілік болып шықпай ма?

Құрметті Кәрім Қажымқанұлы, қолда барды жабу, бұзу

оңай болғанмен, қалпына келтіру жеңіл іс емес. Осы жайларды ескеріп, Айыртау ауданы тұрғындарының өтініш-тілегін аяқсыз қалдырмауыңызды сұраймын.

Осы депутаттық сауалға жауапты белгіленген тәртіпке сәйкес жаз-  
баша беруіңізді сұраймын.

*Құрметпен, Ж. Сүлейменов.*



22. 09. 2010 ж. жарияланды  
Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі  
К. Қ. Мәсімовке

**Депутаттық сауал**  
**Құрметті Кәрім Қажымқанұлы!**

Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері өшкеніміз жанып, өлгеніміз тіріліп жатыр. Оған, әрине, тәубе дейміз. Алайда, әлі шешілмеген мәселелер де аз емес. Мысалы, Солтүстік Қазақстан облысының орталығы – Петропавл қаласына байырғы Қызылжар атауын қайтару туралы мәселе көтерілгелі көп болды. Тұңғыш Президентіміз – Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев қазақ тілді басылымдардың жетекшілеріне берген сұхбатында: «...Еліміздің зиялы қауымы біраздан бері Петропавл, Павлодар секілді қалалардың атауларын өзгертсек деген ұсыныстар айтып жүр. Ленинград, Сталинград, Ульяновск секілді қалалар, басқа да жер аттары өзгеріп жатқанда, бұл да орынды ұсыныс шығар. Жергілікті әкімдіктермен, мәслихат депутаттарымен ойласып көру керек. Бұл да – елмен бірігіп, ақылдасып шешетін мәселе» – деп бәрімізді ақыл қосуға, ізденіске шақырған болатын. Содан бері ел тарихын, жер тарихын қастерлейтін жандардың жансебіл снбегінің арқасында біраз жайлар анықталды, Петропавлдың түпкі атауы Қызылжар екеніне көз жеткізілді.

Әріден бастасақ, 1663 – 1763 жылдар аралығында өмір сүрген «Елім-ай» дастанының авторы атакты Қожаберген жыраудың “Қызылжар” деген өлеңі табылды. Онда ақын «Көлденсең көк Есілдің жарқабағын, әкеміз Қызылжар деп атап кеткен» деп нақ осы арада әкесі – Толыбай сыншының “Қызылжар” атты қыстауы болғанын жырлайды. Демек, сол кезде-ақ осы өңірді тұрғылықты халық “Қызылжар” деп атаған. Ал оның кейін дін апостолдары – Петр мен Павелдің есімдерімен аталып кетуі Ресейдегі патша өкіметінің отаршылдық және орыстандыру саясаты салдарынан болған іс. Тағы бір дерек – үш

жүздің басын қосқан Абылай хан өзінің 1759 жылғы 22 қазанда әскер шебінің командирі, полковник П. А. Роденге жазған хатында қырғыздардың (қазақтардың) сауда-саттыққа араласуына жағдай жасау жөнінде өтініш білдіреді. Ресей үкіметі оның бұл тілегін қанағаттандырып, 1759 жылдың 22 желтоқсанында далалықтармен сауда-саттық жәрмеңкесін ашу жөнінде жарлық шығарады. Ел ішінде ол “Қызылжар жәрмеңкесі” деп аталады. Бұл мәліметті “Аблай настаивал на организации “сатовки” (места торговли) в крепости на Ишиме” деп белгілі қазақ ғалымы, тарих ғылымдарының докторы Е. Бекмаханов та растайды.

1925 жылы кеңес елі коммунистік партиясының бас газеті- «Правда» Петропавлдың «Қызылжар» болып өзгергені туралы хабар жариялаған. Өйткені, осы жылғы шілденің 18-інде Ақмола губерниялық атқару комитетінің (ол кезде Қызылжар осы губернияның орталығы болған) төралқасы Петропавлды ресми түрде «Қызылжар» деп атау туралы қаулы қабылдайды, оны Қазақ Республикасы орталық атқару комитеті (Сол кездегі республика Үкіметі) бекітеді. Бұл құжаттың түпнұсқасы Мәскеудегі Бүкілодақтық орталық атқару комитетіне, көшірмесі Қызылжарға жіберілген. Бұл құжаттар Ресей мұрағатынан табылды.

Қала атауын “Қызылжар” деп өзгертуге байланысты жергілікті “Мир труда” газетінде Андрей Бедный деген ақын “Красный Яр” деген өлеңінде тұрғындардың көңіл-күйін былай суреттейді:

Свет зори да грохот гулкий –  
В октябре и здесь раскрыл глаза  
А в залитых солнцем переулках  
Шли сегодня русский и казах.

У казаха губы лепетали, –  
Объяснил, что значит: “Кзыл – Джар”, –  
– Город был Петра и Павла, –  
А сегодня – он уж – “Красный Яр”.

Қазақ әдебиетінің қос алыбы Сәбит Мұқанов пен Ғабит Мүсіреповтің шығармаларынан да Қызылжар атауын жиі

кездестіреміз. Сәбит Мұқанов Шоқан Уәлиханов жайлы жазған “Аққан жұлдыз” деп аталатын тарихи романында Қызылжар атауы жайлы: “Бұл қаланың “Қызылжар” деп аталатын себебі – Есіл өзенінің топырағы қызғылт түсті жарына орнағандықтан екенін білеміз. » – деп түсініктеме береді. Ұлы ғалым Ш. Ш. Уәлихановтың өзі де еңбектерінде Қызылжар қонысын “Қарқаралы сыртқы округы болыстарының қыстаулары” деп көрсетеді. 1911 жылы осы өңірде болып зерттеу жұмыстарымен айналысқан тау-кен инженері А. П. Нифонтов та өзінің жазбаларында: “Судя по обнажениям в берегах р. Ишим, р. Кайракты и впадающих в нее логов, по обнажениям в берегах р. Терсаккан, мы можем заметить здесь распространение пород третичного возраста, выраженных пестроцветными глинами и песчаником... Глины плотны, пластичны, жирны на ощупь и окрашены в разные яркие цвета (белый, желтый, розовый, красный и т. д. )” деп қаланы жанай ағып өтетін Есіл өзенінің тік жарқабағының ерекшелігіне назар аударады. Халқымыз осындай географиялық ерекшеліктерді ертеден байқап, бұл жерді “Қызылжар” деп атаған.

Қазақтың тағы бір ірі жазушысы Ілияс Есенберлин өзінің Кенесары хан жайлы тарихи еңбегінде: “Он жылдың ішінде Талды-Қоянды өзенінің сағасында Қарқаралы өкірігі, Қызылжар бекінісінің жанында Көкшетау өкірігі, Семей бекінісінің тұсында Аягөз өкірігі, Жәміш бекінісінің қасынан Баянауыл өкірігі, Аманқарағайдан жоғары Құсмұрын өкірігі, Омбының Оңтүстік саласында Үшбұлақ өкірігі құрылды”, деп қазақ жерін бекіністер салу арқылы отарлап жатқан патшалық Ресейдің озбыр саясатын ашып көрсетеді.

Қала қай кезде, қалай пайда болды? Тарихқа көз жүгіртсек, XVIII ғасырда осы аймақта қалыптасқан жағдай орыс үкіметін 1742 жылы көшпелі халықтардан қорғану үшін бекіністер салу туралы шешім қабылдауға итермелейді. 1752 жылғы наурызда Сенаттың Тобылдағы “Звериная голова” жанынан Омбы бекінісіне дейін ұзындығы 565 шақырым Новоишим немесе Қасірет белдеуін салу туралы жарлығы шығады. Арада үш ай өткеннен кейін Қожаберген жырлаған атақонысы – Қызылжар

ауылының тұсында да бекініс салына бастайды. Қазақ жеріндегі осы өзгерістер жайында жергілікті өлкетанушы М. И. Бенюх көзі тірісінде көп жазған. Ол “Обращаясь к администрации, Аблай – султан Среднего жуза, часть родов которого кочевала южнее новой Ишимской линии, называл ее Красноярской (в русском переводе) крепостью” – дейді. Міне, осылардың бәрі – қаланың байырғы атауы Қызылжар болғанының бұлтартпас дәлелі. Демек, тәуелсіз мемлекет атанған бүгінгі таңда қалаға Қызылжар атауын қайтару тарихи әділдік болар еді. Жергілікті жерде оған қарсы шығып жатқан ешкім жоқ. Осы жазда ел арасында болып, аймақты аралағанда оған анық көз жеткіздік.

Осы жайларға сүйене отырып, табылған құжаттарға заң тұрғысынан баға беруін сұрап, Қазақстан Республикасының Бас прокуроры Қайрат Мәмиге депутаттық сауал жолдаған едік. Жауап алдық. Бас прокурор бастамаға қолдау білдіріпті.

Петропавл қаласының атауын Қызылжар деп өзгерту жөніндегі талабымызды қуаттайтын тағы бір уәж – біздің еліміз Ата Заңымызда жазылғандай, зайырлы мемлекет, бұл дін мемлекеттің, мемлекет діннің ісіне араласпайды деген сөз. Олай болса, еліміздегі стратегиялық маңызы бар үлкен бір аймақтың әкімшілік орталығының дін әулиелерінің атымен аталуы қай қисынға келеді. Сайып келгенде, бұл мемлекет құраушы ұлттың намысына тиетін, рухын жасытатын, халқымыздың бодандықта болған, сорлы кезінің елесі іспетті. Міне, сондықтанда сырттан таңылған, ел мен жер тарихына ешбір қатысы жоқ атауларды өзгертуге ұлттық мүддеміз деп қарап, оған қатысты сындарлы шешім қабылдайтын уақыт жетті деп санаймыз.

Құрметті Кәрім Қажымқанұлы, осы жайларды ескеріп, Солтүстік Қазақстан облысының орталығы – Петропавл қаласына ежелгі Қызылжар атауын қайтару туралы мәселеге қозғау салуыңызды және оны Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың қарауына енгізуіңізді сұраймыз. Бұл мәселе өз шешімін тапқанша, күн тәртібінен түспек емес. Уақыт осыны талап етіп отыр. Сондықтан ерте ме, кеш пе оны қарауға тура келеді. Осындай халық көптен күткен шешім қоғамымызда түсіністік аху-

алы қалыптасып отырған бүгінгі таңда қабылданса, нұр үстіне нұр болар еді.

Осы депутаттық сауалға жауапты белгіленген тәртіпке сәйкес жаз-  
баша беруіңізді сұраймыз.

*Құрметпен,  
Т. Қадамбаев,  
З. Алышымбаев,  
Ж. Асанов,  
Б. Баймағанбетова,  
Ө. Бектөреев,  
И. Елекеев,  
Ұ. Елеубаев,  
Г. Исімбаева,  
Н. Өнербай,  
Қ. Уәли,  
Д. Құсайынов,  
Г. Сейітмағанбетова,  
Б. Смайылов,  
Ж. Сүлейменов.*

## ЖАРАСБАЙДЫҢ ЖАРАСЫМДЫ МӘЛІМДЕМЕСІН СЕНАТОР СИМАМБАЕВ БҰЗДЫ

Петр мен Павлдың атынан айырылғысы келмейтіндер Қазақстанда қазақтардың арасынан шығуда. Және қатардағы қазақ емес, биліктегісі! Кеше Жоғарғы палатаның жалпы отырысынан шыққан сенатор Тасбай Симамбаев журналистерге Петропавлдың атын «Қызылжар» деп өзгертуді «әлі ерте» деп санайтынын жария етті.

«Айқын» алдыңғы санында төменгі палатаның бір топ депутатының Үкіметбасы Кәрім Мәсімовке жүгініп, «мемлекет құраушы ұлттың намысына тистін, рухын жасытатын, халқымыздың бодандықта болған сорлы кезеңін елестететін жағымсыз құбылыстан» арылатын кез жеткендігін мәлімдегендерін жазған-тын. Мәжілістің 20-дан астам қалаулысы қол қойған үндеуді мәжіліс депутаты Жарасбай Сүлейменов оқып, ұлтты бір серпілтіп тастап еді. Бірақ Жарасбайдың жарасымды мәлімдемесін кеше сенатор Симамбаев бұзды.

– Кейінгі кездері бірқатар саясаткерлер қалалардың атауын өзгерту туралы мәселе көтеріп жатыр, – деді «солтүстікқазақстандық» сенатор, – Солтүстік Қазақстан облысының орталығы Петропавл қаласын «Қызылжар» деп атау да ұсынылған. Бұл ұсыныс бір жағынан керек. Қажет емес тұстары да баршылық. Біз өзіміздің жерлестерімізбен зерттей келе, мұндай мәселенің көтерілуі әлі ертерек екендігін айтқымыз келеді.

«Оу, неге?» дерсіз. «Неге десеңіз қалада 60 пайыз орыс халқы тұрады, – деп шарт түйді Тасбай Симамбаев, – украин, неміс және басқа ұлт өкілдері де баршылық. Солардың бәрін коссаяқ, солтүстік өңірдегі үлес салмағы 70 пайызға тартады. Олардың басым бөлігі орыс тілінде сөйлейді. Соның бәрін есепке алып, қала атауын ауыстыруды көтеру әлі де ертерек деп ойлаймыз!» деп нықтады сенатор.

Мәжілістегілердің мәлімдемесін ести сала, Т. Симамбаев телефонды қолға алып, аймақтағыларға қоңырау шалып, әлгі мәселе жөнінде тілдесіпті. Ал естігенінен есінен айырылмағанымен, төбе шашы тік тұрғанға ұқсайды. Оның айтуынша, облыстағы басқа ұлттар «кейбір жерлерге, шіркеулерге жиналып», қала атауын ауыстыруға

қарсылық білдірмекші екен! Тіпті қол жинап жатқан жұрт та бар көрінеді.

– Облысымызда тағу-тәтті, әп-әдемі бірлікте тірлік істеп жатқан халық бар. Ал атауды өзгертетін уақыт әлі ерте, өз кезегінде істеу керек!-деп табандайды Тасбай Симамбаев. Мәжілістегілердің мәлімдемесі бізге мәлім, сенатордың сөзі мынау! Үнсіз отырған Үкіметке қайсысының дәлелдемесі ұнар екен?

*Елдос СЕНБАЙ.*

*«Айқын» газеті,,  
24 қыркүйек 2010 жыл.*

## **ҚЫЗЫЛЖАРДЫҢ ТАРИХИ АТАУЫН ҚАЙТАРУҒА НЕ КЕДЕРГІ?**

Теріскейдегі Петропавл мен Павлодар қалаларының атауын өзгерту туралы мәселе – бүгін ғана көтерілген дүние емес. Әсіресе, Петропавлды Қызылжарға ауыстыруға барлық жағдай жеткен тәрізді еді. Алайда қоғам тарапынан, зиялы қауым өкілдері атынан дүркін-дүркін мәселе көтерілгенімен, қаланың тарихи атауын қалпына келтіру мәселесі түбегейлі шешімін таппай отыр. Тіпті мәселеге соңғы нүктенің қашан қойылатыны да белгісіз. Басқасын айтпағанда, бұған Парламенттің қос палатасындағы көзқарастың өзі ала-құла. Сонымен, мәселенің мәнісіне үңілсек...

### **ҚЫЗЫЛЖАР АТАУЫН ҚАЙТАРУ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ**

Сәрсенбінің сәтінде өткен Мәжіліс отырысында тарихи қазақша атауға көшу мәселесін депутат Жарасбай Сүлейменов көтерді. Мәжілісмен Премьерден Петропавлдың атауын Қызылжар деп өзгертуге қатысты қозғау салып, мұны Елбасының алдына тіке жеткізуін өтінген еді. Бұл ретте депутат Петропавлдың түпкі атауы Қызылжар болғанына қатысты бірқатар деректерді де алдыға тартады. «Әріден бастасак, 1663 – 1763 жылдар аралығында өмір сүрген «Елім-ай» дастанының авторы атақты Қожаберген жыраудың «Қызылжар» деген өлеңі табылды. Онда ақын «Көлденең көк Есілдің жарқабағын, әкеміз Қызылжар деп атап кеткен» деп нақ осы арада әкесі – Толыбай сыншының «Қызылжар» атты қыстауы болғанын жырлайды. Демек, сол кезде-ақ осы өңірді тұрғылықты халық Қызылжар деп атаған. Ал оның кейін дін апостолдары -- Петр мен Павелдің есімдерімен аталып кетуі Ресейдегі патша өкіметінің отаршылдық және орыстандыру саясаты салдарынан болған», – дейді ол.

Депутат алға тартқан тағы бір дерек: Абылай хан 1759 жылғы 22 қазанда әскер шебінің командирі, полковник П. Роденге жазған хатында қазақтардың сауда-саттыққа араласуына жағдай жасау жөнінде өтініш білдіреді. Кейіннен Ресей өкіметі



бұл тілекті қанағаттандырып, 1759 жылдың желтоқсанында далалықтармен сауда-саттық жәрмеңкесін ашу жөнінде жарлық шығарады.

Ел ішінде ол «Қызылжар жәрмеңкесі» деп аталады. Ал 1925 жылы коммунистік партияның бас газеті «Правдада» Петропавлдың Қызылжар болып өзгергені туралы хабар жарияланған. Өйткені, осы жылғы шілденің 18-інде Ақмола губерниялық атқару комитетінің (ол кезде Қызылжар осы губернияның орталығы болған) төралқасы Петропавлды ресми түрде «Қызылжар» деп атау туралы қаулы қабылдайды, оны Қазақ Республикасы орталық атқару комитеті бекітеді. Жаңағы жоғарыдағы құжаттардың барлығы Ресей мұрағатынан табылыпты.

Бұдан бөлек, депутат қазақ жазушыларының шығармаларына, ұлы ғалым Ш. Уәлихановтың еңбектерінс сүйене отырып, қаланың байырғы атауына қатысты басқа да дәлелдерді келтіреді. «Бұл мәселе өз шешімін тапқанша, күн тәртібінен түспек емес. Уақыт осыны талап етіп отыр. Сондықтан ерте ме, кеш пе, оны қарауға тура келеді. Осындай халық көптен күткен шешім қоғамымызда түсіністік ахуалы қалыптасқан бүгінгі таңда қабылданса, нұр үстіне нұр болар еді», – дейді депутат. Осылайша, солтүстіктегі қазақтың көне атауын жаңғырту мәселесі Мәжілісте бірқатар депутаттардың қолдауын иеленді. Әйтсе де төменгі палатада «пісіп-жетілді, халық, уақыт талабы» деп қолпаштаған мәселеге бірден қарсылық білдіргендер табыла кетті. Мұндайлар басқа жақтан емес, Сенаттан шықты.

### ТАСБАЙ «ӘЛІ ЕМЕС, ӘЛІ ЕМЕС...» ДЕУМЕН КЕЛЕДІ

«Біз өзіміздің жерлестерімізбен зерттей келе, мұндай мәселені көтеруге әлі ерте деп айтқымыз келеді. Неге десеніз, қалада 60 пайыз орыс халқы болса, украин, неміс секілді ұлт өкілдерін қосқанда 70 пайызға тартады. Олардың бәрі орыс тілінде сөйлейді. Соның бәрін есепке алып, қала атауын ауыстыруды көтеру әлі де ертерек деп ойлаймыз», – деді Тасбай Симамбаев журналистерге берген сұхбатында. Сонымен қатар, депутат телефон арқылы осы мәселе төңірегінде хабар алысқанын айтып, облыстағы басқа ұлттардың

«кейбір жерлерге, шіркеулерге жиналып» қала атауын ауыстыруға қарсылық білдірмекші екендігін жеткізді. Тіпті қарсылық білдіріп, қол жинауға кіріскендер бар көрінеді. «Облыс халқы тату-тәтті, әп-әдемі бірлікте еңбек істеп жатыр. Ал атауды өзгертетін уақыт әлі ерте, өз кезегінде істеу керек, әйтпесе бүлдіреміз», – деді петропавлдық сенатор. Депутаттың «уәжінен» тағы бір түсінгеніміз – қаланың байырғы, түпкі атауы қалпына келсе, сол жақтағы басқа ұлттар өре түрегеліп, үдере көшуге әзір отырған сынайлы. Мәселен, «осыны қозғай берсек, басқа ұлттар көшіп, миграцияға ұласады. Бұлардың ішінде мұғалімдер, дәрігерлер, кәсіби білікті жұмысшылар бар, солардың барлығынан айырылып қаламыз. Қазақстанда басқа ұлттардың болуы біздің сәніміз, бақытымыз» деуі де сондықтан екен. Тіпті солтүстіктен сайланған сенатор ағамыз атау мәселесін қозғауға қатты қорқатынын аңғартып қалды. 1992 жылы осы мәселе көтерілгенде, «казактар жиналып, үлкен толқыныс тудырғанын әлі де ұмыта алмай жүргенін» жасырмады. Содан жүрегі шайлыққан болуы керек, басқалар өліп-талып, терлеп-тепшіп тапқан ел тарихына, жер тарихына қатысты деректерді де жоққа шығарып тастады. «Тарихтың мәселесін мен айтайын. Абылай хан дейсің бе? Жоңғарлар қазақтарды қырып жатқанда, Абылай орыс патшаларына барып күш сұрап, қазақты сақтап қалды. Енді «Қызылжар жәрменкесі» – Петропавлдан 15-20 шақырым жер. Тура қаланың түбі емес. Мен оны жақсы білем. Қала ең бірінші «казачья крепость» боп құрылған. Ал 1920 жылғы газеттегі материалдарға, сәбет кезіндегі заңдарға қарамау керек», – деді депутат.

## ТҮЙІН

Тәуелсіздіктің 20 жылдығы жақындағанымен, Қазақстан бодандықтың нышандарынан әлі де толық арыла алмай келеді. Бір дәлелі – осы. Ұсақ-түйекті айтпағанның өзінде, төрт ірі қаламыз шетелдің тілінде, қазақтың тарихына, тағдырына еш қатысы жоқ атаумен айтылып келеді. Мұның өзі, мемлекеттік тілге, тарихқа деген көзқарасымыздың әлі де кереғар тұсын білдірсе керек. Ал кез келген мәселеде ұлттың мүддесін кейінге ысырып, жосықсыз ұлтаралық татулықты желеу ететін депутаттар тұрғанда, ондай көзқарас қалайша өзгермек?!

Басқасын былай қойып, БҰҰ-ның қабылдаған ережелерінде ықылым заманнан келе жатқан төл халықтың тарихи атауы болса, кейіннен қабылданған атауды жоюға болатындығы айтылады. Ал біздің сенаторлар кешегі Қожаберген мен Абылайдың заманына бармай-ақ, Ш. Уәлихановтың еңбектерін, жазушылардың шығармаларын мойындаудан алыс. Әлбетте, бұл жолы да басқа емес, өз қандасымыз. Осындайда бір әпсана еске түседі: Еменнен: «Еңгезердей бойыңмен екі қарыс балтаға шамаң келмей құлағаның қалай?»— деп сұрапты. Сөйтсе емен: «Қайтейін, сабы өзімнен еді», — деген екен...

*Қанат ҚАЗЫ.*

*«Алаш айнасы».*

*24 қыркүйек 2010 жыл.*

## **ҚАЗАҚ ТАҒЫ ДА ҚАЛҒЫП КЕТПЕСЕ ЖАРАДЫ...**

Екі-үш жұманың жүзіне айналды – депутаттарымыз белсенді. Мәжіліс депутаттарын айтамыз. Селтиіп серке жүріс көрсеткенімен селт етпейтін сенат пен ешнәрсеге мәу деп үн қоса алмайтын мәслихаттан гөрі әркез осы мәжілістің ішінен бірлі жарым адамның дауысы естіліп тұратыны рас. Айтатыны бір ешкі болғанымен (әзіл) ысқырығы «жер жаратын» (Е. Тұрсыновтың «Келін» фильмі туралы былтырдан басталған «жырды» есіңізге алыңыз) Бекен, әйгілі Бекболат Тілеухан бар. Өзіне етене жақын тақырып болған соң ба, тағы бір әнші-депутатымыз Нұрлан Өнербаев та өнер, мәдениет мәселесіне қатысты әңгімеге жиі соғып тұрады. Дұрыс дейміз. Депутат қауымы жиылып алып саясатты ғана сөз етуге міндетті емес. Оның үстіне жаһандасып жатқан заманда қазақ мәдениетінің басындағы ахуалға Парламент сарайынан мән беретін жанның жоқтығына қынжылушы едік қой ілгеріде. Ендеше, Тілеухан мен Өнербайдың қам қарекетін жалаң популизмнен жоғары бағалай білгеніміз жөн.

Мәжілістің тұрақты депутаты, анда санда Павлодар облысына әкім

болуды қалайтын ішкі тілегі қылаң беріп қалатын Тито Сыздық та орынды мәселелерді көтеріп жүрген депутаттардың бірі.

Экс-министр, бүгінгі депутат, министр кезінде елдің қорасындағы тауығын санаймын деп пәлеге қалған Қарағұсова ханым да экономика, қаржы жайын талқылайтын Үкімет сағаттарында істің ар жақ, бер жағынан хабардар екенін аңдата сөйлеп отырады.

Алдан Смайыл, Зейнолла Алшынбаев, Нұртай Сабильяновтар да «халық қалаулысы» дейтін мәртебеге лайық сергектік танытудан танбай келеді.

Бұлардың сыртында «екі байға тиемін» деп есірген, таяудан бері «Екі жұлдыз» дейтін шоуға қатысып Қазақстан ұлттық арнасынан көрген елдің зәресін ұшырып бастаған Бахыт Сыздыкова, журналистердің жүйкесі «жүдеген» дейтін және сол жүйкесі «жүдеу» журналистердің арқасында танылып талтаңдай басатын әнебір селеубас депутат сияқтылар мәжіліс сарайында сықып отыр.

Міне, осындай жақсылы жаманды, белгілі белгісіз депутаттардың қатарынан Жарасбай Сүлейменов деген азаматтың аты суырылып шықты. Бәлкім, депутаттарымыз төрінде Орал Мұхамеджанов отырған мәжілістің шекті мерзіміне дейін жұмыс істейтініне сенбегендіктен алдын ала қам жасап жатыр ма, кім білсін? Әйтеуір шетінен көзге түсіп, онды солды мәлімдеме, сауал өрбітіп, тіпті, 2010 жылдың бюджетін үнемдеудің супер үлгісін көрсеткен Болат Жәмішев дейтін министрді отставкаға жібере жаздады. Редакциямызға мәлім дереккөздерінің хабарларына қарасақ, мектептерге сайлаудың «сәні» – көк жәшіктер жеткізіліп жатқанға ұқсайды. Мәжіліс мерзімінен бұрын тарап сайлау бола ма, әлде сондай бір байлау бола ма – оны уақыт көрсетер. Біздікі басқа әңгіме.

Қазір өзі іштен тынып, іштей булығып жүрген жандар аз емес қой. Жарасбай мырза да солардың сортынан болуы ықтимал. Жақында Жарасбай жарылды. Жарасбайдың Премьер-Министр Мәсімовтың атына жолдаған депутаттық сауалынан жұрт тегіс хабардар. Сондықтан оны басынан түсіп баяндамай-ақ қоялық та, төмендегідей қорытынды сөзге көшелік.

Біріншіден, Жарасбай мырзаның депутаттық сауалы біздегі «ұлтаралық келісім» саясатының кері кеткенін аймандай етті. Біз кері-дефис жасымыз қалмай ұлардай шулап «ұлтаралық келісімнің»

«Ұлтан құлы» боп жүрсек, былайғы жұрт бық демепті. «Е-е, мынау қазақтың жері ғой, ортақ Отанымыз ғой, енді келеге келіп, ұғысайық, қаланың көне атауын ың-шыңсыз қалпына келтірейік» деген бір жан табылды ма «құлтаралық келісімге» ұйыған елдің ішінен?. Тағы да қазақ әділет жолында, ақиқат жолында жалғыз қалды. Малыбай, Моловодное, Шелек, Маятас оқиғаларын ойыңызға оралтыңыз. Сол кезде: «Жаным-ау, сорлы қазақтың қашанғы сорын сорпадай қайната береміз? Осылардың жағына шығып бір сөйлейікші» деген жанның төбесі көрінді ме «келісімнің» терісін сүйреп тоздыруға айналған ағайынның арасынан?!

Екіншіден, Жарасбай мырзаның сауалы біздің биліктің ішкі саясатта ұстанған бағытының мүлде бағдарсыз, жасанды, жасық екенін жарияға шығарды. Қазақ билігі қазақты ғана ықтыруға, түрмеге тығуға, үнін шығармауға үйренген. Билік сөйтіп, заң алдындағы барлық азаматтарға берілген тең мүмкіндікті тәрк етіп, ұлт арасын алалап келеді. Осы арада тақырыпқа қосымша бір сөз қыстырайық. Қытай, Ресей секілді империяға ие болған елдерде титулды ұлттың арынын, артықшылығын тежеп ұстау керек көрінеді. Тегінде, халықаралық ұйымдар біздің тандайымызда тақ ете қалағын толеранттылықты әлгі аталған елдерден талап етуге тиіс. Бірақ талап етпейді. Талап етуден қалған. Тек Қазақстан өкіметі ғана қазақтан төзімділікті төте сұрап төбесінде төніп тұр. Біздіңше болғанда билік қазақтың қаны бұзық деген қорытындыны бір жерден тауып алып, қазақтың қаны қалтырай қорқады. Олай деуімізге бір себеп – ресми Астана үшін Қазақстандағы бұрынғы 120 ұлттың (бұның өзі шылғи өтірік-тұғын) 130 болып шыға келгені қауіпті емес, халық санағының нәтижесі көрсетті – қазақ қауіпті екен. Қазақ санына қатысты бастапқы ықтимал көрсеткіш қолдан қотарылып қайтадан жасалды. Оны бәріміз білеміз. Өйткені, миллиард қытайдың қасында бір-бірін түсеп қана танитындай қазақ жұмриятындағы жұрттың қарасы жылға таяп барып әрең жарияланды. Бұл нені көрсетеді? Бұл – халық санағының қалтарысында біреулер қақпақыл саясат ойнады дегенді көрсетеді. 130 содан туған сан. Әйтпесе қазір әлем елдері «көп ұлттылыққа» ұйыға қоймайды. Қара контингентті (Париждегі қара нәсілділерді) тәубесіне түсірген Саркози таяуда Франциядан сығандардың «ұлы көшін» ұзатты. Еуроодақ анау мынау деп сынағанымен жұмыс істемейтін, жастары заманауи

білім алуға ұмтылмайтын, сиқырмен, алдап арбаумен ғана айналысатын сығандарды Франция президенті Саркози елден аластаймын деді де, дегеніне жетті. Сығандар демекші, Балқан түбегіне сығандарды қоныстандырып, отырықшы жұрт ету – ЕҚҰЫ-ның іс басындағы төрағасы Саудабаев мырзаның миссиясына жатады. Ендеше, Саудабаевымыз салып ұрып Франциядан шұбырып аттанған сығандар көшін бастап Сарыарқаға әкеліп жүрмесін. Ойбай, ғаламдық деңгейде ғана ойланатын біздің шенеуніктерімізден ол да шығады!

Алматыда аттап бассан алдыңды сығанның Орта Азияда тараған бір табы - лолылар көлденеңдейді. Лолылар екібастан жұмыс істемейді. Лолының қазақ шаруасына пайдасы шамалы. Ал «ұлтаралық келісімнің» аясындағы басқа ағайын ше? Кешегі коммунистер билігіндегі совет өкіметінің заманында Затаевич, Ерзакович, Брусиловский, Сац сияқты қазақ жерінде өмір сүріп, қазақ мәдениетімен біте қайнап кеткен кім бар қазір? Табаны күректей жиырма жылдың ширегінде қазақтың байтақ әлемін қабылдаған, парасат пайымы жаңаша қалыптасқан толқын өзге ұлт арасында туды ма? Туса қайда жүр? Неге көрінбейді? Қазақты бұрынғыдай бұратана санайтын кеудемсоқыр аға буынның алдына түсіп неге жарқылдамайды? Әлде биік мінбелерден, ұлық жиындардан, түрлі түсті телеарна беттерінен сөйленетін сөздерден ас бөлмедегі немесе жылы камин пешінің қасындағы әңгіме жастарға әлдеқайда ұғынықты әрі қонымды болғаны ма? Солай-ау, тегі...

Жоғарыдағы жайттар турасында жұқалап ақпар алып тұратын биліктің маңындағы идеологтар «Ұлтаралық татулық пен келісімнің» жасандылығын, уақыт талабына жарамсыздығын ептеп түсінеді. Бірақ, басқаша қадам жасауға ерік-жігерлері жетпейді. Жарасбай мырзаның депутаттық сауалынан кейінгі қоғамның іштей екіұдай күйге енгендегі халінен осындай шындықты да аңғару қиын болмай қалды.

Үшіншіден, Жарасбай Сүлейменовтің сауалы мәжілістегі ұлтжанды депутаттың қоғамды қандай сілкініске әкелетінін паш етті. Неге десеніз, Жарасбай мырза сияқты нұротаншыл депутаттың Қызылжар атын қалшына келтіруді сұрап, Мәсімовтың мәз-мәйрам бетін ойран жасағаны бастапқыда тосындау көрінгенімен ел іші өзінің ұлттық тұтастығына, шекара қауіпсіздігіне терең мән беретіндігін бірден

танытты. Әсіресе, жастардың әбжіл қимылдап, Қызылжардағы бір сайттың мемлекетке қарсы қасақана ұйымдастырған ісіне тосқауыл қоюға жанұшыра кіріскені көңіл толқытты. Қазақ жастары қазақтың жолын кесе беретін жосықсыз әрекеттің біріне де көнбейтін осындай ішкі бірлігі мен өжеттігінен танбаса, таяу болашақта қарқынды өзгерістердің қарбаласы басталып кетуі әбден мүмкін.

Төртіншіден, Жарасбай Сүлейменов сауалы жер-су, қала-мекен аттарын өзгерту, жаңалау мәселесін жергілікті тұрғындардың еркіне беріп қойып қарап отырудың қауіптілігін ашық аңғартты. Конституцияның 61-ші бабына салып ономастикалық комиссияның шешіміне ғана жүгінетін болсақ, қазақ жері талауға түсіп, ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетуі әбден мүмкін екен. Екі елдің төлқұжатын төсқалтасына басып алып, шекара сызығына шекесінен қарап өтетін қызылжарлық орыстардың ойында не жүргенін біз ендіге бек түсінсек керек.

Өттеген-ай, әйткенменде Жарасбай мырза әлгі сауалынан кейін мәжіліс сарайында жалғыз қалғандай күйде жүр. Айнала жұрттың әншейіндегі емен-жарқын қабағы Жарасбайға келгенде сыздай қалатын көрінеді. Осыдан кейін (бесіншіден деуімізге тура келеді), Жарасбай мырзаны мәжілістегі ұлтжанды жалғыз депутат ретінде танып, мойындамасқа амалымыз қалмады. Елбасының өзі пәрмен білдіріп, Президент Әкімшілігі мақұлдасамса бәріне нәмақұл деп бас изеп жүре беретін депутаттардың қатарынан оның аты озды. Тіпті, жоғары жақтың тапсырмасымен жасаған мәлімдемесі болса да ол сенді бір қозғады. Мәжіліс депутаты Жарасбай Сүлейменовтің мәлімдемесі жоғары жақтың тапсырмасы бойынша жасалды деп күмән білдіретіндер жақында Қазақстан халықтары Ассамблеясының кезекті құрылтайы өтетіндігін еске салады. Сол құрылтайдың қарсаңында кейбір жер атаулары мен қала атауларына байланысты нәзік мәселелерді сараптап алу мақсатында Сүлейменовтің сүлейлік танытып сөйлеуі билік үшін аса керек болды дейді дегіштер. Дегіштер не деседі, Жарасбай мырза жарады. Қазақ тағы да қалғып кетпесе, күн тәртібінен бұдан былай Қызылжар атауын түсірмейтін болады.

*Дәурен ҚУАТ,  
«Абай-ақпарат».*

**Ерлан ҚАРИН, саясаттанушы:**

**«СҮЛЕЙМЕНОВТІҢ ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛЫНА  
ҚАРАҒАНДА, СИМАМБАЕВТЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІ  
ЖҰРТТЫ КӨБІРЕК ДҮРЛІКТІРГЕН СИЯҚТЫ»**

– Ереке, қазір Петропавлды Қызылжар деп атау турасында шыққан дау-дамайдың шырқау шегіне жеткен кезі болар. Бір қарағанға, бір жапырақ қағазбен жайғап салатын ономастикалық мәселедей көрінеді. Десек де, бізде бұл депутатқа сенаторды, қазаққа орысты қарсы қойған ұлттық мәселеге дейін ұлғайып шыға келді. Неліктен?

– Қызылжар төңірегіндегі қырқыс ең алдымен ақпараттық саясатымыздағы «Ахиллес өкшесінің» қайда екенін анықтап берді. Қалай десеңіз, біздегі орыстілді және қазақ басылымдары бір мәселені екі аудиторияға, бір-біріне қайшы келетін екі сипатта беріп келеді. Мысалы, мен еліміздегі 33 ақпарат құралдарының осы тақырыпты қалай бергеніне байланысты контент-анализ жасадым. Оның 19-ы баспа құралдары, 8-і интернет ресурстар болса, алтауы телеарна еді. Жалпы, бұл тақырып бойынша 55 материал жарық көрсе, оның 20-сы қолдап, 16-сы сынап, ал 19-ы бейтарап бағытта беріп құтылған. Осылайша, Қызылжар мәселесінде орыстілді БАҚ-тың дені ақпараттың өңін теріс айналдырып берсе, қазақ басылымдары мұны қолдап, жақтап берді. Ақиқатына келгенде, ақпараттық саясатта аудиторияны жасанды түрде екіге бөліп қойдық. Қоғамдық сананы да екіге бөліп тастадық. Тап осы мәселеде саясаткерлер мен зиялы азаматтарымыздың қай тарапқа шығарын білмей, басын қасып жүргенін осыдан деп білемін. Қолдап шықса, орыстілді басылымның оттауы борайды. Қарсы шықса, қазағының «қарғысына» қалады. Яғни, қостілділік саясаты ұлттық саясатымыздың өзегіне сына қағып, бір тұлғаның қазақ үшін басқа, ал орыс үшін мүлде басқа әңгіме айтатындай абсурд жағдайына алып келді. Бұл енді толғанатын-ақ тақырып. Үстіміздегі жылы қабылданған Доктринада бір тарау - «Бір Отан және Бір тағдыр» деп аталады. Отанымыз біреу болса, бірақ айтылатын әңгіме, жүргізілетін саясат екеу болып шыққаны ма сонда?

– Сенатор Симамбаевтың мәлімдемесінен кейін қандай ой түйіп едіңіз. .



– Демократияның бесігін тербетеміз деген талпыныс бар ғой бізде. Жөн делік. Алайда, қоғамдық саясаттың да өзіндік ереже, этикасы болады. Мәселен, жариялылық дегеніміз бар нәрсені бірден жариялап жіберу дегенді де білдірмейді. Тіптен, қаламыз Қызылжар болды деп, қаламағаны үдере көшердей болса да, үрейдің үстіне үрей қоспауы керек еді. Меніңше, Жарасбай Сүлейменовтің депутаттық сауалынан гөрі Тасбай Симамбаевтың мәлімдемесі жұртты көбірек дүрліктіріп жіберген сияқты. Тасбай ағамыз Солтүстік Қазақстандағы ағайын бір түнде жайын, жұмысын тастап, елден ауып кететіндей сипатта, сөз қосып, боямалап, қорқытып жеткізді емес пе? Өз басым бұған сенбеймін. Жарайды, шынымен сондай жағдай қалыптасты десек те, онда бұл қандай азаматтар болып шыққаны? Қазақстан Республикасының азаматтары деген атқа қаншалық лайықты деген сауал шығады. Қала атауын өзгертуге қарсымын деп көшіп кететіндер көп болса, Тасбай ағамыз осы мәселемен айналыссын... Айтпайын демейсің, сонша дәріптелетін отаншылдығымыз қайда қалады, сонда? Мына Білім және ғылым министрлігі жыл сайын елдегі патриотизм деңгейінің пайызын есептеп шығарады. Білесіздер ме?

– Білмеппіз. Бірақ, патриотизмді өлшейтін болғанын сіздің аузыңыздан бірінші естіп тұрмыз.

– Бұл енді тіптен күлкілі жағдай. Соңғы төрт жылда аталмыш министрлік жастар арасындағы патриотизмнің деңгейін «анықтап келеді». Осыдан 3 жыл бұрын жастардың 60 пайызы патриот болса, өткен жылы 70 пайыздан асып кетті бұл анықтағыш. Енді қашан жүзден асып жығылады екен деп күтіп отырмын. Патриотизм бұлай өлшенбесе керек... Енді Білім және ғылым министрлігінің мәліметіне сеніп, отаншылдарымыз көбейіп жатыр деп ойлай қалсақ, көшкелі жатқаны кім? Енді құқымыз тапталды деп көшіп кетердей болса, оларды біздің елмен тағдырын байлаған азаматтар деп қаншалықты атауға болады? Қала атауын өзгертуге өре түрегеліп жатыр. Құдай сақтасын, ал төтенше жағдай бола қалса, ше? Сонда тәуелсіздігіміздің жиырма жылдығында біз қандай азаматтарды тәрбиелеп шығардық? Сәт сайын жарнамаланатын бірлік, ынтымағымызға осындайда сене аламыз ба? Міне, сұрақтың төркіні қайда жатыр. Қысқасы, Қызылжар дауы бізде идеологиялық көбіктердің барын көрсетіп берді. Бұл енді «түнде маздап жанған мысықтың көзіндей» (А. Сүлейменов) түсінікті, айқын болды... Осымен жақсылап

айналыспаса болмайды. Себеп қуасқ, осы даудың еліміздің тәуелсіздік алғанына жиырма жыл толғалы отырған сәтге көтеріліп отырғанында да мән бар... Бұны біздің тәуелсіздігіміздің беріктігіне тест деп қабылдасақ та болады. Ал, әзірге депутаттың сауалына дүркірей көтеріліп, түрлі лента тағып, көшеге шығу, форум ұйымдастырып жатуды жақсылықтың нышаны дей алмас едім.

– Қызылжар мәселесінің төңірегіндегі даудан қандай қорытынды шығаруға болады?

– Бір ғана мысал айтайын. Петропавлдың қоғамдық-саяси пікірталқы сайтында «На то пошло, переименование ничего же не изменит. От этого ничего принципиального не зависит для казахов и власти. Поэтому, и не надо» деген пікірді көзім шалып қалып еді. Енді осы логикаға салсақ... қаланың атауын өзгертуде тұрған ештеңе жоқ болса, онда оған қарсы шығудың да қисыны жоқ емес пе? Жәймендеп, жөнімен түсіндірсе, қоғамдық пікірді туралауға әбден болады. Бұл мәселені көп дауластырмай, саясиландырмай, баяғыда-ақ шешіп тастау қажет еді. Сол сияқты Павлодардың атауын да бір ретке келтіруіміз тиіс. Сондықтан, шешімді көп созбай, мәселені бір жаққа шығару қажет. Қазақ халқы ешқашан өзге ұлттарға қысастық көрсетпеген, арандатуға ермеген. Бұрын да, қазір де солай болып келді. Достық пейілімізге, қонақжай мінезімізге күмән келтіретіндей қылыққа бармадық. Демек, өзге ұлттар да біздің заңды талабымызға түсіністікпен қараса, заңды ықылас деп қарар едік. Бүгін болмаса да, Петропавл атауы түбінде өзгереді. Бірер жылдан кейін болсын аты өзгеретіні белгілі болса, онда неге бұған бүгін қолдау көрсетіп, демеп жібермеске? Тегі болмаса, мұны Тәуелсіздіктің 20 жылдығына тарту деп пе, ұлттар достығының керемет үлгісі деп те көрсетіп жіберсе, қандай жарасар еді? Қандай ұлттың өкілі болмасақ та, тағдырымызды бір шаңыраққа байлаған екен ғой деп қуанар ма едік... Әңгімеңізге рахмет!

*Өркен КЕНЖЕБЕК.*

*«Абай-ақпарат»,  
28 қыркүйек 2010 жыл.*

**МЕНІ ҮШ АЙҒА ЖҰМЫС САПАРЫМЕН СОЛТҮСТІККЕ  
ЖІБЕРСЕ, ПЕТРОПАВЛДЫ ҚЫЗЫЛЖАР ДЕП  
АТАП КЕЛЕР ЕДІМ**

– Жерлесіңіз, Мәжіліс депутаты Жарасбай Сүлейменовтің Петропавлды Қызылжар атауына өзгерту туралы ұсынысына бірінші болып қарсы шықтыңыз. Бірақ Жарасбай ағаны қолдаушылар, ал сізді түсінбегендер көп болып шықты. Бұған не дейсіз?

– Мені көпшілік түсінбегені рас. Мен облыстағы қалың жұртшылықпен, ол жақтағы облыстық мәслихат депутаттарымен, жастар ұйымдары және ақсақалдар кеңесімен ақылдаспай жатып, орталықтан мәлімдей салғанға қарсы шықтым. Парламентке облыс басшылығынан, халқынан орталықтың атын өзгерту туралы ұсыныс түскен жоқ. Әрине, популистік мәлімдеме жасай салу оңай. Бірақ атқарылатын жұмыс аз емес.

– Сіз әлі солтүстік жұртшылығы дайын емес дегенді алға тарттыңыз. Осы мәселеге байланысты арнайы зерттеулер жүргізілді ме?

– Мен – солтүстіктің өкілімін. Аймаққа жұмыс сапарымен жиі барып тұрамын. Олардың тыныс-тіршілігімен етене таныс мен үшін ешқандай зерттеудің керегі жоқ. Мені үш айға Солтүстік Қазақстанға жұмыс сапарымен жіберсе, мен Петропавл атауын Қызылжар деп өзгертіп келер едім.

– Қаншама жыл өзгермей келе жатқан облыс орталығының атауын бір адам үш айда өзгерте салатын ол қандай оңай әдіс?

– Жергілікті ұйымдармен келіссөздер жүргізу керек. Облыстық бұқаралық ақпарат құралдарын осы мақсатта жұмыс істету қажет. Адамның санасына ықпал етуде ақпарат құралдарының рөлі зор ғой. Манипуляциялау жұмыстарымен қазірден бастап айналыса беру керек. «Буынсыз жерге пышақ ұру» Өскеменде, Оралда болған жағдайларға әкеліп соға ма деп қорқамын.

*Әңгімелескен Жарқын ТҮСІПБЕКҰЛЫ  
(қысқартылып алынды)*

## **“ҚЫЗЫЛЖАР” АТАУЫ ҚЫП-ҚЫЗЫЛ ДАУҒА АЙНАЛДЫ**

Теріскейде тағы да дау туды. Басқасы басқа, қала атауын Қызылжар деп өзгертуге жергілікті қазақ зиялылары қарсы шығып, сасқан үйрек артымен сүнгидінің кебін киді. Аға буынның намыссыздығын көрген жергілікті қазақ жастары “шыдамның да шегі бар” деп, Қызылжарды қайтаруға білек түріп кірісіп кетті. Дәл қазір солтүстікте ақпараттық айқас қызу жүруде. Жастар қол жинап, Президент Әкімшілігіне, үкіметке, жергілікті әкімдікке ашық хат жолдаймыз деп отыр.

– Петропавл қаласының атауын Қызылжар деп өзгерту жөніндегі талабымызды дәлелдейтін басты бір уәж – біздің ел, Ата Заңымызда жазылғандай, зайырлы мемлекет. Бұл – дін мемлекеттің, мемлекет діннің ісіне араласпайды деген сөз. Олай болса, еліміздегі стратегиялық маңызы бар үлкен бір аймақтың әкімшілік орталығының дін әулиелерінің атымен аталуы қай қисынға келеді? Сайып келгенде бұл мемлекет құраушы ұлттың намысына тиетін, рухын жасытатын, халқымыздың бодандықта болған, сорлы кезеңінің елесі іспетті жағымсыз құбылыс. Міне, сондықтан да сырттан таңылған, ел мен жер тарихына ешбір қатысы жоқ атауларды өзгертуге ұлттық мүддеміз деп қарап, оған қатысты сындарлы шешім қабылдайтын уақыт жетті, – деген еді өткен аптада Парламент Мәжілісінің депутаты Жарасбай Сүлейменов.

Ж. Сүлейменовті қолдаған бір топ депутат Премьер-Министрге қолқа да салды. Петропавл атауын Қызылжар деп өзгерту мәселесін Президенттің қарауына енгізуді сұрап. “Бұл мәселе шешімін тапқанша күн тәртібінен түспек емес. Уақыт осыны талап етіп отыр”, – деді олар.

Өкініштісі, мәжілісмендердің бұл бастамасына сенатор Тасбай Симамбаев қарсы шықты. Ол Петропавлды Қызылжар деп өзгертуді “әлі ерте” деп мәлімдеді. Сенатордың айтуынша, егер біз Петропавлды Қызылжар деп атасақ, онда біраз кадрлар Қазақстаннан кетіп қалатын көрінеді. Қайда? Ресейге. Симамбаевтың дерегіне сенсек, қазіргі күні Петропавлда қорғанысқа қажетті кәсіпорындар бар. Міне, осы кәсіпорынның кадрлары Ресейге кетіп қалады-мыс. “Егер біз бұндай кадрларды жоғалтсақ, бұл Қазақстанға үлкен зиян шектіреді”, – дейді ол.

Әрине, Тасбай тауып айттым деп отыр. Бірақ, оның пікірі – ұшқары, бостекі пікір. “Кетіп қалады” екен деп, тарихи әділеттілікке көз жұма қарауымыз керек пе сонда?

Кезінде ауыл қазақтары “Немістер Германияға кетіп қалса, автокөліктерімізді кім жөндесіді?” деп аңырған еді. Бірақ, немістер бұған тоқтаған жоқ. Түгел Германияға кетті. Қазір автокөліктерін қазақтар өзі жөндейді. Немістікінен де әдемі етіп. Демек, Симамбаевтың бұлай қорқытуына еш негіз жоқ.

Ол ол ма, қалалық мәслихат жанындағы “Нұр Отан” депутаттар фракциясы қала атауын өзгертуге бірауыздан қарсылық білдірген. Ал облыс әкімі Серік Біләлов үн-түнсіз. Бір тырнағы ішінде. Соған қарағанда “Петропавл қаласының атауын өзгерту мәселесі әзірге күн тәртібіне енгізілмейді” деген сөзі өз күшінде сияқты. “Мәселені қалалық мәслихат шешеді” деген сөзі және бар. Ал Қызылжар мәселесін қалалық мәслихаттың құзырына сілтей салу жөн бе? Тіпті, сол қалалық мәслихаттың депутаттары “қала халқының қазағы аз” деген уәжді алға тартып, “Қызылжарға” емес, “Петропавлға” қос қолдап қолдау білдірмейтініне кепіл жоқ деген де едік. Енді міне, “Қызылжар” қып-қызыл дауға түскенде дәл осы қалалық мәслихатыңыз бірауыздан Петропавлдың сойылын соғып шықты.

Қалалық мәслихаттың хатшысы Руслан Сыздықовтың айтуынша, қалалық мәслихат депутаттары дәл қазір Петропавл қаласының тарихи атауын Қызылжарға өзгерту мүмкін емес деп бірауыздан қол көтерген... Өзге өңірлерден сайланған мәжіліс депутаттарының қолдауына ие болған депутат Жарасбай Сүлейменовтің бастамасы оның жеке ұстанымы болып табылады деген ортақ пікірге келген.

Облыс әкімінің үнсіздігіне, жергілікті қазақ зиялыларының намыссыздығына, қалалық мәслихат депутаттарының әділетсіздігіне налып, қызылжарлық қазақ жастары “Қызылжарды” қуаттап қол жинауға кірісіп кетті. “Ұрпақ” қазақ мәдени-ағарту орталығы жастар қанатының жетекшісі Ербақыт Амантайұлы: “Қала атауын ауыстыру туралы Парламент Мәжілісінің депутаты Жарасбай Сүлейменовтің Премьер-Министрге жолдаған сауалы өте орынды. Және мерзімінде көтерілген мәселе. Өкініштісі, кейбір ұлтжанды деп жүрген ағаларымыздың бұған қарсы шығуы таңғалдырды. “Сенген қойым сен болсаң...” демекші, сеніп жүрген ағаларымыз осындай қадамға

барып жатса, кімге арқа сүйемекпіз? “Қаланың атын ауыстыру – бұл депутат Сүлейменовтің жеке пікірі, ол халықпен ақылдаспаған” деген жалалары да түсініксіз. Қызылжарлық қазақтардың түгелі дерлік мұны қолдайтынын жокқа шығарғылары келеді. Сондықтан жастар қол жинауға кірістік. Кейін оны жергілікті әкімдікке, үкіметке, Президент Әкімшілігіне жіберуді көздеп отырмыз”, – дейді.

Десе де, “Қызылжар” атауына нүкте қоятын адам – Президент Н. Назарбаев. Біздіңше, бұл ретте ҚР Президенті мына мәселені қатаң ескеруі керек сияқты. Жердің де, елдің де иесі – қазақ. Ендеше, қала атауын қазақшалау да қазақтың еркіндегі тірлік.

*Дилара ИСА.*

*«Жас Алаш» газеті,  
28 қыркүйек 2010 жыл.*

## **«ТАСМАҢДАЙ» ТАСБАЙ ТАҒЫ ДА ҚАЗАҚҚА ҚАРСЫ ШЫҚТЫ!**

Симамбаев мырза Жарасбай Сүлейменов бастаған 30 шақты Мәжіліс депутатының Петропавл атауын Қызылжарға ауыстыру қадамын «популистік» деп атады. Атап қана қоймай ел Президентінің «жаппай қайта атаудан аулақ болу керек» деген сөзін алға тартты. Ойпырмай, осындай тасмандайлардың Мемлекет басшысының артына тығылуға ұста келетіні-ай! Ол кісінің абыройына нұқсан келетіні тасбайларды мүлдем ойландырмаса керек...

Депутат мырза «қала атын өзгертсек болды елдің (кімді меңзеп тұрғаны айтпаса да түсінікті ғой) көшуі басталады, ал бұл өте қауіпті» деп қорқытады көпшілікті. Бз оған жауап ретінде Отанын сүйген азамат өз еліндегі елді мекеннің тарихи атауын да сүйеді, ал сүймейтіндердің неғұрлым ертерек арамыздан көшіп кеткені соғұрлым өздеріне де, бізге де жақсы дегіміз келеді.

Тарихқа жүгінетін болсақ, христиан дініндегі Петр мен Павел әулие атындағы қамал орыстілді басылымдар жазатындай «как одного из объектов линии обороны по защите казахского населения на случай джунгарской агрессии» үшін емес, қазақ елін отарлау үшін, сол мақсатты іске асыру жолында оның жеріне бірте-бірте мысықтабандап ене беру үшін салынған қамал болатын. Оның «қамал» деген атының өзі-ақ айтып тұрған жоқ па отаршылдардың ісінің адал емесін?! Адал жұрт кімнен, не үшін қорғанады, не үшін қамал салады? Жоңғар мен қазақтың жүз жылдық соғысында патша үкіметі тек қана жоңғар жағында болғаны, олардың әскерін мылтықпен, әсіресе, зеңбірекпен молынан қаруландырып тұрғаны, қазақ жерін жоңғардан қорғау үшін орыс әскері тұяғының ұшын қимылдатпағаны әділ, адал тарихшының бәріне аян.

«Бұл бетімізбен кете берсек, ертең Оралды, Өскеменді, Павлодарды және басқа да елді мекендердің атын ауыстыруға мәжбүр боламыз» деген Тасбайдың жүрегі әзір-ақ тас төбесіне шыққан түрі бар.

Қорқынышыңыз өте орынды, сенатор мырза! Оралдың, сондай-ақ қазақтардың Пугачев көтерілісіне қатысқаны үшін жаза ретінде 2-Екатерина патшайым өзгерткен Орал өзенінің де байырғы әсем Ақжайық атауымен, Павлодар Кереку немесе Тұзқала (қаланың Ке-

рекуге дейінгі көне аты), Өскеменнің Өралтай аталатын күн алыс емес! Кызылжар 1925 жылы өз атын қайтып алған да болатын, бірақ Мәскеудегі ВЦИК(Всесоюзный центральный исполнительный комитет) оны бекітпей тастаған еді...» таң атпайын десе де күн қоймайды», Тасбайлар қанша жерден тасмандайын ұрғанмен тарихи үрдіске бөгет бола алмайды!

*Өмірзақ АҚЖІГІТ.  
«Жас қазақ үні»газеті,  
24 қыркүйек 2010 жыл.*



*15. 09. 2010 ж. жарияланды  
Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі  
К. Қ. Мәсімовке*

**Депутаттық сауал  
Құрметті Кәрім Қажымқанұлы!**

«...Қостанай қаласында облыстық техникалық реттеу және метеорология комитетінің қызметкерлері Қытайда шығарылған балалар денсаулығына қауіпті ойыншықтардың бір партиясын тәркіледі...», «...Оңтүстік Қазақстан облысының прокурорлары тексерілген 267 ойыншықтың 22-сін балалар денсаулығына қауіпті деп тапты...». Соңғы кездері осындай елді елең еткізерлік, үрей туғызарлық хабарлар жиілеп кетті. Бірақ журналистердің жанайқайына құлақ асып жатқан ешкім жоқ. Қайда барсаңда Қытайдан жеткізілген қауіпті ойыншықтардан аяқ алып жүре алмайсыз. Ал олардың қауіп-қатерге толы, құрамында адам ағзасына зиянды улы химиялық заттардың бар екенін айтып, бүкіл әлем дабыл қағуда. Дабыл қағып қана жатқан жоқ, оған қарсы шаралар қолдануда. Мәселен, бүгінде аспанасты елінде шығарылған ойыншықтардың Солтүстік Америка мен Австралияның дүкендерінде сатылуына тыйым салынған. Сол сияқты, Ресей Қытай ойыншықтарын зерттеу нәтижесінде оның құрамында улы химиялық заттардың көптігін анықтаған соң, дайын өнімдерді кері қайтарып, тіпті осыған байланысты арнайы заң қабылдаған. Өкінішке қарай, басқаларға керексіз болып қалған осы ойыншықтар біздің елімізге еш кедергісіз, тексерусіз ағылып жатыр. Қолда бар деректерге сүйенсек, сауда нүктелеріне шығатын ойыншықтардың 80-90 пайызы Қытайдікі көрінеді.

Мамандардың айтуынша, Қытайдан келген ойыншықтар халықаралық стандарттарға сәйкес келмейді, олардың құрамында сәбилердің денсаулығына, өмірі мен келешегіне қатер төндіретін улы заттар, мәселен, формальдегид әдеттегіден 10-15 есеге дейін көп. Және бояудың құрамында фенол, қорғасын элементтерімен қатар, химиялық ингредиенттер де кездесетін көрінеді. Өйткені, ойыншықтар негізінен химиялық өндірістің қалдықтарынан жасалынады. Ал бұл балапың

миын зақымдап, көру қабілетін төмендетіп, кемтарлыққа ұшыратуы мүмкін.

Кішкентай бүлдіршіндердің қолына тиген кез келген затты ауызына салып, иіскей бастайтыны белгілі. Осылай зиянды, улы заттар бала ағзасына түсіп, түрлі ауруға ұшыратады. Қытайлық ойыншықтар шығаратын дыбыстардың да нормадан асып түсетіні анықталып отыр. Бұл баланың есту қабілетінің төмендеуіне, тіпті саңырау болып қалуына әкеліп соқтырады. Осыдан он шақты жыл бұрын Еуроодақ елдерінде тісі шығайын деп жүрген сәбилерге арналған әртүрлі дыбыс шығаратын ойыншықтарды поливинилхлоридбен жасауға тыйым салынған болатын. Алайда, Қытайдан әкелінген ойыншықтардың барлығы осы материалдан жасалған. Жұмсақ резеңке ойыншықтарын бояйтын заттар құрамындағы кадмий мен қорғасын мөлшерінің қалыпты деңгейден әлдеқайда жоғары болуы да алаңдаушылық туғызуда. Мұндай улы ойыншықтарды пайдаланған балалардың иммунитеті әлсіреп, аллергиялық ауруға сондай-ақ, асқазан, ішек дерттеріне жиі ұшырайды.

Талдаулар көрсетіп отырғанындай, азық-түлік, сусын, бояғыш заттарға қарағанда, бала ойыншықтарының қауіпсіздігі 7-8 пайыз жоғары. Өйткені, ойыншықтар көбіне-көп аз мөлшерде, кішігірім сөмкелермен әкелінетіндіктен оларды ешкімде ұстап, тексермейді. Еліміздің «Ойыншықтар қауіпсіздігі туралы» Заңының 7-бабында ойыншықтардың сыртында өнімді дайындаушы, тауар белгісі, ойыншық атауы, дайындалған күні мен өндірген мемлекеттің аты, тауар белгісі, қолданылу шарттары, пайдалану жөніндегі нұсқаулықтары көрсетілуі тиіс екені айтылған. Ал базардағы ойыншықтарда мұндай мәліметтер мүлдем кездеспейді.

Ойыншық мәселесіне жеңіл-желпі қарауға болмайды. Оның аяғы үлкен өкініштерге әкеліп соқтыруы мүмкін. Өйткені, ойыншық – баланың ермегі ғана емес, күнделікті қолынан түспейтін, ұйықтаса құшақтап жататын серігі де. Ойыншық арқылы баланың ойлау қабілеті артады, сол арқылы өмірге бейімделеді. Сондықтан ұлт боламын деген, ұрпағын ойлаған ел балалар ойыншығына, әсіресе, сырттан әкелінетін ойыншықтың сапасына, қауіпсіздігіне айрықша көңіл бөлуге, қатердің алдын алуға тиіс.

Құрметті Кәрім Қажымқанұлы, сапасыз қытай ойыншықтарына қашан тосқауыл қойылады және балаларды денсаулықтарына қауіпсіз отандық ойыншықтармен камтамасыз ету бағытында қандай шаралар атқарылуда?

*Құрметпен, Ж. Сүлейменов,*

*12. 01. 2011 ж. жарияланды  
Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі  
К. Қ. Мәсімовке*

**Депутаттық сауал  
Құрметті Кәрім Қажымқанұлы!**

Соңғы кездері қайда болмасын, жасөспірімдердің, мектеп жасындағы балалардың өздеріне өздерінің қол көтеруі жиілеп кеткені жайында аз жазылып, аз айтылып жатқан жоқ. Осындай қайғылы оқиғалар елесі біздің елімізді де кезіп жүргені жасырын сыр емес.

Өткен жылы 13 қазанда Қарағанды қаласында он төрт жасар жасөспірім асылып қалды. Арада бес күн өткеннен кейін Алматы облысының Тұздыбастау кентінде он бес жасар екі жасөспірімнің өздеріне өздері қол жұмсап, өмірмен қош айтысқандарын естіген жұртшылықтың жаны тағы бір түршікті.

23 қарашада бұқаралық ақпарат құралдары Ақтөбе қаласында он жетідегі қыз бала мен он бес жасар жасөспірімнің асылып қалғаны туралы ақпарат таратты. 26 қарашада осындай оқиға Алматыда қайталанды. Бұл жолы айтып келмеген ажалдың құрығына он алты жасар жасөспірім ілікті.

Желтоқсанның 6-13 аралығында Теміртауда, Семейде, Астанада, Ақмола облысының Щучинск қаласында тағы үш қыз, екі ер бала өз еріктерімен өмірден озды.

23 желтоқсанда Ақмола облысының Егіндікөл ауылында жергілікті мектептің 10 сыныбында оқитын қыз бала асылып өлді.

Өкінішке қарай жаңа жылдың алғашқы күндері де аға-аналарға қайғы арқалата келді. Осыдан бір күн бұрын ғана бұқаралық ақпарат құралдары жұртшылыққа Ішкі істер министрлігі академиясының бірінші курс студентінің көп қабатты тұрғын үйдің төбесінен құлап өлгенін естіртті

Осындай жантүршігерлік хабарлар тізіліп кете береді. Он ескіде бір гүлі ашылмаған, оңы мен солын танымаған, еріндеріндегі ана сүті

кеуіп үлгермеген балаларымыз баудай түсіп, қыршынынан қиылып жатыр.

Ресми деректерге сүйенсек, 2009 жылы елімізде 260 жасөспірім өзіне-өзі қол жұмсап өмірмен қош айтысқан. Жағдай өткен жылы да түзеле қойған жоқ, сөйтіп ел бойынша осындай 237 оқиға тіркелді. Бұл дегеніңіз осыншама ана қара жамылып, ботасынан айырылған бозінгендей еңіреп қалды, мыңдаған жүректерге айықпас жара түсті деген сөз.

Бір алаңдарлық жай, қайғылы оқиғалар барлық облыстарда дерлік тіркелуде. Шығыс Қазақстан облысында 30 шақты жасөспірім өмірімен қош айтысса, Қарағанды, Оңтүстік Қазақстан, Ақмола, Ақтөбе облыстарының әрқайсысында 20-ның үстінде бала өздеріне өздері қол көтеріп, жас өмірлерін қиды. Соңғы үш жылда Солтүстік Қазақстан облысында бұл көрсеткіш екі есе өскен.

Сөйтіп, бүгінде ата-анасы баласы мектепке кетсе, үйге аман-есен орала ма деп, өздері жұмыста жүрсе, кешке балам алдымнан шығар ма екен деп алаңдайтын, мазасыз күй кешетін болды. Ертең мезгілсіз ажал кімнің есігін қағады, кімді зар жылатады?! Бұл пәле бізге қайдан жабысты? Сырты бүтін, іші түтін балалар қайдан шығып жатыр? Балалар бесіктен белі шықпай жатып неге өмірден түңілетін болды? «Сенің табаныңа қадалған шөгір менің маңдайыма қадалсын» деп бауыр еті баласы үшін отқа да, суға да түсуге даяр ата-ананың көз жасы қашан құрғайды?

Жоғарыда айтылған оқиғалардың барлығы бойынша дерлік қылмыстық істер қозғалған. Бірақ, көбінің себебі ашылмай жұмбақ күйінде қалып қойған. Әдетте, жасөспірімнің неге осындай қадамға барғандығы жіті зерттелмейді, іске қатысы бар лауазымды адамдар оқыс оқиғаны тезірек ұмытуға тырысады, кінәлілерді сырттан іздейді. «Өзара түсіністік бар жерде, қандай қиыншылықтар болмасын, бала ешқашан өз-өзін өлтіру туралы ойламайды да. Егер ондай болса, онда бала мен ата-ана арасындағы қарым-қатынаста бір кінәраттың болғаны. » Бұл ұстаздың сөзі. Олардың өздерін кінәлаушылар да жоқ емес. Ата-аналар кінәлі, мұғалімдер кінәлі, қоғам кінәлі деп құр даурыққанмен мәселе шешіле ме? Жоқ. Сайып келгенде бұл – жеке-леген отбасының емес, қоғамның проблемасы, қоғамға төнген қауіп. Сондықтан онымен мемлекет, халық болып күресуіміз керек.

Мысалы, Жапония өткен жылы азаматтардың өздеріне өздері қол салуымен күресу, алдын алу үшін бюджеттен 32 миллиард доллар қаржы жұмсапты. Бұдан біз нені аңғарамыз? Күншығыс елінде депрессияға ұшыраған адамдарды емдеудің мемлекеттік деңгейде ойластырылған бағдарламасы бар. Олар біз сияқты оқиғадан кейін опынып, санын соғып жатқан жоқ, бұл бағытта жүйелі жұмыс жүргізуде, қоғам мүшелерінің, әсіресе, жастардың қауіпсіздігі үшін күресті басым бағыттардың бірі ретінде қарастырып отыр. Басы ауырып, балтыры сыздамай-ақ, кішкене ғана күйзеліске түссе, олардың адамдары психологиялық қызметке жүгініп, дер кезінде көмек алып отырады.

Біз осы жағын ойластырдық па? Айына-жылына бір өтетін конференциялар мен басқосулар, балалар арасындағы суицидтің алдын алуға байланысты облыстарда ұйымдастырылып жатқан шала-жансар, даңғаза шаралар, әңгімелер елімізді жайлаған мәселені шеше алмайтынын түсінетін мезгіл жетті.

Бұған кейбіреулер «бізде де мектептерде психологтар бар, мектеп инспекторлары жұмыс істейді» деп уәж айтулары мүмкін. Біріншіден, мектептерде балалардың мінез-құлқында өзгерістер байқалған жағдайда оған зер сала қарап, ашық әңгімеге шақырып, себептерін анықтайтын ұдайы балалардың ортасында жүруге тиіс психологтар жетіспейді, болған күннің өзінде білімі мен біліктілігі талаптарға сәйкес келе бермейді. Бір сөзбен айтқанда, бұл жұмыстың ақсап жатқаны ақиқат.

Елімізде психикасы әлсіз адамдарға көмек көрсететін орталықтар ашу мәселесі өткір қойылуға тиіс. Бұл тек балаларға ғана емес, ересектерге де аса қажет екенін уақыт дәлелдеп отыр. Қазіргі кездегі жекеменшік психологтарға барып, емделуді көптеген отбасылардың, әсіресе, ауылды жерде тұратын адамдардың қалтасы көтере бермейді. Оның үстіне осындай қызмет болатынын көп адамдар білмейді.

Өзін өзі өлімге қиған төртінші сынып оқушысы Ерболдың тағдыры да бізді ойландыруға тиіс. Өзінен ересек балалар күнбе-күн оның басқан ізін аңдып, ақша талап етіп, жүргізбей қойған. Сорлы бала мектепке де кіре алмай қалған. Бұл жайды ата-анасына айтуға баланың батылы жетпеген. Ақыры амалы таусылған ол өзіне-өзі қол жұмсап, асылуға мәжбүр болған. Бірде-бір ересек бала мұны мойындаған

жоқ, сөйтіп, қылмысты істі жабуға тура келген. Тұздыбастаудағы оқиғадан кейін де осындай бір өрескелдіктің шеті көрініп қалғаны белгілі. Жасыратын ештеңе жоқ, халық арасында қылмыскерлер мектеп оқушыларына салық салады екен деген әңгіме бар. Олай болса, оған құқық қорғау органдары неге араласпайды? Сосын мектептегі инспектор не бітіріп жүр? Олардың кейбіреулері жағдайдан хабардар болса да «көрмес түйені де көрмес» дегендей ештеңеге араласпайтын, ал оқушы шағым айтып барса, арыз жаз дейтін көрінеді. Бұл не сөз?! Қай оқушы арыз жазады? Осылай жабулы қазан жабулы күйінде қалуда.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының деректеріне сенсек, Қазақстан бүгінде әлемдегі ең көп суицидтік жағдайлар тіркелген ел ретінде үшінші орынға шығып отыр. Яғни, республикада жыл сайын өз еркімен өлімге бас тігушілер қатары арта түсуде. «Қолдан жасалған» өлімнің еліміздің келешегі – жастардың арасында кең таралуы, жас балалардың өздеріне өздерінің қол көтеруі – бұл – қоғамның қайғысы. Демек, оны одан әрі бақылаусыз қалдыруға болмайды, жастар ортасын сауықтыруды жедел қолға алу осы проблеманы жан-жақты зерттеп, нақты, батыл шаралар белгілеу және оларды табандылықпен жүзеге асыруға күш жұмылдыру қажет.

Құрметті Кәрім Қажымқанұлы!

Қоғамды алаңдатып отырған осы мәселеге байланысты Қазақстан Республикасының Ішкі істер, Білім және ғылым, Денсаулық сақтау министрліктеріне, басқа да мүдделі ұйымдарға ықпалды шаралар белгіленіп, жүзеге асыру жөнінде нақты тапсырмалар беруіңізді сұраймын.

*Құрметпен,  
Ж. Сүлейменов.*

## **ҚИЫН БАЛА ҚАЙДАН ШЫҒАДЫ?**

Кешегі иі жұмсақ ұл-қыздарымыз келмеске кеткен, қазіргі мектеп жасындағы балалардың психологиясы мүлде басқа. Айтқанға көнбейтін, айдағанға жүрмейтін, тізгінсіз кеткен балаларымыз

көбейіп келеді. Қанымызға жат саналған, арымызға дақ салған мұндай құбылыстар қазір қоғамға кереғар фактор ретінде ресми атауға да ие: «қиын балалар». ҚР Ішкі істер министрлігі мен ҚР Білім және ғылым министрлігі бірігіп, өткен жылы қиын балалар санын анықтай келе, арнайы мәліметтер базасын жасапты. Тізім 6000-ға жеткен. Ал кәмелеттік жасқа толмағандарға арналған еліміздегі төрт колонияда 14 пен 18 жас аралығында 231 бала қылмыскер атанып, қамауда отыр. Бәрінен бұрын жасөспірімдер арасындағы суицид өзекті болып тұр. Өткен жылы 237 бала өзіне-өзі қол жұмсаған. Балаларымыздың жауқазын жасында осындай жан сыздатар әрекеттерге баратындары несі екен? Қазір баршамызды ойландырып, толғандырып отырған ортақ сауал – осы. Оның себебін әркім әртүрлі айтады.

Бүгінгі күндері балаларға катысты өзекті мәселелер Парламентте де талқыланып жүр. Депутат Жарасбай Сүлейменов жағдайдың ушығып кетуін профилактикалық шаралардың әлсіздігінен көрсе, Қазақстан психологтар қауымдастығының төрағасы Владимир Стеблянюк бар жауапкершілікті ата-аналарға артады.

Ұлы ақынымыз, философ Абай да ұрпақ тәрбиесіне айрықша көңіл бөлген. Ол өзінің отыз жетінші қарасөзінде: «Мен, егер заң қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім», – дей келе, адам мінезінің қалыптасуы тәрбиеге, ортаға байланысты екендігін дәлелдеп берген-ді. Абайдан артық кім айтқан?!

Бала тәрбиесіне айрықша мән берген қазақ ұғымында «қиын бала» деген мүлде болмаған. Абайдан бастап, бертінге дейінгі ақын-жазушыларымыздың, дара есімді тұлғаларымыз бен ғалымдарымыздың жазып кеткен дүниелерінің қай-қайсысын алып қараныз, барлығында да негізінен тәлім-тәрбиенің мәні мен баланы жаксыға бесіктен бастап баулу керектігі айтылады, яғни алдын алу формасы түрінде. Бүгінгідей ғылыми еңбектер жазып, зерттеулер жүргізбей-ақ, ата-бабаларымыз бір ауыз сөзбен-ақ қай кезеңде де, қай дәуірде де құндылығын жоймайтын бала тәрбиесінің тұжырымдамасын айтып кеткен. Нақтырақ айтсақ, «баланы жетіге келгенше тыйма, жетіден он төртке келгенше құлша қина, он төрттен кейін құрдасыңдай сыйла» деп, баланың ой-өрісінің даму кезеңдерін

белгілеп көрсетіп берген. Бала тәрбиесінде осы бағытпен жүрсек, еш қателеспейтініміз анық.

Айта кетсек, артық болмас, көршіміз Ресей бұл проблемамен өткен ғасырдың бас шенінде-ақ таныс болса керек. Оған философ, педагог ғалым П. П. Блонскийдің 1920-30 жылдары жазылған қиын балалар турасындағы еңбектері куә. Блонский осы мәселені терең зерттей келе, «қайта тәрбиелеудің нағыз тура жолы тәртіп бұзушыларды мәдениетсіз ортадан мәдениетті балалар ұжымына біртіндеп әкелу болып табылады» деген пікірге тоқтаған екен.

Ал бізде қиын балалардың бой көрсете бастаған тұсы — 90-жылдардың орта шені. Сол себепті де еліміздің барлық аймағында девианттық мінез-құлығы бар балаларға арналған арнайы білім беру ұйымдары ашыла бастайды. Кейбір балалардың бейәдетке бой алдыруының сыры неде екендігін білмек болып, біз атбасын Алматы қаласындағы Девианттық мінез-құлығы бар балаларға арналған арнайы білім беру ұйымына бұрдық. Өйткені, қиын балалар дәл осы жерге тоғытылады. Мекеменің міндеті – осындай топтағы балаларды тек тәрбиелеу ғана емес, себеп-салдарына үңіліп, сараптама жасау.

– Бұл ұйым 1999 жылы Қиын жасөспірімдерді оңалту орталығы деген атпен құрылған-ды. Кейін, яғни 2006 жылы Девианттық мінез-құлығы бар балаларға арналған арнайы білім беру ұйымы болып қайта құрылады. Осындай мекемелерді ашуға түрткі болған жағдайлар – қиын балалар санының көбеюі. Ал бала тәрбиесіне тек отбасы ғана емес, мемлекет те жауапты. Өздеріңіз білесіздер, КСРО тараған жылдары елімізде әлеуметтік жағдай қиындап кетті. Халық бұған дайын емес еді. Ойламаған жерден бұрындары таңсық болып келген құбылыстармен бетпе-бет келуге тура келді. Ересектердің дағдарысқа ұшырауы балаларымызға, отбасына ызғарын тигізбей қоймады. Міне, үйірінен адасқан балалар сол жылдары көптеп саналды.

Балалар мұнда сот шешімімен жіберіледі. Барлық пән бойынша үздіксіз сабақ оқиды. Компьютер кабинеттері жұмыс істейді. Балаларды түрлі үйірмелерге қатыстырып, уақытының барлығын пайдалы жұмсауларына ықпал етеміз. Негізі, мұнда бір айдан бір жылға дейін оқшауланады. Тіпті араларында уақыты аяқталғанда кеткісі келмейтіндер де бар.

Қазіргі кезде бізде 38 бала тәрбиеленуде. Ал негізі әр кезде әрқалай.



Кейде көп, кейде аз дегендей. Менің бір байқағаным, балалардың қай-қайсысы болсын қабілетті, білімге құштар. Жылы сөйлеп, тілін тапсаң, жаман бала жоқ. Олардың осындай жолға түсуінің себебі — отбасындағы қиындықтар немесе ата-аналарымен түсінісе алмауларында, сондай-ақ бақылаусыз қалып, жаман жолға бастайтын ортаға түсіп кетуі, — дейді сөз болып отырған мекеме директоры Мұратбек Елеуов.

*Ал мекеме психологы  
Элмира Ақпантаеваның:*

– Мұнда түскен балалардың мінездері алғашында, шынымен де, қиын болып келеді. Кейбіреуі сөйлесуден бас тартып, қиқарлық танытады. Бірақ баланың аты бала емес пе, райларынан тез қайтады. Әрқайсысымен жеке-дара сырласып, ұққаным: барлығы бірдей – ата-ана жылуына, мейіріміне шөліккеп жүргендер. Содан барып жоғын сырттан іздейді. Міне, дәл осы тұста біз балаларымызды уысымыздан шығарып аламыз. Біреуі қылмысқа барып, біреуі нашақорлыққа салынып, енді біреуі көше кезіп кетеді. Мұндай балалар негізінен ашуланшақ, қатыгез болып келеді. Балаға ең керегі ананың махаббаты мен әкенің мейірімі екен. Сонда бала үйінен безбейді. Ал бәленің бәрі балаға сырттан «жұғады», — дегені ойлантпай қоймайды екен.

Қазір – жаһандану мен ақпараттық технологиялар дамыған заман. Сол себептен де болар, балалардың ой-өрісінің, ойлау қабілетінің, өмірге көзқарасының кейінгі жылдары өзгере бастағаны анық байқалуда. Оны тәжірибелі психологтар да растап отыр. Көп жағдайда біз – балаларды, балалар бізді түсіне алмай, кей кездері арты қайғылы оқиғалармен аяқталып жатады. Біздің ойымызша, бәріне кінәлі тек ата-ана емес, мектептегі оқу-тәрбие жұмысындағы кемшіліктердің де қолтаңбасы бар. Мойындау керек, кейбір мұғалімдердің де мінездерін мінсіз деп айтпас едік. Отбасындағы тұрмыстық жағдай да әсер етпей қойсын ба?! Психологтар сондай-ақ «шектен тыс қамқорлықтың да зардабы жоқ емес» дейді. Қалай деген күнде де бала тәрбиесі тек отбасы мен педагогиканың ғана міндеті емес, оған бүтіндей бір қоғам жауапты. Бүгінгі ұрпақ — еліміздің ертеңі. Қиын балалар қатары көбейіп кетсе, не болмақ? Көз алдына слестетудің өзі қорқынышты...

*Ләззат БИЛАН.*

## **ӨРШІП ТҮРҒАН СУИЦИДКЕ ҚАРСЫ КҮРЕСТІҢ КЕШЕНДІ БАҒДАРЛАМАСЫН ЖАСАУ КЕРЕК ПЕ?**

Жарасбай СҮЛЕЙМЕНОВ, Мәжіліс депутаты:

– Біз жуырда Үкімет басшысына осы тақырыпта депутаттық сауал жолдап, суицидке қатысты кешенді бағдарлама жасау қажеттігі жөнінде ұсыныс тастадық. Сол сауалымызға жазбаша жауап келді. Онда осы бағытта қандай шаралар атқарылып жатқаны көрсетілген: «Соңғы уақыттары мектептерге жаппай психолог мамандар тартылып, олардың саны қазір 7500-ге жеткен. Сондай-ақ орта білім беру оқу орындарында 3139 әлеуметтік педагог, 1536 полиция инспекторы жұмыс істеуде. Жалпы саны 211 сенім телефоны, 168 қоғамдық қабылдау бөлмесі жұмыс істеп тұр». Біз Үкіметтің осындай шаралар атқарып жатқанына ризашылық білдіреміз, дегенмен істі көлеміне қарай емес, нәтижесіне қарап бағалайды ғой. Екінші жағынан, қазір тек жасөспірімдер арасындағы ғана емес, ересектер арасындағы суицид те – оңай көрсеткіш емес. Сондықтан осының барлығын қамти алатын жүйелі жұмыс керек деп есептеймін.

*Сәкен КӨКЕНОВ.*

*«Алаш айнасы газеті».*

## **ЖҰМАҒҰЛОВТЫҢ ЖАСӨСПІРІМДЕРГЕ ЖАНЫ АШЫМАЙДЫ ЕКЕН**

– Ең әуелі әріптестерім әрі достарым журналистерге айтарым: жасөспірімдер арасындағы суицидке баса назар салып, оны жиі бермеулеріңіз керек – осылай деген министр журналистерге жасөспірімдер арасындағы өзіне-өзі қол салып, өмірімен қоштасып жатқан оқиғаларды бүге-шігесіне дейін зерттеп, елге жеткізгеннен гөрі: «Одан да бірлесіп жұмыс істейік. Жаксы істер жөнінде көбірек айтайық», деп жол сілтеді.

Министр мырзаның бұл қай сасқаны? Біздіңше, Бақытжан Жұмағұлов жасөспірімдер арасындағы суицидті БАҚ азырақ

жазса, Білім және ғылым министрлігіне сын келмейді және балаларды өлімге итермелеп отырған мектептердегі жағдайлар жабулы күйінде қалады деген сақтығы болса керек. Әйтпесе, елдің болашағына төнген қауіпті айтпай-ақ қояйық, көрсек те көрмеген болып көз жұмайық деу шалығы бар біреу болмаса, дені дұрыс адамның басына кірмейтін ой. Сонда Жұмағұлов жыл сайын өсіп отырған балалар арасындағы өзіне-өзіне қол салу фактілерін жасырғанда қай пұшпаққа шықпақ?

Министр әдеттегідей балалар арасындағы суицидке қарсы балабақшадан бастап, жоғарғы мектепке дейін жұмыстар жүргізіліп жатқанын айтып, халықаралық есеппен қарағанда, Қазақстанда балалар суицидi аз екенін атап өтуді де ұмытпапты:

– Өлемдік тәжірибеде жүз мың адамға шаққанда өзіне-өзі қол салу оннан төмен болса, бұл қалыпты жағдай болып саналады. Бізде оннан төмен, – деп баяғы «бізде бәрі керемет» деген ескі әуеніне қайта басыпты.

Ал, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының есебіне қарағанда, суицид бойынша Қазақстан үшінші орында делінеді. Және өткенде Мәжіліс депутаты Жарасбай Сүлейменов деректермен көрсетіп отырып, балалар арасындағы суицидке байланысты депутаттық сауал жолдаған болатын: « Өткен жылы 13 қазанда Қарағанды қаласында он төрт жасар жасөспірім асылып қалды. Арада бес күн өткеннен кейін жұртшылық Алматы облысының Тұздыбастау кентінде он бес жасар екі жасөспірімнің өздеріне өздері қол жұмсап, өмірмен қош айтысқандарын естіп, жағаларын ұстапты.

23 қарашада бұқаралық ақпарат құралдары Ақтөбе қаласында он жетідегі қыз бала мен он бес жасар жасөспірімнің асылып қалғаны туралы ақпарат таратты. 26 қарашада осындай оқиға Алматыда қайталанды. Бұл жолы айтып келмеген ажалдың құрығына он алты жасар жасөспірім ілікті.

Желтоқсанның 6-13 аралығында Теміртауда, Семейде, Астанада, Ақмола облысының Щучинск қаласында тағы үш қыз, екі ер бала өз еріктерімен өмірден озды.

23 желтоқсанда Ақмола облысының Егіндікөл ауылында жергілікті мектептің 10 сыныбында оқитын қыз бала асылып өлді. Өкінішке қарай жаңа жылдың алғашқы күндері де ата-аналарға қайғы арқалата

келді. Бұрнағы күні ғана бұқаралық ақпарат құралдары жұртшылыққа Ішкі істер министрлігі академиясының бірінші курс студентінің көп қабатты үйдің төбесінен құлап өлгенін естіртті.

Осындай жантүршігерлік хабарлар кімді де болсын, бей-жай қалдырмауға тиіс. Он екіде бір гүлі ашылмаған, оңы мен солын танымаған, еріндеріндегі ана сүті кеуіп үлгермеген балаларымыз баудай түсіп, қыршынынан қиылып жатыр.

Ресми деректерге сүйенсек, 2009 жылы елімізде 260 жасөспірім өзіне-өзі қол жұмсап өмірмен қош айтысқан. Жағдай өткен жылы да түзеле қойған жоқ, сөйтіп ел бойынша осындай 237 оқиға тіркелді. Бұл дегеніңіз осыншама ана қара жамылып, ботасынан айырылған бозінгендей еңіреп қалды, мыңдаған жүректерге жара түсті деген сөз.

Бір алаңдарлық жай, қайғылы оқиғалар барлық облыстарда дерлік тіркелуде. Шығыс Қазақстан облысында 30 шақты жасөспірім өмірімен қош айтысса, Қарағанды, Оңтүстік Қазақстан, Ақмола, Ақтөбе облыстарының әрқайсысында 20-ның үстінде бала өздеріне өздері қол көтеріп, жас өмірлерін қиды. Соңғы үш жылда Солтүстік Қазақстан облысында бұл көрсеткіш екі есе өскен».

Міне, депутат деректерінің өзі мемлекеттің болашағы өз тамырына өзі балта шауып жатқанын айқындай түседі. Депутат көтерген мәселемен айналысуға тиісті Білім және ғылым министрінің айтып отырғаны анау. Демек, балалардың тағдыры, яғни елдің болашағына Үкіметтің басы ауырмайды деген сөз. Оған дәлелді сөзді Жұмағұлов жеткізіп отыр. Ендеше, «Жаны ашымастың қасында басың ауырмасын» деген осы.

*Нұра МАТАЙ.  
«Абай-ақпарат»,  
22 ақпан 2011 жыл.*

26. 01. 2011 ж. жарияланды  
Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі  
К. Қ. Мәсімовке

### Депутаттық сауал Құрметті Кәрім Қажымқанұлы!

«Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 27 бабына сәйкес Өзіңізге депутаттық сауал жолдаймын.

Өзіңізге осы сауалды жолдауыма Павлодар облысындағы Май ауданы ардагерлерінің менің атыма жазған хаты себеп болып отыр.

Хат авторлары аудан тұрғындарының әлі күнге дейін бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонында болған жарылыстардың зардабын тартып келе жатқанын жазады. «Май өңіріне полигон әкелген қасіреттерді бір сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Осы бір ауыр да күрделі мәселе сынақ полигоны жабылғаннан бері жиырма жылға жақын уақыт өтсе де, тиісті шешімін таппағандықтан, күн тәртібінен түспей келеді» делінген хатта.

Расында да, бес жүзге жуық ядролық жарылыстар жасалған тәжірибе алаңы ауданның бұрынғы орталығы Май селосынан 60 шақырым жерде орналасқандықтан болар, Май ауданы Семей ядролық полигонындағы сынақтан ең көп зардап шеккен өңірлердің бірінен саналады. Полигонның бүкіл аумағы дерлік Май ауданының бұрынғы жерлері болып табылатын көрінеді. Осы жайлар ескеріліп, Май ауданының Ақжар, Май, Қаратерек, Майтүбек ауылдары Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 18 желтоқсандағы «Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Заңының 2 тармағының 5, 6 баптарына сәйкес өте жоғары радиациялық қауіпті аймаққа, ал басқа селолық округтер жоғары радиациялық қауіпті аймаққа жатқызылған.

Ардагерлердің жазуларына қарағанда, ядролық сынақтардың әсері

уақыт озған сайын күшеймесе, бәсеңсір емес, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, осы өңірді мекендеген жандарға қайғы-қасірет әкелуде. Бүгінде сынақтарды өз көзімен көргендердің көбі өмірден озған. Өкінішке қарай, олардың үшінші, төртінші ұрпақтары да неше түрлі туа біткен ауруларға душар болып, өмір азабын тартуда.

1990 жылы облыс дәрігерлері Ақжар, Май, Қаратерек және Майтүбек ауылдары тұрғындарын жан-жақты дәрігерлік тексерістен өткізіп, орта есеппен әр тұрғынның бойынан 7 созылмалы ауру тапқан екен. Содан бері сырқаттардың саны көбеймесе, азайған жоқ.

Май ауданы тұрғындарының арасында ақ қан (лейкемия), қатерлі ісік, мидағы ісік, қан тамыр, жүрек, бүйрек, ас қазан және басқа аурулармен сырқаттанушылар көп. Әсіресе, жастардың жайы алаңдатады. Олардың арасында жүйке ауруларына ұшырап, өмірден түңілушілер көбейіп барады. Осылай 15 адам өзіне-өзі қол жұмсап, жас өмірлерін қиған.

Аудан бойынша соңғы жылдары өмір сүру ұзақтығы күрт төмендеп кеткені байқалады. 50 жасқа толған азаматтардың зейнеткерлікке шығуы тоқтатылған 2003 жылдан бері зейнеткерлер қатары едәуір сиреп қалған. Өйткені, тұрғындардың көпшілігі зейнет жасына жетпей өмірден озуда. Содан да болар, соңғы он жыл ішінде аудан бойынша зейнеткерлікке небәрі 51 адам ғана шыққан. Өздеріңіз ойлап қараңыздар, 20 мыңға жуық тұрғыны бар ауданда жыл сайын 5, асса 6 адам ғана зейнет демалысына шығады екен. Дабыл қағарлық-ақ жағдай.

Хат иелері осындай жайларға тоқтала келіп, ядролық сынақтар зардаптарын жоюды, нақты айтсақ, Май, Лебяжі, Баянауыл аудандарының полигон сынақтарынан зардап шеккен ауылдарын дамытудың бағдарламаларын жасап, осы өңірлерде тұрып жатқан азаматтарды элеуметтік қорғау, тұрғындардың денсаулығын қалпына келтіру ісін жақсартуды сұрайды.

Бұл бүгін ғана көтеріліп отырған мәселе емес. Жоғарғы органдарға талай хат та жазылыпты. Бірақ нәтижесіне тұрғындардың көңілдері толып отырған жоқ. Бәрі қағаз жүзінде қалып қойды дейді олар.

Құрметті Кәрім Қажымқанұлы!

Осы сауалда көтеріліп отырған мәселелерді оңтайлы шешудің мүмкіндіктерін қарастыруыңызды және жауапты белгіленген тәртіпке сәйкес жазбаша беруіңізді сұраймын.

*Құрметпен Ж. Сүлейменов.*

*2011 ж. 02. 03. жарияланды*  
*Қазақстан Республикасының*  
*Премьер-Министрі*  
*К. Қ. Мәсімовке*

**Депутаттық сауал**  
**Құрметті Кәрім Қажымқанұлы!**

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Тәуелсіздік – бұл біздің ең басты құндылығымыз... сондықтан да оны атап өтуді жоғары дәрежеде ұйымдастыруымыз қажет», – деген сөздерді қадай-қадай айтқан болатын. Мемлекет тарихындағы осындай бірегей белес елдіктің, егемендіктің, кемелдену мен келешекке құлаш сермеудің тамаша кезеңіне айналуы тиіс.

Иә, биылғы жыл – Қазақ елі үшін ерекше жыл! Халқымыздың сан ғасырлар бойғы арманы жүзеге асып, бодандықтың бұғауынан босап, тәуелсіздігімен қауышқанына, азат ел болғанына жиырма жыл толғалы отыр. Бұл – қатардағы көп мерекенің бірі емес, бірегейі, үстіміздегі 2011 жылдың басты оқиғаларының бірі!

Бәріміз де куәміз – Тәуелсіздіктің 20 жылдығына байланысты «Бейбітшілік пен жасампаздықтың жиырма жылдығы» жалпыұлттық жоспары жасалып, басты басымдықтар айқындалды. Сөйтіп, кең байтақ еліміздің түкпір-түкпірінде мерейтой шаралары басталып та кетті. Мәселен, Алматы облысының әкімдігі ел тәуелсіздігінің 20 жылдық мерекесіне орай, облыс аумағындағы әр ауылдық округте 20 мың ағаш отырғызу туралы игі бастама көтеріп отыр. Ал «Заңғар» шығармашылық бірлестігі тойға дайындық шараларының аясында 20 мың домбырашының бір мезгілде күй тартуын ұйымдастырып, қазақтың қанын қыздырып, ұлттың рухын асқақтатпақ. Міне, осындай құнды бастамалар ел көлемінде қолдау тапса, ұлы оқиғаның лебі ілгері басқан әр қадамымыздан сезіліп жатса, нұр үстіне нұр емес пе!?

Тәуелсіздік жылдары еліміз ғасырға пара-пар жолдан өтіп, жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанның абыройын асқақтату жолында ұлан-ғайыр істер тындырды. Ең бастысы, тарихи қысқа мерзімде ұлы

даланың төсінде жаңа мемлекет құрылып, оның тиімді басқару құрылымдары қалыптасты. Ал мұның өзі өміріміздің барлық салаларын жеделдете жаңғыртуға, елдігімізді нығайтып, болашаққа нық кадам жасауымызға жол ашты.

Біз үшін бәрінен де, тәуелсіздіктің шын мәнін түсіну маңызды. Ол елімізге, халқымызға не берді? Бүгінгі шыққан биігімізге қалай көтерілдік? Алда бізді не күтіп тұр? Осы сияқты сансыз сауалдарға жауап іздейтін сәт бұл.

Алаш баласының рухын көтеріп, еңсесін тіктеуді, әр қазақты мақтаныш пен шаттыққа бөлеуді, ел бірлігін нығайтуды, бір сөзбен айтқанда, Тәуелсіздіктің 20 жылдығының тағылымды сәттері көп болғанын қаласақ, биылғы әр күніміз «Тәуелсіздіктің 20 жылдығы – ел тарихының жарқын беті» ұранымен өтуге тиіс. Демек, ұлтты ұйытатын әрі жастарға ой салып, отансүйгіштік сезімін көтеретін іс-шаралар ұлық мерекенің ажарына айналуға тиіс. Мәселен, биыл дүниеге келген сәбилерге кәдімгі куәліктерден өзгеше жасалған, мерекелік нақышталған тууы туралы куәліктер, ескерткіш белгілер тапсырылып, әр сәбиге берілетін бір реттік мемлекеттік жәрдемақыға қосымша арнайы сый тағайындалса, еліміздің болашағы саналатын жастардың, бүкіл Алаш баласының, Қазақстанды мекен еткен өзге ұлт өкілдерінің патриоттық сезімдерін, ертенгі күнге деген сенімдерін, елімізге деген құрметі мен сүйіспеншілігін артыра түсер едік.

**Құрметті Кәрім Қажымқанұлы!**

Осы орайда жалпыға бірдей білім беретін мектептердің жоғары сынып оқушылары, студенттер арасында «Менің Отаным – Тәуелсіз Қазақстан!» деген тақырыпта шығармалар байқауы ұйымдастырылып, оның қорытындысы мереке карсаңында шығарылып, жеңімпаздар лайықты марапатталса деген тілегімді де Өзіңізге жеткізгім келеді. Бұл шара ынтымағы жарасқан елдің ұландарының тарих тереңіне ой жүгіртуіне, өткен-кеткенді екшеп, бар мен жоқты пайымдап, жеткен жетістік пен кеткен кемшілікті түгендеп, алда тұрған асқаралы асуларға бел шешіп, білек сыбана кірісуіне жол ашатынына сенімім нық.

Тарихта есесі кеткен халықтың тәуелсіздік жылдары еңсесі тіктелді десек те, әлі шешімін таппаған, кезегін күтіп тұрған мәселелер аз емес. Бұл сөзімнің ономастика мәселесіне де тікелей қатысы бар. Өкінішке қарай тәуелсіздік алғанымызға жиырма жыл өтсе де,



жеріміздің, еліміздің тарихына үйлеспейтін, халқымыздың абыройы мен беделіне көлеңке түсіретін, отарлық кезеңнен қалған атаулардан әлі арылып болған жоқпыз. Кешегі солақай саясат елді-жұртты салт-санасынан айырып, рухани тамырынан ажырату үшін алдымен жер-су аттарын өзгертті, халық санасында сан жылдар сіңісті болған атаулардың сырына үңілмей, ту-талақай етті, тарихқа, халыққа қиянат жасады. Енді міне, ономастикалық жұмыстарды ұлттық мүддемізге сәйкестендірудің, оны Қазақстан тәуелсіздігінің бүгінгі рухани биігінен қайта қарап, тарихи әділеттілікті орнатудың да сәті келген сияқты. Осыған орай үстіміздегі жылы әр ауданда кем дегенде 20 елді мекенге ежелгі атауы қайтарылса, аудан орталықтарындағы, қалалардағы кем дегенде 20 көшенің атауы қазақшаланса, еліміз төл нақыштарымен ежептәуір ажарланып қалар еді.

Ономастика саясаты, ең алдымен, мемлекет тәуелсіздігіне, ел мен жерді ұлықтау идеясына қызмет етуі тиіс. Сонда ғана әр дәуірде туған тілімізде хатталған ата-баба мұрасы жаңғырып, жеріміздің сәні кіреді, халқымыздың рухы күшейеді.

Құрметті Кәрім Қажымқанұлы! Жоғарыда айтылғандардың негізінде, тиісті ұйымдарға нақты тапсырмалар беруіңізді сұраймын.

*Құрметпен, Ж. Сүлейменов.*

## **ОТАРЛАУДАН ҚАЛҒАН АТАУЛАРДАН ҚАШАН ҚҰТЫЛАМЫЗ?**

Мәжілістің кешегі отырысы көктемнің алғашқы мерекесіне алдын ала әзірлік ретінде басталғандай әсер қалдырды. Күн тәртібін ретке келтіріп алған соң, алғашқы сөз алған депутат Ирак Елекеев 8 Наурыз мерекесіне бағыштап, Тұмар патшайымнан бастап, елдің бірінші ханымына дейінгі қазаққа құрметті болған нәзік жандыларды түгендеп шықты...

Жиында Жарасбай Сүлейменов қатардағы көп мерскенің бірі емес, бірегейі саналатын Тәуелсіздіктің 20 жылдығына қатысты тың пікір

білдірді. Мәселен, Тәуелсіздіктің 20 жылдығында дүниеге келген сәбиге кәдімгі куәліктен өзгеше, мерекелік нақышталған куәлік беріліп, ескерткіш белгілер тапсырылса, оларға бір реттік мемлекеттік жәрдемақыға қосымша арнайы сыйақы тағайындалса, құба-құп екендігін айтады. Бұдан кейін Жарасбай Қабдоллаұлы Тәуелсіздікке сын боларлық жайттың біріне ойысты. Бұл – ономастика мәселесі. «Өкінішке қарай, 20 жыл өтсе де, жер мен ел тарихына үйлеспейтін, халық беделіне көлеңке түсіретін отарлаудан қалған атаулардан әлі арылған жоқпыз. Кешегі солақай саясат ел-жұртты салт-санасынан айырып, рухани тамырынан ажырату үшін алдымен жер-су аттарын өзгертті. Халық санасында сан жылдар сіңісті болған атаулардың ту-талақайы шықты. Тарихқа, халыққа қиянат жасалды. Сондықтан ономастикалық жұмысты ұлттық мүддеге сәйкестендіріп, мұны Тәуелсіздіктің рухани биігінен қайта қарап, тарихи әділеттікті орнатудың кезі келді», – дейді ол. Бұл ретте депутат Тәуелсіздік мерейтойында атау олқылықтарын жоя түсуді ұсынады. Мәселен, мерейлі жылы «әр ауданда, кем дегенде, 20 елді мекенге ежелгі атаулары қайтарылса, аудандағы, қаладағы, кемінде 20 көшенің атауы қазақшаланса» деген тілегін жеткізді. Депутаттың айтуынша, ономастика саясаты, ең алдымен, мемлекет Тәуелсіздігіне, ел мен жерді ұлықтау идеясына қызмет етуі тиіс. Сонда ғана әр дәуірде туған тілімізде хатталған ата-баба мұрасы жаңғырып, жеріміздің сәні кіреді, халқымыздың рухы күшейеді.

*Қанат ҚАЗЫ.*

*«Алаш айнасы» газеті  
(Қысқартылып алынды)*

## **ҚҰРБАН АЙТ ПЕН ТӘУЕЛСІЗДІК МЕРЕКЕЛЕРІ ЖАҢА ЖЫЛДЫҢ КӨЛЕҢКЕСІНДЕ ҚАЛЫП ТҮР**

Құрбан айттың екінші күні өткен Мәжілістің кешегі отырысында ұлық күнге қатысты құттықтаулар айтылғанымен, депутаттардан мерекелік көңіл-күй оншалықты сезілмеді. «Депутат» дейміз, еңселі

елорда көшелерінен де сезілмеді бұл мүбәрак мейрам... Жұрттың көңіліне секем салған мұндай базына Мәжілісте де сөз болды.

«Құрбан айт заңды түрде мемлекеттік мерекелердің тізімінде. Алайда мереке қарсаңында көшедегі қаптаған билбордтан жұртты құттықтауға орын берілген жоқ. Алаштың талай жылдарғы аңсай жүріп қол жеткізген қасиетті Тәуелсіздік мерекесі де соның кебін киіп тұр. Керісінше, Жаңа жылға әлі де біраз уақыт болса да, жарнамасы жайнап кетті. Бұл қалай? Ұлы Құрбан айт мерекесі мен қасиетті Тәуелсіздік мерекесі Жаңа жылдан бұрын әрі қазақ үшін ең қастерлі емес пе?» – дейді атқарушы билікке қаратып сауал тастаған Құрманғали Уәли. Расында, депутат айтып отырғандай, қараша басы көрінер-көрінбестен Жаңа жылға жарыса кірісу елордада әдетке айналғалы қашан. Бұл жайында баспасөзде де жеткілікті айтылған секілді еді. Бірақ әуелгі әдеттен құтылмағанды көз көрді. Бас шаһарымыздың өзі осылай болғасын, басқасынан не қайыр? «Әлхәмділлә, 63, 9 пайыз қазақпыз, 70, 2 пайыз мұсылманбыз» дегенді шын көрсете алмай келе жатқан жоқпыз ба?» деген сауал да осындайда туындайды екен. Өлгі әріптесінің базынасына үн қосқан депутат Жарасбай Сүлейменов те көңілінің қаяу тұсын көсілтіп шықты. «Арнайы қабылданған заңға сүйенсек, ерекше тарихи маңызы бар ұлттық мереке болып табылатын Тәуелсіздік күнінен қымбат мереке жоқ. Иә, бұл – ұлық, шын мәніндегі ұлы мереке. Азаттықтың ақ таңы атқан күн, бодандықтың бұғауы быт-шыт болып, халқымыз бостандықтың дәмін татқан күн», – деді қызылжарлық ағамыз. Ол да дәл қазір қазақ елі қастерлі мерекеге дайындыққа емес, Жаңа жыл қарекетіне қызу кірісіп кеткеніне танданды. «Астананың қай бұрышына барсаң да абыр-сабыр, әлем-жәлем. Жұрт бір нәрседен құр қалып жатқандай, жанталаса дүрлігіп жатыр. Бұл тек биылғы жайт емес. Соған қарағанда, Жаңа жылға қатысты дайындықты екі ай бұрын бастау салтымызға сіңіп, дәстүрімізге еніп кеткендей ме?», – дейді жабырқаған Жарасбай Қабдоллаұлы. «Еңселі ел жолына түстік, тарихи өлшеммен алғанда қас-қағым сәтте әулетіміз асып, дәулетіміз тасып, бүкіл әлемге танылды. Ендігі жерде жалпақтауымызға жол болсын! Өшкенімізді жандырып, жоғалтқанымызды түгендеп, ұлттық рухымызды асқақтатпаймыз ба?! Бұл үшін Тәуелсіздік күніне әзірлікті 1-2 күн қалғанда емес, кемі 1 ай бұрын бастап, оның мән-мағынасы, қадір-

қасиетін ұқтыратын сан алуан шаралар ұйымдастырылса игі. Мұндай бастаманы халық та қолдайды. Көшелер, барлық қоғамдық орындар Тәуелсіздігіміздің айшықты белгілерімен ажарланса, ұлтымызды қайта жаңғыртып, өзіндік қасиеттерін жоғалтпай, өркениет төрінен өз орнын ойып алатын жағдай жасалса, нұр үстіне нұр емес пе?! Сонда халықтың рухы көтеріледі, сонда болашақ иесі – жастарымыз қасиетті мерекеге деген ыстық сезімін аялап, елін-жерін, ұлтын сүйіп өседі. Бүгінгі таңда біз үшін ұлы мұрат, маңызды мәселе осы болса керек. Тәуелсіздігімізді өз дәрежесінде ұлықтамай жатқанымыз, сайып келгенде, елге, іс басындағы ерге сын», – деп бір тоқтаған халық қалаулысы бұл бір жағынан мұның қадірін түсіне алмай, ұлттық құндылықтарымыз дәріптелмей отырған дәрменсіздігімізді айғақтаса, екінші жағынан әлі де болса, сол баяғы кеңестік идеологияның, тіпті оған дейінгі ақ патшаның отарлау саясатының шырмауынан шыға алмай келе жатқанымызды көрсететінін айтады.

*Қанат ҚАЗЫ.*

*«Алаш айнасы» газеті  
(Қысқартылып алынды)*

### **ҚАЙСЫСЫ ҚҰНДЫ: ТӘУЕЛСІЗДІК? ЖАҢА ЖЫЛ?**

Елордаға келсеңіз еңселі шырша қарсы алады. Қарашаның ортасына жетпей Астанадағы темір жол вокзалының алдына жаңажылдық шырша орнатылды. Жаңа жылға дейін әлі бір жарым ай бар...

Оны айтасыз қарашаның басында-ақ, Астана көшесінің бойындағы қоғамдық орындар, сауда нүктелері есік-терезесін жаңа жылға орай жарқыратып безендіре бастаған болатын. Қазір қараша емес, желтоқсанның соңы секілді. Құрбан айтты өткіздік. Алда – Тәуелсіздік күні. Бірақ, Астанада жаңа жылыңыздан жарты ай бұрын тойланатын сол Тәуелсіздік мерекесінің «иісі» де жоқ. Мәжіліс де-

путаты Жарасбай Сүлейменовтің сөзімен айтсақ, «Астананың қай бұрышына барсаң да абыр-сабыр, әлем-жәлем жұрт бірденеден құр қалатындай жанталасып, белуардан қар жауып, қаңтар есіп тұрғандай дүрлігіп жатыр». Қасиетті мереке саналатын Тәуелсіздік күні осы әлем-жәлем дүрлігудің көлеңкесінде қалып тұр.

«Арнайы қабылданған «Қазақстан Республикасының мерекелері туралы» Заңына сүйенсек, ерекше тарихи маңызы бар ұлттық мерекеміз Тәуелсіздік күнінен қымбат мереке жоқ. Иә бұл мереке – ұлық мереке. Шын мәніндегі ұлы мереке. Азаттықтың ақ таңы атқан күн бодандықтың бұғауы быт-шыт болып, халқымыз бостандықтың дәмін татқан күн. Елбасымыздың тілімен айтсақ, ежелден еркіндік аңсаған ер қазақтың ең асыл мұраты еңселі ел болу еді...», – деді депутат Ж. Сүлейменов Үкімет басшысы К. Мәсімовке жолдаған сауалында. Депутаттың айтуынша, бұл жағдай жылда қайталанып келеді. «Соған қарағанда, жаңа жыл мерекесіне дайындықты екі ай бұрын бастау – салтымызға сіңіп, дәстүрімізге еніп кеткендей ме қалай?! Осыдан кейін ойланасың, басың қатады, мерекені ұйымдастыруға жауапты адамдар неге жүрісінен жаңылды? Бізге тәуелсіздік қымбат па, жаңа жыл қымбат па?! Неге қасиетті мерекелеріміз оның ішінде айт та бар, Наурыз да бар, қайдағы бір данғаза шаралардың көлеңкесінде қалып ұлттық құндылықтарымыз тапталып, асыл дәстүрлеріміз аяқ асты болуы керек?! Осы бізде намыс бар ма...», – деді депутат ашына. Сондай-ақ, Ж. Сүлейменов Елбасының «Тәуелсіздік күнін атап өту – бізге ең алдымен той тойлау үшін емес, ой ойлау үшін керек» деген сөзін еске салды. Біздің елімізде басты мереке – Тәуелсіздік күніне дайындық ерте қолға алынбайды және оның шеңберінде жалпыұлттық іс-шаралар ұйымдастырылмайды. Тәуелсіздігімізді өз дәрежесінде ұлықтай алмай келе жатқанымыз елге сын екенін айтқан депутат, қасиетті мерекеге көзқарасты түбегейлі өзгерту қажет деп есептейді. Үкімет басшысынан осы мәселеге назар аударуды сұрайды.

*Еркін ДОСЫМБАЙ.  
«Дала мен қала» газеті,  
20 қараша 2010 жыл.*

*15. 06. 2011 ж. жарияланды  
Қазақстан Республикасының  
Бас прокуроры  
А. Қ. Дауылбаевқа*

**Депутаттық сауал  
Құрметті Асқат Қайзоллаұлы !**

Ақмола облысында шығатын қалалық «Степной маяк» газетінің 2011 жылғы 26 мамырдағы санында жарық көрген жағымсыз жарияланым бүкіл елге жағасын ұстатты десем артық айтқандық болмас. Ұлы даланың иесі – көшпенділердің ғасырлар бойғы серігі, тіршіліктің шыңының куәсі, белгілі ғалым, қаламгер Акселеу Сейдімбек «тал бойына халықтың мыңдаған жылғы шығармашылық ізденісін жинақтаған сәулет өнерінің тамаша үлгісі» – деп әспеттеген қазақтың қасиетті киіз үйінің қаңғыбастың тұрағына теңелгенін естіген бүкіл қазақ қорланып отыр. Киіз үйді қорлау – бұл қазақты қорлау. Бұл-қазақ халқының тарихына, салт-дәстүріне, өнеріне, мәдениетіне, ұлттық рухына қасақана жасалған шабуыл. Бұл – өз тағдырына, өз жеріне, өз қазынасына өзі билік етіп, енді еңсе көтере бастаған қазақ ұлтының абырой-беделінің өскенін көре алмағандықтан туған әрекет. Ішкі күйгендер тұз жалаудың орнына осындай жымсысқалыққа барып отыр.

Біздің бәрімізді осындай сорақылыққа бюджеттен қаржы алатын мемлекеттік басылымның баруы ойландыруға тиіс. Мұны оңы мен солы танымаған жастардың шалағайлығы деп бағалауға болмайды. Бұл ойластырылып, қасақана істелген әрекет. Осы облыста шығатын Көкшетау қалалық тәуелсіз «Курс», Бурабай аудандық «Бурабай», «Луч», Еңбекшілдер аудандық «Жаңа дәуір», «Сельская новь» сияқты газеттерде 30 мамыр – 5 маусым аралығындағы жарияланған теледидар бағдарламасында «Мағжан Жұмабаев» деп аталатын деректі фильмнің «Мағжан Пятницабаев» деп жазылуы осыны аңғартады.

Осылай көкшетаулықтар айды аспанға бір-ақ шығарды. Естідік, оқыдық. Уладық-шуладық Қанымыз басымызға шапты, жүрегіміз

тоқтап қала жаздады... Бұл Елбасы жүргізіп отырған саясатқа, біздің тәуелсіздігімізге жасалып отырған қастандық. Сондықтан ол аяқсыз қалмауы керек, осындай арсыздықтарға жол беріп отырған басылымдардың басшылары жауапқа тартылып, қатаң жазалануға тиіс. Менің олардың өз қызметтеріне сәйкестігіне күмәнім бар. Осы мәселе қаралса деймін. Бұл бір, екіншіден, әй дейтін әженің, қой дейтін қожаның жоқтығының салдары. Түрлі деңгейдегі әкімдіктер ай қарап отыр ма.

*Құрметпен, Ж. Сүлейменов.*

*21. 09. 2011 ж. жарияланды.*

## ҮНДЕУ

Кейбіреулер мемлекеттік тілдің жайын айта-айта шаршадық дейтін де шығар-ау. Шаршасақ та, шалдықсақ та, біз өгіз өлмесін, арба сынбасынға салынып, бұл мәселені жылы жауып қоя алмаймыз. Содан біреулердің миына құрт түссе де, айта беруіміз, жаза беруіміз, жатсақ-тұрсақ та, туған тіліміздің жайын ойлауымыз, бір сөзбен айтқанда, күн тәртібінен түсірмеуіміз керек. Өйткені, бүгінгі күні мемлекеттік тіл мәселесі аса зор қоғамдық және саяси маңызға ие болып, ардың ісіне айналып отыр. Елбасымыз атап көрсеткендей, «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде». Олай болса, еңсесі биік елдер қатарына қосылуды мұрат тұтқан біздер үшін Ананың тілі – жүректің үні, ұлттың рухы, абыройы, болмыс-бітімі туған тіліміздің өсіп-өніп, өркендей беруі, тамырын терең жайып, мәңгі құламайтын бәйтерекке айналуы, шын мәнінде өз тұғырына көтеріліп, қоғамымыздан лайықты орнын алуы үшін күресуден асқан міндет жоқ.

Тәуелсіздік жылдары біздің елімізде мемлекеттік тілді дамытудың алғышарттары жасалды, оны кезең-кезеңмен дамытудың белгілі бір жүйесі қалыптасты, құлашты кең сермеп қыруар іс тындыруға, туған тілімізді дамытуға қатысты мәселелерді шығармашылық тұрғыдан шешуге мүмкіндік беретін құқықтық кеңістік пайда болды. Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесі туралы конституциялық қағидамыз бар.

«Тіл туралы» Заңымыз да бар. Соның нәтижесінде, қазақ тіліне деген қоғамның көзқарасы айтарлықтай өзгеріп, оны дамыту, қолданыс аясын кеңейту бағытында қыруар істер атқарылды, сөйтіп, мемлекеттік тіл өз дамуында жаңа сатыға көтерілді. Оның бәрін баппен, байппен, қасиетті қазақ топырағын ежелден өзімізбен бірге мекендеп келе жатқан басқа ұлттардың алдындағы жауапкершілігімізді сезіне, «Келісіп пішкен тон келте болмас» деген қағиданы ұстана, ара-тұра «шер тарқата», екі адым ілгері бір адым кейін шегіне жүріп атқардық. Жалпақ елге жай да мәлім сол істерді тізбелемей-ақ қояйын, олардың бәрін көзі барлар көріп отыр, санасы барлар сезіп отыр.

Десек те, бүгінгі таңда туған тілімізді дамытуға қатысты мәселелер түбегейлі шешілді деп тоқмейілси алмасымыз және анық. Әлі де кезегін күтіп тұрған істер бастан асып жатыр. Бізге мемлекеттік тілді қолдайтын жақсы заңдар керек.

Құрметті Үкімет мүшелері, мемлекеттік тілге шын жанашыр болсаңыздар, Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Біз барша қазақстандықтарды біріктірудің басты факторларының бірі – еліміздің мемлекеттік тілін қазақтардың ана тілін одан әрі дамытуға күш-жігер жұмсауымыз керек», – деген сөздеріне құлақ асып, барлық жиындарды мемлекеттік тілде өткізулеріңізді, үкіметаралық, басқа да ресми кездесулерде қазақ тілінде сөйлеулеріңізді сұраймын.

Осы залда отырған әріптестерімді де тарихтың өзіндей, бабалардың көзіндей, ел бастаған көсемдердің тілі, сөз бастаған шешендердің тілі-қазақ тілін құрметтеуге, сол тілде сөйлеуге шақырамын. Алаштың ардақты ұлдарының бірі Жүсіпбек Аймауытұлы: «... Қара халықтың мәдениетті болуынан мәдениетті кісінің қазақ болуы қиын» - деген екен. Бәріміз де қазақ болайық, қазақша сөйлейік. Әсіресе, менің бұл сөзіме Анасының әлдиі құлағында қалмағандар, бесігінде ана тілінің уызына қанбағандар құлақ асып, қитықпай, қиқарланбай түзу жолға түссе деймін. Осы арада ғұлама ғалым Ахмет Байтұрсынұлының осындай жағдайдан сақтандырып: «Алашқа аты шыққан азаматтар! Көсемдіктеріңді адаспай, түзу істендер! Сендер адассандар – арттарыңнан алаш адасады», – деген сөздерін еске салғым келеді. Ахаңның осы сөздерін жүрегімізге түйіп, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара, ынтымақпен іске жұмылайық. Өзіміз де адаспайық, жұртты да адастырмайық. Бұдан былай сөзді қазақша бастап, баршаға



түсінікті болу үшін деген сылтаумен бөгде тілде шүлдірлей жөнелуден арылайық.

Мен бұл сөздерімнің қалың қазақтың құлағына жетіп, санасына сіңгенін қалаймын. Халқымыздың сарқылмас қазынасы, ең үлкен игілігі – туған тіліміздің көсегесін көгерту сіз бен біздің қолымызда. Үйде де, түзде де қазақша сөйлейік, балаларымызды, немерелерімізді осыған тәрбиелейік, шарасыздыққа салынып, сылтау іздемейік. Бір сөзбен айтқанда, туған тіл төңірегіне ұлт болып ұйысайық.

Мен орынсыз жерге пышақ ұрып, аспандағыны алып бер деп отырған жоқпын. Соңғы санақтың нәтижелеріне жүгінсек, Қазақстан халқының 63, 5 пайызын құрайтын қазақтардың 98, 4 пайызы қазақ тілін еркін түсінемін десе, солардың ішінде 93, 2 пайызы ана тілімізде оқи аламыз және жаза аламыз деп жауап берген екен. Сол сияқты еліміздегі еуропалық ұлттардың бір миллионнан астамы қазақ тілін еркін түсінетін, түркі халықтарының 63 пайызы қазақ тілінде оқи әрі жаза алатын көрінеді. Бұдан қандай ой түюге болады. Бұл бүгін Қазақстан Республикасында қандай салада болмасын, мемлекеттік тілді еркін қолдануға азаматтар да, қоғам да дайын деген сөз.

Елбасымыздың: «Өзіміз ана тілімізде сөйлемейінше, өзге ешкім де бұл тілді шындап құрметтей қоймайтынын түсінуге тиіспіз. Бұл ретте, ең алдымен қазақ азаматтарының намысына салмақ салмай болмайды. Ана тілін білмеу қазақ азаматы үшін ұят саналуға тиіс» - дегенін ұмытпайық. Бізге басқаларға үлгі болатын осындай қасиет ауадай қажет. Бір тілдің төңірегінде топтасқан халық қана ортақ мақсатқа ойдағыдай қол жеткізе алады. Туды, Елтаңбаны, Әнұранды қалай қастерлесек, мемлекеттік тілді де солай қадірлеп-қастерлеуге міндеттіміз.

Қазақтың Қадыры айтқандай, өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте! Еліміздің, халқымыздың, ұрпағымыздың болашағын ойласақ, туған тілімізді қорламайық, қорғайық, қолдайық, ағайын!

*Депутат  
Ж. Сүлейменов.*

## А-ЗА-МАТ! .

Мәжіліс депутаты Жарасбай Сүлейменов билік басында жүрген азаматтарды барлық жиналыстарды мемлекеттік тілде өткізуге, ресми кездесулерде қазақша сөйлеуге, сөйтіп мемлекеттік тілді құрметтеп-қолдауға шақырды. Бұл туралы ол кеше өткен Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында мәлім етті. Ресми тілдің жырынан соң, ана тіліміздің кежегесі кейін тартып, биліктегілер не айтарын білмей сасқалақтап қалған өлара шақта Жәкең ерледі. Жарайсыз, Жәке! Жәкеңнің айтқан сөзі басқаларға да қамшы болып, оның әріптесі Нұртай Сабильянов та жалтақтамай, көпшіліктің көкейінде жүрген ойын ақтарып салды.

«Кім мемлекеттік тілге қарсы болса, ол еліміздің келешегіне де қарсы. Бір мәселені қадап айтқым келеді. Біздің арамыздағы орыстілді қазақтар мемлекеттік тілді үйренуге ұмтылмайды да. Неге біз олардың орыс мектептерін бітіргенімен санаса беруіміз керек? Біз мемлекеттік тілді жан-жақты енгізуге тиіспіз. Мен сіздерден осы ұсынысты қолдауға шақырамын. Мемлекеттік тілді білу – әр депутаттың міндеті. Егер біз мемлекеттік тілді білмесек жергілікті халықпен қалай сөйлесеміз».

Нағыз жігіт екенсің, Нұртай! Тек бұл жақсы бастама орта жолда аяқсыз қалмаса болғаны. Бәлкім, сең жоғарыдан қозғалса, төмендегілер де ойланып, уақыт өте еліміздегі барлық жиналыстарда орысша шүлдірлемей, адам құсап қазақша сөйлесіп, ана тіліміздің еңсесі де көтеріліп қалар. Біз өзі о бастан жоғары жаққа қарауға үйреніп қалған халықпыз ғой. Үмітсіз шайтан.

*«Нұр Астана» газеті,  
22 қыркүйек 2011 жыл.*

## ДЕПУТАТ Ж. СҮЛЕЙМЕНОВ ЖИНАЛЫСТАРДЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДЕ ӨТКІЗУГЕ, РЕСМИ КЕЗДЕСУЛЕРДЕ ҚАЗАҚША СӨЙЛЕУГЕ ШАҚЫРДЫ

АСТАНА. 21 қыркүйек. ҚазАқпарат /Айдар Оспаналиев/ - Мәжіліс депутаты Жарасбай Сүлейменов билік басында жүрген азаматтарды барлық жиналыстарды мемлекеттік тілде өткізуге, ресми кездесулерде қазақша сөйлеуге, сөйтіп мемлекеттік тілді құрметтеп-қолдауға шақырды.

Бұл туралы ол бүгін Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында мәлім етті.

«Елімізде мемлекеттік тіліміздің аса зор қоғамдық және саяси маңызға ие болып отырғандығын ешкім жоққа шығара алмайды. Сол сияқты Қазақстан Республикасында қандай салада болмасын мемлекеттік тілді еркін қолдануға, азаматтар да, қоғам да дайын десек, артық айтқандық емес. Содан ба екен, менің көңілімде күдіктен гөрі үміт басым», – дейді депутат.

Оның айтуынша, туған тіліміздің аяғын тұсап, бағын байлап тұрған күрмеуі қиын мәселелер әне-міне шешілетін, сөйтіп қазақ тілі өз тұғырына қонатын, мемлекеттік тіл ретіндегі рөлін толыққанды атқара бастайтын сияқты көрінеді де тұрады. «Осылай үмітімді үкілей отырып, Парламент депутаттары мен билік басында отырған барлық азаматтарға, барлық жиналыстарды мемлекеттік тілде өткізуге, ресми кездесулерде қазақша сөйлеуге, сөйтіп мемлекеттік тілді құрметтеуге, қолдауға шақырып отырмын. Осындай қадамға Парламент басшылығы мен депутаттар да барса, қазақ тілінде сөйлеуді бұлжымас заңға айналдырса, нұр үстіне нұр болар. Сонда туған тіліміздің көсегесі бірден көгермесе де, бір кем дүниенің орны толар еді деп ойлаймын», – деді халық қалаулысы.

Оның айтуынша, бұдан былай «баршаға түсінікті болсын» деген сылтаумен бөгде тілде шүлдірлей жөнелуден арылу керек. «Әсіресе, менің бұл сөздеріме анасының әлдіі құлағында қалмағандар, бесігінде ана тілінің уызына қанбағандар құлақ асып, қиқарланбай түзу жолға түссе деймін. Ардақты ағайын, халқымыздың сарқылмас қазынасы, ең үлкен игілігі – тарихтың өзіндей, бабалардың көзіндей ел бастаған көсемдердің тілі, сөз бастаған шешендердің тілі – қазақ тілін құрметтейік, қазақ болайық, үйде де, түзде де қазақша сөйлейік. Балаларымыз бен немерелерімізді осыған тәрбиелейік», – деді депутат.

## АНАСЫНЫҢ ӘЛДИІ ҚҰЛАҒЫНДА ҚАЛМАҒАНДАР ҮШІН...

Айтыла-айтыла жауыр болған тіл мәселесі қашанда өзекті ғой. Кеше Парламент Мәжілісінің депутаты Жарасбай Сүлейменов Үкімет басшыларына, Парламент депутаттарына, өзге де барлық мемлекеттік орган қызметкерлеріне, «мен қазақпын» деген барлық қазаққа кез келген жерде, барлық жиналыстарда, ресми кездесулерде тек мемлекеттік тілде сөйлеуге шақырып, үндеу тастады. «Осы арада ғұлама ғалым Ахмет Байтұрсынұлының «Алашқа аты шыққан азаматтар, көсемдіктерінді адаспай түзу істендер. Сендер адассандар, арттарыңнан Алаш адасады!» деген сөздерін еске салғым келеді», – дейді. – «Ақаңның осы сөздерін жүрегімізге түйіп, тіл майданында бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара іске жұмылайық. Өзіміз де адаспайық, жұртты да адастырмайық. Бұдан былай сөзді қазақша бастап, «баршаға түсінікті болу үшін» деген сылтаумен бөгде тілде шүлдірлей жөнелуден арылайық. Әсіресе, менің бұл сөзіммен анасының әлдіі құлағында қалмағандар, бесігінде анасының уызына қанбағандар құлақ асып, қитықпай, қиқарланбай, түзу жолға түссе деймін», – дейді ол.

Жарасбай Сүлейменовтің бұл үндеуін депутат Нұртай Сабилянов та қолдады. Ол заң арқылы бүкіл мемлекеттік қызметкерлерді мемлекеттік тіл білуге міндеттеуіміз керек деп есептейді. «Қазіргі кезде біздің әріптестеріміздің ішінде де мемлекеттік тілді мазақ еткісі келетіндер бар. Оларға біз қарсы тұруымыз керек. Кім мемлекетке қарсы, сол қазақ мемлекетінің болашағына, елімізге қарсы деп түсінуіміз қажет», – дейді халық қалаулысы.

*Салтан СӘКЕН.  
«Алаш айнасы» газеті.*

## МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ МӘСЕЛЕСІ АРДЫҢ ІСІНЕ АЙНАЛСА...

25 қыркүйек Республика халқы тілдерінің күні қарсаңында Парламент қабырғасында қазақ тілінің мәртебесін көтеру мәселесі тағы да көтерілді. Бұл жолы төл тіліміздің тағдырына депутат Жарасбай Сүлейменов ара түсіп, Үкімет басшысы Кәрім Мәсімовтің қазақ тілінің өз биігіне көтеріліп, мемлекетіміздің ең басты құндылығына айналуына пәрмен беруін сұрады. Депутаттың бұл тілегі бірнеше әріптесі тарапынан қолдау тапты.

Солардың бірі депутат Нұртай Сабильянов: «Біздің әріптестеріміздің арасында да мемлекеттік тілді мазақ еткісі келетіндер бар. Оларға біз қарсы тұруымыз керек. Кім мемлекеттік тілге қарсы болса, сол қазақ елінің болашағына қарсы деп білуіміз керек», – деп мәлімдеді. Ал, депутат Тито Сыздықов әріптесі айтқан сөзден бірден қорытынды шығарып, өзінің орыс тілінде дайындап әкелген депутаттық сауалын қазақ тілінде жолдайтынын мәлімдеді. Үндеудегі Парламент басшылығы мен депутаттар да жиынды қазақша өткізуге ден қойса деген мағынадағы тілек Мәжіліс спикерін де жайбарақат қалдыра алмады. Ол өзінің үнемі отырыстарды мемлекеттік тілде өткізіп келе жатқанын айтып, өзін «қазақша сөйле» деп үгіттеудің қажет емес екенін ескертіп қалды. Ал, жалпы үндеудің қысқаша мәтіні төмендегідей болған еді: «Елбасымыз атап көрсеткендей, «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде». Олай болса, еңсесі биік елдер қатарына қосылуды мұрат тұтқан біздер үшін Ананың тілі – жүректің үні, ұлттың рухы, абыройы, болмыс-бітімі туған тіліміздің өсіп-өніп, өркендей беруі, тамырын терең жайып, мәңгі құламайтын бәйтерекке айналуы, шын мәнінде, өз тұғырына көтеріліп, қоғамымыздан лайықты орнын алуы үшін күресуден асқан міндет жоқ. Десек те, бүгінгі таңда туған тілімізді дамытуға қатысты мәселелер түбегейлі шешілді деп тоқмейілси алмасымыз және анық. Әлі де кезегін күтіп тұрған істер бастан асып жатыр. Бізге мемлекеттік тілді қолдайтын жақсы заңдар керек. Құрметті Кәрім Қажымханұлы, құрметті Үкімет мүшелері,

мемлекеттік тілге шын жанашыр болсаңыздар, Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың: «Біз барша қазақстандықтарды біріктірудің басты факторларының бірі – еліміздің мемлекеттік тілін қазақтардың ана тілін одан әрі дамытуға күшжігер жұмсауымыз керек», – деген сөздеріне құлақ асып, барлық жиындарды мемлекеттік тілде өткізулеріңізді, үкіметаралық, басқа да ресми кездесулерде қазақ тілінде сөйлеулеріңізді сұраймын. Мен бұл сөздерімнің қалың қазақтың құлағына жетіп, санасына сіңгенін қалаймын. Халқымыздың сарқылмас қазынасы, ең үлкен игілігі – туған тіліміздің көсегесін көгерту сіз бен біздің қолымызда. Үйде де, түзде де қазақша сөйлейік, балаларымызды, немерелерімізді осыған тәрбиелейік, шарасыздыққа салынып, сылтау іздемейік. Бір сөзбен айтқанда, туған тіл төңірегіне ұлт болып ұйысайық. Елбасымыздың: «Өзіміз ана тілімізде сөйлемейінше, өзге ешкім де бұл тілді шындап құрметтей қоймайтынын түсінуге тиіспіз. Бұл ретте, ең алдымен қазақ азаматтарының намысына салмақ салмай болмайды. Ана тілін білмеу қазақ азаматы үшін ұят саналуға тиіс», – дегенін ұмытпайық. Бізге басқаларға үлгі болатын осындай қасиет ауадай қажет. Бір тілдің төңірегінде топтасқан халық қана ортақ мақсатқа ойдағыдай қол жеткізе алады. Туды, Елтаңбаны, Әнұранды қалай қастерлесек, мемлекеттік тілді де солай қадірлеп-қастерлеуге міндеттіміз. Еліміздің, халқымыздың, ұрпағымыздың болашағын ойласақ, туған тілімізді қорламайық, қорғайық, қолдайық, ағайын!»

*«Заң» газеті.*

## **МӘЖІЛІСМЕН ЖАРАСБАЙ СҮЛЕЙМЕНОВ ҮКІМЕТ ПЕН БАРЛЫҚ ШЕНЕУНІКТЕРДІ КЕҢЕСТЕРДІ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДЕ ӨТКІЗУГЕ ШАҚЫРДЫ**

«Мен Премьер-Министрге, Үкімет мүшелеріне, Парламент басшылығына, барлық депутаттарға, басқарушы қызметтер атқаратын адамдарға, өзін елінің патриоты санайтын адамдарға үндеу жолдағым келеді... Мен барлық жиналыстарды мемлекеттік тілде өткізуге, ресми кездесулерде қазақша сөйлеуге шақырамын. Осылайша мемлекеттік тілге қолдау көрсетуге», – деді Ж. Сүлейменов сәрсенбі күні мәжілістің пленарлық отырысында.

Ол бүгінгі күні мемлекеттік тілдің қоғамдық және саяси маңыздылығын ешкім жоққа шығара алмайтынын айтты.

«Сөзді қазақша бастап, бәріне түсінікті болсын деген желеумен басқа тілде аяқтау әдетінен арылатын кез келді. Мені, әсіресе, сәби кезінде анасының әлдиін естімегендер түсінгенін қалаймын. Құрметті мырзалар, қазақ тілі – халықтың сарқылмас байлығы, біздің тарихымыз, ата-бабаларымыздың тілі... өз тілімізді құрметтеуге тиіспіз», – деді ол.

Депутат үйде де, түзде де қазақша сөйлесуге шақырды.

«Бір сөзбен айтқанда, бір тілдің ұлты болайық, егер еліміздің болашағын, келешек ұрпақтың болашағын ойласақ, мемлекет басшысының сөзіне құлақ асайық. Ана тілімізде сөйлемесек, құрметтемесек, басқалар да құрметтемейді. Осыны түсінетін уақыт келді», – деп қорытындылады ол.

*ҚазТАГ.*

*21 қыркүйек 2011 жыл.*

## МІРЖАҚЫП, ЖАРАСБАЙ ЖӘНЕ НҰРТАЙ НЕМЕСЕ ТАҒЫ ДА МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ ТУРАЛЫ

Атыңнан айналайын Міржақып, Міржақып Дулатұлы баяғыда, арада көп замандар өтіп кеткен уақытта, бір ғасыр бұрын айтып еді бұл сөзді. Өзі «коменес» деп айдар таққан Мыңбайұлы Жалау жолдасқа деп дәлме-дәл адресін көрсетіп тұрып жолдаған еді. Жалау жолдас о кезде кеңестің тұтқасында отырған-тын.

Ана тілінің атынан сөйлеген еді Міржақып Мыңбайұлына жолдаған осы мүбарак хатында. Міржақыптарға мұндай мәртебелі құқық жарасады ғой. Олар ұлттың атынан сөйлегенде ұпай емес, ұлы мұраттар үшін ғана сөйлейтін...

«Мен заманымда қандай едім? Мен ақын, шешен, тілмар бабаларыңның бұлбұлдай сайраған тілі еді. Мөлдір судай таза едім. Жарға соққан толқындай екпінді едім. Мен наркескендей өткір едім.

Енді қандаймын?

Кірленіп барамын, былғанып барамын. Жасыдым, мұқалдым.

Мен не көрмедім?» – деп басталатын М. Дулатұлының «Қазақ тілінің мұңы» атты мақаласы.

Бұдан әрі: «Маған әкеліп араб пен парсыны қосты. Бертін келе шүлдірлеп ноғайды, былдырлатып орысты араластырды. Бір күндерде мені мүлде жоқ қылғысы келгендер де болды. Өліде үшбақы болғыр Абайға өкпем жоқ. Тіріде маған ара түсушілер аз болды. Мен жылы сөзді, алдымен айналып кетейін, осы күнгі Ахмет деген кісіден естідім (Байтұрсынов. – ред)», – деп жазатын Мәкең қазақ тілінің молдалардың, миссионерлердің, тілмәштардың қолжаулығынан құтылды ма деген үмітінің желге ұшып, босқа қуанғанын айтатын. Айтатын да, шала-шарпы жүргізілген кеңестік «қазақыландырудың» зардаптарынан шығар жол іздейтін. Жалау жолдастың «Ауыл тілін» шығарамын, газет нағыз қазақ тілімен жазылады дегеніне іші жыли отырып: «Азар коменес болып кетсең де ата-бабаң қазақ еді ғой, мен солардың тілі едім ғой, не жазығым бар, ая мені!», – деп түйнейді.

Ал, бүгінгі күнге келейік.



Әрине, Міржақыптай, Ахметтей аяулы ана тіліне араша сұраған азаматтар жоғалған жоқ. Бірақ, бұл ұлтқа рухани көсем болған тұлғалармен бірге қойды деген бағамды білдірмесе керек.

Бүгіннің өз Міржақыптары, өз Жалаулары бар...

Кеше Парламенттің төменгі палатасында депутат Жарасбай Сүлейменов биліктің барлық бұтағына ресми кездесулерді, жиындарды қазақ тілінде өткізуге шақырды. «Бұдан былай «баршаға түсінікті болсын» деген сылтаумен бөгде тілде шүлдірлей жөнелуден арылу керек. Әсіресе, менің бұл сөздеріме анасының әлдиі құлағында қалмағандар, бесігінде ана тілінің уызына қанбағандар құлақ асып, қияқланбай, түзу жолға түссе деймін. Ардақты ағайын, халқымыздың сарқылмас қазынасы, ең үлкен игілігі – тарихтың өзіндей, бабалардың көзіндей ел бастаған көсемдердің тілі, сөз бастаған шешендердің тілі – қазақ тілін құрметтейік, қазақ болайық, үйде де, түзде де қазақша сөйлейік. Балаларымыз бен немерелерімізді осыған тәрбиелейік», - деді.

Әріптесіне қолдау білдірген депутат Нұртай Сабильянов болса, «Мемлекеттік тілге кім қарсылық көрсетсе, ол Қазақстанның келешегіне де қарсы болғаны» деп салды.

«Мұнда кері кетіп жатқандар, негізінен, өзіміздің орыстілді қазақтарымыз. Алайда, біз жағдай осылай болды екен деп жүре бермей, қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде кеңінен қолданысқа енгізуіміз керек. Мен сіздерді осы мәселені қолдауға шақырамын. Мемлекеттік тілді меңгеру – әр депутаттың міндеті. Егер біз тіл білмесек, халыққа қалай жауап бермекпіз?» – деді Нұртай Сабильянов.

Р. С: Иә, «тасты жапалаққа ұрса да жапалақ өледі, жапалақты тасқа ұрса да жапалақ өледі» дегендей, бәз баяғы ана тілінің мұңы мұң болып ғасырдан астам уақыт келе жатыр. Колониялдық мәдениет қазақтың елдігін етектен қашанға дейін тартар екен?! .

*Думан АНАШ.*

*«Алматы ақшамы»,  
22 қыркүйек 2011 жыл.*

## **САЯСАТТАНУШЫ АЙДОС САРЫМНЫҢ «ОРДА KZ» ГАЗЕТІНЕ БЕРГЕН СҰХБАТЫНАН**

– Ал, Жарасбай Сүлейменовтің билік басындағылардың барлығын дерлік жиналыстарда және де ресми кездесулерде қазақша сөйлеуге шақыруы нәтиже бере ме?

– Жәкеннің ол ұсынысы – еліміздің, ұлтымыздың нағыз патриоты, азаматына лайықты ұсыныс болды. Әрине, бұл күні ертең билік барлық жиналысын қазақша өткізеді деген сөз емес, бірақ осындай ұсыныстар жалпы қазақтың ұстанымына, талабына айналатын болса, көп ұзамай-ақ бұл да іске асатын болады. Түбі солай болатыны мен үшін айдан анық нәрсе.

*«Орда kz»*

*30 қыркүйек 2011 жыл.*

## ҰЛТТЫҢ ЖАНЫ – ТІЛ

Ағымдағы жылдың 30 тамызында М. Шаханов бастаған ұлт зиялылары «Конституцияға қарсы әрекеттер тоқтатылсын!» деген тақырыппен Қазақ халқына және республикамызды мекендейтін өзге ұлт өкілдеріне баспасөз құралдары арқылы арнайы Үндеу жариялаған еді. Үндеудің көшірмесі Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевқа, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К. Мәсімовке, Қазақстан Республикасының Парламент Сенатының Төрағасы Қ. Мәмиге, Қазақстан Республикасының Парламент Мәжілісінің Төрағасы О. Мұхамеджановқа жіберілген. Бұл Үндеудің жариялануына не себеп болды? Өткен айда ҚР Мәдениет министрлігі дайындаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік тіл саясаты мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы ақпарат құралдарында жарияланды. Сол жобада «Мемлекеттік органдарға мемлекеттік тілде жүгіну міндетті» деген норма енгізілген болатын. Сол-ақ екен орыс тілді басылымдардың біразы мұны тіл төңкерісіне балап, «мемлекеттік төңкеріс» болады деп қоқан-лоққы жасап шыға келді. Қазақстандық Православтар одағының Spgk. ks. сайтында Ф. Мироглов деген әлдебіреудің «Орыс азаматтары, мұндай шешімдерге салқын қараңыздар. Өздеріне (заңды) жаза берсін. Тілге қатысты кез келген жарлық пен заңды күле отырып оқыңыздар, себебі оның барлығы – фантастика ауылынан туылған дүние. Бұрынғыдай негізгі тілде, құдіретті ұлы орыс тілінде сөйлеуді және жазуды жалғастыра беріндер. Оған тосқауыл кою ешкімнің қолынан келмейді...» деген пікірі шықты. Осыдан соң өзге орыстілді басылымдар да қолдап, арандағып шыға келді. Оларға орыстілді қандастарымыз да үн қосты. Мемлекеттік тілге, Ата Заңға қарсы шаралар осылай басталды. Ал Ата Заңның 93-бабында «Конституцияның 7-бабын жүзеге асыру мақсатында Үкімет, жергілікті өкілді және атқарушы органдар, арнаулы заңға сәйкес, Қазақстан Республикасының барлық азаматтары мемлекеттік тілді еркін әрі тегін меңгеруі үшін қажетті ұйымдастырушылық, материалдық және техникалық жағдайдың бәрін жасауға міндетті» деп тайға таңба

басқандай етіп жазылған. Конституцияның 7-бабында «Мемлекеттік тіл – қазақ тілі» деп, ал соның екінші тармағында «... орыс тілі ресми түрде мемлекеттік тілмен тең қолданылады» деп жазылған. Жалпы, Конституцияда мемлекеттік тіл жөнінде арнайы заң қабылдау керектігі де бар. Содан бері 22 жыл өтсе де, сол заң қабылданған жоқ. Әлгі арандатушылардың салдарынан министрлік аталмыш норманы және мемлекеттік тілді міндеттеген өзге де баптарды заң жобасынан алып тастауға мәжбүр болды. Бұл туралы вице-министр Ғ. Телебаев «Мегаполис» газетінің 2011 жылдың 15 тамыздағы санында былай деп хабарлады: «Мемлекеттік органдарға тек мемлекеттік тілдегі өтінішпен жүгінуді қарастыратын норма заң жобасынан алынып тасталынды. Арыз-шағымды тек мемлекеттік тілде қабылдау мәселесі болмаған және болмайды да. Тіл туралы заң өз қалпынан өзгермейтініне кепілдік беремін!». Өткен айдың 21 қыркүйек күні Парламент төменгі палатасының отырысында депутат Жарасбай Сүлейменов Премьер-Министр Кәрім Мәсімовке сауал жолдады. «Бұдан былай «баршаға түсінікті болсын» деген сылтаумен бөгде тілде шүлдірлей жөнелуден арылу керек. Әсіресе, менің бұл сөздеріме анасының әлдиі құлағында қалмағандар, бесігінде Ана тілінің уызына қанбағандар құлақ асып, қикарланбай, түзу жолға түссе деймін. Ардақты ағайын, халқымыздың сарқылмас қазынасы, ең үлкен игілігі – тарихтың өзіндей, бабалардың көзіндей ел бастаған көсемдердің тілі, сөз бастаған шешендердің тілі – қазақ тілін құрметтейік, қазақ болайық, үйдс де, түзде де қазақша сөйлейік. Балаларымыз бен немерелерімізді осыған тәрбиелейік», – деп биліктің барлық буындарына мемлекеттік тілге құрмет көрсетіп, осы тілде сөйлеуге шақырды. Депутат Нұртай Сабильянов оған бірден қолдау көрсете келіп: «Мемлекеттік тілге кім қарсылық көрсетсе, ол Қазақстанның келешегіне де қарсы болғаны. Мұнда кері кетіп жатқандар, негізінен өзіміздің орыстілді қазақтарымыз. Алайда біз жағдай осылай болды екен деп жүре бермей, қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде кеңінен қолданысқа енгізуіміз керек. Мен сіздерді осы мәселені қолдауға шақырамын. Мемлекеттік тілді меңгеру – әр депутаттың міндеті. Егер біз тілді білмесек, халыққа қалай жауап береміз?» – деді. Тек екі депутат ғана осылай өз пікірлерін ашық білдірді. Ақпарат құралдарындағы Мәдениет министрлігінің заңға өзгерістер ендіру жөніндегі жобасына ресейлік және жергілікті орыс тілді басылымдардың қарсылығын білдіріп, республиканың ішкі істеріне заңсыз араласуы және мемлекеттік тілге деген арандатулары, сондай-ақ өз ішімізде қарама-

қайшы пікірлердің өріс алып кетуіне байланысты ұлт зиялыларының жоғарыдағыдай атпен Ашық хат жариялауына тура келді. Соған байланысты 2 қазанда, Алматы қаласында рұқсат етілген митингі өткізілді.

### **АҚЫН ҚАЗЫБЕК ИСАНЫҢ 4 ҚАЗАН 2011 ЖЫЛҒЫ 4 ҚАЗАНДА АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНДА ӨТКЕН “МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ҚОЛДАУ” АКЦИЯСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІНЕН**

«Ал кешегі ашық хат кімнің кім екенін анықтаған детектор болды. Тіпті Сенат Төрағасы Қайрат Мәми мен Мәжіліс Төрағасы Орал Мұхамеджанов орыстiлдi БАҚ-ты жинап алып, Конституция өзгермейдi деп ант еттi. 106 депутаттың екеуi-ақ Ата Заңның 7-бап, 2-тармағын алып тастауға дауыс бердi. Атап айтайық, Нұртай Сабильянов пен Жарасбай Сүлейменов. Қазақша сөйлей бiлмесе, министр болуға ешкiмнiң құқы жоқ. Егер Ақорда мемлекеттiк тiл мәселесiн шешпесе, бiз алаңда шешемiз. »

*«Жас Алаш» газетi,  
4 қазан 2011жыл.*

Төртінші бөлім  
**СӨЙЛЕГЕН СӨЗДЕР**

## МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – ТӘУЕЛСІЗДІК ТІРЕГІ

*(Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің әлеуметтік-мәдени даму комитетінің көшпелі отырысында сөйлеген сөз)*

Қайырлы күн, қадірлі қауым!

Құрметті әріптестер!

Алаштың ардақтысы, ұлы ақын Мағжан Жұмабасв:

Жарық көрмей жатсаң да ұзақ, кен – тілім,

Таза, терең, өткір, күшті, кең тілім.

Тарап кеткен балаларыңды бауырыңа

Ақ қолыңмен тарта аларсың сен, тілім! – деп жырлағандай, құдыреті күшті бойымызға Ана сүтімен дарыған туған тіліміздің қадір-қасиеті жайлы аз жазылып, аз айтылып жүрген жоқ. Ананың тілі – жүректің үні ғана емес, ұлттың рухы абыройы, болмыс-бітімі. Бір сөзбен айтқанда қазақтың өзі. Олай болса, тәуелсіз елдің мемлекеттік тілі – қазақ тілі өсіп – өніп, түрлене беруі, тамырын терең жайып, мәңгі құламайтын бәйтерекке айналуы заңды құбылыс.

Елбасымыз да осыны армандайды. Нұрсұлтан Әбішұлы мемлекеттік тілді дамытуды күнбе-күн назарда ұстау қажеттігін жиі-жиі көтеріп, туған тілдің мәртебесін өсіруді міндет етіп отыр. Президенттің тілге қатысты айтқан ой-тұжырымдары аз емес. Олардың бәрін сіздер жақсы білесіздер. Осы арада мен Президенттің «Біз барша қазақстандықтарды біріктірудің басты факторларының бірі – еліміздің мемлекеттік тілін қазақтардың ана тілін одан әрі дамытуға күш-жігер жұмсауымыз керек», – деген сөздерін тағы бір еске салғым келеді. Осы сөздер-ақ мемлекет тарапынан туған тілімізге айрықша қамқорлық жасалып отырғанын айғақтайды.

Алайда, біздің қоғамда тындырылғанды көрмейтін, не нәрсеге болсын көңілі көншімейтіндер де аз емес. Олар мемлекеттік тіл туралы әңгіме қозғала қалса, «халі мүшкіл, тынысы күннен-күнге таралып барады, бағы жанбай тұр» деп көздің жасын парлатады. Осындай үндеу жуырда баспасөзде тағы жарияланды. Оқып шықтым: баяғы сарын, жалаң сөз, еңсенді сзетін кейістік... Осыдан кейін маған мұндай үндеулердің пайдасынан осындай көңіл-күйдің зияны көп пе деген ой келді. Неге десеніздер, барды бағаламау, «жоқ, жоқ» деп ауызды қу

шөппен сүрте беру жігерді жасытады, сенімге селкеу түсіреді. Әсіресе, тал шыбықтай жайқалып өсіп келе жатқан жастарды адастырады.

Жалпы, бүгін жылап-сықтай беруге еш негіз жоқ. Он алты жылдан бері етегіміз жасқа толып келеді. Тіпті мұның өзі ұят! Бұл дәрменсіздіктің көрінісі. Бізді бүгін қол жеткенді баянды ету үшін енді не істеуге тиіспіз деген ой көбірек мазалағаны жөн.

Мен бұл мәселеге неге қадалып тұрмын. Ондағы ойым – сөзден іске көшетін, сабырлы да салмақты жұмыс істейтін уақыт жеткенін айту. Әрі тартпай, бері тартпай бұл іске ұлт болып жұмылуымыз керек.

Менің ойымша, елімізде мемлекеттік тілді дамыпудың алғышарттары жасалған, құлашты кең сермеп қыруар іс тындыруға, туған тілімізді дамытуға катысты мәселелерді шығармашылық тұрғыдан шешуге мүмкіндік беретін құқықтық кеңістік қалыптасқан. Мәселе тек сол мүмкіндіктерді ұтымды пайдалануда, алаңсыз жұмыс істеуде болып отыр.

Мәжілістің өткен жалпы отырысында әріптесім Алдан Смайыл мемлекеттік тілді телекоммуникациялық және электрондық жүйелерге енгізу туралы Үкімет басшысы Кәрім Мәсімов пен Білім және ғылым министрі Жансейіт Түймебаевқа сауал жолдады. Өте орынды, қос қолымды көтеріп қолдаймын. Ал енді осыған қарсы болып отырған адам бар ма? Жоқ, бұлай істеуге болмайды деп қолымызды байлап-матап отырған заң бар ма? Сол сияқты қазақ мектебін ашпандар, сапалы қазақ тілі оқулықтарын шығармандар, балабақшаларда сәбилерге ұлттық тәрбие бермендер, қазақ тілін оқытпандар, болмаса осы мақсатқа бұқаралық ақпарат құралдарын пайдаланбандар, теледидардан қазақ тілінде балаларға арналған бағдарлама жасамаңдар деп, аяқтан шалып, етектен тартып отырған да ешкім жоқ. Бәрі өзімізге байланысты. Егер мемлекеттік тілді дамытуға бағытталған істерді діттеген жеріне жеткізе алмай, сындарлы сипат бере алмай жатсақ, оған кімді кінәлаймыз. Сөзге келгенде көсіліп, іске келгенде кібіртіктеп тұратын өзіміз кінәліміз.

Сөз жоқ, тәуелсіздік жылдары қазақ тілі өз дамуында жаңа сатыға көтерілді. Біріншіден, қоғамның оған деген көзқарасы түбегейлі өзгерді. Сондай-ақ, оны кезең-кезеңмен дамытудың белгілі бір жүйесі қалыптасты. Оның нәтижелері қазірдің өзінде көзге ұрып тұр, ол алдағы уақытта тіпті мәуелене түсетіні сөзсіз, тек алып-ұшып.

Басқа елдерге сілтеме жасағанда сәл ойлануымыз керек. Біздегі жағдайды Америка мен немесе Ресеймен салыстыруға бола ма. «Арбаны



аттың алдына жегіп», бәрін бір күнде шешеміз десек, жұртқа күлкі боламыз, белгілі ертегідегі тойымсыз кейуананың күйін кешуіміз де ғажап емес. Өйткені, тіл – қатардағы көп мәселенің бірі емес, үлкен саясат. Бұл ретте, біз оны асқан бір көрегендіктен жүргізіп отырған Елбасына сенуіміз керек. Ол кісінің саясаты халықты адастырмайды, тілімізді жетімсіретпейді.

Тілдерді дамытуды ұтымды ұйымдастырып, жүргізіп отырған аймақтар бар. Олардың қатарына Солтүстік Қазақстан облысын да қосуға болады. Қазір мен соңғы жылдары сол өңірде атқарылған істерді жіпке тізсем, оған уақыт тарлық етеді. Сондықтан бір ғана мысал келтірейін. Солтүстік Қазақстан облысында бүгінгі таңда жүз шақты балабақша болса, олардың бәрінде тәрбие жұмыстары, ең алдымен, қазақ тілінде жүргізіледі. Петропавлға жұмыс бабындағы сапармен келген кезінде осы тәжірибеге Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың өзі де ерекше ден қойып, мемлекеттік тілді оқытуда іс барлық жерде нақ осылай ұйымдастырылуы керек деген болатын.

Содан бері үш жылға жуық уақыт өтті, Президенттің осы нұсқауы ел көлемінде қалай жүзеге асырылып жатқанын білмек болып, үстіміздегі жылғы қазанның 10-да Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі Түймебаев мырзаға депутаттық сауал жолдаған едім. Оған жауап алдым. Онда министрліктің Петропавл қаласындағы «Айгөлек» бала бақшасының іс-тәжірибесімен танысып, тарату мақсатында 2008 жылдың маусым айында республикалық семинар өткізуді жоспарлап отырғаны айтылған. «Апам да аң-таң, мен де аң-таңмын» дегендей, аталмыш министрліктің Елбасының тікелей тапсырмасын орындауды осынша кешеуілдеткенін түсіне алмай отырмын. Мұны қалай атаймыз? Жауапсыздық па, жайбасарлық па? Қалай десек те, әйтеуір, туған тіліміздің көсегесін көгертуге қызмет етпейтін тірлік.

Солтүстік Қазақстан облысында мемлекеттік тілді дамыту бағытындағы жұмыстар нысаналы да жүйелі сипатқа ие болып отырғанын баса айтқым келеді. Ал ел көлемінде бізге жетпей жатқаны осы жүйелілік. Меніңше, мәселе тек қаржыға, заңға тіреліп тұрған жоқ. Бізде заң аз ба? Қазір мемлекеттік тіл туралы заң қабылдаса бәрі шешіліп қалады дейтіндер қателеседі. Ең алдымен қолда бар мүмкіндіктердің өзін дұрыс пайдалануымыз керек.

Тілге байланысты жыл сайын әр деңгейде өткізіліп жататын мәдени шаралар туралы бір-екі ауыз сөз. Барлық жерде бірдей олар тиісті қайтарым беріп отырған жоқ десем, сіздер келісесіздер деп ойлаймын. Бір-біріне

егіз қозыдай ұқсас, бір сарында өтетін түрлі кездесулер мен фестивальдер халықты да, қатысушыларды да әбден жалықтырды. Осыны ескеріп, бұдан былай бөлінген қаржыны орынды-орынсыз шаша бермей, баршаны баурайтын, басқа да ықпалды шараларды ойластырғанымыз жөн болар еді.

Туған тілімізді дамытуда билік басындағы, мемлекеттік қызметтің тұтқасын ұстап жүрген азаматтарға көп жай байланысты. Солар намысын белге буып, туған тілінде сөйлесе, туған тіліне жанашырлық жасаса, көп түйіндер өзінен-өзі шешіледі. Бірақ, соңғы кездері осыны түсінбейтіндердің қатары қалыңдап бара жатқан сияқты. Осыған орай менің ұсынысым: 1999 жылы қабылданған «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңның мемлекеттік қызметшілердің біліктілігіне қатысты бабына өзгеріс енгізу керек. Нақты айтсам, мемлекеттік қызметтен үміті бар өз ұлтымыздың өкілдері ана тіліне жетік болғаны, оны арнайы сыннан өту арқылы дәлелдегені жөн. Тәуелсіздіктің 16 жылынан кейін осындай талап қойсақ, оған ешкім ренжімес деп ойлаймын. Бұған депутаттар бастамашы болса, нұр үстіне нұр болар еді.

Тағы бір ой – «Болашақ» бағдарламасына қатысты. Қазір өздеріңіз білесіздер, одан үміткерлер міндетті түрде шетел тілінен сын тапсырады. Осындай талапты қазақ тіліне де қатысты енгізу керек деп ойлаймын.

Қазір тілдің үштұғырлылығы жайлы сан-алуан пікірлер айтылуда. Бұл туған тілімізге төнген тағы бір қауіп деп безектеушілер де жоқ емес. Меніңше, бұлай үзілді-кесілді тұжырым жасауға негіз жоқ. Бұл – заманның талабы, жаһанданудың талабы. Түбінде үш тілді тел емген ұрпақ озады.

Бүгінгі кездесудің барысында көп мәселелер көтерілді Ендігі жерде солардың жерде қалмағаны, іске екпін беретін тетікке айналғаны абзал. Ол үшін не істеу керек? Ол үшін тілдерді дамытуға қатысты қолданыстағы заңдарды басшылыққа ала отырып, таяудағы кезеңде атқарылуға тиіс істердің көкжиегін айқындауымыз, нақты шаралар, бағдарлама ма дейміз бе, тұжырымдама дейміз бе, тізбесін жасауымыз керек. Бұл істі министрліктер өкілдері мен депутаттардан тұратын жұмыс тобына тапсыру жөн болар еді. Осы топ тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасын да қайта қарап, нақтылай түсуі қажет деп ойлаймын. Өйткені, бағдарламаның жалпылама сипаты басым.

Рахмет!

*Астана қ.,  
16 қараша 2007 жыл.*

## ҰЛЫ АҚЫНҒА – ТАҒЫЗЫМ

*(Мағжан Жұмабаевтың 115 жылдығында жасалған баяндама)*

Қайырлы күн, ардақты ағайын!

Бүгін қазақтың асыл перзенті, алты алаштың ардақтысы Мағжанның туған күні, халқы үшін, елінің болашағы үшін жарқырап жанған, күнге ғана табынған, өзіне ғана бағынған, жүрегі мен жаны – от, иманы мен ары, от – ұлы Мағжанның дүние есігін ашқан күні!

Бұл – тәңірдің өзі бізге сыйлаған ұлы күн!

Олай болса, қуаныштарыңыз құтты болсын!

В эпоху величайших социальных потрясений, раскрылась земля и породила: немножко великана, немножко Бога, литературного гения имя которого Мағжан! В нем жизнь кипела и не стыла, а наследие его пера подтверждает, что он был «от Солнца рожден».

Мы сегодня с вами отмечаем 115-летие великого казахского поэта Мағжана Жұмабаева. Это – событие огромной важности. Это – праздник поистине светлой поэзии!

С праздником, дорогие земляки!

Тойдан тойдың айырмашылығы көп десек, бүгінгі салтанаттың мәні де, сәні де, әні де бөлек. Бұл – ұлы Мағжанның тойы, қайнары күшті бұлақтың кәусар суындай мөп-мөлдір жырдың мерекесі! Біз бүгін Мағжанның кіндік қаны тамған қасиетті топырақта ұлының рухына бас ию, онымен сырласу үшін тоғысып отырмыз.

Мағжан осындай құрметке лайықты тұлға!

Мағжанның асыл лирикасы ынта-ықылас қойған әрбір адамның ішкі жан дүниесін байыта түсері анық, деп жазды Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» деп аталатын еңбегінде. Сөйтіп, Мағжанның әдебиеттегі орны қай кезде де төрде екенін тағы бір айғақтап берді.

«Қазақ жазушыларынан, әрине, Абайды сүйемін... Бұдан соң Мағжанды сүйемін» деген Мұхтар Әуезовтің сөздерінде де көп сыр жатқаны анық. Мағжанның даралығын, даналығын жұрттан бұрын таныған, елден ерек бағалаған, европалығын, жарқыраған әшекейін сүйетін Мұхаң өз тұжырымын 1924 жылы, яғни Мағжан қуғын-сүргін

азабын тарта бастаған кезде білдірген еді. Міне, сондықтан да Мұхтар Әуезовтің бұл сөздерін тарихи тағылымы мол, рухани салмағы зор ұлағат деп қабылдау, нағыз ерлік деп бағалау орынды.

«Ағылшындар үшін Шекспирдің, орыстар үшін Пушкиннің рөлі қандай болса, қазақ халқы үшін Мағжанның рөлі сондай» Ғұлама ғалым Әлкей Марғұлан айтқан осындай да сөз бар. Көпке мәлім осы сөздерді мен несіне тізбелеп тұрмын. Ондағы ойым – Мағжанның әлем әдебиетінде ойып алар орны бар жарық жұлдыз, қайталанбас құбылыс екенін тағы бір дәттеу.

Мағжан – өз шығармаларымен қазақ әдебиетін жаңа бір асуға шығарып, әлемдік кеңістікке жол салған, шашасына шаң жұқтырмаған жыр жүйрігі, он екіде бір гүлі ашылмаған шағында-ақ сұлу сөз, кестелі ойдан күмбез қалаған нағыз дарын иесі.

Бүгінгідей салтанатта әңгімені ұзаққа созып ақынның шығармашылығына талдау жасау артық болар. Сайып келгенде бұл өзі ғылыми-практикалық конференциялардың міндеті, әдебиет сыншыларының, ғалымдардың асықпай-аптықпай атқаратын ісі болуы керек. Мағжан Жұмабаевтың 115 жылдығын атап өту бағдарламасы шеңберінде осындай конференцияның таяуда ғана Манап Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде өткенін білеміз. Осындай игі істер алдағы кезеңдерде де жалғаса беруге тиіс. Өйткені, Мағжандай алыптың қатпар-қатпар құпия сырлары әлі толық ашылған жоқ.

Ұлы ағартушы Жүсіпбек Аймауытов 1923 жылы Ташкентте оқып жүрген қазақ студенттерінің алдында жасаған баяндамасында Мағжан сыршылдығымен, суретшілдігімен, сөз еркіндігімен, тапқырлығымен, маржандай тізілген, торғындай үлбіреген нәзік күйімен, шерлі, мұңды зарымен күшті екенін айта келіп, «Мағжан – алдымен сыршыл ақын. Мағжан сөзіндей тілге жұмсақ, жүрекке тиетін үлбіреген нәзік әуез қазақтың бұрынғы ақындарында болған емес. Ол жүректің қобызын шерте біледі, оның жүрегінен жас пен қаны араласа шыққан тәтті сөздері өзгенің жүрегіне тәтті у себеді. Мағжан не жазса да сырлы, көркем, сәнді жазады. Оқушының жүрегіне әсер бере алмайтын құрғақ өленді, жабайы жырды Мағжаннан таба алмаймыз... Қай өлеңін оқысаң да не ақынмен, не өз жүрегіңмен, не ел жүрегімен сырласқандай боласың» – дегенді. Біз осыдан асырып не айта аламыз. Демек, дәл қазір келешек-

ке бой ұрып, артқы күнге анық қалуға жарайтын сөз иесі атанған Мағжанның ақындық деңгейін тілге тиек еткеннен гөрі оның жаратылысы, болмыс-бітімі, талантының табиғаты туралы сөз сабақтау, ой өрбіту жөн сияқты.

Изучая творчество Магжана Жумабаева, можно заметить, что стихи Абая производили на него неизгладимое впечатление, и наверное, поэтому он пронес через всю свою жизнь понимание абаевского наставления: «В ком господствует чувства любви и справедливости – тот мудрец, тот – умен».

«Магжан Жумабаев имеет для казахского народа такое же значение, какое для англичан – Шекспир, для русских – Пушкин». Эти слова академика Алькея Маргулана достаточно ярко характеризуют М. Жумабаева и его роль в казахской литературе.

Исследователь жизни поэта Шерияздан Елеукенов указывает, что творческий подъем и расцвет литературного творчества Магжана определяется 20-27 годами. Именно в этот период он создал стихи и поэмы, ставшие шедеврами мировой поэзии.

Литературовед Ж. Аймаутов писал: «Магжан силен чеканностью, образностью и выразительностью слога. Слова в его стихах, подобно жемчужинам, нанизанным на шелковую нить. Стихам его присущи нежность, порою печально-горестная тональность».

«Он принадлежал к поколению на стыке эпох, - пишет в 1929 году Мухтар Ауэзов, - и как бы новая эпоха не ломала истину, она остается единственной и неоспоримой: поэзия не может быть «политически верной или неверной», она может быть настоящей или не быть вовсе. Поэзия Жумабаева - настоящее искусство со всеми его достоинствами и противоречиями».

Сан қырлы талант иесі: ақын, журналист, зерттеуші, тіл маманы, педагог Мағжан Жұмабаев дүниенің кілті білімде скенін ерте түсінді.

Басқа жұрт аспан-көкке асып жатыр,  
Кілтін де өнер-білім ашып жатыр.  
Бір ай, бірі жұлдыз, бірі күн боп,  
Жалтылдап көктен нұрын шашып жатыр.

– деп халқын өнер, білім алып басқалармен қатар болуға, оқуменен жайнатып дүкен құруға, адамзаттың тобына қосылуға шақырады.

Ауыз әдебиетінің тұнығына ерте қанған, сөйтіп туған халқының

сан ғасырлық даналығын бойына сіңірген Мағжан поэзияда Абай дәстүріне ден қойды, бір сөзі мың жыл жүрсе дәмі кетпес, әлемнің құлағынан әні кетпес Абайды ұстаз, пір тұтты. Олардың жырларындағы үндестік бізге осыны аңғартады. Қазақ үшін Абай қалай қайғырса, Мағжан да солай қапаланады, аласұрып, қараңғы тар қапастан шығар жол іздейді. Демек, Мағжанды ұлылық тұғырына көтерген үш тағанның бірі оның зеректігі білімге құштарлығы, Абай мектебі болғанында дау жоқ.

Мағжанның алып тұлғасының қалыптасуына оның еліне, жеріне, туған халқына деген сүйіспеншілігі де барынша ықпал етті десем қателеспеспін. Бұл орайдағы оның ой-сезім толғаныстары бүкіл поэзиясына алтын арқау болып өрілгенін жыр-сөз үйер қауым жақсы біледі.

Дегенмен, меніңше, ұлылықтың басты өлшемі бұлар емес. Мағжан кемеңгерлігінің бастауы оның көрегендігінде, болашақты болжай білуінде жатыр. Ол өзі «Бұйырса, шырақ сөнбес, ұзақ жанар» демей ме?! Демек, ол өзінің мәңгілік екеніне, ұлтының өзгелермен терезесі теңелер күн туарына сенген. Сондықтан да ол ұлтының аспандағы Айы, көгіндегі Күні, ақыл-ойының, парасатының биігі болуға ұмтылды, өз бойына халқының ащысы мен тұщысын, қуанышы мен қайғысын қондырып, соқтықпалы, соқпақты, бұралаңы мен қалтарысы, тауқыметі мол тағдырлы жолды таңдады. Осы жолда жанын пида етті, жырлары да жарты ғасырдан астам уақыт тар қапаста тұншығып жатты.

Бүгінгідей жыр мерекесінде Мағжанның қайта оралуына жол ашқандар жайында сөз сабақтап, оларды еске алсақ, ризашылық білдірсек артық болмас. Меніңше, бұл да үлкен ерлік! Қылышынан қан тамған заманда Жүсіпбек Аймауытовтың, Мұхтар Әуезовтің, Ахмет Байтұрсыновтың, Сұлтанбек Қожановтың Мағжан туралы анық сөздерін айтып кеткендерін білеміз. Осы қатарға есімі елімізге белгілі ғалым Бейсембай Кенжебаевты да қосу ләзім. Оның өткен ғасырдың 70-і жылы ешқандай есепсіз адал жанымен жазған естелігі Мағжанның шын бейнесін ашады, оны бүгінгі ұрпаққа жақындата түседі.

Кезінде өзінің идеялық қарсыластарына ымырасыз Сәбеңнің, кәдімгі Сәбит Мұқановтың, сынның дойыр қамшысын Мағжанға да сан мәрте сілтегені мәлім. Алайда, асылға шаң жұға ма, соны Сәбең де түсінген болуы керек. Оның Мағжан Жұмабаевтың өмір жолы, шығармашылығы туралы көлемді еңбек жазып қалдыруын

«...Ақындық жағынан келгенде, Мағжан, әрине, қазақтың күшті ақындарынан саналады. Қазақтың тілін байыту ретінде, әдебиетте жаңа түрлер енгізу ретінде Мағжанның еңбегі көп. Абайдан кейін тіл өнегесінде Мағжаннан асқан ақын қазақта жоқ» деп ой түюін біз осылай түсінеміз. Сол сияқты, Сәкен мен Мағжанның тіл табысуы, түсінісуі, ел игілігі жолында ортақ шеп құруы да бүгінгі ұрпақ үшін аса қымбат тарихи құбылыс.

Мағжан Жұмабаевтың халқымен қайта қауышуына көп еңбек сіңірген қаламгерлердің бірі жазушы Жайық Бектұров. Куғын-сүргінді өзі де көп көрген ол кісі Қазақстан Жазушылар одағының Қарағанды облысаралық бөлімшесін басқарған жылдары біздің өңірге қайта-қайта келіп, Мағжанның жары Зылихаға ақынды ақтап алу жолдарын үйретеді, өзі де қарап отырмай, Башқұртстанның халық жазушысы Сайфи Құдашқа хат жазып, Мағжан Жұмабаевты ақтауға көмектесуін сұрайды. Сайфи Құдаш осы мәселеге байланысты сол кездегі Қазақстан компартиясы орталық комитетінің бірінші хатшысы Дінмұхаммед Қонаевқа хат жолдағанмен жауап ала алмайды.

Десек те, Ғаббас Қабышұлының тілімен айтсақ, Мағжан сияқты арысымыздың ақталуына күйеуіне жағылған күйені кетіру үшін жан тыныштығын ұмытқан, алғаш тұтқындалғанда ізденіп Мәскеуге, Максим Горькийге дейін барған,.. екінші рет ұсталғанда көз жасын көлдетіп Сібірге сапар шегуден өзге шарасы қалмаған Зылиха анамыздың сіңірген еңбегі өте зор.

Биыл Мағжан Жұмабаевтың толық ақталғанына, ортамызға мәңгілікке оралғанына жиырма жыл толады. Осы уақыт ішінде біз ұлы ақын туралы біраз жайларға қанықтық. Мағжанды тануға, танытуға білек сыбана кіріскендер кімдер десек, елімізге белгілі ғалымдар, ақын-жазушылар Шерияздан Елеуеновті, Тұрсынбек Кәкішевті, Мұзафар Әлімбаевты, Қадыр Мырзалиевті, Кәкімбек Салықовты, Ғафу Қайырбековті, Дүкенбай Досжанды, ақынның ұрпағы Ғаділша Қаһармановты, Ғаббас Қабышұлын, Серік Негімовті, Раушан Кошенованы ауызға бұрын алып, мұрағаттарда шаң жұтып, көз майын тауысып Мағжан Жұмабаев туралы деректерді тірнектеп жинағандары, сүбелі де сүйекті еңбектерімен ақынның шынайы бейнесін сомдағандары үшін алғыс айтып, бас июіміз керек.

Бүгінгі той үстінде қазақ әдебиетінің ақсақалдарының бірі, сан қырлы талант иесі Кәкімбек ағамыздың еңбегін бөле-жара айтқым

келеді. Осы өңірден шыққан талай дүлдүлдерді халқына қайтарған, Үкілі Ыбырай, ақын Тайжан, Молдахмет Тырбиев, тағы басқа арыстарымызды өз кітаптарына арқау еткен ағамыз Мағжанның бүгінгі тойына да құрқол келген жоқ, «Мағжанға тағзым» деп аталатын жаңа кітабын ала келді. Бұл – ең үлкен сыйлық! Сол үшін де асыл ағамызға ризашылығымызды білдірейік.

Облысымызды көрнекті мемлекет қайраткері, ғалым, жазушы, дипломат Тайыр Аймұхаметұлы Мансұров басқарған кезде Мағжанды тану, таныту бағытында ұлан-ғайыр істер тындырылғанын сіздер жақсы білесіздер. Тайыр Аймұхаметұлының тікелей қолдауымен Мағжан Жұмабаевтың таңдамалы өлеңдері, өмірі мен шығармашылығы жайлы әдеби зерттеулер қазақ және орыс тілдерінде жарық көрді. Журналистер үшін Мағжан атындағы сыйлық тағайындалды. Әдебиеттанушы Сәуле Мансұрованың құрастыруымен Мәскеуде «Ғасырлар даналығы» сериясы бойынша шыққан Мағжан жинағының да оқырмандар үшін үлкен олжа болғанын айту парыз. Бұл кітаптардың құндылығы сонда – олар Мағжан әлемнің кеңістігін бұрынғыдан да кеңейтіп, өз заманында Пушкинді, Лермонтовты, Гетені, Гейнені, Байронды, тағы да басқа орыс және батыс ақындарын қазақша сөйлеткен Мағжанның қуатты, бойға жігер, жүрекке от беретін рухты жырларымен жатжұрттық оқырмандардың да танысуына жол ашты.

Прошло уже более 70 лет с тех пор, как Магжана Жумабаева расстреляли, как врага народа. Ему было тогда всего 45 лет. В те страшные времена, у людей отняли все подлинные святыни и заменили их грубыми социальными мифами. А Магжан был для многих святыней, которая помогала сберечь живую душу и которую не смогли заменить.

Его имя пытались предать забвению, но подобно цветку пробивающему скалу, наследие его не было забыто.

Сегодня историческая судьба, возвращает свои долги этому поистине великому поэту, перед которым она навсегда теперь остается в долгу.

На востоке говорят: «Живые закрывают глаза умершим, а умершие открывают глаза живым». Эта древняя истина, особенно становится понятной и осязаемой, когда начинаешь понимать творчество Магжана, которую можно назвать двумя словами: «Время пробуждений».

В его поэзии, каждый человек найдет нечто тайное и сокровенное, и обладание этим, делает его жизнь сплошным пробуждением.



Магжан понимал, что цена подлинного искусства в правде, за которую дорого платят. Знал, что отказавшись от пера, он потеряет себя, поэтому, чтобы знать себя он жил в сомнениях, трудностях, лишениях и в итоге холодные, стальные пули закрыли ему земной путь

Его творчество, действительно зачаровывает своей изобильной щедростью художника, чей волшебный мир поэзии способен обрушиться неожиданно и захватить наше воображение, и долго держать его в львиной хватке. Его стихи - вечны, потому что чувства, воспетые им, чисты, как первый снег, возвышенны и вечны, как синее апрельское небо, и в сердце каждого сегодняшнего, и будущего читателя - они найдут покой и пристанище.

Его труды по педагогике, активная общественно-педагогическая деятельность на ниве просвещения по определению профессора Жарикбаева, редкое явление, свойственное только очень талантливому человеку.

Его перу принадлежит книга «Педагогика», изданная в 1922 году в Оренбурге. «По своему значению этот труд может быть сравним, лишь с «Гаклией» – духовным завещанием Абая», – считает доктор филологических наук Шерияздан Елеуенов.

И подобно Абаю, который, осуждал бестолковое образование, того времени Магжан Жумабаев призывает за тесную связь литературы с жизнью народа, но делает это по своему:

И, в книги вникая, невежества тьму Рассеешь,  
разрушишь незнания тюрьму.  
И века грядущего будешь достоин,  
и - равным по духу будь миру всему.

Исполняя песни на лирические стихи Магжана, сложенные по памяти, акыны не указывали авторство, эти произведения считались народными. Публикация его стихов была запрещена. В семидесятые годы только небольшое число его стихов было доступно тем, кто работал в архивах. Только в годы независимости Казахстана творчество Магжана стало известно широко, и как сквозь песок небытия вырвался на поверхность живой родник его стихов и поэм.

Самое главное, что после полувекового забвения, начали издаваться произведения Магжана Жумабаева. Это и есть самое истинное и высокое признание, проявление страстной любви к его поэзии.

Осы арада біз ой-сәйгүліктің тізгінін сәл тартып, Мағжанды өзінің лайықты тұғырына әлі қондыра алмай келе жатқанымызды мойындауымыз керек. Өз заманында ақыл-ойға басқаша бір өріс ашып, халқының қолына ерекше бір әлемнің кілтін ұстатуға ұмтылған, Абайды ғана алдына салған Мағжан қазақ әдебиетін әлемдік деңгейге көтерді, өзі Шекспирмен, Пушкинмен Лермонтовпен иық тірестірді десек, бұл бүгінгі тәуелсіз Қазақстан үшін баға жетпес құндылық емес пе. Олай болса, Мағжан оқулары неге тек қана облыс көлемінде өткізіліп келеді. Сасықкөлден самғап ұшып, жырымен жұртын оятқан Мағжан дауысын біз неге ел төрінен естімейміз.

Өкінішке қарай, естілмейді. Неге екенін білмеймін, маған жоғары жақта Мағжанды елеп жатқан ешкім жоқ сияқты көрінеді де тұрады. Болашақта осы олқылықты жойсақ, Мағжан шығармашылығының жыр мерекесін республикалық деңгейдегі шараға айналдырсақ, бұл да бір игілікті іс болар еді.

Мағжан ақталғаннан кейін оның жырлары болмашы ғана таралыммен екі рет басылып шықты. Содан бері едәуір уақыт өтті. Елдегі жағдай өзгерді, экономика да, әлеуметтік сала да өрлеу үстінде. Бірақ, Мағжанға, оның кітаптарын бұрынғы жинақтарға енбей қалған өлеңдерімен толықтырып қайта шығаруға қолымыз жетер емес. Осы ретте Мағжанның толық шығармалар жинағын мемлекеттік тапсырыс бойынша шығару, ол артына қалдырған асыл қазынаны бүкіл елдің игілігіне айналдыру жөнінде мәселе қоятын мезгіл жетті деп ойлаймын.

Мағжан туралы деректі фильм түсіру, керек десеңіз, көркем фильм түсіру, кесек драмалық шығарма жазып, сахналау – бұл да бүгінгі ұрпақтың өтелмеген парызы дер едім.

Мағжан Жұмабаев бір ғана ұлттың перзенті емес, адамзаттың ақыны. Олай болса, оның жырларын орыс, ағылшын басқа да халықтардың тілдеріне аудару керек. Сонда ғана Мағжанды таныған халық қазақты да танитын болады.

Мағжан небәрі қырық бес жыл ғана өмір сүрді. Бірақ, ғасыр шеңберіне сыймайтын жыр-ғұмыр жалғасып келеді, жалғаса береді. Өйткені, оның сөзі қуатты, жыры шуақты.

Ықылас қойып тыңдағандарыңызға рахмет!

*Сарытомар ауылы,  
21 маусым 2008 жыл.*

## ТІЛГЕ ҚҰРМЕТ – ЕЛГЕ ҚҰРМЕТ

*(Қазақстан халқы тілдері күнінің 10 жылдығына орай  
Қазақстан өзбектері «Дустлик» қауымдастығының  
ұйымдастыруымен «Мемлекеттік тілді тереңдетіп оқыту  
және тілдердің үш тұғырлығы» деген тақырыпта өткізілген  
ғылыми-практикалық конференцияда сөйлеген сөз )*

Қайырлы күн, қадірлі қауым, ардақты ағайын!

Ең алдымен Қазақстанда тұрып жатқан өзбек ұлты өкілдерінің «Достық» қауымдастығының тілдерді қолдау мақсатында алыстан ат арытып келіп, Астананың төрінде осындай шара ұйымдастырып отырғанына ризашылық білдіргім келеді. Кейбіреулер тіл мәселесі қозғалғанда «иә, бәсе, осы бізге керек-ау» деп бас шұлғығанмен, іске келгенде шыбық басын сындырмайды. Біздің іске тұсау болып отырған үлкен бір кемшілігіміз де осы. Бүгінгі шара өзбек бауырларымыздың осы орайда шынайы жанашырлық танытып отырғанының жарқын бір көрінісі. Бұл нақты іс, ортақ міндетті шешуге, біздің басты байлығымыз – ұлттар арасындағы достықты нығайтуға қосылған лайықты үлес. Қадамдарыңызға гүл бітсін дегім келеді.

Ал енді бүгінгі таңда егемен елімізде қалыптасып отырған тілдік ахуалға өз көзқарасыма келетін болсам, Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясының XII сессиясында сөйлеген сөзінде атап көрсеткеніндей, «Мемлекеттік тіл – бұл Отан бастау алатын Ту, Елтаңба, Өнұран секілді дәл сондай нышан». Олай болса, біз қоғамның дамуындағы тілдердің, оның ішінде мемлекеттік тілдің рөлі жоғары екенін әрдайым есте ұстап, оған өз үлесімізді қосуға ұмтылуымыз керек.

Ақиқаты сол, тәуелсіздік жылдары бұл орайда Президентіміздің тікелей басшылығымен ұшан-теңіз істер атқарылды. Қазір оның бәрін жіпке тізудің қажетті бола қоймас. Оған өздеріңіз де күнбе-күн куә болып жүрсіздер.

Дегенмен, көңілге шуақ болып құйылар кейбір сәттерге тоқтала кетейік.

Бұл ретте еліміздің барлық аймақтарында тіл үйрету орталықтарының құрылып жатқаны қуанарлық құбылыс. Егер 2006-2007 жылдары облыс орталықтары, республикалық маңыздағы қала мен астанада 20-ға жуық осындай орталық болса, үстіміздегі жылы олардың жүйесі 50-ге дейін жеткізілмек. Алдағы жылдарда (2009-2010) республикамызда 120-дан астам тіл үйрету орталықтары құрылуға тиіс.

Мемлекеттік органдарға 2010 жылға дейін мемлекеттік тілді меңгермеген барлық мемлекеттік қызметшілерді курстарда оқытумен қамтамасыз ету тапсырылып отыр.

2007 жылы жүз мыңдық таралыммен қазақ тілінің орфографиялық, орфоэпиялық, диалектологиялық, теңеулер сөздіктері, екі тілдік (қазақша-орысша, орысша-қазақша), экономика саласына арналған үш тілде қазақша-ағылшынша-орысша сөздіктер шығарылды.

Мемлекеттік тілді меңгеру – бұл еліміздің әрбір азаматының борышы. Сол себепті тиісті мемлекеттік органдардың алдына мектепке дейінгі жастан бастап тілді үйретуге баса назар аудару міндеті қойылып, қазіргі заман талаптарына толығымен жауап беретін білім берудің, тілдерді үйретудің тиімді инфрақұрылымын құру жүктеліп отыр. Және оған тиісті қаржы бөлінуде.

Мемлекеттік тілге деген көзқарастың түбегейлі өзгергенін дәлелдейтін бір ғана мысал, соңғы жылдары Солтүстік Қазақстан облысында мемлекеттік тілде білім алуға тілек білдіргендердің қатары күрт өскені байқалады. Кезінде облыс орталығында бір ғана қазақ мектебі болса, қазір олардың саны – жетеу. Солардың өзіне оқушылар сыймай жатыр, кей мектептерде екі-үш ауысымда оқиды.

Тағы бір назар аударарлық жай, қазақ мектептерінде білім алып жатқан басқа ұлттар балаларының саны да жылдан-жылға көбейе түсуде. Бұл теріскейдегі жағдай, ал басқа аймақтардағы ахуал бұдан әлдеқайда жақсы десем қателесе қоймаспын. Осының бәріне қуануымыз, шүкіршілік етуіміз керек.

Елбасымыздың өткен жылғы халыққа Жолдауында «Тілдердің үш тұғырлығы» мәдени жобасын кезеңдеп іске асыруды қолға алуды ұсынғаны, ал биылғы Жолдауында оны жеделдету міндетін қойғаны

сіздерге мәлім. Осы міндетті жүзеге асыру арқылы Қазақстан бүкіл әлемге халқы үш тілді білетін мәдениетті ел ретінде танылады. Орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі болса, ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігуге, даму деңгейі жоғары елдермен алыс-берісті молайтуға, олармен қарым-қатынасты жақсартуға жол ашады. Біз ағылшын тілін үйренуге жастарымызды жатпай-тұрмай баулуымыз керек. Бұл – уақыт талабы. Соны Елбасымыз асқан көргендікпен тап басып, балаларымыздың шетелдердің үздік жоғары оқу орынында мемлекеттік грант бойынша білім алу квотасын жыл өткен сайын көбейте түсуде. Осындай қамқорлықтың арқасында қазір сыртта оқитын студенттеріміздің саны мыңдап саналады.

Тілдердің үштұғырлылығы бұл аяқ астынан туған шешім емес. Осы ретте менің ойыма Мемлекет басшысының тәуелсіздігіміздің елең-алаң шағында Москва мемлекеттік университетінің студенттерімен және оқытушыларымен кездесуі оралады. Нұрсұлтан Әбішұлы сол кездің өзінде-ақ Қазақстанда мемлекеттік тілді дамытуға басымдық берілетінін, орыс тілі ұдайы қолданыста болатынын, сол сияқты ағылшын тілін үйренудің қажеттігін қадап айтқан-ды. Міне, содан бері едәуір уақыт өтті. Айтылған сөз ақиқатқа айналды.

Әрине, біз қоғамымызды топтастырып отырған мемлекеттік тіл мәселесі жеңіл шешіліп жатыр деп айта алмаймыз. Әлі де болса қазақ тілін оқыту сапасы төмен, қазақ тіліндегі оқулықтардың сапасы сын көтермейді. Президент тілімен айтсақ, «олар қазақ тілін үйренуге емес, қазақ тілінен қашуға итермелейді».

Десек те, бізде жағдайды түзеудің мүмкіндіктері аз емес. Ол үшін халықаралық тәжірибелерге сүйене отырып қазақ тілін оқытудың қазіргі заманғы озық бағдарламалары мен әдістерін әзірлеп, енгізу, мемлекеттік тілді тиімді меңгерудің ең үздік, инновациялық әдістемелік, тәжірибелік оқу құралдарын, аудио-материалдарды әзірлеу керек.

Сөзімнің соңында ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсыновтың «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл» деген өсиетін келтіре кеткім келеді. Демек, тілімізді сақтай білсек, еліміздің де бағы жана бермек.

Рахмет!

*Астана қаласы,  
19 қыркүйек 2008 жыл.*

**ДАҒДАРЫСТАН – ДАМУҒА**  
*(Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің есепті  
кездесуінде сөйлеген сөз )*

Қайырлы күн, құрметті жерлестер!

Ғасырлар тоғысында тәуелсіздік жолын таңдаған біздің еліміз Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың басшылығымен он сегіз жылда үлкен даму жолынан өтті.

Бүгінгі Қазақстан – көп ұлтты халқының ерік-жігерімен аса ауқымды саяси, экономикалық реформаларды жүзеге асырып келе жатқан, әлеуетін бүкіл әлемге танытқан іргелі мемлекет. Осындай оң үрдіс әлемдік дағдарыс кезеңінде де Қазақстанның қарыштап алға ба-суына жол ашып отыр.

Еліміздің шоқтықты табыстарына қасиетті Қызылжар өңірі еңбеккерлерінің де қосып отырған үлесі өте сүбелі. Қай саланы алмасақ та, тындырылған істер, халықтың құлшынысына қанат бай-лайтын өркенді өзгерістер аз емес. Мені, әсіресе, бұл өңірде бұрын-соңды болмаған өнімге қол жеткізген облыс диқандарының биылғы табысы қатты қуантты. 6, 1 миллион тонна! Бұл – үлкен жеңіс, үлкен қуаныш! Республикада өндірілген астықтың 27 пайызының біздің облыстың еншісіне тиюі осы залда отырған әркімнің де, барлық солтүстікқазақстандықтардың жүрегіне мақтаныш сезімін ұялатуға тиіс.

Табыс өздігінен келмейді. Әсіресе, бүгінгідей бүкіл әлемді дағдарыс жайлаған кезде, қиоы қашқан істің қисынын табу, мұндай биіктікті бағындыру үшін үздіксіз іздену, тамшылата тер төгу қажет.

Дағдарыс дегеніміз не? Дағдарыс дегеніміз – елдің елдігі, халықтың ұйымшылдығы мен бірлігі, азаматтың жауапкершілігі мен іскерлігі сынға түсетін шақ. Міне, жерлестеріміздің осы сыннан сүрінбей өтуі, шын мәнінде, сүйсінерлік жай.

Біз сыртта жүрсек те, облыста болып жатқан жаңалықтарға құлақ түріп отырамыз. Осы орайда солтүстікқазақстандық қолтаңба ретінде өмірге келіп, бүкіл ел игілігіне айналып отырған тың бастамаларға

тәңті екенімізді айта кетсек, артық болмас. Қазір оның бәрін жіпке тізу мүмкін емес, тек бір-екі жайға тоқталайын.

Облысымызда атажұртына оралған бауырларымызға жасалып отырған қамқорлық, бұл мәселеге жаңашыл көзқарас бүкіл қазақстандықтардың ризашылығын туғызуда. Сол сияқты, мүгедектерге, Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне тегін қызмет көрсететін «Әлеуметтік такси» – осы өңірге ғана тән тың үрдіс.

Облысымызда бағаны тұрақтандыру бағытында атқарылып жатқан жұмыстардың да оң нәтиже беріп отырғанын сіздер жақсы білесіздер. Солтүстік Қазақстан облысында басқа өңірлерге қарағанда, тауарлардың да, қызметтердің де бағалары едәуір төмен. Мұны қазіргідей дағдарыс кезінде халыққа жасалып отырған шыннайы қамқорлықтың нақты көрінісі деп бағалауымыз керек.

Облыс басшысы өзінің бүгінгі баяндамасында тындырылған істерге талдау жасай келіп, алда кезегін күтіп тұрған міндеттерге да жан-жақты тоқталды. Өте орынды. Өйткені, Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Нұр Отан» партиясының кезектен тыс 12-съезінде атап көрсеткеніндей, біз қол жеткенге тоқмейілсімеуіміз, дағдарыстан кейінгі даму кезеңіне жан-жақты дайындалуымыз керек. Облыстың осындай кезеңге тас-түйін дайын отырғаны, қолда бар мүмкіндіктерді мол қайтарыммен пайдалану арқылы бір биіктен бір биікті бағындыруы қуанарлық құбылыс.

Осы ретте шағын ауылдарға қатысты бір тілек айтқым келеді. Мәселен, кеше ғана Есіл ауданындағы Қарағай ауылының тұрғындарымен кездескенімде олар ел, облыс басшылығының дағдарысқа қарсы қолданып жатқан шараларын қолдайтындарын мәлімдей келіп, жастарды ауылда тұрақтандыру үшін жергілікті клуб үйі жөнделсе деген тілектерін білдіріп еді. Келесі жылға арналған «Жол картасы» бағдарламасында Қарағай сияқты шағын ауылдардың проблемалары да қамтылса, нұр үстіне нұр болар еді.

Тағы бір өзекті мәселе – жастар тәрбиесі. Қазақта «Ел боламын десең – бесігінді түзе» деген сөз бар. Ал ағылшындар бір ұрпақты қалыптастыру үшін бір ғасыр уақыт керек дейді. Олай болса, рухани-ят, тәрбие мәселелері ұдайы назарда болуға тиіс. Егер санада сілкініс болса, жерлестеріміз, жасы бар, үлкені бар, алда тұрған міндеттерді жүзеге асыру менің де борышым деп қабылдаса, бір кісідей іске

жұмылса біздің табыстарымыздың бұрынғыдан да тұлғалана түсері сөзсіз.

Президентіміз төртінші сайланған Қазақстан Республикасы Парламентінің үшінші сессиясын ашарда сөйлеген сөзінде – Парламенттің екінші сессиясында сапалы жұмысы әлеуметтік-экономикалық проблемаларды жедел шешу, жаһандық қаржы дағдарысының келеңсіз салдарларын еңсеру үшін заңнамалық негіз жасап бергенін атай келіп, алда тұрған нақты міндеттерді айқындап берген болатын.

Мәжіліске үшінші сессияда Үкімет бастамашы болған 45 заң жобасы келіп түсті. Үш айға толар-толмас уақытта депутаттар 26 заң жобасын мақұлдап, Сенатқа жіберді. Бұлардың барлығы да ел дамуының қазіргі кезеңі үшін стратегиялық маңызы зор заңдар.

Сөзімнің соңында, бүгінгі мүмкіндікті пайдаланып, халқы үшін жарғақ құлағы жастыққа тимей еңбек етіп жүрген азаматтардың барлығына, осы отырған сіздерге, сіздер арқылы облыстың барлық тұрғындарына зор денсаулық, еңбекте табыс, отбасында береке-бірлік, игілік тілегім келеді.

Ықылас қойып тыңдағандарыңызға көп рахмет!

*Қызылжар қ.*



## ӨРШІЛ АҚЫН

*(«Бір ел – бір кітап» акциясының барысын талқылауға арналған  
жисналыста сөйлеген сөз)*

Құрметті әріптестер!

Үстіміздегі жылы «Бір ел – бір кітап» акциясына кімді таңдаймыз дегенде қызу пікірталасы болғанын сол жиынға қатысқандар ұмыта қоймаған шығар. Менің де таңдауым қазақтың өр рухты ақыны Жұбан Молдағалиевке түскен еді. Ол кезде мен, тіпті, биыл ақынның туғанына 90 жыл толатынын ойлаған да жоқпын. Көңілімде тек ақынның «Мен қазақпын» поэмасы тұрды. Өз басым ұлттық рухты көтеретін осы еңбекті ел үшін, ұрпақ үшін өте құнды дүние деп білемін. Тәуелсіздігімізге 20 жыл толады десекте, қазақтың қазақ бола алмай жатқаны шындық. Міне, осындай шақта кезінде ұлтымыздың рухын дүр сілкіндірген сол поэмаға ден қойып, тағы бір сусындасақ деген ой мазалай берген мені.

Мен – қазақпын мың өліп, мың тірілген,

Жөрегімде таныстым мұң тілімен.

Жылағанда жүрегім күн тұтылып,

Қуанғанда күлкімнен түн түрілген.

Мен – қазақпын, ажалсыз анамын мен.

Құрсағыма сыйдырам даланы кең.

Пәк сәбимін бесікте уілдеген,

Дәуірлермен құрдаспын, данамын мен.

Мен – қазақпын! Биікпін! Байтақ елмін!

Қайта тудым, Өмірге қайта келдім!

Мен мың да бір тірілдім мәңгі өлмеске –

Айта бергім келеді, айта бергім!

Кеңес заманында дәл осылай бүкіл қазақтың намысын жанып, жүрегінен жыр төгілткен қазақта бір ақын жоқ. Бұл шын мәнінде рухани ерлік еді. Ғасырлар бойы бодандық бұғауынан босамаған, ері мойнына кетіп, еңсесін тіктей алмай жүрген қазақ үшін ұлттың ұранындай естілген қуатты сөз еді.

Ал желтоқсан оқиғасына келсек, нақ сол күндері мен жолым түсіп Алматыда жүр едім. Жоғары партия мектебінде кезекті курстың ашы-

латын күні... Аяқ астынан дүние астан-кестен болды да кетті. Сол кезде жол тауып, жөнді сөз айтқандар шамалы болатын. Бұрын-соңды мұндай сұмдықты көрмеген халық абдырап қалды ғой. Дәл қазір ол үшін біреулерді кіналауға да болмайтын шығар. Десек те, сол бір қиын-қыстау кезеңде де өмірлік ұстанымынан айнамай намысын ту етіп желбіреткен, ойындағысын жасқанбай айтатын Жұбан сияқты азамат табылды. Ол ақын-жазушылармен кездесуге келген Қазақстанның жаңа басшысы Колбиннің алдында: “Алаңда қыздарымның шашын жұлып, ұлдарымды дубинкамен бастан ұрып, алаң қызыл ала қанға боялғанын көргенде мен – Ұлы Отан соғысының ардагері, окопта мұз төсеніп, қар жастаңған қарт солдат, мына сорақы сұмдықты көзіммен көргенше сол қанды майданда неге қаза тауып, мәңгі қайтпай қалмадым деп, осы күнді көргеніме өкіндім” деген жүрегіне шер болып қатқан, күндіз күлкісін, түнде ұйқысын қашырған сөздерді ақтара салды.

Бұл көзсіз ерлік еді.

Мұндай сөздердің ақын Жұбан Молдағалиевтің аузынан шығуы кездейсоқ емес. Ел басына қауіп төнген Ұлы Отан соғысының отты жылдарында қолына қару алып, мұз төсеніп, қар жастанып жүріп, сол сұрапылдың адам айтқысыз азабы мен тозағын түгел бастан кешірген, өмірге «Мен қазақыны» сияқты поэма әкелген ақынның, азаматтың ел басына бұлт үйірілгенде бой тасалап, бұқпантайлап қала алмайтыны анық еді.

Міне, сондықтанда сын сағатта – ұлт тағдыры – болам ба, әлде бордай тозам ба дегендей, қыл үстінде тұрған шақта ештеңеден тайсалмай халықтың қорғаны болып, қызғыштай қорыған батыр ақынның бейнесі уақыт өткен сайын бұрынғысынан да тұлғаланып, ел жадында жаңғырығып, ұрпақ үшін жарық жұлдыздай жарқырай бермек.

Қадірлі ағайын, өздеріңіз жақсы білесіздер, өткен жылы республикалық «Бір ел – бір кітап» акциясы барысында қазақтың ұлы ақыны Мағжан Жұмабаевтың өмірі мен шығармашылығына байланысты түрлі кездесулер, дөңгелек үстелдер, конференциялар, көрмелер басқа да шаралар өткізіліп, әдебиет сүйер қауымды бір серпілтіп тастаған еді. Енді, міне, қазақтың тағы бір аяулы ұлын тани түсу бағытында қыруар істер атқарылды. Бұл өте пайдалы іс болды. Өйткені, Жұбан Молдағалиевті оқыған, таныған ұрпақ елін сүйеді, жерін сүйеді, халқына адал қызмет етеді.

Рахмет!

*Астана қ., 2011 жыл.*

## БАБАЛАР РУХЫ – ҰЛЫ КҮШ

*(Тимирязев ауданының Құртай селолық округінде өткен Құртай бидің 200 жылдығына арналған салтанатта сөйлеген сөз)*

Қымбатты жерлестер!

Қос арыс – Керей мен Жәнібек қазығын қағып, уығын шанышқан, керегесін керіп, түндігін көтерген, ғасырлар тоғысында егемендігіне қол жеткізген ұлы түркі елінің қара шаңырағы – Қазақстан Тұңғыш Президентіміз – Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың жетелеуімен өркениеттің өріне, табыстың төріне құлаш ұрып, жасампаздықжолымен самғап келеді. Бүгінде Қазақстан әлемдегі экономикасы ең ырғақты дамып келе жатқан мемлекеттер санатында. Бұл – бүкіл әлем мойындаған ақиқат. Еліміз реформаларды бір кезеңде әрі барлық бағыттар бойынша табысты жүзеге асырып келеді. Мұндай ғаламат тәжірибеге бүкіл әлем тәнті десек, еш артықтығы жоқ. Халқымыз осының бәрі Елбасымыздың ақыл-ойымен, кемел кеңесімен жүзеге асып жатқанын жақсы біледі.

Сөйтіп, төрт құбыламыз теңеліп, ата тарихымызға үңілетін, ана тілімізге сүйінетін күйге жеттік. Бүгінде ғасыр қойнауын аралап, тарихымызды саралап, ұлыларымызды даралап жатсақ, ол да тәуелсіздіктің жемісі, елдігіміздің жеңісі.

Бұл орайда экономикасы серпінді дамып, еліміздің өркендеуіне сүбелі үлес қосып келе жатқан біздің облысымызда да ұшан-теңіз істер тындырылуда. Есімізді жиып, етегімізді жапқан шақта жоғалтқанымызды тауып, өлгенімізді тірілтіп жатырмыз. Осылай ұлы Мағжан халқына қайта оралды. Кешегі нәубет заманда еліміздің бостандығы, халқымыздың бақыты жолындағы күресте тұлпар мініп, ту көтерген, «кеудеңде шыбын жаның болса егер, жоғалтпа жер бетінен қазақ атын» деп ұрандаған дауылпаз Қожаберген бабамыздың рухына сыйынатын, артына қалдырған мол мұрасына жылынатын болдық. Қуаныштысы сол, тойлар өркениеттік ізге түсе бастады. Бұрынғыдай ас ішіп, аяқ босату мақсат емес, ұрпаққа – ұран, елге – мұра боларлық істерге мән берілуде. Соңғы екі-үш жылда ғана қаншама ұлыларымыздың еңбектері жарық көрді, қаншама кітап оқырманның

қолына тиді, қаншама ескерткіш орнатылды. Міне, халық арасында зор серпіліс туғызған осылардың бәрі дала өркениетінің тарихын әлемдік тарихтың құрамдас бөлігіне айналдыруға қызмет ететін қадамдар.

Біз бүгін де бір арнада тоғысқан қос қуаныштың куәсі болып отырмыз. Село күнін өткізу – бұл бүгінгі заман келбетіне сай тың үрдіс, оның игі дәстүрге айналып, халқымыздың бірлігін нығайтуға қызмет ететініне сенім мол. Сайып келгенде, бұл – Елбасының саясатын іспен қолдаудың, елдегі тыныштықты, ұлтаралық келісім мен достықты көздің қарашығындай қорғаудың нақты көрінісі. Міне, осындай маңызы зор шараның Құртай бабамыздың екі ғасырлық мерейтойымен тұспа тұс келуі де біз үшін зор сүйініш!

Ұлыларының сүйегі шашылып, рухы басылып қалған елдің болашағы жок. Оны Елбасы да өзінің «Тарих толқынында» деген еңбегінде қадай айтқан. Олай болса, бүгінгі шара бір әулеттің, бір ауылдың, тіпті бір ауданның ғана қуанышы емес, бүкіл халықтың тойы. Оған айтулы азаматтардың қатысуы «Өлі риза болмай, тірі байымайды» деген аталы сөзге ұйығандығымыздың, рухты халықтың алды жарық екенін терең түсінгендіктің белгісі. Ұлы ойшылдардың бірі Гетеден қалған «... арынды жоғалтсаң өңің солар, ал өрлігінді жоғалтсаң – барынды біржолта жояр» деген сөз бар. Бүгінгі ұрпақтың рухтың сөнбегенін, халқының бағының өрлегенін ойлағаны қандай жақсы.

Ал енді Құртай кім дегенге келсек, оның атадан озып туған ұл болғанын дәлелдеп жатудың өзі артық. Ол ұлт мүддесіне өмірін арнаған жандардың бірі және бірегейі, 19 ғасырда өмір сүрген Құртай Қартамбайұлы от ауызды, орақ тілді шешен болған, білім қуған. Оның батылдығы, турашылдығы, әділдігі әлі күнге дейін халық аузында аңыз болып айтылып жүр. Демек, Ахмет Байтұрсыновтың тілімен айтсақ, дара туған дана бабамыз туралы әңгіме – халықтың жаны, рухы туралы әңгіме. Бүгінгі шараның маңызы осындай.

Сөз реті келгенде осындай аса маңызды шараны ұйымдастыруға ұйытқы болған, оған қолдау білдірген жандарға ризашылық білдірсек артық болмас. Ата-бабаның рухын сыйлағандардың абыройы арта берсін!

Ел аман, жұртымыз тыныш болсын!

*Құртай ауылы,  
24 шілде 2010 жыл.*

## ҚАЗАҚТЫҢ ҚҰШАҒЫ КЕҢ

*(«Қазақстан Республикасындағы көші-қон процестері және көші-қон саласындағы заңнаманы жетілдіру перспективалары» тақырыбына арналған ғылыми-практикалық конференцияда сөйлеген сөз)*

Қайырлы күн, қадірлі қауым!

Құрметті ғылыми-практикалық конференцияға қатысушылар!

Ең алдымен бүгінгі шараны ұйымдастырып отырған әріптестерімізге ризашылық білдіргім келеді. Бұл конференция, оның барысында айтылатын ойлар, қабылданатын құжаттар біздің көші-қон саласындағы заңнаманы жетілдіруге бағытталған ұмтылысымызға, ортақ ісімізге оң әсерін тигізеді деп ойлаймын.

Тағдырдың тәлкегімен тарыдай шашырап, қуғын-сүргінді көп көрген, көші-қонның зардабын көп шеккен қонағын құдайдай сыйлаған, құшағы кең қазақ халқының қайырымдылыққа, бауырмалдыққа негізделген, жүрегіне жазылған өз заңы бар. Содан да халқымыз белгілі бір себептермен уақытша немесе тұрақты мекен ретінде біздің елді таңдағандарды ешқашан шет қақпаған. Кезінде Қазақстанға қуғын-сүргінмен келгендер аз болған жоқ. Мысалы, Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында Қазақстанға кәрістер, еврейлер, орыстар, немістер жер аударылса, соғыс басталғаннан кейін олардың қатарына шешендер, ингуштар басқа да кавказдықтар қосылды. Ал соғыс аяқталғаннан кейін тың игеруге, кеңестік өнеркәсіптің дамуына байланысты тағы да қыруар халық Қазақстанға ағылды. Солардың бәрі осы жерге бауыр басып кетті.

Өкінішке қарай, қазір белгілі болып отырғанындай, XX ғасырдың басындағы шаруаларды жоспарлы түрде Қазақстанға көшіру, Столыпиндік аграрлық реформалар қазақтардың өз жерлерінен ығыстырылып қана қоймай, тоналуына, аштыққа ұшырауына әкеліп соқтырды. Сөйтіп, көші-қон саласындағы солақай саясат халқымызға соққы болып тиді, қазақ ұлтының дербестігіне, ұлттығына және мемлекеттігіне, дініне, тілі мен

діліне қауіп төндірді. Демек, нақ сол кезде Әлихан Бөкейханұлы, Міржақып Дулатұлы, Мұстафа Шоқай, Смағұл Сәдуақасұлы сынды алаш ардақтыларының келімсектердің жерімізге есепсіз көп мөлшерде қоныстануы түбі жақсылыққа апармайтынын айтып дабыл қағуы орынды, елдің, ұрпақтың болашағын ойлағандық еді. Міне, осы тұрғыдан алғанда, егемен ел болғаннан кейін көші-қон саясатының еліміздің ұлттық қауіпсіздігінің басымдығы ретінде айқындалуын Елбасының көрегендігі деп бағалауымыз керек.

Мәжілістің қарауына Үкімет ұсынған «Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасы заңының жобасы және оны талқылаудың барысы туралы әңгімелемес бұрын, елімізде көші-қон заңнамасының қалыптасуына қатысты бір-екі ауыз сөз айту артық болмас деймін.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы көші-қон заңнамасы 90-жылдардың басы мен ортасында қалыптаса бастады. Осы жылдары осы саладағы негізгі заңнамалық актілер қабылданды. 1991 жылғы желтоқсанда «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» Заң, 1992 жылы «Көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, 1995 жылғы маусымда «Қазақстан Республикасындағы шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығы, 1996 жылғы қыркүйекте Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының азаматтығына байланысты мәселелерді қарау тәртібі туралы» Жарлығы қабылданды.

Өздеріңіз де байқап отырған шығарсыздар, біздің елімізде көші-қон процесін реттеудің құқықтық базасы тиісінше қалыптасқан деуге толық негіз бар. Дегенмен, бұл орайда заман талабы әрдайым ескеріліп отырылуға тиіс.

Түрлі жағдайларға байланысты қоныс аударуға мәжбүрлік қазір де сақталып отыр. Қысылғанда, экономикасы серпінді дамып отырған, жүзден астам ұлт өкілдері тату-тәтті өмір сүріп жатқан Қазақстаннан пана іздеп, сая тапқысы келетіндер аз емес. Болжамдарға қарағанда, алдағы уақыттарда олардың саны көбеймесе, азаймайды. Міне, осының бәрі бізден көші-қон саласындағы заңнаманы одан әрі жетілдіруді талап етеді.

Көші-қон процесін заңнамалық тұрғыдан реттеп отыру, әсіресе, бүгінгідей жаһандану заманында өте маңызды. Жоғарыда айтқанымдай, біздің елімізде бұл бағытта атқарылып жатқан істер аз емес. Қазақстан

Республикасы Президентінің 2007 жылғы 28 тамыздағы Жарлығымен мақұлданған Қазақстан Республикасы Көші-қон саясатының 2007-2015 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру мақсатында әзірленген «Халықтың көші-қоны туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көші-қон мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы заңдарының жобаларының дайындалып, Парламенттің қарауына ұсынылуы, міне, осының бір көрінісі болып табылады.

«Халықтың көші-қоны туралы» қолданыстағы Заң 1997 жылы қабылданған болатын. Содан бері едәуір уақыт өтті. Осы уақыт ішінде қоғам өмірінің барлық салалары айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. Оның көші-қонға да тікелей қатысы бар. Мәселен, мәліметтерге қарағанда, соңғы бес жылда ірі инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға байланысты Қазақстанға шетелдік жұмыс күшін тарту үш еседен астам өскен. Жыл сайын 300 мыңдай адамның ел ішінде көшіп-қонуы байқалып отыр. Демек, елімізде қалыптасқан ахуалды сақтай отырып, халықтың әл-ауқатын одан әрі жақсарту үшін осы процестерді реттеудің құқықтық негіздері жаңартылуға, заман ағымына сай көші-қонға қатысты заңнамалық база одан әрі жетілдірілуге тиісті. Парламенттің қарауына ұсынылған заңдардың жобалары ең алдымен осы міндеттерді шешуге бағытталған.

Көші-қон ағымдарын мемлекеттік реттеу саласындағы заңнамалық базаны одан әрі жетілдіру, елімізге тұрақты тұру үшін келген этникалық қазақтар мен олардың отбасы мүшелерін, сондай-ақ экономикалық және экологиялық қолайсыз аумақтарда тұратын Қазақстан азаматтарын ұтымды орналастыру және әлеуметтік қолдау, көші-қон процесінің теріс салдарларын азайту – міне, заң жобасының негізгі мақсаттары осындай.

Ұсынылып отырған заң жобасының қолданыстағы заңнан айырмашылықтары қандай, ол өмірімізге қандай жаңалық әкеледі, бұл саладағы қордаланған мәселелерді шешуге қалай ықпал етеді деген сұрақтарға бой алдырсақ, шын мәнінде, өзгерістер өте көп. Дәл қазір олардың бәрін жіпке тізгендей айтып шығу мүмкін болмас, ал негізгі жаңалығы – көші-қонға қатысты барлық мәселелерді бір заңмен реттеуге ұмтылыс жасалып отыр.

Заң жобаларында азаматтардың мүдделерін, құқықтары мен

бостандықтарын, көші-қонның үйлесімдігін қамтамасыз етуге, кез келген мәртебедегі көшіп келушілерге қатысты зорлық-зомбылықтың, адам саудасының алдын алуға және жолын кесуге бағытталған, ішкі көші-қонды реттеуге, еліміздің халықаралық еңбек нарығына ойдағыдай кірігуіне, көші-қонға байланысты басқа мемлекеттермен ынтымақтастығын дамытуға жол ашатын нормалар қарастырылып отыр.

Көшіп-қонушылардың жекелеген санаттарының келуін ынталандыру және еліміздің экономикасына инвестицияларды тарту мақсатында заң жобасына тұңғыш рет шетелдік жұмыс күші шетелдік жұмысшылар, маусымдық шетелдік жұмысшылар мен бизнеспен айналысу мақсатында көшіп келушілер ұғымдары енгізілген.

Сондай-ақ, заң жобасы алға қойылған мақсаттарға қарай жалпы квотаны, елдік квотаны, салалық квотаны және басым жобаларға арналған квотаны белгілеуді көздейді.

1998 жылы Үкіметтің қаулысымен бекітілген этникалық қазақтардың тарихи отанына оралу тұжырымдамасында атап көрсетілгеніндей, этникалық қазақтардың тарихи отанына оралуының нақты тетіктерін жасау, оның ішінде оларды ұйымдасқан түрде көшіру және орналасқан жерінде өмір сүруіне жағдай туғызу – халық санын және оның табиғи өсуін ұлғайтуға, елдегі демографиялық ахуалды сауықтыруға жол ашатын көші-қон саясатының басым бағыттарының бірі болып табылады.

Заң жобасында этникалық көшіп-қонушылардың тарихи отанында кірігу жағдайын жақсартуға бағытталған бірқатар нормалар қарастырылған. Нақты айтсақ, этникалық қазақтар өздерін көшіп келу квотасына қосу туралы тұрып жатқан елінде өтініш жасай алады. Бұрын бұл норма болмайтын. Енді шет елде тұрып жатқан қазақтар сол елдегі біздің елшіліктер арқылы өтініш жасап, квотаға қосуға келісім алған жағдайда, олар келгеннен кейін бес жұмыс күні ішінде оралман мәртебесін, он жұмыс күні ішінде тұрақты тұруға рұқсат және бір ай ішінде элеуметтік қызметтер пакетін алады. Яғни, бір айдың ішінде квотасын алып, бүкіл мәселесін шешеді деген сөз.

Көшіп-қонушылардың тең құқықтарын іске асыру, процедураларды жеңілдету және тездету, сондай-ақ олардың айқындығы



мақсатында заң жобасында көшіп келушілердің келуін реттеу тетігін белгілеу көзделген.

Көші-қон процесінің мониторингі, болжау және жоспарлау мүмкіндігін кеңейту үшін заң жобасында көшіп-қонушылардың бірыңғай деректер банкін құру көзделеді.

Заң жобасында сондай-ақ заңсыз көші-қонның алдын алуға және көші-қон саласындағы заңнамасын бұзғаны үшін жауапкершілікті күшейтуге бағытталған нормалар бар.

Мәжілістің Әлеуметтік-мәдени даму комитеті үстіміздегі жылғы 25 ақпанда «Халықтың көші-қоны туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көші-қон мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы заңдарының жобаларының таныстырылу рәсімін өткізді. Талқылау қызу өтті, көптеген сұрақтар қойылды, орнықты ойлар, сындарлы пікірлер айтылды.

Осының өзі-ақ депутаттар тарапынан заңдардың жобаларына байланысты өзгерістер мен толықтырулардың көп болатынын аңғартқандай еді. Шынында да солай болып отыр. Нақты айтар болсақ, бүгінге дейін заңдар жобаларына 400-ге жуық ұсыныс түсті. Ұсыныстар әлі де түсіп жатыр.

Еңбек көші-қонына қатысты тың ойлар айтылуда. Мәселен, депутаттардың пікірінше, заңсыз көші-қонға жол ашушы жұмыс берушілер мен делдалдарға қолданылатын әкімшілік және қылмыстық шаралар мейлінше қатаң болуға тиіс. Сонымен бірге, депутаттар шетелде (Еуразиялық қоғамдастық аумағында) жүріп өзі жұмыс тапқан көшіп-қонушыларды тіркеудің жеңілдетілген тәртібін енгізу, шетелдіктерді жұмысқа орналастыру және шетелдіктер үшін бос жұмыс орындары туралы деректер базасын жасау жөнінде арнайы қызметтер құру арқылы еңбек ету мақсатымен көшіп-қонушылар үшін келген елінің аумағында қызмет саласын құруды ойластыру қажет деп санайды.

Соңғы жиырма жылда елімізде тұрғылықты мекен-жайын таптап, басқа мекендерге көшкендердің саны күрт өсті. Жаппай белең алған ішкі миграция көптеген мәселелердің туындауына тікелей әсер етіп отыр. Ішкі көші-қонның стихиялық сипат алуы еңбек рыногы ахуалына теріс әсер етіп отырғанын мойындауға тиіспіз.

Депутаттардың ойы, сондықтан да, ендігі жерде бұл мәселе назардан тыс қалмауға тиіс, ішкі көші-қон мемлекеттің тікелей араласуымен, еліміздің стратегиялық мақсаттарына сай шешіліп отыруы қажет дегенге саяды.

Заң жобасы Үкіметтің тұрмыстық экологиялық жағдайы аса қолайсыз әкімшілік-аумақтық бірліктерден қоныс аударатын ішкі көшіп-қонушылардың квоталарын оларға әлеуметтік қызметтер пакетін көрсете отырып, белгіленуін көздейді.

Бүгінгі таңда біздің елімізде көші-қон мәселесімен онға жуық мемлекеттік органдар айналысады. Бұл заң жобасында Үкіметтің, Сыртқы істер министрлігінің, Ішкі істер министрлігінің, Әділет министрлігінің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің құзыреттері, өзара байланыстары айқындалып, нақтылануға тиісті. Депутаттар тарапынан осы мазмұндас ұсыныстар да түсуде.

Сол сияқты депутаттар оралмандардың білім, медициналық көмек алу жөніндегі құқықтарын кеңейте түсу қажет деп санайды, оралман мәртебесін берудің жаңа редакциясы ұсынылып отыр.

Көші-қонға қатысты заңдардың жобаларына қоғамдық ұйымдар да қызығушылық танытып отырғанын айтқым келеді. Депутаттар олардың барлығымен де ынтымақтаса жұмыс істеуде. Сол сияқты осы уақыт ішінде біздің комитеттің өкілдері халықаралық көші-қон ұйымының өкілдерімен де кездесіп, осы мәселе бойынша пікір алмасты.

Сөз жоқ, кез келген заң маңызды. Десек те, бұл заңның орны бөлек. Өйткені, ол – еліміз үшін, еліміздің болашағы үшін, еліміздің қауіпсіздігі үшін өте маңызды заң. Сөзімнің соңында жұмыс тобы мүшелерінің, депутаттардың осы жауапкершілікті терең сезініп, еліміздегі көші-қон ахуалын барынша жақсартудың алғышарттарын жасайтынына сендіргім келеді.

*Астана қаласы,  
18 маусым 2010 жыл.*

## ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ БӘРІНЕН ЖОҒАРЫ ТҰРУҒА ТИІС

*(«Аманат» пікір-сайыс клубының отырысында сөйлеген сөз)*

Қайырлы күн, құрметті әріптестер!

Бүгінгі басқосуымыздың алғашқы саны осыдан тура бір ғасыр бұрын жарық көрген қазақтың тұңғыш қоғамдық саяси және әдеби-мәдени журналы – «Айқаптың» мерейтойымен тұспа-тұс келуі кездейсоқ емес шығар. Өз заманында үздік басылым болған «Айқаптың» ұлты үшін ұлы еңбектер атқарғаны тарихтан белгілі. Журнал қызметкерлері, зиялы қауым жұрттан қарызға ақша алып, пай жинап жүріп қазақтың сөзін сөйледі, ұлт үшін аса маңызды жер, отырықшылық өмірге көшу, ауыл, қала салу, егіншілікпен айналысу мәселелерін көтерді. Сөйтіп, журнал ХХ ғасыр басында қазақтың саяси, мәдени деңгейінің өсуіне айрықша ықпал етті. Содан бері күн тәртібінен түспей келе жатқан ұлт мүддесіне қатысты мәселелер бүгін тіпті өткір қойылып отырғанын ешкім жоққа шығара алмайды. Осы орайда үстіміздегі жылы өзінің тәуелсіздігінің 20 жылдығын атап өтетін Қазақ елінің баспасөзі – өзіміз төртінші билік деп шашбауын көтеріп жүрген бұқаралық ақпарат құралдары, оның ішінде қазақ тілді басылымдар мен электронды ақпарат құралдары ұлттық мүддені қалай қорғап жүр? Осы сауалдың төңірегінде ой толғап көрелікші.

Осы ортада бұқаралық ақпарат құралдарының қоғамдағы рөлі туралы сөз қозғаудың өзі артық деп ойлаймын. Дегенмен, көңілді демеу үшін айтып қояйын, қазақтың біртуар ұлдарының бірі Ахмет Байтұрсыновтан қалған: «Қай ұлттың баспасөзі мықты болса, сол ұлттың өзі де мықты», – деген сөз бар. Кезінде Наполеон да: «Мың жау әскерінен гөрі, жат пиғылды төрт газеттен көбірек қорку керек», – деген екен.

Тәуелсіздік алған жылдан бері біздің еліміздің қоғамдық-саяси және экономикалық-әлеуметтік өмірінде ірі реформалар жүзеге асырылса, бұл өзгерістер ақпарат әлемін де айналып өткен жоқ. нақты айтсақ,

құрылтайшылары мен шығармашылық редакциялық топтардың ұстанған позициясына қарай жаңа бағыт, жаңа сарындағы БАҚ нарығы дүниеге келді. Сөйтіп, мемлекеттік БАҚ-пен қатар, оппозициялық, тәуелсіз және салалық сипаттағы БАҚ өзара бәсекелестікке түсті. Ал бұл үдеріс, әрине БАҚ алаңындағы ақпараттардың берілу әдістерімен қатар, олардың өңделуіне, бұқараға жеткізу және ұсыну сипатына ықпал етуде.

Міне, осылай қоғамымыздағы сөз бен шығармашылық еркіндікке конституциялық кепілдіктің берілуі қазағымыздың ұлттық мүддесін қорғауға, қолдауға және жүзеге асыруға тиісті бұқаралық ақпарат құралдарының шапшаң дамуына жол ашты, оған деген мемлекеттік монополияны жойды. Қолда бар деректерге сүйенсек қазір: республикада 2994 бұқаралық ақпарат құралдары, оның ішінде 1863 газет және 863 журнал, 257 телерадиокомпания бар. Салаға жаңа толқын, еркін ойлайтын көзқарас келді. Демек, қазақ баспасөзі жаңа мазмұнмен байи түсті деуге негіз бар. Бірақ мәселе санда ғана емес екенін бәріміз де жақсы білеміз. сапа қалай? Осы сауалдың төңірегінде ойлануға тура келеді.

Бізде халық іздеп жүріп окитын газет бар ма? Бірден жауап беруге қиналасың. Қай газеттің болсын, таралымы төмен, күштеумен жазылған күннің өзінде оқымайды. өзіміз елге шыққанда көріп жүрміз, беті ашылмаған газеттер мекеме басшыларының кабинеттерінде үйіліп жатады. Өйткені, халық газеттің сөзіне сенуден қалды. Олардың көбі жалтақ. ұлттық мүддеге тереңірек бара алмайды осындай жағдайда, қазақ баспасөзінің бағы қайдан жансын?! Беделі қайдан артсын?!

Қазіргі бұқаралық ақпарат құралдары кімді мақтамайды, кімді датамайды. Талғам, талап деген жоқ. «Сын түзелмей, мін түзелмейді» дегенді де ұмыттық. Газеттердің атауы бөлек болғанмен, мазмұнында айырмашылық шамалы, талдау, зерттеу мақалалар сирек беріледі, журналистер көбіне интернет деректерін пайдаланады. Жүректен шықпаған сөз жүрекке жетпей жатады.

Өткен жылы қазақ баспасөзін ұятқа қалдырған бір оқиға болды. Америкада ғой деймін, оқып жүрген қазақ баласына біреуді зорламақ болды деген жала жабылып, қамауға алынды. Әрине, орыстілді газеттер бұл оқиғаны алаулатып-жалаулатып, мың құбылтып берді, өкініштісі, олардан қазақ газеттері де қалысқан жоқ, жерден жеті қоян

тапқандай шуласын ай кеп. Тек «бесіктен белі шықпаған» «Халық сөзі» ғана сене алмаған еді. Ақыры, әлгі бала ақталып шықты. Сөйтіп, біраз газеттің абыройы айрандай төгілді. Солардың ішінен қателестік деп кешірім сұраған бірі жоқ. Міне, бүгінгі журналистер жауапкершілігінің сиқы осындай. Сөзде салмақ жоқ. Бұл сөз жоқ, кадрлардың біліктілігі төмен екенін көрсетеді.

Көптеген басылымдар өз оқырмандарының талап-тілегін ескермей, түкке тұрмайтын бірденелерді ұсына береді. Мәселен, ертеректе журналист бір мақала жазу үшін көп ізденіп, көптеген деректерді ой елегінен өткізіп, кәдімгідей табанынан тозып, тер төгетін. Қазір мұның бәрі қалды, кім не айтса, соны жаза салу әдетке айналып барады. Сөйтіп, өздерінің де, өзі қызмет істейтін басылымның да беделін түсіріп жүрген әріптестеріміз көбейіп кетті.

Қазақ баспасөзі үшін тағы бір күрделі мәселе – біз өзімізді шын мәнінде егемен елміз деп санасақ, аумақтық тұтастығымызды қамтамасыз ету еліміз үшін қандай маңызды болса, ақпараттық кеңістігіміздің қауіпсіздігін сақтау да соншалықты өзекті болып табылатынын түсінуіміз керек. Қынжыларлығы сол, осы бағытта атқарылып жатқан шараларға да көңіл толмайды. Жоғарыда қазіргі таңда Қазақстанда қанша бұқаралық ақпарат құралы тіркелгенін айттық. Көршілес Ресейден келетін 5248 газет-журнал тағы бар. Есептеп көрсеніз, елімізде тарайтын жалпы саны сегіз мыңға жуық БАҚ-ның 7551-і орыс тілінде де, 453-і ғана қазақ тілінде екен. Сонда ел аумағында тарайтын қазақ тілді БАҚ-ның үлесі алты пайызға да жетпейтін көрінеді. Мұндай жағдайда қандай ақпараттық қауіпсіздік жөнінде сөз қозғауға болады. Сайып келгенде, мұның өзі біздің елімізде ұлттық ақпарат кеңістігі әлі қалыптаса алмай отырғанын көрсетеді.

«Қазақстанның бұқаралық ақпарат құралдары ресейлік аудиториямен күресу үшін бәсекеге қабілетті болуы тиіс...» деп мұндай жағдайды Премьер-Министр Кәрім Мәсімовтің де мойындағаны бар. Ол Астанада өткен «Электронды үкімет – 2009» бастамасы» атты 4-ші халықаралық конференцияда: «Егер барлығы да ойдағыдай болса, онда Ресей мен Қазақстан таяу арада бір Кедендік одақта өмір сүретін болады. Келесі қадам – бірыңғай экономикалық кеңістік. Іс жүзінде қазірдің өзінде біз бірыңғай ақпараттық кеңістікте өмір сүріп

отырмыз. Егер әлеуметтік сауалнамаларға көз жүгіртетін болсақ, Қазақстан халқының 55 пайызы ресейлік ақпараттық кеңістікте өмір сүреді. Біздің өз контентіміз және ақпараттық кеңістігіміз бәсекеге қабілетті болуы тиіс» - деген болатын. Кеден одағына кірдік. Жағдай өзгерді ме? Жоқ. Қазақ баспасөзінің бәсекеге қабілеттілігін қалай күшейтеміз? Ол үшін алғышарттар жасалған ба? Тағы да күмілжуге тура келеді. «Домбырам не дейді, мен не дейміннің» кері.

Қазір жаһандану кезеңі ақпараттық кеңістікті қорғау мақсатымен «басқа елдердің бұқаралық ақпараттық дүниелерін мұнда таратуға болмайды» деп талап қою, орынсыз дейді кейбіреулер. Оларды тыңдасақ, әдеби-мәдени ортада қазақ тілі үстемдік құрғанша, ықпалды саналатын іскерлік орталарда – мемлекеттік мекемелерде, банктерде, сақтандыру компанияларында, өзге де қаржы институттарында, ғылым мен білімде қазақ тілі өзінің мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болғанша, әр мекеменің баспасөз өкілі немесе баспасөз хатшысы ғана емес, сол мекемелердің басшылары да, қызметкерлері де қазақстандық, әсіресе, қазақтілді БАҚ-ын оқып, қарайтын болғанша шыдауымыз керек. Меніңше, бұл жаңсақ пікір. Тәуелсіз мемлекет үшін ақпараттық қауіпсіздіктің қаншалықты маңызды екенін түсінгендер сөзден іске көшіп жатыр. Мәселен, Белоруссия барлық шетелден келетін БАҚ-ын қатаң бақылауға мүмкіндік беретін заң қабылдап, Беларусь ұлтының мүддесіне титтей де болсын нұқсан келтіретіндерін есіктен қаратпай қойды. Жалғыз Белоруссия емес, әлемнің өркениетті елдерінің барлығы да осы қағиданы берік ұстануда. Олар ел аумағында тарайтын шетелдік БАҚ-ын мемлекет тұрғысынан бақылап, оның үлес салмағын 20 пайыздан асырмайды.

Тіпті орыс халқымен туыстас украиндардың өзі орыс тілі мен мәдениетінің өз елдеріндегі ықпалын мейлінше шектеуге барын салып жатыр. Бұл жердегі мәселе Ресейге не орысқа қарсы болуда емес, өз елінің өзіндік елдігін, тілі мен мәдениетін сақтап қалу қажеттігін мейлінше терең түсінуге негізделген. Француздардың да американдық мәдениет пен ағылшын тілінің ықпалын шектеу жолында талай жылдан бері табанды күрес жүргізіп келе жатқанын білеміз. Қытайдағы жағдай да осыған ұқсас.

Ақпараттық тәуелсіздік болмай – ұлттық мүдде қорғалмасы анық. Оны түсінбей, өзіміздің ақпараттық кеңістікті ресейлік баспасөзге

беріп қоюымыз мемлекеттігімізге, тәуелсіздігімізге төнген үлкен қауіп.

Біз, құдайдың бергеніне шүкір, мемлекет құраушы ұлтпыз. Ендігі жерде басқалар бізге қарап ой түзеуге, бой түзеуге тиіс. Олай болса, қазақ тілді ақпарат құралдарына көзқарас өзгертін мезгіл жетті. Осы арада көп мәселенің өзімізге де байланысты екенін айта кеткім келеді. Ұлттық мүддені бәрінен жоғары қойсақ, алынбайтын қамал жоқ. «Қазақ альманағының», «Абай kz» порталының тәжірибесі осыны көрсетеді.

Ұлттық мүдде дегенде еске түседі, өткен жылы бір топ депутат Түркияға барған сапарымызда «Заман» газетінің редакциясында болдық. Газеттің таралымы 800 мыңдай екен. Таңғалдық, қалай таратасыздар деп сұрадық. Олар бізді түсінбеді, газет оқырмандарының саны жылдан-жылға өсіп келе жатқанын айтты. Әңгіме барысында басылым басшысы көптеген елдерде меншікті тілші ұстайтындарын, алдағы кезеңде олардың саны көбейе түсетінін айтып қалды. Бұл қыруар қаржы ғой деп едік. «Ұлттық мүддеге келгенде біз ақша санамаймыз, кез келген ел ақпаратты өз мүддесін ескере отырып таратады, ал ол біздің оқырмандарымызды адастырады» деп күлді. Шынында да ойланарлық жай.

*Астана қаласы,  
6 қаңтар 2011 жыл.*

## **“ЖАС ҚАЗАҚ ҮНІНІҢ” ЖЫЛ АДАМДАРЫ**

Барыс жылының барыстары кімдер болды? «Жас қазақ үні» газеті жыл сайынғы дәстүрімен әр саладағы «Жыл адамдарын» анықтады. Телефонмен сұрау салу, sms жолдау, электронды пошта, тікелей сауал жүргізу арқылы көп дауысқа ие болып, сарапшылар алқасының шешімімен танылған «Жыл адамдарын» жетістіктерімен құттықтай отырып, оларға Жана жылда зор табыс тілейміз.

Таныс болыңыздар, «Жас қазақ үні» газетінің «Жыл адамдары»:

Жыл саясаткері –

Нұрсұлтан Назарбаев.

Мың жылда бір болатын мыңжылдықтағы алғашқы ЕҚЫҰ Саммиті елордада дүрілдеп өтіп, Астана Декларациясы қабылданды. ТМД-да тұңғыш рет ЕҚЫҰ-ға төрағалық жасаған Қазақстан бұл күндері жер-жаһанға жетекшілік етіп, жетістігін көрсетті.

Жыл қаламгері –

Қажығұмар Шабданұлы.

Қажығұмардың Қытайда қырық жыл түрмеде жатып жазып бітірген, 6 томдық «Қылмыс» романы Қазақстанда жарық көрді. Шығарма өзінің бай тілі, ойлы образы және бояуы қанық суреттерімен ерекшеленеді. Аталған кітап бізде Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылып, комиссиядан өтпей қалған болатын.

Жыл әдебиетшісі –

Тұрсынбек Кәкішев.

Сәбит, Сәкен, Мағжандарға арналған сын-зерттеу еңбектері мен «Жаяу салдың серуендері» атты сапар естеліктері жарық көрді. «Жаяу салдық өнерімен» Қытайдағы қазақтардың мәдениеті мен әдебиетіне зерттеу жасап, «Қытайдағы бауырлардың руханияты» атты еңбек жазды. Сонымен бірге, ҚазМУ-де студенттерге үзбей сабақ беріп, көптеген ғылым кандидаттарына жетекшілік етті.



Жыл депутаты –

Жарасбай Сүлейменов.

Петропавлдың атын Қызылжардеп атау туралы Мәжіліс депутаты Жарасбай Сүлейменовтің бастама көтеруі қоғамда үлкен қолдау тапты. Ал туған тамырына балта шапқысы келетін тасмандайлардың қарсылығы қоғамның ашуын туғызды. Жарасбайдың жарасты бастамасы жалғасын таба береді деп сенеміз...

*«Жас қазақ үні» газеті,  
28 желтоқсан 2010 жыл.*

## МАЗМҰНЫ

|                                                          |          |
|----------------------------------------------------------|----------|
| Алғысөз .....                                            | 3        |
| <b>БІРІНШІ БӨЛІМ. МАҚАЛАЛАР.....</b>                     | <b>5</b> |
| Ауылдан көшпе, ағайын! .....                             | 6        |
| Сөзге келгенде көсіліп, істе кібіртіктей береміз .....   | 9        |
| Жұмыла көтерген жүк жеңіл .....                          | 12       |
| Мал өнімдерін сатып алатын құрылымдар қажет .....        | 16       |
| «Асыл парыз».....                                        | 18       |
| Тату көрші – туыстай .....                               | 21       |
| Мақтан, Қазақ! .....                                     | 25       |
| «Сыр – Алаштың анасы» .....                              | 36       |
| Мылтықсыз майдан немесе Қызылжар үшін қиын күрес .....   | 44       |
| Сөз бен істің бірлігі .....                              | 69       |
| Шыдадық... Тағы қанша күту керек?! .....                 | 73       |
| Қосмекендіге – қос азаматтық .....                       | 87       |
| Мағжан: «Бұйырса, шырақ сөнбес, ұзақ жанар...» .....     | 91       |
| Басты мақсат – ел мүддесіне қызмет ету .....             | 101      |
| Қайсар жандарға қол ұшын берейік .....                   | 107      |
| Бесіктен белі шықпай жатып, өмірден неге түңіледі? ..... | 110      |
| Жылылық пен сұлулық мерекесі .....                       | 115      |
| Түлеген түбек .....                                      | 118      |
| Тәуелсіз елдің топонимикасы да тәуелсіз болуы керек..... | 128      |
| Тәуелсіздік толғау.....                                  | 135      |
| Дауылпаз ақын .....                                      | 146      |

|                                                          |     |
|----------------------------------------------------------|-----|
| <b>ЕКІНШІ БӨЛІМ. Сұхбаттар</b> .....                     | 149 |
| Үміт пен күдік .....                                     | 150 |
| «Бақ туралы» заңға өзгерістер мен толықтырулар           |     |
| Бұқаралық ақпарат құралдарының бағын ашуы тиіс .....     | 152 |
| Мағжанның бойында біртұтас қазақ                         |     |
| халқының рухы тұр .....                                  | 158 |
| Петропавлдың атын «Қызылжар» деп                         |     |
| өзгертетін уақыт келді .....                             | 173 |
| Билік – халықты түзмейді.....                            | 179 |
| Біздің бүгінгі жетістіктеріміз қайнар                    |     |
| бастауын Ата Заңымыздан алады .....                      | 188 |
| Қызылжар үшін басталған қиын күрес .....                 | 195 |
| Смағұлдың биліктің кешірмегені –                         |     |
| оның ұлт мәселесін өткір қойғандығы .....                | 202 |
| Қазақстан Парламенті іс үстінде қалыптасып,              |     |
| кемелденді .....                                         | 209 |
| «Біз бірпартиялы Мәжілістің соңғы                        |     |
| депутаты болып қалатын шығармыз» .....                   | 217 |
| Көп ұзамай Петропавл Қызылжар                            |     |
| атауын қайтарады деп үміттенемін.....                    | 227 |
| Көк байрақтың астында бірігуге кім қарсы?.....           | 231 |
| Енді этникалық қазақтар өздерін көшіп келу квотасына     |     |
| қосу туралы тұрып жатқан елінде өтініш жасай алады.....  | 233 |
| Біз үшін бәрінен де тәуелсіздіктің шын                   |     |
| мәнін түсіну маңызды .....                               | 242 |
| Ел мұраты -- барлық жағынан тәуелсіз болу .....          | 251 |
| Халық сөзі – кең ауқымды, қастерлі ұғым .....            | 255 |
| Елскеевтің мәлімдемесі терең мағыналы ойдан гүмаған..... | 257 |
| Журналистер ешкімге жаутаңдамауы керек .....             | 264 |
| Қысқартуға ұшыраған 26 мың шенеунікті                    |     |
| қайда орналастыра аламыз? .....                          | 274 |
| Мәжіліс сайлауын мерзімінен бұрын өткізу туралы          |     |
| әңгімелер қаншалықты негізді?.....                       | 275 |
| Мемлекеттік қызметкерлерді жалғандық детекторы           |     |
| арқылы тексеру жемқорлықтың жолын кесе ала ма? .....     | 276 |
| «Ер адамдар құқығының шектелуі басым шығар» .....        | 278 |
| Азаттықтың айбары.....                                   | 282 |

|                                                                                                                |     |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| «Журналист қарнының ашқанына да,<br>кадірінің қашқанына да өкпелі» .....                                       | 284 |
| «Сәбиқұмарларға» қандай жаза қолдану керек?.....                                                               | 295 |
| Тегіне оралған Сабыр .....                                                                                     | 296 |
| Халықтың 25 пайызы зейнет жасына жеткен кезде<br>мәселе туындамас үшін қандай шаралар қабылдауымыз керек?..... | 297 |
| Жер-су атауларын өзгерту құзырын жергілікті<br>биліктен алып, бір орталыққа беретін заң керек пе? .....        | 298 |
| Ресми шараларда энұранды орындамаған<br>мемлекеттік қызметкерлерге айыппұл төлету қажет пе? .....              | 300 |
| Журналистиканың жүгі ауыр, мәселесі одан да көп .....                                                          | 302 |
| Қазақ мектебін көбейтуге не кедергі? .....                                                                     | 305 |
| Қазақ тілін білмейтіндерден қорқамын .....                                                                     | 307 |
| Тәуелсіздіктің 20 жылдығы қарсаңында кем дегенде<br>20 қаланың байырғы атауын қайтарса.....                    | 317 |
| Ұлт ретінде әлі ұйыса алмай жатырмыз .....                                                                     | 325 |

## **ҮШІНШІ БӨЛІМ. Депутаттық сауалдар .....331**

|                                               |            |
|-----------------------------------------------|------------|
| <b>ТӨРТІНШІ БӨЛІМ. Сөйлеген сөздер.....</b>   | <b>465</b> |
| Мемлекеттік тіл тәуелсіздік тірегі .....      | 466        |
| Ұлы ақынға – тағызым .....                    | 470        |
| Тілге құрмет – елге құрмет .....              | 478        |
| Дағдарыстан – дамуға .....                    | 481        |
| Өршіл ақын .....                              | 484        |
| Бабалар рухы – Ұлы күш .....                  | 486        |
| Қазақтың құшағы кең .....                     | 488        |
| Ұлттық мүдде бәрінен жоғары тұруға тиіс ..... | 494        |
| «Жас қазақ үнінің» жыл адамдары .....         | 499        |

**Жарасбай СҮЛЕЙМЕНОВ**

# **ШЫННЫҢ ЖҮЗІ**

Басуға 10.02.2012 қол қойылды.

Қағазы офсеттік. Қаріп түрі «Times».

Пішіні 60x84  $\frac{1}{32}$ . Офсеттік басылым. Баспа табағы 31,5.

Таралымы дана. Тапсырыс .



Жарасбай Қабдоллаұлы СҮЛЕЙМЕНОВ 1949 жылдың 9-шілдесінде Солтүстік Қазақстан облысының Шал ақын (бұрынғы Сергеев) ауданына қарасты Балуан ауылында дүниеге келді.

Еңбек жолын өзінің туған ауылында шопан, тракторшы болып бастаған Ж.Қ. Сүлейменов әскери міндетін өтегеннен кейін Солтүстік Қазақстан облыстық «Ленин туы» (қазіргі «Солтүстік Қазақстан») газетінде кіші әдеби қызметкер, әдеби қызметкер, тілші, бөлім меңгерушісі, редакция алқасының мүшесі міндеттерін атқарды.

1987-2003 жылдар аралығында «Қазақстан теледидары мен радиосы корпорациясы» жүйесінде, «Азаттық» радиосында қызмет істеді. Солтүстік Қазақстан облыстық радиосы бас редакторының орынбасары, бас редакторы, Қазақ радиосының Солтүстік Қазақстан облысы бойынша меншікті тілшісі, Солтүстік Қазақстан облыстық телерадиокомпаниясының ақпараттар бағдарламасының жетекшісі, бас редакторы, директордың орынбасары болды.

2003 жылдың мамыр айында «Солтүстік Қазақстан облыстық «Солтүстік Қазақстан» газеті мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынының» директоры – бас редакторы болып тағайындалды.

2007 жылғы 18 тамызда «Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясының тізімі бойынша Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты болып сайланды.

2012 жылдың сәуір айынан республикалық «Егемен Қазақстан» газеті Бас редакторының орынбасары.

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.